

4
TOM


ТОҚАЕВ

Кемел

ТОҚАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Кемел



Кемел
ТОҚАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

4
ТОМ



АЛМАТЫ
"АНА ТІЛІ"
ЖШС БАСПАСЫ
2018

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44
Т 52

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен
насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін
арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды
түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші
бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

Құрастырған Жақау Дәуренбеков

Т 52 **Тоқаев К. Шығармалары:** (повестер мен әңгімелер)
– Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС,
2018.

ISBN 978-601-251-135-2

Т.4. – 2018 – 384 бет.

ISBN 978-601-251-126-0

Қаламгердің бұл 4 томына адалдық пен әділдікті, батылдық пен тапқырлықты арқау еткен шынайылығы әсерлі шытырман оқиғалы «Сарғабанда болған оқиға», «Көшкен үйдің коньсы қайда?», «Таудағы жаңғырық» повестері мен «Көмескі із», «Солдат кабірының басында», «Жұлдызды жорық» әңгімелері енді.

Шығармалардың тілі жатық, оқиғасы тартымды, қызғылықты оқылады.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-44

ISBN 978-601-251-126-0
ISBN 978-601-251-135-2

© Тоқаев Кемел, 2018
© «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2018

ТЕКТІ КІСІ

Кемкең – Кемел Тоқаев нағыз аңыз адам еді. Тұрақтылығын айтпайсыз ба, жұмысты да бір жерде орнықты істеуді ұнатады. Әуелгі кезде еңбек жолын республикамыздың мерзімді баспасөзінде газет-журналдарында бастаған ол ұзақ жылдар бойы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің аппаратында, соның аударма, құжаттар шығаратын бөлімін басқарды. Кейін Қазақстан Жазушылар одағында кеңесші болып қызмет істеді. Университет қабырғасында оқып жүрген кезден біле бастаған аға бізді бауырына жақын тарта жүрді. Еркін дейтін жамағайындау інісі болды – әуелде сол арқылы таныссақ та, кейін екеуміз тонның ішкі бауындай боп кеттік. Біздің мұндай жақындасуымызға жазу-сызу өнері себеп болды ғой деймін. Алғаш жаза бастаған кезімде ақыл кеңесін аяған жоқ, жұмысқа да біраз тартты-ау, тіптен Москваға жіберіп алды, өзінің қарамағына жұмысқа алды. «Сіздерде тәртіп қатты екен, есік алдында өңкей қызыл жағалы, достар емін-еркін кіріп шыға алмайды», дейтінмін, аға күліп алады «сен жазумен таза айналысайын деп жүр екенсің» дейді де қояды. Сөйтіп жүріп аға көп нәрсеге үйретті ғой – бильярд, шахмат, дойбы т.б. ойындардың не бір түріне баулыды-ақ...

Өмірде қарапайым, отбасында жайлы аға ғұмыры бір тарих. Кішкентайынан балалар үйінде өскен ол өте бауырмал жан еді. Жеңгеміз Тұрар да өзіне сай, кісіні алалау дегенді білмейді. Ағаның үйі ақжайлау, талай сайранды, дәуренді күндер мен түндер өтті ғой. Қасымжомарт, Бақытбек (Бақыт), Қарлыға (Салтанат), Қарлығаш сияқты балалары қолымызда өсті, жақсы, тәрбиелі өсті. Шебер жазушы, кісіге жала жаппайтын аға өнегесі иә, есте. Ол есте асып-саспайтын кісі еді, табандылығы бір бөлек. Орынсыз мақтан, бостан-босқа кісімсу дегенді

білмейтін. Өтірікпен жаны қас-тын. Бірінде «Қазақ әдебиетінің» тапсырмасымен Кемел ағаның творчествосы туралы жазуыма тура келді. Тақырыбын «Тың тақырып табиғаты» деп қойдым да, жазу столына отырдым. Мақала сол творчестволық бірлікте, жақсы жазушының творчествосына зор ынта қойып жүрген кездерде жазылып еді. Оқушы қауымға бұрын «Тасқын», «Көшкен үйдің қонысы қайда?», «Көмескі із», «Арнаулы тапсырма» сияқты тартымды повестер мен әңгімелер берген жазушы Кемел Тоқаевтың және бір кітабы сол тұста қолымызға тиді. Кітап «Түнде атылған оқ» деп аталған-ды.

Оқ неге атылған? Түн тыныштығын бұзған кімдер?

Чекистердің, милиционерлердің өмірін творчествосына негізгі арқау етіп жүрген жазушы бұл жолы да өзінің қалаулы тақырыбынан ауытқымаған екен. Әңгіме болғалы отырған жинағына «Қастандық», «Түнде атылған оқ» дейтін екі повесть кірген. Екі повесте де заң орындарындағы интеллигенция өмірі, бүгінгі замандастарымыз – халық қорғаны танылған милиция қызметкерлерінің қоғамға жат алаяқтардың қылықтарын әшкерелеудегі ерліктері сөз болады.

«Қастандық» повесінің басталуы қызық. Тапа-тал түсте, ел аман, жұрт тынышта Петрушкин деген біреу бәлен жыл отасқан кемпірін жоғалтып, қылмыстыларды іздеу бөлімінің бастығына келгіштеп жүр. Келген сайын «кемпірім көз алдымда ғайып болды» деп мұңаяды. Ауыр күрсініп, қалтыраған қолымен сақалын сипайды. Кембағалдығын (бір қолы жоқ) айтып, булығып сөйлей алмай, көз жасын төгеді. Сонда Петрушкин кемпірінің өміріне қастандық жасаған кім? Осындай шытырман уақиғаны алға тартқан автор ендігі сәтте милиция қызметкерлерінің қырағылығын бірінші кезекке шығарады.

«Қастандық» повесін автор 1965 – 1969 жылдар арасында жазғанын ескерткен. Жазушының шағын повестке төрт жыл жұмсауы жақсы мінез. Осы уақыттар ішінде түйінді ой қорытуға, тірнектеп жинаған фактілерді сұрыптап іріктеуге, уақиғаға байланысты кейіпкерлер бейнесін сомдай түсуге мол мүмкіндік болған.

Сондай тың ізденістерді майор Кузьменко, милиция полковнигі Дайыров, кіші лейтенант Майлыбаев бейнелерінен байқау қиын емес. Майор Кузьменко болса, әр іске байыппен қарайды. Тереңнен барлап, ой түюге шебер. Асығыс шешімге жаны қас. Дайыров бейнесінде де іскер басшының кейпі бар. Ал жазушының Талгат Майлыбаевқа деген ілтипаты зор: «Майор Кузьменко Майлыбаевпен алғаш кездейсоқ танысқан еді. Оқиға өткен күзде Малая станица жақта болды. Бір көршілер электр сымына асылып өлген әйелді көріп милицияға хабарлайды. Сот, прокуратура органдарынан бір топ сарапшылар жиналады. Ұзақ тексереді. Бөтен біреу қыстаған қылмыс белгісін таппайды. Үй-мүлкі тоналмаған. Әйелдің спирт ішімдіктерін мөлшерден тыс пайдаланғаны анықталады. Осыған қарап, «әйел өзі асылып өлді» деген қорытындыға келеді. Талгат заң факультетінде мемлекеттік емтихан тапсырып жүрген. Ол рұқсат алып, істі қайта тексереді. Ұзақ іздену, фактілерді салыстыру үстінде қылмыстың бетін ашады. Шамадиновтың бұзақылар тобы әйелдің он мың сом ұтыс шыққан 3 проценттік ішкі ұтыс заемын алу үшін оны әдейі өлтіргенін анықтайды. Сонда облыстық милиция басқармасының бастығы полковник Дайыров бүкіл қызметкерлердің алдында Талгаттың қолын қысқан...

Сол оқиғадан соң майор жас жігіттің алғырлығына сүйсініп, өзіне серік санайды. Автор осындай шегіністер жасап, кейіпкерді оқушы көңілінде биіктете түседі. Жазушы милиция қызметкерлерінің қырағылығын алға тартқанда ұтымды итрих, детальдар арқылы уақиғаны байытуды көздеген. Бір қарағанда, Талгаттың әлгіндей істі қайта тексеріп, қылмысты ашуы үйреншікті жайт сияқты. Бірақ, үңіле қарасақ, бұл істе үлкен мән бар. Оның азаматтық парызбен астасып жатпасына кім кепіл?! Милиция беделі деген де осындайдан жинақталып жатса керек қой. Сәтті шегініс, ұтымды деталь, публицистикалық жалын көркем әдебиетке ауадай қажет десек, ол шартты автор керекті жерінде шебер пайдаланып отырған. Ф.М.Достоевскийдің: «Мына бір өсиетімді есте

сақтаңдар: ешбір оқиганы, ешбір қақтығыс-шиеленісті ойдан шығармаңдар. Өмірдің өзінде не бар, соны алыңдар. Өмір біздің ойдан шығаратындарымыздың бәрінен де бай. Кәдімгі, күнделікті өмірдің беретінін ешқандай ой-қиял бере алмайды, өмірді құрметтеңдер», – деген сөзі осы тұста еріксіз ойға оралады.

«Қастандықта» да, «Түнде атылған оқ» повесінде де қоғамымызға жат, өмірімізге қастандық жасаушы алаяқтардың документальды кейіптеулері аталмыш шығармалардың қасиеттерін айқындай түскен. «Қастандықта» Джон Дрейер деген шетелдік турист бар. Бұл туристің шығармада көтеріп жүрген жүзі аз емес.

Ол әуелі қонақ үйде «чемоданым ұрланды», деп жар салған. Милиция орындарына арыз беріп, онда: «Ұрлық жасаған адамды өзінің кінәламайтынын, мұны ол жоқшылықтан істеуі мүмкін екенін, сондықтан жоғалған мүлкінің бағасын доллар есебімен қайтарса, соған риза екенін білдіреді». Сөйтіп, өзінің сұрқия әрекетін бүркемелей тұруға, бөтен елге жалған жала жауып, іздеп келген Петрушкин сияқты сілімтік сыбайласының қаныпезерлік қылмысының ізін жоғалтуға тырысқан.

Ф.Энгельс: «Жауды суреттегенде оны жек көре отырып, жер-жебіріне жете жазу керек», – деген екен. Америка Құрама Штаттарынан келген турист, 49-шы штаттың тұрғыны Дрейер хақында жазушы осы принципті ұстанған. Бір мысал: «Кузьменко оперативтік қызметкерлермен сөйлесе жүріп, бұл адамның (Дрейерді айтады – Қ.С.) бар қимылын талмай бақылаған. Туристік әуесқой, құмарлықтан гөрі астарлы, қазымыр пизғылы байқалады. Джон Дрейердің сөзіне ден қойғанын сездіріп:

– Алыстан келген қонақтың жайлы жатып, жай тұруы бізге де абзал. Қонақ қамымен жүрген жүріс әбігершілік бола ма, меймандостық салт! – деді.

Джон Дрейер жауап қатуға оқталып, еңсесін көтере бергенде Пальманы ізге салып жүрген милиционер келген еді. Қасқыр иттің көзі қанталап кеткен. Арсылдап үріп, Джон Дрейерге тұра ұмтылды.

– Ей мына оңбаған қайтеді! – деп кейін шегінді де,

өзінің сескенген кейпін жасырып, құтыдан конфет алды. Тәуір ізші білем. Кәні, көтерші аяғыңды. Аузыңды ашышы! – деп конфет ұсынып шақырып көрді. Пальма орнынан қозғалмады. Конфет қасына домалап түскенде, созылып барып бір иіскеп, тұмсығын тартып алды. Джон Дрейерге тап берді.

– Бұл иттің үйретілуінде мін жоқ еді. Құрғыр бүгін танып кетті. Ұрыны алыстан іздемей, сізге қарай ұмтыла береді. – Кузьменко мысқыл күлкісін итке зекумен басты.

Джон Дрейер сөз астарын ұқты да бозарып, сұрланып кетті.

– Қаниша асырағанмен заты хайуан, қайбір ақыл-сезім бар дейсіз онда, иттің адамға ақыл үйреткен жерін көргенім жоқ.

Кузьменко сөз жарыстырып, таласпады. Әдеп сақтап:

– Кісі қатесін жөнге салсақ, иттің кемістігін түзету оңай ғой, – деді». Әдемі диалогтар. Автор жаудың сайқал мінезін көрсете білген. Дрейер ұсынған конфеттен Пальма тұмсығын тартып алды. Арам ниетті ит екеш, ит те біліп тұр. Енді Петрушкиннің өзіне келелік. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті соғыс кезінде ауыр қылмыс жасаған опасыз, сатқын Андрей Алексеевич Петрушкинді ұзақ іздестірді. 10-а СС зондеркомандасы 1942 жылы Қырымның бейбіт халқын қырып, сонан соң Мариупольде, соның артынша Ростов облысында болып, кейінірек Дондағы Ростов қаласында сан мыңдаған елді мекендерді өртеп жайпаған. Сол командада Штерн деген біреу қызмет атқарған, жүздеген адамдарды өз қолымен өлтірген. Қауіпсіздік органдарындағы мәлімет бойынша анықтай келгенде, ол Петрушкин болып шығады. Ал Джон Дрейер осы Петрушкинді әдейі іздеп келген байланысшы еді. Петрушкин біздің өкіметімізге қарсы листовкалар таратуды (әрине, шетелден келген) көздеді. Кемпірі Матрена Онуфриевнаны листовкаларды қалаға таратуға жұмсайды. Ол бас тартып, күйеуінен мұндай жауыздық істен бойын аулақ салуды талап еткенде, Петрушкин оған дәрі иіскетіп есеңгіретіп, басын балтамен шауып тастайды. Повеске осы жайт арқау болған.

Шығармада басқа да жағымсыз кейіпкерлер ұшырасады. Олар: іші тар, мансапқор, тек қана өз қара басын ойлайтын өзімшіл Байкин, әйтеуір қара көбейтіп жүрген милиция капитаны Карпов, Глафира, есімді әйел, ұрдажық Хакімдер. Бұл образдардан оқушы жиренеді.

Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» повесінің де негізгі арқауы милиция өмірі. Мұнда да олардың тынымсыз ерлігі, қырағылығы алдан шығады. Шекара шебін бұзған жат елдіктің тіміскі әрекеті бой көрсетеді.

«Түнде атылған оқ», «Қастандық» повесінің заңды жалғасы. Мұнда да Талғат жүр, Нәсір бар. Бір повестен екінші повеске ауысқанда олардың образдары тереңдей, характерлері ашыла түскен. Жау әрекеттеріне қарсы топ құру, олардың ізін кесуде мол тәжірибе жинақтаған, кемелдене өскен. Бір құптарлық нәрсе, автор қай шығармасына да халықтар достығын, олардың жанқияр еңбегін, бірліктатулығын арқау етеді.

Осындай сюжет желісі ширақ екі повестің ең бір айта түсетін жағы тілінде ме деп қалдық. Көркем шығарма дегеніміздің өзі сөз өнері десек, оны қадірлей білгеніміз жөн болар. Фабит Мүсірепов: «Жазба сөз – бір өңкей әскер легі де емес, қой-сиыры аралас шұбаған көш те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ бере алатын тіл байлығы. Бұл байлықты қалай болса солай пайдалану болашақ үшін үлкен қиянат», десе, бұл мәдениетті ел өкілі болам деген жазушыға өнегедей нақыл. Мақалада кітаптан мысал келтіріп, оқушыны жалықтырып жатқымыз келмей, шығарманың басқа бір тұсын айтуды жөн көрдік. Ол әңгіме болып отырған повестердегі әйелдер образының бірыңғайлығы. Жазушы олардың аузына сөз салғанда ылғи бір тұрпайы, не бір қисыны келмейтін жасанды сөздер түсіреді. Шығармадағы әйел жолдастардың кез-келген жерде қылмыңдай қалуы да оқушыны зеріктіріп жібереді. Егер типтік образ жасағысы келсе, жазушыға «Қастандықтағы» Глафира да жетерлік. Петрушкин де, милиционер Байкин де, түрмеден босап келген Хакім де – бәр-бәрі бір Глафираны тәңіректтейді. Олары аздай, оның

өзі де кім көрінгенге сүйкеніп жүргені. Ол Талғатқа да көзін төңкереді. Петрушкиннің үйіне келген Кузьменкоға да сүзіле қарайды. Жарайды, ол сондай-ақ жан болсын. Бірақ, көркем әдебиетте бір өлшем деген, эстетикалық талғам деген болса керек еді. Автор Маслованы да түрлендіріп қояды. Повестегі тағы бір кейіпкер Анастасия да осындай жан. «Түнде атылған оқ» повесіндегі диспетчер Ләтипа, жауыз Черносовқа алданып, ақыры соның қолынан өлетін Зина да ұшқалақ. Тегінде, автордың осы тұста ойланғаны жөн еді. Қылмысты іске қатысы болған соң әйелдер сондай қылық жасайды десе, жазушы бұл ретте кейіпкерлердің кескін-келбетін, әрекетін аша, себеп-салдарын айқындай түскені мақұл ғой. Жаман жолға неге түсіп жүр? Кім итермелейді. Осы жағын баса айтқанда автор ұтпаса ұтылмайды екен.

Әйел образын осындай бір жақты көлеңкелі көрсету біздің прозамызда соңғы кезде етек алып барады. Ойласпаса болмайды...

К.Тоқаев шығармаларының жанрлық ерекшелігін сөз еткенде, осы жерде айта кететін бір жайт, заң орындарындағы интеллигенция өмірінен, милиция қызметкерлерінің тұрмысынан жазылған проза қазақ әдебиетінің жетпісінің жылдардағы елеулі жаңалығы. Жаңа тақырыпқа бет бұруымыздың өзі, жаңа қалыптасып келе жатқан әскери патриоттық тақырыптың өміршеңдігі, идеялық-көркемдік дәрежесінің сапасы, ең алдымен, қаламгерлеріміздің ой-өрісіне, өзі жазып отырған тақырыпты қаншалықты игере білулеріне байланысты. Прозамызда Ғабит Мүсірепов айтқандай, әскери жанр сияқты үлкен де жаңа бір тарау қосылса, ол тарау, өз заманымыздың тақырыбындағы темір қазықтай ортадан ойып орын алса, әрине, үлкен мұрат. Гәп, соны баптай білуімізде, жетістік-кемшілігін талдай айтуымызда қалып отыр. Әйтпесе, осындай күрделі, тәрбиелік мәні зор патриоттық тақырыпта қалам тербеп келе жатқан Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов, Тоқтағали Жанкелдин, Кемел Тоқаев сияқты жауынгер жазушыларымыздың творчествосына байыппен зер салу неге назардан тыс қалып жүр? Олардың оқиғаларын

сұрыптау, детальдарды ойнату, штрих сәтін табу шеберліктерін, тіл көркемдігін талдап әңгімелесу бүгінгі әдеби сынымыздың игі бір ісі емес пе? Өкініштісі сол, бұл жазушылардың аты-жөндері, шығармалары көп тізімнің көлеңкесінде қалып қояды.

Бүгін біз әңгімелеген тақырып төңірегінде де ойласар жайымыз, көп болып көтерер жүгіміз баршылық. Әскери-патриоттық тақырыптарға жазылған шығармалардың маңызы мен құндылығын, тәрбиелік мәнін насихаттап тұру да парыз. Қай жазушының болсын жеткен биігі, шеберлік мектебі алған тақырыбын қаншалықты игергендігімен өлшенетіні белгілі. Бір жанрда үзбей қалам тербеп өткен Кемел Тоқаевтың қадамы да құптарлық еді ғой. Жазушының жаңа повестері бізге кезінде осындай жағымен жақсы әсер қалдырған-ды. Осы әсер әлі де сол қалпында. Өкініштісі осындай жанрды жалғастыру жағы әдебиетімізде әлі кемшін. К.Тоқаев ізбасарлары қазақ әдебиетіне керек-ақ.

Бұл қарапайымдылықты қойыңыз, Кемкең менің материалым газетке шыққасын жазу столына қайта отырыпты. Кітабының «осы қалай» деген жерін түгелдей қайта қараған. Мұнда ол тіл, стильдік жағына баса назар аударғанын, біз көрсеткен кейбір тұсқа басқа қырынан келіп, өзін-өзі аямай «өңдегенін» кейін қызық қып айтып жүрді. Бір жанрдың көшбасшысы болған аға өз еңбегіне шығармасына аса қатаң қараушы еді-ау... Кемел ағамен бірге жүрген күндер, әрине, естен кетпейді. Қызылордада өткен қазақ әдебиетінің күндері, Кербұлақ, Кеген, Нарынқол сапарлары, демалыс үйлеріндегі үздіксіз ұшырасулар бір тарих. Бірінде Талдықорғанға бардық. Осы сапарда ағаның ақтарыла бір сыр айтқаны бар. Өзі Түркістан балалар үйінде тәрбиеленіпті. Сонау бір зобалаң жылдарда әкешешеден ерте айрылған. Үйелмелі-сүйелмелі Қасым мен Кемел, оң-солын әлі танып болмаған ағалы-інілі қос жетім әлдекімдердің көлігіне ілесіп Түркістанға жетеді. Тағдырды қараңыз, содан өлмешінің күні қаз тұрып кеткен. Ұлы Отан соғысы басталғанда әскерге алдымен ағасы Қасым ілігеді, кейін өзі де алынған. Сол соғыста Қасым мерт болады да оралмайды. Кейін елге аман-сау келген соң Кемкең кеш

те болса университетке түсіп, білім алады, үй-жайлы болады. Тұрар жеңгемізбен отасып, тұңғышының атын Қасымжомарт қойыпты. Қазақта осындай салт бар, ат жоғалмау керек, майданда шәйіт болған қыршын жастың есімі өшпей аталып жүруі керек...

Жол әңгімесі қызық келеді, үзік-үзік. Кемкең баласы Қасымжомарт туралы сөз қозғап кетті. Сол тұста Қасымжомарт Мәскеуде оқитын. Бірде ол мектептің соңғы сыныбында оқып жүрген оқу озаты баласының қолына Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын (орыс тіліндегісін) ұстатыпты. «Оқы, көр, таныс, содан кейін сөйлесеміз!» деген. Біраз уақытқа дейін мазаламапты. Тек кейін қолы бір селт еткенде: «Балам, қалай, тапсырманы орындадың ба?» деп сұрайды. Ол кітапты оқып шыққанын, қатты әсер алғанын айтса керек. Кемкең: «Сен маған кітаптың мазмұнын емес, өзіңнің осы кітаптан қандай нәр алғаныңды айт!» дейді. «Не алдым – бұл кітапта қазақ халқының кезеңді тарихы жатыр, қайсысын айтуға болады?..» Баласы ұзақ ойланып отырып қалыпты, Кемкең және сұрақ қояды. «Қай бейне ұнады?» деп. Баласы: «Әрине, Абай!» деп жауап беріпті. «Жоқ, – дейді әкесі үзілді-кесілді. – Рас, романда Абай бар қырынан көрінеді. Жақсы-ақ сомдалған. Әйтсе де сен шығарманың мәнін әлі жете түсінбеген екенсің. Затында түпнұсқадан оқысаң ғой, әттең дүние, біз сендерге теріс тәрбие беріп келіппіз. «Дүниенің кілті орыс тілінде» деп жүріп бесік тәрбиесін ұмыт қалдырыппыз. Иә, бәріне уақыт кінәлі, шіркін, ана тіл!» деп ауыр күрсінеді де «Абай жолын» және бір оқып шығуына кеңес береді.

Ақырында әкелі-балалы романның түп қазық желісін тапқандай болыпты. Ол тәрбие екен. Құнанбай мен Абайдың бірінші кітаптың соңына қарай кездесетін сәті қандай ғажап және қандай аянышты. Құнанбай Абайға: «Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда!» дейді ғой. Абай: «Айтыңыз, әке!» дейді. Құнанбай: «Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс

та жалайды. Екіншісі, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің!» демеуші ме еді. Жұртшылық Абайдың әкесіне берген жауабын біледі ғой, баласы Абай жағында болғанында, әкесі Құнанбай жағына шығыпты. Кемкең «Мұқаң ұлы классик жазушы бұл тұста «социалистік реализм әдісіне» көшкен, Европа әдебиетіне еліктеп, әке мен бала арасын идеялық қайшылыққа ұрындырады, жаңа мен ескі көзқарасты замана ағымына сай сомдаған, қай қазақтың баласы әке бетінен алған? Дәл осы жерде Абай үнсіз қалғанында ұтар еді...» деп бой бермегенін айтып, менің пікір қосуымды білгісі келетінін жасырмады. «Сонда кімдікі дұрыс?» дейді. Мен де Кемкең жағына шықтым.

– Роман сөз жоқ, әлемдік деңгейде жазылған шығарма. Әуезов әлемі тұтас бір тылсым дүние. Шіркін, мұрсаты болғанда Мұхаң Құнанбай туралы жазар ма еді, қайтер еді... дей бергенімде Кемкең:

– Бәсе, – деді, – мен де солай ойлаймын!

Иә, мұндай әңгімелеріміз көп болушы еді. Бәрі жарасымды еді-ау... Өмір күнде той емес, несін жасырамыз. Кемкеңнің жүдеген тұстары да аз болмады. Соңғы романы қиынға түскені есте. Көркем шығарма болғасын оның кейіпкерлерінің тағдыры да әртүрлі келері анық. Әдеби бейненің өмірден алынатыны белгілі. Шығарма кейіпкерінің кей тұста нақты аты аталады, жағымды-жағымсыз образ дегендер бар. Осы ретте бояуы қалыңдау шыққан кей кейіпкер ұрпақтары табылып, әлде біреуінің жазушы үстінен арызданғандары да болады, мұндайды қалт жібермейтін үш әріптің қызметкерлері мен және де басқа органдардың тырнақ астынан кір іздеген жандайшаптары К.Тоқаевты біраз әуреледі. Тіптен лауазымды дейтін ұлы адамдар араласып, құрыққа сырық жалған, Кемкеңді жұмысынан да құды. Бірақ соның бәріне жазушы төтеп берді, шындық алдында қасқия тұра білді. Жүдемеді, жүнжімеді. Қаламгер қайсар мінез танытты.

– Кеттік, – дейтін ол сондайда, – бір сергіп алайықшы, жазушыға басылуға болмайды! Мұндайда көбіне Кемкеңнің саяжайын тәңіректтейтінбіз. Үйдегі мәжілістерде көбіне-көп Кемкең мені дастарханның асабасы етіп қоятын да, менің ретімен айтылған кей сөздеріме маз боп отырушы еді. Бәрі жарасымды. Кеш ұзаққа созылатын. Осындайда преферанс сызып жіберетін де сәтіміз болушы еді... Кемкеңнің шахматқа әуестігі өрен-тін. Ол жеңілу үшін емес, жеңу үшін ойнайтын. Қызу ойнайтын, кейде ұтылып қалса кәдімгідей қызарақтап, баладай бұртия қалушы еді... Бірақ қабағы жылдам ашылатын. Ерінің бұл мінезіне Тұрар жеңешеміз әбден үйренген. Жымыып қана күліп қойып, шайын қайта демдей беруші еді...

Қасымжомарт (Қасымжомартты Кемкең қысқартып Жомарт дейтін) мектеп бітіріп, Мәскеуге оқуға жүргелі жиналғанда өзінің жақсы көретін досы Мүсілім Базарбаевты телефонмен шақырып тұрып:

– Мүсеке, Жомарт бүгін Мәскеуге жүргелі тұр, соның тоқымқазарын жасайық, мына Байекең (Баймұрза Дәуренбеков), тағы басқа жігіттер жиналып қалды, Тұраш дастархан жайып жатыр, тез жет, бәрін ырым көріп, сендердің жолдарыңды берсін деп, өзіңнің «Волгаңмен» аэропортқа барсақ деп шештік, шопырдың институт директоры, ғылым докторы болғаны жаман ба, – дегені бар. Көп кешікпей Мүсекең де жетті. Сол жолы әдемі бір отырыс болды. Жұрттың бәрі көңілді. Жақсы тілектер молынан айтылды. Ақ жолға ақ бата! Үйден шыға бергенімізде жауын құйсын-ау келіп... Бірақ күн тез ашылды. Нұр жауып өтті. Аэропортқа келсек, ұшаққа тіркеу басталып кетіпті. Сол жерде академик Салық Зиманов ағамыз кездесе кетсін. Кемкең қатты қуанды.

– Ниетіміз адал екен, – деді ол дауысы сәл дірілдей. – Сәке, мына Жомартымды өзіңізге табыстадым, сіздей зиялы, ғұлама ғалымның ұшырасуы бір ганибет, тәу жолға шығып тұр еді, оқуға бара жатыр. Сізбен бір кемеде сапарлас болатын болды, жолы болар... Кемкеңнің аз-мұз толқып кеткенін мен бірінші рет көрдім. Салық ағамыз да екі сөзге келген жоқ.

– Талапты жасты алыс жолға бастау бір абырой,

қалауларыңыз болсын, самолеттен түскесін жол көрсетіп жіберу қиын шаруа емес қой, айтпақшы бұл бала қай оқу орнына бағыт алып барады? – деді жүзінен нұры төгіліп тұрған ғалым Кемкеңнің баласы Жомартқа қарап.

– Мәскеудің халықаралық қатынастар институтына! – деді Кемкең.

– Тіл жағғы қалай еді?

– Шүкіршілік деуге болады! – деді Мүсілім Базарбаев сенімді түрде әке орнына жауап беріп. Ағылшынша судай, баламызға сенімдіміз!

– Онда жарады! – деді Сәкең жайдары қалыппен жымыып. – Бұл баланың бағыт алып бара жатқан оқуы – болашақтың оқуы екен, беті қабыл, талабына нұр жаусын!

– Әмин, айтқаныңыз келсін, аузыңыз дуалы еді! – деген Кемкең Салық ағаға сүйсіне ризашылығын білдірді. – Әйтеуір талап етіп барады...

– Ал, енді жолдарыңыз болсын! – деді Мүсекең. – Институттың адресі Жомарттың қалтасында, қай метромен баратынын түсіндірдік...

– Жә, – деді Сәкең қашанғы асып-саспайтын биязы қалтымен, – бара көрерміз, адаспасыз...

Ұзамай жолоушылар көкке көтеріліп кетті. Аспан биік...

Содан бері де көп жыл өтіпті. Қасымжомарт үлкен жігіт болды, алыс жерде оқуын бітіріп, ысылып дегендей, біраз жылдар сырт жерде жұмыс істеп, елге оралды. Бүгінде айтулы азамат. Республика Премьер-министрі дейтін лауазымды қызметке дейін өсті. Кемкеңнің басқа балалары да шүкіршілік, сау-саламат, түрлі мамандық иелері, үйлі-баранды. Ұл ұяда, қыз қияда.

Кемкең – Кемел Тоқаев соңына мол мұра қалдырған жазушы ғой. Ендігі жерде жақсының көзі сол шығармалары өміршең болсын делік. Оның том-том туындысын шаң баспасын деп тілелік. Текті жазушының ғұмыры қашанда ұзақ. Кемкең туралы әлі айта беретін боламыз.

Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

*Сарғабанда
болған оқиға*



*Көшкен
үйдің қонысы қайда?*



Таудағы жаңғырық



Көмескі із



*Солдат
қабірінің басында*



Жұлдызды жорық

*Повестер
мен
әңгімелер*



САРҒАБАНДА БОЛҒАН ОҚИҒА

(ПОВЕСТЬ)

БІРІНШІ ТАРАУ

– Е, жаратқан. Жалғызымның жанын сақтай гөр! Дүние қызығын көрмей өткен сорлы пенденді аясаңшы. Жиырма жыл бойы мәпелеп өсірген бақытым, үмітім емес пе еді. Менің көрген азабым аз ба? Жақсылығыңды менен аясаң, бар жамандығыңды мен бейбақтың басына үйе бер. Тек жалғызымның жанын қалдыр! – Зембілдің жақтауын саусағымен демеп келе жатқан Сәндібала бөртпе шәлісінің ұшымен көзінің жасын сүртіп, зарлап келеді.

– Апа, жыламаңыз. Міне, ауруханаға да жеттік. Енді қауіп жоқ. Рахымыңыз әлі айығып кетер,– деп сестра Аида Глухова Сәндібаланы жұбатады.

– Құдай тілеуінді берсін. Сөзің періштенің құлағына шалынсын. – Сәндібала күрсініп, тіршілік белгісін бермей сұлық жатқан баласына қарайды. Дірілдеген саусақтарымен Рахымның тамырын ұстап қояды. Бар үміті әлсіз соғып жатқан көк тамырда.

Сәндібаланың ауылы биыл күзде Сарғабанның сазында отырған. Ол қаладан қырық шақырым жер. Рахымды сол жерден жедел жәрдем машинасымен алып келе жатқан. Аурухананың қабылдау бөлмесіне әкеп жатқызғанда жаны бір сәтке жай тапты ма, Рахым көзін ашты. Аузын орамалымен басып, егіліп отырған шешесіне:

– Ма-а-м-а, жыламашы... Мен қайда жатырмын. Өкпемді жел қарып барады. Күпім қайда? Үстіме жапшы,– деп ақырын күбірледі.

– Жаным, күпің мынау. Жаурасаң жабайын, – деп Сәнді-бала камзолын шешіп, баласының үстіне жапты.

Рахым көзін қайта жұмды. Ыңырсыған дауысы естіле бастады. Сестра Аида бұл кезде бас хирургті іздеп кеткен еді. Аз уақыттан кейін Цой келді. Қаланың бас хирургы, бұл өңірге белгілі адам. Ол ес-түссіз жатқан Рахымды иегімен нұсқап көрсетіп:

– Бұған не болған? Қашаннан бері бұлай ес-түссіз жатыр?– деді.

Рахымды алып келген жеңіл машинамен бірге Сәнді-баланың күйеуінің жан жолдасы болған Жабағы бірге ере келген еді. Бас дәрігердің сұрағына жауапты сол берді:

– Не болғанын өзіміз де жөнді білмейміз. Түсте қойын қайтаруға өріске кетіп еді. Кешке таман қой өрістен оралды. Ерттеп мінген аты да келді. Ал қойшымыз жоқ. Бүкіл ауыл боп шапқылап іздедік. Ел орынға отыра ши түбінде қансырап жатқан жерінен зорға таптық. Біреулер пышақтап кетіпті.

– Олардың кім екенін таптыңдар ма?

– Кім екенін тапсам, сотсыз-ақ мына қолыммен лақша бауыздар едім. Ондай иттер, ізін білдіруші ме еді!

– Оған медициналық жәрдем көрсетілді ме?

– Қаладан жедел жәрдем машинасы келгенше, өзіміздің колхоздың докторы қарап отырды ғой.

– Есін жиып, тілге келді ме?

– Мен есім шығып, кіріп-шығып жүрдім. Сонда шешесіне бірдеме демесе, өзім айтқан сөзін ести қоймадым.

Ентігіп Аида жүгіріп келді.

– Бұл бітпейтін неғылған мәслихат? Ауруға дереу операция жасау керек емес пе?– деп, бас дәрігерге қарады. – Борис Вениаминович, операция бөлмесіне апарайын ба?

Рахым көзін ашты. Шешесіне, сонан соң өзін қоршап тұрған адамдарға қарады. Цойға көзі түскенде қан кеткен ақ сүр жүзі одан әрмен сұрланып, көзі шарасына сыймай барады. Басын сәл көтеріп, тістеніп, қайта сұлық түсті.

Цой жан-жағына сәл көз тоқтатып, Аидаға әмір берді:

– Дереу операция бөлмесіне апарыңдар! Рахым бар қайратын шақырып, кең тыныс алды да шешесіне ымдагандай болды.

– Қарағым-ай, әбден қиналдың-ау. Не айтайын деп едің! Ерінің кезеріп кетіпті. Су әкеп берейінші,— деп, Сәндібала орнынан түрегеп еді.

– Ма-а-ма, бұған сенбеңіз....

– Қалқам, не дедің?

– Мені жәбірлеген осы... – Рахым талып кетті.

– Ей, мынау кімді айтып тұр? Жаңағы докторсымақ ит қайда? Шақыршы өзін!— деп Жабағы орнынан атып тұрды.

Сәндібаланың баласын біреу пышақтап кетіпті, әл үстінде жатыр дегенді естіп, қаладағы нағашы әпкесі Қаракемпір де келген еді. Ол Жабағының етегінен тартып:

– Әй, мына сорлы қайтеді? Ауру қозғанда кісінің көзіне әрнеме елестеп, сандырақтайтын әдеті емес пе? Басқа біреумен шатастырып жатқан шығар. Тәйт, өкімет адамына едірендемей жайыңа отыр, шәйт боп кетерсің, бишара! – деп, өзінің қалада тұратын көзі ашық адам екенін сездірді.

Рахым тілге келген соң, оның тірлігінен күдер үзіп, өзара күңкілдесіп тұрған ағайындары төңірегіне шүпірлей түсті.

Сәндібала баласының басын көтеріп:

– Не дедің, жаным? Кімді айтасың? Сені жәбірлеген кім? Қайта айтшы. Мына Рысбек пе? Ол ағаң ғой. Тойда өкпелеп кетсе де сенің халінді естіп келді. Қарашы, өзін, – деді.

Рысбек ағаш аяғын шолтаң еткізіп шошып кетті:

– Ей, мына тентек не дейді?

– Бәсе, қанішер сен екенсің ғой! – Қаракемпір Рысбекке дүрсе қоя берді. – Тойыңды ойран етемін! Өкінесің, жас қыршын! – деген сөзінді естіп едім. Ақыры Рахымның түбіне жетіп тынған екенсің ғой! Ой, көктей солғыр, жалмауыз!

Жан қиналғанда кісінің бойындағы ең ауыр нәрсе кірпігі бола ма, қалай, Рахым кірпігін көтере алмай, ұзақ қимылдатып жатты. Әлден уақытта жылтыраған көзі көрінді. Өзіне үңіле, төніп тұрған адамдарға сүзіле қарады.

Анасына көз тоқтатты. Ақырын күлімдеді. Гүлсара деп сыбырлағандай болды... Ел-жұрттын, анасын, жас жарын қимай кетіп барады... Мойыны былқ етіп, басы бір жағына қисайып, жаны үзіліп кетті.

Рахымның жас жары Гүлсара кешеден бері дауыс шығармай, күйеуінің аяғын құшақтап, үнсіз, ұзақ жылау үстінде еді. Бетіне басып отырған Рахымның аяғы әп-сәтте мұздай қалғанынан шошып:

– Апа-ау, жалғызыңнан, Рахымыңнан айрылдың ғой! Мен бейбақ сендерге қуаныш әкелмей, сұм ажал әкеппін ғой. Қос жетімнің не жазығы бар еді?.. Осы жолға мені құрбан етсең қайтетін еді... – деп, дауыс салды. Жас жардың зарына қасіретті ананың жоқтауы қосылды.

Колхоздан келген жедел жәрдем машинасымен қабаттаса өз алдына бір топ болып, Рахымның жолдастары, тілектес ағайындары ере келген еді. Олар аурухананың ауласында екі-үшеу боп топталып, әңгімелесіп, іштен хабар күтіп тұрған. Қабылдау бөлменің ішінен шыққан зарды естіп, бір сұмдықтың болғанын сезіп, «Бауырым-ай!», «Асыл тектім-ай!», «Арманда кеткен құлыным-ай!» деп үйге жылап кіріп жатты. Аурухананың іші азан-қазан. Жұрттың бәрі жылаулы. Сорлы ана мен жас жардың жоқтау зарын естігенде кісінің сай сүйегі сырқырайды.

Бұл кезде Аида Глухова қабылдау бөлмесінде еді. Ол да көзінің жасын тия алмай егіліп тұрған. Қаралы топқа Цой жетіп келді. Ол Аидаға қысық көзін алартып:

– Өлді ме? Жасық жаспен өлікті тірілте алмаймыз. Өлімге жасар медицинаның қайласы жоқ. Тірінің камын ойлайық. Дереву палатаға барыңыз! – деп бұйырды.

Аида жылаған қалпы коридордың бойымен жүгіре жөнелді.

Осы оқиғадан соң бір апта өткеннен кейін Алматы облыстық Ішкі істер басқармасына Бестөбе қаласынан хат түскен. Хатты қалалық милиция бөлімінің бастығы Ділдәбеков жазыпты. Ресми қағазға қоса, Рахымның сөзін естідім деген куәлардың көрсетпелері тіркелген. Полковник өзінің атына жеке келген хатты қайтара оқып шықты да, трубканы көтеріп, әлде біреуге телефон соқты.

– Ғалия Нұғманова ма? Сәлеметсіз бе? Бұл облыстық Ішкі істер басқармасынан. Ия, қаліңіз қалай? Ие. Ғалия Нұғманова, сіздің аздап көмегіңіз керек боп тұр. Сіздерде, Бестөбе қаласында Цой деген қызмет істей ме? Ия, солай ма? Бас дәрігер ғой. Жо-о-оқ, ондай жаманат пікірден аулақпыз. Жақсы, рахмет. – Дайыров оның сөзін бөлмей тыңдады да трубканы іліп қойды. Столдың жиегіне қолын жүгіртіп, кнопканы басып, қоңырау берді. Сәуле кірді.

– Маған капитан Майлыбаевты шақырып жіберіңізші. Телефонын ала алмай отырмын.

– Қазір шақырайын, – деп Сәуле шапшаң шығып кетті.

Екі минут өтпей Талғат Майлыбаев полковниктің кабинетінің есігін ашып, кіруге рұқсат сұрады. Мұқан Дайырович орнынан тұрып, қол беріп амандасты.

– Денсаулығыңыз қалай? Біржола айығып кеттіңіз бе? – деп халін сұрады. Петрушкинді ұстау кезінде ауыр жараланғаннан кейін Талғатты осымен екінші рет көріп отырғаны еді. Ауруханада жатқан кезінде барды да, онан соң сөйлесе алмаған. – Дәрігерлер қала шегінен шығуға рұқсат ете ме?

– Неге етпесін. Денім сау. Қандай тапсырманы болса да орындауға дайынмын, жолдас полковник.

– Онда жақсы, қуаныштымын. – Полковник қасындағы орындықты ұсынды. – Жақынырақ отырыңыз. – Талғат жайғасқаннан кейін: – Талғат Майлыбаевич, сіз Бестөбенің қалалық бөлімінің бастығын білесіз бе? Айтқандай, оны көрген жоқ екенсіз ғой. Ол менің бұрынғы шәкіртім. Кейде сонысын ұмытпай ма, қалай, хабарласып кеңес сұрап тұрады, Кеше одан хат алдым. Бұдан бір жеті бұрын далада мал бағып жүрген қойшыны біреулер пышақтап, қатты жарақаттап кетеді. Ауыл адамдары жаппай іздеп жүріп, әл үстінде жатқан жерінде оны тауып алады. Қалалық ауруханаға алып келген жерінде ол есін жинап, өзін өлтірген адамды таниды.

– Кім екен? – Талғат шыдамсыздана полковниктің сөзін бөлді.

– Сірә, оны ұстап қамаған шығар?

– Білсеңіз, қылмыскер әлі қамалған жоқ.

– Here?

– Рахым көзін ашқан кезде бір топ ауыл адамдары оны қоршап тұрған. Шешесіне айтқан сөзді ондағылардың бәрі естіген. Бірақ, ол кімді айтқысы келді? Ешкім білмейді. Сәндібаланың қасында әпкесі Қаракемпір отырса керек. Ол Рысбекті көрсетеді. Өз құлағыммен естідім деп ант етеді. Менің сөзім түсінікті болу үшін алдымен мына хатпен танысыңыз. Осының ішінде бәрі айтылған. Содан кейін пікір алысайық.

Талғат хатты асықпай, екі мәртебе оқыды. Жабағының, Каракемпірдің көрсетпелеріне көз тоқтатып, тағы жазған сөздері жоқ па дегендей қағазды әрі-бері төңкеріп қарады. Ойланып қалды. Рахым сол тұрған адамдардың ішінен кімді көрсеткісі келді? Рысбек Рахымға жақын ағайын. Маскүнем, бұрын сотталған. Бұл үйдің түтіні өшсе, мал-мүлікке ие болам деп ойлады ма ол? Шыдамы жетпей тойда бүлік салғаны да сол шығар. Сол адамдардың арасында Ақжолтай да тұрған. Ол Рысбектің серігі. Аузына арақ тисе кісімен шатаспай тынбайды. Екеуі өріске барып, Рахымға тиісіп, бәле шығарды ма? Рахымды қоршаған топтың ішінде тағы кім болды? Кісілердің тасасында, шеттеу Цой тұрған жоқ па еді. Бәлкім?..

Полковник Дайыров Талғаттың осы ойын сезгендей жымыып күлді.

– Әлгінде мен облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығымен сөйлестім. Цой сол өңірге белгілі адам көрінеді. Институтты бітіргеннен кейін аз уақыт совхоз орталығында істейді. Сонан соң қабілетті маман ретінде қалаға ауыстырады. Бір сөзбен айтқанда, ол жақсы маман, дәрігер, ауданда беделі өтімді кісі. Майор Ділдәбеков тәжірибесі бар, іс жөнін білетін қызметкер. Әйткенмен ол жергілікті жердің ықпалынан аса алмауы мүмкін.

– Мұқан Дайырович, сіз Цойды кіналы, Рахымның өліміне қатысы бар кісі санайсыз ба?

– Оны айыпты санасақ, дереу қамауға алуға прокурордан санкция сұраған болар едік. Рахымды кім өлтіргенін білмейміз. Куәлардың көрсетуімен Рысбекті қамауға алып, тергеу ісін жүргізіп жатқан көрінеді. Бәлкім, қойшы өліміне

оның да қатысы бар шығар, бірақ біз негізгі қылмыскерді табуымыз керек. Майор Ділдәбеков көмек сұрайды. Сіз бұл ұсынысқа қалай қарайсыз?

– Мен дайын, жолдас полковник.

– Қашан жүріп кете аласыз?

– Рұқсат етсеңіз, қазір жүріп кетуге дайынмын.

– Онда рұқсат алдым деп есептеңіз. Барған соң қайда тоқтамақшысыз?

Жеке меншік біреудің үйіне аялдасам деймін. Көзге түсе беріп қайтем. Оныңыз дұрыс, – деді полковник Талғаттың пікірін мақұлдап. – Қала шағын. Келім-кетім кісілер жұрт назарынан тыс қалмайды. Сізден бір өтініш, істі айқайсыз, дабырасыз жүргізіңіз. Адам арына нұқсан келмесін.

– Қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, Мұқан Дайырович.

– Жолыңыз болсын.

– Рахмет. Сол күні түс кезінде Талғат Бестөбеге ұшып келді. Бір жарым сағаттан кейін аэропортта оны Ділдәбеков қарсы алды. Машинаға отырған кезде Талғат:

– Жеке меншік машина ма? Кімдікі? – деді.

– Бұл «Победаны» жақында алған едік. Автоинспекциямен келісіп, осындай номер тақтық. Былайша айтқанда сіздің жеке меншік машинаңыз болып табылады. Қалаған кезіңізде жүріп тұрасыз.

– Онда рульге отыруға рұқсат етіңіз. Осы бастан дағдылана берейін. – Талғат машинаны өзі жүргізді. Қала орталығына қарай бет алғанда қасындағы Ділдәбековке бұрылып: – Не жаңалықтарыңыз бар, Әлихан Ділдәбекович. Қылмыстылардың ізіне түсерліктей саңылау табылды ма? – деді.

– Полковникке жазған хатпен танысқан шығарсыз. Біз бұл оқиғаны естісімен Сарғабанға оперативтік топты жібердік. Ешқандай белгі таба алмадық. Ауыл адамдары Рахымды іздеп жүргенде бүкіл өрісті қымқиғаш таптап тастаған. Оның үстіне өріске қой жайып жіберіпті.

– Рахымның соңғы сөзі жайында не айта аласыз?

– Шара қолданып жатырмыз. Сол күні ол Ақжолтай Сартбаевпен екеуі өріске барғанда, Ақжолтай қайтып кеткен. Мұны Рысбектің өзі бекер демейді. Жұрттың

көзінше кешірім сұрауға ұялып, оңашада татулық сұрап барып едім дейді.

– Бұған сіз қалай қарайсыз?

– Әй, маскүнем адамда ұят болушы ма еді, – деп Діл-дәбеков қолын сермеді. – Өзінше сылтау іздеп ақталмақ сиқы шығар.

– Рахым қайраты бар денелі жігіт көрінеді. Шіңкілтек Рысбекке бой бере қояр ма екен?

– Қаруды кім бұрын жұмсаса, күш сонда. Рысбек байқаусызда пышақ салып, қайратын қайтарып, сонан соң азаптауға кіріскен шығар.

– Ал оның өзі не айтады?

– Рысбектің түрмеге түскені жалғыз бұл емес. Кісі өлтіргеннің өлім жазасына кесілетінін біледі. Әрине қасарысып бағады.

– Істің жағдайы қиын екен, – деді Талғат сәл ойланып. – Рысбек себепсіз өзінің жақын адамына қол көтеруі қалай? – деген сұрақ көкейінен кетпейді.

– Мас кісі жақын-алысына қарай ма? Адам ақылынан адасқан кезде қылмыс жасағанын аңғармайды.

– Бұл жайында кейін әңгімелесейік. Ақылдасуға уақыт жетер. – Қазір кеңсеге барасыз ба? Апарып тастайын сізді.

– Алдымен қонағымызды орналастырып алайық, – деді Ділдәбеков тоқта дегендей белгі беріп. Көшенің шетіндегі үйді нұсқады. – Қалың ағаш арасындағы анау шошақ қызыл шатырды көрдіңіз бе? Сонау үйдің иесімен барып сөйлесіп көріңіз. Пәтерін жалға беретінін білгеннен кейін сіз келгенше дайындап қояйық деп едік. Мұқан Дайырович мұнымызды мақұлдамады. Үй иесімен өзіңіздің жолыққаныңызды мақұл көрді.

– Өздері қандай жандар?

– Осы жердің қазаққа сіңіп кеткен орысы. Үш бөлмелі үйде кемпір мен шал ғана тұрады. Баладан екеу: үлкен қызы тұрмыста. Кішісі Алматының ауылшаруашылық институтында оқиды. Екі қарттың ермегі сол үлкен қызының балалары. Немерелері жаздай қолдарында тұрады. Оқу басталған соң қызы ұлдарын алып кетсе керек. Соған шал қатты наразы боп қалыпты. «Осында да

оқу бар. Мен бала бағып көрмеппін бе? Қолымда жүрсе қайтеді?» деп, бұлан-талан болды. Күйеу баласы қазақ. Ол атасының көңілін қимай үлкен ұлын қалдырғысы келген екен, қызы: «Бала жас, жазатайым бірдемеге ұшырап қалып жүрер» деп көнбепті.

– Мұндай адамдармен жүздесудің өзі жүрекке жылы әсер қалдырады. Шалдың аты кім дедіңіз? Захар Антонович пе?

– Ия, шалдың көңілінен шықсаңыз, ол сізге мұңын шағады. Талғат бес минуттан кейін үй иесімен аула ішінде кездесті. Захар Антонович судай жаңа машинаға мінген жігіттің пәтер іздеп жүргеніне күдіктенді ме:

– Өзің қайдан келген баласың? Мына машина өзіңдікі ме? – деді сенімсіздеу түрмен.

– Алматыда қызмет істейтін едім. Демалыс алып елге келе жатырмын. Ашаршылықта балалар үйіне кетіп едім. Ағайындарымды іздеп келемін.

– Елің қай жақта?

– Мына Бестөбенің маңайы.

– Оның қай жеріненсің?

– Кәлпеденмін.

– Е, өзіміздің ауылдың баласы екен ғой. – Иығына орамалын салып, кесесін сүртіп тұрған кемпір бұлардың сөзін естіп, қастарына тақау келді. – Далада неге тұрсындар? Үйге кірсеңдерші. Захар Антонович есікті нұсқады:

– Міне үй, кіріңіз. Талғат үй ішін шолып шықты. Бөлмелердің әрқайсысының есігі бөлек салынған. Ал мына үлкен бөлменің қора жағынан тағы қосымша есік жасапты. Захар Антонович осы бөлмеге дастархан жайдырды.

– Кемпір, бірдемең бар ма? Алып кел. Жас қонақ дәм татсын. Алматы бірталай жер. Жол жүріп қарыны ашқан шығар. – Кемпір ыстық борщ пен жартылық әкеп қойғанда: – Мынау менің кәрі серігім Акулина Захаровна деген. Бірге тіршілік кешкенімізге қырық жылдай боп қалды. Бала дейтіннен екі қыз бар еді. Біреуі тұрмыста, екіншісі оқып жатыр. Осы бөлмеде тұрмыстағы қызым тұрған. Жастардың ыбыр-жыбырын естімейік деп есігін бөлек

жасатқам. Кемпір-шалды мазаламайын десең осында тұр. Өзіңнің қалауың білсін. Үй жетеді. Ал өзің мұнда қанша болмақсың?

– Бір ай демалысты осында өткізсем деген ойым бар.

– Балпылдап сөйлеп, кісіге тамақ ішкізбедің ғой, – деп, кемпір күңк ете қалды.

– Кемпірдің осынысы дұрыс екен-ау. Кел, тамақ алдында мынаны алып жіберейік. – Захар Антонович белдеулете арақ құйылған стаканын көтерді.

– Рахмет, мен ішпейтін едім. Дәрігерлер қоспайды. Жақында ауруханадан шығып едім. Ішпейтін адамға өкпем жоқ, – деді Захар Антонович стаканын столға қойып. – Мен де бұған әдеттенбеген жанмын. Осындай кісі келгенде ырымын жасаймын. Ал біздің кейбір шалдарымыз ішімдікті сән көре ме, таң атпай ауыз-басы сасып, беті көлкілдеп, дүкен алдында жүреді. Қасына кісі жолауға жиренеді.

– Ауру қалса да әдет қалмайды. Құнығып алған соң тастау қиын шығар.

– Бала, сен бір жаққа баруға асығып отырсың ба? Жұмысың болса, бөгемейін, – деді.

– Осындағы медицина училищесінде жақын ағайынның қызы оқиды деп естіген едім. Соған барып жолығып қайтсам деймін.

– Олай болса, жолыңнан қалма. Талғат үйден шығысымен дереу қалалық милиция бөліміне барды. Майор Ділдәбеков күтіп отыр екен. Ол Талғатты жылы шыраймен қарсы алып:

– Захар Антонович қандай адам екен? Таныса алдыңыздар ма? – деді.

– Танысқанда қандай, жалпы ақкөңіл жақсы кісі. – Талғат өзіне дайындап қойған стол үстіндегі папканы ашып, ақтарып қарай бастады. Онда Жабағы Қыдырбаевтың арызы, Рахымды қалай өлтіргені жөнінде медицина сарапшыларының қорытындысы, куәлардың сөздері, мінездемелері тіркелген. Талғат асықпай оқып шықты. Қағаздарды әрі-бері парактап: – Сәндібаланың түсінігін көре алмай отырмын. Гүлсараның да көрсету қағазы жоқ, – деді.

– Сәндібала баласын лақатқа салып жатқан кезде талып қалған еді. Содан бері есін жимады. Қазір ауруханада жатыр. Гүлсара қатты қайғы үстінде отырып, Рахымның сөзін жөнді ести алмаған. «Сенбеңіз» деген әңгімесін құлағым шалып қалды, дейді.

– Ділдәбеков қағаздан бас алмай үнілген Талғатқа:

– Сіз Рахымның соңғы сөзіне мән бересіз бе? – деп тағы сұрады.

– Әлихан Ділдәбекович, мен фактіге сенемін. Сондай сөз айтылған екен. Оны іске тіркеуіміз керек. Рас-өтірігін анықтау біздің міндетіміз. – Талғат папканы сырғытып қойды да: – Қазір Сарғабанның сазына, Рахымдардың қоныстап отырған жеріне жүріп кетсем деймін. Серік тауып берсеңіз қайтер еді? Іс күрделі, жаңғыз қиын ғой, – деді.

– Қарсы болмасаңыз, мен барайын. Айдалада қой бағып жүрген қойшыны тапа-тал түсте өлтіру үшін пышақтап азаптағанымен қоймай атуы қалай? – деген сұрақ көкейімнен кетпейді. Мұнда үлкен сыр бар секілді. Қылмыстылардың бұл сырын Рахым білген. Сол үшін ол қыршын өмірін құрбан етті. Рахымды өлтірушілер қазір қылмысты іздеушілердің басқан қадамын бағып отыр. Істі қалай жүргізіп жатқанымызды аңдиды. Біздің міндетіміз оларды қайткенменде жаңылыстыру керек. Сондықтан менің қасыма ерген кісіні қаланың тұрғыны білмегені жақсы. Және сіз бұл жерге де керексіз. Біздің жұмысымызды басқарып, облыспен байланыстырып, үйлестіріп отыратын бір адам болуға тиіс.

– Бұл айтқаныңыздың қисыны бар екен. Жақында бізге милиция мектебін бітірген жігіт келіп еді. Ол өзі қылмыстыларды іздеу жұмысын қалап алған. Қазір шақырайын, – деді де Ділдәбеков трубканы көтеріп, біреуге телефон соқты. Бір минут өтпей кабинетке жас жігіт кірді. Қиықша мұрты бар қара торы жігіт.

– Сізді тыңдап тұрмын, жолдас майор.

– Мынау әлгі айтқан жігіт. Лейтенант Нұржан Мақатаев, – деді Ділдәбеков Нұржанды таныстырып. – Ал мына отырған капитан Талғат Майлыбаев, Алматыдан келді.

Қазірден бастап осы кісінің қарауында боласың.

– Құп болады, жолдас майор. Талғат Нұржанға жолығатын жерді белгілеп, шапшаң жүріп кетуге дайындалу керек екенін айтқанда Ділдәбеков:

– Үйге ас әзірлетіп қойып едік. Тамақ ішіп, біржолата шыққандарыңыз дұрыс болар, – деп, сыпайы өтініш жасады.

– Бекер әуре болған екенсіз.

– Қарағым, қонақ сыйлау халқымыздың ежелгі салты. Сол дәстүрімізден айнығымыз келмейді. Екеуіңіз де жүріңіздер. Үйде жеңгеңіз күтіп отыр.

Талғаттар ақшам алдында Сарғабанның сазына қарай, Рахымның ауылына жүріп кетті.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Талғат пен Нұржан ел орынға отыра Сарғабанның сазына жетіп, Қыдырбаевтың үйіне тоқтады. Жабағы ақырға шөп салып, атын байлап жатыр екен. Ауланы қоршаған шарбаққа тұмсығын тіреп тоқтай қалған машинаның өз үйіне келгенін байқап, ішінде отырғандардың аты-жөнін сұрамастан қақпаны ашты. Машинадан шыққан екі жігітті көріп:

– Жолдарың болсын, танымадық, – деді.

Талғат жауап қатты.

– Қонақпыз, ағасы.

– Қонақ болсаңыздар үйге кіріңіздер, – деп жалма-жан есікті ашты. – Жоғары шығыңыздар. Талғат пен Нұржан бір бөлмеден екінші бөлмеге өткенде, қабаттасып келе жатқан Жабағы бүйірдегі үшінші бөлменің есігін ашып:

– Мында кіріңіздер, – деді. Қонаққа арнап салған ба, бөлме тым үлкен. Еденде сырмақ төсеп тастапты. Талғат мұндай әсем өрнекті көрген емес еді. Ақ киізге қызыл барқытты мүйіздеп ойып, сары жібек жіппен әдіптеген. Шам жарығымен жайнап көздің жауын алады. Үстіне жата қалып аунағың келеді. Төр жақтағы қабырға тұсқа тұтасымен түкті кілем ілінген. Сол тұста пианино тұр.

Оған қарама-карсы қызыл гүлі бар ақсары плюшпен қаптаған диван-кереует қойыпты. Орта жастағы әйел екі баласымен үшеуі телевизордан Бибігүл Төлегенованың әнін тындап отыр екен. Жабағы бейтаныс кісілерді көріп, орнынан тұрып амандасқан әйелге:

– Бәйбіше, үйге қонақ келді. Отын-суыңды әзірле, – деді де: телевизор көріп отырған ересек балаға: – Ей, Асқарбек, Мейманқұлдың үйіне барып, ағаң мен жеңгеңді шақырып кел. Үйге қонақ келді дегейсің. Апаңа көмектессін. Мен шаруа қамын жасайын, – деп қара сапты пышақты алып, үйден шығуға айналды. Талғат пен Нұржан жолын кескестеп, өре тұрды:

– Ағасы, малға әуре болмаңыз. Біз жаңа ғана тамақ ішіп шықтық. Ықласыңызға ризамыз, – деп жалынып еді.

Жабағының әйелі состия қарады:

– Мұнысы несі? Қой, жаман ырымды бастамандар. Қонақ кәдесін білмейтін қандай жансындар! Жабағы күлді.

– Мына кемпірден тағы сөз естігілерің келмесе, енді тыныш отырыңыздар. Жарты сағаттан кейін Жабағы жуынып, шайынып үйге қайта кірді. Ала сырмақтың үстіне шәйі көрпені қалындап төсеп, қос жастықты шынтағының астына басып, жамбастай жатты. Диванда отырған Талғат пен Нұржанға:

– Балалар, жерге жатқанымды сөкет көрмендер. Осылай қол-аяғымды жазып жатпасам, демалған ғұрлы болмаймын. Кісі күні бойы қақайып отырғанда қалай іші кеуіп кетпейді екен деп ойлаймын, – деп күлді де: – Ал жөндеріңді айта отырыңыздар. Жүз кісінің жүзін білгенше, бір кісінің атын біл дейді. Таныса отырайық. Талғат осында келер алдында Жабағымен қалай танысу керектігі жайында Ділдәбековпен ақылдасқан еді. Сол аңызын айтты.

– Ағасы, мен Алматының мәл дәрігерлік зоотехникалық институтында сабақ беруші едім. Рахым менің қарамағымда оқып еді. Біреуіміз оқытушы, екіншіміз студент болғанмен ағайын кісідей жақын боп кетіп едік. Соның қайғылы хабарын естіп келе жатқан бетім. Оның өз

үйіне түсейік деп едік. Екі кештің арасында қара жамылып, қайғырып отырған жас жесірді мазаламайық дедік. Сол үйдің жанашыр, жақын адамы өзіңіз деп естіген соң, көлік басын осы үйге бұрдық. Қасымдағы жігіттің аты Нұржан. Осы елдің жігіті.

– Бәрекелде, келгендеріңіз тіпті жақсы. – Жабағы орнынан шапшаң тұрып, жастықты тізесінің астына қымтай түсіп, оңтайлана отырды да: – Несін айтасың, Рахым жігіттің сұлтаны еді-ау. Қыршын кетті ғой, есіл жас. Өзі де әкесінің аузынан түскендей аумаған еді. Қыр мұрын, кең маңдай ақ құба жігіт болатын. Тағдыр шіркін сол бір үйге қаталдығын аямады. Бір үйдің түтіні өшті деген осы емес пе? – деп, Жабағы күрсінді де, әңгімесін жалғады. – Біз Жұматай марқұммен үй жайымыз бөлек болғанмен енші бөліспеген ағайынды адам секілді едік. Оның себебі бар. Жұматай екеуіміз жасымызда бірге өсіп, балалар үйінде бірге тәрбиелендік. Оның менен бір-екі жас үлкендігі бар еді. Соғыс басталатын жылдың алдында Сәндібалаға үйленді. Армияға шақырылып, майданға жүргелі тұрғанда осы Рахым туды. Елге жау тигенде тойдың қай сәні бар дейсің. Әйткенмен жас нәрестенің дүниеге келгені қуаныш ғой. Шілдехана ырымын жасадық. Жұматай бұл сапары барса келмес екенін сезді ме, вагонға мінгелі тұрғанда:

– Сәндібала, мен бұл дүниеде жалғыз жалқы жан едім. Өзіңмен ұстасып, екеу болдым. Тірегім, қуанышым бір өзің едің. Енді міне, от басымыз көбейіп, үшеу болдық. Өрісім кеңейген секілді. Егер мен алай-бұлай боп кетсем, Рахымымды жетім ете көрме. Сенен тілегім осы, – деп, баласы мен әйелін бауырына ұзақ қысып тұрды.

– Жұмаш, жаман сөз айтпашы. Жас нәресте біздің бақытымызға туған шығар. Аты Рахым ғой. Тәңірісі бір рақымын тигізер. Аман-сау ораларсың. Мұңаймашы, – деп Сәндібала жылап тұр. Жұматай Сәндібаламен осылай қоштасып қалған еді. 1943 жылдың ноябрінде Сәндібала қара қағаз алды. Жұматай Киевті азат ету кезінде Днепр өзенінің үстінде оққа ұшып өліпті. Сәндібала ұзақ жылдар күндерін жылаумен өткізді. Оған жаралы Жұматай суға тұншығып өлгендей көрінетін. Оны есіне алғанда: «Жаным-ай, саған ешкім қол ұшын бере алмады-ау,

жаның қиналды-ау» деп егіліп кететін. Кейін Рахымның тілі шығып, сөйлеген кезде Сәндібала қайғыдан арыла бастады. Өзі де он жетіге толмай жас босанған еді. Баласы өзімен қатар өсті. Мектебіне де бірге барып жүретін. Сол Рахым биыл күзде институттың соңғы курсына көшіп, ауылға келді. Байқұс бала шешесі жалғызсырайды деді ме, ауылдан кетпей, қойын бағып жүрді.

Рахымның қарауында бір отар саулық қой бар болатын. Биыл қозыны да келістіріп алды. Алдағы жазда қойларын өткізіп, мамандығына сәйкес жұмысқа көшемін деп жүрген. Қазір колхоз малы жайлаудан қайтып, Сарғабанның сазын жайлап жатыр ғой. Қар жауғанша қыстауға көшпей сонда қоныс тебеді. Түс мезгілінде Рахым қойын өзен жағасына иіріп, үйінен шай ішіп кетеді. Кетерінде келіншегіне: «Аржақ қабақтың шөбі тың екен. Қойды сонда бір өргізіп қайтайын» деп айтып кетіпті, Бесін кезінде Көкмойнақ төбет жетіп келген. Бір көзі қызыл ала кан. Оның ағып түскенін ешкім білмейді. Қасқыр талады деп ұқса керек. Артқы екі аяғымен топырақ шашып, ұлып маза бермеген соң, балалар ауылдан қуып жебіріпті. Ол қыңсылап үріп, өріске қарай зымырапты. Кешке таман қой өрістен оралды. Қой соңында Рахымның қара жорғасы көрінді. Ері бос. Рахым да, Көкмойнақ та жоқ. Бір сұмдықтың болғанын сездік. Аттылы, жаяулы өріске қарай шұбадық. Бұл кезде қараңғы түсіп, ымырт жабылып қалған еді. Айнала от жағып, шам ұстап жүріп, ши түбінде жатқан Рахымды тауып алдық. Әйтеуір кеудесінде жаны бар. Біздің мұндағы дәрігерлер жеңіл-желпі жараны жазғанымен ауыр операцияға шамалары келмейді. Жеңіл жәрдем машинасын шақырып, осыдан көлік тапқанымызша, марқұм жолда үзіліп кетті, – деп, Жабағы жіпсіген көзін орамалмен сүртті. Талғат абайлап сұрады.

– Ауруханада қайтыс болды деп естіп едім. Сіз жолда өлді дедіңіз бе, қалай?

– Е, шырақ, адам өлген соң, ол қайтып тіріліп келмейді. Ауруханада өлді не, жолда өлді не, жанын алып қалмаған соң бәрі бір емес пе? Әңгіме үзілді де жас жанға жасалған қиянат, зұлымдыққа күйінгендей үйдің ішінде отырғандар

үнсiз тұнжырап қалды. Жабағының әйелi Қатыш пен үй шаруасына көмектесiп жүрген жас келiншек үһлеп жылау үстiнде едi. Әңгiменiң тамамдалғанын байқады ма, қимыл-тұрысын бiлдiрмей, орындарынан тұрып, тысқа шығып кеттi. Жабағы әйелдер шыққан есiкке шегiр көзiн қадап:

– Төрт аяқты хайуанаттың iшiндегi адамға жақыны ит екен. Ол сорлы иесiн қарақшылар пышақтап жатқанда басына оқ тигенiне қарамай, көмек тiлеп, ауылға келген екен ғой. Өңшең әмбi адамбыз, иттiң тiлiн қайдан ұғайық. Сол сәтiнде барғанымызда, жауыздардың тырнағынан Рахымды арашалап алып қалар ма едiк, қайтер едiк? – дедi.

Ұзақ әңгiменi үнсiз тындап отырған Нұржан:

– Көкмойнақ иттi таптындар ма? Сол келгеннен қайта көрiнбептi, ұрыларды өзенге дейiн қуып тығыпты деп естiп едiм, – дедi.

– Шырағым-ай, адам кеткен соң, иттi кiм iздедi дейсiң. Ертеңiне милиция келiп, Сарғабанның сазын түгел шарлап, оқиға болған жерлердi суретке түсiрiптi, Көкмойнақтың өлiгiн өзеннiң жағасынан тауыпты деп естiдiк. Одан кейiнгiсiн бiлмеймiн, – дедi де, Жабағы ендi бұл жайында әңгiме қозғағысы келмейтiнiн бiлдiрдi. Талғат қылмыстылардың Көкмойнақтың басынан және кеудесiнен екi рет пистолетпен атқанын, соңғы оқ жүрегiне тиiп өлгенiн сарапшылардың қорытындысынан бiлген. Қазiр өздерi отырған «Шұғыла» колхозының орталығына келместен бұрын Рахым жайындағы материалдармен танысқанда шешуi табылмайтын бас-аяғы белгiсiз тұңғыық оқиғаға кездескендей болып едi. Қаншама ойланғанмен қылмыстылардың iсiне түсерлiктей саңылау таба алмаған. Майор Дiлдәбеков үйiнде отырғанда:

– Сарғабанда болған оқиғаны мұқият зерттеп, бәрiн қағаз бетiне түсiрдiк. Сол жаққа жүрем деп отырсың. Әрине, қылмыс жасалған жердi өз көзiңмен көргенiң дұрыс. Әйткенмен бiз сипаттағаннан артық жаңалықты таба қояр ма екенсiз? – деп күманданған едi.

– Өмiрiнiң ақырғы минутында Рахым өзiн пышақтаған, атқан адамды көрген екен. Оның сөзiн елес, галлюцинация

деп есепке алмайсыз. Ал сіз бен бізге қылмыскерді табу міндеттелген.

– Қылмыстылар мені ұста деп Сарғабанның сазында ләйліп жүр дейсіз бе? Біз шарлаған жалпақ сазды көріп қайтарсыз.

Жолда келе жатқанда Талғат: «Майор Ділдәбековтың айтқаны дұрыс-ау. Екі кештің арасында пысықсынып нем бар? Тосыннан келіп, айдаладан не табамын» деп, көңілі бір сәт жабырқап қалған. Жабағымен әңгіме үстінде, осы сәтте жарқ еткен сәуледей, оған мынадай ой сап ете қалды. Рахымға жабылып (Рахымға тиіскен кемі екі адам болуға тиіс. Жалғызға ол бойбермес еді), пышақтап жатқанда, Көкмойнақ арсылдап жетіп келіп, азу тісін салып, жұлқына иесін арашалауға кіріскен. Иттің талағаны жанына батқаны сонша, қылмыскер мылтық дауысы естіліп қалады деген сақтықты ұмытып, жанын сақтау үшін дереу пистолетін суырып алып атады. Оқ Көкмойнақтың көзіне тиеді. Қорыққанда ит те өзіне пана іздейтіні белгілі. Ол ауылға қарай қашады. Жұрт оны сол кезде көрген. Ит қауып жаракаттанған адам қайткенменде дәрігерге көрінуге тиіс емес пе? Құтырудан сақтану үшін укол жасатады. Талғат кісінің уысынан көрінбейтін қызыл мұқабамен қапталған қойын дәптерін суырып алып «бір» деген белгі қойды да, мынадай жазу жазды:

1). Ит талаған, дәрігерге көрініп жүрген адамды тексеру керек;

2). Көкмойнақ жайындағы сарапшылардың қорытындысы қайта қаралсын;

3). Жабағы Рахымды жолда өлді деп, өз арызынан бас тарта бастауы қалай? Оған мұны кім үйретіп жүр? Аты-жөні анықталсын;

4). Бұған Гүлсара не айтады?

5). Сарғабанның сазы мен сай қуыстары түгел тексерілсін;

6). ...

Талғат алақандай дәптерінен басын көтергенде, Жабағы:

– Қарағым, не жазып жатырсың? Менің сөзімнен тәлім

аларлық бірдеңе таптың ба? – деп, мысқыл күлкімен тесірейе қарады.

– Ия, ағасы, Рахым қазасы маған ауыр батты. Оның өлімі жұмбақ көрініп еді. Сіздің мына әңгімеңіз көп ой салды.

– Оқуға жетік адам емеспіз. Дәлдір сөзіміз қала адамына қызық көрінуі мүмкін-ау!

Қатыш тамақтың піскенін білдіріп, Жабағыға ымдап белгі берді. Жабағы орнынан атып тұрып:

– Кәне, балалар, қол жуыңыздар. Құрғақ сөз ас болмас, – деді де, ауыз бөлмеге шығып, қол жуатын орынды көрсетті.

Түн ортасы ауғанда етті алып келді. Жарым түнде ет жеп дағдыланбаған Талғат ұялғаннан ауыз тиіп, дастархан шетінде отырды да қойды. Бұған қарағанда Нұржан жемпаз екен. Жабағыдан қалыспай, ұрты тыным таппай, бұлтылдап, үйме табақты үңгіп, алдын ойсыратып барады. Талғат Нұржанның жегеніне қызығып, бір-екі мәрте асап еді. Жүрегі айнып, қарай алмады. Алдындағы етті Нұржанға сырғытып, сорпа ұрттап отырды.

– Мына бала дым жемеді-ау, – деп, Қатыш қиналып «ет алғызсаңшы» дегендей күйеуіне қарай берді. Жабағы соны сезгендей сәл сырыла қозғалып:

– Алдына ас қойдық, екі қолын бос қойдық. Жемесе, қайтеміз. Асатайын десем, қала адамы ар көреді. Енді не істеймін бұ бәтірге? – деді.

– Рахмет, ағасы, жедім, тойдым.

Жабағы күлді:

– Жемей тойғанды сенен көрдім. Таңертеңгісін Талғаттар ерте тұрып, колхоздың малы жатқан Сарғабанның сазына жүріп кетті. Рахымның үйі сонда екен. Қайғылы оқиғадан кейін келіншегі үйін жықпай, енесін күтіп, орталыққа көшпей отырған көрінеді. Талғат пен Нұржан машинамен көлбеңдеп жұрт көзіне түспеу үшін салт атпен шыққан еді. Күн шыға Рахымның отауына кеп тоқтады. Түнде Жабағы тамақтан кейін Мейманқұлды осы үйге жіберіп: «дауыс салып жыламай-ақ қойсын, өзі мұғалім екен, қасындағы жолдасынан ыңғайсыз боп жүрер» деп хабарлаған екен.

Гүлсара тұтас кара киім киіп, басына да қара орамал жамылыпты. Талғаттар үйге кіргенде шәлісімен бетін көлегейлеп, теріс бұрыла отырып, ұзақ жылады. Жылаудан тыйылмай:

– Рахым: «куанышым, бақытым» деп мені еркелетіп көп айтушы еді. Мен бұл үйге бақыт әкелмей сор әкелгендеймін. Ең болмаса, апам аман шықса екен, – деп, енесінің тілеуін тілейді. Талғат төмен қарап, тұнжыраған қалпы біраз уақыт бойы үндемеді. «Милициядан едім» деп ашық келсе, Гүлсара бұлай жыламас па еді, қайтер еді деген ой келді де, қаралы үйге қандай адам келсе де, жылаумен қарсы алады. Оның үстіне қайғырып, күйреп отырған үйге мен милициядан едім деп жетіп келудің өзі қисынсыз. «Милициядан болсаң қайтейін. Қаралы үйді торымай, қан ішерлерді таппайсың ба?» десе, не айтады? Істің мүддесі үшін осы бет алысым дұрыс деген қорытынды жасады. Гүлсараны жұбатып көңіл айтты:

– Рахым аяулы жан еді, елдің асыл азаматы еді. Жас кеткеніне, арманда кеткеніне бәріміз күйінеміз. Өмірін өшірген бұзақыларға ләғнет айтамыз. Гүлсара, мен сол сұрқияларды тауып, жазасын тартқызуға Рахым атынан ант етейін. Жыламаңыз. Жылап, өзіңізді жасытқанмен өлген оралмайды. Өзіңізге берік болыңыз!

– Сен бүйтіп жылай берсең, апаң мүлде күйреп кетпей ме? Осы үйдің естияры енді өзіңсің, – деп, Нұржан да шын пейіл, жастық тілеуін айтып жатты. Екі жастың достық тілек-пейілі Гүлсараның көңілін көтеріп, қатайтты ма, тілге келді. Есіктен кірген дудар бас жас қызға:

– Еркежан, самаурын қойып жіберші, мына кісілер шәй ішсін, – деді.

– Әуре болмаңыз, тіпті рахмет. Біз жаңа ғана шәй ішіп шықтық, – деп, Нұржан жас емес пе, өзімсініп сөйледі. – Апаңның халі қалай? Одан да соны айтсаңшы. Оңалып тәуір боп келе ме?

– Апамның түрінен қорқам. Сол баяғы қалпы. Кісі танымайды. Есін жиған жоқ. Тірі аруақ секілді. Дәрігерлер жазылады деп үміт айтады.

– Рахымды ауруханаға апарғанда бір сәт тілге келіпті,

жәбір көрсеткен кісіні таныпты деп естіп едім. Сол не сөз? Ағына жетіп тексерген адам бар ма екен? – Талғат бұған Гүлсараның қалай қарайтынын білгісі келді. – Біреулер сандырақ, елес дегенді шығарыпты. Осының дәлі қайсы?

Гүлсара Талғатқа белгілі әңгімені қысқа айтты да, сөзінің соңында:

– Кісі қайғысын қасірет тартқан ұғады. Бір үйді күйреткен күйік аз ба? Енді бұл қасіретті тағы біреуге жамап, бала-шағасының обалына қалғым келмейді. Есім ауып отырғанда «сенбеңіз» деген сөз құлағымға шалынғандай болды. Бірақ, оны кім жөнінде айтқанын білмеймін. Әлде «Сенбеңіз өлмеймін» деп айтқысы келді ме, тіпті білмеймін. Рахымның аузынан шыққан ақ сөзін адал жанға қарғыс етіп байлаудан аулақпын, – деді.

Талғат бұдан әрі беймаза сұрақпен әңгімені жалғастыруды қисынсыз көрді. Нұржан екеуі көп аялдамай Сарғабанның сазын аралап жүріп кетті. Бұл маң Қарашеңгелдің басқа жеріне қарағанда өзгешелеу екен. Қара жолдың еңіске құлаған тұсында қалың қайың басталады. Арасында тал, жидектері де бар. Жалпақ көк сазды жиектеп ағып жатқан өзенге жеткенде сиреп, азая түседі. Өзеннің оңтүстік-батыс жағы мидай көк жазық. Талғат пен Нұржан күн бойы Сарғабанның ой-шұқырын, қылтиған бұтасын үңіле, тінте қарап, Рахымның жатқан маңайына біраз кідірді. Бұл жақты Нұржан жақсы білетін көрінеді. Майор Ділдебеков екеуі сарапшылармен бірге келіп араласса керек. Талғат пен Нұржан аттан түсіп, жаяу, қатар әңгімелесіп келе жатқан. Жердің беті айқұш-ұйқыш шым-шытырық. Малдың, адамның жыпырлаған ізі бірінің үстіне бірі түскен. Талғат кілт тоқтап, жүресінен отыра қалды. Таяқ батқан шұқырды шимен сызып:

– Жок, бұл емес, – деді.

Талғаттың не жайында айтқанын Нұржан ұқпады. Төңірекке қарап, әрбір шұқыр – ізге үңілген Талғатқа:

– Күні бойғы жүрісіміз бекер әурешілік пе деймін, жолдас капитан. Күн кешкіріп қалды. Қайтайық. Бәрібір мылқау дала қылмыстыларды анықтап бермейді. Осы жерді майор екеуміз кезгеніміз бар. Дәнеме таппадық, –

деді. Талғат жас шәкіртінің күдер үзген, дәрменсіз үміт қылығын шенемеді. Орнынан тұрып, атын жетелеп, жаяу жүрді. Өзі төмен қарап, жер сүзіп келеді:

– Қылмыстыларды тұтатындай көмек таппасақ біз несіне жүрміз, Нұржан? Соны айтшы? – деді.

– Осы қара жер көмектеседі дегенге сенбеймін, тіпті миыма кірмейді. Талғат кілт тоқтап, қолын көтеріп, Нұржанның кеудесіне алақанын тақап:

– Тапжылма, осылай тұр, – деді де, өзі отыра қалып, кішкене шұқырларды шимен сызып, белгілер жасай бастады. – Гипс қайда? Шапшаң, бері әкел. – Талғат әлгі шұқырлардың бірнешеуін гипске таңбалап алды. Көңілденіп орнынан тұрды. – Нұржан, сен мылқау даланың қандай көмегі бар деп, күманданған едің. Көрдің бе, қылмыскердің қандай адам екенін дәл анықтап берді.

Нұржан ешнәрсенің жайын түсінбеген еді. Талғаттың әлгі сөзіне:

– Жолдас капитан, мені күлкі етейін дедіңіз бе? – деп, ренжіп қалды.

– Сен мына таяқ батқан шұқырды анықтап қарап алшы, – деді Талғат Нұржанның иығынан құшақтап. – Саған дамыл бермеген себебім, мен күні бойы осы шұқырларды іздеп жүрдім. Енді Рахымды өлтірген қылмыскердің біреуі бізге белгілі. Оның бір аяғы жоқ, күпшектей ағаш аяқпен жүреді. Ағаш күпшектің темір өкшесінің жерге батқан таңбасына қарағанда кесек, ірі денелі адам. Салмағы 85-90 килограмм. Сірә, алпыстың айналасындағы жасы келген кісі секілді.

Талғаттың сөзін тыңдап тұрған Нұржан:

– Жерге батқан ағаш күпшектің таңбасынан оның салмағын білдіңіз делік. Мұндай ілімнен хабарымыз бар. Ал оның жасын қалай анықтай қойдыңыз? – деді.

– Бұл жай, логикалық ойдан шыққан түйін. Өзіңе белгілі, кембағал жас адамдар көбіне арнайы жасалған жеңіл протез киеді. Ал мұндай қолдан жасалған ағаш күпшекті салақ, үнемқор, пайдакүнем, ескі әдет бойынан кетпеген қарт адам тағады. Бұлар атқа қонып, «Шұғыла» колхозының орталығына қарай келе жатқан. Нұржан

көмейіне тығылған бір сауалын сұрағысы келіп, атын бір төбініп шаужайлап жіберіп, Талғатқа қатарласты.

– Талғат Майлыбаевич, Сарғабанокиғасына байланысты іспен мен де танысқан едім. Онда қылмыскердің кім екені, қайдан келгені жайында бір ауыз сөз айтылмайды. Көрдік-білдік деген адамды кездестірмедім. Сіз қылмыскердің, кембағал екенін, күпшекттей ағаш аяқпен жүретінін қайдан біле қойдыңыз? Әлде біреулер сізге айтты ма? Құпия санамасаңыз, айтыңызшы, – деді өтініп.

– Маған ешкім де қылмыскердің ағаш аяқпен жүретінін айтқан емес, – деді Талғат таңғалып қалған жас шәкіртіне қарап. – Байқасаңыз, адам ойынан жүйрік, ұшқыр нәрсені көре алмадым, Нұржан. Мұнда пәлендей сиқырлық сыр жоқ. Өзің оқыған, көрген фактілерді жинақтап, содан қорытынды жасадым. Есінде ме, сарапшылар Көкмойнақтың қызыл иегіне ағаштың кішкентай жаңқасы кіргенін айтқан. Мен әдет бойынша «Қандай жаңқа? Жас ағаштікі ме?» – деп сұрай салдым. Сол сәтте ол сұраққа өзім де мән бермедім. Жабағымен әңгімелесіп отырғанда «Келі сияқты ескі ағаштың жаңқасы» деген сарапшы Мәруа Ибрагимованың сөзі есіме түсті, Көкмойнақ иесін арашалауға ұмтылып, қылмыскердің біреуін қапқан кезде тісі ағаш аяққа тиген. Қызыл иектегі жаңқа содан қалған деген тоқтамға келдім. Өзімнің осы долбарымның дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін мен күні бойы ағаш аяқтың өкшесі батқан шұңырды іздеген едім. Оның қалай табылғанын өзің көрдің.

– Қылмыскердің біреуі жайында көзбен көргендей ұғымды тілмен дәл айттыңыз. Сіздің ойыңызша, қылмыскер бірнешеу секілді.

– Бірнешеу емес. Не бары екі-ақ адам.

– Екі адам дейсіз бе? Сонда екіншісі кім?

– Бұл жөнінде тиянақты пікірге келгенім жоқ, Нұржан. Ой айқындалғанда бәрін айтып беремін. – Мен де естіген, көргендерімнен қорытынды жасап, сізге айтып берсем қайтеді?

– Шын ықылас пейілмен тыңдайтын болам. Сол күні кеште олар қалаға жүріп кетті.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Бас дәрігердің кабинетіндегі телефон ұзақ шылдырлады. Есік ашық еді. Медсестра жүгіріп барып трубканы көтерді.

– Сізді тындап тұрмын. Жауап естілмеді. Ентіккен демі сезіледі. Жүрегінің талмасы бар аурулар, жазатайым оқиғаға ұшыраған адамдар әдетте ауруханаға тура телефон соғады. Сондай кісілердің бірі ме деп Аида қайталап сұрады.

– Бұл аудандық аурухана, сізге кім керек? Трубкадан біреудің қырылдаған үні естілді.

– Кешіріңіз, маған бас дәрігердің өзі керек еді. Шақырып жібермейсіз бе? Аида бас дәрігердің атын атады.

– Сізге Цой керек пе? – Сестра мақұлдаған дауысты естіп: Борис Вениаминович палаталарды аралап, обход жасап жүр. Кейінірек хабарласыңыз, – деп еді, бейтаныс адам:

– Айналайын сестра, мен жолаушы адам едім. Вокзалдан сөйлеп тұрмын. Бес минуттан кейін поезд жүреді. Егер сіз қазір барып шақырмасаңыз, мен ескі досыммен тілдесе алмай қаламын. Екеумізге обал жасайсыз. Сізден өтінем: бұл үшін бас дәрігер сізді сөкпейді, – деп, қиылып сұрап тұрып алды. Цой бұл өңірге аты белгілі дәрігер, хирург. Қала халқы оны жақсы таниды. Дертті қатты кісілерге өзі барып, ем жасап тұрады. «Цойдың қолы жеңіл. Емі тез қонады, оның пышағынан шетінеген жан кемде-кем» – деген лақап ел арасына тарап кеткен. Жүрісі жеңіл, мінезі сыпайы. Оның бір әдеті кісінің бетіне тура қарап сөйлемейді. Тұнжырап, төмен қарап тұрады. Аурухана қызметкерлері Цойдың біреуге зекіп, ұрысканын көрген емес. Әйткенмен одан қатты сескенетін. Цой өзіне жақпай қалған кісіге қисық көзін қадап, күлген тәрізді тісін ақситады. Танауы жыбырлайды. Әппақ тісін шықырлатып шапшаң бұрылып кетеді, Цойдың мұндай «күлкісіне» іліккен адам ауруханада ұзақ тұрмайды. «Өз еркімен» жұмыстан дереу босанып кетеді. Арызданып, әділет іздегендер өздері шатылып, сотты боп, бәлеге ұшырап

жатады. Әйтеуір оның бүкіл ауданға беделі өтімді. Цойдың осы мінезін білетіндер оның шеніне жоламайтын. Медсестра Аида Глухова да сондай еді. Ол бас дәрігермен кездесуге қорқатын. Жұмыс бабымен тілдесе қалғанда, қызарып, қысылып, әрең тыңдайтын. Тезірек кетуге асығатын. Енді ойда жоқта, тамам аурудың көзінше Цойды жұмысынан бөліп, телефонға шақыруы керек. Егер ол жақтырмай, қисық көзін қадап, тісін ақситып күлсе қайтеді?

Аида телефон трубкасын көтергеніне өкінді. Соншама ебелектеп, Цойдың кабинетінде не жұмысы бар десеңші! Ал телефонға шақырмай қойса қайтеді? Өйтсе, тағы бәлеге ұшырауы мүмкін. Бөгде адам жанын қоятын емес. Цойдың өзін білетін кісідей сөйлейді. Аида жүрегі лүпілдеп, қорқып, палатаға зорға кірді. Цой аурулардың сырқатын баяндаған емдеуші дәрігерге қысқа нұсқау беріп жатыр екен. Төсекте Жатқан аурулар жым-жырт. Жанына батқан дерттен Цой арашалап алып қалатындай жалынышты көздерімен жалтаңдай қарайды. Егер біреу осы сәт бас дәрігерге қарсы дау айта қалса, өзінікі дұрыс болса да мына аурулардың арасында күнакар саналар еді.

Ауруханада Цоймен бірге Айша Сейітқұлова дейтін дәрігер істейтін. Қалалық ауруханада жұмыс істегеніне жиырма жылдай болып қалған. Ол Алматыдағы медицина училищесін, сонан соң медицина институтын бітіріп, Бестөбеге келсе керек. Содан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Аида қазақ арасында өсіп, қазақша білетіндіктен оны «Айша апай» деп атайтын. Цой кісінің үрейін ұшырататын суық күлкісімен Айша апайға талай ыржия қараған-ды. Бірақ Цойдың залым күлкісі Айша апайға дарымай-ақ қойды. Айша Сейітқұлова бас дәрігердің кеңесін мұқият тыңдайды да, бірақ оның айтқанының бәрін қолданбайтынын Аида жақсы білетін. Қазір Айша апай бас дәрігердің кеңесін ықылассыз тындап тұрғанын байқады. «Осы кісі Цойдан несіне қорқады екен? Жоғары білімі бар. Кез келген жерде жұмыс істей алады. Цойдың қатесін бетіне басып неге айтпайды екен?» деп ойлайтын. Бірақ бұл ойын оған айтуға өзі батпайтын. Айша апайға

айтқан сөзін Цой естіп қоятындай көрінетін.

Аида бас дәрігерге жай басып, қасына тақағанда екі-үш қазақтың өзара күңкіл сөзін естіді:

– Пай-пай, шіркін білгіш-ау! Қарашы, емдеуші дәрігердің қатесін тауып көрсетіп жатыр.

– Осы кісінің қолынан пышақтан кеткен адам кемдекем дейді ғой.

– Әй болса болар.

– Осының тәуіптігі бар деп жұрт айтып жүр. Анау Жұрымбаев деген райфоның әйелінің пұшпағы қанамаған екен. Осыған қаралып жүрген көрінеді.

– Бәсе, сондайы да болар, түрі сондай.

– Ей, сендер қызық екенсіңдер, – деді үшінші қазақ сөзге килігіп. – Бекер кісіге ауданның ауруханасын билете ме? Бұл кәріс білімділігімен алып жүр ғой. Өзінің түрін қарашы, айбатынан кісі сескенгендей сұсты, қасындағы дәрігердің аузын аштырмайды. – Қазақтар аңқау кісіше сөйлеген болып, Цойдың өзіне естірте мақтап жатыр. Цой құлағын түріп тұрған секілді. Бұлардың қасынан кетпей тұр. Дәл осы кезде Аида бас дәрігердің қасына келіп, ақырын үн қатты:

– Сізді телефонға сұрайды. Цой қабағы түйіліп жалт қарады:

– Сіз қолымның бос емес екенін көріп тұрсыз. Неге айтпадыңыз?

– Білемін... Ол кісі жолаушы көрінеді. Сізді шақырып бер деп қатты өтінді. Шақырмаудың қисынын таба алмадым.

– Ол қайдан телефон соқты?

– Вокзалдан. Цойдың өңі бұзылып, сұрланып кетті. Өзінен өзі жұлқынып есікке барды да, тұтқаны ұстап тұрып, артына бұрылды:

– Айша Сейітқұловна, өзіңіз обход жасай беріңіз. Сірә, менің қолым босамайтын шығар. – Әлгінде өзін мақтаған қазақтарды ымдап көрсетіп: – Жаңа дәріні қосып укол жасап көріңіз. Бәлкім, жарасы тез тартылар, – деді де, кабинетіне қарай асыға басып кетті. Айша Сейітқұлова палатаның ортасында состиып тұрып қалған Аиданың

қасына келіп, қолтықтап, палатадан ертіп шықты.

– Бас дәрігердің тосын киліккен кісіні жақтырмайтынын білесің. Әсіресе өзін мақтап жатқан сәтте біреудің араласқанын мүлде ұнатпайды. Осыны ескермеген екенсің, қызым.

– Бас дәрігер аурулардың сөзін қайдан ұғады? Олар қазақша сөйлеп жатты ғой.

– Ол қазақша түсіне ме, жоқ па? Онысын білмеймін. Бірақ Цой қазақша сөйлегенде құлағын түретіні хақ.

– Мен мұны байқамаған едім. Онда Цой науқас кісілердің сөзін түсінбедім деп маған аудартатыны қалай?

– Бастықтардың бұқарасы ұға бермейтін бүкпе сыры болады. Бұл жолы оңай құтылсаң жарар еді, қызым. Цой тым қатты құбылып кетті ғой.

– Жолаушы адам екен. Жолымнан қалып барам деген соң, бетін қайтара алмадым.

– Цойдың мінезін білесің. Жалпы, көзге түсе бермегенің жақсы.

– Жұмысымды адал атқарып жүрсем, ол маған не істей алады дейсіз?

– Жұмысты адал атқарсам дейсің-ау, қызым. Адалдықпен қоса билік те барын ұмытпа! Ал билік ниеті бұзық адамның қолына тисе, ол істің адал-қарасына қарамайды. Билікті өз қалауынша қолданады.

– Біздің Борис Вениаминович ниеті бұзық кісі демексіз бе?

– Мен олай деп айтқаным жоқ. Бірақ ол тұйық, жұмбақ жан. Абай бол, қызым, – деп Айша Сейітқұлова Айданың маңдайынан сипады. Бұл кезде Цой мен «вокзалдан» телефон соққан адамның арасында мынадай әңгіме болып жатқан еді. Цой трубкуны көтеріп:

– Иә, мен сізді тындап тұрмын, – деді.

– Цой жолдас па?

– Ия!

– Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып жаппа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келем. Ауруым күн санап асқынып барады. Қабылдай аласыз ба?

– Демікпе ескі ауру. Бұл дерттің емін таппай, әуреге түскен ғұламалар аз емес. Біз дала дәрігеріміз. Қолымызда қазіргі заманның аспаптары жоқ, әйтеуір бірдемені долбарлап жасаған боламыз. Сірә, менің жасаған емім сізге қонар ма екен?

– Оны сіздің ықыласыңыз біледі.

Цой үстіндегі ақ халатын шапшаң шешіп, киім ілгішке ілді де, күздік пальтосын қолына ұстап, кабинеттен асыға шықты. Есіне әлде нәрсе түсті ме, сәлден соң қайта оралды. Трубканы көтеріп таксиге телефон соқты.

– Такси ме? Маған шұғыл машина керек еді. Бұл кезде Талғат пен майор Ділдәбеков тура сым арқылы Алматымен, полковник Дайыровпен сөйлесіп жатқан. Талғат «Шұғыла» колхозына барған сапары, өрісте қалған ағаш аяқтың ізі, қылмыстылардың біреуі кембағал екені жайында өзінің ойын, долбарын баяндап шықты. Рахымның өліміне Тілеуовтың қатысы жоқтығына көп сенімді дәлелдер келтірді. Рысбектің Рахымға жолыққан уақыты мен Рахымды жаралаған мезгіл арасында алшақтық барын айтты. Осы тұста полковник Талғаттың сөзін бөлді.

– Бұл жайында ойыңыз қалай?

– Рахым қылмыстылармен кездейсрқ кездескен. Және медицина сарапшылары көрсеткендей, үстіне түскен жара таңбаларға қарағанда Рахымды тілгілеп, қатты қинаған. Соған қарағанда ол қылмыстылардың құпиясын білетін болуы керек.

– Қандай сыр болуы мүмкін?

– Бұл жұмбақты шешуге тырысамыз, жолдас полковник.

– Трубканы майор Ділдәбековке беріңізші. Майор трубканы жалма-жан алды.

– Сізді тыңдап тұрмын, жолдас полковник.

– Сәлеметсіз бе? Жағдай қалай?

– Жұмыста аздап ағаттық жасап алған сияқтымыз, жолдас полковник. Ол мінімізді капитан Майлыбаев түзетіп жіберді.

– Алдағы жоспарыңыз қалай?

– Осы «Ойынға» Рысбекті тартсақ па деген ойымыз бар.

– Ең алдымен Рысбек Тілеуовті тергеуден дереу боса-

тыңыз. Кешірім сұраңыз. Екіншіден, бұл іске оны қосу ойыңыз болса, оның жеке келісімін алыңыз. Түсінікті ме?

– Құп болады. – Майор трубканы ілді де, Талғатқа қарап: – Сарғабанға барғанда ізіне белгісі қалмаған қылмыскер қайдан табылсын деп үміт үзген едік. Сонан соң Рысбекке жармастық. Бұл ісіміздің бұрыстығын өзің аштың. Сіз Тілеуовпен сөйлесуді қалаған едіңіз ғой. Қазір шақырайын, – деді де, кнопканы басып, Тілеуовты алып келуге бұйырды. – Оны ақтап шығарған өзіңіз ғой. Ол да ақтаушысын көрсін. Мен аудандық прокурормен сөйлесіп қайтайын.

Аз уақыттан кейін күзетші еңкіштеу келген, иықты, орта жастағы кісіні алып келді. Ұстарамен алған шашы тікенектеніп өсіп, басын үрпитіп тұр. Қою сақалы ұйпа-лақтанып қалған. Талғат күзетшіге:

– Сіз бара беріңіз. Қажет болса шақырармын, – деді де, босағада состиып тұрған Рысбекке алдында тұрған орындықты нұсқады. – Отырыңыз. Танысып қояйық. Аты-жөніңіз кім?

– Анау, сары шапақ тергеуші айтпады ма? Өзі ұмытып қала ма, көрген сайын менің әкемнің атын сұрайды. Білгіңіз келсе айтайын. Атым – Рысбек, әкем аты Төлеу.

– Өте жақсы, менің атым Талғат, фамилиям Майлыбаев. Біз таныстық ғой деймін. Ал енді Рахымды пышақтаған күні өріске баруыңыздың мәнісін айтыңызшы.

– Азамат тергеуші дейін бе, қалай атайын сізді? – деді Рысбек басын сипап. – Мен алғаш не үшін ұсталып қамалғанымды білмедім. Осында, сіздің алдыңызда жауап алған тергеушінің сөз ыңғайына қарағанда Рахымның өліміне қатысы бар, қылмыскер ғып көрсетіп, жауаптағысы келеді. Адалдығымды айтып, ақтала бастасам, өткендегі міндерімді алдыма көлденең тартып қояды. Шыныңды айт, жазаң жеңіл болады дейді. Шынымды айтсам, аңырып, онымды өтірікке шығарады. Бұрын кінам болған. Мойындаймын. Төбелесіп, түрмеде жатқаным рас. Бірақ мен кісі өлтіруден аманмын.

Осы кезде кабинетке майор Ділдәбеков кірген еді. Орнынан тұрып, ілтифат көрсеткен Талғатқа:

– Әңгімеңізді жалғастыра беріңіз, – деп, өзі оның

қасына отырды. Майор Ділдәбеков келгенде Рысбек бөге-ліп қалған еді. Талғат оған:

– Сіз менің сұрағыма жауап бермедіңіз, – деді.

– Иә, сөйтіп тергеуші менің кісі өлтіруге қатысым барын қалап, солай ыңғайлай түседі. Тойда Рахымға ренжігенімді бетіме салық етеді. Ағайын арасында болатын ұсақ кіргілжіңнен үлкен бәле шығарғысы келеді. Сол күні неге өріске бардың дейсіз ғой? Айтайын. Мен сол баланың әкесімен дәмдес, көңіліміз жақын болған адам едік. Ақылдыны құдай тез көреді ғой. Ол соғыстан қайтпады. Мен бір аяғымды беріп оралдым. Сол бала үйленеді деп естігенде қуанышым қойныма сыймады. Неге қуанбассың, бір үйдің түтінін түтетіп отырған жалғыз көз ғой. Қатынмен ақылдасып, тұмса туған қызыл қашардан торпақ бар еді соны ал, тойыңа жарат деп лепілдеп бармайын ба. Шешесі екеуі төрде шай ішіп, әңгімелесіп отыр екен. Менің аузым арақтан босайтын күні бар ма, тәйірі. Танертеңгісін қызып шараптан жұтып алғанмын. Көңілділеу отырып, тойға деген ағайыншылық ықыласымды білдірдім. Сонда марқұм: «Өздеріңде бала-шағаларың баршылық. Алда қыс келе жатыр. Соғымға жаратып, талшық етіндер, біз малдағы адамбыз. Мал жетеді» деді. Арақ ішкен адамның қай бір түзу сөзі бар деді ме екен? – деп ішімнен ренжіп қалдым. Кемсіткендей көрінді. Арақ ішіп алған соң, әлгі өкпем өрши түссе керек. Тойға қарамай өкпелеп кетіп қалдым. Жұрт қай бір түзу ойынды ұға береді дейсің. Рахымның тойын көре алмағандай көрініппін. Кейін есімді жиған соң, ісімнің теріс екенін ұғып, баладан кешірім сұрағым келді. Менің өріске бара жатқанымды Сартбайдың баласы Ақжолтай көрген. Ол арақ дәметіп, қикалақтап, біраз жүрді де, түк шықпаған соң, орта жолда қалып қойды. Міне, менің өріске барған себебім осы.

– Сіздің барғаныңызды Рахым қалай көрді?

– Ол бітімі бөлек бала еді ғой. «Ей, Рахым, мен сорақы іс жасаппын. Қызығыңды көре алмағандай болыппын. Бұл өкпем түзу ниетімнен шыққан еді. Оны өзің білесің. Әйткенмен мен айыптымын. Өкеңмен құрдас едім. Шашымның ағы бар. Алдына келдім, әкем. Кешір мені», –

дегенімде, атын шаужайлап жіберіп, қатарласып келіп, иығымнан құшақтады. «Ой, Рыке-ай, қайдағыны айтады екенсіз. Дырдусыз тойдың қызығы бола ма?» – деп, менің теріс сөзімді түзу қып қойды. Қатын екеуімізді кешке қонаққа шақырды.

– Рахымның қонаққа шақырғанын жұбайыңызға айттыңыз ба?

– Кейде арақ есіртіп, бой бермей кеткенде болмаса, әсте қатынның айтқанынан шықпаймын. Оған Рахыммен татуласқанымды айтқанымда қуанып қалды. «Елдің бетіне қарай алмай жүр едік. Адамшылық жасапсың» деп, жартылықты өз қолымен алдыма әкеп қойды. «Осы итте әкемнің құны кеткен жоқ. Жүдә, абыройдан жүрдай етті. Қойдым, қатын! Ішпеймін», – деп стаканды лақтырып жібердім. «Ой, бишара, адам боларсың» деп қатыным жымың-жымың етті.

– Бұл айтқаныңыз мына протоколдың ішінде неге жоқ? – деді Ділдәбеков қағаздарды аударыстырып. – Әлде жаныңыздан жаңа қосқан аңызыңыз ба?

– Айтпайын деген мен бе екен? Жөн сөзімді жалғай бастасам, анау тергеушің: «Сен маған ертегі айтуды қой. Одан да Рахым сені иығыңнан құшақтап тұрғанда оған қалай пышақ салып алғанды айт» деп, бәлесін үйіп сөйлеткізбей қояды.

– Сонан соң? – деді Талғат орнынан тұрып. – Әңгімеңізді жалғай беріңіз.

– Не деп едім? – Рысбек шекесін ұстады. – Иә, әлгіден соң қатынның дегбірі қалмады. Мен араққа салынып, лағып кетсем бала-шаға тозбасын деп жинап жүрген ақшасы бар екен. Соны сандықтың түбінен алып, магазинге жүгірді. Келін аяғының астына төсесін деп 120 сомның түкті кілемін әкелді.

– Біз оны білеміз. Жұбайыңыз Патшайым сатушыға ол кілемді кімге арнап алғанын да айтқан.

– Сіз біздің ауылға барып па едіңіз? Талғат естімегендей сұрақ қойды:

– Тағы не айтасыз?

– Ей, шырақ, тірі жан өлмей тұрмайды. Өлімнен қор-

қатын мен емес. Менің бес балам бар. Әкесі қанішер еді, туысын өлтіріп, сотты боп кетті деген даттан қорқамын. Әуметімнің бетіне шіркей келе ме деп қорқамын. Мені ұрпақтан ұрпаққа тарайтын осы лағнат қарғыстан құтқар. Тілегім осы. Сонан соң дарға ассаң да мейлің. Сол жазаңа риза екеніме тіл хат берейін.

– Біз кісі жазаламаймыз. Қылмысты іздеушіміз. Ал осы іске, Рысбек аға, сіздің көмегіңіз керек, – деді Талғат.

– Қарағым, не дедің? Қайта айтшы.

– Сіздің көмегіңізді тілейміз, – деді майор Ділдәбеков.

Рысбек төмен қарап көзінің жасын сығып алды.

– Шын айтасыздар ма? Рысбек әділет жолында жанын құрбан етуге әзір.

– Сізді Рахымның өліміне байланысты қамағанмызды білесіз. Мынау алдыңызда отырған жас жігіт Сарғабанда болып, оқиғаны зерттеп, мұның теріс екенін дәлелдеді. Біз ағаттық жасапмыз. Бұл үшін кешірім сұраймыз, – деді майор Ділдәбеков Талғаттан көз алмай қарап қалған Рысбекке. – Ал, осы інің көмек сұрайды.

– Рахымды өлтірген қанішерлерді тапсаңыздар мен осы жерде қанша отыр десеңіз де жалықпаймын. Жарқыным, сол залымдарды мына ел-жұрттың алдына алып келіп, көрсетіндерші! Мені қалай жұмсаймын десеңіз де еріктеріңіз білсін. Мен әзірмін!

Аздан соң күзетші қамаудағы кісі секілді Рысбекті алып кетті:

Быжы өзенінен өте берісте карьер бар. Құмы ма, тасы ма, қайсысы пайдалы екенін кім білсін? Екеуі де тау-тау болып үйіліп жатыр. Осы төбелердің қалқасында, жарқабақтың астында жалғыз жер там бар. Төбесіне ермен есіп, айналасын қурай басып қалған. Қаңырап қалған ескі мола тәрізді. Цой машинаның ұзап кетуін күтіп тұрды да, әлден соң жер тамға қарай бет алды. Жер там кезінде екі бөлмелі етіп жасалған екен. Ауызғы үйдің бір жақ бұрышы құлап, топырағы үйіліп жатыр. Цой одан әрең өтіп, түпкі жақтағы есікті ашты. Балшық сәкінің үстінде балтыры мен санындағы ырсиған жараларын таңып отырған дүрдей толық кісіге:

– Борис Натанович, қолға түскің келді ме? – деді сыздана сейлеп. – Шаңқай түсте телефон соққаның қалай? Саған жұрттың көзіне көрінуге болмайды деп айтқаным қайда? Милиция қарап отыр екен деп ойлама! Жалғыз аяқпен шойнаңдап жүргенде тыпыр еткізбей ұстап алады. Осыны да ұқпайсың ба?

– Менің аяғымда жұмысың қайсы. Білсең, сенің мәртебенді көтеріп, ұшпаққа жеткізіп жүрген осы сыңар аяқ. Құдайыңды ұмытпа! – Ол жалғыз балдаққа сүйеніп орнынан тұрды. Бүгіліп тұрса да бойы тамның төбесіне жетеді. Қозғалғанда салалы саусақтары жаңа балдақтың тұтқасын сықырлатып жібереді. Ол Қалың қабағы астынан алара қарап: – Үңгір-үңгір деп жүріп бар алтынды жоғалттық. Сол бәлені қалай ойлап тапқаныңды білмеймін. Өзін тірідей алып кетейік, кейін тілін шығарамыз деп құдайдың зарын қылдым. Қазір әкеп берсең, ол шешесінен тірі туғанына өкінер еді. Сенің ақылыңды тыңдаймын деп алты килограмм алтыннан айрылдым. Бұл қанша екенін білесің бе? Жүз жиырма мың сом таза ақша! – деді де, дірілдеп отыра кетті.

– Алтынды алғаны, жасырғаны үшін ол өмірімен қоштасты.

– Маған оның өмірінің бір тиынға керегі жоқ. Мен сол алтын үшін алты қойшыны құрбан етсем де өкінбес едім. Маған ақша керек. Түсіндің бе? Ақша!

– Борис Натанович, жоғалған нәрсе қайтып келмейді. Қазір бас амандығын ойлайық. Сенің не үшін телефон соққаныңды білгім келеді. Бұлай ету екеуімізге де қауіпті, – деді Цой сабырлы үнмен. Самсонов оған діні жуас, момын адам көрінген. Алтыннан айрылғалы аяқ астынан еліріп, есі кетіп, ашу шығаратын болды. Бұрқырап сөйлеп, ақыры ақылға келеді. Ол Самсоновтың жуасығанын байқап: – Сіз, Борис Натанович, ренжімеңіз. Біздің сөзімізді тыңдауы ықтимал. Бұдан былай телефонға жоламайық.

– Уәде бойынша сені мазаламайын деп едім. Бүгін таңертеңгісін осында екі адам келіп кетті. Сөздерін шала естідім. Карьердің жұмысшыларына ұқсайды. Осы үйді жөндеп, қажеттеріне жаратқысы келе ме, қалай? Әңгіме

әлпеті солай көрінді. Карьер қайта жұмысқа қосылса, мұнда бір минут қалуға болмайтынын білесің.

– Шапшаң жиналыңыз. Мен әрі кетсе, жарым сағаттан кейін ораламын.

– Қайда барамыз?

– Біздің үйде тұрасыз.

– Қатын-балаңды қайтесің?

– Кеше кешкі поезбен Қызылордаға жібердім. Туыстарына кетті. Өзірге қайтпайды. Цой айтқан мезгілінде келіп, Самсоновты алып кетті. Ол қаланың шетінде, бау-бақшалы үйде тұратын. Аула төңірегі биік тақтаймен қоршалған. Оның үстіне жебе темір жүргізілген. Цой машинаны қораның ішіне кіргізіп, қақпаны жапты да, Самсоновқа үйге кіруге белгі берді.

– Самсонов диванға жайласып отырғаннан кейін, теріс карап, серванттан коньяк алып жатқан Цойға көз қиығын тастап:

– Құдай үшін ағаш күпшегімді әкеп берші. Мына шибұт балдағыңмен жүре алатын емеспін. Қолтығымды әбден қажап бітті.

– Мен оны отқа тастадым.

– Өзілің бе, бұл? Ағаш аяқпен ойнама, ол менің кәрі серігім.

– Сондықтан да оны мен отқа жақтым.

– Сен шын айтып тұрсың ба?

– Оған өкінбе, Борис Натанович. Милицияның жұмысымен аздап таныстығым бар. Олардың екі күн бойы Сарғабанның сазын аралап, қойшы жатқан жерлердің айналасын суретке түсіріп алғанын білемін. Сау аяқтың ізі тапталғанмен ағаш аяқтың темір өкшесінің жерге батқан шұқыры сақталып қалуы мүмкін. Салмағыңыз да әжептәуір. Ағаш аяқ өртенді екен деп өкінбеңіз, ол Борис Натановичке өз қызметін жасап кетті.

– Сол жалпақ даладан алақандай шұқырды таба қояды деп ойлайсың ба? Және қойшыны өлтірген ақсақ адам екенін, оның бір аяғы жоқтығын олар қайдан біледі.

– Құдайдың өзі де сақтанғанды сақтаймын деген. – Цой кюньякты құйып көтергенде, Самсонов:

– Кәне, не үшін көтереміз? – деді.

– Бұл жолы да қырағы милиционерлерді біздің қарапайым Борис Натановичтің оңай алдап кеткені үшін көтерейік.

– Қалай? Түсінбедім. – Самсонов рюмкасын жерге қойды. – Мынауың жүрегімді жыбырлатып, ішімді жылытып барады. Жұмбақтамай дұрыстап айтшы.

– Милиция Сарғабанда қойшыны өлтірген қылмыскерді тауып, міне бүгін үшінші күн тергеу жұмысын жүргізіп жатыр. Кісі өлтіруші Рысбек Тілеуов, бұзақылығы үшін бұрын түрмеде отырған маскүнем. Былайша айтқанда сенімсіз адам. Бұл хабарым ұнай ма, саған?

– Сен шын айтып тұрсың ба?

– Мұндай іспен кісі әзілдемейді. Самсонов рюмканы қағып салды да, аузын жеңімен сүртіп, аяғының күлтесін шошаң еткізіп, диванға шалқалақтап құлай кетті. Қарқылдап күледі.

– Милиция соңыма түскен қызыл көзім бе десем, менің қорғаным екен ғой. Қылмыскерлерді дәл тапқанын қарамайсың ба? Бұзақы. Бұрын түрмеде отырған. Милицияның барлық статьясына сай келеді. Қане, мықты болса арашалап көрсінші оны! Аты-жөні қалай? Тілеуов дедің бе? Сен мұсылманша білесің ғой. Ол не деген сөз?

– Сұрау деген мағананы білдіреді.

– Онда құдай тілеуін берген екен. Түрмеде шіриді десеңші. Ха-ха! Арада бір күн өткен. Цой есіне әлде нәрсе түсіп, шошып кетті. Рахымды қабылдау бөлмесіне әкелгенде ол өзін азаптаған адамды көрсеткен жоқ па еді? Сонда қасында Глухова тұр еді ғой. Осы уақытқа дейін мұны қалай аңғармаған? Цой шапшаң киініп, ауруханаға беттеді. «Мен қандай ақымақпын. Қас дұшпаным көз алдымда тұрғанда жайбарақат мээ-мэйрам боп жүрмін» деп, жолшыбай өзін-өзі сөгіп келеді. Осы бойда ауруханаға жеткенін де сезбей қалды. Кабинеті ашық екен. Айданың үй сыпырушы Қаракемпірге айтқан сөзін естіді:

– Апай, осы жерден өтсем, Вишневскийдің майы мұңк етіп, мұрныңа иісі келеді. Сіз иісін сезесіз бе? Оны кабинетке кім әкеліп жүр?

– Қайдан білейін, шырағым. Үйді жинап жүрмін, бір жерге тығып қоймаса, төгіліп жатқанын көргемін жоқ. Лөктірдің өзінен сұрасаңшы. Цой қалтырап, сұрланып кетті. Самсоновтың жарасын таңуға Вишневскийдің майын алып, кеше ол телефон соққан кезде есі шығып жүріп, ұмытып кабинетте қалдырғаны есіне жаңа түсті. Ол состиып тұрған Аидаға:

– Глухова жолдас, мен сізді ылғи кабинет тұсында бос жүргеніңізді көрем. Медсестраның орыны аурудың қасы емес пе? Әлде менің орныма отырайын деп пе едіңіз? – деп, тісін ақситты.

– Егер жұмыс істегіңіз келмесе, қолыңызға сыпырғы берейік. Бізге аула тазалайтын қара жұмысшы керек.

Жарты сағаттан кейін коридордың ішіндегі қара тақтаға бас дәрігердің бұйрығы ілінді. Медсестра Аида Глуховаға соңғы рет ескертіліп, қатаң сөгіс жарияланған. Тағылған айып: жұмысына салақ қарайды. Дөрекі... Аурулардан шағым жиі түседі. Бұрын оған ескертілсе де, ол қорытынды шығармаған, тағы сондайлар. Бұйрық аурухана қызметкерлерінің арасында күңкіл әңгіме туғызды. Жас қызға обал, қиянат жасады десті. Бірақ ешқайсысы бас дәрігерге батып, сөз айта алмады. Қайта оның көзінше: «Осы күнгінің жасы қиын. Өстіп тыйып қоймаса, бетімен кетеді», – деп, қостап мақұлдағансып қойды.

Айша Сейітқұлова кәсіпшілер одағының аудандық конференциясына қатысып, жұмысқа түстен кейін келген еді. Ол Аиданы әдепті, сыпайы, іскер қызметкер санайтын. Келер жылы институтқа оқуға түсуге кеңес беріп жүрген. Бас дәрігердің қаһарлы бұйрығының мәнісін түсіне алмады. Осының себебін білгісі келіп, сағат алтыға тақағанда бас дәрігердің кабинетіне кірді. Цой Айшаның қандай жұмыспен келгенін сезіп отыр. Жақтырмағанын білдірмеді. Жұмсақ, сыпайы үнмен:

– Айша Сейітқұловна, жақсы келдіңіз. Мен сізді таба алмай отыр едім. Ә, айтқандай конференцияда жүрген екенсіз ғой. Біз міне, жұмыс-жұмыс деп ең болмаса, сондай жиынға да қатыса алмаймыз. Кісі аз да болса тынығар еді, – деп Айшаның қоғамдық жұмыспен жүргеніне мән бермегенсіді.

– Сіз аудандық конференцияны еріккеннің ермегі санайсыз ба?

– Түу, сіз үлкен саясаттан бастадыңыз ғой. Жұмыс аяғы бітті, кісі шаршады деп ойламайсыз. Қалай десеңіз де жиналыс жұмыс емес. Оның нормасын орындамасаңыз, сізді ешкім сөкпейді. Құр дапқырттан гөрі өзіміздің ісімізге тікелей көшейік? Бүгін облыстан телефон соқты. Жуырда бізге комиссия келетін көрінеді. Аудандағы денсаулық жұмысының жайын тексеретін секілді. Әрине, біздің аурухананың жұмысымен де танысады. Жақсы есепте жүргенмен өзімізге өзіміз сын көзбен қарағанымыз жөн. Әсіресе, тәртіп жағына назар аударсақ деймін.

– Жақсы тәртіпті қатал бұйрықпен орнатқыңыз келді ме, қалай? Цой күлген тәрізді тісін ақситты:

– Сіздің сөзіңізді ұқпадым.

– Медсестра Аида Глуховаға берген бұйрығыңыздың мәнісін ұға алмадым. Соның себебін білейін деп келіп едім.

– Сіз аудан активтері қатысқан жиналысты тыңдадыңыз. Сондағы жаңалықты айта ма десем, үй арасында жоқтаушы боп жүрсіз ғой. Бұл үлкен басыңызға лайық емес.

– Аида жас адам және жақсы қызметкер саналады. Бұйрықта үлкен айып тағылған.

– Глухованы жақсы қызметкер санатына кімнің қосып жүргенін білмеймін. Әкімшілік шара – кісіні айыптамайды, тәрбиелейді. Түзелсін, жұмысты жақсы істесін деп, ескертіп жатырмыз. Бұл басқаларға да сабақ. Сізге жеке адамнан гөрі бүкіл коллективтің жұмысы қымбат болса керек еді. Бұл пікір теріс десеңіз бұйрықты бұзайын. Мұндай уақ іспен уақытты алмайық. Оны ешкім жұмыстан қуып жатқан жоқ. Бүгін сөгіс алса, ертең оны алып тастаймыз. – Цой сәл ойланғандай шекесін ұстады. – Ие, айтқандай комиссия туралы айтқан екемін ғой. Жақында ауруханаға жаңа төсек-орын береді. Барлық заттарды ауыстыру керек. Бұл үлкен жұмыс. Осыны өз қолыңызға алсаңыз қайтеді? Біздегі қызметкерлердің жайы белгілі. Мұны ұқсастыра алмауы мүмкін. Оның үстіне жаңа дүниені кім көрінгенге тапсыра алмаймыз.

– Бізде шаруашылықпен айналысатын сестра бар емес не?

– Мен сестраның жұмысын істе демеймін. Бірақ оған да көз керек. Қалай, келістік пе? Онда жақсы.

– Борис Вениаминович, медсестра Глухованың айыбын білгім келіп еді. Бұйрығыңыздан әділет таппадым.

Цой қалтасынан сағатын алып Айшаға көрсетті:

– Айша Сейітқұловна, жұмыс уақыты бітті. Менің көңілшектігімді пайдаланбаңыз. Және мені клиент күтіп отыр. Оны қабылдауым керек. Ел кетеді, Цой жұмыс жасайды. Міне, әділеттік деген осы!

Есіктен әйелдің сыңғырлаған әсем үні естілді:

– Борис Вениаминович, мен кешігіп қалғаным жоқ па? Кетейін деп тұрғанда бастығымыз шұғыл жұмыс тапсырып, шыға алмадым. Сізден кешірім сұраймын. Цой басын иіп: – Уақасы жоқ, дәрігер уақытпен санаспайды. Сіз процедура бөлмесіне бара беріңіз. Мен қазір келем, – деді.

Бұл келіншекті Айша білетін. Райфоның бастығы Ахат Жұрымбаевтың келіншегі. Қатыны өліп, осы Аймангүлге үйленген. Аудандық прокуратурада істейді. Хатшы. Бұл екеуінен бала жоқ. Аймангүл Ахатқа ермек тауып берем деп, Цойға қаралып жүрген. Цой Рысбек Тілеуовті танымайтын. Оның есебі бойынша егер милиция Тілеуовты қылмысты санап, тергеу ісін онан әрі жүргізетін болса, прокурордың рұқсатын алуға тиіс. Мұны кімнен білуге болады? Сол кезде есіне Аймангүл түскен. Оған күндіз: «Сирек кездесетін аса бағалы дәрі алдық. Жұмыс аяғында соғарсыз» деп, телефон соққан. Айша кеткеннен кейін Цой процедура бөлмесіне кірді. Қолын сабындап ұзақ жуды. Аймангүлдің көңіл-күйін сұраған болып:

– Бастықтардың бәрі бірдей қарамағындағы адамдармен санаса бермейді. Кейде бір жаққа баруға асығып тұрғаныңызда, қасақана жұмыс тапсыра қоятын әдеті бар. Қайтесің, амалсыз орындауға тура келеді, – деп күлді.

– Ұсақ жұмыс болса, қарамай кетіп қалар едім. Мынау аса күрделі іс, – деді Аймангүл мәселені өзі шешетін кісідей сөйлеп. – Жуырда Сарғабанда бір қойшыны өлтіріп кетті

дегенді естігеніңіз бар ма? Міне, сол қойшыны өлтірген қылмыскерді қамап ұстаған болатын. Біздің прокурорды білесіз. Әр істің әрпін санап шықпай, қағазға қол қоймайды. Алдында майор Ділдәбеков телефон соққанда, оған әжептәуір кіна тағып қамауға рұқсат бермей қойған. Бізде телефон линиясы біреу-ақ қой. Біреумен керіскенде сондай қызықты сөздерін тыңдай қоямын. Майор Ділдәбеков бір кезде өзі келді. Әйтеуір біздің бастыққа дәлелдеп жеткізді білем, тиісті қағазын алып кетті. Цой шприцке новокаин қосқан пәнициллинді толтырды. Аймангүлге қолданатын жаңа дәрісі сол. Аймангүлдің жалаңаш құйрығына укол салған кезде Цойға ғажап ой түсе кетті. Қуанғаннан инені батыра түсті. Ие, солай, Рахымның алтынды жасырғаны айқын. Ақсақ Самсонов кетісімен қоян аулаған болып, алтынды іздейді. Оны тауып алса, Цойдың арманы не? Ен байлыққа кенелмей ме? Аймангүлдің күн тұтқан жалаңаш құйрығы Цойға табақтай алтын сияқты көрінді.

Аймангүл киінді. Цойға көзін төңкеріп:

– Темір иненізді аямай саласыз. Шипасы тиетін бұдан басқа қатты бірдемеңіз жоқ па? – деді.

Цой күлімдеп, кәдімгідей дәмеленіп қалды.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Рысбектің ұқыпты жары «қыс тақап қалды. Ісі созылып кетіп, жаурап қала ма?» деп, күйеуінің қыстық киімдерімен қоса, үйде кимеген таза киімдерін де ала келген еді. Рысбек судай жана костюмін киіп, Ділдәбеков пен Талғаттың ортасында отыр. Үшеуінің қазіргі әңгімесі бөлек. Рысбек қылмыстыларды ұстауда милицияның айласын анық білмесе де, үлкен іспен шұғылданып жатқанын байқайды. Осыған көмегім тисе екен деп іштей тілейді. Бірақ майор Ділдәбековтың мына сұрағына ойланып қалды.

– Рыке, сіз бүгін сабырлық жасап, өзіңізге келген келім-кетім кісілерге сыр бермедіңіз. Сөйтіп, сізбен ісіміз өте сәтті басталды. Мына Талғат екеуіміз сізге тағы қолқа салғымыз келеді. Айталық, бір айға, әрі кеткенде бір

жарым айға басқа жаққа кете алар ма едіңіз? – деді.

– Бір айға дейсіз бе? – Рысбек тақыр басын сипалады. – Алдымызда қыс келеді. Отын-су керек дегендей. Соғым камын жасамадық. Балалар қызылсырап қала ма, қалай?

– Патшайым жеңгей осы күнге дейін үй тіршілігін өзі жасап, сізге көп салмақ салып көрген емес сияқты еді. Сізді бір-екі айға жоқтата қоймас деп ойлаймыз. Ал балаларыңыздың тоңбайтынына біз кепілдік берейік.

– Менің осы жерден кетуім сондай қажет пе?

– Қажет болмаса, сұрамас едік.

– Ойпырай-ә, үйдегі қатынға айтып кеткенім жөн-ақ еді. Байқұс, уайымдап бітеді ғой.

– Кезі келгенде Патшайым жеңгейге өзіміз айтамыз, – деді Талғат Рысбектің қобалжығанын байқап. – Ал қазір сыр шашуға болмайды. Өзіңізбен бірге сәтті бастаған істі бүлдіріп алуымыз ықтимал.

– Жарайды, айтқандарыңыз болсын.

– Қайда кеткіңіз келеді?

– Алматыда біздің Күшіктің қызын алған күйеу бала бар еді. Соның үйінде ылдалай тұрармын.

– Егер жұмыс істесеңіз қайтеді? – деді Ділдәбеков.

– Ойбай-ау, біреудің үйінде жасырынбақ ойнағандай тығылып жатқанша, жарқылдап еңбектенгенім жақсы емес пе? Лайықты жұмыс табыла қойса, оған не жетсін!

– Сіз бір кезде есепші қызметін атқарыпсыз.

– Иә, – деді Рысбек басын изеп, – Бәрін арақ жаңылыстырып жіберді ғой. «Шұғылада» менен озған есепші жоқ дейтін.

– Сіз есеп-қисапты ұмытқан жоқ шығарсыз деп ойлаймын. Жуырда аудан ағаш дайындау үшін Омск жаққа кісілер жібереді. Оларға да есеп ісін білетін адам керек. Бұған қалай қарайсыз?

– Омск маған таныс қала. Соғыстан кейін онда госпитальда жатқан едім. Дәмін татқан жердің жұмысын да жасап көрелік. Талғат бұдан кейін Рысбекке жүріс-тұрыста құпиялықты сақтай білудің қажеттігін түсіндірді. Бұдан соң майор Ділдәбеков екеуі Алматыға телефон

соғып, Мұқан Дайыровичпен сөйлесті. Полковник қылмыстыларды іздеуде бұлардың айла-тәсілдерін мақұлдағанымен, қылмысты ашудың баяулығын айтып, іске тәнті емес екенін білдірді. Рахымды өлтірген адамның біреуі кембағал, ағаш аяқпен жүреді. Жас шамасы да белгілі. Іздеу ісін осы бағытқа кұрған дұрыс деп тағы да кеңес берді. Майор Ділдәбековтан кейін трубкуны алған Талғатқа:

– Жолдас капитан, үш күннен кейін сізден жаңа мәлімет күтемін. Қылмыстылар өріске мал ұрлауға бармағаны мәлім. Сонда өз бетімен жүрген қойшыны қинағаны қалай? Бұл жайындағы пікіріңізді жазып жіберіңіз, – деп қорытты ойын.

Талғаттың алғаш айтқан болжамы дұрыс болған күнде, қылмыстылардың бірі құтырғаннан сақтану үшін қайткенмен де дәрігерге каралу керек еді. Мұндай оқиға емханада дереу тіркеліп, есепке алынады. Полковниктің сөзіне қарағанда соңғы екі жетінің ішінде облыста мұндай жәймен бірде-бір адам емханаға келмеген. Олай болса, Талғат о баста істі шалағай тексеріп, теріс қорытынды жасағаны ма? Бәлкім ол сыңар аяқты адам емес шығар...

Талғат пәтеріне кеш оралды. Үй иелері жатып қалса мазаламайын деген оймен қора жақтан кіріп, жатқан бөлмесінің сыртқы есігін ашпақшы еді. Үй иесінің дауысы естілді:

– Ей, бұл кім? Қайсыларың болса да бері кел.

Талғат көше жақтағы қақпаға бұрылды. Захар Антонович есік алдында, табалдырықтың үстінде темекі тартып отыр екен. Талғатты көріп:

– Ә, бала, аманбысың? Соңғы кезде сирек көрінесің. Осындай демалыс бола ма? Балық аулауға құмармын деп едің. Түнде балық қармаққа оңай түсе ме, қалай? – деп күлді. – Әлде біздің Жетісудың қыздары басыңды айналдырып қойды ма?

– Шынын айтсам, Захар Антонович, басым айналып жүргені рас. Өңшең жұмбақтың ортасында қалып, шешуін таба алмай, қиналып жүрмін.

– Қайратың, жігерің барда басыңнан кешкен қиындығың кейін жас ұлғайғанда естен кетпес қызығың болар. Соны есіңе алып, көңілің тояттап қалады. Кәдімгідей бойыңа қауқар бітеді. Өмірге әлі де үміттене қарайсың. Қазір сенің жігіт ағасы боп, толықсыған шағың. Осы күнде жүнің жығылып, жүдеп түңілсең, ертеңгі қызығың қайсы? Соны айтшы. – Захар Антонович орнынан тұрып Талғатқа жол берді.

Акулина күйеуінің дауысын естіп: – Әй, Захар, кіммен сөйлесіп тұрсың? – деді. Өзі ас үйдің есігін жартылай ашып, сығалады.

– Жазым боп қалмаса жарар еді, деп жоқтап жүрген пәтерші балаң келді. Шайынды қой, күн салқын, жылыңсын.

Акулина амандасты да:

– Балам, қайдан жүрсің? Түнде жүргенде қорықпайсың ба? Осы күні түн түгіл шаңқай түстің өзі мазасыз көрінеді. «Шұғылада» мынаның Ахмет деген құрдасы тұрады. Кәлпенің кәдімгідей молдасы. Сол ауылдың бір жігітін шаңқай түсте пышақтап өлтіріп кетіпті. Бишара бала, жаңа үйленген екен. Тіпті обал. Шешесі күйікке шыдай алмай, есінен адасып, ауруханада жатса керек, – деп Сарғабандағы оқиғаны көзбен көргендей түгел айтып берді. Бірақ Рысбек жайында ләм демеді. Талғат білмегенсіп:

– Кісі өлтірушілерді ұстап па екен? – деп сұрап көріп еді. Акулина сәл ойланып тұрып жауап қатты:

– Милиция сол ауылдың бір адамын ұстап, тергеуге алып жатқан көрінеді. Аздап жұтатыны айып демесе, ақ көңіл момын адам секілді еді. Өзіміз соның қиянатын көрген жоқпыз.

– Ей, кімді айтып тұрсың? – деп түпкі үйден күлсалғыш іздеп жүрген Захар Антонович әңгімеге араласты.

– Анау, Рысбекті айтам да.

– Оны сөз ғып қайтесің? Өкімет ақ-қарасын өзі ажыратып алады. Кісі жатар алдында қайдағы үрейлі әңгімені айтады екенсің. Зәрені алмай шайынды әкелші, – деп Захар Антонович күлді.

Акулина етін мол турап, баклажан қосқан бір табак

лағманды әкеп қойды. Талғат табақты сырғытып, әлгінде тамақ ішкенін айтып еді, Захар Антонович:

– Атаң қазақ алдынан ас қайтарып көрген жоқ. Түнде тойып жатпаса, өзегі талып, таң атқанша жаман түс көріп шығады. Сен бізді ренжіткің келмесе, мына тамақты ішпей жатпайсың, – деді. Өзі де бір табақ лағманды алдырып, жеуге кірісті. Түн ортасында ішкен тамақ ұйқыны ашып жіберді ме, Талғат көпке дейін көз іліндірмеді. Әлгінде қалжырап, ұйқы басып, манаурап шаршаған дене шиыршық атып, тыңайып қалған секілді. Ойы да сергек, бұлдырсыз ашық қалпында әр саққа алып қашады. Қылмыскерлердің айдалада өз бетімен жүрген қойшыға соқтығыуы қалай? – деген сұрауына жауап іздейді. Соның шешімін тапқысы келеді. Қылмыстың сипатын анықтамай, қылмыскерді табу қиын.

Полковник айтқандай, бұлар қой ұрлауға келген ұрылар емес. Солай болған күннің өзінде олар мұндай зұлымдыққа бармас еді. Сонда олар кімдер? Әлде өзеннен балық аулауға келген балықшылар ма? Өзеннен, көлден тормен балық аулауға қатаң тыйым салынғанын бұл жақтың тұрғындары көп біле бермейді. Өйткені балық аулауды кәсіп етпейді. Үйінің іргесіндегі ағып жатқан өзендегі балықты ауламай, бір жегенге жеңсік тамақ деп, қаланың базарынан барып сатып алады. Олай болса, Рахымға кезіккен балықшы да, аңшы да емес. Сонда олар кім?

Талғат орындықтың арқалығында ілулі тұрған пенжагіне қолын созып, қалтасынан блокнотын алып, шапшаң парақтай бастады. Жабағының үйінде отырған кезде және одан кейін істі зерттеу барысында тізген көп сауалдарына көз жүгіртті де керексізін қатарынан өшіре бастады. Солардың арасында әлгіндей сауалдар да бар еді. Ол екі алақанын желкесіне төсеп, кеудесін көтере кең тыныс алып, көзін жұмды. Тағы бір сәт өз ойына ерік берді.

Талғат өзінің жұмыс жасаған шағында талай жандармен кездесіп, көптеген қылмыстардың бетін ашты. Бірақ, Рахымға көрсетілген азап, бұрын-соңды жасалған зұлымдықтардың ешқайсысына тең келмейді. Кісінің жанын қинайтын ауыршаң жерлерді таба білген. Өкпесіне

шеге жүгірткен, бас бармақтарының тырнағын жұлған. Сондай азапқа салатындай қандай кінә жасады? Бәлкім, сол тұста қазына ұрлаушылардың жасырын қоймасына кезіккен де, соны алып жатқанда үстінен түскен шығар. Өйткен күнде қылмыстылар оны азаптамай-ақ бірден неге өлтіре салмады? Сөйтіп, куәдан оңай құтылуына болатын еді ғой. Олардың бұлай жасамауында бір сыр бар. Бәлкім, ол құпияны қылмыстылар емес, Рахым білген шығар?

– Тап солай! – деп, Талғат орнынан атып тұрды. Шамамен былай долбарлауға болады. Сол тұста қылмыстылардың бағалы заттарды сақтайтын көмбесі болған. Қылмыскерлердің бір тобы ұрлаған мүлкін осында әкеп тастайды да, екінші тобы ол мүлікті алып, оның орнына ақша қалдырады. Әрине ол көмбе кісінің көзіне түспейтін, қағаберіс жерде. Сірә, Рахым қылмыстылардың бірінші тобының заттарды көмбеге тығып жатқанын көрген де, олар кеткеннен кейін, оны алып басқа жаққа жасырған. Және күн сайын өріске шыққанда көмбеге кімдердің келетінін сырттай бақылап жүрген. Қылмыстылардың кім екенін бір-ақ анықтап, ұстап беру ниеті болған. Бірақ қылмыстылардың екінші тобы тыққан затты алу үшін алдымен сол маңды торып байқаған. Жалғыз қойшыдан басқа жанды көрмейді. Өзенге қармақ салған болып, не басқа амалмен қойшының көзінен жасырып, көмбені қарайды. Сол кезде Рахым өзіне төнетін қатерді аңғармай, ұрылардың қасына тасырлатып шауып келеді. Қылмыстылар өздерінің алданғанын біледі. Рахымды ұстап алып, жасырған көмбені шапшаң тауып бер деп қинайды. Егер жасырған мүлік пәлендей құны жоқ арзан, татымсыз болса, қылмыстылар қойшыға тиіспей өз жөндеріне кетер еді. Олай болса, көмбеге тығылған зат асыл, қымбат тастар, немесе алтын. Сонымен асыл тастарды немесе алтынды алуға келген адамдардың бірі кембағал, сыңар аяқ. Бұған талас жоқ.

Сонда ағаш аяқты қылмыскердің сыңары кім? Талғат бір сәт тағы ойға кегті. Ит талаған адам қайткенменде дәрігерге көрінуге тиіс еді. Облыс көлемінде соңғы жетінің ішінде ондай оқиға тіркелмегенін полковник

хабарлады. Сонда қасқыр алып жүрген айлалы Көкмойнақ қылмыскерге тісін дарыта алмағаны ма? Олай болуы мүмкін емес. Қылмыскердің осы уақытқа дейін дәрігерге көрінбей жүруінің мәнісі олардың арасында медицинадан хабары бар, аса тәжірибелі кісі болғаны.

Сонымен Рахымды өлтірген екінші адам дәрігер. Бұл екеуінен басқа үшінші қылмыскер бар ма? Әдетте асыл тастармен немесе алтынмен сауда жасайтындар қымбат дүниені ұсақтап, бөліске салғысы келмейді, Сөйтіп, Рахымды жәбірлеп өлтірген екі адам.

Талғат өз ойынан тағы мынадай қорытынды жазады. Көмбеге жасырған асыл тастарды немесе алтынды таба алмаған соң ол жайында оны әкелушілерге дереу хабарлауы керек емес пе?

Талғат блокнотын алды да: «Соңғы апталарда жіберілген шұғыл телеграммаларды қарау керек» деп, жазу жазды. Талғат бықсық ұяны қалай табудың жолдарын ойлап жатып, таң алдында ғана маужырап ұйқыға кеткен еді. Біреу иығынан қозғап оятқан сияқты болды. Көзін ашса, Нұржан екен. Оның бұл үйге бұрын да келгені бар. «Машинамен жалғыз жүргенде қатты зерігеді екенсің. Серік таптым. Жерлесім» деп Талғат үй иесіне таныстырған еді. Захар Антонович пәтершісінің мұнысын мақұлдады да қойды. Нұржанның кім екенін, қайдан келгенін сұрамады. Талғатқа келіп жүрген бала деп қарады.

Нұржан ақырын сыбырлады:

– Жолдас капитан... Талғат саусағын ерніне тигізді.

– Тсс...

– Сағат он болып қалды. Жүреміз бе? – Нұржан қолындағы сағатын көрсетті. Өткен жолы «Шұғыла» колхозында болып, Сарғабан сазын аралап қайтқаннан кейін Талғат Нұржанға аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінен пенсия алатындардың тізімін қарауды тапсырған еді. Содан бері оны көрмеген. Ол жас шәкіртінің иығынан құшақтап, сілкіп қысты:

– Халің қалай?

– Бәрі жақсы.

– Мә, мына кілтті ал. Мен жуынып-шәйініп алғанша,

машинаға от алдыра бер. Сонан кейін әңгімелесерміз.

Машинамен қорадан шығып, былай ұзап барғаннан кейін Талғат:

– Біз қазір Сарғабанға жүре алмаймыз. Мұнда жасайтын шұғыл жұмыстар бар. Бүгін күн сенбі ме? Орталық телеграф жұмыс істейтін шығар? – деді.

– Бүгін сағат оннан бастап ашық.

– Онда біз дәл уақытында келе жатыр екенбіз, – деді де, Нұржанға: – Тізбені түгел қарай алдың ба? Табысың қалай? – деді. Нұржан қысқа баяндады:

– Ауданда 1330 адам пенсия алады екен. Оның 419-ы қалада тұрады. Пенсия алатындардың 216-сы Отан соғысының мүгедегі. Соның ішінде Рысбек те бар. Одан басқа бұл ауданда жалғыз аяғынан айырылған мүгедек жоқ. Бұрын өздері алтау екен. Біреуі Жаркент жаққа кеткен де, қалғаны дүние салған.

– Жылдар өткен сайын кешегі майданға қатысушылар қатары сирей береді десеңші, – деп Талғат күрсіне кең тыныс алды. – Телеграф үйіне келгенде ғана іске кіріселік, Нұржан, – деді.

Нұржан телеграф үйіне Талғаттың қандай себеппен келе жатқанын білмеді. Өткен жолғы уәде бойынша олар Сарғабан жаққа барып қайтпақшы еді. Сәндібала айықса, Талғат онымен сөйлеспек ойы бар-тын. Қандай телеграммаға назар аудару керектігін айтқанда ғана Нұржан аңғарайын деді. Әйткенмен дәл ұға алмады. Бұлар бір сағаттан астам уақыт жіберілген телеграммалардың текстің қараумен болды. Бір кезде Талғат:

– Нұржан, бері кел. Таптым, – деп, орнынан ұшып тұрды. Нұржан телеграммаға көз жүгіртіп еді. Онда былай дап жазылған екен:

Алматы, Главпочтамт Новиковқа: «Бәрімізге ортақ атамыздың мезгілсіз қайтыс болғанын қайғырып хабарлаймыз. Жақын күндерде сіздерге ағайдың өзі барады».

Телеграмма Рахым өлген күннің ертеңіне салынған. Былайша айтқанда көмбені таба алмаған соң жіберілген. – Телеграмманы жіберген кім? – Телеграмма қабылдап отырған қыздардың ешқайсысы айта алмады. Содан бері

жарты айдан аса уақыт өтті. Зейін қойып әдейі қарамаған соң есте сақтау қиын еді. Әрине қол таңбаға қарап ажыратуға болар еді. Бұл уақыт алады. Оның үстіне оқушы қолымен жазылған. Ең бастысы, телеграмманың табылуының өзі Талғаттың болжамының дұрыс екенін айқындай түсті. Біріншіден, Рахымды өлтірген қылмыскерлер осы қалада тұрады. Екіншіден, Рахым көмбені қайда жасырғанын айтпай, бұл сырды өзімен бірге ала кеткен. Олай болса, қылмыстылар қымбат дүниені далада қалдыра алмайды. Іздейді.

Талғат өзінің осы ойларын айтқанда, майор Ділдәбеков:

– Васса деген кім? – деді телеграмманы әрі-бері қарап.
– Мұнда әйелдің аты жазылған. Сонда қылмыстылардың біреуі әйел болғаны ма? Бәлкім, дәрігер әйел шығар.

– Әлихан Ділдәбекович, қылмыскерлер бізге шын сырын айтады деп ойлайсыз ба? Бұл – жалған, бүркеншек ат, – деді Талғат өз ойын жалғастырып. – Рахымның қылмыстылардан қызғыштай қорыған қазынасын біз де іздеуіміз керек. Мен алғаш осы іске жасырын араласуымның сырын жөнді ұға қойған жоқ едім. Мұқан Дайыровичтың көрегендігін енді аңғарғандаймын. Біздің машинамызда Алматыда тұратынды көрсететін «АТЖ» номері бар. Қылмыскерлермен бетпе-бет кездесе қалған күннің өзінде бізді ізіне түсіп жүрген адам деп ойламайды. Бұл қылмыстыларды іздеп табудың оңай жолы, – деді.

– Біз мұның қиын жолынан да Қашпауға тиістіміз. Телеграмманың текстің кімнің жазғанын анықтағанымыз жөн, – деді Ділдәбеков. – Бұл аса күрделі жұмыс. Дегенмен оны білуіміз керек. Келесі күні жексенбі болатын. Талғат пен Нұржан оқ дәрі алып, құс аулайтын кісілер кейпінде Сарғабанның сазына қарай жүріп кетті. Бір сағаттан кейін өзен жағасына жетті. Алыстан жолдан жырақтау жарқабақ тасасына қойылған машинаны байқады бұлар. «Москвич» секілді. Артқы есіктері ашық. Сәлден соң бір әйел шықты. Желге қарап, бетін тосып, алысқа көз тігеді. Сол мезетте машинадан еркек көрінді де, сайға түсіп өзен жағалап кетті. Әйел қалып қойды. Нұржан машинаны жүргізіп келе жатқан Талғатқа бұрыла отырып:

– Не істейміз? – деді.

– Біз құс аулап жүрген адамдармыз. Серік іздеген кісілер секілді тақауырақ барып тоқталық. Және кімдер екенін білуіміз керек, – деді. Бұл кезде әйел «Мосвичтен» ұзап шығып, оңашалау тұр еді. Талғат машинасын солай қарай бұрды. Жақындай түскенде Нұржан күңк ете қалды.

– Әй, мынау Жұрымбаевтың әйелі ғой. Аймангүл ғой. Мұнда неғып жүр? – деді.

– Ол сені тани ма?

– Білмеймін.

– Сен сыр берме, бейтаныс кісідей селқос, жаттау ұста өзінді, – деп Талғат сыбырлады. Аймангүл артқы орындықтан құс ататын қосауыз мылтықтары мен иыққа салатын дорбаларын шығарып жатқан екі жігіттің қасына ақырын, баяу басып келеді. Екеуіне кезек көз жүгіртіп күлімдей қарайды.

– Қалада жігіт таппайсың, Бұлар қайда десен, далада аңмен бірге жайылып жүре ме, қалай? – деп нәзік саусағымен бетінің шұқырын басып, сыңғырлай күлді. Басында желкесіне қарай түйген ақ жібек орамал, құлағында айшықты алтын сырға, саусақтары тасты, тассыз алтын жүзіктерден майысады. Дене тұлғасы тіптік, әдемі. Қара көздерінен қызғылттау ұшқын көрініп, жігіттерге бейіл-ынтасымен қарайды. Талғат ойы ұшқыр, байқампаз, сергек жігіт болғанымен ауыл арасының өткір әзіліне жоқ-ты. Мұндайда қалай жауап қайтаратынын білмей, жас серігіне қарай берді. Нұржан епті екен.

– Біз де жақсыны көрмекке зар едік. Сөйтсек, асыл періште алыста, далада ел кезеді екен ғой. Мың бір түннің хикаясындай алдымыздан күндей жарқырап шыға келдіңіз, – деп, құшағын жайып көзін жұмды. Талғат Нұржанның сөз тапқанына риза болғанымен, «Осы тым әсерлеп жіберді, жалғандығын байқап, әйелден сөз естіп қала ма?» деп, қыпылдап тұр. Осы бір сәттегі күдікті ойды Аймангүлдің ашық дауысты әсем күлкісі серпіп тастады,

– Кішкентай қайным-ау, өзің артисің бе? Әлде артист боп ойнап тұрсың ба?

– Бүйдесен, жеңеше, тура өзіңе өкпелеймін, – деп Нұржан кәдімгідей бұртиды.

– Қойшы, мен не жаздым? – деді Аймангүл күлкісін тыя алмай, Нұржанның иығынан ұстап, өзіне қарай бұрды.

– Кінәм не? Алдыңнан шығып, қарсы алғаным ба?

– Мені кішкентай деп кемсітуіңіз қалай? Бұл қорлыққа шыдай алмаймын.

– Байқамай айтып қалыппын. Кешір. Кел, татуласайық, – деп аппақ алақанын жая ұсынды.

– Айдаладағы ақ отауда ай мен күндей періштеге кезіктім бе деп қуанып қалып едім. Байқамаппын, қасында оның өңкиген дию перісі бар екен ғой. Көкке алып ұшып, мойныма қыл бұрау салса қайтем, – деп жарқабақтың астынан көтеріліп өздеріне қарай келе жатқан еркекті иегімен нұсқап көрсетті.

Аймангүл артына бұрылып қарады.

– Мені азаптан құтқарушы ием болсаң, қайратың қайда? Арашалап алмайсың ба? Шалдан үріккенің не? – Аймангүл тағы күлді.

Нұржан әлгі кісіге қадала қарап қалған еді. Байқамаған боп, мылтықтың дүмбесімен Талғатты түртіп қалды. Бұл келе жатқан Цой еді. Талғат та, Нұржан да оны айнымай таныды. Ол мұнда неғып жүр? Әлде Рахым тыққан қазынаны іздеп жүр ме? Қисынсыз секілді. Ол осы өңірге белгілі дәрігер. Бұзақы ісі байқалмаған. Аймангүлдің күйеуі Алматыға демалысқа кеткен еді. Соны пайдаланып, жас келіншекті таза ауаға, сейілдеп қайтуға алып шыққан шығар? Осы бір сәтте Талғатқа талай ой келді. Әйткенмен ол Цойды жаманатқа қиғысы келмеді. Сондықтан ол қасына келген дәрігермен жылы, ашық көңілмен амандасты.

– Рұқсатсыз қоныс тепкен жеріңізге келіп қалдық. Құс ауласақ бірге болайық, уақыт көңілді өтер деп едік. Қасыңызда кісі бар екен. Өзіміз ыңғайсыз жағдайда қалдық.

Цой бірден жауап қатпады. Түсі бұзылып, сұрланып, сыздана қарады. Машинаның номерін көріп, көңілі орнына түсті ме, қалтасынан темекі алып, Талғатқа, сонан соң Нұржанға ұсынды:

– Қайдан келесіздер? Мен Алматыданмын. Сондағы Зоовет институтта қоғамдық пәннен сабақ беремін. Мынау

менің студентім. Демалыс алған едім. Нұржан үйіне шақырып қоймаған соң, – деді Талғат Нұржанды көрсетіп, – қонаққа келдім. Бүгін демалыс, құс, қоян аулауға шықтық.

Олжалы болып қайтыңдар, – Цой Аймангүлге қарады. – Бүгін сенбі екен ғой. Менің тарс есімнен шығып кетіпті. Ауруды операцияға дайындауды айтпаппын. Бізге шапшаң қайтуға тура келеді. – Цой қастарында тұрған Талғат пен Нұржанға қоштасқан түрмен үнсіз басын иді де, Аймангүлді қасына отырғызып қалаға қарай жүріп кетті.

Талғат пен Нұржан да күн бата қалаға оралды.

БЕСІНШІ ТАРАУ

Майор Ділдәбеков Сарғабаннан Талғат пен Нұржанның қайтуын күтіп отыр еді. Талғат телефон соққанда ол:

– Қалай барып қайттыңыздар? Қандай жаңалықтарыңыз бар? – деді.

– Жаңалық мол, Әлихан Ділдәбекович.

– Мен өзімде отырмын. Келіңіздер, сөйлесейік. Талғат пен Нұржан есіктен кіргенде майор орнынан тұрып, күле қарсы алды:

– Сол жаңалықтарыңызды естігенше тынышым кетіп, дегбірім қалмай отыр. Бірдеме таптыңыздар ма? Кәне, айтыңыздаршы, – деді.

Талғат өздерінің Цоймен және Аймангүлмен Сарғабанның сазында, Рахым жатқан жердің тұсында кездескендерін айтқанда Ділдәбеков ойланып қалды. Столдың үстінде жатқан темекісін алып, Талғаттың қарсысындағы орындыққа отырды.

– Шынын айтсам, сенгің келмейді. Көңілге қонбайтын секілді. Бәрімізге құрметті Цой Сарғабанға барады деп кім ойлаған. Және қасында жас келіншегі бар, – Ділдәбеков мырс етіп, басын шайқады.

– Қылмысты іздеуде кісі әртүрлі оқиғаға кездесуі мүмкін. Бірақ мұндай жаңалықты күткен жоқ едім.

– Байқауымша, сіз біздің Цоймен кездескенімізге шүбәланасыз ба?

– Неге сенбейін. Мен, жәй, өзімнің таңғалғанымды айтып отырмын.

– Цой Сарғабанға бекер барып жүр ме? Қалай ойлайсыз?

– Рахымның жасырып кеткен қазынасын іздеп жүр деп айтпақшысыз ба?

– Мен олай дегенім жоқ. Бірақ оның қаладан соншама ұзап кетуіне таңым бар.

– Аймангүлді қаланың бәрі біледі. Жас келіншектің бетіне шіркей келтірмейін дегені шығар.

– Әлихан Ділдәбекович, Қаратал мен Көксу өзендерінің бойында жасырынбақ ойнаса адасатын, түйе кірсе көрінбейтін тасалары көп, Қаладан жырақ, айдалаға, маңайында қалқаны жоқ Сарғабанның сазына баруы қалай? Осы кезде фотолаборант кірді. Газетке суы кеппеген суреттерді жайып тастап, майордың алдына жылжытып әкеп қойды да өзі шығып кетті. Ділдәбеков суреттерге үңіліп қарай бастады. Нұржан алыста «Москвич» машинасының тұрғанын, одан бір еркек пен бір әйелдің шығып бара жатқанын, ақжарқын Аймангүлдің өздерімен сөйлескен кезін, Цойдың жарқабақтан көтеріліп, машинаның қасына келгенін, номеріне үңіліп қарағанын, былайша айтқанда Сарғабан сазындағы барлық кездесулерді суретке түсіріп алған еді. Майор суреттерден көзін тайдырып, жотасын орындықтың арқалығына тіреп, шегініп отырды.

– Ия, соның өзі. – Талғатқа тура қарап: – Сіз оның Сарғабанға баруын қалай жорисыз?– деді.

– Мен Цойды танымаймын. Бірінші рет көрдім. Бірақ оның Сарғабанға баруы күдік қалдырады.

– Демалыс күні жұрт қыдырып, жадырап қалады. Әлгінде сіз осы маңда кісі көзінен тасаланатын жерлердің бар екенін айттыңыз. Мен оған таласпаймын. Бірақ мынаны да есіңізге алыңызшы: Алматыдай әсем жер кемде-кем кездеседі. Айналасының бәрі бау-бақша, көк шалғын. Медеу маңы қалың арша мен қарағай, кісіні жадырататын курорт орны есепті. Он бес тиын төлесеніз автобус рахат орнына апарады да тастайды. Адам табиғаты қызық қой. Соған қарамай, жексенбі күндері Іле бойына қарай машинамен, мотоциклмен шұбап бара жатқан жұртты көресің. Іленің айналасы кісі аялдауға жайсыз,

кеш мезгілінде маса тыным бермейді. Соған қарамай қонып, түнеп жатады.

– Цойдың жүрісін сондай қыдырыстардың бірі деп санаймыз ғой, сірә?

– Жаманатқа жоруға менің дәлелім жоқ, Талғат Майлыбаевич. Сіз менің жағдайымды түсініңіз.

– Демалыс күн жұрттың сейіл жасап, көңіл көтеруі үшін беріледі. Бас дәрігер кіммен қыдырып жүрсе де өз еркі. Оны милиция тіркемейді. Бірақ, Цойдың Рахымның дәл жатқан жеріне, қазынаны жасырған тұсқа баруы қалай? Мұны кездейсоқ деп қарайсыз ба?

– Талғат Майлыбаевич, менің осы қалада жұмыс істегеніме он бес жылдай болып қалды. Цой менен бұрын келген. Осы жылдардың ішінде оның қызметі, мінез-құлқы жәйінде суық сөз естіп көрген емеспін. Қалада, активтер арасында болсын тек жақсы жағымен ғана танылады. Оны арамдықтан аулақ, кіршіксіз таза кісі санайды. Сенсеңіз, қазір сіздерге не айтарымды білмей отырмын. – Ділдәбеков темекісінің күлін бұжыр дөңгелек шыныға шертіп түсірді де: – Цой қалада ғана емес, бүкіл аудан көлемінде белгілі, сыйлы дәрігер. Оны бәрі құрметтейді. Теріс қылығын айтқан күннің өзінде: «Демалыс күні сейіл құрған шығар. Ол да адамның баласы ғой» деп, әуелі онысын қуаттап, құттықтайтындар да табылады. Цойға қарсы материал қозғасаң, көп адамдардың қырына, теріс көз қарасына ілігесің. Міне, Цой дегеніміз сондай адам, – деді.

– Әлеке, менің өз басым бас дәрігердің беделінің мұқалмауын, осы бір жағымсыз оқиғадан аулақ болуын тілеймін. Қиянат жасауға хақым жоқ. Бірақ, біз фактіден алыс кетпеуіміз керек. Бүгін оның Сарғабанға барғаны хақ.

Осы кезде полковник телефон соқты. Майордың дауысын танып:

– Үйге телефон соқсам жұмыста дейді. Байқасам – үшеуің де кеңседе көрінесіздер. Демалысты осылай өткізіп жатыр екенсіздер ғой, – деді де, телефон соғу мәнісіне көшті. – Көмбені іздеуді қолға алдыңыздар ма? Нәтижесі қалай?

Майор Ділдәбеков Талғат пен Нұржанның Сарғабанға

барып, іздеуге кіріскенін, онда Цойға кездескенін түсінікті тілмен қысқа баяндап берді. Бас дәрігер жөнінде өзінің пікірін айта бастап еді, полковник оның сөзін бөлді:

– Хаттарыңызды алдым. Қылмыстыларды табу үшін алдымен олардың кім екенін, қандай кәсіппен шұғылданатынын шамамен болса да біліп алған жөн, сонда оларды іздеу оңайға түседі. Бұл жайындағы ой-қоспарларыңыз маған ұнады. Шынында, қылмыстылардың Рахымды қинап, жәбірлеуіне қарағанда олар аса қымбат дүниені жасырған. Екінші қылмыскердің дәрігер екеніне дау жоқ. Бұл жөніндегі қорытындыларыңыз дұрыс. Бірақ қылмыстылар еркіндікте жүр. Олардың жолын кесу керек. Қайткенмен де жасырған қазынаны табу керек. Сонда ойлаған мақсатқа тезірек жетеміз. Мұны бір деп біліңіз. Екіншіден, біздің қаланың бас дәрігерінде жұмысымыз жоқ. Оны сыйлаймыз. Бірақ Сарғабандағы Рахымның жатқан жеріне барған адамдар қатаң бақылауға алынуға тиіс. Ал «Вассаның» телеграммасына келеек, телеграмма алған адамды іздестіріп жатырмыз. Сірә табылады дегенге күмәнім бар. Почтамтқа келген телеграммаларды куәлікпен де бере береді. Ол куәліктің жалған болуы да ықтимал. Қылмыскер бүркеншек атпен жүрген секілді. Телеграмманың текстімен арнаулы адам шұғылданып жатыр. Жазған адам табыла қалса, өздеріңізге дереу хабарлаймыз. Сіздерден өтініш, қазынаны тапқан күнде оны жан адам білмейтін болсын. Қылмыскер оны іздеп, дәмелі боп жүре берсін. Мен енді сендерге телефон соғып мазаламаймын. Жаңалық болса, өздерің хабарласыңыздар, – деді. Талғат қалалық милиция бөлімінен шықты да орталық көшеге түсіп, пәтеріне қарай бет алды. Алыстан машинаның жарығы көрінді. Бар екпінімен зымырап келеді. Жақындағанда бүкіл көшені жарқыратып жіберді. Талғат жолдың шетіне шықты. Қасынан өте бергенде таныды. Цойдың машинасы. Шаң-тозаң басқан секілді. Күндізгідей ашық көк емес, түнгі жарықпен бозғылттау көрінеді.

«Екі кештің арасында неменеге асығып жүр? Қайда барып қайтты?» Талғатқа осындай ой келді. Бүгін күн

демалыс. Ол мұнда көптен бері қызмет істейді. Таныстары көп. Қыдырып жүрген шығар, деді де, ойына тағы да күдік келе қалды. Машина өзінікі. Оны аямай, мұнша айдағаны қалай? Бірдемеге соқтығып қалса қайтеді? Неден шошынды ол?

Цойдың үрейі кетіп, шошынғаны рас еді. Сарғабанның сазында Талғат пен Нұржанның кездесуі оны қатты мазасыздандырған. Қазір қым-қиғаш науқан кезі. Студенттердің бәрі жұмыста. Осындай жанталас кезінде соқталдай екі жігіттің серуендеп жүргенін жақсылыққа жорыған жоқ-ты. Ол үйіне келісімен бөлмені қараңғылап алып ұйықтап жатқан Самсоновты оятуға кірісті.

– Борис Натанович, шапшаң тұрыңыз. Болды, осы демалғаныңыз жетеді. Цойдың өңінің қуарып кеткенін көріп:

– Не боп қалды? Айтсаңшы жөніңді! – деді де, орнынан атып тұрып, жалғыз аяғымен секеңдеп, сервантқа барды. Коньяқтың жанында стакан тұрған. Соны кернеулете құйды да, кеңірдегіне қағып салып, бірақ жұтты.

– Қазір қала сыртынан қайттым, – деді Цой тесіле қарап қалған Самсоновқа. – Мені біреулер аудитын сияқты. Үйді торып жүр ме деп те қорқамын. Самсонов ойына күдік алды:

– Қала сыртына неменеге бардың? Жоғалтқаныңды іздеп жүрсің бе? Сен маған олай деген жоқ едің ғой.

– Не туралы айтып тұрғаныңызды ұқсам бұйырмасын, Борис Натанович. Жан алқымға тақалғанда қайдағыны айтады екенсіз, – деп Цой өзінің Сарғабанға барғанын, алтынды іздемек әрекетін жасырды, – Өзіңіз көрген энеукүнгі келіншек бар емес пе еді. Сонымен Қаратал жағасына барып қалың талдың арасында отырғанбыз. Алдымызға тамақты қойғанымыз сол еді. Жер астынан шыққандай, сопаң етіп, еңгезердей екі жігіт шыға келді. Зәрем кетсе де, білдірмеуге тырыстым. Аймангүлде сана жоқ қой. Еркек көрсе жайнаңдап кетеді. Соның күлкісін ықтап, танысқан боп жөн сұрасам, қайдағы жоқты мыжыды. Балық аулап жүрміз деп сылтауратады. Бір сөзбен айтқанда, айтқандарының бәрі өтірік. Қазір жұрт қызылшамен әуре боп жатқанда балық аулаушы ма еді.

– Сен қалай абайламағансың? Ұлы адамдар да қатынның қырсығынан өлген. Ұлыны да, ұрыны да құртатын қатын ғой. Оқығанмын дейсің, соны білмейсің! Енді маған мұнда қалуға жарамайды. Не істейміз? Амалын тап.

– Дәл бүгін қоштасамын деп ойламап едім. Өзім де қиналып отырмын, – деп Цой қатты қайғыратын кісінің түрін көрсетті. Өзі Самсоновтың кеткеніне қуанып отыр. Самсонов кетсе, оған ешкім бәле таға алмайды. Ұсақ күдікті басып тастауға беделі жетеді, шеніне жолай алмайды. Сөйтіп Аймангүлді қасына алып, қыдырған болып, сенбі және жексенбі күндері алтынды іздейді. Оны тауып алса, Цой арманына жетпей ме? Цой Самсоновты Айнабұлақ станциясына шығарып салып, қайтып келе жатқан беті еді. Талғат оны осы кезде көрген. Талғат ұзап бара жатқан машинаға бір сәт қарап тұрды да пәтеріне қарай аяндады. Алагеуімнен тұрып, Нұржан екеуі «Шұғыла» колхозына жүріп кетті. Мұндағы ойы жұрт ұйқыдан тұрғанша машинаны Жабағының үйіне қойып, таңертеңмен Сарғабанның сазына қарай жүріп кету еді. Колхозға келгенде, көшеде қыбыр еткен жанды көрмеді. Жабағының үйіне қарай беттеді. Ол ақырын тазалап, қорасын сыпырып жүр екен. Көшеден бұрылған машинаны таныды. Таныс екі жігітті көріп қуанып қалды. Қысқа амандықтан соң жүгіріп барып есікті ашып әйеліне дауыстады:

– Қатын, тұр! Қайда жүр екен? Ауылдарына кетті ме екен? – деп сұрап жүр едің. Әне, әйбет қайындарың келді, – деп кісі жатпаған оңаша бөлмеге екі жігітті кіргізіп жіберді.

Сәлден соң Қатыш кірді.

– Балалар, амансыңдар ма? Дені-қарларың сау ма? – деп, екі жігіттің келгеніне қуанышын білдіріп, шай қоюға кірісті.

Ертеңгі шайдан соң Талғат:

– Жәке, демалыста жүрген соң аң аулап, таза ауада жүріп, сейіл жасап қайтсақ деп едік, – деді Жабағыға қарап. – Нұржан екеуіміз бір жолы машинамен шығып көріп едік. Шоқақтап жүре алмайды. Көліктің ыңғайы келсе, бізге ат тауып берсеңіз қайтер еді?

– Менің шабдар биемнен басқа көліктің ыңғайы келмейтін сияқты. Таң атпай жұрттан көлік сұрап жүргеніміз қалай болар екен? Мейманқұлдың торысын алсақ па екен? Ол қалаға барам, жұмысым бар деп жүр еді, – деп, Жабағы ойланып қалды. Қатыш күйеуін түртіп.

– Ей, отағасы, анау көк байталды ерттеп бермейсің бе? Өзіңнің атың тұрып, жұрттан көлік сұрағаның қай сасқаның? – деді.

– Ой, байқұс, мен көк байталды аяп отыр дейсің бе? Бұлар тақымы қатпаған қаланың баласы, бас білмейтін асау немеге мінем деп, бір жерге құлап, жазым боп жүрсе қайтесің?

– Қазақтың баласы ғой. Атқа отыра алмай не бопты. Жазыққа шыққаннан кейін шауып, ақ көбік ғып алса, асаулығы басылады. Енесі жуас мал, мөңкіп қайтеді дейсің.

– Жеңгем дұрыс айтады. Сол асауға мен-ақ мінейін, – деп Нұржан бұрын асау үйреткенін білдірді.

– Ондай жүген тимеген асау емес. Анда-санда отағасының өзі мінеді. Әлі жуасып, ырыққа көнбейді дегені болмаса, былай жүріске жарайды, – деп Қатыш көк байталдың сырын Нұржанға айтып жатты.

Көк байтал үстіне ер салдырғанымен, кісі мінгізбей, үркіп біраз әлек салды. Нұржан атқа мықты екен. Ерге жабысып, айрылмады. Көк байтал құлағын қайшылап, аяғын тік-тік басып, бір бүйірлей жұлқынып алып қашып тұрды. Талғат шабдар биеге мінген. Аздаған жорғасы бар екен. Жүгенін қағып отырса, байпаңдап жорғасына салады. Еліріп, ауыздықпен алысып тұрған көк байтал енесін көрген соң соған қарай ұмтылып, сүйкенісе қатарласып жүрді. Сарғабанның жазығына шыққаннан кейін Нұржан атының басын ірікпеді. Бетін батысқа түзеп, шаба жөнелді. Жиырма минуттай шапқаннан кейін көк байталдың екпіні бәсеңдей бастады. Әлгіндей емес, шабысы баяу, кібіртіктеп қалған. Екі танауынан бу атып, дір-дір қағып енесіне ықтап, соқтығыса келіп тоқтады. Аздан соң басын шұлғып пысқыра түсіп, аяңдап жүріп отырды. Кең далада құстың пыр етіп ұшқаны, бұта түбінен қоянның тұра қашқаны секілді оқыс дыбыс естілгенде

басын шапшаң көтеріп, құлағын қайшылап, еліре қарап, жұлқына түседі де, сонан соң үйреншікті аяғына қайта басады. Талғат Нұржанға бұрылып, бір аяғын үзеңгіден шығарып, ерге жамбастай отырды да:

– Бүгін күн дүйсенбі ме? Біз жұмаға дейін бүкіл өрісті кезсек те Рахымның қылмыстылардан жасырған қазынасын қайткенмен де табуымыз керек. Сәтсіздікке ұшырасақ, онда шапшаң кетуге тура келеді.

– Ұға алмадым, жолдас капитан. Қалайша кетеміз?

– Қазынаны іздеуге бізден басқа адамдар да келеді. Біз олардың ниетіне кедергі жасамауға тиіспіз.

– Кім олар?

– Өз көзіңмен көргенше айту қиын, – деді Талғат ердің үстіне оңтайланып отырып. Рахым қайтыс болғаннан кейін өрісте жатқан жерлерінің жобасы сызылып, шамамен қағаз бетіне түсірілген еді. Талғат сол картаның көшірмесін алған болатын. Жотасын желге беріп, ық жасап картаны жайды. Қасына келіп тұрған Нұржанға:

– Мынау қалың ши Рахым жатқан жер. Ал мына белгі, – деді алыстағы шошайған құрайды көрсетіп, – Көкмойнақ жұлып алған шалбардың балағы жатқан жерді көрсетеді. Сол құрай өскен төмпешіктен бастап мына сайдың қуысын ала өзенге дейінгі аймақ бір шаршы километрге жақындап қалады. Рахым бұл жерден алысқа жасыра алмаса керек. Осы тұсты бір шолып шықсақ, қайтеді? Қалай, кірісеміз бе?

Екеуі аттан шапшаң түсті де шабдар биені тұсаулап, көк байталдың шылбырын Талғаттың үзеңгісіне байлап, қоя берді. Екеуінің қолында екі істік темір. Шұқырларды шұқылап, бұтаның арасын ашып, бір сүйем қалдырмай қарап, күманданған жерін қопарып қазып келеді. Алғаш жедел кірісіп, біраз өндіріп тастаған секілді еді. Аздан соң қол ауырып, бел тала бастады. Шаршағандарын білдіргісі келмей, жұмыстарын жалғай берді. Түс ауған шамасында Нұржан шыдай алмай түрегеліп, белін жазды, шидің түбіндегі бос топырақты кішкене күрекпен қопарып жатқан Талғатқа: – Қарынға құйып айран ала шықпаған екенбіз. Таңдайым кеуіп барады, – деді.

– Аңшылар азық алып шықпайтын болар. Өйтсек біздің бұл жүргенімізді теріс жориды ғой...

Жабағы күн қайтқаннан бері қайта-қайта тысқа шығып, Сарғабан жаққа көз тігіп, Талғаттардың келуін асыға күтіп жүрген. Бұрын аң-құс аулап көрмеген екі жас аттарды бекер қинай ма деп іштей күдіктеніп, шыдамсыздана күткен. Алыстан екі аттыны көргенде Талғаттар екенін байқады. Қақпаны ашып, көбіктеніп ақ тер басқан шабдар бие мен көк байталды суытпақшы болды. Қораға кіргенде екі аттың тың екенін байқады, бірақ екі жігіт қалжыраған. Түрлері кісі көргісіз. Күні бойы топырақ пен балшыққа аунаған секілді. Жабағы мұны аттан құлап, әбігерге түскен деп ойласа, Қатыш басқаша жориды. Түлкінің ініне кезігіп, соның бос қуыс екенін аңғармай, бекер қазып, тәжірибесіздік жасаған ғой деп ойлады. Талғат пен Нұржан жуынып-шәйініп алған соң бір екі кесе шай ішті де кешкі асты ішуге мұршасы келмей, төсекке құлай кетті. Ұйқысы қанып тұра қалса, тамағын жылытып берейін деп, Қатыш түннің біраз мезгіліне дейін ұйықтамай жатты. Екі жігіт оянбады. Ертеңіне олар тағы таң сәріде Сарғабанның сазына қарай аттанды. Жабағы күндегі әдетінше шабдар бие мен көк байтал зорығып қалды ма деп ойлайды. Бірақ күн сайын шаршап, болдырып қайтқан екі жігітті көреді. Осылай төрт күн өткен. Бұл күн бейсенбі еді. Екі жігіт әдеттегіден мүлде кеш оралды. Қатыш жас қонақтарының күнде тамақты күтпей, қалжырап, төсекке құлайтынын көрген соң, бүгін пельменді шаймен әкелді. Шай ішіп болғаннан соң, өздері қалған оңаша отырыста Нұржан:

– Бізден бұрын біреулер өзен жағасын шарлап, қазынаны іздеген бе деймін. Әлгі шұқыр ін емес, қолмен қазылған. Айналасында қым-қиғаш іздер жатыр,— деп, өзінің қаупін білдірді. Мұның орны бар еді: бүгін өзен жағасында окшау өскен шоқ талдың түбінен кісі қолымен қазылған үлкен шұқыр табылған. Топырағы ескі емес, жаңа, дымқылы кеппеген. «Енді қайттік? Қазынадан тал түсте айрылғанымыз ба? Осы тұсқа жасырғанын аңғармай, құр даланы неменесіне кезгенбіз» деп, отыра кетті. Талғат та көңілі жадау тартып, не айтарын білмей аңырып тұрып

қалған. Әдетте, біреулер оқыс жайды айтқан кезде, соның сөзіне ілесе қалу жай адамның басында да бар. Алғаш Талғат та Нұржанның сөзіне ерді. Алтынды өздерінен бұрын біреулер алып кеткен ғой деп ойлады. Қазылған шұқырды зерттеген кезде бұл пікірінің қателігін байқады. Өйткені шұқырдың түбі мен аршылған топырақтың түсі бір тектес, айырмасы білінбейді. Шұқыр қазылғанымен қайта жабылмаған. Тегі Рахым қолындағы затты алғаш осы жерге жасырғысы келген де, кейін бұл ойынан шапшаң айныған және қазған шұқырын қайта жаппаған. Талғат өзінің бұл ойын Нұржанға айтқанда ол мақұлдағандай үнсіз тыңдағанмен, бұл оның көңіліне қона қоймаған еді. Қазірде өзінің осы қаупін айтып жатыр.

Талғат денесі сал-сал боп, шаршап, көзіне ұйқы тығылып жатқан. Ол Нұржанның сөзін селқостау тыңдады. Бірнеше күн бойы бүкшеңдеп, жер қазып, қиналған соң айтып жатқаны ғой деп ойлады.

– Ертең соңғы күн. Қазынаны таба алмасак, дүйсенбіге дейін келмейміз. Екі күн демаламыз, Нұржан. Ал шұқыр жайында бекер басыңды қатырма, бұрын қазылған шұқыр екені айқын. Жаңа қазылған секілді топырақтың дымқыл боп тұрған себебі таңертеңгі қалың шықтың суы. Үйіндінің астына қол жүгіртсең топырағы құрғақ. Ертең өзің тағы байқап көрші, – деді. Таңертең ертемен тұрып, Сарғабанның сазына тағы аттанғалы жатқанда Жабағы қатарына келіп, екеуінің жүзіне кезек қарап тұрды да:

– Ей, балалар, сендер күн сайын қолдарың ойылып, топыраққа аунап қайтасындар. Осы сендер, құс қумай, ін қазып жүргеннен саумысындар?– деп көптен бері көкейінде жүрген сауалын берді.

– Ағасы, өзеннің шағылға тірелген сағасында қия қабақ бар екен. Сол түлкінің іні деген соң мына Талғат екеуіміз әлек болып қазғанымыз рас, – деп Нұржан айта салды.

– Қарағым, қой көктемде қоздамай ма? Барлық хайуанат көктемде балаламай ма? Қара інді қазғанда не таппақсындар? – деп, Жабағы шегір көзін қадап, жымыды.

– Қап, солай екен-ау! – деп Нұржан санын бір соқты.

Жабағы бұл екі жігіттің күні бойы тынымсыз жұмыс

жасап, шаршап-шалдығып қайтатынын, жүрістерінің тегін еместігін білетін. Бірақ Нұржанның әлгі сөзі өзін алдау екенін білсе де, ренжімеді.

– Баяғыда сол жиекте қарақұрт бар деп қой жаятын едік. Қазір ол жұрт иесіз қалды ғой. Байқандар, – деп Жабағы сақтандырып жатты.

Бүгін екі жігіт көңілді еді. Ауылдан шыққаннан кейін, аттың басын қоя беріп, жарысып көрді. Көк байтал ұшқыр, денесі қызған сайын төрт аяғы тең түседі. Нұржан оқ бойы озып барып тоқтады. Өзенге дейін бүлкіл аяңға басты.

Нұржан ауыздығымен алысып келе жатқан көк байталдың басын ірке беріп, бұрылып бірдеме айтқысы келе жатқандай ыңғай білдірді.

– Неге бөгелдің, Нұржан? Ойынды бүкпе, айт, – деді Талғат.

– Менің мұным тіпті қисынсыз көрінуі мүмкін, жолдас капитан. Жәй, өзіңізге еліктеген ниет шығар, – деп Нұржан сәл бөгеліп қалды.

– Менің де айтқаным әрдайым дәл келе береді дейсің бе? Кейде қисық ойдан теріс қорытынды жасап қаласың. Ақылдасып пішкен тон келте болмайды дейді ғой. Ақылдасқанның айыбы жоқ. Нұржан аз бөгеліп сөйлеп кетті.

– Кешегі қазылған шұқыр жайындағы сіздің дәлеліңіз маған көп ой салды. Соның дұрыстығын енді аңғарып келе жатқан сияқтымын. Сіз Рахымның қылмыстылардан жасырғаны алтын, немесе гауһар тас, әйтеуір қымбат дүние дедіңіз. Егер мен сондай көз кимайтын асыл затты тауып алсам және оны жасырғым келсе, жерге көмбес ем. Адамның психологиясы қызық қой. Алтын жерден қазылып алынғанымен, оны көмсе былғанып қалатын сияқты көрінеді. Сондықтан ондай асыл дүниені тауып алған адам оны жоғары, биік жерге сақтағысы келеді. Ағаш бұтағының арасына жасырды дейтін мұнда қалың орман жоқ. Сонда ол қайда тығуы мүмкін? Әрине, өзінің бойы жететін бір жерге жасырады. Тауып алған адам ат үстінде жүрсе, сөз жоқ ол оны жарқабақтың қуысына, құстың ұясына, не інге жасырар еді. Анау-мынау жаяудың қолына түспес үшін суды кешіп

барып, ат үстінде тұрып, бүркеп тығуы мүмкін. Жарды жағалап, ұяларды, үңгір-қуыстарды көрсек қайтеді? – деді.

– Жарайсың, Нұржан! – Талғат Нұржанның иығынан құшақтап сілкіледі. – Бұл менің ойыма келмеген жай еді. Өйткені мен атпен көп дағдыланған емеспін ғой. Сен менің осы олқылығымды таптың. Кеттік, бауырым! – деп шаба жөнелді. Талғат пен Нұржан тізгіндерін бос тастап тіркесе жүріп, өзенді жағалап су кешіп, қол жетер жердегі қуыстарды істік темірлерімен сүңгіте қарап, түгендеп келе жатқан. Нұржан жарқабақты қиялап салған түлкінің ескі ініне темірін жүгірткенде әрі қарай батпай қатты нәрсеге тірелді. «Немене бұл?» деп бойын созып қарап еді. Қуыста жатқан әйелдердің сумкасын көрді. Нұржан қуанғанынан дауыстап жіберді:

– Жолдас капитан, мұнда келіңіз. Таптым! Талғат Нұржанның қасына жетіп келіп аттың үстінен мойнын созып, үңгірге көз жүгіртті. Іннің аузы майда топырақ екен. Соның үстіне былғары емес, шиден тоқылған тәркеш топатай сумка тұр. Бер жағын қураған шыбықпен қалқалай салыпты. Талғат сумканың қалай жатқанын, өзеннің осы жарқабақ бетін түгел кино лентасына түсіріп алды. Нұржанның топатай сумканы алып жатқанын бөлек, ірі көрініспен бейнеледі. Былай құрғаққа алып шығып қарағанда шүберекке ораған екі бөлек алтын шықты. Кішілеу бөлегінің ішінде тілдей қатырғы қағазға жазылған мынадай жазу бар: «Студенттің жеке өзіне! Г.» Талғат осылардың бәрін қол таңбасын тигізбей, орап, иық қапқа салды.

– Кеттік, Нұржан! – Талғат шабдар биенің қатты жорғасына салды. Жануар үйреншікті қорасына келе жатқанын сезді ме, қамшы салдырмай, басы қайқаңдап, жорғасын барған сайын үдете түседі. Екі жігіт күн сайын үстібасы топырақ-топырақ болып, шаршап-шалдығып, әрең жететін. Бүгін олардың ерте келгеніне Жабағы қуанып қалды. Олардың құрқол келгенін елемеді. Аттарды қора сыртындағы сырыққа байлап, жүргелі жатқан екі жігіттің қасына келді:

– Е, балалар, мұнша неге асықтыңдар? Үйде жеңгелерің

қойдың етін жемей жүр, шықты білем деп, қаз сойып жатыр еді. Оның бейнетін еш етпендер. Әне, оның өзі де келді, – деп, үйден шыққан Қатышты көрсетті. – Қатын, балалар тамаққа қарамаймыз дейді. Кәне, не айтасың?

– Тамаққа қарамаймын дегені несі? Қой, күн ерте, қайда барсаңдар да уақыт жетеді. – Қатыш осымен сөз бітті дегендей үйге кіріп кетті. Талғаттар селтиіп тұрып қалды. Ләм деп аузын аша алмады. Оның сөзі бұйрық есепті көрінді.

Түскі астан кейін екі жігіт Жабағының үйімен қоштасты да Бестөбеге қарай жүріп кетті. Дәл сол күні Талғат Алматыға ұшты.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Қалалық аурухананың ішінде бүгін дәрігерлерден басқа ақ халат киген адамдар да көп. Бұлар қалалық қылмысты іздеу бөлімі мен ғылыми-техникалық бөлімнің адамдары. Араларында арнайы шақырылған прокуратураның қызметкерлері де бар. Бұдан екі күн бұрын төсек-орындарды жаңалау үшін ауруханаға жаңа заттар берілген. Сол заттарды біреулер қойманың терезесін ашып, алып кеткен. Із тапқыш мамандар терезенің жақтауларын, әйнектің әрбір көзін үлкейткіш шынымен қарап, төңіректі суретке түсіріп алып жүр. Бұл өңірде қойма тонау, үйге ұры түсу дегенді білмейтін. Мынау бұрын-соңды болмаған оқиға еді. Осы жайды естігеннен кейін қылмысты іздеу бөлімінің қызметкерлерімен бірге майор Ділдәбековтың өзі де келген. Ол терезенің табалдырығына тақау тұста қабырғаға сызықтанып түскен ізге үңіле қарап, суретке түсіріп алып жатқан лейтенанттың қасына келіп:

– Мәруә Ибрагимовна, мынау әйелдің туфлиінің таңбасы ғой. Қойманы тонаған әйел ме, қалай? – деп, таңданып қалды.

– Иә, бұл әйелдің аяқ киімінің ізі. 36-шы размер. Басқа дәнеңе айта алмаймын. Қылмыскер қойманы тонауға өте мұқият әзірленген. Терезенің әйнегінде, жаппа темір-

лерінде саусақтардың таңбасы білінбейді. Ұры резина қолғап киген. Лабораторияда тағы анализ жасап көрерміз. Байқайсыз ба, майор жолдас, ұры ауа райын да сәтті пайдалана білген. Жауын жауған соң қара суық жүрді. Жер тоң болып қатып жатты. Одан кейін міне, қар жауды. Ұрлық осы екі арада жасалған.

– Дұрыс айтасыз, Мәруә Ибрагимовна. – Майор басын изеді. – Ұры аса әккі адам екені байқалады. Соңғы кезде менің бір аңғарғаным, қылмысты ашу, қылмыскердің кім екенін бұлжытпай табу үшін үлкен талант иесі болу керек пе деп қалдым. Жігіттер жоғалған заттардың тізімін алып жатыр. Біраздан кейін сіз қабырғаға түскен туфлидің таңбасын әкелесіз. Осымен бар әрекетіміз тәмәм. Ит із алмайды. Қар жауған. Маған жан-жақтан телефон соғып, салмақты дауыспен қылмыскерді шапшаң табындар деп әмір етеді. Олардың кім екенін мен қайдан білейін, міне, осындайда алғыр ой, ұшқыр қиял, күшті логика керек екен. Қылмыс жолына түскендер әшкереленбеу үшін әрқилы айла-әрекет жасайды.

Оларды ұстау үшін мынадай жалаң факті жеткіліксіз. Оған ақыл, ой керек. Мен қазіргі жұмыс тәсілімізді осылай жаңа бағытпен құрғанды қалар едім. Ал осыған өзіміз ілесе аламыз ба? Әй, білмеймін. Мәруә Ибрагимовна майордың кім туралы айтып келе жатқанын сезді. Рахымды пышақтап, өлтірген қылмыскерлер туралы іс алғаш: «Қылмыс жасаушылар белгісіз. Ізіне түсуге мүмкіндік болмады» деп, баянсыз қалдырылған еді. Капитан Майлыбаев Көкмойнақтың қызыл иегіне кірген тікенек жаңқаға қарап қылмыскердің біреуі ағаш аяқпен жүрген деген қорытынды жасап, соның таңбасын өрістен іздеп табады. Оның сыбайласының кәсібі жөніндегі болжамы дұрыс. Ақыры олардың алтынмен сауда жасайтынын да тапты. Осының бәрін ол нақты фактімен емес, логиканың күшімен дәлелдеді. Мәруә майордың Алматыға кеткен Талғатты өгейсіп, жоқтап келе жатқанын сезді. Қоймаға түскен ұры жайында майор Ділдәбековтың пікірін сұрағысы келді де, кейін бұл пікірі Талғаттың дәлеліне қайшы келіп жүрсе, сынағандай болармын деп, ол ойынан

тыйыла қалды. Келесі күні Мәруэ қоймаға байланысты сарапшылардың қорытындысын әкелгенде, майор Мәруэның ойындағы сұраққа жауап қатқандай болды. Ол алдында жатқан суреттерді әрі-бері қарап:

– Мынау әйелдің туфлиінің таңбасы екені анық қой? Әлгінде жоғалған дүниенің тізімін қарап шықтым. Жиырма одеял, алты метр түкті кілем төсеніш ұрланған. Онша көп дүние емес. Тегі осыны ұрлаған әккі қылмыстылар емес, маскүнемдер ме деймін. Осында Құрымбайдың Сәния деген қатыны базарды жағалап, шұлығы бұралып, арақ ішіп жүруші еді. Мынау соның ісі ме деп білем. Базарда одеял сатып жүрген жерінен ұсталды. Этикеткасын салыстырғанда ауруханаға әкелген одеялдармен бірдей боп шықты. Сәния өзінің ұрлығын мойындамайды, көшеден тауып алдым дейді. Оның тауып алғанын ешкім көрмеген. Тағы сөйлесіп көрейік, – деді де, Сәния Байболованы алып келуге әмір етті. Мәруэ кетуге ыңғайланып еді, Ділдәбеков оны тоқтатты. – Мен Сәнияны, оның күйеуін Құрымбайды жақсы білетін едім. Мен милицияға келгенде Құрымбай аудандық партия комитетінде қызмет істеп жүрген. Құрымбай кісі жатырқамайтын, кішіпейіл, адамның асылы еді. Үй болып араласып тұрдық. Сәния осы өңірге белгілі паң мінезді, онысы өзіне ұнаған кербез келіншек еді. Күйеуі түрмеден қашқан қаныпезердің қолынан қаза тапты. Сәния күйеуінің күйігіне шыдай алмай, араққа салынып, ақыры азып тозып кетті. Сіз отырғаннан кейін, бәлкім сұраққа дұрыс жауап берер, – деді. Сәлден кейін күзетші егде жастағы әйелді алып келді. Үстінде түймесі жұлынған, оқамен зерленген ескі камзол, жамау-жамау ескі көйлек. Бір аяғына туфли киген де, екінші аяғындағы өкшесі қақыраған бәтіңке. Мастығынан айықпаған секілді. Бұлғақтап кірді. Кезекші иығынан басып, орындыққа отырғызды. Сәния күзетшіге:

– Қайным, темекің бар ма? – деп еді, майор орнынан тұрып темекі ұсынды. Сәния темекінің түтінін үсті-үстіне жұтып, құмары тараған соң жан-жағына қарады. – Ей, сен Әлиханбысың? Мына сарбаздарың алды-артыма қаратпай, сүйрей жөнелді. Пальтомды киюге мұршамды келтірмеді.

Не жазығым барын білмеймін. Әлде, сен күйреген үйге күшінді көрсетейін деп пе едің? Бұл қай қорлығың?

– Сіз кешіріңіз, Байболова, келіп кетсін деп сұрап едік. Өз жөніңізбен келмедіңіз. Ұрланған одеялды сатып жүргеннен кейін әрі жөніңізді айтпаған соң шара қолдануға тура келді.

– Әлихан, сен айтатыныңды мәймөңкелемей дұрыстап айтшы. Ұрлаған деген бәлені қайдан таптың. Анау сар шапағың да: «Қоймаға қашан түстіңіз. Қасыңда кімдер болды?» деп құдайдың қайдағы жоғын сұрайды. Шындықты білгің келсе айтайын: оны таң ертемен дүкенге кетіп бара жатқанда аурухананың дәретханасының жанынан тауып алдым. Судай жаңа дүние маңдайыма жазған ба? Қалтамда көк тиын жоқ болған соң, базарға апарып сатып, талшық етейін дедім.

– Азаматша Байболова, сіз шыныңызды айтқыңыз келмейтін сияқты. Қалған одеялдар мен төсеніш кілемді қайда жасырдыңыз? Кінаңызды мойындасаңыз жаза жеңілдейді. Дүние түгел табылса, босату кепілдігін өзім алайын.

– Кепілдігіңізге рахмет. Ал дүние ұрланса оны өздеріңіз тауып алыңыз. Мені шатпаңыз.

– Сіз, алдыңғы күні түнде қайда болдыңыз? Сәния бажырая қарады:

– Өзіңіз майырсыз ба? Майыр болмай, маубассың ба? Менің үй қыдырарлық қай бетім бар, байдан қалғаным қай заман. Өзің не былжырап отырсың?

Мәруә төмен қарап қызарып кетті. Соны сезді ме, Сәния:

– Қызым, кешір. Құдай менен жамандығын аямаған жанмын. Мынау отырған сырмінез, көз көрген жан еді. Менің сорым аздай, бұл да жаласын жапқан соң не дейін енді!

Ділдәбеков түсін суытып:

– Ұрлағаныңызды мойындамайсыз ғой? Кейін өкінесіз.

– Құрымбай марқұм ұры-қарының қолынан өліп еді. Енді сен де мені ұры етіп құртайын деген екенсің. Тірлігімді көпсінсең, мәртебең көтерілсе, айтқаның болсын. Азаматсың ғой, дәм татысқан, бетінді қақпайын. Жолыңа

қырсық жасамайын. Мен бейбақ жоқтаусыз жанмын. Өз ыңғайыңа келтіріп, протоколыңды жаза бер, жарқыным. Мен бәріне қол қоямын. Мен ұрымын. Қойманы тонаған мен. Құдай разы қылсын, енді мені қинамаңыз. – Сәния көзінен жас моншақтап ағып бара жатты.

Майор Ділдәбеков төмен қараған бойы үнсіз отырып қалды. Ол Сәнияның кеткенін де байқамады.

Бұл кезде ауруханада да қойманың ұрланғаны көп сөз болып, әкімшілік жолымен қалай жазалаудың түрлерін сұрап, Цой таныс кісілерінен татымды кеңес алып жатқан. Оның жүгінетін адамы Жұрымбаев. Ауданның бүкіл финансын қолына ұстап отырған ірі тұлға. Онымен жұрттың бәрі санасады, сөзін тыңдайды. Аймангүл аурухананың қоймасы тоналғаны жайында хабарды естігенде Цойға қырсығы тие ме деп қатты абыржыған. Ұрлық сестра Глухованың кінәсынан болды дегенде жүрегі лүпілдеп қуанып кетті. Ауруханадағы әрлі әйелдердің бірі осы Аида болатын. Өзі жас, сауатты, әрі екі тілге бірдей жүйрік. Іштей күндеп Цойдан қызғанатын. Ол сотты боп жатса Аймангүл тілегіне жетпей ме? Цой Жұрымбаевқа телефон соққанда Аймангүл күйеуінің қасында тұрған. Ахаттың жауабына қанағаттанбай, «Ұрлыққа себепшіні заң қатаң жазалайды, кәсіподағы дегенді қайдан шығардың? Ісін тура сотқа берсін демейсің бе?» деп, күңкілдеп ұрсып жүрді. Жұрымбаев әйелінің қамшылауымен Цойға ақылын бір-ақ айтты.

– Глухова бұрын жаза алып па еді? Онда жұмыстан шығарып жіберіңіз. Әрине, алдымен жергілікті комитет дей ме, сонысымен келіскен болсайшы.

– Оның бәрін білем, Ахат Жұрымбаевич, әлбетте олардың келісімі керек. Ал кейін сот орны қолдамай жүрсе қайтем? Олардың жұмысқа қайта ал дейтін заңы бар ғой.

– Мен тұрғанда қорықпа, бауырым. Олармен өзім сөйлесемін.

– Менің сенетін кісім өзіңіз, Ахат Жұрымбаевич. Осы істі ақырына дейін жеткізіп берсеңіз қарыздар қалмаймын. Жаксы, ал Аймангүл Жұрымбаеваның халі қалай? Бәрі кісінің көңіл күйіне байланысты. Иә, солай. Біз жаңа

препарат күтіп отырмыз. Аймангүл абыржымасын, қолдан келгенін аямаймыз. Жұрымбаевтың күжілдеген дауысы естілді:

– Айманжан сізге сәлем айтып жатыр.

– О, сәлемат болсын. Өзіңіз де сау болыңыз. Бір кілтипан туа қалса, өзіңізді мазаласам айыпқа бұйырмассыз. – Ар жағынан Жұрымбаевтың мақұлдаған дауысы естілді ме, Цой көңілденіп, трубканы іліп қойды. Қоңырау беріп, секретарь қыз арқылы Сейітқұлованы шақырды. Айша келгенде Цой жұмыс үшін ашынып, күйінген жан секілді, кабинеттің ішінде әрі-бері тыным таппай жүр еді. Кіре беріп, босаға жақта состиып тұрып қалған Айшаның қасына келіп, үңіле қарап:

– Тәжірибеңіз бар адамсыз. Кәне, ақылыңызды айтыңызшы, не істейміз? Сіздің сенген Глуховаңыз бәрімізді жалаңаштап тұрып мұзға отырғызып кетті. Одан аулақ жүр дедім. Көнбедіңіз. Бәлкім, тағы қорғаныш болмақ ойыңыз бар шығар, – деді.

Аурухананың шаруашылық жөніндегі сестрасы бұдан бір жеті бұрын демалысқа кеткен еді. Оның орнына Айшаның сұрауы бойынша Аида Глухова тағайындалған. Бас дәрігер бүкіл коллективтің көзінше Глуховаға сенім көрсетпейтінін сездірген. Бірақ Айша аурухананың төсек-орнын жөндеп, тәртіпке келтіру өзіне тапсырылып отырғандықтан бұл іске Глухованың көмегін ғана қалаған. Астанадан комиссия келгенде бүкіл палаталар жарқырап тұрса, оған сестра Глухованың еңбегі сіңгенін білсе, бас дәрігердің берген сөгісін алып тастауға көмегі, себебі тиер ме деп ойлаған еді. Цой енді Глухованы ғана емес, Айшаны да кіналайтын сияқты. Осы бәледен аулақ болу үшін Глухованы қызғыштай қорғаудан аулақ жүр дегендей ыңғай білдіреді.

– Менің сөзім сізге түсінікті болса керек еді. Глуховамен бірге жауап беремін десеңіз, өзіңіз біліңіз. – Цой шаршаған түрмен орнына барып отырды.

– Бәлкім Глухованың салақтығы бар шығар. Бірақ, дүние-мүліктің ұрлануына оның қатысы жоқ. Милиция орындары қылмыстыларды іздеп жатқан көрінеді. Базар-

дан одеял сатып жүрген бір әйелді ұстаса керек. Кіналы адамдарды табар өздері, – деді Айша.

– Сіз айтып отырған әйелді милиция әлде қашан босатып жіберген. Бұл – қылмыс жасаушы басқа адам деген сөз. Милицияны тағы ауруханаға қаптатып жібере алмаймын. Маған мекеменің беделі қымбат. Глухова қазіргі сағаттан бастап жұмыс істемейді. Бұйрыққа қол қойылған. Жергілікті комитеттің председателі ретінде бұйрықпен танысқаныңыз үшін қол қойыңыз, – деп, Цой бір жапырақ қағазды алдына қойды. Айша көз жүгіртіп оқып шықты. Бұйрыққа Глухованың бұрыннан-ақ өз жұмысына салақ қарап келгені, қанша айтылса да одан тиісті қорытынды шығармағаны, әкімшілік түзеле ме деп соңғы рет сөгіс бергені тізбектеліп жазылған. Қойманың ұрлануы Глухованың салақтығы деп тапқан. Еңбек заңының жұмыста сенім көрсетуге жарамайды деген қатал тармағымен шығарыпты.

– Бұйрықта әділдікті байқамай отырмын. Біріншіден, Аиданың ондай кінәсі болған емес. Екіншіден, қойманы ұрлауға оның қатысы барын білмейміз. Анығына жетпей тұрып, жазықсыз адамға қатал бұйрық жазу келіспейтін шығар.

– Айша Сейітқұловна, мен заңның адамы емеспін. Бірақ оның кінәсі бары анық. Бұйрыққа мен жауап беремін. Ал сіз бұйрықпен танысқаныңызға қол қойсаңыз болды. Басқа нәрсені талап етпеймін.

– Цой қалам беріп, Айшаның қолын қойдырып алды да, дереу сейфке салды. Бұйрықтың көшірмесін тақтаға ілуге хатшыға берді. Цой осымен әңгіме бітті дегендей орнынан тұрды. Өзіне өзі көңілі толып, тәнті болған түрмен терезенің алдына барды.

Аурухананың солтүстік жағы тактаймен қоршалмаған. Тактай қағуға қадалған қадалар қисайып-қисайып тұр. Ауруханаға келгендер бұл жақты жол ғып тастаған еді. Цой сол тұста біреулердің жүргенін байқады. Пердені кеңірек ашты. Бет-пішін тұлғалары таныс секілді. Бұларды қайдан көріп еді? Ә, енді есіне түсті. Сарғабанның сазында ұшырасқан аңшылар. Мұнда олар не істеп жүр? «Жұмысы

жоқ кісі еріккен соң қаңғып жүре береді екен-ау» деп ойлады Цой.

Цой жаңылысқан жоқ еді. Расында бұл кетіп бара жатқан Талғат пен Нұржан болатын. Талғат әлгінде ғана самолеттен түскен. Нұржан аэропорттан қарсы алды. Жолшыбай аурухананың қоймасы тоналғаны жайында оқиғаны айтқанда, Талғат:

– Жолдан соға кетейік. Маған туфлидің ізі түскен жерді көрсетерсің, – деген. Екеуі ұры түскен терезенің маңын көріп бара жатқан беті еді. Талғат ғылыми-техникалық бөлімге кіріп, Мәруәға жолықты. Сарапшылардың қорытындыларымен танысты. Мәруә ұры жайында Талғаттың пікірін білуге құмар еді. Орнынан тұрып, кетейін деп тұрған Талғатқа:

– Жолдас капитан, сізден сұрауға рұхсат етіңіз. Қойманы тонаған ұры кім деп ойлайсыз? – деді.

– Дәл айту қиын. Бірақ қолдағы материалға қарағанда бұл нағыз ұрының ісі емес, біреу қаскөйлікпен әдейі жасаған секілді.

– Кешіріңіз, жолдас капитан, мен жөнді ұға алмадым. Ең алдымен ұры әйел ме, әлде еркек пе?

– Қоймаға түскен әйел емес, еркек. Бірақ ол білместіктен өрескел қателер жіберген.

– Ал біз оны әйел деп жорамалдадық.

– Бұл айтып тұрғаным жәй долбар, Мәруә. Менің де қателесуім ықтимал. Жаңсақ пікірден аулақ болсын десеңіз, маған терезенің астыңғы табаны мен туфлидің ізі түскен аралықты дәлме-дәл анықтап беріңізші. Бұған өте мұқият қарауыңызды өтінемін. Мұнда бір сантиметрдің өзі адам тағдырын шешуі мүмкін.

– Біз мұның бәрін тексергенбіз. Әйткенмен, тағы бір қарап шығайын. Материал дайын болған кезде қайда әкелейік?

– Мен майор Ділдәбековте отырамын. Сонда әкелерсіз.

– Құп болады, жолдас капитан.

Майор Ділдәбеков Талғатты асыға күтіп отыр еді. Есіктен кірген сәтте, қысқа амандықтан соң тура іске көшті.

– Қойманың қалай ұрланғанын естіп жатқан шығарсыз. Мұның өзі біраз жұмбақ қалдырды. Жоғалған одеялдың біреуін сатып жүрген жерінен Байболова дегенді ұстадық. Дүниені тонаған сол ғой деп отырғанда, қалған мүлік медсестра Глухованың кілетінен табылды. Мұның бәрі маған оңай тиіп жатқан жоқ, ұрыларды қасақана ұстамай отырған сияқтымын. Жан-жақтан ұрыларды неге ұстамайсың, неге тергеуге алмайсың деп, мазамды алып барады. Осының өзі бізді негізгі қолға алған істен алаңдататын түрі бар. Сіз кеткелі бері әңгімеміз осы қойманың жайы.

– Әлихан Ділдәбекович, аурухананың қоймасының тоналуы меніңше қылмысты бүркеудің өрескел түрі секілді.

– Талғат Майлыбаевич, қойманы ұрлап тұрып, оны қылмысты жасырудың өрескел түрі дейсіз. Ұрлықтың өзі қылмыс емес пе? Байқауымша, мұны алтынмен астыртын сауда жасаушылардың ісі деп соларға телитін секілдісіз. Кешіріңіз, ұқпадым.

– Мен лейтенант Ибрагимованың қорытындысын күтіп отырмын. Әкелгеннен кейін сіздің сұрағыңызға жауап берейін. – Есіктен кірген Мәруәны көріп: – Міне, лейтенанттың өзі де келді. Қазір төрт көзіміз түгел отырғанда ақылға салып көрелік. Өздеріңіз қараңыздар, терезенің астыңғы табаны мен жерге дейін бір жарым метр екен. Ал туфлидің таңбасы терезенің астыңғы табанына мүлде жақын түскен. Арасы не бары бес-ақ сантиметр. Айталық мен терезенің крест түрінде салынған темірінің біреуінен ұстап, аяғымды қабырғаға тіреп көтерілдім дейін. Сонда мен жерде тұрып, аяғымды бір жарым метр соза аламын ба? Бұл мүмкін емес. Мейлі менің аяғым табалдырыққа дейін жетсін делік. Онда мен ішке кіре алмас едім. Тізем кеудеме тіреліп, кедергі келтірер еді.

– Сонда қабырғадағы туфлидің таңбасы қайдан келген? – деді Нұржан Талғаттың сөзін бөліп.

– Мен де соны айтайын деп едім. Қойманы тонаушы ұрыны әйел етіп көрсету үшін туфлиді қолына кигізіп, бар күшімен қабырғаға басқан. Таңбаға қарағанда мұны жасап

жүрген адам мол күштің иесі емес, әлжуаз әлсіз жан, бойы да биік болмаса керек.

– Қалай? – деді майор сенімсіз түрмен. – Мына сөзіңізге қарағанда қылмыскердің қойманы тонауға ниеті болмаған секілді. Сіздің бұл долбарыңызды теріске шығаратын айғақ дәлелдер бар.

– Әлихан Ділдәбекович, фактіден ешкім бұлтара алмайды. Байқасаңыз, мен де құр қиялға берілмей дәлел айтып отырған сияқтымын. Қойманы тонаған күні қар жауғаны белгілі. Одан бұрын бет қаратпайтын қара суық жүрді. Жер қара қатқақ боп жатты. Сондай кезде мынадай жаздық туфлиді қалай киеді? Сарапшылардың қорытындысына қарағанда қабырғадан қырып алған әкте күйе бары анықталған. Қылмыскер қоймаға түсуші әйел етіп көрсету үшін туфлидің табанына күйе жаққан. Олай етпесе таңба түспеген болар еді. Сөйтіп, қойманы тонаған ұры әйел емес, еркек.

– Талғат Майлыбаевич, сіздің қылмыстыларды әшкерелеу мәнеріңізге тәнтімін. Қылмысты ашу үшін үлкен ой иесі, ақыл иесі болу керек екенін ұққандаймын. Бірақ біз үшін факті үлкен құдіретті күш. Одан аса алмаймыз. Біз жақында аурухананың қоймасынан ұрланған заттарды базарда сатып жүрген жерінен Байболова дегенді ұстадық. Ол мұны көшеден тауып алдым деген сылтау айтты. Бірақ, біз оған қалған одеял мен кілем төсеніш табылса, жазаны жеңілдетіп, босатамыз деген шарт қойдық. Байболова қойманы кімнің ұрлағанын айтып берді. Он тоғыз одеял Глухованың үйінің клетінен табылды. Ал сіз қылмыскер әйел емес, еркек дейсіз. Және кілеттің аузында Глухова салған балғадай шойын қара құлпы бар. Талғат бүгіліп, басын төмен салып, бір сәт үнсіз отырды. Саусағын шошаң етіп көтеріп.

– Әлихан Ділдәбекович, қылмыскерді онша ақымақ деп ойлау қиын. Сестра Глухованың ұрлыққа бейім емес екенін біледі. Ұрлаған заттарын соның кілетіне жасыра тұрып, кейін алайын деген шығар. Солай жасауы мүмкін бе? Глухованың үйіне заттарды жасыруын осылай ойлауға болады ғой. Немесе Глухованы ұры етіп көрсетіп, қаралап,

одан құтылғысы келген. Иә, әлгінде сіз қойманы тонаудың өзі қылмыс емес пе? Сөйтіп тұрып, ол қылмысты жапқысы келгені несі? – дедіңіз. Қылмыс пен қылмыстың арасында үлкен айырма бар. Дәлелденбеген ойды күнілгері жария ету жарамайды. Сөйтседе, қойманы тонаушы өзінің үлкен сұмдығын жасыру үшін арзан, пасық іске барған.

– Байқасаңыз, Талғат, мен жұрт көзіне қылмыстыларды әшкерелеуші емес, қорғаушы секілді көрініп барам. Рысбек Тілеуовтың жөні бөлек дедік. Біз бұл жайында келіскенбіз. Мен Байболованы да босатуға мәжбүр болдым. Ол куә ретінде қалды. Глухованы сіз кінәсіз дейсіз. Сонда мен не істеуім керек? Қандай ақыл бересіз?

– Глухованың тергеуде жатқанын Цой біле ме?

– Оны айта алмаймын.

– Цойды куә ретінде шақырып көрелік, Оның айтқандарын тыңдайық. Бір мекеменің басшысы. Өзінің карамағындағы қызметкер жөнінде пікірін білгеніміз жөн.

– Мен бұған қарсы емеспін. – Майор трубканы көтеріп: – Шақырғанымызға келе қойса жақсы, – деді де ауруханаға телефон соқты. – Бұл Цой жолдас па? Сәлеметсіз бе? Сізді мазалап тұрған майор Ділдәбеков. Сөйлесетін әңгімеміз бар еді. Қалай жолықсақ екен? Сіз бөлімшеге келе алмайсыз ба? Иә, бүгін. Қолыңыз тисе, қазір келіп кетіңіз.

Цойдың жұмсақ, майда үні естілді:

– Ертең бізде операция жасайтын күн. Біраз дайындық жұмыстарын жүргізетініміз бар. Аурулардың өздерін пышаққа жатуға әзірлеу керек деген сияқты. Тек түстен кейін ғана шығуға мұршам келеді. Әңгімеміздің тақырыбын білуге бола ма? Құпия демесеңіз, айтыңыз.

– Қойманы тонағандардың ізіне түстік. Әйткенмен кейбір жайлар көмескі. Өзіңіздің көмегіңіз керек боп тұр.

– Мен дайын. Сағат үште келемін.

– Цой бұл уақытты бекер белгілеп отырған жоқ, Талғат Майлыбаевич, – деді майор трубканы қойып жатып. – Сағат төртке дейін ол сөзі өтетін салмақты адамдарға телефон соғып, жұмысының көптігін, қиын екендігін айтады. Алматыдан комиссия келейін деп жатқанын білдіреді. Қойма тоналып, соған дайындала алмай жатырмыз деп мұңын шағады. Милиция не бітіріп жатыр деген сұраққа:

«Милиция қылмысты табудың орнына өзімді шақыртып, әлекке салып жатыр» дейді.

– Сіз өз құлағыңызбен естігендей айтып тұрсыз ғой, жолдас майор, – деп Талғат күлді. – Оның олай дейтінін қайдан білесіз? Осы қалада он бес жыл онымен бірге қызмет істеп келемін. Аракідік кездесіп тұрамыз. Бас хирургтің сөзі милицияға қарағанда өтімді екенін өзіңіз де байқарсыз.

Бестөбе ауданға бағынатын қала ғой. Бір сағат өтпей майор Ділдәбековты аудандық атқару комитетіне шақырып әкетті.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Талғат Бестөбе қаласына жүрер алдында полковник оны өзіне шақырып алып, лабораторияның қорытындысын хабарлаған еді. Үңгірден табылған алтынды таразыға салғанда үлкен кесегі төрт килограмм, студентке жіберген кішілеу бөлегі екі килограмм тартқан. Бұл кесек алтындар С қаласының маңынан өндірілетін алтынмен тектес екені анықталды. Сонымен Бестөбе қаласында алтынмен астыртын сауда жасайтын қылмыстылар бар да, олар көзге түспеудің тәсілін қарастырып, елсіз жердегі өзеннің қалтарыс жағалауынан өздеріне көмбе жасап алған.

– Сірә, олар осындай құпия жолмен көп уақыттар бойы алыс-беріс сауда жасап келген, – деді полковник сөзінің соңында. – Бұл жайында сіздің долбарыңыз дәл келді. Әйткенмен, қылмыстылар әлі бостандықта жүр. Алтынмен сауда жасаушылар мемлекетке көп зиян жасайтынын білесіз.

Кісі өлтірген қылмыскерді қайткенмен де табуға тиіспіз. Бұл оқиға Бестөбе қаласының маңында болып отыр. Сондықтан ондағы әрбір уақ істің өзіне назар аударуды ұмытпаңыз, – деп кеңес берген еді. Талғат алғаш аурухана қоймасының тоналғанын естігенде алғашқы сәтте қалалық милиция бөліміндегілер ұрыны өздері шұғылданып, тауып алар деп, мән бергісі келмеп еді. Қабырғаға түскен туфлидің таңбасын көргеннен кейін дереу ден қоя бастады.

Әккі бұзақылар мұндай ұсақ қателерді жібермейді. Бұл біреуге қастандық ойлаған, ұрлықтан аулақ кісінің шалағайлығы. Талғат өзінің осы ойын майор Ділдәбековке айтқанда, ол қазіргі тұста фактіге көбірек сенетінін сездірді. Ұрланған нәрселер Глухованың үйінің кілетінен табылды. Арашалау қиын. Әйткенмен Талғат Глуховамен әңгімелесуді мақұл көрді. Мұның алдында ол Алматыға телефон соғып, полковник Дайыровтың келісімін алды. Талғат тергеушінің бөлмесіне келгенде аға лейтенант Быстров Глуховадан қайтадан жауап алып жатыр екен. Бөлмеде артық орындық жоқ. Ол шапшаң тұрып, өз орнын капитан Майлыбаевқа ұсынды. Талғат отыра бер дегендей қолымен белгі берді де, өзі тергеушінің қасында түрегеп тұрды. Быстров сұрағын жалғастырды.

– Ұрлықтың не екенін білмеймін дейсіз. Айтқаныңызға сенейік. Ал сонда қоймадан ұрланған одеялдардың бумасымен сіздің үйдің клетінде тығулы жатқаны қалай? Оны басқа біреу апарып құлыптап қоймаған шығар. Әйткен күннің өзінде сізден құлыпты ашу үшін кілтті сұрап алар еді. Солай ма? Глухова жауап қатпады.

– Жауапкершіліктен үндемей құтылғыңыз келе ме? Қасарысқанмен жаза жеңілдемейді, қайта ауырлай түседі.

– Ұрлық жасау, біреуге қиянат ойлау секілді жат істен аулақпын. Сондықтан сізге беретін жауабым жоқ.

Глухованың бұл жауабы бұрын да айтылған ба, Быстров шыдамай, өрттей күйіп орнынан атып тұрды:

– Сіздіңше, ұрланған мүлікті кілетке мен апарып қойдым ба? Неге түзу сөзге көшпейсіз. Өзіңіз алмасаңыз, мүлікті жасырған сыбайластарыңызды айтыңыз. Ерте ме, кеш пе, бәрібір мойындайсыз. Шындықты бүге алмайсыз!

Талғат тергеушінің сөзін бөлді:

– Жолдас аға лейтенант, бір-екі сұрау беруге рұқсат етіңіз,— деді де, Глуховаға жылы шыраймен: – Осында келместен бұрын аудандық комсомол комитетімен сөйлескен едім. Ондағы жолдастар сіз жайында жақсы пікірлер айтты. Қойманы тонаумен, ұрлықпен байланысты іспен шұғылданғаныңызға қайран қалады. Алдағы жазда институтқа жолдама бермекші едік, мұнысы несі деп өкі-

неді. Менің өз басым аудандық комсомол комитетінің айтқанына сенемін. Бірақ, кісіге сену бар да, және кісінің бетіне шіркей келтіретін жағымсыз факті де бар емес пе? Сол жағымсыз фактінің бірі қоймадан ұрланған мүліктің сіздің үйдің кілетінен табылғаны болып отыр. Осыны қалай түсіндіресіз?

– Білмеймін, тергеуші азамат...

– Кешіріңіз, мен өзімді таныстырмаған екенмін ғой. Капитан Майлыбаев Талғат, облыстық милиция бөлімінің қызметкері. Ал мен сізді білемін. Аида Глухова, аурухананың медсестрасы. Солай ма? Ал енді ашық әңгімелесейік. Кілетке біреулер одеялды апарып тығып қойсын делік. Дәл қойманы тонаған күні терезенің тиегін салмай, ашық қалдыруыңыздың мәнісі қалай? Бұрын әйнектерді тұтас жауып тұратын тақтай бар екен. Оны да алып тастапсыз. Бір сөзбен айтқанда терезені өзіңіз әдейі ашық қалдырғансыз. Әлбетте, осының бәрі сізге күдік туғызады.

– Бұл жайында өзім де көп ойландым. Терезенің тиегі салынбай қалғанына өзім де таң қаламын. Қойманы жаппастан бұрын алдымен терезені қарайтынмын. Ұры түскен күні де жабық болатын. Сырттан әйнекті сындырмай, қалай ашқанын білмеймін. Ал сол күні кешінде кенеттен жарық сөніп қалды да, мені дереу операция бөлмесіне шақырып әкетті. Жас қыз соқыр ішекпен түскен еді. Соған операция жасап жатқан. Жан-жақтан май шам ұстап тұрдық. Операция ұзаққа созылды да, шаршап шыққаннан кейін үйге қайттым. Терезенің тақтайын жауып кетуді ұмытып кетіппін.

– Қойма есігінің қанша кілті бар?

– Сестра хозяйка маған бір кілт беріп кеткен. Басқасын білмеймін.

– Қойманы құлыптағанда сүргіш салына ма?

– Есік коридордың ішінде, оған сүргіш салғанын көрген емеспін.

– Кілеттің кілтін қайда қоясыздар?

– Күндіз үйде ешкім болмайды. Және үйге ұры түскенін естіген емеспіз. Үйдің, кілеттің кілттерін сырттағы табал-

дырыңтың астына тастай саламыз. Інім мектепте оқиды ғой. Мен жұмыста жүргенде есікті өзі ашады.

– Кілетті жиі ашып тұрасыздар ма?

– Кілеттің ішінде ор бар. Соған күзде картоп толтырып тастағанбыз. Одан кейін ашқанымыз жоқ.

– Менің сұрағым бітті. Сізге рахмет. Талғаттың жылы сөзі дәмелендірді ме, Глухова өтініш айтты:

– Мамам әжеміз науқастанып, Жаркентке кеткен еді. Інім үйде жалғыз. Шайын жөндеп іше алмай жүр. Мамам келгенше мені босата тұрсаңыз қайтеді? Бұл іс тынбай, бәрібір қаладан кетпеймін.

– Облыстан келгенімді сізге айттым ғой деймін. Тергеуде үлкен айып тағылып отырған кісіні босатуға хақым жоқ. Оны осындағы милиция басшыларының өзі шешеді. Кейде қоғамдық ұйымдардың сұрауы бойынша, іс анықталғанға дейін, уақытша шығара тұратын сәттер болады. Аудандық комсомол комитетімен бірге сізге кепілдікке жүруге уәде берейін. Бізді ұятқа қалдырмассыз деп ойлаймын.

– Рахмет. Сеніңіз маған. Өздері оңаша қалған кезде Талғат аға лейтенант Быстровқа аудандық комсомол комитетінің өтініш талабымен Глуховаға сенетіні жөніндегі кепілдігін көрсетті. Аға лейтенант шегіншектеп бажырая қарады:

– Жолдас капитан, сіз шынымен араға түспексіз бе? Бұл көпе-көрнеу қылмысты бүркеу ғой.

– Жолдас аға лейтенант, сіз бұған таңқалмаңыз. Қылмысты кім жасағанын біз әлі ашқанымыз жоқ, білмейміз.

– Фактілер Глухованың қылмысқа қатысы барын мойындатып отыр. Оны көрмегенсіп, жаба салудың реті қалай келетінін білмеймін. Майордың рұқсатынсыз дәнеңе жасай алмаймын. – Осы кезде кабинетке майор Ділдәбеков кірді.

– Ол майдалап жүріп, барлық жерге шағынады деп айтып едім ғой, Талғат Майлыбаевич. Дәл солай жасаған. Бірінші секретарьға дейін баруға тура келді.

– Хатшы не айтты?

– Тиісті кісілерге қатты ескертіп қойды. Енді бізге ешкім бөгет жасай алмайды. – Ділдәбеков тергеушінің

қолындағы Талғаттың кепілдемесін, аудандық комсомол комитетінің өтініш талабын көріп: – Сіз өз логикаңызға қатты сенесіз білем. Ал Глухованың қылмысқа қатысы барын дәлелдейтін фактіні қалай жоққа шығарасыз?

– Мұның бәрі жалаң фактілер. Қылмыстың беті әлі ашылған жоқ. Майор Ділдәбеков Талғаттың түпкі ойын түсінді. Иегін сипалап, ойланып отырды да:

– Осының бәрі Сарғабандағы оқиғаға қатысы бар деп қарайсыз ба? – деді.

– Оны дәлелдеуіміз керек, Әлихан Ділдәбекович.

– Бұл жолы да сіздің долбарыңызды байқайық. Шынында, Аида Глухованың қамаудан босанып, еркіндікте жүруі кейбіреуді қатты абыржытуы ықтимал. Бәлкім, батылырақ әрекет жасап, өзінің бетін ашар.

– Тек осындай жолмен ғана күдіктіні анықтай аламыз.

– Жақсы, менің қарсылығым жоқ.

– Қолдағаныңызға рахмет айтамын.

– Сіз асықпаңыз, әлі біз алғысымызды өзіңізге жаудырамыз. Иә, айтқандай, бірінші секретарь сізге сәлем айтты. Тегі біздің полковникпен жақсы таныс кісілер секілді. Қолыңыз тигенде келіп-кетуіңізді сұрады.

– Неге шақыратынын білмедіңіз бе?

– Әңгімелескісі келетін ойы бар.

– Шұғыл баруым керек пе?

– Секретарьдің сіз жайында пікірі бөлек. Құр қол жарамайтын шығар, осы оқиға тамамдалған соң барсаңыз да болады. Талғат бұл күні де жұмыстан кеш қайтты. Ол пәтеріне бармастан бұрын аурухананың ауласын, Глухованың үйінің кілетін көріп, сол жақты кезіп көп жүрді. Шым-шытырық ой көмескі қалпымен сан қияға жетелейді. Әлгінде өзіне айқын көрінген іс әп-сәтте қисынсыз саналып, жаңа, соны дәлел іздейді. Алғаш Глухованың үйінің кілетінен ұрланған одеял табылған кезде, бұл қылмысқа Аиданың қатысы бар ма деп қалып еді. Кейін бұл ойынан шапшаң айныды. Көп мүлік пен алты метр кілем төсенішті жалғыз, жаяу адам көтеріп жүре алмас еді. Көтерген күнде де жұрттың көзіне түсіп қалам деп сескенер еді. Ұрланған заттарды тез алып кету үшін

қайткенмен де көлік керек. Арбамен келу қисынсыз. Оған тиіп жатқанын жұрт бәрібір көреді. Мұндайда ең қолайлы көлік – машина. Қызметтегі машиналардың шофері көпекөрнеу ұрлыққа бармайды. Сонда қойманы жеке меншік машинасы бар адам тонаған. Бұл бір жағынан Глухованың кінәсіз екенін дәлелдей түседі. Екіншіден, ол мүлікті ұрлаған күннің өзінде кілетке апарып жарқыратып қоймас еді. Қойманы тонаушының мақсаты біреу: қайткенде де Глухованы қаралап, одан құтылуды көздеген. Момын жас қыздан сонша сескенуі қалай?

Аиданы қылмыстан арашалайтын тағы бір жай бар: ұры түскен терезенің крест түрінде айқастырып, жақтауға қаға салған темірі бар. Темірдің бір жақ басын шығарса, кісі еркін сияды. Сол темірлерде Аиданың саусақтарының таңбасы табылмады. Бұған қарағанда қойманың екінші кілті болған. Жұмыс уақыты бітіп, жұрт тараған кезде қылмыскер қойманы ашып, темірдің бір жақ шегесін суырып, босатқан, әрі терезенің тиегін ағытып кеткен. Былайша айтқанда, ұрлыққа күнілгері әзірленген. Осыны жасап жүрген кім?

Осындай ой үстінде Талғат пәтеріне жеткенін де байқамай қалған еді. «Түнделетіп жүргенінді қоймадың-ау!» деген сөзден селк ете қалды. Бұрылып қарап еді, Захар Антонович екен. Талғаттың машинасы қораның ішінде тұрған. Қар жауғалы жүрген жоқ. Захар Антонович машинаның қарын тазалап, үстін брезентпен жауып жатыр екен.

– Машинаны күтіп ұстасаң, ұзақ жолда алаңдамай еркін жүресің, қиналмайсың, – деді де, Талғаттың бас-аяғына қарады. – Киімің жұқа ғой, балам. Жаураған шығарсың, үйге кіре бер. Мен өзім-ақ бәрін жайғаймын.

Талғат ертеңіне жұмысқа келгенде, Ділдәбековпен сөйлесіп отырған полковник Дайыровты көрді.

– Сәлеметсіз бе, жолдас полковник?

– Сәлем, жолдас капитан, – деп Дайыров қолын ұсынды.

– Хал қалай?

– Жаман емес! – Талғат қасына отырғанда Дайыров:

– Сарғабандағы оқиғаға байланысты облыстық ми-

лиция басқармасына шұғыл міндет жүктеліп отыр. Біз майор Ділдәбековпен әлгінде осы жайында әңгімелесіп отыр едік. Алтынды Бестөбеге әкеліп, арада делдал болып жүргені қайсы? Дәрігер ме, әлде ақсақ па? Кісі өлтіру үлкен қылмыс. Мұны олар да біледі. Рахымды өлтіргеннен кейін қылмыстылар бұл қалаға мүлде жоламай кетуі мүмкін емес пе? – деген күдік келеді.

– Қылмыстылардың қайсысының астыртын тәсілмен алтын тасып жүргенін кесіп айту қиын. Дегенмен, оның біреуі дәрігер десек, қайткенмен де ол жұмыс орны бар адам, еркін кезіп, қыдырып жүре алмайды. Сірә, осы топты байланыстырушы күпшек аяқты кісі ме деп ойлаймын. Ал олар Рахымның өлімінен соң бұл қалаға келе ме деген мәселеге келсек, олар оралуға тиіс. Өйткені оларды үркітіп алмау үшін бұл іске Рысбек Тілеуовтың көмегін сұрадық. Ол да күпшекттей ағаш аяқпен жүретін адам. Меніңше қылмыстылар осы торға түссе керек.

– Тілеуов аузына берік адам ба?

– Отан соғысының мүгедегі, өмірдің ащы-тұщысын көрген кісі.

– Онда белгісіз ақсақ кісі мен дәрігерді осы қаладан күтетін болдық ғой. – Полковник Сарғабан оқиғасы жайындағы үлкен папканы ақтарып отырып: – Цойдың жауабында ол бар кінаны Глуховаға аударғысы келетіні байқалады. Терезені әдейі ашық қалдырған да, ұрлық жасаушы сол Глухованың өзі дейді.

– Глухованы тергеуден босатқаннан кейін бұған оның қалай қарайтынын анықтаған жоқпыз.

– Цой бұдан жиырма минут бұрын өз машинасына отырып, Сарғабанға жүріп кетті. Қасына бір жігітті қосып, Нұржан Мақатаевты отырғызып жібердік. Олар Сарғабанның тұсында Цойға жолығуға тиіс.

– Цой Нұржанды таниды. Бұрын кездескен. Сонысы бөгет болмай ма?

– Майор Ділдәбеков ол жайын да айтты. Нұржандар дәрігермен бетпе-бет кездеспейді. Оның қажеті де жоқ. Тек Цойдың қай тұста тоқтағанын анықтап қайтады. Сол жерге вертолет жібереміз. Бір сағат өтпей стол үстінде

тұрған арнаулы аппараттан Нұржанның дауысы естілді. Цой резинка етік киіп, ашпалы басқыш алып, өзенді жағалап кеткен. Ол Рахым жатқан шидің түбіне барып, нақ сол тұстан өзенге беттеген. Майор Ділдәбеков қысқа жауап қатты:

– Сізді жақсы түсіндім. Көзге түспей, шапшаң қайтыңыздар!

– Құп болады, жолдас майор!

Арнаулы аппараттың дыңылдаған үні естілді...

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Олег Майснер тоғызға он бес минут қалғанда үйінен шығатын. Емхана алыс емес, он минуттық жол. Ол көшенің бір жақ бетімен жүріп, жұмыстан қайтқанда да сол жүрген жолымен қайта оралады. Сұңғақ бойлы, арықша келген жас жігіт. Киімі де, жүріс-тұрысы да бір қалыпты, өзгермейді. Үстінде сәнмен тіккен, жалпақ қалталы қысқа пальто, алтын түйме қадалған ақ көйлектің жағасы пальто омырауынан көрініп, өңін ашып, тұла бойын жинақылап жарасты көрсетеді. Оның айнымайтын серігі – сары портфель, өзін ересек кісі танытқысы келе ме, қолынан тастамайды.

Олег бүгін де портфелін ұстап, үйреншікті жолына түсіп алып, жұмысына бара жатқан. Қазықша етіп қадаған көк шарбақтың тұсынан өте бергенде Дарьяның дауысын естіді:

– Жігітім, халің қалай? Түрің боп-боз, нәр татпаған түрің бар. Үйге кір, сары май салып, ыстық сүт берейін. Базардың көк суы емес, өзіміздің ала сиырдың сүті. Өзің дәмін көрші, кейін мен шақырмай-ақ, жүгіріп келіп тұрасың.

– Рахмет, Дарья апай, жұмысқа асығып бара жатырмын.

– Онда қайтар жолыңда соқ, алтыдан кейін сені ешкім мазаламайды ғой.

– Кешіріңіз қолым тимейді.

– Ех, Олег, шақырғанға келмесең, кейін өкінесің. Ол

өкінішің ғұмыры көкейіңнен кетпейтін болады.

– Сіз қорқыта да білесіз-ау деймін, Дарья апай.

– Сен сияқты білімдар емеспін, оқымағанмын. Бірақ өмірдің сабағын білемін. Соны саған үйретейін деп едім.

– Өзің көзбен көріп, бастан кешпеген соң біреудің үйреткен тәлімінде қанша қасиет бар дейсіз. – Олег қай мезгілде өтсе де, Дарьяның шарбаққа асылып, жолын тосып тұрғанын көреді. Олег мұны алғаш елемегенімен кейін оны әбден мезі етті. Бұл көшенің бойымен жүрмеуге қанша рет ант етсе де, онысын ұмытып, қалай жүріп кеткенін білмей қалады. Ол Дарьяның барылдақ дауысын естігенде ғана үйреншікті көшеге түскенін бір-ақ сезеді.

Олег емханада тіс салушы техник болып істейтін. Жылдан астам уақыт құрылысшылардың жатақханасында тұрды. Бестөбеде тіс салатын техник жоқ еді де, қала мұндай мамандыққа зарығып отырған. Олегке келген бетте жатақханадан жеке бөлме берді. Көршілерінің бәрі қыздар болатын. Өткен май мейрамында қыздар кеш өткізіп, оған Олегті де шақырды. Өңшең әйелдердің ішінде ол жалғыз болды. Еркек жалғыз болған соң, қыздардың бәрімен кезектесіп билеуге тура келді. Сол кеште Дарья да болған. Қыздар оның ыдыс-аяғын алыпты да, шақырмай қоюды ыңғайсыз көріпті. Әрі жалғыз бас, әрі зарыққан жесір әйел көңілін көтерсін деп ойлап Олег оны да биге шақырды. Дарья өтіріктен-өтірік мас болғансып, басқа қыздардың кезегін бермей, Олегті бас салып, биге сүйреп жүрді. Қыздар Дарьяның көргенсіздігін елемегенсіді. Кешке өздері шақырғаннан кейін қызықты отырыстың шырқын бұзбайын деді. Дарья қолы мен балтыры келсаптай жуан, быртыған семіз әйел еді.

– Менің денемнің толықтығы демесеңдер, сендерден жасым онша үлкен емес, – деп томпаңдап билеп жүрді. Бөксесін қозғай алмағанымен, кеудесін көтеріп қояды.

– Біздің Дарья апай жарайды. Табаны-табанына жұқпай билеуін қарашы, нағыз биші секілді, – деп қыздар мазақтап күлісті. Оны Дарья мақтау есепті санады. Би кезінде Дарья:

– Жігітім, мынадай шошандаған қыздар саған қатын боп жарытпайды. Біз сияқты есік көргенді құш. Өзіме

келсең өкінбейсің. Жұмақ төріне шыққандай отырғызып қоямын, тәнті боласың, – деп сыбырлағанда Олег ішексілесі қатып күлгені бар. Қыздардың алдында оның сөзін қайталап, жесір әйелді ұялтпайын деді. Дарья жас жігіттің әдеп сақтағанын көңілі бар деп ұқса керек, ол жұмысқа барарда және қайтқанда жолын тосатынды шығарды. Ынтық, ғашық екенін білдіріп бір сөйлеп қалады. Олег үндемей басын шайқап жүре береді. Дарьяның шыдамы таусылды. Бүгін ол әңгіменің басын біржола ашып алғысы келді. Олегтің илікпейтінін көрген соң ұяң жігіт жасық па деп ойлап, қорқытып алмақ еді. Олег қатты ашуланып кетті:

– Қырықтан асып қырғылжың тартсаңыз да, балаңыздай адаммен солай сөйлесуге ұялмайсыз ба? Ар қайда? Ұят қайда? Бұдан былай жолымды тоспай, аулақ жүріңіз! – деді.

– Айтпады деме, жігітім, кейін өкінесің. Өзіме келмесең, басқаға да бұйыртпаймын. Басыңа бәле үйіп, айдаатып жіберем! – деп Дарья жұдырығын түйіп қалды.

Көрші кемпір Дарьяның айқайлаған дауысын есітіп, қасына келді:

– Байқұс-ау, таң атпай кімге кіжініп тұрсың?

– Мынау сүмелекті көрдің бе? Сол неме мазамды алып қоймайды. Жалаңаш етіңнен сипат, қойныңа ал деп қикалаң салады. Жесірдің қорғанышы жоқ дей ме екен. Соған жыным келіп тұрғаны. Вероника қызыл иегімен тамақ іше алмай көп жылдан бері қиналып жүретін. Қалаға тіс салатын техник келгенде, оған бірінші болып жазылып, әппақ маржандай тіс салдырып алған еді. Ол Олегті таныды.

– Бұл жігіт тіс технигі емес пе? Жас балаға жаман сөз айтуға қалай ұялмайсың? Мас кезінде қасыңа жиіркенбей жата салатын сасық Егор деп пе едің. Құдайдан қорықсаң кайтеді!

– Алжыған албасты неме, сенен ешкім ақыл сұрап тұрған жоқ. Өзің әукең қышымаған соң, еркектің қайбір қасиетін ұғатын едің. Басымды қатырмай аулақ кет.

– Түрің құрысын, сайқал неме, сен біреудің басын жұтарсың! – Вероника жерге түкіріп жөніне кетті.

Олег Дарьяның сөзін естімеу үшін бұрылыстау болса да, жұмысқа барғанда және қайтқанда басқа көшемен жүріп жүрді. Алғаш Дарья адасып қалды. Командировкада деп ойлады. Мүлде көрінбей кеткен соң «осы қайда жүр?» деп, емхананың алдын тосып аңдыды, қай көшемен жүретінін біліп алды. Бір күні көшенің тасалау бұрылысында қарсы жолықты.

– Менен қашып құтыла алмайсың. Жер астына кірсең де қоймаймын. Жаныма жоламай жалтарсаң, зорлаған есепті ұстатып берем. Абройыңнан айрылмай тұрғанда қасыма өзің келіп жат. Төсегім дайын. Қалай аунатсаң да еркіңе көніп берем.

– Бұл сөзіңізді қоймасаңыз, тиісті орынға хабарлаймын.

– Айтқаныма көнбейсің ғой? Онда мен қалай хабарлайтынын көрсетейін! – Дарья пальтосын шешіп, лақтырып тастады да, көйлегінің омырауын пәре пәресін шығарып, қардың үстіне айқайлап жата қалды: – Ойбай, құтқарындар! Адамдар, кайдасындар, мына ит мені шаңқай түсте зорлап кетті. Жұртқа енді не бетімді айтам. Бүйтіп қор болғанша өлгенім жақсы! – Әпсәтте, қараңғы кешті басына көтеріп, аттан салып жылай бастады. Жұрттың жұмыстан қайтқан мезгілі ғой. Әп-сәтте жиналып қалды.

Олег Дарьяның бажылдаған айқайынан шошып, жедел басып жүгіріп бара жатыр еді. Милиционер Өкісбай ысқырығын шалып, қуып жетіп желкеден бір түйді.

– Шәлтиіп алып, бұл иттің айғырлығын қарай көр. Ысқырық шалғанда неге тоқтамайсың? Әйелге жәбір көрсеткенінді көрейін, алапес сұм! – деп қолын артына қайырып, сүйрей жөнелді. Аздан кейін Олег Майснер мен Дарья Пименованы милиция бөлімшесіне алып келді. Акт жасады. «Қалай, қай кезде болды?» деген сұраққа Пименова жылап отырып жауап қатты:

– Бұл сұмыраймен өткен майда қыздардың бөлмесінде танысқан едім. Жесір қатынның сұрауы жоқ, оңай көне салады деп ойлады ма, қойныңа алсаңшы деп қиғылық салып жүрді. Шешендей адаммын, сөз айтуға ұялсаңшы, деп дарытпай жүр едім. Жаңа жұмыстан қайтып бара жатқанда қараңғыда көрмейді деді ме, бас салып, көйлегімнің дода-додасын шығарды.

– Мұның бәрі жалған, сұмдық! – деп, Олег шыдай алмай айқайлап жіберді.

– Азамат Майснер, сіз айқайламаңыз, – деді Быстров қағаздан басын көтеріп. – Адал адам айқайламайды.

– Кешіріңіз, жолдас аға лейтенант. Сіз бұл әйелдің айтқанына сенбеңіз. Айтып тұрғаны шылғи өтірік. Өзі айтқан май айының кешінен бері менің қыр соңымнан қалмай, жолымды торып, өзімен бірге тұруға қыстағысы келді. Көнбеген соң осындай айла жасап отыр.

– Жас басынмен жалған айтуға ұялсаңшы. Мен шешендей адаммын. Саған сөз айтуға қалай аузым барады. Сендей сұмырайларға өкімет білім бергенде, жалған айтсын деп үйретіп пе еді? – деп, Дарья бет қарататын емес.

Быстров жалған айтқаны үшін заңмен жауапқа тартылатынын айтқанда, Пименова:

– Бір құдай төбемде, тек шындықты айтамын. Сөзімнің жалғаны жоқ. Бұл кезде полковник Дайыров пен Талғат, Әлихан үшеуі Цойдың Сарғабанға барған сапары жайындағы пленканы көріп отыр еді. Цой ашпалы басқышты жарқабаққа тіреп қойып, істік темірмен үңгір қуыстарды шапшаң қарап жүр. Қимылына көз ілеспейді. Пленка вертолеттен түсірілген ғой. Сірә, үстінен ұшып бара жатқанда төбесіне бажырая қараған ба, Цойдың бет-пішіні тым айқын, қатпарына дейін көрінген. Ал мына көрініс тым қызық. Талғат пен Нұржанның алтын тапқан үңгіріне жеткенде мойнын созып, үңіле түседі. Істік темірін оңтайлап алып, үңгірге тыға бергенде тісін ақсита айбат көрсетіп, тұра қашқан қасқырдың күшігінен сескеніп, шалқалақтап, өзін ұстай алмай, суға былш етіп құлаған. Үйелеп көтеріле алмай, тыпырлап жатыр. Әлден соң үсті-басы малмандай су қалпымен машинаға эзер отырады. Соңғы көріністерді тағы бір көріп шыққаннан кейін полковник Дайыров Ділдәбеков пен Талғаттың пікірін білгісі келді ме, екеуіне кезек қарап:

– Цой өзінің бұл сапарын қалай ақтар екен? Қандай желеу айтады деп ойлайсыз? – деді.

– Ол Сарғабанға бармастан бұрын айтатын сылтауының

жауабын ойлап қойса керек-ті. Оны ертең еститін шығармыз, – деді Талғат.

– Өзін әшкерелеп аламын деп қорықпай ма?

– Ол несіне сескенеді? Қуыс ұялар мен індерді қарадым десе де, біздің оған тағар айыбымыз қайсы? Қасында куәға тартар Аймангүлі бар. Ол Цойды қызғыштай қоритынын білесіз.

– Аймангүл машинадан шықпады. Цойдың ін-қуыстарды тіміскілеп жүргенімен әуестенбеді. Аймангүлдің мінезі ондай сабырлы емес сияқты еді, – деп Ділдәбеков таңғалғандығын білдірді.

– Дұрыс айтасыз, – деді Талғат майорды қостап.

– Аймангүл Цойдың қасынан бір елі қалмауы керек еді. Тегі Аймангүлге алдап, ұйықтататын дәрі ішкізген секілді.

Кабинетке аға лейтенант Быстров кірді.

– Жолдас майор, баяндауға рұқсат етіңіз, – деді Ділдәбековке қарап. – Олег Майснер әйелді зорламақ болған жерінде ұсталды.

– Майснер дейсің бе? – Ділдәбеков сабырсызданып орнынан ұшып тұрды. – Зорлағаны қалай?

– Жәбір көрген Пименова осында отыр. Сарапшыларды шақырдым. Майснердің қаншалықты кінәлі екенін анықтау керек шығар.

– Майснердің бұл іспен шатылғаны керек емес еді, – деп, Ділдәбеков өкініш білдіргендей желкесін сипалады. Оның себебі бар еді. Бұдан бір жеті бұрын Майснердің астыртын алтын тіс салумен шұғылданатынын, қарақан басы тұрып, бес мың сомға бау-бақшасымен үлкен үй сатып алғанын көрсеткен домалақ арыз түскен. Аға лейтенант бұл жайындағы әңгімені білетін. Ол майордың өкінішін ұқты. Сол арыздан алтынды ұрлаушылар тіс салушы техникпен байланысы жоқ па екен дегендей күдік туған. Мұндай күдік расталса, олар Майснердің қамалғанын білгеннен кейін ізін білдірмей кететіні айқын. Не істеу керек? Майор Ділдәбеков полковник пен Талғатқа қарады.

– Майснерге тағылып отырған айып үлкен. Дәл қазір оны босатып жібере алмаймыз. Сарапшылардың қорығындысын көрейік. Олардың не айтатынын байқайық, – деді полковник.

– Солай істегеніміз дұрыс болар, – деп, Талғат та оны қостап басын изеді. Бұдан кейін бірнеше күндер өткен. Қала тіршілігі өзінше жүріп жатты. Талғаттар тыным көрмей, күдік қалдырған жәйдің бәрін қайта-қайта тексеріп, алтынмен сауда жасаушылардың қалаға келуін күтті. Бұлардың ойынша қылмыскерлер Цойға немесе Майснерге жолығуы тиіс деп білді. Қолдағы материалдарды сұрыптағанда осы екеуінде ғана күдік қалған еді. Ал Олег Майснер енді Дарьядан сескенбей-ақ өзінің үйреншікті көшесімен жүріп жатты. Сарапшылар Пименоваға сырттан зорлық жасалмағанын, оның байбаламы жалған екенін дәлелдеген. Оның үстіне жатақхананың қыздары мен Вероника шешей Дарьяның сұмдық айлсын мойнына қойып дәлелдеп берген. Бұл кезде қалаға дабыраған тіс салушы техниктің әңгімесі басылып, жұрт оны ұмыта бастап еді. Бірақ Майснерді милиция орны ұмытқан жоқ. Оның үйді қандай табыспен тапқан ақшаға сатып алғанын тексеріп жатқан. Цой мен Майснердің жексенбі күнгі кәсіптері бір-біріне ұқсамайтын. Майснер ертеден кешке дейін үлкен бағын аралап, ағаштарының түбіне қар үйеді, көң шашады, арықтарын тазалайды. Күні бойы күйбеңдеп, қолынан күрек түспейді. Ал Цой таңертемен міндетті түрде ауруханаға соғады. Бұдан кейін машинасына отырып алып, келесі темір жол станциясына барып қайтады. Соңғы кезде Аймангүлді қасына алмай жалғыз кетіп жүрді. Алтынды таба алмайтынына көзі жетті ме, Сарғабанға баруды қойды. Ол өзінің суға құлаған кездегі сапарын жасырған жоқ. Соңғы кезде журналдарда құстың жасаған ұясына тамақ пісірсе, ем екені жазылып жүр. Аймангүлге шипасы тие ме деп, көк қарғаның ұясын қарадым дей салды.

Күндер кезегімен өтіп жатты. Бүгін жексенбі еді. Майснер сатып алған қасқыр итіне тақтайдан үйшік жасап, әбігерленіп жүр. Цой бұл кезде ауруханаға кірген. Талғат қалтасынан сағатын алып Нұржанға көрсетті:

– Қазір сағат 10. Сағат 11-ден он минут өткенде ол ауруханадан шығып, машинасына отырып, келесі темір жол станциясына қарай кетеді. – Талғат сәл ойланып: – Бәлкім, ол тура вокзалға баруы мүмкін, – деді.

– Вокзалға дейсіз бе? – деді Нұржан таңданып. – Онда барғанда не істейді. Кімге жолығады?

– Цой демалыс күндері ауруханаға келгенімен палаталарды аралап, обход жасамай, ылғи кабинетінде отырады. Әуелі басқа жұртты рұқсатсыз кіргізбейді. Дәл осы уақытта Новосибирск жақтан Ташкенттің поезы өтеді. Поезд станциядан өткеннен кейін ғана кабинетінен шығады. Соған карағанда сол уақыттың ішінде әлде біреудің телефон соққанын күтетін секілді. Менің байқауымша Цой өзіне телефон соққан кісімен кездеседі.

– Бәлкім, өзіңіз айтқан күпшек аяқты кісі шығар?

– Оның кім екенін қазір айту қиын, Нұржан. Дәл осы кезде Цой біреумен сөйлесіп жатқан еді.

Трубкины көтергенде бейтаныс әйелдің дауысы естілді.

– Бұл Цой жолдас па?

– Ия.

– Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып, жапа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келемін. Ауруым күн санап асқындап барады. Қабылдай аласыз ба?

– Демікпе ескі ауру. Бұл дерттің емін таппай әуреге түскен ғұламалар көп. Біз дала дәрігеріміз. Қолымызда қазіргі заманның аспаптары жоқ. Әйтеуір бірдемені долбарлап жасаймыз. Сірә, менің жасаған емім сізге қонар ма екен?

– Оны сіздің ықласыңыз біледі.

– Сіз қазір қайда тұрсыз?

– Қазір вокзалдың алдындағы көшемен баққа қарай шығамын. Келесі көшенің түйіскен жерінде сізді күтемін. Менің қолымда өзіңізге таныс қара чемодан бар. Үстімдегі жалғыз түймесі бар көк пальто, қара жаға салған. Адаспассыз.

– Жақсы, қазір келем. Цой вокзалға бірден бармай, соңында аңдушының бар-жоғын білгісі келді ме, көшелерді кезіп көп жүрді. Қасынан бір-екі такси, жүк машинасы өтті. Онда майор Ділдәбеков бастаған оперативтік топ отырған еді. Цойға бұл қала арасына қатынайтын такси сияқты көрінді. Ізіне түскен көлікті байқай қоймаған соң,

бақты жағалап, екінші көшеге шығып, аялдамаға қарай беттеді. Әйел қолын көтеріп, жаңғыз саусағын шошайтып көрсетті.

Цой өтіп барып тоқтады. Терезеден басын сұғып:

– Қайда барасыз? – деді.

– Жартыбелге апарып тастаңызшы.

– Отырыңыз. Жартыбел Бестөбе қаласынан жиырма бес шақырымдай жер. Осы тұста үлкен аялдама бар. Қысы-жазы ыстық шашлык, шай үзілмейді. Жақындағы колхоздың адамдары қымыз, құрттарын әкеп сатады. Жол қысқа болғанымен қаладан шыққан машиналар Жартыбелге тоқтамай өтпейтін. Цой Жартыбелге жеткеннен соң әйелді түсіріп тастады да, өзі Тентекке қарай кетті. Әйелдің қолындағы чемодан әлгіндей емес, одан сәл кішіректеу еді. Нұржан Жартыбелден бүйірлей қосылып, Цойдың машинасын көз көрім жерге өткізіп жіберген. Ол рациямен майор Ділдәбековпен дереу байланыс жасады:

– «14» Тентекке қарай кетті. Жолаушы жолда түсіп қалды. Қалай бұйырасыз? Жолаушыны ұстаймыз ба, жоқ па? Әйелдің қолындағы басқа чемодан, машина ішінде ауыстырып алды.

– Әзір тимендер, осында келген соң ақылдасамыз. «14»-ті Тентекке дейін өткізіп салыңыз да, шапшаң кейін қайтыңыз. Онда оны басқа адамдар қарсы алады.

– Құп болады! – Нұржан қабылдағышты іліп қояды.

Бір сағаттан кейін Нұржан бастаған оперативтік топ Цойдың қалаға оралғанын хабарлады. Цой жолда ешқайда бұрылмаған. Бестөбеге келісімен үйіне келіп, машинаны ауласының ішіне қойды. Қаракемпір ауруханада үй тазалаушы болып істеумен қатар, жетісіне бір рет Цойдың үйінің қызметін жасайтын. Едендерін жуып, шаң-тозаңын сыпырады, пешінің күлін тазалайды. Цой үйіне келгенде Қаракемпір қорасының қарын күреп жүрген. Цой келгесін Қаракемпір көп бөгелмеді. Шелек, сыпырғыштарын алып, үйіне кетті. Бұл кезде полковник Дайыров пен майор Ділдәбеков оперативтік топпен кеңес өткізіп жатқан. Полковник поездан түскен жолаушы әйелді дереу тұтқынға алу керек пе, деген сұрақтарға жауап бере келіп:

– Бестөбеде алтынмен сауда жасайтын қылмыстылар тобының барына енді күмән жоқ, – деді де, Талғатқа қарап: – Сіз Рахымды өлтірген қылмыскердің біреуі дәрігер деп едіңіз. Енді оның кім екенін білеміз. Бірақ екінші қылмыскердің қайда жүргені белгісіз. Егер жолаушы әйелді ұстасаң, оны үркітіп алуымыз ықтимал, алтынмен сауда жасап, ақша жинаған адам ізін білдірмей, оңай құтылып кетуі мүмкін. Бұл іздеу жұмысын біраз қиындатады. Оның үстіне Цой әкелген алтынды кім арқылы өткізетінін білмейміз. Мұнша көп алтынды қылмыстыларға беріп жүрген кім? Кәсібі не, қайда істейді? Бұл да бізге жұмбақ. Осы топты түгел әшкерелемейінше, әзірге тұра тұрайық, – деді.

Полковниктің сөзін отырғандардың бәрі жөн көрді. Қарсы пікір айтушылар болмады. Оперативтік топ тараған кезде майор Дідәбеков Талғаттың қасына келіп:

– Сіз осы қалаға келген сәтте Цойға үлкен күдік келтіріп, соны бақылауға алуға ыңғай көрсеттіңіз. Менің өз басым бұған іштей наразылық көрсетіп жүрдім. Қанша айтқанмен мен онымен осы қалада он бес жылдан артық жұмыс істеп келемін. Оның бүгі-шігесін білемін деп есептейтінмін. Адамды тану үшін дабыраған атағына сырттай сену жеткіліксіз екен. Сіз соны қалай бірден біле алдыңыз, – деді.

– Рахымның өлер алдындағы сөзі есіңізде ме? Ол өзін қинаған, жәбір көрсеткен адамды көрсетіп берді. Сіз бен бізге сол істі аяқтау, анықтау ғана қалды.

– Оның бұл сөзіне сол сәтте мән беру қисынсыз емес пе еді? Біріншіден, Цой белгілі дәрігер, қалаға беделі күшті. Жұрттың бәрі онымен санасады, оның өзін өлімнен арашалаушы деп қарайды. Екіншіден, Рахымды өрісте жаралап кеткен күні Цой күні бойы ауруханада операция жасаған. Қаладан ешқайда шықпаған. Үшіншіден, Рахым жараланғаннан кейін далада көп жатып қалды. Қансыраған, әлі кеткен адам шатасуы мүмкін емес пе? Осындай көпе-көрнеу ақиқатқа қарсы келіп, осындай шындықты ашқаныңызға таңым бар.

– Мұнда пәлендей сиқырлық жоқ, Әлихан Ділдәбекович.

Мен осында келгеннен кейін Нұржан екеуміз аурухананың журналын алып, бірнеше күндер бойы қарап шыққанымызды білесіз. Ауруханадағы барлық күрделі операцияларды Айша Сейіткүлова және басқа дәрігерлер жасаған. Цой соңғы бір жылдың ішінде төртінші кластың оқушысына операция жасап, оның өзі сәтсіз біткен. Соқыр ішегін таба алмаған. Оның беделін жасаған аурухананың коллективі, Цой соны шебер пайдалана білген. Екінші сұрағыңызға келетін болсақ, сіз оны күні бойы ауруханада операция жасаумен жүрді дейсіз. Шынында олай емес, ол ауруханада сағат күндізгі төртке дейін ғана болған. Ал сарапшылар Рахымның жаралануы сағат бес пен алтының арасы демеп пе еді. Бір сағаттың ішінде Сарғабанға еркін барып қайтуға болады. Және Цой ол жақтан келгеннен соң, журналды алып, «Сағат бес жарымға» дейін операция жасалды деп, цифрды өзгерткен. Есіңізде ме, сіз мұны Цойдан сұрағаныңызда, ол: «Маған адам өмірі қымбат. Сан жазумен шұғылданбаймын» деп, сөйлеспей трубкуны іліп қойғаны. Сол жерде мен ағаттық жасаған едім. Рахымның өліміне Цойдың қатысы жоқ шығар деген ниетпен, оның көмегін тілеген едік қой. Мұндай абайсыз сұрақтың істің бетін ашуға себебі тиді ме деп те ойлаймын. Бұдан соң және тергеуден Аида Глухованы босатқаннан кейін Цой Рахымның тыққан алтынын тауып алуға жанталасты. Сірә, ол ізін білдірмей, жасырынып қашып кетуді мақсат еткен секілді. Біз мазаламағаннан соң көңілі жай тапты ма, тыныштала бастады. Ал үшінші сұрағыңызға жауап берейін. Қансыраған, әл кеткен адам еліріп, шатасуы ықтимал дедіңіз. Соғыста өз басымнан кешкен тәжірибем бар: жаралы адам бір сәт есін жиғанда ол сандырақтамайды, есі түзу болады. Алғаш Рахымның сөзіне ден қойғаным содан еді. Тек ұзақ ауырған, қызуы жоғары адам ғана есін білмей сандырақтайды.

– Милицияның жұмысы үнемі ойлану, толғануды керек ететінін тағы бір аңғарғандаймын, – деді Ділдәбеков үлкен папканы сейфке салып жатып. – Цой алтынды кім арқылы өткізеді деген сұрақ көкейімнен кетпейді. Тіс салушы техниктің бұл іске қатысы бар ма? Талғат күлді.

– Жолдас майор, кейде сіз маған сондай қиын сұрақтар беріп қинайсыз. Қалай жауап қайтарарымды білмей қаламын. Оның қатысы бар ма, жоқ па, ертең өз көзіңізбен көресіз.

Шынында екі күннен кейін майор Ділдәбеков қызықты көріністің куәсі болды. Таңертеңгі обходты жасай салысымен Цойдың Көксу станциясына қарай кеткені хабарланған еді. Майор Ділдәбековтің кабинетінде шұғыл оперативтік кеңес өтті. Әр жолы таксимен не жүк машинасымен ілесіп, қуып жүру күдік туғызады. Оның үстіне Көксу станциясы қалаға қатынайтын орталық жолдан шеттеу жатыр. Ол жаққа такси өте сирек жүреді. Не істеу керек? Дереву майор Ділдәбековтің өз машинасын әзірлеуді мақұл көрді. Олар бұрын жол үстінде де, жиналыста да кездесіп жүрген адамдар. Жолығыса қалғанда күдік туғыза қоймас деген қорытындыға келді. Цой жолаушы әйел әкелген алтынды өзінде ұзақ уақыт сақтай алмайды. Оны біреулер арқылы өткізуге тырысады. Мұндайда майор Ділдәбеков секілді тәжірибелі қызметкердің барғанын мақұл санады, әрі ол қаланың тұрғындарының көбін таниды. Көксу станциясының түбінде үлкен көпір бар. Машиналар судан сол теміржол көпірінің астындағы өткелден өтеді. Сол тұсқа жеткенде Ділдәбеков Цойдың қарасын таныды. Машинасының дөңгелегін алып, ауыстырып жатқаны байқалды. Қасында Шерәли Мирзоев деген чечен жігіті жүр. Екеуінің де машинасының артқы жүк салғышы ашық. Цойдың машинасының қасында екі дөңгелек жатқан. Мирзоев сол дөңгелектің біреуін өз машинасының жүк тиегішіне салды да, одан бір дөңгелекті алып, Цойдың машинасына қоя салды. Сырт қараған адамға дөңгелекті ауыстырып, бір-біріне көмектесіп жатқан адамдар сияқты. Цой машинасын жөндеп алғаннан кейін көп аялдамай қалаға қарай бет алды.

Майор Ділдәбеков бір сағаттан соң Бестөбеге оралды. Кабинетіне кіргенде телефонның дамылсыз шырылдап жатқанын көрді. Шешінбестен трубканы көтерді.

– Майор Ділдәбеков тыңдап тұр.

– Жолдас майор, бұл мен, Майснер, – Олегтің сыбырлаған үні естілді.

– Сізді тыңдап тұрмын, Олег.

– Жолдас майор, шапшаң жолығуым керек. Айтатын үлкен құпия әңгіме бар.

– Мен өзімде отырмын. Бөлімшеге келіңіз.

– Бара алмаймын. Түсінесіз бе?.. Солай, мені аңдып жүр. Мен емханадан телефон соғып тұрмын. Жо-о-о-қ, сізге келуге болмайды. Олар дереу біліп қояды. Жұрт танымайтын біреуді жіберіңіз.

– Жақсы, он минуттан кейін сізге капитан Майлыбаев келеді. Жасырмай, бүкпей оған бәрін айтыңыз. Мақұл ма?

– Жарайды.

Он минуттан кейін Талғат тіс салушы техниктің кабинетіне кірді. Олег өзімен Мирзоевтың арасында болған әңгімені айтып берді. Бүгін таңертеңгісін жұмысқа келе жатқанда оған Мирзоев жолығады. Егер Олег алтыннан тіс салып, пайда тапқысы келсе, Мирзоев арзан бағамен алтын сататын адамды тауып береді. Майснер алтынды алсын, мейлі алмасын ол бұл әңгімені тісінен шығармауға тиіс.

Егер оны сезсе, Мирзоев Олегті тірі қалдырмайды, көріп қой дегендей тон ішінен қанжарын көрсеткен.

– Қанша алтын сататынын айтқан жоқ па?

– Мен оны сұрамадым. Жәй, килограммын қанша сомнан сатасың деп едім, ол: алтынның аты алтын, құны өлмейді. Сен таныс адамсың, пайдаң тиер. Шын алғың келсе, килограммын 18 мыңнан беремін. Сен одан тіс жасасаң, кемі төрт-бес мың сом пайда табасың. Ол аз ақша емес. Келістік пе? Әкел қолыңды, – деді, мен қолымды тартып алғанда, «немене, қорқасың ба?» деп қадала түсті, Мен оған ақшамның жоғын айттым.

– Егер ол тағы да жолығып, алтын аласың ба деп сұраса, сіз одан бас тартпаңыз, – деді Талғат сәл ойланып. – Тек өзі ұсыныс жасаса ғана айтыңыз.

– Менің ондай ақшам жоқ, әкел тиыныңды десе, не айтам оған?

– Тыңдап алыңыз, Олег, бізге оның қолында қанша

алтын бар екенін білу қажет. Егер ол алтын жайында сөз қозғайтын болса, «қанша алтын болса да сатып аламын. Жақында шешем көшіп келеді. Оның жинаған ақшасы бар» деңіз. Сіз жақында үлкен үй сатып алдыңыз. Шешеңіздің ақшасы жоқ деп ешкім ойламайды. Біз сол алтынның сатылуын қайткен күнде де кідірте тұруымыз керек. Егер келіспейтіндей түр көрсетсе, бағасын асырыңыз. Мәселен, 18-дің орнына 19 не 20 мың ұсыныңыз.

– Жақсы, жолдас...

– Тсс. – Талғат саусағымен ернін басты.

– Ақырын, қабырға сыбыр жеткізетінін ұмытпаңыз. Талғат есіктен шығып бара жатқанда ауызғы бөлмеде отырған Мирзоевты көрді.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Олар поезд үстінде танысты. Екеуі де сыңар аяқ, екеуі де Отан соғысының мүгедегі. Оның бірі Рысбек Тілеуов те, екіншісі Борис Натанович Самсонов. Рысбек болса біреудің атымен жүрсем жаңылысып қаламын, одан да жастайымнан бірге өскен сұйық көже мен жартылықты бөліп ішкен Ақжолтайымның атымен жүрейін деп, Омск жаққа ағаш дайындауға аттанғанда Ақжолтай Сартаев болып куәлік алып кеткен. Биылғы қыстың ызғары қатты болып, Рысбек мұндай суыққа үйренбегендіктен бе, аяғының жарасы ашылып, біраз азап шеккен еді. Бестөбеге «күпшек аяқ» кісінің орнына байланысшы ретінде Архипова келіп, Рахымды өлтірген кісілер айқындалып, қылмыстың беті ашыла бастаған соң, Рысбекке ауылға қайтуға рұқсат етілген. Ауыл аймағын, бала-шағасын көрмегеніне екі айдың жүзі болып қалған. Елге қайтқанын қуаныш көріп, жарасының ашылғанын елемей, көңілі толқып, қасындағы адамдарды алаламай дос санап келе жатқан. Сондай шалағай шаттық үстінде жотасын қабырғаға тіреп, көзін жұмып, мүлгіген Самсоновқа:

– Ей, Борис, қандай ойға кеттің? Фашистің оғынан аман қалып, тіршілік кешкенімізге талай жылдар өтіпті.

Құдайдың мұнысына да шүкіршілік дейік. Ендігі түңілгеніміздің қисыны жоқ, – деп күс басқан саусақтарын Самсоновтың иығына салды. – Міне вагонның іші ысып, кісіні жалықтырып жіберді. Жол қысқарсын, әңгіме айт.

Самсонов жол үстінде Рысбектің өздері алтыннан айырылған Сарғабан жерінен, «Шұғыла» колхозынан екенін сұрап білген. Рахымды өлтірген ақсаққа сот болып жатыр деп, Цойдан баяғыда естіген еді. Сол жайында сұрағысы келіп, қаншама оқталды. Қисынын таба алмады. «Ақжолтайдың» өзі де бұл жайында ләм демейді. Самсонов осы жайында қалай әңгіме қозғауды ойлап, тынышы кеткен. Оған «Ақжолтайдың» әлгі өтініші саңылау ашты. Ол Рысбекке бұрылып, шолақ аяғының күлтесін сау тізесіне салып, оңтайланып отырды:

– Ақжолтай, сен ақ көңілмен әңгіме айт деп қоймайсың. Менің күйімді, қайғымды ұқсаң, олай демес едің. Жалғызымнан айрылып, ол басқан, жүрген жерді көрсем өксігім басылмас деп, өскен жұртымнан безіп, – бетім ауған жаққа лағып келе жатқан жанмын. Соғыстың қиын-қыстау кезінде ащы-тұщыны бірге татқан, тілектес, мұндас, өзім секілді сыңар аяқ сені көрген соң көңілім алаң болып, сол қайғыны бір сәт ұмытқандай едім. Жаралы жүректі ашайын дедің бе, бұл қай қажағаның?– деп, көзінің жасын сүртті.

Самсонов өз өмірінде көзінен жас шығып көрген пенде емес. Соғыстың ауыр кезінде арақ ішіп, қардың астында қалып, суыққа шалдыққаны бар еді. Содан бері оң көзі жыламсырап, жасаурап тұратын. Рысбекке көрсеткені сол жылауық көзі. Рысбек оны шын жылап отыр екен деп ойлап қалды. Жаны ашыды.

– Бала неден қайтты? Өз ажалымен кетті ме? – деді, аяушылық көрсетіп.

– Құдай алса арман жоқ қой, өзі берген жанын өзі алады. Мынау құдайдың жолынан емес, қаскөй адамның қолынан қаза тапты. Байқұс баланың қандай жазығы барын білмеймін, түнде кинодан қайтып келе жатқанда бұзақылар пышақтап өлтіріп кетті.

– Ойпырай-ә, не деген сұмдық жауыздық еді, – деп,

қабағын түйіп, сұрланып, тықыршып кетті. Сарғабанда қылмыскерлердің Рахымды аяусыз пышақтап, өлтіріп кеткенін есіне алды. Аяғының жарасы ашылып, азап шегіп жүргені сол алапес бұзақыларды әшкерелеуге себебім тие ме дегені еді. Ол оқиғаның немен тынғанын білмейді, бейхабар. Қайтуға рұқсат еткенде: «Сақ болсын», деп бірақ ауыз сөз айтыпты. Рахымды ойлап, Рысбек көзіне шын жас алды.

– Бұл бұзақылардың жүрмейтін жері жоқ. Менің інімді де пышақтап өлтіріп кеткен, – деп күрсінді.

– Не дедің, байқұс-ау, өлтіріп кетті деймісің? Құдай екеуіміздің маңдайымызға сор жазған екен. Соғыста көрген азап аздай, мұнысын тағы аямапты. Біз бишараның күні осы ғой. – Самсонов қайғыға ортақтасқан кісі секілді басын төмен салып, тұнжырап отырып қалды. Әлден уақытта күрсініп: – Кісі өлтірушілер сазайын тартты ма? Ондай сұмдарды еркіне жіберсе, тағы біреулердің көз жасына қалады ғой, – деді де, өзі жауап күткендей құлағын түріп ентелей түсті. Оңаша қолына түссе, кеңірдегін езіп, қан ытқығанша шынын айтқызбай қоймас еді. Амалы құрып сыпайылық жасап отыр. Оның үстіне қарсы жақ, полкада, төбесінде жас жігіт жатыр. Ұйқылы-оюу екені белгісіз. Көзін бірде ашып, бірде жұмып, бұлардың сөзіне құлақ түретін секілді. Бұл – Нұржан еді. Цойға делдалдыққа келген әйелдің кім екенін анықтау үшін әдейі С. қаласына барып, қайтып келе жатқан беті болатын. Варвара Архипова өзен жағасындағы ресторанда буфетші, жақын ағасы мезгілсіз қаза тапты деген телеграмма алады да, дереу ақысыз демалыс сұрап, аялдамай Алматыға жүріп кетеді. Бірге қызмет істеп жүргендер оған жаны ашып, орталарынан ақша жинап берген. Олардың ешқайсысы Варвараның Бестөбеге барып қайтқанын білмейді. Нұржан С. қаласындағы милиция бөлімшесіндегі қызметкерлердің көмегімен Архипованың кімдермен байланыс жасайтынын түгел анықтап байқады. Бірақ олардың арасында күпшек аяқпен жүретін адамды кездестіре алмады. Алтынды қандай жолмен ұрлайтыны да ашылмай қалды. Тегі алтынмен айналысатын негізгі топ, Архиповаға сырын

айтпай, тек бір-ақ рет ақысын беріп, дәнекерші ретінде Бестөбеге жібергенге ұқсайды. Бәлкім Цойдың жағдайын білу үшін жіберуі мүмкін. С. қаласындағы қылмысты іздеу бөлімі қызметкерлерінің бұл жорамалы Талғаттың о баста айтқан күдігін қуаттай түседі. Кім болса да, негізгі қылмыскер күпшек аяқпен жүретін адам. Алтынды кімнен, қайдан алатынын тек сол ғана біледі.

Нұржан Рысбекті сырттай, Талғаттың айтуымен білетін. Оның қасында отырған еңгезердей, жалғыз аяқты кісіні көргенде, Талғатпен екеуінің Сарғабанға барған кездегі күпшек аяқтың темір өкшесі батқан шұқырды іздеген әурешілігі есіне түсіп, ойына күдік алды. Нұржан қазір Рысбек шынын айтып қоя ма деп, тынышы кетіп, қипақтап жатыр. Рысбек дәл қазір шындық әңгімені қозғап, өзінің сыртта жүргені милицияның жасап жүрген құр тәсілі екенін айтса, онда қылмыстыларды ұстау жөніндегі айла амалдың күл-талқаны шығатындай көрінді. Мұндай кезде қандай қайла жасау керек? Рысбектің бір сәт ойланғаны Нұржанға жылдай көрінді.

Рысбек өзі секілді мүгедек, мұңдас адамды алдағысы келмей, бар шындықты айтуға оқталып отырды да, Талғаттың «Өзімізден хабар келмей, бүркеншек атпен жүргеніңнің себебін жан адамға айтушы болма, әйтпесе бәрі бүлінеді. Еңбегіміз зая кетеді» деп, қайта-қайта нығыздап айтқан сөзін есіне алды. Бұл сорлы менің өтірік айтқанымға өкпелемес, қайта білсе осыны жөн көріп, майдандас жолдасының бір өтірігін кешірер, бәрі қылмысты табудың қамы ғой, деп күрсіне отырып, Талғатпен келіскен аңызын айтты:

– Өкіметтің құрығы ұзын, қылмысты таппай қоя ма, тәйірі. Сол кезде-ақ ұстаған. Аузына арақ тисе көрінгенмен байланысатын мен секілді сыңар аяқ Рысбек дейтін болған. Өрістегі қанды сойқан соның зұлымдығы деп тапты.

Нұржан үстінен ауыр жүк түскендей жатқан полкасының түкпіріне қарай аунай түсті. Рысбек бұдан соң сөйлесуді қаламай, теріс қарап бұрылып есік жаққа жотасын беріп, бүк түсті. Тістеніп, Рахымның өліміне қайғырып, іші жылап жатыр. Жас қыршынның арманда

кеткеніне егіліп, күйініп кетеді. Жолаушы поезы Бестөбе станциясына жеткенде вагондағылардың дабыры көбейді. Рысбек басын көтерді. Көзінің ұшында бір тамшы жас бар еді. Ол орнынан тұрып, кеудесін керіп жан-жағына қарады. Жүктерін жинастырып жатқан Самсоновқа:

– Бетің біздің ауыл екен. Бір күнгі танысқа қырық күндік сәлем деген. Үйге жүр, қонақ болып кет, – деді.

– Ауылың осы қаладан алыс емес пе?

– Құдай-ау, мына тұрған жер. Автобус күніне екі рет қатынайды. Рыс... Ақжолтайдың үйі қайсы десең бәрі айтады.

– Жаңа сен не дедің? Рысың не?

– Рыс дегенді ұқпадың ба? Байлық ол. Қонағым бол, рысым бол деймін.

– Ә-ә, – деп Самсоновтың көңілі жай тапты.

– Қойыңды дайындай бер. Өзіміз кең отырып, сыр шертелік. Сөзсіз келемін.

Нұржан поездан түскен бойда майор Ділдәбековке телефон соқты. Ешкім жауап қатпады. Әлден уақытта алдында отыратын хатшы қыз трубканы көтерді.

– Қалалық ішкі істер бөлімі тыңдап тұр.

– Алла, бұ мен, лейтенант Мақатаев. Маған майор керек еді. Қайтсеңде, шапшаң тап.

– Олардың бәрі кетіп қалды. Осында бір әйел асылып өліпті. Аты-жөнін білмедім. Прокуратураның адамдары бар, бәрі сол жаққа кетті.

– Кезекшілерден кім бар? Вокзалға шапшаң жетсін, мен бақтың сыртында күтемін. Бір минут қымбат. Түсіндің бе?

Алла Нұржанның айтқанынан дәнеңе ұқпаса да, істің маңызды екенін білді. Кезекші старшина мотоциклін от алдырып жатқанда, екі жұдырығын түйіп, оны асықтыра түсті.

– Мақатаев бақтан шыға берісте күтеді. Оны дереу майорға жеткіз. Олар өрт шыққан үйдің тұсында, солай қарай кеткен. Старшина жайдарлана күлді.

– Хатшы қыз, айтқаныңыз орындалады! – деп мотоциклмен зымырап жөнелді.

Ділдәбеков бір топ адамның қоршауында әлдекімдермен әңгімелесіп тұр екен. Нұржан қасына тақау келіп:

– Жолдас майор, ден қоярлық маңызды хабар бар, – деді.

Майор Ділдәбеков қолын көтеріп оны бөгеді де, Мәруаға қарап:

– Хаттың фотокошірмесін алып, Майснерге беріңіз. Хат соған арналған. Өзі оқысын. Егер қандай бір жаңалық болса, телефон соғарсыз. Мен өзімде отырамын, – деді. Машинаның ішіне отырғаннан кейін Талғат екеуі Нұржанды ортаға алып, екі жақтап сұрай бастады.

– Рысбектің інімді қылмыстылар өлтіріп кетті деген сөзіне қалай қарады? Өңі құбылмады ма? Рысбек өзін ұстай білді ме? Сен өзің жөндеп, асықпай айтшы, – деді Талғат.

Нұржан жолда өз көргендерін баяндады:

– Ол өзін купедегілерге Самсонов, Борис Натанович деп таныстырды. Қызыл күрең сакалы бар, еңгезердей толық кісі. Бірақ епетеісіз семіз деп айтуға келмейді. Денесі шымыр, тұтас, сом тұлға секілді. Мен оған тіпті назар аудармас едім. Ондай адамдар кездесіп жүр ғой. Ал мынау протез аяқпен әрі балдақпен жүруге мүлде дағдыланбаған. Рысбектей шапшаң емес, жүріс-тұрысы тым сылбырлау көрінеді. Соғыстың біткеніне талай жылдар өтті. Мүгедектердің протезге үйренгені сонша, кейде аяғы жоқтығын аңғармай қаласың. Әуелде ол қолдан жасалған күпшек ағаш аяқпен жүрген бе деп ойладым. Майор Ділдәбеков Талғатқа жымыып қарады:

– Жолдас капитан, Нұржанға сіздің тәсілдеріңіз жүкқан ба, қалай? – деп, тәнтілік белгісін білдірді. – Айта бер, құлағымыз сізде.

Нұржан сөзін жалғастырды.

– Тағы бір байқағаным, Рысбектің «Шұғыла» колхозынан екенін білгеннен кейін Самсонов бұзақылар жайында сөз қозғап, өзінің баласын біреулердің өлтіріп кеткенін айтты. Рысбек те: «Менің інімді де пышақтап, өлтіріп кеткен» дегенде, ол: «Кісі өлтірушілерді ұстап па екен?» деп, құлағын түріп ентелей түсті. Өз қайғысын ұмытып

кетті. Рысбекті бас салып, түйгіштеп алатындай оқталып дайын тұр. «Өкіметтің құрығы ұзын, қылмыстыны таппай қоя ма, тәйірі» дегенде барып, шалқалақтай түсіп, көңілі жай тапқандай жымың ете қалды.

– Ол поездан түсті ме? – деді Талғат сағатына қарап. – Екі минуттан кейін жолаушы поезы жүреді. Бұл адамның кім екенін анықтап білу теріс болмас. Нұржан өзінің пікіріне капитанның қосылғанына қуанып кетті. Көтеріңкі үнмен:

– Бестөбеге түсемін деп жүктерін жинап жатқан, жолдас капитан. Мен сіздерге хабарлайын деп, ерте түсіп кеттім. Вокзалдан ұзап кете қоймаған шығар, – деді. Майор Ділдәбеков бөлімге келгеннен кейін барлық бақылау посттарына хабар берді. Ондай адам Бестөбенің маңайында тоқтамаған болып шықты. Ешкім көрмеген. Самсонов Бестөбеге тоқтамай өтіп кеткен.

– Не істейміз, жолдас капитан? – деді Ділдәбеков Талғатқа қарап. – Ол әлдекімнен сескеніп үріккен тәрізді. Бас амандығында ізін білдірмей, құтылудың қамын жасаған. Қалай, Көксу станциясынан тосамыз ба? Нұржан өзіне майордың мін тағып отырғанын сезді. Ол осы бір минутта жол үстіндегі барлық оқиғаларды есіне алды. Ол купедегілерге Новосибирск университетінде оқимын, каникулға шығып келе жатырмын деп таныстырған. Бұдан кейін одан жөн сұрамады. Күдік туғызатын оқыс іс жасаған жоқ сияқты. Талғат жас шәкіртін қорғаштады ма, әлде өзінің ойы солай ма, Самсоновтың тоқтамай өтіп кеткеніне абыржи қоймады.

– Бізге кім де болса, Цоймен байланысы бар адам керек. Нұржан күдік алған Самсонов сондай кісі делік. Бәрібір ол Цойға жолықпай кете алмайды. Өйткені Цой баяғы қалпында, сол беделімен жұмыс істеп жатыр. Әуелі Глухованы жұмысқа қайта алу жөнінде шығарған соттың билігін орындамай жүр. Ол өзін заңнан биік санайды. Самсонов біз ойлағандай адам болған күнде, ол Цойдың қандай қабілеті барын білмейді дейсіз бе? Оның әр қадамын жақсы біледі. Алтын қаншама бағалы болғанымен, ол тас, оны әжетке жарату үшін пұлдап өткізу

керек. Самсонов оны арқалап, ұзақ уақыт жүре алмайды. Қайткенмен ол Бестөбеге соғады.

– Оның жиналып тұрып, Бестөбеге соқпай кеткеніне таң қаламын. Әрине, мен сіздің пікіріңізге қарсы емеспін. Әйткенмен, полковникпен ақылдасқан жөн.

– Дұрыс айтасыз, біздің бұдан былайғы іс-әрекетіміз жөнінде Мұқан Дайыровичпен әрбір пунктіне дейін келісіп алалық. Ал, Самсонов Бестөбеге түсейін деп тұрып, неге тоқтамай өтті дегенге келсек, мұның астарлы жағы бар ма деймін. Ол мұнда даланы қанға бояп, жазықсыз адамды өлтірді. Сондай жерге қайта келген соң, ол сескенбей тұрмайды. Бәлкім, аңдушының бар-жоғын білу үшін әдейі өтіп кетуі де ықтимал. Жолдас майор, менің сөзіме сеніңіз, егер Самсонов Цойға келген кісі болса, оған сөзсіз жолығады.

– Сонда Самсоновты Бестөбеден тос дейсіз ғой?

– Енді Цойдың әр қадамы тыс қалмауы тиіс. Бір минут та көзден таса етпеуіміз керек. Мұнда істің түйінін минут емес, секундтар шешуі мүмкін. Жарты сағаттан кейін майор Ділдәбеков пен капитан Майлыбаев өздерінің жоспарлары жөнінде полковникке баяндап, онымен келісіп алды.

Келесі күні екінші постағы оперативтік топтың адамдары «Қызылжар» колхозына сондай бір адамның келгенін хабарлады. Бет-пішіні, жүріс-тұрысы іздеген адамға ұқсайды. Поселкенің шетінде, көлге жақын қабақтың тасасында Данил дегеннің үйі болған екен. Баласы егін жинау кезінде Ақмолаға кетіп, сонда үйленіп, қалып қойыпты. Данил үйін қойшыға сатып өзі баласының артынан кетіпті. Іздеп жүрген адам Ермек дейтін қойшының үйіне тоқтаған. Үй иесі малда, үйінде кемпір шешесі ғана болуы мүмкін. Бұл хабарды естігенде, майор Ділдәбеков:

– Мен оны қаладан күтсем, қайдан келіп шыққанын қарамайсыз ба? – деп, басын шайқады. – Мен Ермектің семьясын білемін. Ол өзінің сондай жақын адамы барын айтқан жоқ. Қайран қаламын.

– Үйдің бұрынғы иесін Цой білетін бе еді?

– Сол колхозда аяғын шалғы кескен біреуді қалаға әкеп, ауруханаға жатқызғаны есімде бар. Жедел жәрдемнің

көлігі бос болмай қалып, ол адамды біздің машинамен жолшыбай әкеп тастаған еді. Қазір білейік. – Ділдәбеков трубканы көтеріп, әлдекімге телефон соқты. – Иә, фамилиясы Прохоров болуға тиіс. Қай мезгілде дедіңіз? Жақсы, рақмет. – Ол Талғатқа қарап: – Данил Прохоров Ақмолаға кетпестен бұрын қалалық ауруханада жатып емделген. Үйдің адресін Самсоновқа Цой берген болды. Самсонов бұрынғы үй иесінің көшіп кеткенін біле ме екен?

– Самсонов жүрген жерін аңдамайтын алаңғасар емес. Бұл үйге келместен бұрын әбден сұрап алған шығар.

Шынында Ермектің үйінде шешесінен басқа жан жоқ еді. Баласы мен келіні малда екенін Самсонов көршілерінен сұрап алған. Әйткенмен, үйге кіруге бата алмай, есік алдында томардың үстінде отырып темекі тартты. Бір кезде қолында құманы бар Сақбала шешей шықты. Есік алдында шоқшиған бөгде кісіні көріп, қасына тақуа келіп, үңіле қарады.

– Ей, сен кімсің? Қайдан жүрген адамсың?

– Жеңгесі, мен құдайы қонақпын. Осында жақын туыстарымды іздеп келіп едім. Адресі осы үй болатын. Әрі-бері қараймын. Бірақ таныс адамды ұшырата алмай отырмын.

– Сен әлгі Данилдың туысы екенсің ғой. Алда құдай-ай, олар жақында ғана көшіп кетіп еді. Сәл ертерек келмеген екенсің. Онда табысатын едің.

– Осы күні өкіметтің жұмысынан қол босай ма? Демалыс алып, шыққан бетім осы. Тіпті хат жазып, хабарласа алмап та едік. Бұл жерде де ел-жұрт бар. Далаға келгендей болма. Үйге кір. Құдайы қонақтың жөні бөлек. Барымызға риза боласың.

– Кембағал адамға жол жүру қиын екен. Машинамен жүрсем де болдырып қалған тәріздімін.

Сақбала Самсоновтың аяғы жоғын енді байқады. Жаны ашып:

– Бұлай далада отыруың келіспейді. Үйге кіріп, демал. Мен тездетіп шай қойып жіберейін, – деді. Самсонов қарсылық көрсетпеді. Жарты сағаттан кейін жас қойдың қуырдағы мен қазақтың қызыл күрең шайы дайын болды. Самсонов кешеден бері жөнді тамақ іше алмаған. Шай

тұла бойын жадыратып жағып барады. Асықпай баптап ішті. Сақбала шешей өзіндей шайшыл кісінің табылып, серік болғанына қуанды. Сары майға пісірілген быртыған бауырсақтарды Самсоновтың алдына сырғытып:

– Көктемгі күземге дейін үйді сатып алмай қоя тұрайық деп едім. Қолда ақша бар, мұндай ағаш үй кездесе бермейді деп келінім болмады. Сәл қоя тұрғанда туысыңмен табысатын едің, – деп Сақбала Самсоновтың «туысымен» кездесе алмай қалғанына өзі кінәлі адамдай қынжылды. – Жақсының жаттығы жоқ, деген. Данил туысың болса, бұл үйді де өз үйіңдей көр. Қанша жатып, қонамын десең де еркің. Біз кісі жатырқамаймыз.

– Жеңгесі, ниетіңізге рақмет. – Самсонов терін сүртіп, орнынан тұрды. – Жеңгесі, қалада таныс кісілер бар секілді еді. Соларға телефон соқсам деп едім. Қалай байланысар екенмін?

– Мынау жерде, Советтің кеңсесінің алдында автомат бар. Жұрт соқыр тесігіне тиын салып, сөйлесіп жатады.

Самсонов он бес минуттан кейін Цоймен сөйлесіп жатты.

– Бұл Цой жолдас па?

– Ия!

– Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып, жапа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келемін. Ауруым күн сайын асқынып барады. Қабылдай аласыз ба?

– Демікпе ескі ауру. Бұл дерттің емін таппай әуреге түскен ғұламалар көп. Біз дала дәрігеріміз. Қолымызда қазіргі заманның аспаптары жоқ. Әйтеуір бірдеңені долбарлап жасаған боламыз. Сірә, менің жасаған емім сізге қонар ма екен?

– Оны сіздің ықыласыңыз біледі. Жолығысудың шартты белгілерімен жауаптасқан соң, Цой:

– Қазір қараңғы түсіп кетті. Уақыт тым кеш. Қабылдай алмаймын. Ертең хабарласыңыз, – деп, трубканы іліп қойды.

Бес минуттан кейін бұл екеуінің магнитофонға жазылған сөздерін майор Ділдәбеков пен капитан Майлыбаев екеуі

тындады. Оларға Самсоновтың кім екені енді мәлім болды. Рахымды өлтірген, күпшектей ағаш аяғы бар, Цойдың серігі. Капитан Майлыбаев қылмыскердің кім екенін анықтау үшін талай күндер мен түндерді мазасыздықпен өткізген еді. Енді міне сол алапес бұзақы «Қызылжарда» қол жетер жерде отыр. Талғат жұмсақ орындыққа жотасын тіреп, кең тыныс алып шалқалай отырды. Осы бір сәт бүкіл тұла бойы ауыр жүктен арылғандай, жеңілденіп, босаған секілді көрінді. Ділдәбеков осы күйін ұқты ма:

– Капитан, сізді құттықтауға болатын шығар, – деді.

– Қылмыскер әлі ұсталған жоқ, бостандықта жүр, құттықтауыңыз әлі ерте, жолдас майор. Біз оны залал жасатпай, дабыра қылмай қолға түсіруіміз керек. Цой ертең хабарлас деп трубканы іліп қойды, әрі қарай сөйлеспеді. Бұған қарағанда ол Самсоновтың қайда тоқтағанын білетін сияқты. Бірақ қай кезде, қай жерде кездесетіндерін айтпады. Олар Бестөбеде ме, әлде қаланың сыртында жолығыса ма? Мұны қайткенде де білуіміз керек. Соған қарап ұстаудың шарасын ойластырайық.

– Сіз осы істі басынан бастап алып келесіз. Маған сіздің пікіріңіз ауадай қажет, – деді Ділдәбеков.

– Жолдас майор, танымайтын адамдар да бір-бірімен ұшыраса береді. Бұл екеуінің ондай кездесуінен пайда таппаймыз. Бізге алтынмен сауда жасайтынын әшкерелейтін сәтін күтіп, тап сол мезетте ұстауымыз керек. Бұлтармайтын болсын. Олар қулық-сұмдығы мол әккі адамдар. Әйтпесе, кейін мойындамай, танып кетеді.

– Қандай ұсыныс айтасыз?

– Бұл екеуі қашан жолығады екен деп күтіп отырамыз ба? Олардың кездесуін неге шапшаңдатпаймыз?

– Қалай? – деді Ділдәбеков таңданып. – Сіз оларға өз ұсынысыңызды ұсынасыз ба?

– Мұны жай ғана жасауға болады, – деді Талғат майорға қарап. – Жақында облыстық денсаулық сақтау бөлімі осы ауданның жұмысын тексеріп кеткені мәлім. Комиссияның қорытындысы бүрсігүні коллегияның мәжілісінде қаралады десін. Аудан жұртшылығының денсаулығын көтеруге аурухананың да қатысы бар. Сол мәжіліске

Цой да шақырылсын. Әрине, Цой Алматыдан оралғанша Самсонов мұнда қала алмайды. Олар кездесуге асығады. Кісі асыққанда, әдетте ағаттық жібереді. Біз сол сәтін пайдалануымыз керек.

– Мынау тамаша идея екен, – деп, майор Ділдәбеков шын ризалық пейілін білдірді. Осы ұсыныс қабылданды.

Бестөбеден Алматыға баратын жол біреу. Алматыға баратын машиналардың бәрі Айнабұлақтың жотасын басып, Арқарлының асуы арқылы өтеді. Бұл тұста басқа жол жоқ. Келесі күні Самсонов автомат арқылы телефон соққанда, Цой: «Үлкен жолда кездесеміз» деп, жауапты қысқа қайырды. Бұлардың Алматыға баратын жолда жолығатыны айқын. Қай тұстан тосу керек дегенде, алғаш Арқарлының асуы белгіленді. Жол қос таудың қуысынан өтеді, бұрылыс-қалтарысы көп, байқатпай ұстауға ыңғайлы. Бірақ бұл жоспардан шапшаң айнуға тура келді. Өйткені Арқарлы асуына жеткенше Айнабұлақ, Сарыөзек секілді ірі темір жол станциялары бар. Самсонов осының біреуінде қалып қоюы мүмкін. Қылмыскерлерді ұстаудың ыңғайлы жолы Айнабұлақтың қырат, жоталары десті. Айналаның бәрі тықыр, жайдақ, жүрген жүрістің бәрі алақанға салғандай айқын көрінеді. Темір жол станциясына тақаған жердегі еңіске түсе берісте асфальт жол қақ айрылады. Бестөбеден келе жатқан машина жотаның дәл түбінен өтеді де, Алматыдан шыққан машина етекті ала құлама жарды қиялап жүреді. Екеуінің ортасында шошайған кішкентай төбе бар. Қатар өткен машиналар төбенің тасасынан бір-бірін көрмейді. Дәл осы тұста Самсоновтарды ұстау жөн саналды. Майор Ділдәбеков бастаған топ төбенің тасасында күтіп тұрған. Оған Цойдың Бестөбеден шығуға қамданып жатқан кезінен бастап, бүкіл жүрген жолын әр бес минут сайын хабарлап отырды. Алғашқы хабарды майор сағат 10-ға бес минут қалғанда естіді.

– Сөйлеп тұрған «Қыран». «Доктор» ауруханадан әлі шыққан жоқ, сірә, жедел жәрдем машинасымен жүретін түрі бар. «Волга» машинасы есіктің алдында тұр. Қазір аурухананың алдына Жұрымбаев әйелімен келді. Цой сыртқа шықты, үшеуі сөйлесіп тұр, «Докторды» шығарып

салуға жиналғандар бұларға қосылмай, бөлек әңгімелесіп, машинаның жанына келді. Екінші жақтан майор Ділдәбековтің даусы естілді.

– Жақсы, ұқтым сізді. Ізін бағып ілесіп отырыңыздар.

Цой кеше кешкісін оңашада Аймангүлге телефон соғып, өзінің Алматыға шұғыл жүретінін, егер Аймангүл күйеуін көндіре алса, бірге әкеткісі келетінін білдірген. Аймангүл түні бойы бұртындап ұрысып, күйеуіне маза бермеді. Ең болмаса Алматының үлкен дәрігеріне шамасы келмейтін ынжық, сорлы екенін де айтып қалды. Бұлай бедеу боп өткенше, өлген артық деп жылап та алды. Ахат әйелінің бұл қылығын шенемеді. «Әйел болған соң бала сүйгісі келетін шығар. Енді қайтсін, байғұс. Маған тием деп бағы байланды ма, қалай?» – деп жаны ашитын. Цойдың Алматыға жүретінін естігенде қуанып кетті. Аймангүлдің айласын ұқпай, Цойға келіп, өзімен бірге ала кетуді өтінгенде, ол:

– Жол ұзақ, иесіз далада иемденіп кетеді деп қорықпайсың ба, Ахат Жұрымбаевич, – деп шын көңілін әзілмен айтып білдірді. Жұрымбаев Цойдың әзіліне кәдімгідей көтеріліп қалды. Ауданның беделді адамымен, бас дәрігермен көңілі жақын адамдар екенін көрсін дегендей, машинаның қасында топталып тұрған жұртқа естірте, даңғырлап сөйледі:

– Өй, сығырайған көзіңе болайын, қолыңнан келсе, баяғыдан бері қайда жүрсің? Шамаң келсе, аяма, қызғанышым жоқ. Бірақ сен шәлтіктен не шығушы еді, – деп қарқылдап күлді. Аймангүл қызарып кетті. Ол өзінің күнәсін күйеуі білді-ау деп қысылмады, оның дәлдірлек алаңғасарлығынан ұялды. Дәл сағат 10-да Цой Аймангүлді қасына отырғызып алып, Бестөбеден жүріп кетті. Талғат қаладан шыға берісте бүйірден қосылды. Жеке меншік «Волгасымен» келе жатыр. Араға бес-алты жүз метр салып, жүрісін үдетпей, жәйімен ілесіп келеді. Айнала төңірек ақша қар. Қарайған бұта көрінбейді. Теп-тегіс қар басып жатыр. Айнабұлақтың жотасына көтеріле бергенде, алыста қарайған бірдеме көрінді. Қардың үстіне баттитып қадап қойған қара томар секілді. Бұл Цойды күтіп тұрған

Самсонов еді. Цой қолын көтеріп, жолға қарай ентелей түскен адамды көргенде, қасында отырған Аймангүлге карап:

– Қарсы болмасаң алып кетейік. Машина бос келе жатыр, – деді. Аймангүл өзінен ақыл сұрағанына дардай болып қалды. Көңілі тасыды. Өзін Цойға билік жүргізетіндей көрінді. «Қайдағы біреуді желкемізден қызыл көз ғып қадап қайтеміз. Өзіміздің осылай оңаша отырғанмыз жақсы» деп көнбей еркелеп, қиғылық салғысы келді. Нәзік саусақтарын Цойдың кіндік тұсына қарай жүгірте беріп еді. Ол Аймангүлдің қолын қағып жіберді де, машинаны жаяудың қасына әкеп тоқтатты. Жүк салғышты ашып, жалма-жан оның жүктерін салды. Сол кезде Самсонов күңк етті:

– Мына бәлені қайдан сүйреп жүрсің?

– Маскировка, дымың шықпасын.

Цой жүріп кеткенде Ділдәбеков жаңа хабар алды.

– Сөйлеп тұрған «Қыран». «Доктор» жолда. «Шалға» кездесіп, оны өзімен бірге ала кетті. Қасында әйел бар.

Майор «доктордың» қасындағы Аймангүл екенін білді.

– Осы қатынның-ақ желігі басылмады-ау! – деп, қолын бір сілікті. Қасында әйел отырған соң оның қауіпсіздігін сақтау үшін дереу басқа шешім қабылдауға тура келеді. Әрине, бұл оперативтік қызметкердің өміріне қауіп төндіреді. Бірақ басқа амал жоқ...

Цой бар екпінімен келе жатқан. Бөктерді айналып еңіске түсе бергенде, жапырлаған машинаны көрді.

– Бұл не бәле? Неғылған машина? – Самсонов еңсесін алға беріп, қойнындағы нағанға қол жүгіртті. Аймангүл алдыңғы жаққа мойнын созып:

– Авария болған сияқты, – деді. Оның бұл сөзі Самсоновтың қырағылығын сәл бәсеңдеткен секілді. Жедел жәрдем машинасының тоқтағанын көргенде, жас жігіт төбенің астынан далбақтап жүгірді.

– Жолдас доктор, көмектесе көріңіз. Адам өлейін деп жатыр. – Цой машинадан шыққан сәтте жедел жәрдем машинасының артқы есіктері айқара ашылды да, еңгезердей екі жігіт тыпыр еткізбей Самсоновтың қолына

кісен салды. Сол жігіттермен машинаға қабаттаса кірген Нұржан жедел машинасын шапшаң кері бұрып, қара жолға салды. Аймангүл жан-жағында не боп жатқанына көз ілестіре алмады. Жолды бөгей, жыпырлап тұрған машиналар ілезде бытырап бет-бетімен кетті. Жол ашылды да қалды. Рульде отырған жігітке қарады. Жүзі таныс секілді. Ия, солай, Сарғабанның сазына барғанда өзен жағасында тұрып, тәтті эзіл айтқан жігіт. Олар өздерін аңшымыз деп таныстырған еді. Мұның қасында тағы бір жігіт бар емес пе? Ол қайда? Аймангүл қапталдаса өткен машинаға қарады. Рульдi ұстап отырған жігіт – Сарғабанда көрген ұялшақ, момын жігіт. Машинаның артқы жағында тағы бір таныс адам отыр. Еріксіз мойнын созды. Ия, сол, өзінің сүйіктісі. Цойдың өзі. Өр кеуде, паң мінез, сылқым кісі секілді еді. Қазір бір уыс боп, бейшара қалыпқа түскен. Еңкілдеп жылап барады. Аймангүл ұялғанынан бетін басты. Қып-қызыл жалын бетін қарып бара жатқан сияқты.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

...Күзетші Самсоновты алып келгенде, кабинетте майор Ділдәбеков пен капитан Майлыбаев отыр еді. Майор алдында жатқан қалың папкадан басын көтеріп, оны сырғытып қойды да:

– Мына екі чемоданның қайсы сіздікі? – деді.

– Білмеймін.

– Әйткенменде.

– Бәлкім, мынау шығар. – Самсонов шетте тұрған қара чемоданды саусағымен нұқыды.

– Дәлірек айтқанда.

– Осы чемодан.

– Ашыңыз.

Самсонов чемоданды ашқанда кесек алтындар тот басқан мыс секілді бұрыш-бұрыштары жылт-жылт етеді. Алтынның екінші кішкене бөлігі оралған. Онда «Студентке» деген жазу бар. Самсонов ақтала бастады.

– Азамат начальник, бұл біреудің аманаты еді. Бере сал деген соң алып келе жатыр едім.

– Бұл чемоданды кімге бермекші едіңіз?

– Беретін кісім колхоздан көшіп кетіп қалыпты. Қайда кеткенін білмеймін.

– Сөйтіп, чемодандағы заттар өзіңіздікі екенін мойындамайсыз ғой. Біз бәрібір шындық түбіне жетеміз. Өтірік айтсаңыз, кейін өзіңізге қиын тиеді. – Самсонов сәл ойла-нып отырды да:

– Айтқаныңыз болсын, шынымды айтайын. Осымды протоколға жазып қойыңыз. Бұл чемодан менікі. Алтынмен сауда жасап табыс тапқаным рас. Бұл үшін мені дарға аспас. Күнәмді мойныма алып, қол қоюға әзірмін.

– Бұл алтынды кімге бермекші едіңіз?

– «Студентке».

– Оныңыз кім?

– Оны өзіңіз білесіз. Аурухананың бас дәрігері Цой Борис Вениаминович. Екінші чемодандағы ақша соныкі. Мен алтынды алып келгенде, ол ақшасын дайындап қояды. Осылай алыс-беріс жасап жүрміз. – Самсонов ойланып, бөгеліп қалды.

– Азамат Самсонов, айта беріңіз.

– Менің басқа айтарым жоқ.

– Сіз асықпаңыз. Алдымен істі бастамастан бұрын танысып алайық. Менің фамилиям Ділдәбеков. Атым Әлихан, милиция майоры. Мына жігіт – милиция капитаны Майлыбаев Талғат. Ал енді өзіңіздің аты-жөніңізді айтыңыз.

– Мені қамамастан бұрын білген шығарсыздар. Өз аузымнан естігілеріңіз келсе, айтайын. Самсонов Борис Натанович. 1910 жылы туғанмын.

Майор оның сөзін бөлді:

– Сіз өзіңіздің шын фамилияңызды айтыңыз. Ал, Самсоновтың кім екені бізге онсыз да мәлім.

– Азамат начальник, сіздің не айтып тұрғаныңызды ұқпадым. Самсонов деген мына мен боламын. Барлық документтерім алдыңызда жатыр. Суретім ұқсайды. Басқа не керек?

Талғат папканың ішінен екі жасар баланы құшақтап түскен ересек кісінің суретін көрсетті.

– Мынаны танысыз ба? Самсонов жақын келіп үңіле қарады.

– Жоқ, білмеймін. – Кейін шегініп орнына отырды. – Ондай адамды танымаймын.

– Мен оған таңданбаймын, – деді Талғат суретті папкаға қайта салып жатып. – Сіз суретке 1941 жылы соғысқа жүрер алдында түстіңіз. 1942 жылы майданға жіберді. Жолда әскери эшелон жау самолеттерінің бомбасына ұшыраған кезде, сіз өзіңіздің әскери билетіңізді қаза тапқан Самсоновтың қалтасына салып, оның документтерін өзіңіз алдыңыз. Мұның алдында ғана Самсонов бір жетіге демалыс алуға рұқсат алған еді. Сіз бұл документпен де алысқа бара алмайтын едіңіз. Орманға тығылып, қашып жүрген кезіңізде үсікке ұшырап, ес-түссіз жатқан жеріңізден колхозшылар ауруханаға әкеп салады. Көгеріп үсіген аяқты кескеннен кейін есіңізді жидыңыз. Кембағал Самсоновпен ешкімнің жұмысы болмады. Қиын жылдардың көлеңкесінде қала бердіңіз. Міне содан бері жиырма екі жыл өтіпті. Солай ма, азамат Майснер Борис Адольфович?

– Мен Майснер дегенді білмеймін. Аздан кейін өздеріңіз таба алмай жүрген әлдебіреуді әкеп таңарсыз. Самсонов деген мына мен. Басқаны білмеймін.

– Азамат Майснер, сіздің жеке басыңызды анықтау үшін біз куәларды шақыруға мәжбүр боламыз. Әлгі суреттегі кішкене бала – өзіңіздің ұлыңыз Олег. Ол осы қалада тіс салушы техник болып жұмыс істейді. Жоғары білімі бар, дәрігер. Сіздің жұбайыңыз Маргарита, ұлыңыз Олег екеуі де сізді майданда қаза тапқан деп есептейді. Қадір тұтып жүрген адамының кейпін көрсін олар. Майснер басын төмен салып, саусақтарын мыжғылап, ақырын мінгірледі.

– Эвакуация кезінде жолда бомба астында қалды деп еді, бұл қалай? Шынымен олар тірі ме? Өліктерін өз көзімен көрдім деген әке сөзі қайда. Жоқ, сенбеймін. – Майснер басын көтеріп, Талғатқа сығырая қарады. – Сіздер мені алдап қармаққа түсіргілеріңіз келеді. Ондай айла іске

аспайды. Сіздердің кулықтарыңыз мәлім маған. Талғат майорға қарап еді, Ділдәбеков трубкуны көтерді.

– Сенбейтін болсаңыз, қазір Олегті шақырайық, – деді де, тиісті номерлерді терді. – Бұл Майснер жолдас па? Олег Борисович, бұл мен, майор Ділдәбеков. Сіздің көмегіңізге рақмет. Иә, біз Мирзоевті қамадық. Қазір уақытыңыз болса, бірер минутқа келіп кетсеңіз қайтеді.

– Қазір келем, жолдас майор. – Олегтің нәзік, ашық үні осында отырғандардың бәріне естіліп тұрды.

– Олег алтынмен сауда жасаушыларды әшкерелеуге көмектесті, – деді майор. – Ал сіздің сыбайластарыңыз оны бауыздап өлтірмекші болды.

– Мүмкін емес, жоқ бұлай жасай алмайды!

– Оған несіне танданасыз? Сіздер Рахымды өрісте сондай тәсілмен қинап өлтірген жоқсыздар ма? Өз адамдарыңыздың сыры сізге мәлім болса керек-ті. Оны Олегтің өз аузынан естисіз. Әкесінің кісі өлтіруші екенін көрсін. Майснер тізерлеп, жерге шөгіп отыра кетті:

– Азамат начальник, құдай үшін Олегке мені әкесі екенімді айта көрмеңіз. Ол әке қылмысын, әке тағдырын білмей-ақ өтсін. Мен сізге бәрін айтып берейін. Тек Олегке айта көрмеңіз. Менің Майснер екенім рас.

– Азамат Майснер, шапшаң тұрыңыз. Орныңызға отырыңыз!

– Азамат начальник, сізден өтінемін...

Осы кезде таза, әдемі киінген Олег Майснер кірді. Ол қолы-басы дірілдеп, көзі жасаурап, күзет астында отырған кісіге жирене көз қиығын тастады да:

– Мен сізді тыңдап тұрмын, жолдас майор, – деді. Олег өзі тыжырынған адам әкесі екенін танымады.

Майор Ділдәбеков Пименованың хатын берді.

– Мынау, Дарьяның өлер алдындағы сізге арнап жазған хаты еді. Алтынмен айналысқан бандыларды ұстаймыз деп, әуре боп жүргенде, тіпті тапсыруға қол тимеді. Кешіктіргеніміз үшін кешірім сұраймын. Олег дәптерді әрі-бері аударыстырып қарады. Әр бетіне кідіртіп көз тоқтатты. Майор оған:

– Хаттың тексті көп емес, дауыстап оқуыңызға болады,

– деді. Олег қалай болар екен дегендей, Майснерге қарап еді, Ділдәбеков: – Ол енді бізге кедергі келтіре алмайды, Олег Борисович, оқи беріңіз. Олег хаттың әр жолын тебірене оқыды.

– Мен хатты оқымай тұрып-ақ, бейшараның сондай қасіреті барын байқаған едім. Жерлеген кезде басы-қасында болдым. Жас қыздың өмірін қор еткен сондай сұмдар қалай жазаланбай қала береді? Соларды тауып, жазалауға милицияның құдіреті жетпей ме, осы? – деп кіжінді.

– Қайда жүрсе де қылмыстыларды таппай қоймаймыз, Олег Борисович. Бізге сеніңіз.

– Дарьяны тірідей өлтірген жауызды маған ұстаған кезде көрсетіңізші. Ол адам ба, жоқ әлде хайуан ба, көрейін.

Олег кеткенде үлкен Майснер көзі жасаурап, төмен қараған бойы тістеніп отырып қалды. Майор Ділдәбеков столды тықылдатып:

– Азамат Майснер, әңгімемізді жалғастырайық. Сонымен сіз қаза тапқан жауынгер Самсонов Борис Натановичтің куәлігін алып, майданнан қашқаныңызды мойындайсыз ғой? – деді.

– Бәрі де дұрыс. Солай болған.

– Соғыс кезінде Отанға опасыздық жасап, майданнан қашу – үлкен қылмыс. Соғыс заңы бойынша ең ауыр жазаға тартылады. Бұл түсінікті шығар сізге? Майснер оңай берілгісі келмеді, жауап берген боп өз қылмысын ақтап, қарсы дау айтады.

– Азамат начальник, менің ондай қылмыс жасағанымға жиырма жылдан аса уақыт өткенін өзіңіз еске салдыңыз. Мендей қылмыс жасағандарға Совет өкіметі рақымшылық жасап, әлдеқашан кешірім берген жоқ па еді? Олар сондай қылмыс жасағандарын ұмытып кетті. Ал мен сол қылмысымды жасырамын деп жиырма жылдан астам азап шегіппін. Тән жарасының емес, жан жарасының азабын тарттым. Менің осы азабым бір кісінің басына жетпей ме? Өткендегімді бетіме салық етіп несіне қажайсыз?

– Сіз өте дұрыс айтасыз, – деді майор Ділдәбеков орнынан тұрып, – Совет заңы адамгершілікке негізделген. Өзінің жасаған қылмысын мойындап, адал еңбек еткен-

дерге кезінде кешірім берілді. Бірақ сіз өз қылмысыңызды бүгінге дейін бүгіп келдіңіз. Мұндайды заң жазалайды.

Майснер көзі жыпылықтап, үндемей қалды.

– Пименованың хаты жөнінде не айтасыз?

– Өлген кісімен таласпаймын. Күнәкар санаса, соның айтқаны болсын. Мен айыптымын. Бірақ өзіме күмәнді жері бар. 1943 жылдың қиын кезінде тойып тамақ ішу үлкен арман секілді еді. Жас нанды көргенде сілекейіміз ағып, ауыз толтырып шайнауға зарығып тұратынбыз. Базардан шыланған қара булка сатып алып, ішін үңгіп, ауызға бұралап тыққанда, қалай таусылғанын білмей қалатынбыз. Жұмырыңа жүк болмайтын. Осындай қысылшаң шақта Алматының Никольский базарынан пальто іздеген Дарьяға кезіктім. Сауда жасап жүретін адамда арзан бағамен қолға түсірген киім-кешектер жетеді. Мен жалғыз тұрдым. Тамақтың таршылығын тартпадым. Алма, кепкен өрік, мейіз секілді әуес жеміс баршылық еді. Дарья үйге келген соң, осындай молшылықты көріп, қайта қойғысы келмеді. Мен де кет демедім. Осы үйдің иесіндей ыдыс, едендерді жуып, білек сыбанып кірісіп кетті. Дәл сол күні Цой біздің үйде болған. Онда оның студент кезі ғой. Мен олардан тамақ, арақ аяғаным жоқ. Мен таңертең базарға кеткенде олар Цой екеуі үйде қалған.

– Сіз Цоймен қалай таныстыңыз?

– Оны мен сол базарда кездестірдім.

– Иә, Пименова жайындағы әңгімеңізді айта беріңіз.

– Менің таңғалатыным, сол қысылшаң кездерде жас қыздар еркек атаулыны таңсық көріп, кәрі-жасына қарамай, күйеуге шығып жатты. Дарья өзінің жоғын жиырма жылдан кейін іздегеніне таңым бар. Өмірінің бақытсыздығын менен көргісі келеді. Оған кінәлі мен емес, соғыс. Соғыс кезінде пұшпақ қанамақ түгіл, бүкіл семья үрім-бұтағымен құрып, жоғалып кетіп жатты. Бәлкім, қазіргі жастарды көріп, Дарья кенже тумағанына іші күйетін шығар. Оны менен емес, ата-анасынан көрсін. Кісіге айып таққанда, бүгінгінің рахат тұрмысымен мөлшерлемей, кешегі күннің келбетін еске алсын. Менің азғын жолға түсуім сол соғыстың лебі шығар. Әйтпесе, қазір баламның қызығын тамашалап отырмаймын ба?

– Сіздер Сарғабанның сазында өрісте жүрген қойшыны жазықсыз өлтіріп, бір үйдің қызығын өшірдіңіздер. Бұл да соғыстың лебі ме? Майснер қыбыжықтап қалды

– Біз оны өлтіргеніміз рас.

– Өкпесіне шеге тығып азаптаған қайсың? Цой екеуміз қосылып жасадық. Ал тырнақтарын жұлған Цойдың өзі. – Майснер еңсесін көтерді. – Азамат начальник, айыбымды мойныма аламын. Алтынмен айналысатындардың санағын тізіп беремін. Жазамды жеңілдетуге көмектесуіңізді сұраймын.

– Сіздің сыбайластарыңыздың бәрі ұсталды. Әр қайсысы шындықты айтып, өз кінәсін жеңілтуге тырысуда. Байқауымша сіз тым кеш қалған сияқтысыз. Майор Ділдәбеков Цойды алып келуге бұйырды. Цой кірген бетте оған Майснерді көрсетті.

– Сіз мына азаматты танысыз ба? Цой түкірігі шашырап, қалшылдап кетті.

– Мұндай сұмдық комедияны тоқтатуыңызды талап етемін. Отпен ойнамаңыз. Бұл үшін әлі жауап бересіз. Менің кім екенімді ұмытпаңыз.

– Сіздің кім екеніңіз енді бізге мәлім. Кісі өлтіруші қылмыскерсіз. Отырыңыз! – Майор бұрыштағы орындықты ұсынды. Майснерге қарап: – Қалай екенін ұқтыңыз ба, азамат Майснер. Алтынды көргенде, сізбен ортақтасады. Ал қармаққа түскенде, сізді жалғыз тастап, өзі құтылғысы келеді. Осы адалдық па? Сіз бұл кісіні танысыз ба?

– Аты менімен аттас, әкесінің аты – Вениаминович, фамилиясы – Цой. Мен ұрлаған алтынды ылғи осыған әкелетінмін.

– Бұл жалған. Оның сөзіне сенбеңіз. Мен оны жолда бірінші рет көрдім.

– Жалған айтып, жалтару қылмысты ауырлата түседі. Мынаны тыңдап көріңіз.

– Майор магнитофонның кнопкасын басты. Майснердің дауысы естілді: «Бұл Цой жолдас па?

– Ия.

– «Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып, жапа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келемін». – Майор

магнитофонды үзіп жіберіп, Цойдың жауабын қосты. – «Демікпе ескі ауру, бұл аурудың емін таппай әуреге түскен ғұламалар көп. Біз дала дәрігеріміз...

Майор Цойға қарап: – Сіз өз дауысыңызды танысыз ба? – деді.

Цой өңі қуарып, басы салбырап, сылқ түсті де қалды. Әлгі айбаты жоқ. Майснерді алып бара жатқанда, ол есік алдында бірер секунд кідіріп:

– Біздің әуеніміз жырланып бітті, Цой. Енді жан сауғалаудың қамын қарастыр, – деді. Цой мүләйім пішінде үн қатты:

– Азамат начальник, мен небәрі арадағы делдал адаммын. Әкелген алтынды Мирзоев арқылы өткізіп жүрдім. Басқа жан адамға қиянатым тиген жоқ.

– Машинаның дөңгелегін айырбастаған болып, алтынды Мирзоевқа бергеніңіз бізге мәлім. Сіз Майснермен қалай таныстыңыз. Соны айтыңызшы.

Цой саусақтары дірілдеп, алақанымен бет-аузын сипалай берді.

– Бұл соғыстың аса қиын жылы еді. Тамақ ішуге ақшам болмай, көптен бері киюсіз жатқан бастон костюмді базарға апардым. Майснер қасыма тақалып келіп: «Мен де күні бойы нәр татқаным жоқ. Ішім ұлып тұр, жүр бірге тамақтанайық» деп сыбырлағанда, «Сен кімсің?» деп жалт қарадым. «Қорықпа менен. Кембағал адам екенімді көріп тұрсың, үй бұл жерден алыс емес. Мен жалғыз тұрамын. Серіктесіп тамақ ішейік» – деді. Мен сол күні тамақ іштім бе, жоқ па, оны білмеймін. Ертеңіне тұрғанда кір еденнің үстінде жатырмын. Майснер үйдің шаруасын жасап, күйбеңдеп жүр. Менің қимылдап, қозғалақтап жатқанымды көріп, қасыма келді.

– Ояндың ба, жігітім? Мен сені салмақты, естияр жігіт пе деп едім. Аузыңа арақ тисе, құтырып кететін әдетің бар екен. Осында Советті балағаттап жағың сенбеді. Біреу-міреу естіп қоя ма деп зәрем кетті. Қазір соғыстың уақыты. Кісі байқамаса, бекер күйіп кетуі мүмкін. Дарья байғұс саған жаны ашып, тыныш жатқызам деп жүргенде, оның өзіне қол жүгіртіпсің. Мен қақпаны кілттейін деп сыртқа

шығып кеткенімде, үсті-басын көкала қойдай ғып әбден қорлапсың. Мен Майснерден жалынып, кешірім сұрадым. Майснердің ағаш аяғын құшақтап, жалынғанда ол:

– Мені қайтесің, сенің сөккенінді көтерем, мас кісі не демейді. Бәрінен қызды зорлағаның қиын болды. Ондай кісілер ату жазасына бұйырылады екен ғой. Оны кім білген. Әлгі қыз сөйдеп жүр. Іні секілді үйреніп қалып еді. Бір жолға кешіре сал. Етегіңді ашса, абыройыңды төгіп, байбалам салып қайтесің. Бәлкім, үйлесіп, бірге тұрып кетерсіңдер деп, өзіңе ыңғайлап көріп едім. Советке қарсы адаммен тұр деп айтуға қалай аузың барады деп бейбақ неме өзіме тап берді. Сені қорғайын десем де оның сөзі зәремді алды.

– Совет өкіметіне қарсы листовка таратқанда, баспахананың әрпін қайдан алдыңыздар?

– Оны да айтайын, азамат начальник, әлгі оқиғадан соң мен күні бойы Майснердің босағасын аңдитын болдым. Дарьяның жауабын күттім. Екі кештің арасында Майснер келді. Бақша жақтағы есіктен ұрлана кірді. Арқалап алған дәу чемоданы бар. Чемоданды маған ұстатып жатып:

– Мынаны қазір жатақханаға апар да тығып қой. Ешкім көрмесін, Дарьяның саған берген тапсырмасы осы, – деді. Жатақханаға келіп, чемоданды ашып қарасам, лық толған баспахананың әріптері. Екі күннен кейін Майснердің чемоданын апарып бердім. Аз уақыттан кейін Никольский шіркеуіне келген адамдардың арасына Советке қарсы листовка тарады.

– Тиісті орынға неге хабарламадыңыз?

– Қорықтым.

Талғат қолын көтеріп, майордан рұқсат сұрап, сауал қойды:

– Сіз төртінші кластың оқушысы Наташаны білесіз бе?

– Қандай Наташаны?

– «Васса» деген атпен телеграмманың текстін жаздырып алғаннан кейін укол жасап, әлсіретіп өлтірген қызды айтамын. Сіз текстіні жаздырып жатқанда, Наташа: «Қандай қорқынышты сөздер. Доктор, атамыз өлді деп жазбай-ақ қояйықшы» деп жалынғанда, «шапшаң жаз» деп зіркілдегеніңіз есіңізде ме?

Цой Талғатқа қисық көзін қадады. Шырамытты. Ия, Сарғабанның сазына Аймангүлді ертіп барғанда көргені

бар. Сол кезде бұлар ізіне түскен екен ғой... Ол Талғаттың әлгі сұрағына: – Азамат тергеуші, менің қолымнан күніне талай кісі өтеді. Ал жасалған уколға келсек, дәрі-дәрмекті біз өзіміз шығармаймыз. Ұсынған препаратты қолданамыз, – деді.

– Ұсынған препаратты дәл сол ауруға қолданбасаңыз, оның қайшы әсер ететінін ұқсаңыз керек-ті. Уколдан соң Наташа тұншыға бастады, демі тарылды, бір сөзбен айтқанда, кинап өлтірдіңіз.

– Мен дәрінің құрамын білмедім.

– Әрбір дәрінің қандай қасиеті бары нұсқауға жазылған.

– Өз басым оны қараған емеспін. Маған оны сестралар оқып беруші еді. Сірә, солар шатастырған ғой деймін.

– Укол дәрігердің тағайындауымен жасалады. Оны ұмытпаңыз. – Дәрігер адам, оның қателесуі ықтимал.

– Рахымның өкпесіне шеге тығып, тырнақтарын жұлып азаптап өлтірдіңіз. Дәрігердің қатесі ме бұл?

– Біз оны өлтірген.

– Медсестра Глухованы қудалауыңыздың мәнісі қалай?

– Жұмыста кемшілік жіберген қызметкерді жазалау әкімшіліктің правосына жатады.

– Бұл қылмысыңыздың ізін жасыру үшін жасалған айла-әрекет. Қойманы ұрлаған адамды әйел етіп көрсету үшін өз әйеліңіздің туфлине қара күйе жағып, қабырғаға қолмен басып, ізін түсірдіңіз. Сіз қайткенмен Глухованы ұры етіп көрсетіп, одан құтылғыңыз келді. Оған өшігіп жүргеніңіздің мәнісі белгілі. Рахым өлер алдында өзін азаптаған адамды таныды. Оның айтқан сөздерін Аида Глухова естіген еді. Сіз үшін медсестра Глухова қауіпті куәгер болатын.

– Олег Майснердің үстінен домалақ арыз жазғанын айтсын, – деді майор.

– Қылмыс іздеушілердің назарын басқаға аудару үшін бұл да керек тәсіл еді. Одан да дәнеме шықпады. Сонымен сіз екі адамды өлтірдіңіз! Солай ма? – Талғат екі саусағын көрсетті. Цой төмен қарады.

– Рас, мен өзімді айыпты санаймын. Күзетші Цойды алып кетті. Майор Ділдәбеков Талғатқа темекі ұсынды.

– Бүгінгі әңгімемізді осымен бітіре тұрайық. Талғат үнсіз бас изеді.

8 октябрь – 9 ноябрь 1972 жыл.



КӨШКЕН ҮЙДІҢ ҚОНЫСЫ ҚАЙДА?

(повесть)

I. СЫРЫН БІЛМЕГЕННІҢ СЫРТЫНАН ЖҮРМЕ

Вокзал басында екі адам қалды. Біреуі – қызыл күрең барқыт түстес тон киген, шоңқайма етігі бар егде әйел. Екіншісі – жас қыз. Қынама бел, кең етекті бастон пальтодан бойшаң, талдырмаш көрінеді. Екеуі де сарыала қалың былғарымен тысталған чемодандарын ұмытып, көз ұшында ирелендеп бара жатқан жолаушы поезына аса бір мұңмен жарыса көз тігіседі. Бірнеше тәулік бойы серіктескен адамдарды, купені қимағандай. Оның соншалық ыстық екенін мына жат жұрт та енді аңғарған тәрізді. Егде әйел өкшесін көтере алға бір қарап:

– Клава, К-кла-ва! – деп, күрсіне, ақырын үн қатты. – Жүрелік, қызым. Әсем құндыз жағасын жылтырауық қырау ұшқыны басқан жас қыз алыстан естілген локомотив үніне құлақ түргендей боп, басын оң жақ иығына қисайта қозғалмай тұр. Қарақат мөлдір көзінің жанары жасқа толған. Демін ішіне тартып жұтынады. Жабырқау қыз көңілімен таласқандай суық жел қуғынынан қалған ала бұлт та ақша қарлы жерге қоңырқай өң беріп, күн сәулесін сүзіп, кірбіндетіп тұр.

Әлдебір кезде ту сыртынан естілген бөгде дауыстан шошыған егде әйел:

– Ой, Клава, – деп, қалың тонның етегін көтере қос чемоданның баулығына жармасып, сұлық түсіп отыра кетті. Бет-аузы оймақтай, шабдар бет, шегір көз, тапал бойлы қара кісі айбатпен жалт қараған қыз ажарына сұқтанды ма, телміре келіп, көнтек қызыл еріндерін жалап,

бұрыла берді. Ол есеңгіреп қалған әйелге басын көтермей, қалың қабағы астынан сүзіле қарап:

– Ұры емеспін, үрейленбеңіз, білсеңіз, өз адамыңмын, – деді. Теріс қарап сәл тұрды да, мырс етіп күліп, шегеленіп буылған жәшіктің қырына келіп отырды. Күс саусағымен чемоданды шертіп:

– Мен болмағанда бұл мүлік әлдеқашан бөліске түсетін еді. Жаңа ғана екі сауысқанның көз тіккені. Сайтандар мені көріп зытты. Не дерсің оған. Кәзір соғыс уақыты. Тыярға мұрша бар ма оларды. Тіпті еркінсініп кетті ғой. Көз алдыңда қылмыс жасаудан тайынбайды.

Өз қиялынан айрылған жас қыз жер сүзіп сөйлеген адамның қолдан желімделген айыр тұмсық қалың табан галошына, қонышы тілім-тілім пимасына, сонан соң шолақ етек пальтосына енді ғана зер салды. Бет пішіні орыс сияқты болғанымен қалмаққа тартқан ұқсастық бар. Көз еттері бітіктеу, жақ сүйегі шығыңқы келген. Әлгі адам төмен қараған бойы қонышынан кір-кір газетті алып, оны ұзыннан-ұзақ жыртты да, көк темекі орады. Сасық ащы түтінді ішке жұтқанда, көкірегі күркілдеп, қатты жөтелді. Бұрыла қақырынып, аяғымен бір таптап, әңгімесін жалғастырды.

– Байқауымша, беталыстарың алыс жақтан көрінеді. Әскери адамның семьясына ұқсайсындар. Я, я, көрініп тұр. Бұл қарғыс атқыр соғыс не істемеді дейсің. Талай семьяның шырқын бұзып, босытты ғой жұртты. – Ол ауыр күрсініп, бір сәт үнсіз отырды да, басын қалтақтата изеді.

– Бұрын кім аңғарған мұны. Үй берекесі кәрімен болса, қызығы – жаспен екен. Сол тентек бала кеткелі бері жегеніміз желім боп біз де күлкіден айрылдық. Жүздерің жылы көрінеді. Несіне жасырайын сіздерден. Я, оны қол бала етіп асырап алған едік. Ұл санап әлпештеп өсіргендіктен бе, үйдегі қызбен көңіл қосса да, күйеу деуге ауымыз бармайтын. Сөйтіп өскен жаннан, міне үш айдың жүзі болды, хабар ала алмай отырмыз. Берекеміз де кетті. Кеш батса әрқайсысымыз әр бұрышта дөңбекшіп, үһлеп жатамыз. Шам да жағылмайды. Байғұс кемпір кейде ұйқы көрмей, таңды көзімен атырады. Дәрменсіз жан ақыретшіл

келе ме, әйтеуір, көгерген икон алдында шырақ жағып, тәңірге жалынады: «Қалған жасымды Андрейіме бере көр»... деп алыстағы қыршынның ұзақ өмірін тілейді. Әйел де қызық халық қой, алла ісіне араласып, араға килікпесе көңілі көншімейтін. – Ол жіңішке саусақтарымен сіріңке шиін шапшаң сызып жіберіп, сөнген темекісін жалма-жан тұтатты да:

– Бәріне көнген кәрі құлақпыз ғой. Бәрінен көз алдыда жасын төгіп қиналған жас жайы қиын екен. Сол тентектен дерек алмағалы бері Марфушам жүдеп бітті. Бір сәт ақылға келген кезде кемпір екеуміз екі жақтап тоқтау айтамыз. Ана көңілі балада, бала көңілі далада деген емес пе. Ерін сағынып тыймай егіледі. Біздің нақыл сөзіміз құлағына кірмейді. Не дерсің оған. Құшқан жарын майданға мен жібергендей алакөзбен атып отырғанымды да жақтырмайды. Сорлы басым дерек бола ма деп дедектеп таң сәріден вокзалға жетем. Осы күні өлі саналғандар да жаралы болып келіп жатыр. Солардың бірі болмас па екен деген баяғы үміт қой, – деді, ол басын изеп, тағы да мырс етіп күлді.

– Мүсінсіздік бұрын ер жігітке үлкен мін еді. Енді міне бір мүшесіз келгеніне де разы болып отырмыз. Асканды аңдатқан алланың әмірі де бұл. – Орнынан күрсіне көтеріліп:

– Түу, сіздерді аязға қақтап, мылжындап отырыппын ғой. Я, қалаға түсетін шығарсыздар, – деп, әйелге енді ғана көз тастады. Тосыннан кеп, тосырқамай сыр ашқан адамның әр сөзін құптап, бас изеп тыңдап қалған әйел:

– Иә, ертелі күнді кеш қылмай, барар жерге ерте жетелік, – деп, сөзге араласпай оқшау тұрған қызына:

– Клава, Клаважан, жүрелік, – деді орнынан көтеріліп.

– Қала қашық емес пе? – деп әлгі кісіге қарады.

– Құдай-ау, мына тұрған жер. Вокзал сыртына шықсаңыз, төбесі көрінеді. Жүк те көп емес қой, жедел жетерміз. Жас қыз машинаға отырған кезде де сөзге араласпай, әйнекке қатқан мұз жарықшағынан тысқа көз сүзіп отырды. Бұл маңда ағаштар тым сирек екен. Автобус қабырға кірпіштері опырылып, қарауыл будкасы қисайған

үлкен құрылыс үйінен өтіп, тағы жиырма минут жүргенде биік төбені қиып, ылдиға қарай құлады. Қала үйлері жыбырлап көрінеді. Машина көше бұрылыстарында жиі кідіріп, ақыры шайхананың алдына келіп тоқтай қалды.

– Қонақүйіміз – мына жапсарлас салынған көк үй. Осында аялдайтын шығарсыңдар, – деп, әлгі кісі жүктерді түсіруге көмектесті. Ішке кірген әйел бір сәттен кейін әлдебіреумен дауласып, қамығып қайта шықты. Сұрақты пішінмен қарап қалған қызына:

– Орын жоқ, – деді. Шымыр құрғақ аяз бет қариды. Тыныс кесер ызғарлы жел бар. Қырау басып иілген ағаш бұтақтары сілкініп, шытырлайды. Екі жолаушының әбігерлік күйін аңғарған әлгі адам:

– Өзі жақсыға бір кісілік орын бар дейді. Қаласаңыздар, үйге жүріңіздер, – деді. Ол жауап сөзді күтпей, көшенің екінші жағында тұрған арбакештерге қол бұлғап, өктем үнмен айқай салды:

– Әй, борбастар, неге тұрсыңдар? Тарт арбаңды бері. Екі қолдарын жеңдеріне тығып, бас түйістіріп, темекі тартысып, шүйіркелесіп тұрған екі арбакеш сол мезетте бәтуалықтан айрылып, бірін-бірі қағып, есектерін сарт-сұрт соғып, қонақүй алдына тайталаса жетті. Иесіне ырық бермей, чемодандарды тартқылап, кезек жұлқылайды.

– Кезек менікі.

– Ой, мен бұрын келдім, – деп, шынтақпен түйісіп, иықпен қағысады. Арбакештердің қылығын бір сәт тамашалап қалған мыртық адам:

– Ой, оңбаған иттер, құзғынша таласатын өлімтікке келіп пе едіңдер, – деп ашуланып, араға шапшаң килігіп, жәшікке ентелеп жармасқан тымақты біреуін кеңірдегінен түйіп жіберді. – Кет әрмен! Салғызбаймыз арбаңа. Ой, сілімтік неме... Жүктерді тез тиеген, екі беті табақтай бүкір арбакеш қос есегін шықпырта қамшылап, жорғалай жөнелді. Көше өткенде:

– Сіздің үйге ме? – деп, артына бұрылды.

– Неменеге бажыраясың, тарта бер.

Жас қыз әр көшеге үңіліп, жан-жағына көңілсіз қарап келеді. Мұнда да биік үйлер көрінбейді. Айқыш-ұйқыш

салынған аласа үйлер. Қала деп келген жері үлкен село сияқты. Қарсы алдындағы үй магазин болу керек, жанында мыжырайған қарауыл будкасы бар. Жалпақ терезелері темір тормен құрсауланған магазиннің көптен бері ашылмағаны көрініп тұр. Есікке салынған қара құлыптың үстін шодырайып жентек мұзды қар басқан. Соғыс лебі алыстағы бұл тыныш қалаға да жеткен тәрізді. Көшеде жүрушілер сирек, еркек аз...

Жүк тиеген есек арба кең қақпаға еніп, көлденең салынған шатырсыз аласа үйдің алдына келіп тоқтады. Қорасы кең екен. Айқай-шу естілмейді. Тыныш. Ақша ұсынған бөгде әйелдің қолын қағып, арбакешпен дауласа есептесіп тұрған күйеуінің қылығын терезеден байқаған жұқа өңді, аласа бойлы сары кемпір таңдана, жай басып тысқа шықты. Қолын қусырып жақын келді.

– Кемпірім-ау, состиып неге тұрсың? Үйіңе құтты қонақ келді. Мына кісінің күйеуі Андрейнің ең үлкен командирі. Я, я, – деді әлгі адам, чемодандарды түсіріп жатып.

– Жаным-ау, не дейсің. Андрюша тірі ме екен? – деп, кемпір сенерін де, сенбесін де білмей, жолаушы әйелге қол жайып, ұмтыла түсті.

– Жә, жә, болды. Бар, отынды жақ. Мазалама, шаршаған кісіні, – деп, үй иесі тыйып тастады. Кемпір ләм демей, кілт бұрылып, үйге кіріп кетті. Бір сәттен соң ол оң қолын кеудесіне ұстап, иіле бас изеп, жолаушыларға есік ашты.

– Төрлетіңіздер, өз үйлеріңіздей көріңіздер. Әй, Марфуша, түпкі бөлмені аш, – деп, кемпір әлде кімге дауыстап ұн қатты.

Қалың есік пердесінен сығалай қарап, баласын көтерген жас әйел шықты. Сүзектен тұрғандай, жұқа ормалдан самай шашы тықырланып көрінбейді. Қыр мұрны қоқайып, көк көзі кірлі тостаған түбіндегі жұлдыз құртындай жылтырайды. Ол етсіз ернін қыбырлатып амандасты. Шайдан соң жолаушы әйел қызын ертіп бір жаққа кетті. Олар кеш оралды. Үй иесі жолаушы әйелдің ренішті жүзін көріп:

– Таныстарыңызды іздеп жүрмісіздер? – деп сұрады.

– Я, бірақ олар көшіп кетіпті.

– Я, я, бұл соғыс не істетпеді дейсің. Үйреніскен мекенінен қуар әлі бұл жұртты, – деп, үй иесі галошын желімдей отырып, басын көтерместен сөйледі, – қаласаңыздар, үй осы. Жайласыңыздар. Анау Марфушаның бөлмесін берелік. Кәзір сәндеп үй ұстар уақыт па, тәйірі. Септесіп жан бақсақ болады да. Күйеуі келген соң жөндеп алар үйлерін. Жолаушы әйел қызына қарап еді. Ол жақтырмаған шырай білдірді. Қолын артына ұстап, босағада көңілсіз сүйеніп тұр.

– Қайсы үйге барсақ та мекеніміз осы қала ғой, – деп, әйел осы үйде қалатынын сездірді.

– Ә, өздеріңіз біліңіздер, – деді үй иесі селкілдей сөйлеп. Бұл күні үй адамдары кеш жатты. Өзін Алексей Анцифрович Столетов деп таныстырған үй иесі, қолдан жасалған самогонмен пәтершісін жақсы сыйлады. «Таныстықтың алды» деп қырлы стакандар жиі соғысылды. Жат көрінген үйде ән естілді. Арақты да, тағамды да аузына алмаған жас қыз ұйқы алдында:

– Мама, бөлме есігін кілттеп жатсақ қайтеді? Қорқам... – деп, шешесіне ақырын сыбырлады. Дөңбекшіп, лоқсып, әйел қызының қолын қағып:

– Әх, Клавушка. Бізге қорқатын не бар? Снаряд жарықшағы жер-дүниені өртеп, айнала төңірек қызыл шоқ боп жатқанда да тірі қалып едік қой. Несіне дегбірің қашады? Қорықпа, қызым. Өлгенге дейін бізді құдай алмайды, – деді.

Жас қыз үстіне жамылған жібек көк көрпені кеудесіне сырғытып, басын ақырын көтеріп, ауызғы бөлмеге көз тастады. Тыстан кіре берістегі есік бұрышына қойылған білтелі май шам төңірекке күнгірт көлеңке тастап, сығырайып тұр. Бөгде дыбыс естілмейді. Столетов қабырғаға тақап қойылған жалаңаш тапшан үстінде шалқасынан түсіп қорылдап жатыр. Сол аяғындағы пимасы сыпырылып аяғының басына түскен. Тесіле қарағаннан ба, әлде елегізгеннен бе, тапал көк есікке қапталған тілім-тілім сұр кенеп жел қаққандай бұлғақтайды. Дәлізге біреу кірген тәрізді. Клава үреймен бұрылып, маужырап ұйқыға кеткен

шешесінің құлағына сыбырлап еді. Ол жауап орнына лоқсып, ыңырана түсті. Қыз көрпесін қымтап, шешесіне қарай тығыла берді. Бет қарыған салқын желден ұйқысы шайдай ашылған жолаушы әйел басын жұлып алды. Есін жия алмай, екі көзі шарасынан шығып, жан-жағына үреймен қарай береді. Ақылға келе алмай дағдарады... Ол есік-терезесі мықтап бекітілген оңаша бөлмеде жатқан жоқ па еді? Онда мынауы несі? Дәл маңдайында мыс табақтай бір нәрсе жалтырайды. Я, қалқыған кәдімгі ай. Сонау жақта белестеніп қарлы төбешіктер де созылып жатыр. Қарауытып қара үйлері тізіледі. Әлде далада жатырма? Жоқ, олай емес. Міне бөлменің төбесі, қабырғасы... Бұрыштағы темір төсектің басы да жылтырап тұр... Есі кіре бастаған әйел енді байқады: қақпақты қос терезе жақтауымен жұлынып алынған. Бүкіл қабырға үңірейіп тұр. Елсіздегі иесіз үй тәрізді... Үрейі кетіп шошынған әйел одеялын кеудесіне тартып, қызына қарай жанбастай сырғыды. Бар дауысымен айқайлады. Бірақ ешкім естімеген тәрізді... Клава қайда? Неге жауап қатпайды ол... Осы сәтте қалқыған айдың қара таңбасына қыбырлап жан біткендей болды. Бара-бара ұлғайып барады. Міне жақындап та қалды. Сөйткенде терезені кернеп біреу аттап өтті.

– Ой, Клава, қаш. Құтыл, – деп талықсыған әйел шыңғырып жан-жағын сипалай бастады. – Бұл адамдар қайда?.. – Ол орнынан тұрмақ еді. Үстін сояудай қара қылшық жүн басқан аюдай албасты ұзын сапты айбалта ұстап, өзіне төніп тұр екен.

– Клава, – деп айқайлап, бұрылғанша көзінен от жарқ ете түсті... «Қызы неге жауап бермейді. Тентек-ау, өзі... Жаңа ғана осында жүр емес пе еді? Қайда кетті?... Ә, папасын қарсы алуға кеткен бе? Ой, жаным-ау, ол мұнда қайдан жүр!.. Құтқаруға келген бе?.. Алеша, тірімісің, жаным? Сағындым сені... Тағы да кетіп барасың ба?...» Осы бір болмашы секундта оның көз алдына тірлігіндегі ләззатты жайлар жарқ етіп елестеп өтті. Тағы да кең дүние қарауытып барады. Әлдекім тұншықтырып, буындырғандай. Екі құлағы дамылсыз шыңылдайды. Ыш-

қынып ауа қармап еді. Жылымшы жас қанның иісі келді. Бұдан кейін ол ешнәрсені сезбеді. Бұл соңғы тыныс еді...

Құбыжық көлеңке тастаған, толған ай, қанды кештің куәсі болудан тайсалғандай қалың қоңыр бұлт арасына кіріп бара жатты.

2. МИЛИЦИЯ ЛЕЙТЕНАНТЫ

Әйгіленбеген бұл оқиғадан соң жыл өткен.

Күн жексенбі еді. Тұрғын халық жексенбіні «саудагерлер күні», «базарлы күн» деп атайды. Алып-сатарлар Ташкенттен тасыған жемістерін жаймаға салып, көк-базарды бір қыздырып кететіні бар. Алтынмен көмкерілген ақықтар, судыраған таза маржандар, күміс белдіктер кір қолмен қырық бүктеліп, таразы басын әрең басар шайырлы өрікке айырбасталады. Дорбалап келген саудагерлер атадан мұра болған асыл бұйымдарды қаптап, арқалап қайтады.

Лейтенант Кузьменко бұрын базарда болған емес-ті. Бүгін оған баруға асықан. Есік тұтқасына қолы тигенде, «Петя!» деп мұң аралас жалынышты, әрі әмірмен үн қатқан Евдокия Кириловнаның дауысын естіп, еріксіз бұрылды. Түні бойы «үһлеп» дөңбекшіп, ыңырысып шыққан, ал таң алдында талығып ұйқы құшағында жатқан Евдокия Кирилловна басын көтерген екен. Киізше тұтасқан қалың жүн одеялды серпіп тастап, жалбыраған сары келте шашын екі алақанымен уыстап, желкесіне апарды да, төмен қараған бойы оны жылтырауық түйреуішпен асықпай түйреді. Ентіктіріп, тыныс тарылтқан қарнын әрең жапқан мол тігілген гүлді бумази халатының мыжылған етегін жалаңаш тізесіне қымтай тартты. Орнынан сүйретіле көтерілді де, темір торлы терезенің алдына барды. Ақ марлыдан боялған көгілдір түсті пердені екі жағына сырғытып, тіреуіші бар сынық айнаға жүзін тосады. Домбыққан бет-аузын быртиған саусақтарын батыра сипалап, сырға тағардай екі жағына бұрыла қарайды. Тәтті ұйқыдан соң бой түзеген жан тәрізді. Бірақ айна

сынығынан босағаға жотасын тіреп қалған күйеуінен көз айырмайды. Әлден соң басын көтеріп:

– Тағы да кетіп барасың ба? – деп, ызалы үнмен күбір ете қалды. Күйеуіне емес, маңдайшаға қарап тұрғандай.

Аяқ үздіріп тұрған Кузьменко мырс етіп күліп, басын шайқады.

– Өзің білесің ғой, Дуся! Сауда жасамаймын. Бірақ іс жайы баруды керек етіп тұр. Қайтесің, кәсібіміз осы...

– Жұмыс, жұмыс деп үй қамын бір ойласаң нетті. Күз бойы қаңғып келгенің кеше еді. Қол-аяғымызды жинатпай мұнда қуды. Әлгі, саған үйіп-төккен жақсылығы қайда? Ең болмаса мына жыртық үйін жөндеп берсін де! Жоқ, аязға қатырып, тірідей жерлемек пе екен! Мені аямасаң да...

– деп, Евдокия Кирилловна халатының шолақ жеңімен бүйрек бетіне домалап түскен жасын сұртті.

Кузьменко кеудесін көтере кең тыныс алып, болымсыз бас изеп, тесіле қарады. Айтарға жауап таппағандай. Ұғымтал жары күн асқан сайын ұрыншақ мінез көрсетіп, ұқпай алыстап бара жатқан тәрізді. Күні бойы дұға оқығандай пеш түбінде мүлгиді де отырады. Өзін де күтпейді. Күрт түскен. Бірнеше жас кіші болса да, кәзір ол кексе тартқан егде әйел пішінде. Бет-аузы торланып, ашық маңдайын терең әжім басқан. Қыр мұрнының үстіне сепкіл жайылып, жұқа ерні көнтиіп, салбыраған. Ақ жарқын пейілін аңғартар өткір көк көздері көлеңкеленіп, от жанарынан тайған. Темір терезе алдындағы осы тұрысында ол зоопарктегі ашулы аюға ұқсайды...

Неге бұлай көрінгенін Кузьменконың өзі де білмейді. Жүзіне тығылған күлкіні үрлеген темекі түтінімен бүркеп, басын төмен салып, кернейі аласа темір пеш жанына келді.

– Не бұйырасың, соныңды айтшы, Дуся – деді.

– Не демекпін саған? Сөз ұғып жатқан сен бе?.. Әйтеуір берекесіз болдың ғой. Мақтап қойса, дегбірің кетіп, тыным таппайсың. Өзінді де, өзгені де ұмытасың. Санасы болса, жан-жағы күйіп тұрған осы қымбатшылықта жылы қонысынан кісі көше ме? Әйтпесе, бұл жердің өртең екенін ондағы отырған сіңір шенділер білмеді дейсің бе? Пайдалы жер болса, сені аттап өздері келер еді. Енді міне,

не үстімізде, не аузымызда жоқ. Баста ми болмаса, екі аяққа тыным жоқ деген осы да.

Әйелінің соңғы сөзі шымбайына батса да, Петр Петрович тіс жарып жауап қатпады. Өйткені оның табалауында шындық бар еді. Күз бойы үй көрмегені рас. Жаз аяғында айрықша тапсырмамен К. қаласына аттанған. Бір топ оперативтік қызметкерлермен екі ай бойы ұйқы көрмей, тағат таппай құлазыған жон даланы айнала шауып, қарулы банданың ізіне түскен. Мекенсіз бұзақы топ ұсталғанға дейін әбден әбігерге салған. Осындай қиын сапардан соң Кузьменконың өзі де ұзақ демалыс алуды ойлаған. Қыс камын жасап, бірсыпыра азық жинап алмақ ойы бар-тын. Соғыс болса мынау. Әлі бітетін емес. Ал зат күн сайын қымбаттап барады...

Алматыға келісімен ертеңіне өз өтінішін айтып барғанда:

– Кәзір аяқ көсіліп жатар мезгіл емес. Соғыс уақыты. Мұнда адам жетпей жатса, сен демалам дейсің. Демалыс жеңіс күнінен кейін, – деп, полковник Жамбылға шұғыл аттануға жолдама ұсынды. Кетуге тура келді.

Жамбыл қаласына келгелі бері айдан асса да, Евдокия Кирилловна осындай жабырқау мінезден танбады. Үй сұрап жүргендей кірсе де, шықса да «әлгі үйің қайда», мына жер барактан қашан құтыламыз?» деп бір сөйлеп қалады. Алматыдағы келісті екі бөлмелі үйін бекер тастап, ілесіп келгеніне де өкінеді. Бұл жолы бәрінен күдер үзген. Ашынып тіл қатады. Кузьменко осы үйге алғаш кіргенде оны жөндеу керек екенін айтып, қалалық советке барғаны бар. Председательдің орынбасары Маринец:

– Барына қанағат етіңіз, лейтенант жолдас. Үй жөндейтін уақыт емес кәзір. Бір тілім ағаш болса бұйырмасын, – дегенді.

– Майдан ағаш тілемейтін шығар, – деп айтқанда:

– Ағаш керек болмаса транспорт, түсіндіңіз бе, транспорт керек. Бар түйіні осында, бауырым. Ағашты кесіп ала қоятын өз орманымыз жоқ. Бәрін сонау Сибирьден тасимыз. Осы күні вагонды кім береді бізге? – деді ол Кузьменконың жотасынан қағып.

– Жастық, тәжірибесіздік деген осы да. Әйтпесе, өз үйінен кісі айрыла ма? Үндемесен бұл жұрт әлі басыңа секіреп. Соны біл, бауырым. Осы кезде сыпайылықтың керегі не? Сізге сары майдай сақтап отырған үйіміз бар еді. Ана бір жүгенсіздің басып кіріп алғаны. Бар күш, заң өз қолыңызда. Лақтырып тастаңыз. Ал біз әрдайым қолдаймыз. Білсең, уақыт сондай, бауырым. Егер біз сізді жақтасақ, онда қарыздар бола қоймассыз деп ойлаймын. Хә-хә-хә! Уақыт солай, жолдас лейтенант. Осында келер алдында, қала орталығынан екі бөлмелі оңды үй әзірлесе керек. Бос пәтерді аңдыған біреу: «Тылда тығылған қандай құдай ол? Мен жаумен алысып, аяғымды беріп келгенде, оның мұнда жылы пәтер іздеуін қарашы! Шолақ аяғымды қарыған сыз оның ақбас қатынының балтырынан өтеді дей ме екен! Отырсын ол да мен тұрған сыз тамда», – деп, үйге кіріп алыпты. Маринецтің осы үй туралы әңгіме қозғап тұрғанын байқаған Кузьменко:

– Ол да азамат, адамша өмір сүруі керек, – деп жақтырмай тік жауап қатқан.

– Әр адам бұлай ойламайды. Сіз кең, мейірімді адамсыз. Өз үйіңізді жаралы жанға қиып отырсыз. Білсеңіз, бұл нағыз патриоттық. Бірақ сіздей абзал жанға бос үйдің болмай қалғанын қарашы. Ренжімеңіз, – деп, Маринец әпсәтте құбылып қала берген. Бұдан соң Кузьменко үй сұрап қалалық советке барған емес. Ойы да жоқ-ты. Ол әйелінің кәзіргі шаншу сөзіне:

– Эх, Дуся, өтер қыстың ызғары кетіп болған жоқ па, осы? Алдымыз жаз. Шыдай тұралық та. Сонан соң бір жөні болар, – деп басу айтты.

– Шыдамағанда амалым қайсы, – деген Евдокия Кирилловнаның сөзін естімегендей:

– Ал мен кеттім. Жарған томар босағада үюлі тұр. Бүгінге жетер, – деп, Кузьменко жай келерін сездіріп, жедел басып тысқа шықты. Аспан төрі бозамықтанып тұр екен. Күн көзі көрінбейді. Айнала төңіректі қырау тозаңы басқан. Теректер сүйірленіп, ақ граниттей бой тізген. Болымсыз, ызғарлы жел бар. Кузьменко жағасын көтеріп, көкбазарға баратын тас жолға түсті. Көшеде шұбаған

халық көп. Буынып-түйінген адамдар өзара дабырласып, сөйлесіп базарға қарай бет алған. Кісі арасынан сусып өтіп, жан-жағына алақтап қарап, әркімнің түйіншегіне көз тіккен алаяқтар да бар...

Кузьменко көппен сығысып, вокзалға кірді. Ығы-жығы адам. Сатып, я саудаласып жүргенін біліп болар емес. Біреу қойнынан таза кездеме шығарса, бәрі топырлап, әрқилы баға беріп, әп-сәтте жинала қалады. Бірақ ешкім оны сатып алмайды. Сатушы кездемесін әркімнің алдына жайып, күні бойы жүреді де қояды. Базарды екі рет айналып шыққан Кузьменко жеміс сатқан ұзын лавканың қақ ортасынан өтті. Шыға берістегі үшінші таразыны иемденген бадырақ көз, ат жақты, қара сұр өзбектің маңына жұрт көп жиналған екен. Ол екі қолын ербендетіп:

– Алмаймын да сатпаймын! Аулақ жүр, аулақ жүріңдер! – деп таңырқап, ентелеген адамдардың кеудесінен кезек итеріп, безек қағады. Кузьменко шетте тұрған біреуден сұрап білді. Бұл өзбек жемістерін әрдайым затқа айырбастайды екен. Бірақ бүгін ол өзінің ежелгі осы кәсібін кенет өзгерткен. Жемістерін ақшаға сататын болыпты. Лейтенант Кузьменко бір сәт тұрып, шуақ түскен жабық дүкен алдына барды. Оған керегі мұндай майда кәсіпті алыпсатар емес-ті.

Бұдан бір жеті бұрын Меркі ауданының Сельмагін бір түнде тонап, машинамен тиеп әкеткен. Және қосымша товар алынған күні ұрланған. Магазин ұстаушылардың айтуынша, сол күні кеште біреу машинамен селоны ұзақ шарлаған. Кабинада шофер жанында отырған шүңірек көз, шоқша сақалды, сары кісі магазинге кіріп, белгісіз біреудің аты-жөнін, қайда тұратынын сұрастырған. Бірақ ол көп аялдамапты. Сол күні магазинге одан басқа бөгде адам келмеген.

Лейтенант Кузьменконың алып қайтқан құнды дерегі – басы балталанып, әл үстінде жатқан күзетші әйелдің екі орамға келген сөзі. Шамасы, ұрылардың бастығы болу керек, балта жұмсаған адам бетіне қара маска жамылған. Және «Р» әрпіне тілі келмейді. Ал ұрылар тобы бес адамнан құралғанын, оның ішінде жүз таныс село тұрғындарын

кездестіре алмағанын, магазинге екі машинамен келгенін саусағын санап ыммен түсіндірді. Күзетші әйел кабинаны көздеп атуға ыңғайланған кезде айбалтамен ұмтылыпты. Атуға үлгермеген.

Әдетте үй тонап, кісі өлтіруді әдет еткен қаныпезердің екінші біреуіне ұқсамас тәсілі болады. Егер кара маскалы қанжар тұтпай, айбалта ұстаса, ол мұны әрдайым құрал еткен. Әрі оны жақсы пайдаланатынын көрсетеді. Бірақ бұл маңнан балтамен жарақаттанып, жәбір көргендерді Кузьменко есіне түсіре алмады. Кездестірмеген. Ал «Р» әрпіне тілі келмей, көмекейден тұтығу қайсы халықта көп ұшырасады? Әрине, бұл талас мәселе...

Қайсы жағдайда болмасын, екі миллион сомның затын алған қарулы топ оны дүниедей бөліспейтіні айқын. Бұл бітпес дау. Бөліске салудың ең оңай жолы – ақша. Ұрланған мүлікті олар қалай да сатуға тырысады. Осындай ойда болған лейтенант Кузьменко тору бригадасын құрып, базарға әдейі келген еді. Бірақ базар қызғанмен, жаңа бұйымдарды байқай алмады. Екі-үш адамның қолынан кездеме кесінділері көрінген. Күнге тосқанда сетінеп, түгі көтерілгенін байқады. Нафталиннің иісі шығады. Көп жатқан мата тәрізді. Лейтенант Кузьменко көкбазарды күні бойы шарлады. Жиналған жұрт сирей бастады. Екеу-үшеу болып бытырап кетіп барады. Бұл күні базарға жаңа дүние салынбады. Ол жеміс сатқан дүкеннің алдынан өткенде, өлшеген өрігін қайта төгіп, қарсы алдында қап арқалаған тымақты қазаққа таразы табағын сермеп, бұлан-талан боп дауыстап тұрған саудагерді байқады. Айқай шыққан жерге сол сәт хром етігінің қонышын мыжырайта шалбарына түсірген, қисайта кепкі киген екі жігіт жетіп келді. Үрейі кеткен әлгі шалды түйгіштеп, сүріндіре итермеледі.

Жиналған адамдар сырыла берді. Ешқайсысы арашаға түспеді. Өзіне қорғаушы топ ұстаған бұл қандай алыпсатар? Тұрған жұрт неге сескенеді одан? Осы мезгілде көгеріп, қалшылдап айқайлаған алыпсатардың ту сыртынан бір әйел жақындады. Ол жеңінен тартып, иек көтере қас қақты. Айбатпен жалт бұрылған саудагер сол сәт құбыла түсіп, жүзі жылып, иіле берді. «Дәм тат» дегендей үюлі жемісті көрсетеді.

Келген әйел жұпыны киінген. Юбкамен парлап тіккен қоңыр телегрейкасы, аяғында пимасы бар. Қоңыр түбіт шәлі жамылған. Ажары көз тартады. Бірақ сұлу реңіне сай нәзіктік, әйелдік жұмсақ қылық білінбейді. Қимыл-әрекеті мен жүріс-тұрысы дөрекілеу, жүзі салқын. Алдында елбектеп иіліп тұрған саудагерді ғана емес, бүкіл базарды қуып, таратып жіберем десе де өз қолында тұрғандай. Төңірекке менсінбей, мұрнын шүйіріп, өктем қарайды. Тосын келіп киліккен әйел мен саудагер қылығын тамашалап қарап қалған Кузьменко жақын келді.

– Тұтатып алуға рұқсат етіңіз, – деп, осы кезде біреу папирасын тосып, жол бөгеді. Қалың көзілдірігін көтергенде:

– Бұл сен бе, Сейілбек? Жел ұшырып келді ме? – деп, қолынан шап беріп ұстай алды Кузьменко. – Мен тіпті күтпеген едім.

– Күтпеген жерден тап болу біз үшін жаңалық емес қой, – деп, Сейілбек Жанғабылов күле жауап қатты. – Байқауымша, анау екеуге көз тіккен көрінесің, – деді темекісін тұтатып жатып. – Әйел әрлі емес пе? Назарын аудармаңыз. Жұмбақ жан. Біздің қалаға сирек келеді. Ал анау саудагердің қайсы көшеде тұратынын білем. – Ол темекісін тұтатып алғанға ризалық білдіргендей бас изеп, жоғары қарай кетті. Лейтенант Кузьменко «қайда барасың?» деп дауыстай жаздады.

– Қайда лағып бара жатыр? – Таңырқаған Кузьменко дүкен жанындағы жеміс сатушыларға қарап еді. Саудагер өзбектің жанында тұрған әлгі әйел көрінбейді. Әңсәтте ғайып болған.

Бұл күні Кузьменко бұл әйелді еш жерден кездестіре алмады.

3. «ҚОБЫЗШЫ ШАЛ»

Көкбазардан күдер үзіп қайтқан Кузьменко сол күнгі кеште Жанғабыловты асыға күткен. Сиқырлы жұмбақ әйел, саудагер өзбек және оның сыртынан қорғап жүрген екі жас жігіттің қылығы өзі күтпеген жай еді. Торығаны –

магазин тонаған топ. Сонда олардың жалтақ жалқы жанға қандай қатысы бар? Кузьменко өз кабинетінде отырып көп ойланды. Алғаш елеусіз көрінген осы саудагер, мүмкін, сол топпен сыбайластық тапқан шығар? Өйткені ол Ташкентке жиі барады. Құлқыны кең алыпсатарға қисапсыз дүние тегін қазына көрінуі ықтимал. Бірақ ол өз болжауының тиянақсыз екенін аңғарды. Бетіне қара маска тұтып, алыстан болжап әрекет істейтін қарақшы күні бойы итшілеп тиын құраған алыпсатарды қайтсін! Мол дүниеге ортақ етер ол да ақымақ емес. Мүмкін, өрік сату саудагердің негізгі кәсібі емес шығар? Кейде солай да болады. Кузьменко Меркіге барғанда үлкен үмітте еді. Ұрылар өздерін әйгілер бір белгі қалдырар деп сенген. Олай болып шықпады. Экспертиза қалдық заттардан ешқандай белгі таба алмаған. Тек айқыш-ұйқыш іздер қалдырған. Шкафты ашып, әрқилы папкаларды ақтарып отырған Кузьменко сол сәт ашық хатқа жазылған жазуға үнілді. Кейбір әріптер көрінбейді. Ежелеп, көз талдыра отырып, оқығандағы ұққаны – бір полковник Әулиеатаға қоныс аударған семьясының тағдырын біліп беруді сұрайды екен. Хат шетіне: «Мұнда тұрмайды» деп қол қойылған. Кузьменко бұл хатқа назар аударған жоқ. Есіктен енгігіп кірген Сейілбекті көргенде, папканы лақтырып тастап:

– Дәл келгеніңді қарашы. Уақытты оздыра алмай мазам кетіп еді, – деді. Оны қапсыра екі қолының қарынан ұстап, көнетоз сары былғарымен тысталған креслоға отырғызды,

– Сапар қалай болды? Соныңды айтшы алдымен? Әлгі қобызшы шал тірі ме екен? – деп күле сұрады. Өткен жазда дорба асынып, қайыр тілеген бір қобызшы шал Шолақтауға жеткен. Үй-үйді қыдырып, босағада кепкасын жайып:

– Ей, жаратқандар, тулаған теңізде қираған кеменің бөрене құшқан матросындай соғыс дауылы соққан бір жанмын. Қол ұшын бермей суға батырсаң да, жағаға сүйреп шығарсаң да өз қолыңдамын. Мүсәпірмін, – деп телміре тұрып, садақа алмай кетпейді екен. Сол «Қобызшы шал» бір түнде із-түзсіз жоғалып кеткен. Алғашқыда оның бар-жоғына ешкім назар аудармады. Кейін ел арасында әрқилы

аңыз тарады. Біреулері: «Елге ес жидырғалы келген қыдыр екен. Жұрт мұңын шағып, ай жарықта қобызын шалып көрінеді екен» десе, екінші біреулері: «Аюдай тегеуірінді еді. Үсті-басын қыл басқан айыбы болмаса, нағыз адам дерлік» деп күңкіл шығарыпты. «Адам ата күйіне енген әруақ қой!» деген де сөз тараған. Сейілбектің сұрақ үстінде бір сәт үнсіз отырғанын қаламаған Кузьменко:

– Сен барғанда тірі әруақ көрінбеді ме? Неге үндемейсің? – деп, оң қолын оның иығына салып, кресло шетіне жانتая отырды.

– Ол қайыршы «Қобызшы шал да», жұрт аузына тараған әруақ та емес. Бұл туралы ерекше ойласқан жөн. Менің байқауымша, ізіне талмай түсер аса қауіпті жан. Әрине, оның кеткеніне талай уақыт өтті. Дегенмен ол туралы ақпар жинаған дұрыс. Бұл сөзге елең ете қалған Кузьменко тәптіштеп сұрап көріп еді. «Қобызшы шал» деген кім? Қайдан келген? Жергілікті тұрғындардың ешқайсысы дәл айта алмаған. «Қаңғырған қайыршы шал», «Қобызшы шал» деп білсе керек. Үйіне жиі түнетіп жүрген бір жесір қатын ғана мынадай мәлімет беріпті: «Күндіз көрмейтінмін. Қонуға ол тек түнде келетін. Алғашқыда мүсәпір адам деп білдім. Кейін бой үйренді... Өз күйеуімдей тұра бердім». «Мұның бәрі қандай мәжбүрліктен туды?» деген сұраққа ол: «Осы күні еркек таңсық қой. Кәрі, жасын талғамайсың. Әйтеуір, шалбар кигеннің бәрі сұлу көрінеді»... деп, шын сырын айтыпты.

Аса қарулы екенін де сөз қылған. Бір жолы погребтен тұздалған қиярға толы үлкен бочканы шелекше көтерсе керек. Сөйлегенде ысылдап, тұтығатын әдеті бар көрінеді. «Қобызшы шал» жөнінде Жанғабыловтың хабарын тамсанып тыңдаған Кузьменко:

– «Аюдай тегеуірінді еді, Адам ата күйінде келген әруақ» деп жүрген әлгі жесір қатынның сөзі болды ғой. Күндестеріне қызғанышпен қайтарған жауабы екен ғой. Енді түсінікті, – деп, басын шайқап орнынан тұрды. Ол бөгде жұмыспен кеткен Жанғабыловтың қайдағы қаңғыған «Қобызшы шал» жайында мұндай оқыс хабарын күтпеген еді.

– Сейілбек, мен бұлай ойламаған едім. Ең алдымен оның Шолақтауға барғанына таңданам. Әрине, ол бір мақсатты көздеген. Дер кезінде біздің жолдастар бұған назар аударуы керек еді. Сәтті уақытты өткізіп алғанбыз.

Кузьменко басын төмен салып, екі қолын артына ұстап, кабинет ішінде әрі-бері жүрді. Терезе алдына барып, бір сәт үнсіз тұрды да:

– Ғажайып нәрсе, – деп өзіне өзі күбірлеп, Жанғабыловқа бұрылды. – Сол шалдың біз ізіне түсіп жүрген адаммен ұқсастығы бар сияқты.

– Мен де солай ойлаймын...

– Ол тағы да мүсәпір түрде көріне ме?

– Жоқ, Петр Петрович, енді ол «Қобызшы шал» күйінде бұл дүниеге келмейді.

– Сонда қандай түрге еніп келмек? – Кузьменко өткір, ақылды көк көзін қадап, күлімсіреп, Сейілбектің жанына келді.

– Мүмкін, «Қара маска» жамылып көрінер. Солай емес пе? – Ол Сейілбектің ой үстінде отырып қалғанын байқап:

– Әрине, бұл туралы екеуімізге де ойлану керек. Өзірге бұл мәселені ашық қалдырайық. Ал бөлімшеге барған кезде документтерін жоғалтқандар жоқ па екен, зер салмадың ба? – деді.

– Екі әйел және бір жұмысшы өздерінің паспорттарын жоғалтқанын хабарлаған, – деп, Жанғабылов қойын дәптерінен адамдардың фамилиясын іздестіре бастады. Ол адамдардың атын атағанда:

– Кучмеев, Горелкина, тағы кім дедің? – деп Кузьменко қайталап сұрады.

– Кітапханашы Невежина Мария, – деді Сейілбек.

– Солай де. – Кузьменко өз орнына отырып, әжім тараған қалың маңдайын сипалап:

– Я, оның айнымас серігі – әйел болса керек. Жесірмен әрекеті осыны аңғартады, – деді.

– Я, бұл ақиқат, – деді Жанғабылов Кузьменконь пікірін қостап. – Әрсіз де, ақымақ та емес, әрі батыл көрінеді. «Қобызшы шалдың» бар әрекетін жүргізіп, қымтап жасыратын да сол қатын тәрізді. Әйтпесе, оған

маскамен жүру де қауіпті. Жыбырлап тұратын сол қолының саусақтары бәрібір әшкерелер еді оны.

– Ерекше белгісін ескергенің жақсы болған. Бұл біз үшін аса маңызды мәлімет. Айтқандай, манағы үшінші таразының қасында тұрған әйел, байқауымша, әрсіз де, ақымақ та емес сияқты. Оқыс өрге бұрылған саған қараймын деп тәңір алғырдан көз жазып қалғаным... – Кузьменко әбігер еткен бастапқы ойға ауысты. Оған дәл кәзір өз долбарын Сейілбек мақұлдаса бар ісі оңалатындай көрінді.

Кузьменконың ойын бағдарлаған Жанғабылов сол жақ тізесіне қойған оң аяғын селкілдете отырып әңгіме қозғады.

– Мұндай сұраққа жауап беруден бұрын бастан өткен бір жайды айтқым келеді, Петр Петрович. Мұны бұрынғы бастықтарға да айтқам. Әйтеуір жасырған емеспін. Соғыстың алдындағы күзде Алматыға оқуға бардым. Жастықта білінбегенімен есейген шақтағы жетімнің күні құрысын. Қыдырғың, жақсы киім кигің келеді. Ал қалтаңда бір тиын жоқ. Тамақ жегеннің жанында жалтаңдап тұрасың. Ал қайыр сұрауға дәтің шыдамайды. Тұрмыс шыдатпаған соң ректорға университеттен шығару туралы арыз бердім. Ол жақсы адам екен. Оқуды тастамауға кеңес берді. Ақыры сырттан тапсыруға рұқсат етті. Енді бұрынғыдай күні бойы сабақта болмаймын. Уақытым бос. Не істеу керек? Әрине, фабрика-заводтарға барып жүк түсіріп, тиеймін. Кейде станцияға барып, вагондарды босатып жүрдім. Кейде о да болмай қалады. О кезде жұмыс істеуге арланбайтын студенттер көп болушы еді ғой. Бір күні қаңғып жүріп Люкске бардым. Қалтамда небәрі 35 сом ғана бар. Соған, неге екенін өзім де білмеймін, тегі адамдар жапырласып алып жатқан соң болу керек, алты метр кездеме алдым. Алғанымды қайтейін, соңынан өкіндім. Өйткені маған мата керек емес, ақша керек еді. Бар тиыным да сол. Не істерімді білмей аңырып тұрғанымда, біреу саудаласа қалды. Сөз етпей 15 сом пайда беріп, алып кетті. Тағы да кезексіз кіріп, кездеме алдым. Сол күні 100 сом тапқаным есімде бар. Сөйтіп Люкс оңай табыс табар

орын болды маған. Қайсы уақытта келсем де, алдыңғы кезек менікі. Өйткені қалтаға түсер жәдігөйлер орынды сайлап қояды. Жалғыз маған емес, бүкіл саудагерлерге істейтін кәсібі осы. Оның есесіне ол қалтаға түскенде, сен үндемейсің. Бүркеп, қалқалап тұрасың. Егер жәбір көрген біреу айқайлап, милиция шақырып, көмек сұраса, «жала жапты», «өзі алыпсатар» деп бүкіл саудагерлер шуылдап, қалтаға түскен ұрыны ақтап құтқарып алады. Ал біздің туыстардың кейде ақиқатқа жетпей, көп сөзіне қарап, қоқиланатын әдеті бар ғой.

Бір күні тоналған жас қызды қаралап ала жөнелгені бар емес пе? Шыдай алмадым. Кезегімді тастап, қызбен бірге бөлімшеге бардым. Бастыққа қыздың кінәсіздігін, оны тонаған аласа бойлы, томпақ мұрын өзімнің серігім екенін айттым. Дегенмен көптің аты көпшілік емес пе, жаман пиғылмен бет алғанымды байқаған 4-5 саудагер ілескен. Солардың сөзіне иланды ма, бөлімше бастығы сеніңкіремей: «Қайдан білесің, қыздың өзі жала жабу үшін әдейі істеп жүрген шығар?» – деді. «Солай, жолдас бастық!» деп саудагерлер де дес бермей шуылдап тұр. Мен шынымды айттым. Бастық маған қарап: «Мыналар да алыпсатарлар ма?» деді. Ұзақ дәлелдегеннен кейін барып қыз екеумізді босатты. Қыздың ұрланған ақшасы тиынына дейін қайтарылды. Жәбір көрген қыз Шамалғаннан екен. Шығарып салмақ болып, автобус тоқтайтын жерге беттедік. Екінші көшені айнала бергенде, ысқырық шалынған айқай-шу басталды. Қыз екеуміз аң-таң болып тұрып қалдық. Біреулер бізге ұмтылатын тәрізді. Бірақ милиционерлер жол бөгейді. Байқасам, маған әрдайым кезек алып жағымпазданып жүретін баяғы қалташылар. Кек алуды көздесе керек. Әп-сәтте олар машинаға тиелді. Үсті-басын тозаң басқан әлгі милиция бастығы маған қарсы жолығып: «Міне сіздің айтқаныңыз енді дұрыс келді, жігітім!» деп күлді. Бұдан соң сауда маңына жоламайтын болдым. Кезек көрсем, жүрегім айниды. Сондағы менің бір байқағаным, саудагер болған жерде алаяқ та болады екен. Еңбексіз күнелткеннің заңы солай ма, әйтеуір олар бір-бірінің аты-жөнін білмей-ақ алыстан таниды. Және

қызғыштай қорып жүреді. Байқасаңыз, араларында сондай келісім де жоқ. Бірақ бәтуашыл. Егер бір саудагерге көз тіксеңіз, оның маңында жеті қарақшыдай ұрылардың шыры айналып жүретініне кәміл сеніңіз. Менің білетінім осы. Саудагерлер мен бұзақы ұрыларды бір-бірінен мүлдем бөліп қарауға болмайды. Сейілбек орамалын аузына төсеп, булығы жөтелді де:

– Ал сіз айтқан саудагер – Абдуллаходжаев деген біреу. Өмір бойы алыпсатарлықпен кәсіп етіп келеді. Бір-екі рет ұсталған сияқты еді. Әйтеуір көп жатпайды. Әрдайым көкбазардан көресің. Ал анау әйелді осымен үшінші рет көріп отырмын. Бірінші рет киім тігетін мастерскойда, соңғы жолы екі ретінде де таразы маңынан кездестірдім. Кім болса да саудагермен ымы-жымы бір біреу. Бар кимылы осыны аңғартады.

– Өмірін де жүргізеді-ау деймін сол әйел, – деді Жанғабыловтың сөзін ықылас қойып тыңдаған Кузьменко. – Тіпті жан-жағына қаһар шашып тұрған алыпсатар оның алдында майысқақ темірдей иіліп кетті ғой. Байқауымша, мол дүниені басып отырған «Қара маска» оған соқпай кетпейтін тәрізді.

– Мұны анықтау керек.

– Сол саудагер сенің органда істейтінін біле ме? – деді Кузьменко. Не мақсатпен сұрағанына таңырқаған Жанғабылов:

– Саудагерлер милиционерлерді пәранжі ішінен де ажырата білсе керек, – деп күлді. – Бірақ мен форма киіп жүрген емеспін. Оның үстіне сапарға жиі шығам. Бір жолы оның «Е, бала, табыс молайды ма?» деп сұрағаны бар. Тегі үш дөңгелекті мотоциклмен баяғыдай жолаушы тасиды деп ұғады білем. Шолақтауға жүрерде қасымдағы кісіні көріп: «Үйді қашан саласың?» деп сұрап қалды. Мұндағы қызметімді білмейтін сияқты.

– Онда, тіптен, жақсы. Бұл операция аяқталғанға дейін кеңсеге енді келмесең де болады. Үйде бол. Жасаған жоспар жөнінде майорға өзім айтармын. Мақұл ма? Қажетті күнде хабарласам. Үйлерінде тосын келген кісіні жария етіп, мазалайтын ит жоқ па еді?

– Ит асырап қайтем. Өзім милицияда істеп жүрмін ғой,

– деді Сейілбек. Ол селкілдеп түйіле күлген Кузьменконың қолын алып:

– Қайсы мезгілде келсеңіз де, үй маңы тыныш.

– Нағыз милиция тұрған жерде тыныштық болу тиіс. – Кузьменко күлкісін тыя алмай, жасаураған көзін орамалмен сүрте берді. – Жақсы, сигналды күтерсің. Жанғабылов кеткеннен кейін Кузьменко көп аялдамай тысқа шықты. Қала үстінің аспаны көгілдір. Жұлдыздар жыбырлап тым алыстап кеткен. Төңіректі құрғақ аяз қысқан. Шытырлап жарылған терек үні естіледі. Петр Петрович әйелінің азаңда айтқан сөзін енді ғана есіне алды. Шынында да мына аяз ескі баракты кеулеп, көтеріп тұрған да болар...

Кузьменко есік қаққанда Евдокия Кирилловна: – Бұл кім? – деп үреймен үн қатты. Күйеуінің дауысын танып:

– Мен қорқып едім, жаным. Тез кір, – деп, есікті жартылай аша берді.

– Неге үрейлендің сонша?

– «Қара мысық» деген бәле қаптап кетіпті ғой, – деп Евдокия Кирилловна шиқылдап мазасыз ашылған есікке екі жерден кілт салды.

4. ҚҰПИЯ МӘСЛИХАТ

Бүкіл тұлғасы жұп-жұмыр, алпамсадай көрінген біреу түн қараңғысын жамылып, оқшау тұрған үйдің иесіз жақтағы терезесін қақты. Іштен үңілген адам көлеңкесі көрінді. Қол фонарьдың жылтылдаған жасыл сәулесін көріп, терезенің тиегін тырс-тырс ағытты. Тұтас қос әйнек рамасымен жұлынып алынды. Тыстан шапшаң секіріп түскен адам екінші біреуді жеңіл көтеріп, ішке ала кірді. Терезе қараңғыланып қайта жабылды. Елеусіз келген екеуге шырақ жағып, көтере ұстап, әбігер болып жүрген үй иесі.

– Мына жерге жайласыңыздар. Я, бүгін күн тым қақап тұр. Суық өткен шығар? – деп, жол сапарын сұрағысы келгендей иіліп аяққа оралады. Қалың кенеп плащтың шошақ күләпарасы қара маска тәрізді бетін жапқан зор

денелі жолаушы жанында үй иесі жеті жасар баладай.

Келген адам плащын шолақ пальтосымен сыпырып тастап, сыздықтап сәуле түсірген есікке бұрылды. «Мұнда кім бар?» дегендей үй иесіне бас шұлғып, иек қақты. Есікті аяғымен сырғыта ашты. Ауызғы бөлмеден тарамыс қол, кемиек, істік мұрын, кішкене көк көзі кіртііп шүңірейген арық кемпірді көріп:

– Байқауымша, күтпеген тәріздісіз. Танымайсыз ба, Агафоновна? Өткен жылғы түнді шынымен-ақ ұмытқансыз ба? Хе-хе-хе! Есіңізге түсіріңізші: алтын білезік, жүзік... судыраған гауһарлар көз тұндырмай ма? Таласып қойынға да тықтық-ау. Дегенмен, сол кезде қорқып та қалған жайыңыз бар ма, қалай? Әлі тірі жүрміз, – деп, келген кісі селкілдей күлді. Тұла бойы тоңазып қалтыраған Агафоновна екі көзі шарасынан шығып бажырайып қалған. Тілі күрмелгендей. Басы қалтылдай береді. Жұмырықтай ешкі басы құныстай кеудесіне қадалған зор иықты, жуан қолды бұл адамды бұрын-соңды көрмеген тәрізді. Еңгезердей денесі бұтақсыз келте жуан томардай үйге сыймай тұр. Өткір көзін қалқалаған доғал біткен қошқар мұрны да танымал емес. Қорқынышты сол кеште бұл адамның әзірейілдей кәзіргі пішінін аңғармаған еді. Ешкі терісін жамылған сияқты көрінген.

Агафоновнаның үрейлі түрін таныған әлгі жолаушы кісі жалт қарап, үй иесіне бұрылды. Сол сәт кемпірге иіліп:

– Өңіңіз солғын. Қол балаңызды сағынған түріңіз бар. Қайтесіз, соғыс ана жүрегіне қарай ма, тәйірі. Шыдаңыз. Күнәкәрді де құдай қорғайды ғой. Хе-хе-хе! Адал жан емес пе еді ол. Әйтеуір, дұғаңызды ада ете көрмеңіз, – деп мысқылмен суық күлді де, шапшаң бұрылып есікті жапты.

Есі шығып, бажырайып қалған үй иесіне:

– Жақсылықты ұмытатын алапес пе едің? Байқа, әкең тілеген жүз жасқа жете алмассың, бүйте берсең! – деді. Қадалып зілмен сөйледі. – Мұнда келетінімізді елбектеп жүріп, сен ит ескертпеген шығарсың.

– Біледі, Анатолий Кучмеевич. Тек... Жәй әншейін, – деп, Столетов қатты сасып, бауырына кіре сөйледі. Кучмеев күміс құтыны сырт еткізіп ашып, сигар алып тұтатты да, көк түтін арасынан сығырая қарады.

– Кучмеев дегенді енді ұмытқын. Ондай жан өмір сүрмейді бұл дүниеде. Оны ауыстырған «Қыли барон» түсіндің бе? Столетов мән-жайды ұқпаса да, «Қыли баронның» ақылдылығын, тапқырлығын құптағандай бас изеді. Жарым сағаттан кейін стол үстіне тағамдар қойылып, спирт әкелінді. Кемпір дастарқанға шақырылмады. Бұлар үшеу отырды. Тоңазыған тауық етін аузын толтыра асап, үнсіз жеп отырған «Қыли барон» кекіріне түсіп, стол шетіне сырғи берді. Шашақты жұмсақ орамалмен аузын сүртті де, қасында отырған әрлі жас әйелдің желке шашын сипап аяушылық білдірді.

– Шаршадың білем, – деп, үлкен шағыр көзін төңкеріп қарады.

– Ішші. Сонда бәрі ұмытылады. – Ол алдында тұрған қырлы стаканды әйелдің ерніне төсеп:

– Сенің саулығың үшін! – деді де, көмекейіне қағып жіберді. Жыбырлап тыным таппаған оң қолының сау-сағымен қалың ернін сүртті. Жалтақтап құлшылық етіп отырған үй иесі Столетовқа:

– Кемпірді көре алмадық. Біз үшін дұға оқып жатыр ма? Мейлі оқысын, – деп, мырс етті. Үй иесінің «тыста жүр. Сіздің тыныштығыңыздың қамы ғой бәрі» деген сөзін елемей:

– Қызыңды Шымкентке жібергенің дұрыс болған. Құдашасымен көңілін көтерсін. Қарайласып тұрасың ба өзің? – деді.

– Сол тиыны құрғыр кейде болмай қалады. Менің итшілеп тапқаным неге жетсін. Ақша түссе жіберемін бе деп отырмын. «Қыли барон» иығына басын салып отырған әйелге бұрыла езу тартты. Әйел орнынан тұрып, былғары сумкадан қатталған өңшең 30 сомдық қызыл ала қағазды тастай салды. Столетов аларын, я алмасын білмей дағдарып қалды. Қадалған екеуге ыржындап жалтақтай береді.

– Ал, кейін байығанда есептесерсің. Бірақ санын ұмытпа. Мақұл ма? – деді «Қыли барон». Столетов осы сәт бұл ақшаны біреу тартып алатындай жалма-жан қойнына тығып, есікке қарай сырғи берді.

– Қайда асықтың! – деді «Қыли барон» орнынан тұрып.

Әлгі жұмыс не болды? Соныңды айтшы алдымен.

– Ойбай-ау, кәзір бүкіл қала сол туралы айтып жүр емес пе? «Қара мысықтан» бәрінің зәресі қашқан. Осы күні ымырт жабылған кезде көшеде қыбырлаған жан көрмейсіз. – Столетов бұл істі өзі тындырғандай жымып, бас изеп, көзін қысып қойды.

«Қыли барон» қалаға түсерден бір күн бұрын базарды көздеп, қасындағы әйелге «Қара мысық» туралы аңыз таратуды тапсырған. Базардағы жұрт бұл жайсыз хабарды әп-сәтте бүкіл облысқа жайып әкететіні белгілі. Оның үстіне станция да жақын, күн сайын талай жолаушы келіп-кетіп жатады. Кәзір «Қара мысық» жайында әңгіме талай жерге тараған да болар. «Мияулап есік тырмалап тұрады екен. Байқаусыз ашқан адамның екі көзін ойып, түнде жүргендердің ішеқарнын ақтарып кетеді, ыршығанда телеграф сымына жетеді екен, бұл нағыз қара мысық емес, доп байлаған адам» дегін деп, әр сөзді хабаршысына қайталап айтқызып, әбден жаттатқан.

Бұл хабарды таратқанда «Қыли барон» үлкен мақсат көздеген. Біріншіден, көп көзіне түспей қалаға жетуді ойласа, екіншіден, милиция адамдарының назарын басқа жаққа аудару еді. Өйткені ұрланған мүлікті іздеп, бүкіл милиция соңынан түсетіні айқын. Ал «Қара мысық» бәлесі шыққанда соғыс титығына жетіп, ашынып отырған халық «мына бәлені тиғын?» деп талап қоятыны белгілі. Сөйтіп қуғындаудан тыс қалу әрекеті еді.

Бұл істе «Қыли барон» өзінің жалғыз қалмайтынын сезген. Қаланың қалташыл ұсақ шпаналары осы дабырды пайдаланып, үлкен бұзақы іске ойысуы ықтимал.

Милиция «Қара мысық пен» әлектеніп, оның ақиқатына жеткенше, бұл да бар мүлікті сатып, қашып үлгереді. Бірақ «Қыли барон» өзінің бұл түпкі ойын «сенімді серік» боп танылған қасындағы жас әйелге де айтқан емес. Бірақ әйел мұны аңғарғандай, сөз айтса дүрсе қоя береді. «Менен жасырасың» дегендей сынап қадалады.

Ал «Қыли баронға» бұл әйелден айрылу қараңғыда таяғын жоғалтқан соқырмен бірдей еді. Сондықтан ол әйелдің көзінше Столетовпен сыр бүкпей сөйлескен.

Столетов есікті саңылаусыз қымтап жауып кеткенде:

– Ақшақұмар ит! Тиынға бәрін сатады, – деді «Қыли барон» басын айқастырған қолының білегіне салып, жантая отырған әйелге.

– Меркіге кім барған екен? Анықтадың ба?

– Кузьменко деген біреу көрінеді! – деп, әйел басын көтерді.

– Кім өзі ол?

– Ешкім дұрысын айта алмады. Біреулер жай қызметкер десе, екіншілері қылмыстыларды іздеу бөлімінің жаңадан келген бастығы дейді. Анығын білмедім.

– Таныс есім емес. Бірінші рет естіп отырмын. – «Қыли барон» жыбырлап тұратын саусағымен қалың жалпақ ұртын айғыздай сипалап, тісін шықырлатып сөйледі.

– Қайдан келсе де мейлі. Біз үшін маңызды емес бұл. Бірақ оның жоғалған мүлікті іздеу жөніндегі әрекетін, жоспарын білген жөн. Бізге керегі осы.

– Бұған жете аламыз ба? – деді әйел жалт қарап. – Олардың жұмысы ерекше құпия. Кімнің немен шұғылданып жүргенін біліп болмайды.

– Е, солай! – деп, «Қыли барон» ақырын күрсінді. – Бірақ қалай болғанымен де оның әрекетін білу керек. Егер машинисткамен келіссек қайтер еді? Тілеген ақшасын береміз.

– Сонда ол бізге не айтады дейсің?

– Барлық кіріс-шығыс қағаз соның қолынан өтпей ме? Ал біз көшірмесін талап етпейміз. Тек мазмұнын хабарлап отырса болғаны.

– Бұлай ету аса қауіпті. Естуімше, машинистка жас әйел көрінеді. Мен жігіт болсам бір сәрі. Ал сен де көріне алмайсың оған. Сонда кімге сенеміз.

«Қыли барон» қабағы тырысып, ызалы кәрі бүркіттей қомданып отырып қалды. Ол жауап таппай, әйелге қарай берді.

– Я, маған көп көзіне түсуге болмайды. Жыбырлап тұратын мына қарғыс атқыр саусақтарым көрінсем ұстап береді. Осы үшін әрдайым көрде жатқан шешеме лағынет айтам. Қарғаймын да. Тегі менен дарынды қобызшыны

күтсе керек. Бала кезімнен дағдыландырыпты. «Барон» боларын қайдан білсін сорлы кемпір! Енді міне, жұрт көзіне көріне алмай отырғаным, мынау!

«Қыли боронның» осындай әлсіз жағын әрдайым пайдаланып, уысынан шығармай, ықпалын жүргізуді үйренген сайқал әйел:

– Қойшы соны! Несіне қиналасың, сонша. Одан да кәзір жатайықшы... Тіпті денеміз жат боп кетті ғой, – деді.

«Қыли барон» қойнынан ортасында алтын тұмары бар сұдыраған аппақ маржан тізбегін әйел мойнына тасты. Іріктеліп алынған өңшең таза тастар. Қара барқытқа құбылып сәуле түсіреді.

– Ана бұйымдар өтсе, гәуһар тағам төсіңе. Уәдем осы! – деп, маржанды әйелдің мойнына тақты. – Бірақ сен де парыздар боп қалмасың деймін. Мына жаңа атыңмен таныс: Галина Сусякова! Жақсы есім емес пе? Ол әйелдің алдына мөр басып, қол қойылған жаңа паспортты тастай салды.

– Нежежина деген есім ұнамады ма саған? Күн сайын өзгертіп, мені әбден шатастырдың-ау. Сенсең, шын атымды да ұмытып қалдым, – деп, Галина аталған әйел жұмыр мойнын сипалап тұрған «Қыли баронның» саусақтарын шымшылап, қатты күлді.

– Енді Нежежина деген атпен жүру қауіпті. Егер білсе, тасбақадай тырп еткізбей ұстап алады, – деп, «Қыли барон» қақпақты алтын сағатын ашып қарады. Әлдекімді күткендей. Сақ басар қарақшының бүгінгі асығыс келуінің мәнісі құпия мәслихат жайы екенін аңғарған әйел де еліре қалды. Бірақ оның не айтатынын білмеді.

Осы кезде малақайы көзіне түсіп, енгігіп кірген Столетов:

– Куч-чч-аа, бор...барон! Тыста екеу жүр. Андып жүр, – деді. Өңі қуарып, көзі шарасынан шығып кеткен. Тығыл, қаш деп төрде отырған екеуге белгі береді. Сұрланып ұшып тұрған әйел кәзір ғана таққан маржан алқаны шапшаң үзіп, иығына түскен түбіт шәлісін жамыла берді. Столетов пен Галинаға мысқылдай қараған «Қыли барон» қас-көзі кимылдамай суық күліп:

– Андушы емес, қорғаушы де! Неменеге үрейлерің

ұшып кетті. Бар, есікті аш! – деп бұйырды. Столетов дәліздің есігін ашты. Көзіне түскен дудар қоңыр шашын бастыра, мыжырайған кепкасын бір шекесіне киген, өңі сұп-сұр жігіт кірді. Қойнына тығып алған қара мысығы бар. Үшкір тілімен тұмсығын жалап, мияулап дір-дір қағады. «Қыли барон» келген жігітке «қалай?» дегендей бас изеп еді. Ол үнсіз көз қысты.

Осы кезде жымың етіп, жадырай түскен Столетов артымен жылжып, есікті ақырын ашты да, сәл құлақ түріп, қайта жапты. Ол өз үйінде үлкен пәлені көздеп мәслихатқа жиналған бұл үшеудің пиғылын білмеді. Ол дәл кәзір өзіне жан адам тие алмайтындай сезінді. Тіпті мүлгіп, мол тыныштыққа бөленген осы айналаның бәрін өртеп, жойып жіберсе де өз қолында тұрғандай. Екі қолын қалтасына салып, талтандап маңғаз басады. Бұл дүниеде «Қыли баронмен» болу әрі қызық, әрі қауіпсіз сияқты. Егер ол уәдесінде тұрса, аз күнде мол байлыққа кенелмек. Өзін ұшы-қиыры жоқ осы аймақтың қатал қожасына балайды. Мыңғыраған мал, шұбар ала мол байлық елестейді. Сарай терезесінен майшамның сәулесін түсіріп, істік мұрнын көрсетіп көңілін бұзған Агафоновнаны жақтырмай, айқай салды.

– Ой, қарғыс атқыр неме, сонша неге үрейлендің! Бәрі де қызметінді жасап жүрген өз адамдарың емес пе? Шық бері! – деп әмір етті.

5. КҮТПЕГЕН ХАБАР

Аспан жиегі бұлтсыз. Жаңа бір әзірде бозарып, ақшыл тартып тұр еді. Қәзір алау атқандай қызыл арай түске енген. Әп-сәтте о да жоғалды. Табаға салған жалынсыз шоқтай қызарып, жарқырап күн көзі көрінді. Шымырлап, көтеріліп келеді. Жаңа мына төбенің арғы түбінен шыққан тәрізді еді. Кәзір бозамық тартып, дөңгеленіп алыстап кеткен. Үй жанында, шұғыла жаққа көз сүзіп екінші орам темекі тартқан Қузьменко өнбойын қарыған таң суығынан дүр сілкінді.

– Осылай таң атып, күн өтеді. Нәтижесіз, жол таппай

соқпақсыз өткен бұл да бір күн болғаны ма? – деп, суық жел қуып ұйыстырған шудалы қоңыр бұлтқа иықтап кіріп бара жатқан күнге тағы бір көз тастады. Өткен жетінің оқиғасы титықтатып, әбден әбігер еткен Кузьменко бүгінгі түнді де мазасыз өткізген еді. Кешкі ас соңында бір сағат мызгығаны болмаса, ұзақ таңды көзімен атырған. Өзіне мәлім емес көмескі жайлар барған сайын жұмбақталып барады. Аңдамай ағат басқан қылығына да өкінеді. Ізіне талмай түсіп, өкшелеп аңдыған базарда көрген әйел бар күдікті бір сәтте жойып, көз алдында бұл маңда сирек болар сый-құрметпен шығарып салынды. Гүл ұсынып, құшақтасып, сүйісіп жүргендердің ішінде ірі қызметкердің сары жілік, жуан қарын бәйбішесі де бар. Әйтеуір жүздескен адамның бәрі сәтті сапарын тілеп, көздеріне жас алысты.

Поезға отырған кезде станция комендатурасы арқылы документтерін тексертіп еді. Бітпес дау бәлеге қалды. «Жау тылында азап пен сор кешкен ер партизанның жалғыз ұрпағын қаралағандық» деп, әлгі бастықтың әйелі бүкіл жұртты қостатып, жүрер поезды 5 минут тоқтатпасы бар емес пе?! Кешірім сұрап, әйтеуір әрең құтылды. Бұл жанжал осымен бітсе бір сәрі еді. «Жайлы үй бермегенім үшін мұқатпақ болғаны. Семеймды, әйгілі ұрпағымды мазақ қылғандық бұл» деп, қалалық советтің орынбасары Кирилл Моисеевич Маринец байбалам салып, безек қағып, обкомға барды. «Жылы мекенімнен қозғаған соғыс мазағы аздай, соңымнан көлеңкеленіп қалмағаны несі мұның! Маринецтің кім екені аян емес пе өздеріңе. Адал, ақ болса ол ел берекесін кетірген бәлені неге жоймайды? Не қақысы бар менде! Милициядағы қызметін пайдаланып, жұрт алдында масқаралап жығып отыр. Көне алмаймын бұған. Сол Кузьменконы көз алдымда аямай жазаландар. Бұра тартар бұзақылығын ұқсын. Әйтпесе Москваға ұшам», – деп, Маринец стол тоқпақтап отырып алған. Мазакқа заң тармағы бар екенін ескертеді. Бұл Кузьменко ойламаған жай еді. Басқарма бастығы майор Жүсіпов бұл іске өзі араласып, тыйып тастамағанда тәжірибесіздіктен туған бұл қатесі үшін Кузьменконың бұл жерден тайып тұруына тура келер ме еді, қайтер еді...

Партизан қызы саналған әйел шынында да, мұнда жария еткен адресі бойынша Шыршыққа жақын жердегі бір үйге түскен. Кирилл Моисеевичтің үйіне жіберген телеграммасында жақында үйлену тойы болатынын, болашақ күйеуі Ташкентке орналасқан Харьковтың химиялық әскери училищесінің жас офицері екенін мақтан етіп көрсеткен. Маринецтің үй-ішін тойға шақырыпты. Кузьменко бұл жайды телеграфистка қыздан білген...

Егер бұл әйел өзінің өр мінез, барлық ашық қимылындай кінәсіз жан болса, онда «Қара масканың» серігі қайда? Ол әйелсіз «Қара маска» күн көзіндегі үкідей соқыр емес пе? Әлде Меркіге барғанда магазин тонаған топ жайында дұрыс, дәл болжам жасамады ма? Үрейі кеткен күзетші әйелге тонаушы «Қара маска» түрінде көрінген шығар? Және әйелмен, саудагермен қатысы жоқ басқа біреу болуы да ықтимал. Ұрланған мүлікті мұнда әкелмей-ақ, қырғыз жеріне де әкете алады. Аржағында Піспек жақын.

– Шынымен қателескенім бе? – Әрқилы ойға кеткен Кузьменко осы сұрақты сан рет қайталап қояды. Сезімге беріліп, бұзақы топты мұнан іздеуі қалай? Егер бар іс жалған жорамалға құрылса, онда майордың бұл жолы кешірім бермейтіні анық. Бірақ өзінің дүдәмал ойын Жанғабыловқа айтқанда, ол: «Ұры алыстан ала бөлініп келмейді. Бұзақы осы маңда. Осынан іздеу керек» деп көп дәлелдеген.

Кәзір Сейілбектің айтқан ақпарына да көңіл күпті. Саудагер өзбек «Жүк апаруға қолқа сала ма?» деген үмітпен оны автобазаның шофері етіп көрсеткен еді. Бір жолы Жанғабыловтың үйіне барғанда ол:

– Еңбексіз жатып ішер мен болдым ғой, Петр Петрович. Ең болмаса, алыпсатардың әжетіне жарамадым, – деп, күле отырып ащы әзіл айтқан. Қапа көңілдегі Кузьменко мұны өзінің дәрменсіздігіне айтылған мысқыл деп білді. Бірақ Жанғабылов Кузьменконың шығарып саларда қандай ұры болса да және мынадай мол дүниені ұрлаған банда бұл саудагерге соқпай өтпейтінін, асығыспен іс жасауға болмайтынын мәслихат еткен. Оның айтқан бір жаңалығы «Қара мысықты» басқарушы «Қыли барон» деген біреу

көрінеді. Көргендер де бар деседі. Бірақ кім екенін айта алмады.

Кездіккен күдікті әйел күнәсіз жандай тайқып шыға келген соң, Кузьменконың қылмыстыларды нысанаға алып, соңына түсер дәнекері қалмаған-ды. Бар ұжданы «ол кінәлі еді, бұл нағыз Сусякова емес, көз жазба» деп тұрса да, кәзір партизан қыз саналған әйелге тағар айыбы жоқ-тын. Саудагермен, тігіншімен ымы-жымың бір деп жас жарға күдік келтіру де ағаттық. «Тойдың қамы, сол үшін әбігер болып жүрмін» десе де, Кузьменконың оған тағар айыбы болмай қалады. Осы сәт қол астында аңдуда көрінген «Қара маска» жадау көңілде көмескіленіп, ізін суытып бара жатқан тәрізді. Бойын суық қысқан Кузьменко ұйқыдан оянғандай ойы серпіліп, алға қарап еді. Торланған бұлт сетінеп, жылжи бастаған екен. Ызғарлы суық жел көтеріліпті. Ол қар күрегендей екі алақанын үрлеп, уқалап үйге кірді. Көптен бергі күтімі жоқ барак үйдің бітесе толмайтын жарықшағынан жел азынайды. Терезе жақтағы бұрышы дымқылданып, қырау басқан. Мандай жібітер жылу жоқ. Темір пешке сексеуілді толтыра салып, жер маймен от қойған Евдокия Кириловна үйге шапшаң кіріп, киіне бастаған күйеуіне сұрақты пішінмен қарады. Жақын келді. Ол Петр Петровичтің түн қатып, ұйқы көрмей мазасызданып жүргенін өзінің қамы, жақсы пәтер сұраудың әбігерлігі деп білген. «Баяғы бір айтқан сөзім жанына батқан екен» дегендей езу тартып жымыып қарайды. Евдокия Кирилловна күйеуінің жағасын түзетіп:

– Үй алмадым деп мұнша әбігер болғаның не? Ұйқы көрмей жүдеп те кеттің. Сақалың да өсіп кеткен. Құрысыншы сол үйі! Осында лекерлеп, қыстап шығармыз. Тек берекенді алмашы, – деп, жанашу білдірді. Түтігіп жалт қараған Петр Петрович:

– Не деп кеттің, Дуся! Үй сұрамай, үйдей бәленің шыққан жерін тілеп жүрген жоқпын ба? Саған да ежелеп айту керек пе еді? Ұқпайсың ба, өзің бір, – деді. Басы бұлғаңдап, сылқ-сылқ күлген Евдокия Кирилловна:

– Жә, жасырмай-ақ қой. Осы күні тамыр-таныссыз бастықтардың да өмір сүруі қиын болып кетті ғой. Оны білмейді дейсің бе? Кайтесің мезгіл солай. Үлде мен

бүлдеге орамадың деп кінә тағар жайым жоқ. Тек, жарқыным, мен үшін бұлай күйінбеші. Қатты айтсам кешір! – Сызданып, үнсіз шығып бара жатқан Петр Петровичтің құлағына тағы сыбырлап қалды.

– Айттым ғой, үйі құрысын. Мен үшін таусылып, әбігер болмашы. Үстіп жүріп қара мысыққа тап боларсың. Ерте кел, – деді. Екі беті дуылдап, құлағының ұшына дейін қызарып кеткен Кузьменко басқарма үйі алдында демін бір-ақ алды. Тұла бойы қызып, тер булықтырғандай. Кешегі алғыр, сезімтал жұбайының өмірден оқшау қалып, құлдырап кеткеніне қайран. Ойы ошақ басынан әрі аспаған. Ең болмаса қат-қабат келіп жатар газет-журналға үңілсе қайтеді? Радиодан сан рет қайталап айтқан жаңалықты да өзінен сұрап жүргені. «Оқы, тыңда!» деген сөзі аз ба еді!

– Ана болмай, ақымақ болмасаң игі еді, – деп, Кузьменко кеңсеге кіре шешінбей, гимнастеркасының түймесін ағытып, шеткі орындыққа отыра кеткен. Екі қолы дірілдеп, тұла бойы бір суып, бір қызады. Безгек қысқандай тоңазып барады. Тер де шығар емес. Екі шекесін шала бүгілген жұмырығымен қысып, бүк түсіп отырған Кузьменко әлден соң басын көтеріп, маза бермей шырылдаған телефонға келді. Трубканы көтергенде баяу, жай сөйлейтін қоңырқай үнді Жанғабыловтың дауысын таныды.

– Сейілбекпісің аман ба? Я, я! – деп, Кузьменко дауыстап жауап қатты. Машинаның қайдағы бөлшектері жайында сөз еткен боп, шартты белгімен ұғысқаны: саудагер Абдуллаходжаев ертеңгі шайға шақырып, Сейілбекті жақсы сыйласа керек. Шуға апарып тастауды өтініпті. Ертең түнде сапарға шықпақ.

– Күткен үміт дәл келді ме! – деп, Кузьменко маңдайын сипалап, креслоға отыра кетті. Осы бір сәт жадау көңіл жадырап ол қатты толқыды. Қасында дәл кәзір Сейілбек болса мұндай хабар бергені үшін айнымас досын құшақтап сүйер еді... Неге екені белгісіз, дәл қазір Кузьменкоға бұл дүниеде өмір сүру сондай қызық көрінді... Әрине, Евдокия Кирилловнадай әйелінің болғаны да жаман емес... Осы сәт самарқау көрінген бұлт арасындағы шұбар күн де мол сәуле төгіп, тайғақ жолға жарық түсіріп тұрған сияқты.

6. ТЕЛЕГРАММА

Ашу қайтып, кең пейіл үстінде отырған Кузьменко ертеңгі күннің әрекет-жоспарын ойластырды. Қат-қабат дүдәмал жайлар сансыз сұрақпен тоғысады. Бірін дөп басып, дәл тапса, екіншісіне жауап таппай қиналады. Ең алдымен Абдуллаходжаевтың түнделетіп Шуға аттануының өзі жұмбақ. Осы қара суықта сабылған жүрісі қандай ділгерліктен туған? Шу станциясы мына тұрған жер. Алыс емес. Поезд күнара жүріп жатыр. Сол түні Шуға қарай жүретін жолаушы поезы тағы бар. Сонда машина не үшін қажет болды оған. Әлде мол мүлікті станция маңына жеткізудің амалы ма? Оның бағыты Ташкент емес пе еді...

Кузьменконың Абдуллаходжаевты «Қара маскамен» немесе «Қыли баронмен» сыбайлас деуге ешқандай негіз жоқ-ты. Бірақ, Сейілбектің «Ұры өткен жерден алыпсатар тегін қалмайды» деп қанықтырғанынан ба, әйтеуір осы саудагер сол бұзақы топтың бірі көрінген. Жанғабылов хабар бергенде Петр Петровичтің қуанғаны осы. Егер ұсақ кәсіппен күнелткен Абдуллаходжаев беталды жүрген жан болса, онда алыпсатардың «Қара маскамен» байланысы бар деген болжам қате болып шығады. Іздеу әрекеті де дұрыс емес. Өйткені күдікті әйел күнәсіз болып кеткен соң, ендігі көз тіккені осы Абдуллаходжаев. Кузьменко бұл күмәнді ойын бір жолы майор Жүсіповке сыздықтап жеткізгенде, ол зейін қоя тыңдап, ұзақ ойдан соң осы бағытта әрекет қылуына кеңес берген. Дегенмен, өз ісінің дұрыстығына шүбә келтірмесе де, әйтеуір көңіл күпті. «Немен тынар екен?» деген сұрақ көкейінен кетпейді. Бар оқиға түйіні саудагердің осы сапарында айқындалмақ. Белгісіз жылжып өтер күн де бүгін бітпейтін сияқты. Еңкейіп келіп дәл терезе тұсында шақшиып әлі тұр. Кузьменко кеше ұмыт қалдырып кеткен сағатына қарамақ болып, стол кілтін қарап жатқанда:

– Лейтенант жолдас, рұқсат етіңіз! – деп, шұғыл кірген кезекші кәзір ғана телефонмен алынған оқиғаны баяндап шықты. Қала шетінде біреудің өлігі табылған. Екі көзін

ойып, ішек-қарынын ақтарып кетсе керек. Жұрт «Қара мысық» деседі. Кезекшінің сөзін шыдамсыздана тыңдаған Кузьменко:

– Неғылған қара мысық?! Мотоцикл осында ма? – деп жүре киінді. Жолдан тергеушіні ертіп, оқиға болған жаққа бет алды. Бұл маңға жолаушылап жүрген халық көп жиналған екен. Жалғыз милиционердің ысқырық шалып «Ары жүр!», «Былай тұрыңдар!», «Жақын келмеңдер» деп қол сілтеп, байбалам салғанын тыңдар емес. Шалқасынан жатқан өлікке әуестене ентелеседі. Ойылған екі көз орнына жентектеліп қан қатқан. Шұбатылған ішектері катып, тасқа жабысыпты.

– «Қара мысықтың» ісі ғой бұл!

– Жуликтерге тыйым салынбады ғой...

– Милиция қайда осы?

– Саудагерлер жанында өз құлқынын қуып, базарда жүрген де! Одан басқа не бітіреді дейсің олар! – десіп, жұрт гу-гу егіседі. Ащы сөздер өзіне қадалып тиіп жатса да, Кузьменко естімегендей тергеушімен бірге өлік қай сәтте, қай тұста болғанын мөлшерлейді. Шамасы, таң қараңғысында болған сияқты. Өйткені үйренішті момын айуан – арық есек жем іздеген бе, жол шетінен жырақ шығып, бетімен лағып кеткен. Қос доңғалақты қокан арбаны арыққа түсіріп, тарта алмай, бүрсең қағады. Көмек сұрағандай артына қарап, жұлқынып анда-санда ақырып қояды. Сонымен, ұзақ уақыт дақпырт таратқан «Қара мысықтың» алғашқы құрбаны – қарауға күйкі көрінген бүкір арбакеш. Лебізінен таныр бұзық қылығы жоқ оның. Сонда бұл жанның кімге қиянаты болды екен? Таң атпай қайда бет алған? Осындай ой үстінде қалған Кузьменко өлік денесін экспертизаға жіберіп, паспортындағы адресімен оның үйін іздеуге кетті.

Әшекейі мол, сырланған көк қақпаның алдына дауыстаумен шыққан орта бойлы, толық әйел Кузьменконың алғаш жөн сұрасқан сөзін иек көтере, ернін шығарып тыңдады.

– Ол кембағал кімге керек дейсің, осы маңда жүрген-дағы! – деп, Кузьменконың сөзін пайымдамай, селқос

жауап қатты. Калмыковтың азаппен өлгенін естірткенде:

– Не дейсің! Не деп тұрсың! – деп, лейтенантқа тұра ұмтылып, омыраулап келді де, көзі шарасынан шығып, «а-а-а!» деп ащы дауыспен етпетінен түсті.

Жиналып қалған жұрт көптеп көмектесіп үйіне кіргізді. Су бүркіп жатыр. Аздан соң есін жиған әйел бетін тырнап, шашын қос қолдап тартып, еңкілдеп жылады. Тірлігінде тірегі, сүйеніші болғанын, жас кеткенін, қыршын кеткенін арман етеді. Жалғыз қалғанын мұң етеді. Тағдырдың момын жанға мейірімсіздігін айтып, қарғайды. «Молаға бірге ала кетпедің» деп егіледі. «Сен көмілер жерге мен барып жатсам қайтеді!» деп зарлайды...

Ақылға келген кезде, аракідік қойылған сұраққа өксіп отырып жауап қатты.

– Осы күнгі еркек қыр мінез қиқар ғой. Бір нәрсені сұрай қалсаң, бәлсініп, томырая қалады. «Нең бар еді, отырсаңшы жөніңе!» деп ырық бермей, тыйып тастайды. Марқұмның ондай қылығын аңғармаған ем. Тиын тапса балаша қуанып, қолыма ұстататын, – деп, тұл әйел жиналып қалған жұртқа күйеуінің адамшылығын зарлап мадақтайды.

– Қашан кетіп еді?

– Қалай кетіп еді?

– Жалғыз неге жібердің? – десіп аяп, оқыс іске күйініш білдірген жұртқа:

– Осынысына көрінді ме, өзі де түнде мазасызданып шыққан еді. Бір-екі рет тұрып, менен сағатты сұрады. «Неге сонша дегбірсіздендің, қараңғы түнде қайда барасың? – жат, «Қара мысыққа» кезігерсін», – деп едім, «Сол «Қара мысықты» аман болса мен жалмармын!» деп қолын бір-ақ сілтеген. Екінші жолы оянсам – жоқ. Жүгіріп тысқа шығып ем, кетіп қалыпты, – деді.

«Сол «Қара мысықты» аман болса мен жалмармын!» – Осы бір сөзді көңілге түйген Кузьменко жыласып, сырласып отырған көп ішінен елеусіз шығып, басқармаға қарай бет алды. Кеңсеге келгенде, секретарь әйел қарсы жолығып, майордың іздеп, жоқтап жатқанын айтты. Оның өзі де жаңа бір әзірде келсе керек. Кузьменко сырт киімін

қабылдау бөлмесіне шешіп, шашын тарап, көйлегін түзеді де, бастық кабинетінің алдында сәл бөгелді. Арасына мақта жүргізе қара былғарымен тысталған, жылтырауық жалпақ бас сары шегемен өрнектеле шегеленген қара есік, бөлмедегі бар құпияны сақтағандай тым салмақты көрінеді. Кузьменко жүрексініп бір сәт тұрды да, тұтқасынан ұстап жұлқи тартты. Осы кезде маңдайшадағы қоңырау да шылдыр ете қалды. Өзін іздеп жатқан белгідей. Құты қашып, сұрланған Кузьменко ішке кіре, босағада тұрып қалды. «Әбен Жүсіпович!» деуге үні шықпаған тәрізді.

Үлкен бурыл бас, бетінің торлама қызғылт әрі бар, қоңырқай, кесек жүзді майор Жүсіпов – осындай қарапайым пішінімен қызметкерлер арасында аса қатал адам саналатын. Осы қаталдық немен көрінетінін ешқайсысы айта алмайтын. Әйтеуір «қатал, мейірімсіз жан, жөн-жайды ұға бермейді...» десетін. Көп сөйлесіп, ақыл алып сырласқандар да осыны уағыздаған. Бірақ Кузьменко майор Жүсіповтың біреуді тілдеп сөгіп, табалағанын, ажуа еткен мысқылын, немесе адырайып ашу шығарғанын көрген емес. Алыстан арбап, ықылассыз іске мойындатқан мінезін де байқамаған. Айтар сөзін айқындап түйіп, бір-ақ айтады. Қайталамайды. Жағымпаздықпен елбектеп әрқилы сұрақ қойған адамдарды да жақтыра қоймайды.

Алдымен ол сен кірген кезде қарыс қабағы астынан елеусіз көз тастап, жұмысын соза береді. Бас көтермейді. Кабинетте өзінен басқа жан жоқтай отыра береді. Бірталайдан соң еңсесін көтеріп, жазған қағазын қасында тықыршып, өңі қашып тұрған адамның алдына қояды. Қызметкер келіс мәнін айтқанда да, ол үндемейді. Қою қасы астындағы үлкен көзін төңкеріп, талмай тесіле қарайды. Ойланып отырғаны, немесе сөзді тыңдап отырғаны белгісіз. Осы кезде мысы басып кете ме, әйтеуір не айтқаныңды білмей қаласың, – десетін.

Лейтенант Кузьменко бір қарасқа аса тұйық, паң мінез көрінген Әбен Жүсіповтың ондай қатал адам емес екенін алғаш жүз көріскенде аңғарған. Бар өмірін еңбек етуге, қол астындағы адамдардың риясыз жайлы жұмыс істеуіне жұмсаған ірі білімді адам деп таныған. Түлеп жетілмеген,

игі ісінен шатпағы көп жандарға кездескен ақылшы, олардың маңдайына біткен ырыс деп білген. Ташкент асқан әйелдің кесепатынан елеусіз іс кеулеп, «адал қызметке пиғылы жоқ, шынайы совет адамын қаралаушы алапес, жағадан алған жаудың тылдағы етекпен алған бөрісі!» деп жан-жақтан материал құрап, анталай түскен шақта, арымен кеудесін тосып Кузьменконы қорғаған осы Жүсіпов. «Тылдағы жау бөрісі» болмағанымен, өзін ақтау барысында қажетсіз адамдар отырған жерде қылмыстыларды іздеудің құпия тәсілін аңдамай айтып қалғаны бар-тын. Осы үшін жауап беруі керек еді. Ол жөнінде Жүсіпов ләм демеген. Ол басын шайқап күліп қалған обком секретарына:

– Албырт шақтағы аңдамағандық, кейде жас адамға жарасып тұрады. Бұл қатер емес. Кешіруге болар. Дегенмен осы жастың түп болжамы дәл келе ме деймін, – деп, өзіне үлкен үміт артып, сенім көрсеткен.

«Осы сенімді ақтап жүрмін бе?» – деп Кузьменко қатты налынатын. Келмей жатып мол мүлікпен магазин тоналды. Күдікті жерге бақылау қойылып, дүкендерге тексеріс жүргізілді. Базадан алынған товардың қағазы тексерілді. Ешбір магазиндерде артық товарлар байқалмады. Ендігі көз тіккені Абдуллаходжаев. Мұнысы да құр әбігерлік пе деген күмән бар. Кешегі «Қобызшы шал» түрінде көрінген бүгінгі «Қыли барон» із-түзсіз жоғалып ол кетті. «Қара мысық» – «Қара масканың», яғни «Қыли баронның» айналасы, құр дақпырт деп майорды сендірген еді. Оның жасаған лаңы мынау. Жазықсыз арбакешті өлтірген. Енді ол майорға не айта алады...

Осындай мазасыз ой тонап, ар-ұжданы мұқалған Кузьменко майор Жүсіповтың кабинетіне өңсіз де, көңілсіз кірген еді. Оған: «Бесаспап десем, бозкүйік борбас па едің! Көз алдындағы жуликті көрмей, ай қарап жүрсің бе?» деп зекіп, мысқылдап сөйлейтін сияқты көрінді. Бірақ майор Жүсіповте зеку-кейіс байқалмады. Баз қалпында алдындағы қағазға үңілген. Майор Жүсіпов аздан соң басын көтеріп, есік алдында сілейіп тұрған Кузьменкоға сүзіле қарады да, бас изеп креслоны нұсқады. Суырмадан

басталмаған «Беломорды» алып ашты да, Кузьменконың алдындағы бір кісілік кішкене столға шынтағын тірей, қарсы келіп отырды. Оған папирос ұсынды. Екінші рет шаққан шырпыны Кузьменкоға тосып:

– Кешіріңіз, Петр Петрович, шаққан шырпыны әуелі елге ұсынбай, өзім тұтатып алғаннан кейін жалмажан өшіріп тастайтын әдетім бар. Майданда жүргенде түнде темекіні ашық тартуға болмайды. Ұрлап тұтатып, жең ішіне тығып тартасың. Рас, соғыста көп болғаным жоқ. Дегенмен, майдан өмірінің санкилы кезеңі осы әдетті бойыма сіңіріп-ақ жіберді, – деді. Кузьменко пейіл көрсетіп, мол ықыласпен тілдесіп отырған майор Жүсіповтың түпкі ойын бағдарлай алмады. Жай сөзбен оқыс жасаған әрекеттерін айтып ескертетіндей көрінді. Өйткені арбакешті өлтірген банда ұясы алыста емес екені айқындалып отыр. Енді майордың қалай сөгіп айтса да дәлелі бар. Майор Жүсіпов әлден соң, темекісін орталап тартып болған кезде әңгімесін тағы жалғастырды.

– Байқайсыз ба, Петр Петрович, әрбір істе, әсіресе біздің жұмысымызда адамға деген сенім, ілтифат керек. Өйтпесе, айқын істі де аяқтай алмаймыз. Біздің жолдастарда осы жағы жетіспей ме деймін, – Жүсіпов дегбірі кетіп, тықыршып отырған Кузьменкоға көз астымен бір қарап:

– Қателеспесем, сіздің «Қобызшы шалды» «Қара маска» деп, сонан кейін «Қыли барон» деп таныған болжауыңыз дұрыс. Бірақ оны айқындар әрекет жоқ. Неге олай? Меніңше, жай адамдармен байланысымыз нашар. Бар істі құпия сақтап, адал адамдардан аулақтаймыз. Үрке қашамыз. Жанғабылов екеуіңіз қанша адал қызмет көрсеткеніңізбен, әрбір кездейсоқ оқиғаның жанында бола бермейсіздер. Ал жергілікті жермен байланыс мықты болса, онда жұмыс істеу жеңіл әрі көңілді болар еді. Солай емес пе? Кузьменко мақұлдап үнсіз бас изеді.

Майор Жүсіпов стол шетінде жатқан бір жапырақ қағазды алды да, Кузьменконың алдына қойды. Майданда жүрген бір полковниктің телеграммасы екен. Онда бұдан бір жыл бұрын Жамбылға қоныс аударған әйелі мен қызының тағдырын біліп беруді сұраған.

– Көшкен үйдің қонысы қайда? Олар қайда аялдауы мүмкін? – деді майор Жүсіпов.

– Сондай бір қағазды көргенім бар. Бірақ оған «Мұнда тұрмайды» деп бұрыштама қойылыпты. Тегі жолда бір қалаға түсіп қалған шығар, – деді Кузьменко.

– Менің бұған күмәнім бар, Петр Петрович. Кітапшаға қарап жоғалған адамды іздеуге болмайды. Тіркелмей тұрып жатқандар аз ба, осы күні? Ал олардың Жамбылға келгені анық. Қайда тоқтағаны белгісіз. Әдетте станцияға келгендерді қалаға таситын арбакештер бар. Олар мұндай шағын қаланың тұрғындарының көбін біледі. Сол полковник семьясын тасыған бүкір арбакеш пе деп отырмын. Түбінде әйгіленбес үшін «Қара мысық» кейпіне еніп оны өлтірген. Және, «Қара мысық» бәлесін таратудың аяласы тағы бар. – Майор Жүсіпов телеграмманы екі бүктеп, стол үстіне қойды да:

– Сіздің соңына түсіп жүрген «Қара маскаңыз» қолқал-қалап, саусақпен қалтаға түсетіндер емес. Зұлымдығы мол, айлалы сұрқия жау. Байқауымша, өзіне серіктестер табу үшін оған мол ақша керек болды. Магазинге түсіп, бар мүлікті қомағайлықпен алып кеткен де сол. Кәзір авария кезінде өлі саналған баскесер тұтқынның қашқаны жайында хабар бар. Жуырда оны айқындар қағаз келмек. Бірақ оған қарап отырмауымыз керек, – деді. Ол екінші папиросты тұтатып:

– Я, сізге айтуға ұмытып кетіппін ғой. Партизан қызы күйеуге шыққан көрінеді, – деді ақырын ғана езу тартып.

Кузьменко Әбен Жүсіповичтің мысқыл күлкісін бағдарлай алмай:

– Сусякова ма? – деді.

– Я! Кузьменконың еңсесі түскендей болды. Ол бұл қыздың адалдығына іштей күмән келтіретін. Бірақ тәжірбиесіздіктен бе, әлде тауы қайтып шайылғандықтан ба, өз пікірін ашық айтпай бүгетін. Егер Әбен Жүсіпович айтқандай қысылмай күйеуге шықса, айыпсыз жан болғаны. Онда ол әйел алдында да, Кирилл Моисеевичтің алдында да шын кінәлі.

Кузьменконың осы сәттегі ойын таныған майор Жүсіпов:

– Кімге күйеуге шыққанын анықтаңыз, – деп сөзін түйгендей болды. Кузьменко шығуға бет алғанда дауыстап тоқтатты.

– Жанғабыловты саудагермен жалғыз жібермекшісіз бе? – Ол Петр Петровичтің жауабын күтпей: – Қалтарыс бұрылыстың бәрі торылсын. Өзің де ілескенің жөн, – деді. Кузьменко мұнша мол ақыл қосып, қамқорлық жасаған майор Жүсіповке тәнті болды. Тіпті мұндай адамдар еш жерде жоқ, жалғыз осы сияқты көрінді. Неге екені белгісіз, осы сәт оған «осындай ірі білімді адам жоғары партия қызметінде неге отырмайды?» деген ой келді. Ақылды, абзал жанға шытырманы көп милиция жұмысын қомсынып кетті.

7. КӨШКЕН ҮЙДІҢ ҚОНЫСЫ ҚАЙДА?

«Көшкен үйдің қонысы қайда?» Лейтенант Кузьменко майормен болған әңгімеден соң осындай ойда қалған. Соңғы екі жылда үй кітапшасында Сергиенко деген фамилиялар тіркелмеген. Бірақ Әбен Жүсіповичтің сеніммен айтқан сөзі әсер етті ме, әйтеуір олар Жамбылға келіп, бір үйде аялдаған сияқты болып тұрды. Кімнің үйіне түсуі мүмкін? Кузьменко ақыл жеткізе алмады. Қайсы семья болса да алыс жұртқа қоныс аударғанда ағайынға, танысына иек артатыны белгілі. Көшіп әдеттенген Сергиенко өз семьясын бұл қалаға жібергенде, сөз жоқ, әлдекімді арқа тұтқан. Әрине, оның әскери немесе жай адам болуы ықтимал. Кузьменко әрқилы адамдармен кеңесіп, әңгімелескенде:

– Әскери басшының әйелі жөн-жобаны аңғармас ақымақ емес шығар. Көшіп әдеттенген жан қайсы жерге түсетінін білмес дейсің бе? Полковник өзі қайда жібергенін білмей шатасып жүрген де. Келсе, қайда кетуші еді, – деп мән бермеді. Ересек екі бірдей адамды іздегенін ерсі көрген.

Сергиенко өзінің телеграммасында қызы мен әйелінің

42-жылдың он екінші январы күні Жамбыл станциясына жеткенін сендірген. Бұдан соң ол хабар алмаса керек. Станция қызметкерлерімен сөйлескенде, олар жолаушы поезының осы күні графикті сақтамайтынын айтқан. Әскери эшелон кездесіп қалса, кейде тәулік бойы кешігіп қалады деген-ді. Бірақ Кузьменко өткен жылдың он екінші январы күні поездың қайсы сағатта станцияға келгенін біліп беруді талап етті. Егер поезд түнде келсе, онда қыз бен әйел бақытсыз оқиғаға вокзал маңында ұшырасқан. Қылмыстыларды сол жақтан іздестіру керек. Ал жол бойы біреу өкшелеп андыды деген жорамал Кузьменконың көкейіне қонбады. Өйткені көз тіккен ұрылар бейқам әйелді қызымен бұл аймаққа жеткізбес еді. Тегі оқиға осы маңда, шамасы, түнде болған сыяқты.

Станция қызметкерлері 12 январь күнгі поездың таңертеңгі сағат 10-да келгенін хабарлағанда, Кузьменко қайран қалды. Бұл қалай? Сонда бақытсыз оқиғаға күндіз кезіккені ме? Мүмкін емес. Ондай кездейсоқ жай тіркелмеген. Сол күні түнде ұшыраған дейін десе, оған да ақыл жеткізе алмайды. Өйткені жол жүріп әдеттенген адам сөзуар, кісіге үйір келеді. Көп жолаушының бірі серігі болмақ. Немесе қайда аялдайтынын білуге тиіс. Оның үстіне жолаушы әйелдің өзі де бір үйге аялдаса көршілермен танысса керек еді. Әдетте шет жақтан келген адам көршіден қала жайын сұраған боп, тоқтаған үйінің иесі кім екенін білуге тырысады. Сонда қағылез әйелдің томырық тартып, бір адаммен сөйлеспей кеткені ме? Мүмкін, маңынан адам таппаған шығар? Кузьменко қала картасын алып, алдына жайды. Жырақ жатқан бытыраңқы үйлер сирек. Атшабар базарының маңында және қаланың оңтүстік-шығыс бетінде жолдан шеткері жатқан үйлер бар. Думанды жерде тұрып үйренген Пелагея Архиповнаның бұл жаққа баруы неғайбыл. Талас өзенінің жағасында тағы бір оқшау үй тұр. Айнала төңірегі қалың ағаш. Дача тәрізді. Әрі қалаға жақын. Мүмкін, Пелагея Архиповна осы үйде аялдаған шығар?

Кузьменко адрес столынан бұл үйде кім тұратынын білді. Алексей Анцифорович Столетов деген біреу екен.

1902 жылы туылған. Табиғатында ергежей-кембағал болғандықтан жұмысшы батальонына шақырылмаса керек. Семьясында үш адам бар – әйелі, қызы және немересі. Еш жерде жұмыс істемейді.

Лейтенант Кузьменко толтырылған анкетаға қарап бір сәт отырды да, шақырып жауап алу жайындағы әдепкі ойын кілт өзгертті. Сұрау себебін таппады. Пелагея Архиповнаны көрдің дей ме? Мұның өзі күлкі болар еді. Столетов айыпты болған күннің өзінде де мұны мойындай қоюы қиын.

Қылмыстыларды іздеу тәжірибесінде күдік алған адамдарды шұғыл тергеу жайлары жиі кездеседі. Мұның пайдалы, әрі пайдасыз жағы бар. Егер оқиға аяқ астынан кездейсоқ туса, оны тез анықтау үшін күдік келтірген адамдардан дереу жауап алудың пайдасы бар. Ал арада жыл өткенде, дәлелсіз құр тергеуден нәтиже шықпайды.

Кузьменко қылмыстыларды іздеудегі өз тәжірибесінде жалпы асығыс әрекетке жол берген емес-ті. Сырт қараған адамға, тіпті бөлімдегі қызметкерлерге де оның ісі тым шабан, әрі сылбыр көрінетін. Бүкір арбакештің өлімінен соң бөлімшедегілер өз бастығының әмірін күтіп тік тұрған. Бұл жергілікті халықтың әдетіне сіңбеген оқиға еді. Қылмыстыны іздеп әбігерленер күн басталды деп білген. Бірақ Кузьменко ондай бұйрық бермеді. Тіпті оның қандай әрекет жасайтыны да жұмбақ болып қалған.

Шынында бұл оқиға Кузьменконы қатты мазалаған. Минут сайын көз алдына елестеп, әрқилы ойға кеткен. Оны кім өлтіруі мүмкін? Жиналған бар мәліметтер арбакештің бұзақы топпен байланысына қайшы келеді. Ол өмір бойы есек арбамен жүк тасуды кәсіп еткен. Қиянаты жоқ, момын жан. Көршілері де Калмыковтың жаман қылығын айтпайды. Бірақ оның қаладан түнделетіп жырақ кетуінде мән бар. Әйтеуір шұғыл жаймен бет алғаны айқын. Сонда қайда баруға асықты?

Тац сәриден жұмбақ жүріс жасағанына қарағанда, ол арам кәсіппен мол олжа тауып жүрген біреуді байқаған. Онымен сыбайласып олжа табуға, немесе күдікті топты білуге ынта қойған. Әрине, өлген адамның ойын білу

қиын. Сондықтан Кузьменко бұл күні арбакештің әйелі Калмыкованы тағы да шақыртқан. Ол уақыт таба алмағандай дәл түскі үзіліс кезінде келді. Бұрынғыдай күрт түскен уайым кейпі жоқ. Сәнденіп киінген. Мойнын маржан көз қара түлкімен орапты. Мол себілген әгір иісі салқын бөлме ауасын жеңілдетіп жіберді. Есік алдында сәл тұрды да, жан-жағына бір қарап:

– Сіз мені шақыртып па едіңіз, начальник жолдас? – деді. Күліп, стол басына жақын келді.

– Отырыңыз, Ксения Захаровна, – деп, Кузьменко іс тіркелген сары папканы жанына жауып қойды да, қолын тарақтап, еңсесін алға салып отырды.

– Халіңіз қалай? – деп жөн сұрасты.

– Өлік артынан кетпеген соң, баяғы бір тірлік-тағы, әйтпесе тұл қалған жаннан не күй сұрайсыз, – деп, Ксения Захаровна Кузьменкодан жүзін тайдыра сығырая қарап, ақырын күрсінді. – Бар ауыртпалықты арқалап өмір кешкен еркек қадірін білмейтін, долданғанда оның тірілігін де көпсінер бейбақ халықпыз ғой. Көз алдыңнан ұшқанда ғана қадірін ұғып, жақсылығы есіңе түседі екен. «Неге білмедім мұны, бүйткенше алсаңшы мені» деп байбалам саласың. Жаныңнан жібергің келмейді. Аласұрасың. «Тастама мені, ала кет!» деп суретіне қарап, асыл көрер затын құшып, еңіреп егілесің. О да сені жатырқағандай салқын тартады. Алыстай береді... Кейде ол үйреншікті әдетімен қамшысын сүйретіп сылбыр басып келетіндей көрінеді. Мәңгі-бақи көз жұмғанына иланбайсың. Бірақ көнікпеген оңашалық басады... – Калмыкова көзінің жасын іркіп алды.

Бөлме ішін аз тыныштық басты. Қабырғадағы тот басқан сағат маятнігі тықылдап соғады. Тыстан сигнал берген машина үні естіліп, әп-сәтте ол да тына қалады. Кузьменко папирос сабағын уқалап, төмен қараған бойы бас көтерместен тіл қатты.

– Бір ұлы жазушының «Құр күйікшіл болу, мұндар болу жақсылыққа болысу емес» деген нақыл сөзі бар, Ксения Захаровна. Әрқилы жаймен келгендерге мен сол ұлы адамның сөзімен жауап қатам. Біздің ісімізде құр

қайғы шындығында да жақсылыққа болыспайды. Бұдан бір мейірімсіз жан екен деп ұқпаңыз. Уайым-өкініш бізде де аз болмайды. Бірақ әрекетсіз, қол қусырып отырсақ, өлік те бізге кешірім бермес деймін. Егер оны шын қадір тұтсақ, ең алдымен айыптыны әшкерелеуіміз керек. Бұған сіз де көмектесесіз ғой деп ойлаймын.

– Есердің ақылы түстен кейін келер деген дұрыс па деймін. Марқұмның тірі кезінде ешнәрсені ойламай, уайым-қайғысыз күн өтуші еді. Осындай науетек, еріншек өмір адам мінезіне дақ қалдыра ма, қалай? Жайлы отырып, сыр шертісу сирек болатын арамызда. Күні бойы ерігіп отыру адамды тағы ететін сияқты. Тосын жанжал шығарып, ер көкірек еркекті терісіне сыйдырмай ашуландыруға құмарлық бар-тын. Енді осының бәрі көз алдымнан ұшты. Ақымақтық іске өзім де өкінем. Ол жұқа ақ орамалмен шошақ ернін сүртіп, мұңая сөйледі.

– Өткен істі қойшы. Бәрінен де соңғы түнгі бейбастақтығыма өзім де кешірім бергім келмейді. Неге екені белгісіз, ол сол күні кеш қайтқан. Арбасы мен есегін қораға қалдырып, ұзын өрім қамшысын сүйрете үйге сылбыр басып кірді. Кеуде түймесі ағытылып, еңсесі түсіп кеткен. Соңғы кезде жанын қоярға жер таба алмай, қапастағы қорқаудай аласұрып, өзінен-өзі лағып сөйлейтін әдет шығарған. «Бүккен сырыңды айта қоймадың» дегендей мен де қасарысып, шыдай алмай, бұлан-талан болатынмын. Қызғаныш та бар-тын. Ол кіре бере бір уыс ақшаны тастай салды. «Саған керегі осы ғой, мұра болса көрермін» деді. Кішілік жасаған мен жоқ. «Тиын табатын жалғыз еркек сен бе? Соншама неге бәлсінесің» – деп, тіпті мән бермегендей долдана сөйледім. Ал өзім қол жүгіртіп, бума ақшаға қараймын. Оны санап, қанша екенін білуге құмартып тұрмын. Ол осыны сезді ме, әлде жұмысы болды ма, шешінбей тысқа қайта шықты. Сөйтіп ұзақ уақыт бойы далада жүрді де қойды.

Калмыкова сөйлегенде қағаз бетін сызғылап отырған Кузьменко:

– Өзінен өзі сөйлеп жүргенде біреудің, я өзіңізге таныс адамның атын атаған емес пе? Есіңізге түсіріңізші, – деді.

– Жоқ, ол адам атын ауызға алған емес «Енеңді... қораздай қоқилануын қарашы! Әлі сені қазық қып жерге қағармын. Көріп тұр...» деп күйініп жүретін. Бір жолы «Оның кім еді?» деп елеусіз сұрағанымда: «Ол мыртықты біліп қайтесің. Есімін атауға тұрмайтын бір пасық жан», – деп қолын бір-ақ сілтеді. Мен де қайтып сұрай қоймадым.

– Өкінішті екен, – деді Кузьменко қаладағы мыртық адамдарды еске түсіріп. Ондайлар қалада үшеу. Сонда Калмыков қайсысын атаған? Әлде Столетовты айтты ма екен? Әйелге қарап еді. Ксенья Захаровна қас қағып кадалып қалыпты. Екі қолын қоярға жер таба алмағандай жылтыр қара сумкасын сипалай берді.

– Соңғы күні әкелген ақшасы қанша еді?

– Дәл бес жүз сом.

– Әрдайымғы табысы осындай ма? – деп Кузьменко таңдана сұрады.

– Құдай-ау, ондай табыс қайдан болсын. Күн сайын ондай ақша тапса, миллионер болып кетпейміз бе?

– Қанша табатын еді? – деп Кузьменко сұрауын қайталап қойды?

– Жиырма, отыз сом, көп болғанда елуге жететін. Кейде ол да болмай қалады. Осы күні машина көбейді ғой. Көше арасында болмаса, есек арбаға кім зәру дейсіз.

– Қайсы мезгілде кеткенін шамалай алмайсыз ба?

– Сағат 3–4 арасы болса керек. Тысқа шыққанымда жұлдыздар көп еді. Қораздар жаңа ғана айқайлай бастаған мезгіл.

Кузьменко бұдан әрі құр сұрақпен мұнды әйелді қажауды қажетсіз деп тапты. Ксенья Захаровнаны есік алдына шығарып:

– Егер жаңалығыңыз болса, хабарлап тұрарсыз, – деді.

Ксенья Захаровна кеткеннен кейін Кузьменко Абдуллаходжаевтың жеке ісін алып, әр күнгі тіркелген жайға зер салды. Бірақ Абдуллаходжаев ешқашан арбакешпен кездеспеген. Ал Калмыковтың түн жарымында үйден кеткеніне қарағанда, ол қаладан шықпас бұрын бір жерге кідірген сияқты. Сонда қайда аялдауы мүмкін? Абдуллаходжаевтың үйіне барды дейін десе, таныс

адамдар емес сияқты. Әлде Столетовтың үйіне бағыт алған ба? Бірақ шеткі үйден шыққан арбакеш қаланың екінші жағына мұнша ұзап кетпес еді.

Ұзақ отырыстан соң Кузьменко ойын былай қорытты: арбакеш Калмыковты өлтірген топ Сергиенконың семьясын да жойған. Кәзіргі бар мәлімет кешегі «Қобызшы шал» кейпіндегі «Қыли боронның» әрекеті екенін аңғартады. Бірақ ол жалғыз емес. Біреу арқылы әрекет жасауға тиіс. Сонда «Қыли боронның» сыбайласы кім?

Кузьменконың алғаш күдіктеніп көз тіккен адамы партизан қыз аталған Сусякова еді. Бұған мынадай негіз бартын. Бұдан бірнеше ай бұрын барлық жерге жіберілген іздеу қағазда майданнан қашқан Сычева жайында айтылған. Ол бүкіл денесі снаряд түсіп мылжаланған санитарканың қалтасына өзінің документін қалдырып, өлі танылып қашса керек. Кейін тексере келгенде, оның сүйегі болмай шыққан. Іздеу қағазы суретсіз, тек телеграмма түрінде жазылған. Сусякова аталып жүрген сол қашқын әйел емес пе екен? – деп жорамалдаған Кузьменко. Күдік алғанымен, айып табар дәлелі қалмаған. Ендігі нысанаға алғаны осы Абдуллаходжаев. Сол түні жұмыс соңында Ксения Захаровна Кузьменконың кеңсесіне тағы келді. Ол күйеуінің қалтасынан табылған бір адрессті әкеп берді.

– Қандай ұқсастық! – деп адреске үңілген Кузьменко таң қалды.

8. ТАЙҒАҚТА

Қар жапалақтап жауып тұр. Түнде қарауытып қалың көрінген үйлер мен бой созған теректер ұлпа қар жамылған. Қала үсті бұлыңғырлау әппақ түске енген. Көше жым-жырт. Үрген иттердің де дауысы естілмейді. Осы шақта, қаладан шыға беріс жерге машинасын тоқтатқан Сейілбек Жанғабылов әлдекімді іздегендей төңірекке көз жүгіртті. Ешкім көрінбейді. Ол кабинадан түсті де, машинаны айналып, доңғалақтарын аяғымен теуіп көрді. Қол фонарьдың сәулесін жан-жағына түсіріп

байқады. Осы мезетте оған: «Алысқа кетіп барасың ба?» деген шартты белгімен қап арқалаған Абдуллаходжаев кездеспек еді. Келмеді ол. Мазасыздана бастаған Сейілбек кабинаға отырып, жылынып алған соң қайта шықты. Аздан соң бойын суық шалды ма, күркілдеп жөтеле бастады. Кіші лейтенант Жанғабылов – Москва түбіндегі шайқаста өкпесін оқ тескен жауынгер барлаушы. Армиялық госпитальда ұзақ жатып, мүгедек боп елге қайтқан. Жамбылдағы бір ағайынының үйіне келіп, оның тот басып бұзылған үш доңғалақты мотоциклін ермек етті. Әр жерден запас бөлшектер жинап, күні бойы соны құрастырады. Түнде кітапқа үңіледі. Денсаулығы көтерсе алдағы жылы Алматыға кетпек ойы барын. Кейін, үйде отыруға жалықты ма, әлде ағайындары төрт мүшесі сау жігіттің бос отырғанын мақұл көрмеді ме, жұмыс іздей бастаған. Үміт артқан бір жері қалалық комсомол комитеті болатын. Оған барған кезде бидай өңді секретарь қыз:

– Офицер барлаушы көрінесіз. Сіздің көмегіңіз мұнда да керек. Облыстық милиция басқармасы бізден адам сұрап жатыр. Лайықты кандидатура таба алмай отыр едік. Қаласаңыз, соған жолдама берейік, – деді.

Қатты ашуланған Сейілбек:

– Мазағыңыз ба бұл. Немене милицияны көрмеп пе едім! Ұнаса, өзіңіз барыңыз. Онда да юбкалы, кең, етекті жандар керек шығар, – деп, есікті тарс жауып, бұлданып шығып кеткен. Бір жолы Гродиково селосына бүгінгі күткен Абдуллаходжаевты мотоциклмен алып бара жатып, оған секретарь қызбен арадағы болған осы әңгімені айтқаны бар-тын.

– Көрмегенім көк киімділер есігі болсын. Жұртпен жағаласып, жек көрінішіті боп жүргенше, қап арқалап жүргенім жақсы емес пе? – дегенде, Абдуллаходжаев оның сөзін мақұлдап:

– Ия, оның дұрыс. Ол бәледен аулақ болған жөн. Осы үш доңғалағыңмен әрі-бері адам тасысаң бір милиционердің бір айлығын бес-алты күнде таппайсың ба? Одан соң үй салып аласың, қора-жайың болады, – деген-ді. Ол осы күні Отан соғысы мүгедектеріне құрмет

көрсетілетіні, сондықтан оны пайдаланып, табысы мол осындай іс жасаудың дұрыстығына кеңес берген. Сол жолы Абдуллаходжаев өз сөзінің дұрыстығын дәлелдегісі келді ме, мол ақша төлеп, рақмет айтып кеткен. Сейілбек Гродниковода біраз аялдап қайта оралды. Жолда, келесі қыстаққа жақындағанда машина тосып, қол көтеріп тұрған көп адамдардың арасынан секретарь қызды алыстан таныды. Тоқтамай, өтіп кетпек еді.

– Сейілбек! – деп айғайлаған дауыстан жүріп барып, амалсыз тоқтады. Қасына жүгіріп келген қыз:

– Қалаға дейін апарып тастай аласыз ба? Мұнда аудандық комитетке келіп ем. Майдандағы жауынгерлерге посылка әзірледік, хат та жаздық, – деп күле сөйлеп, люкке жайласып отырды. – Сіз болмағанда кешігетін едім. Сағат екіде бюро.

Секретарь қыз жолшыбай Сейілбектің қалай тұратынын, денсаулығын, не істеп жүргенін сұрады.

– Мотоцикльмен саяхат жасауға тым әуестеніп кеттіңіз білем. Дәрігерге бармайтын көрінесіз, – деп, маржандай ақ тістерін көрсетіп сүзіле қарап күлді.

– Оны қайдан білесіз? Өкшелеп аңдып жүрсіз бе? – деп Сейілбек жалт қарап, мойнын қайта қырыс бұрды.

–Жоқ, сізді аңдып қайтем, ол менің кәсібім емес, –деп, жел жұлқылап, кеулеп көтерген кенепті қымтай өзіне тартты.

Қалалық комитеттің алдына келгенде, қыз салмақты үнмен:

– Ең алдымен денсаулығыңызды, өзіңізді күткен жөн, Сейілбек. Әлі жассыз, барлық қызық алда емес пе? – деді... Төмен қарап, үнсіз кеткен Сейілбек бір көше айналып, мотоциклін тоқтатты. Оған дәрігерлер темекі тартуға қоспайтын. Бірақ Сейілбек көшеде кетіп бара жатқан бір арбакештен темекі сұрап тартты. Осы бір сапардағы екі адамның сөзін ой елегінен өткізгендей. Бірі еңбексіз, игіліксіз жалған өмірге итермелейді... Екіншісі ше? Жоқ, ол бөлек ортадан. Қабағат ыстықта шаң жұтып, сыйлық әзірлеп, әбігер боп жүр. Оған жұмыс істеу қиын. Бірақ ол өзі туралы ойламайды. Қайдағы майдан туралы, өзін табалап

кеткен біреу туралы қам жеп, соның бас амандығын, саулығын тілейді. Ал Жанғабылов ше? «Офицермін, мен мүгедекпін!» – деп көкірек қағады. Ал өзі қаға берісте саудагер тасиды...

Сейілбек қалтасындағы Абдуллаходжаевтан алған ақшасын пәре-пәресін шығарып, жыртпақ еді. Одақ гербіне көзі түсіп, қолы дірілдеп, ақшаны қалтасына қайта салды. Не істеп жүр ол?.. Не үшін жараланды?.. Арманы күн санап құнықтырып бара жатқан арам кәсіп пе еді! Абзал ортадан қалай алыстап кеткен ол?..

Сейілбек бетіне ыршып түскен ыстық жасты қара май қолының сыртымен бір сипап, басын төмен салған бойы қалалық комсомол комитетіне беттеді. Мотоциклін сүйреп келеді. Ажарсыз өмірге сүйреген осы үш доңғалақ сияқты. Ол мотоциклін есік алдына қойды да, дабырласып сөйлесіп тұрған адамдарға қарамай, секретарь қыздың кабинетіне кірді. Екі-үш қызбен бас түйістіріп, әңгімеге қызу кіріскен ол:

– Жауынгер офицер келді. Сейілбек, отыр, – деп, қасындағы қыздарға Жанғабыловты таныстырып, әбігер болды да қалды. Түйіліп төмен қарап отырған Сейілбек:

– Кешіріңіз, бәрін де кешіруіңізді сұраймын. Мені бір жерге жіберіңіздер. Қайда жіберсеңіз де әзірмін, – деді.

Қалалық комсомол комитетінің секретары Сейілбектің немен шұғылданып жүргенін кейінгі кезде білсе де, ешнәрсені сезбегендей.

– Біз ешнәрсені білмейміз, Сейілбек. Біздің білетініміз – сіз Совет Армиясының офицерісіз. Солай емес пе? – деді қасындағы қыздарды күлдіре қостатып. Артельдегі жұмысшы қыздар бір жауынгермен кездесуді сұрап мазалап жүр еді. Мүмкін сіз майдан туралы қызық әңгіме айтып берерсіз.

– Бұл қиын емес қой, – деді Сейілбек күбірлеп. Сол күнгі бюрода Сейілбекке жолдама берілді. Сонымен ол облыстық милиция басқармасының қылмыстыларды іздеу бөлімінде істеп жатқан. Жақында жарты жыл толады. Алғашқы кезде бір сарынды көрінген жұмыс енді ғана қызықтыра бастаған. Бірақ дәл бүгінгі түнгідей мазасызданған емес-

ті. Келісім бойынша Абдуллаходжаев мана келуі керек еді. Уақыт өтіп барады... Сейілбек кабинаға отырып, телегрейкасының жұқа жағасын көтеріп, қисая жатты. Майдандағы ұйқысыз өткен түндер, жанқарбалас қырғын шабуылдар елестейді... Секретарь қызбен болған әңгіме де бір сәт көз алдынан өтеді. Кейде алдағы оқу, болашақ туралы қиялдайды...

Үстіп жатып көзі ілініп кеткен Сейілбек кабина әйнегін қаққан дыбыстан басын көтеріп алды. Тысқа сілкіне шығып, доңғалақты аяғымен теуіп, қол фонарь сәулесін түсірді. Оның әрбір қимылын байқап тұрған әлгі адам:

– Алысқа барасыз ба? – деді.

– Сізге бәрі бір емес пе? – деп жалт қараған Сейілбек шартты белгімен келген адамның пішінін тануға тырысты. Байқай алмады. Көз үсті қара шүберекпен ойып таңылған. Бар белгісі – жіңішке үнді, мыртық адам. Келген хабаршы жан-жағына бір қарады да, Сейілбектің шынтағынан қағып:

– Бүгін Абдуллаходжаев жүре алмайды. Ауру ол, – деді.

Осы сәт төңірекке елеусіз көз тастаған Сейілбек ешкімді көре алмады. «Абдуллаходжаев ауру емес, өзін сынамақ болған шығар» деген де ой келді. Егер төңіректе хабаршыдан басқа адам болса, солар есітсін дегендей көтеріңкі дауыспен:

– Маған ақшаны кім төлейді! Түнім босқа өте ме? – деді.

Келген мыртық адам:

– Қиналмаңыз, апарған кезде ақшаңызды бір-ақ аласыз. Жүретін түнді өзіміз айтамыз, – деді. Сонымен бұл түні Абдуллаходжаевқа жолыға алмай қалды. Сейілбек із жасыру кейпін аңғартып, қараңғы тар көшемен қалаға қарай кетті. Бірақ ол дуал сыртында, тасада өзінің әрбір қимылын бағып аңдыған қара маскалы топты аңғармаған еді. Абдуллаходжаев осы шофермен келісімін айтқанда, өзін ұрлаған мол дүниенің иесі санаған «Қыли барон» қатты күдік алып, сенбей өзі келген. Оның ойынша, егер қазына машинасын қалтарыс жүріспен пайда табуға көздеген ақшақұмар біреу болса, түнде оның жанына ешкім келмек

емес. Жай, үй жанында тұрған машина деп қарайды. Осында тұрғалы бері тек бір жедел жәрдем машинасы ғана өтті. Ол да зер салған жоқ. Онда Абдуллаходжаевтың айтқанындай, шофер табыс табуды көздеген жан. Осылай ойда қалған «Қыли барон» екі қолын жеңіне тығып, бүрсііп кеткен саудагерге:

– Мен қазақтарға сенбеймін, зерттегем оларды. Тымақ астында мыжырайып, момын көрінгенмен олар өте сезімтал халық. Кім екенінді алыстан таниды, – деп саудагерге өз күдігін айтқанда, Абдуллаходжаев:

– Тақсыр-ау, оның бәрі бірдей деймісің. Солардын жуастығы-дағы көз ашқалы бері бақалшылап, алдап жүргенім, мынау бір өзі кембағал жігіт. Бұрын мотоцикльмен жүруші еді. Енді машинаға отырыпты, – деді. Сонша мол дүниемен кетуге асыққан қомағай саудагер бар дәлелін айтып, жанын салып тұр. Оның да өзіндік есебі бар.

Ташкентке барғаннан кейін асыл заттар мен мол кездемені екі-үш есе бағасымен сатады. Сонан соң ше? Ақшаны қалтаға басады.

Одан кәзіргі өзі бас иіп тұрған «Қыли баронға» бір тиын татырмақ емес. Оның да амалын тауып отыр. Ондағы немересімен келісіп, соңғы кездемені сатып тұрғанда ұсталған боп милицияға түседі. Үш-төрт күн жатады. Оның қолға түскенін естісе, «Қыли барон» қарасын көрсетпей зытатыны белгілі. Сонда миллион сом қалтасында қалмай ма?

Бұл аз сома емес. Ол бар өмірін осы үшін сарп еткен. Қомағай саудагердің ындынын бағдарлаған «Қыли барон» да сақтық жасаған. Ол күнілгері Суслякованы жалған атпен Ташкентке әдейі жіберіп отыр. Әрине, мұны Абдуллаходжаев білмейді. Ол Ташкентке барса еркіндік алатын сияқты. Мұның бәрін «Қыли барон» есептеген. Ақша бөлісер шақта саудагерді де, өзі жіберген «сенімді серігі» әйелдің де көзін жойып, бір түнде тайып тұрады. Бірақ ол кәзіргі шақта дәрменсіз. Абдуллаходжаевтың сөзін тыңдауға мәжбүр.

– «Сақтықта қорлық жоқ деген», бұл жердің мақалы бар көрінеді, – деді «Қыли барон» бір сәт іштей үнсіз арбасудан соң, – сол шоферінді тағы да сынап көрелік.

Арғы күні күндіз жүруге уәделес. Егер бірден келісім берсе, онда маңайын көрме. Онда ол қазына машинасымен оңай олжа табуды көздемеген адам болғаны. Ал қиналып, гараж бастығынан жолдама алу үшін ақша сұраса, келісім бер. Түсіндің бе?

– Күндіз жүру қауіпті ғой, – деп еді Абдуллаходжаев:

– Сіз үйленетін кенже ұлыңызға сыйлық апара жатқан жоқсыз ба? Қайсы мезгілде жүрсеңіз де бәрібір емес пе? – деді «Қыли барон».

– Оған төлейтін ақшаны өзім бөлек берем. Есептеп жүрме!

– Ол саудагерді алыс алып барып «уланған», – деп құлағына сыбырлады. Осы кезде Жанғабылов та басқарма алдынан сигнал беріп өткен еді. Ешкім көрінбейді. Терезелер қараңғы. «Кузьменконың шынымен кетіп қалғаны ма?» деп ойлады Сейілбек. Ол келесі көшеден бұрылмақ болғанда, біреу қол көтеріп тоқтатты. Қалың плащ ішінен жүзі көрінбейді. Ол кабина жанына келіп:

– Жолдамаңызды көрсетіңіз, – деді. Майор Жүсіповтың дауысын таныған Сейілбек кабина есігін аша беріп еді:

– Қозғалмаңыз! – деді майор қол фонарь сәулесімен документтерді қараған боп.

– Әбден тоңған көрінесің. Түсің қашып кетіпті. Қалың киініп жүрмейсің бе?

– Ол итті сарылып күтетінімді қайдан білейін.

– Сіздің адалдығыңызды сынамақ болған шығар. Оқасы жоқ. Кузьменко сіздің соңыңыздан жедел жәрдем машинасымен кеткен. Көз жазбаған шығар. Олар да қайтып қалар, – деді майор Жүсіпов кабина есігін жауып жатып.

– Берген ақшаны жалаңаш қолыңызбен алып жүрмеңіз. Түсіндіңіз бе? Осыны ескертейін деп едім.

Жанғабылов бас изеді. Жаңа бір әзірде өзін қараңғы түндегі тастандыдай сезінген еді.

Бүкіл аппарат кездейсоқ оқиғадан қызғыштай қорып жүргенін қалай білмеген. Бәрі өз қасында. Майор Жүсіпов та осында жүр... Бойын қуаныш кернеген Сейілбек машинаны гаражға қарай бар екпінімен зымыратты.

9. ПРОСЯ ТӘТЕЙДІҢ ӘҢГІМЕСІ

Сейілбектің жолын тосып, алагеуім шамасында оралған лейтенант Кузьменко бүгінгі түннің рәсуалық себебин майор Жүсіповтан білді. Хабаршыға шолақ тонды тапал адам келген. Майордың бағдарлауынша, олар Сейілбекті сынамақ болған. «Әрине, уақ-түйекті алып, сатып кәсіп еткен саудагердің мұндай қулыққа өресі жетпек емес. Оның жотасында жөн сілтеген, жол көрсетіп тұрған біреу бар. Ол саудагерді дара жібермес бұрын Сейілбектің басқан ізін бақылайды, аңдиды. Сондықтан әзірге Сейілбектен жырақ болған мақұл. Автоинспектор арқылы хабарласу керек, – деген-ді. Абдуллаходжаевтың мықты жасырынған бір ұямен байланысты екені енді айқын. «Ұры өткен жерден саудагер де қалмайды» деген кіші лейтенант Жанғабыловтың баяғы бір айтқаны дөп келеді. Мүмкін, майдандағы полковниктің семьясын жойған осы банда тобы болуы да ықтимал.

Кузьменко шкафты ашып, тозаң басқан ескі істерді қарай бастады. Қампиған сары папка ішінен полковниктің хатын алып, оның таныс жолдарына тағы да көз жүгіртті.

«1942 жылдың басында әйелім Пелагея Архиповна мен қызым Клаваны Жамбыл қаласына жіберген едім. Январдың 12-сінде аман-есен жеткені жөнінде телеграмма алдым. Одан кейін хабар-ошарсыз кетті. Қөңілде қобалжу, қорқыныш бар. Семьямның тағдырын біліп беруіңізді сұраймын.

Гвардия полковнигі А. Сергиенко».

– Он екінші январь, – деп қайталады Кузьменко. Майор Жүсіповпен әңгімеден кейін қосымша анықтау жүргізгенде лейтенанттың көз тіккені мейманхана еді. Мол дүниемен көшкен және қонысты жиі аударып жүретін әскери адам семьясының аялдайтын бір жері – қонақүй. Бірақ қонақүй кітапшасында Сергиенко аттас адам тіркелмеген. Қызметшілер де мардымды ешнәрсе айта алмады. «Күн сайын талай адам келіп-кетіп жатады,

қайсысын есінде сақтай бересің. Бұл күнде соғыс ылаңынан босқан семья аз ба?» деп, жалпы әбігерлікті сөз қылды. Әскери адам семьясының із қалдыратын мекемесі – соғыс комиссариаты. Онымен хабарласып еді. Ешнәрсені біліп болар емес. Бұл уақыттың ішінде талай бөлім бастықтары ауысқан. Бірсыпырасы майданда. Ең болмаса көмескі ізге түсуге арбакештер мәлімет бере ме деп еді. Таңданысып, әрқайсысы әртүрлі жорамал айтады. Бір білсе, бүкір арбакеш пен көз еті томпақтау келген қысық көз қазақ шалы деп, бұл дүниеде жоқ адамдарды еске алады. Өйткені сол қонақүй маңы осы екеуінің еншісіне тисе керек. Басқаны жолатпай, келім-кетім кісілерді солар таситын болған. Бүкір арбакеш оқиғасынан соң, қазақ шалын іздеп еді. Өткен жазда қылтамақтан қайтыс бопты. Өлерінде: «бір жұтым шай, шай бер» деп, жамбасын сабалап өтсе керек. Бүкір арбакештің ерке қатынының айтуына қарағанда, күйеуі, «Қара мысық» туралы қауесет тараған соң, бірекі күннен кейін қатты мазасызданған. Үй-жайға қарамай бүк түсіп, жатып алатынды шығарған. Арақтың дәмін білмейтін ол ішіп келетін болыпты.

Былай болуы да ғажап емес: бүкір арбакеш алғашында өзінің не істеп жүргенін аңғармай, мол ақшаға қызығып, «Барып кел», «Алып кел» дегенге, қолбаладай жүгіріп, тыным таппаған. Әрине, мұндай оңай табысқа кенелгенін басқаға айтпаған. Ортақ кісіден аулақ болуға тырысқан. Кейін, өзін жалдаған адамның шикілігін сезгеннен соң тайсақтаған. Бірақ бірден қол үзіп кетудің амалын таппады. Мол ақша алған соң, соңғы жолы да жүк тасуға ықылас білдірген. Бір сәтте осыны пайдаланып, оңай олжаға кенелу үшін өзіне иықтап бопса көрсеткендерге қоқанлоққы жасауы да ықтимал. «Қара мысықты» мен жалмармын!» деген сөзі осыны аңғартады. Андысқан түнгі сапардан соң, әрқилы болжам, қиял үстінде қалған Кузьменко бүгінгі таңды да ұйқысыз өткізген. Өнбойын суық қысқандай. Осы бір сәт ол аздап қалғып көз шырымын алғаны, манадан бергі қат-қабат шұбалаңның бәрі ой емес, түс екені енді ғана ұйқысы ашылғанда сезінді. Сағатына қарап еді. Жетіден асқан екен. Жұмыс

басталғанға дейін үйге кіріп шығуды ойлады. Айтқандай пешке жағар жарылған ағашы таусылып, ішін көтере алмай, өзі төрт аяқтап отырған Евдокия Кириловна екі аяғын көрпеге тығып, есік жаққа қарап жалтақтап отырған шығар? Жақында ол ана, өзі әке болады. Бір үйде екеуден гөрі үш адамға көңілді ғой...

Көңілін қуаныш, әрі біртүрлі әкелік мейірім билеген Кузьменко алдында жатқан папкаларды шапшаң жинастыра бастады. Сүйткенде біреу рұқсат сұрап есік қақты. Тек басын сұғып, жылтыраған көзін көрсетеді. Маринецтің үйіндегі қызметші әйелді «мүмкіндігіңіз болғанда келерсіз» деп шақырғаны енді есіне түсті.

– Прося тәтейсіз бе? Кіріңіз, – деп, Кузьменко орындық ұсынды. Беті жалпақтау, шапыраш көз, жырық ерінді шикіл сары әйел екен. Ұсқынсыз кейпін әдепті қимыл-отырысы жуып-шайғандай. Өз ісіне мығым момын жан сияқты. Ол қолындағы қауашағын сипалап:

– Сүтке бара жатыр ем, сіз келсін деген соң, жолшыбай кіріп ем, – деп, төмен қарап, басын көтермей сөйледі.

Кузьменконың «Маринецпен көптен бері бірге тұрасыз ба»? – деген сұрағына:

– Я, бала кезімнен... шешем марқұм да осы үйде өмірін өткізді. Құдайға шүкір, осы үйдің бір жанындай тұрып келеміз. Мекеніміз, жұртымыз Тула еді. Онда сәнді дачамыз да бар-тын. Соғыс әлек салды ғой. Бәрін тастап, Москваға келдік. Оған да неміс жақындады. Сосын осында көштік. Хозяиннің ақылдылығы ғой, әйтпесе, қай жерде тентірірімізді бір құдай өзі білсін, – деп, өз сөзін өзі құптап бас изеді.

Прося тәтей партизан қызы туралы қойылған сұраққа үзіп-үзіп жауап қатты. Қайсы күні екені есімде жоқ, (шамасы, сенбіге қараған күн болар, өйткені хозяйка бұл күні қала жаңалығымен танысады екен), үй иесі әйел әскери гимнастерка мен юбка киген раушан жүзді жас қызды ертіп келген. Киім тігетін мастерскойда жолығысыпты. Жерлес боп шықса керек. Оны түпкі үйдегі әңгіме үстінде таныстырған. Олар бұрынғы тұрған жерінің жақсылығы, таза ауасы, соғыстың көп қырғын-қиыншылық әкелгені,

оның немен бітетіні жөнінде көп сөйлесіп, ұзақ әңгімелескен. Прося аракідік кіріп-шығып жүргенде осы жайындағы сөздерді құлағы шалған. Ал шай үстіндегі бар әңгіме – «Қара мысық» бопты.

«Тылға келіп, есімізді жидық па деп ек. Мұнда да тыныштық жоқ. «Қара мысық» деген бәлесі тағы шықты» деп, үй иесі әлдекімді «ашық ауыз», «ас ішіп, аяқ босатар» деп қарғап, даттап отырыпты.

«Бәрі Кирилл Моисеевичтің қолында ғой. Айтса тыяр. Тегінде милицияның немен шұғылданып жүргеніне әуестенбеген болар» деп, қонақ қыз үй иесінің лауазымына үлкен құрмет көрсетіпті. Сонда үй иесі әйел:

«Біздің Кирилл кіріскен жерінен қан алмай тынбайтын адам. «Қара мысық» деген жоқ, құр қауесет» деп жалтарғандарға ол: «Айтпады демегін. Мұның соңы кісі өлімімен тынады. Сендермен сонда сөйлесермін» десе керек. «Әзір тыныштық қой. Бас жарып, көз шығарып жатқан ешнәрсе жоқ» деп сөзін бітіріпті.

«Жұрттың «Қара мысық» деп таратып жүргені не сонда? – деп қыз күле сұраған. Олардың білмегені ме, құр өсек болса?»

«Сүйдеп сендіріпті ғой, ана бір бастығы. Олар «Қара мысықты» емес, «Қара масканы» іздеп жүрсе керек. Барлық пәле сонда деп, соған шүйілген». Қыз бір сәт үнсіз отырған соң Просяға қарап: «Аты ылғи қарадан басталатын қорқынышты нәрсе екен. Айтпай-ақ қойыңызшы» – деп тітіркене түсіпті. Бұл күні Галина аталған қыз кеш қайтқан. Ертеңіне үй-ішіне сый әкепті. Бір табақ кептірген өрік, мейіз, жиырма жұмыртқасы бар. Бұл жолы не сөйлескенін білмейді. Есікті жауып, түпкі үйде отырыпты. Одан соң қыз шамасы екі-үш күн көрінбеген. Тауық етін іздеп бір жолы базардан кеш қайтқанымда, Галина үйде отыр екен. Ұзын етек панбарқыт көйлек киген. Хозяйканың үстінде де көк гүлді сондай жібек көйлек. Тамсанып ішке кіргенімде хозяйкам: «Бара тұр, Прося» деді.

– Үлкен адамдар ғой, құпия бір әңгімесі болған шығар! – деп, Прося тәтей бас изеп отырды да, әңгімесін одан әрі жалғастырды.

– Я, айтқандай, Кирилл Моисеевич менімен ілесе кірген еді. Қыз қарсы жүгіріп шығып, секіре мойнынан құшақтап, екі бетінен сүйіп алды. Сол сәт мойнындағы жібек орамалымен қожамның көзін байлады. Хозяйка екеуміз таң-тамашамыз. Галина әдемі құтыны Кирилл Моисеевичтің қолына ұстатып, ішінде қандай зат бар екенін сұрайды. Қожамыз жуас адам ғой. Тапқанша, әбден әбігер етті емес пе.

– Құты ішіндегі не зат екен? – деп, Кузьменко шыдамсыздана сұрады.

– Бір имек трубка, – деді Прося төмен қараған бойы сұқ қолымен ауа сызып. – Тағы жылтырауық сары портсигар бар. «Піл сүйегінен жасалған екен», «алтын екен» деп жатты. Үй иелерінің неге қуанысқанын білмеймін. Сырлы табак, күміс ожау болса бір сәрі... – деп, қызметші әйел таңқалғандығын білдіреді.

– Есіңізде жоқ па, үй иесі ол заттарды қайдан алғанын сұрамады ма? – деді Кузьменко.

– Я, Кирилл Моисеевичтің тәптіштеп сұрайтын әдеті ғой. Бірақ ерке қыз: «сыйға тартқанды сұрамас болар» деп, бұртиып, ренжіп қалды. Бәрі үлкен адамдар ғой, өзінен сұрасаңыздар да айтар, – деп Прося сөзін түйді.

– Бұрын кісі келгенде бірге отыратын ба едіңіз? Хозяйка қызық мінезді адам ғой. Бұрын біреу-міреу келе қалса: «Әй, Прося, мұнда кел. Жұрт сөзін тыңда. Одан басқа не қызығың бар бұл дүниеден алатын» деп шақырып, қоярдақоймай қасына отырғызатын. Осы қыз келгелі бері қабақ түйіп, жақтырмайтынды шығарды. Кім білсін, бір ағат ісім болған шығар. Я, анау күні ағаш жарам деп жүріп, ботқаның түбін күйдіріп алғаным бар. Содан шығар. Бірақ үй қожасының жұмысына араласып не шаруам бар. Үлкен адамдар ғой, – деді Прося кетуге ыңғай көрсетіп.

– Я, рұқсат болса барайын. Әйтпесе, құр қалармын...

– Сіз әуре болмаңыз, – деп, Кузьменко Прося тәтейдің қауашағын алып, шоферді шақырды. Шапшаң сүт әкелуге бұйырды. Аздан соң шофер келді. Қауашақ толы сүтті көріп қуанған Прося:

– Көп рақмет, сізге! Сүт ала алмай қалам ба деп корқып

ем: екі күнге жететін болды. Кирилл Моисеевич сүтсіз ботқа жей ме деп уайымдап отыр ем. Әйтеуір соны жақсы көреді. Өзінің әдеті білем. Шешем марқұм да айтушы еді... я, сау болыңыз, Мені күтіп отырған шығар, – деп иіле шықты. Кузьменко алдында жатқан қағазды шиыршықтап бірталай отырды. Просяның айтқан әрбір сөзін ой елегінен өткізгендей. «Маңызды не айтты, неге назар аудару керек?» деп, әркілы сауал қойып, жауап іздейді. Жүзім, өрік, жұмыртқа... бәрі қатындардың үй арасында алысар уақ дүниесі. Ал, трубка мен портсигар ше? Ювилерторгтың әрқайсысында кездеседі. Мүмкін қыз жерлесіне әдейі сатып алған шығар. Алыс жерде жерлестік деген ыстық ғой... Просямен оңаша отырып, әңгіме құрғаны да орынды. Өйткені күйеуге шығар қыздың сыры мен мұңы көп болмақ. Сонда, Майор Жүсіповтың: «Қызметші әйелмен сөйлесен, мүмкін көп жайды аңғарарсың» дегені не? Дәл қазіргі қысылшаң шақта Просяның әңгімесінен көмескі ізді айқындар дәнекерлік нәр жоқ сияқты.

– Әй, біздің майордың өзі де қызық-ау! – деп, Кузьменко, орнынан тұрып, киініп тысқа шықты. Қарсы жолыққан майор Жүсіповты көріп:

– Өзіңізде боласыз ба? Кәзір ғана қызметші әйелмен әңгімелескен едім, – деді. Майор Жүсіпов Кузьменконың, бас-аяғына көз жүгіртті де:

– Байқауымша, әлі демалмаған көрінесің. Үйге барып тынық. Евдокия Кирилловна да сарғайып күтіп отырған шығар. Түстен кейін сөйлесейік, мақұл ма! – деді.

– Мен шаршаған жоқпын, – деп еді Кузьменко.

– Келістік, – деп Жүсіпов, бұрылып өз кабинетіне кетті.

Бір сәт аңырып тұрып қалған Кузьменко басын шайқап, үйге қарай бет алды.

10. МҰНЫҢ ҚАЙСЫСЫ СТОЛЕТОВ?

Үйде жалғыз қалу Евдокия Кирилловнаның әдетіне сіңбеген. Түнгі жұмыстың өзінде Кузьменко кеш болса да оралатын. «Күйеуімен әрдайым бірге болу» – міне

Евдокия Кирилловнаның девизи осы. Әрбір мәдениетті әйел осылай істеуі керек деп қарайтын. Кузьменконы жолдастарының бірі жәй әңгімелесу үшін тамаққа, я сыра ішуге шақырса, одан да қалып көрген емес-ті. Құрбылары арасында Евдокия Кирилловна күйеуіне елеусіз, селқос қарайтын әйел көрінетін. Кеңпейіл жан танылатын. Кейде қасындағы келіншектерге: «Әй аузың ашылып неге отырсың, анау Петр Петровичпен әңгімелессеңші!» деп, түрткілеп сылқ-сылқ күлетін. Шақар жас күйеуінің барын және құрбыларынан бұрын жігіт тауып, бақытты болғанын қатты мақтаныш ететін. Әрі қызғыштай қорып қызғанатын оны. Егер отырған әйелдің бірі Евдокия Кирилловнаның алдамыш қылығына сеніп, Петр Петровичпен әңгімелесіп, шүйіркелесе қалса, онда ол құлағын түріп, алаңдап, әбден дегбірі кететін. Сөз жетпес жерде отырса: «Әй, сен де керек боп қапсың ғой жұртқа, ой, бейшара-ай...» деп ашына күліп, қасына келетін. Бірақ ол өз қызғанышын, өкпесін Петр Петровичке сездірмеуге тырысатын. Өз бойына мін санайтын. Қызғаншақтан туған долы ашуын қайдағы өтіп кеткен жайларды Кузьменконның дұрыс істемегенін, басқа еркек болса олай жасамайтынын, мұның ынжықтығын көп сөз қылып, табалап қайтаруға тырысатын. «Қызғаншақ жаман қылығың бар-ау, Дуся! Әйтпесе, дауы біткен сарайдың бүгінгі кештегі әңгімеге қандай қатысы бар» деп, Петр Петрович шайпау мінездің сырын алыстан ұғып, мысқылдап күлгенде, Евдокия Кирилловна қатты долдана бұлқынып: «Жә, өз бағанды асыра бермеші! Дүниеде туған еркек жалғыз сен бе?» деп, десте бермей, өз қызғанышын бүркеуге, сөзді кілт бұруға тырысатын. Бұл түнгі кеште жұмыста ұсталып қалған шығар, келер деп үміттенген Евдокия Кирилловна уақыт озған сайын мазасы кетіп, қапалана бастаған. Петр Петрович өз достарымен бірге әйтеуір бір жерде, қыз-келіншектердің ортасында маза құрып отырғандай көрінеді. Осы күні еркекке таңсық жесір көп, сенім бар ма, еркекке. «Анау ұзын бойлы Сейілбек осы жердің тұрғыны. Оған бәрі таныс. Алып кеткен ғой бір жаққа» деп, оны іштей күйіне қарғайды. Өзін, жазықсыз әйелді тастап кеткені үшін «көгермесін!»

деп сілейтеді. Оңашада қызғаншақ сезімге беріліп, көгеріп қатты долданған Евдокия Кирилловна таң атқалы бері үйге кірмей, есік алдында күйеуін тосқан. Ащы тілмен жұрт көзінше табалап алмақ. Келер жаққа көз сүзген ол еңсесі түсіп, сылбыр басып келе жатқан Петр Петровичті алыстан таныды. Евдокия Кирилловна шыдай алмай дірілдеп кетті. Оған Петр Петрович кеште ұзақ отырып, қалжырап келе жатқандай көрінді. Жасын төгіп үйге кіріп кетті.

Петр Петрович әйелінің атын атап, дауыстап үйге кіргенде, Евдокия Кирилловна жасын тыя алмай, солқылдап жылап төсек үстінде жатты. Мамық жастықты қос-қолдап бүріп алған. Толғақ қысты ма деп ойлаған Кузьменко өзінің шаршағанын ұмытып, не істерін білмей, су ала жүгірді.

– Дәрігер шақырайын ба? – деп, басын көтерді.

– Не кәсіп бұл, үйде кісі өлсе де хабарың жоқ, – деп, Евдокия Кирилловна үн қатты. Ашу үстінде түні бойы ойланған ащы, улы сөзінен айрылып қалған сияқты. Кузьменко енді байқады: әйелінің өңінде толғақ, ауру қысқан белгі жоқ. Долданған қатты ашу бар. Маңдай тамыры көгеріп шыға келген. Петр Петрович әйелінің аяқ жағына отырды да, дауыстап суық күлді.

– Ой, Дуся-ай, қарның өскен сайын бітеу кеуде боп барасың ғой деймін. Бүкір арбакештің науетек қатынынан да әрмен болдың-ау! Екеуіңді миғұла етіп, бір қалыппен құйған ба, осы! – деп, мысқыл аралас күлкісін тыя алмай, арбакеш әйелімен болған сөзді әңгімелеп берді.

– Қара суық аязда күні бойы далада жүріп, бір құлқыны үшін кісі тасыған арбакештің кәсібі оңай ма? Суықпен қақталып, көгеріп келген ол бейшара түні бойы да көз іліндірмейді екен. «Аяғым сыздады» деген ерке әйелінің сөзіне сеніп, таң атқанша оның табанын уқалап шығады екен. Кәзір ол өзінің жарыместігіне өкінеді. Осы әйелмен екеуіңнің араңдағы айырма – ол күйеуінің не істеп жүргенін сұрауға ерінсе, ал сен тәптіштеп сұрап қоймайсың. Әйтпесе, менің қызметім басқаға көмескі көрінгенімен, саған әйгілі емес пе, еді! – деп, күрсіне орнынан тұрды. Күйеуінің түні бойы сабылып, шаршап қайтқанын енді

аңғарған Евдокия Кирилловна екі беті дуылдап, жарык көруге жүзі шыдамай, тас бүркеніп жатып қалды.

Кеңсеге түстен кейін оралған Кузьменко өз кабинетінде отырған майор Жүсіповты көрді. Алдындағы жатқан нәрсеге шұқшия үңілген. Ол бас көтерместен:

– Келіңіз, Петр Петрович, сізге жақсы жұмбақ әзірлеп қойдым, – деп, есік алдында дағдарып, тұрып қалған Кузьменконы қасына шақырды.

– Мынадай ұсқынсыз типті көргенің бар ма? Қараңызшы. – Ол суы кеппеген, кәзір ғана шығарылған екі суретті алдына жайды. Тым жақыннан түсірілгендіктен бе, бобрик пальтоның түгі көрініп, борбиып, бет-аузы жалпақ тартқан.

– Осы екі суретте айырма бар ма? – деді майор Жүсіпов, әдеттегідей тесіле қарап.

Кузьменко хабаршыға келген адамды Сейілбектің түсіріп алғанын енді білді. Қол фонарь ішіндегі аппаратты жақсы пайдаланған. Көзін бастыра, маңдайын жапқан қара шүберек тұсы болмаса, мұрын ұшы, аузы, иек терісін көтерген шошақ ерні ап-айқын. Оң жақ езуіндегі жалғыз тал қыл да екі суретте бірдей.

– Айырмашылығын көре алмай тұрмын, Әбен Жүсіпович, екеуі де бір адамның суреті сияқты, – деді Кузьменко суреттерден көз алмай.

– Мұның бар сыры осында, Петр Петрович. Мына бірінші суретті Сейілбек түсірген. Ал екіншісін жеке істегі суреттерді саралап қолдан ретушьпен жасадық. Шынында айнымаған. Солай емес пе? Міне Столетов деген осы!

– Мұның қайсысы Столетов – деді майор Жүсіпов папка астындағы бар тұлғасымен жалаңбас түскен суретті көрсетіп. Мыртық, тапал адам. Мақталы сырма шалбар киген, малақайын қолына ұстап тұр. Ұзын телогрейкасының етегін көтере, белін кендір жіппен буған. Желімдеген галошының тұмсығы ажырап кетіпті. Өз күдігін ашқан суретке қарап:

– Я, мұны вокзал маңынан жиі көргенім бар. Енді түсінікті, – деді Кузьменко.

– Вокзал маңында носильщиктер жетерлік. Қаға берісте

тапқан он-он бес сомы неге жетпек. Ал үйінде өзінен басқа үш жан: кемпірі, қызы және немересі бар екені өзіңізге аян. Меніңше, оны дәндеткен басқа бір себеп бар. Солай шығар деймін? – Майор Жүсіпов сұрақты пішінмен әдеттегідей тесіле қарады.

Кузьменко Әбен Жүсіповичтің кәзіргі ойын аңғарғандай. Егер Столетов көбіне вокзал маңында жүрсе, мүмкін, бұдан бір жыл бұрын мол мүлікпен қоныс аударған Сергиенконың семьясы алғаш Столетовқа кезіккен шығар. Қонақүйде орын болмай, оның үйінде аялдауы ықтимал. Әрине, соғыс зардабын татып, бар жұртты бауырмал санаған сенгіш әйел жуас, момақан көрінген Столетовтың қиянат пиғылын аңдамаған. Бірақ...

Бірақ табиғатында әлсіз оған, кемпірін сыбайлас еткен күннің өзінде, бойжеткен қызы бар қарулы әйелге шамасы келмек емес. Ал, Столетовтың қызы мұндай оқиғаға бара қоймайды. Ол мектепте оқыған, әрі күйеуі майданда. Бар үміт мен ләззатын ертеңге артқан жан. Қызының көзінше қылмыс жасағанымен, ол әкесіне болыспақ емес. Сонда Столетовқа көмектесуші үшінші адам болуға тиіс. Егер болса кім ол? Қайдан келген? Әлде осы жердің байырғы тұрғыны ма? Әдетте, қылмыстыларды іздеу тәжірибесінде мұндай қандықол іске кездейсоқ шеттен келген біреу араласады. Өйткені көрші тұрғын адамдар бір-біріне сырлас, танымал және бірде болмаса, бірде өз қылмыстарын ашады. Тіпті жасырған күннің өзінде өз көршісінің көмескі ісі жөнінде екіншісі айтады. Арызбен ашық айтып келмегенімен, күңкіл сөз жатпайды. Жасаған қылмысын жыл бойы білдірмесе, онда бұл қанды оқиғаға араласқан үшінші адам басқа жақтан келген. Бұл жердің тұрғыны емес.

Ал, Абдуллаходжаев сыбайлас болды деуге ешқандай негіз жоқ. Ол сауданың адамы. Пайда үшін Ташкент асуға да бар. Бірақ кісі өлтіріп, тиын алмайды. Ол туралы жиналған бар мәлімет осыны аңғартады. «Майор Жүсіповтің күдікпен сұрақ қоюы орынды делік», – деп ойлады Кузьменко. Сергиенконың жарасты семьясын өлтірген Столетов-ақ болсын. Дәл кәзір оны дәлелдер

ең болмаса көмескі ізін қуып түсер дәнекер жоқ. Әрине, Абдуллаходжаевпен сыбайластығы жөнінде тартар жазасы бар. Бірақ бұл кісі өлтіру емес қой...

Үміт артқан экспертиза қорытындысы маңызды еш-нәрсе бермеген. Арбакеш ең алдымен дәл карақұсынан қатты соққы алған. Сонан кейін қарнын жарып, көзін ойса керек. Өлер алдында қатты қиналған. Кім өлтірді, кім қинады? Бұл жөніндегі іс те көмескі. Ал өліктен жауап ала алмайсың...

Кузьменко қысылшаң шақта өзіндік жөн табарлық, жол табарлық кемелге жетпегенін енді аңғарды. Айқын сияқты бір істі бастаса, әйтеуір үнсіз жұмбаққа тіреледі. Кузьменконың қиын ой үстінде қалғанын сезген майор Жүсіпов:

– Біреуді вокзалға жиі барасың деп кіналау, әрине, қиын, – деп, кең тыныс алып, креслоға арқасын тіреді. – Осы күні поезд жолын тосқан жұрт аз ба? Вагон терезесінен бір солдат көрінсе, «әй, қарағым, соғыстан келесің бе? Менің баламды көрген жоқсың ба?» – деп жүрген қазақ кемпірлері аз ба? Олар өткен поезды құр жібермейді. Жыларман халде, зыр жүгіріп сұрау салып жүреді. Ендеше, Столетовтың да вокзалға баруы заңды сияқты. – Әбен Жүсіпович темекі түтінін үсті-үстіне жұтып біраз үнсіз отырды да:

– Я, Столетов майданға кеткен күйеу баласы үшін күйініп жүрген жан емес екені айқын. Егер ол өзінің адалдығын танытқысы келсе, әрі ақша үшін қалталы саудагердің жұмсағанына жүгіріп жүрген біреу болса, жүзін жасырмас еді. Меніңше, оған да, Абдуллаходжаевқа да жөн көрсетіп, үйретіп отырған біреу бар. Шамасы, аса тәжірибелі адам. Біз бір сағат іс жасадық. Абдуллаходжаев шартты уақытта келмегеннен кейін, сол маңға дереу тор құру керек еді. Өйткені Столетовтың жалғыз келуі мүмкін емес, – деді.

Ол сұрланып, біресе қызарып, үнсіз тұрған Кузьменкоға тағы да көз алмай қарады. Өзі отырған жерде Петр Петровичтің қатты қысылып әбігерленетінін байқайтын. Кузьменконың әрдайым қысылшаң жайын жуып-шайғысы келді де:

– Кейде сіздің әлі айқындай жетпеген ісіңізге тосыннан киліккеніме кешірім сұраймын, Петр Петрович. Өзіңізге мәлім, біз алты ай бойы ОУР-дің бастығысыз отырдық. Бәріне жүгіріп араласуға тура келді. Ал, сіз жер жағдайымен әлі таныс емессіз. Ескі әдетпен кіріскенге ренжімессіз деймін, – деп күлді. Ол сол жолы райынан қайтып, түйіле төмен қарап отырды да:

– Я, Прося, не жаңалық айтты? – деп оқыс сұрақ қойды.

Өзіне тіке арналып қойылған сұрақ Кузьменконы жадыратқан сияқты. Ол Прося тәтеймен болған әңгімені қысқаша баяндап шықты. Майор Жүсіповтың:

– Бұдан не аңғардыңыз? – деген сұрағына:

– Үй арасындағы әйелдердің әңгімесіне ұқсады ма деймін, Әбен Жүсіпович. Әйтеуір мен ешнәрсені аңғара алмадым, – деп Кузьменко сырын бүкпеді. Майор Жүсіпов жалт қарап, қоңырқай жүзі сұрланып, екінші папиросты тұтатты да:

– Солай деңіз, – деп, орнынан тұрып, терезе алдына барды. Бар іске перде бөгет боп тұрғандай сыр еткізіп оны шапшаң түріп тастады. Өз шешіміне майордың тәнті еместігін аңғарған Кузьменко сазарып, не айтарын білмей, жалтақтай берді. Аздан соң Жүсіпов:

– Қалай ойлайсыз, әй-шәй жоқ, піл сүйегінен жасалған және алтын зерлі асыл затты ұсына салу оңай ма? Меніңше, арзан сый емес. Не үшін бергенін Кирилл Моисеевич те аңдамаған. Ашық ауыздығы үшін, әрине, жауап берер. Бұл бір. Екіншіден, қайткен күнде трубка мен портсигарды алып, көріп шығыңыз. Әрине, иесінің білмегені жөн.

– Партизан қызына күмәніңіз бар ма? – деді Кузьменко қатты таңданып. Өз күдігін аңғартқанда майор ләм деген. Қалыс сияқты көрінген. Егер Жүсіпов мұндай күтпеген қорытындыға келсе, онда Кузьменконың о бастағы болжамы дұрыс. Қыз – күдікті адам.

– Сіз бен біздің партизан қызына, жалпы, көрінген адамға негізсіз күдік алуға қақымыз жоқ. Біреуге нақак жабыссақ, ол үшін жауап береміз. Бірақ іс пайдасы үшін Ташкент асқан қыздың жомарттығын білу артық болмайды. – Майор стол үстіндегі суреттер мен Столетов жайындағы

мәліметтерді жинастырып, Кузьменконың алдына қойды да:

– Ендігі әрекетіміз айқын ғой деймін. Дегенмен, қимыл жоспарын жасағаныңыз жөн болар. Жанғабылов та танысып шықсын. Мақұл ма? – Майор есік алдына барып, кідіре бұрылды.

– Ә, айтқандай, ұмытып бара жатыр екем. Анау күні лагерьден қашқан біреу туралы сөз етіп едік қой. Оның кім екені жөнінде баяндаған арнаулы пакет келді. Танысып шық, – деп сөйлеген бойы шығып кетті.

Майор Жүсіповтың сөзін үнсіз мақұлдап, тік тұрып бас изеп, мақұлдап қалған Кузьменко оның алдында әрдайым өңі қашып, өз ойын дәл анық айта алмайтынына қатты күйініп, сары шашын тартқылай уыстап отыра кетті.

11. СӘТСІЗ САПАР

Алыпсатар Абдуллаходжаев Сейілбек Жанғабыловқа жалынып екі рет келген. Келген сайын Ташкенттегі кенже ұлының үйленетінін, оған енші алып баратынын, ал хабаршыға қара маскалы адам жібермегенін ант бере айтты.

– Е, бала, әлгі бетін қара шүберекпен таңған адамның келгеніне қатты қорқып отырмын. Осы күні достан дұшпан көп, мені аңдыған біреу болғаны. Анау күні өзіңе уәделі сөзбен жасырын кездеспек болғаным да осы. Әйтпесе, түскен кісісін тонайтын шоферлер аз ба? Бар дүниемді сыпырып, бір шұңқырға тастап кетсе, кімге барам, кімге шағынам? Ал өзің болсаң жүз таныс баласың. Бір қайырым жаса, – деп, Жанғабыловтан басқаға сенбейтінін білдіріп, отырып алған.

– Машина өзімдікі емес. Қазына көлігі. Күндіз жырақ шығу қиын. Гараж бастығымен келіскен күннің өзінде де ол құрғырдың құлқыны кең. Жолдама бермесе, бара алмаймын. Сіздің үш-төрт жүз сом бергеніңіз үшін ай сайын алып отыратын ақшамнан айрылар жайым жоқ. Өзіңіз білесіз, үй салуға әзірленіп жатырмын, – деп, Сейілбек үюлі

ағаштарды иегімен нұсқап көрсетті. Бұл ағаштар милиция басқармасының дуалын биіктеп көтеруге алынған. Түнде Жанғабылов Сейілбек оны әдейі түсірген-ді.

– Е, бала, теңгеден қысылма, әзер болса қара шалдың маңдай терімен тапқан тиыны кетер. Ана кенже ұлының игілігі үшін әммесін сарп етем.

Сейілбек ұзақ даудан соң келіскен боп, жүруге жолдама алу үшін, әрі гараж бастығын көндірмекке базаға кетті. Мұнда ол Абдуллаходжаевты ұстау жөніндегі Кузьменконың жасаған жоспарымен танысты. Екі вариант жасалған екен: бірі – Шу станциясына барған жерде тұтқындауды көздесе, екіншісі – Жамбыл станциясында операция жүргізілмек екен. Бұл екеуі де Сейілбектің көңіліне конбады. Өйткені Абдуллаходжаевтың оперативтік қызметкерлер әлі білмейтін сыбайластары бар. Олардың алыпсатарды күтіп, Шу станциясында да жүруі ықтимал. Көзбе-көз ұстаса, оны аңдығанын сездіреді және олардың бұл облыстан басқа жаққа кетуіне мүмкіндік туғызады. Сондықтан Жамбыл қаласынан өткеннен кейін ұстауды дұрыс көрді. Тағы бір жасаған ескертпесі – Ташкентке берілетін телеграммалардың кімдерге жолданатынына зер салу болды.

Сейілбек өз ұсынысын жасап қайтқанда, Абдуллаходжаев асыға күтіп отыр екен. Қасына алыпсатарлық кәсіппен күнелткен шалдар, тілеулес көршілері, өзінің бала-шағасы жиналған. Абдуллаходжаевтан басқасы бастарын түйістіріп, мейіз араласқан шырын палауды жарыса, бір-біріне алакөздене қарап, сылп-сылп соғып жатыр. Табақ түбі тақырланғанда барып еңсесін көтерісіп, майлы бармақтарын жаласты. Олар үй иесінің асығып, тықыршып отырғанын елер емес. Шайды күткендей есік жаққа жалтақ-жалтақ қарайды. Абдуллаходжаев өзіне тілеулес адамдардың пиғылын сезді ме:

– Жә, болсақ, жүру қамын жасайық, – деп белгі берді. Үлкен ала дастарқанды тартқылап, тізе астына басып жібермей отырған шалдар енді ғана кекірініп, ысырыла отырысты, бірінен бірі асып, жарыса сөйлеп, үй иесіне сәтті сапар тілесті.

– Сапар оң болсын, Хожеке!

– Балаңыздың қызығын көріңіз!

– Сау барып, аман қайтыңыз!

– Бізді сыйлағанды құдай сыйласын! – деп, ризалықпен бас шұлғысып жатыр.

– Рақмет сіздерге, дәмдестерім. Көп тілеуі көл деген, – деп, Абдуллаходжаев әрқайсысына бас изейді. Ол босаға жаққа келіп отырған Сейілбекке:

– Е, бала, ас жемесең, жүрелік! – деп, Жанғабылов та, машина да өз үлесіне тигендей, әрі осы отырғандардың кожасындай әмірлі үн қатты.

Үйде отырғандар жапырласа тысқа шықты. Қора ішінде тең-тең болып буылған жүктер мен екі-үш чемоданды әп-сәтте машинаға тиеді. Жүк тиеліп жатқан кезде қатпар бет, арық, қара кемпірмен оңаша барып сөйлесіп тұрған Абдуллаходжаев:

– Жүрелік енді, қош болыңдар! – деп, тізіліп, қол қусырып тұрғандарға тағы да бас изеп, кабинаға ентіге келіп отырды.

Сейілбек саудагерді шығарып салған адамдардың арасынан өткен жолы түнде көрген мыртық адамды кездестіре алмады. Шынымен, осы саудагердің сол маска жамылған адаммен байланысы жоқ па? – деген ой келді оған. Мүмкін емес сияқты. Ал Абдуллаходжаев күдікті адам дейін десе, ел көзінше қымсынбай кетіп бара жатқаны мынау...

Жолда келе жатқанда, түнде хабаршы болып келген маскалы адам жайында әңгіме қозғамақ еді. Абдуллаходжаев басын жағалы қара сеңсең ішігінің ішіне тығып, қалғып отырды. Бірде озып, бірде соң қалған жабық машинаға да зер салған жоқ. Онымен оперативтік топтың адамы келе жатқанын Сейілбек номерінен білген. Күдік туғызбау үшін қаладан жырақ жердегі қант заводының машинасын алыпты.

Паровоз гудогі естілгенде, Абдуллаходжаев басын көтеріп алып:

– Е, бала, кеп қаппыз ғой, – деді.

Сейілбек енді байқады. Қасындағы серігі ұйықтамаған тәрізді. Шала ұйқыны білдірерлік көз еттері қанталап,

қызармаған. Аздап жасаурағаны болмаса, тұнық. Абдуллаходжаев алдындағы айна арқылы өзіне көз қырын салып алаңдаған Сейілбектің отырысын байқап:

– Е, бала, қайсыбіреулер алланың берген ризығын қызғанады. Білсең, бұл күпірлік, үлкен күнә. Мына қасыңда отырған қара шал сол қала түбіндегі станцияны көрмеді дейсің бе? Бірақ бұл жердің тұрғыны мені біледі. Ақшасы, дүниесі мол деп қарайды. Ел аузына қақпақ боласың ба? Ондай сөзді жулик естімеді дейсің бе? Ал кәзір қалада «Қара мысық» деген бәле тағы шықты. Ол естісе, мені тіпті Ташкентке жеткізбес, – деді.

– Жұрт «Қара мысық» дегенді өтірік деп айтып жүр ғой, – деді Сейілбек өз сөзіне мән бермегендей.

– Е, бала, олай демегін. «Қара мысық» деген о бір кәдімгі мысық дейсің бе? Анаукүнгі өзіңе бетін жамылып, менің атымнан хабаршы болып келген адамдардағы! – деп сендіре сөйледі. Сейілбектің бір байқағаны: саудагердің кешеден бері басын ала қашып жүргені сол қара маскалы мыртық адам. Тегінде оны хабаршыға бекерге жібергені жөнінде ұрылар арасында өкінішті әңгіме болған сияқты...

Станцияға келгеннен кейін Абдуллаходжаев көп аялдаған жоқ. Жүгін шапшаң түсіріп алысымен, теріс қарап тұрып, сарықұлақ аралас 30 сомдық бума ақшаны ұсынды.

– Е, бала, көз алдымда санап ал. Қарамдығым болса көргін. Уәделі пұлым осы, – деді.

– Алыс адам емессіз ғой. Кем берсеңіз, базарлық әкелерсіз, – деді Сейілбек жолда санап алатынын білдіріп.

Саудагер Абдуллаходжаевтың Шу станциясындағы жылпос әрекетін Жанғабылов кейін білді. Қайдан, қалай алғаны белгісіз, оның қолында қалалық атқару комитетінің мөрі басылған қызыл бұрыштамалы қағазы болған. Онда: «Ташкентке оқитын баласымен кездесу үшін және поезға билетті тоқтаусыз алу үшін» деп көрсетілген.

– Кім арқылы қолға түсіруі мүмкін, – деп Кузьменконың өзі де қатты таңданған. Саудагер поезға отырған кезде де белгісіз біреу: «Жезденіз кетті. Бесінші вагоннан күтіп ал» деп телеграмма берген. Ал бұл станцияда 5-ші вагонға отырған жалғыз осы Абдуллаходжаев. Оперативтік қыз-

меткерлердің долбары бойынша, телеграмма партизан қызы саналған әйелге берілуі керек еді. Мұнда керісінше болып шықты.

Көптен бері еркін жолығыса алмай, енді ғана Сейілбекпен бас қосқан Кузьменко:

– Сені саудагердің соңына саламыз деп әбден мазаладық қой деймін. Оқасы жоқ, – деді. Ол бір сәт үнсіз отырыстан кейін: – Осы әлегіміз немен тынар екен, Сейілбек? Кездейсоқ күнәсіз адамды жолдан нақақ қалдырсақ, онда ешкім біздің маңдайымыздан сипамас, – деді. Кузьменко тағы да үнсіз қалып, бірталайдан соң сөзін жалғастырды:

– Бұрын ОУР бастығы болуды таңсық көретін едім. Ол бір жаққа шыкса, қасында бір топ адамдары еріп жүреді. Оның бұйрығын қасындағылар қас-қабағынан таниды. Өзімнің де талай серіктескенім бар. Сонда оған бастық ісі саяхат көрінген. Күні-түні қиялданып, дұрыс соқпақ таба алмай, миын тауысып жүргенін кім білген, – деді.

– Қаталескен жоқ сияқтымыз, – деген Сейілбектің өзіне ден қоймай, саудагер қашан ұсталғанға дейін Кузьменко дегбір таппаған. Абдуллаходжаев қала станциясынан кейінгі келесі разъезде түсірілді. Оған тағылған алғашқы айып «сізге қалалық атқару комитеті берген командировка қағазы дұрыс жазылмаған. Егер балаңыздың сонда оқытыны рас болса, келесі поезбен жібереміз» деу болды. Саудагер бұл сөзге сенді ме, әлде қарсыласудың қажетсіздігін сезді ме, ләм демеді. Ол бөлімшеге келгеннен кейінгі алғашқы қойылған сұраққа:

– Кенже ұлым бар еді, соған барам. Әкелік парызымды өтеу үшін бара жатырмын, – деп, жұртқа жайған ежелгі сөзін қайталады. Абдуллаходжаевтың теңге буылған жүктері багажға өткізілген болатын. Оны осы станцияда түсіруге нұсқау берілген. Ал өзімен алып бара жатқан үш үлкен чемоданның бірінде алтын жиекті табақтар, алтын ожаулар мен қасықтар, тағы сондай асыл үй бұйымдары салынған. Қалған екеуінде барқыт, жібек маталар, көбінің магазинде көрсетілген бағасы алынбаған. Осы ұрланған заттарды алдына жайғанда, ол таңырқаған пішінмен:

– Маған несін көрсетесіз? Ұрлап алды дейсіз бе?

Бақалшылап тапқан тиыныма жинаған пұлым. Мен онда қонаққа емес, тойға бара жатырмын, – деді. Оған бұл алып бара жатқан мүліктердің бәрі магазинде ұрланған заттардың ярлығымен дәл келетінін айтқанда, ол:

– Ұрлық деген бәлеңізді таңбаңыз маған. Магазин заты дей бересіз. Солай-ақ болсын. Немене, затты магазиннен сатып алмағанда менің мата тоқитын фабрикама бар дейсіз бе? – деп кекетінді үнмен көтеріле сөйледі. Егер дүкеннен кездеме алған күнә болса, онда, бар магазинді жаптыр. Жұрттың алуына тыйым сал. Жоламайық тіпті. Әйтпесе бұл не күдік! Сауда жасап тұрған жерімде ұстасаңыз бір сәрі. Ал, үй жиһазы үшін, балам үшін қанша мата алсам да ерікті емеспін бе? Бір магазинді көшіріп алсам да, не жұмысыңыз бар? Әлде семья жаман тұрсын деген заң бар ма? Айтыңызшы осыны маған! Момын, әрі өрісі тар өрік сатушы көрінген саудагердің орағыта шалуға тырысқан әрекетін байқаған Кузьменко қатты таңырқап, бір сәт үнсіз отырып қалған. Алдындағы қылмыстының қимылынан көз алмайды. Тегінде ол милиция есігін бірінші рет көрген емес тәрізді. Кузьменко Столетовтың маскамен және жа-лаңбас түскен суретін алып, саудагерге жақын келді де:

– Мынаған қараңыз! «Қара мысық» аталған серігіңіз емес пе, – деді. Бажырая қараған Абдуллаходжаев шегіне беріп:

– Ондай бәлеңнен аулақ, жаппа маған! – деп, екі қолын қоса сермеді.

– Саудагер ғана болмай, ұрлық жасаған кінәні де бір өзіңіз алғыңыз келе ме? Жалған айтқаныңыз тағы бар. Жаза тым ауырлап кетіп жүрмесін. Байқаңыз!

Абдуллаходжаев маңдайын тізесіне тіреп, бүк түскен бойы үндемеді. Дәл кәзір ешбір сұраққа жауап бермейтінін сездіргендей. Оны алып кетті. Осы кезде телефон ұзақ шылдырлады. Кузьменко трубканы көтеріп еді, таныс қыздың дауысын естіді. Кәзір ғана біреу Шыршыққа телеграмма берсе керек, «Саппар сәтсіз болды, жезден қазына үйінде...» депті. Кузьменко телеграмма берген адамның аты-жөнін, адресін сұрағанда, өз құлағына өзі сенбеді.

– Калмыков дейсіз бе? – деп қайталап сұрады. Қалай, бүкір арбакеш тіріліп келген бе бұл дүниеге!

Телеграфистка қыз Кузьменконың таңданғанын байқамаған болу керек. Телеграмманы жіберу, я жібермеу жөнінде сұрап жатты.

– Телеграмманы ұстауға қақымыз жоқ. Әрине, жіберу керек, – деді Кузьменко өз ойынан арыла алмай. Алыпсатар Абдуллаходжаевтың сыбайластары өлген адамның есімін пайдаланудан да қашпаған. Осы сәтте тағы да телефон соғылды. Столетовтың телеграфқа барғаны, кәзір вокзалға қарай бет алғаны хабарланды.

– Енді түсінікті! – деді Кузьменко креслоға жайласа отырып. Я, алыпсатар үшін бұл сәтсіз сапар болды.

12. ӨШІРІЛГЕН ӘРІПТЕРДІҢ СЫРЫ

Кузьменко Маринецке тартқан қыз сыйлығын мұқият қараған. Имек трубкада ешқандай сызық белгі жоқ. Жаңа. Ал зерлі қақпақ ортасына бұршақтай таза гауһар қондырған алтын портсигар аздап ұсталған. Тиегі қажалыпты. Петр Петровичтің назарын аударған қақпақтың ішкі оң жақ бұрышына сыздықтап жағылған қола болды. Жай қарағанда алтындай жарқырап көз тұндырады. Бірақ үлкейткіш әйнекпен қараған кезде бұршіктене тозанданып, ақшыл тартады. Сары алтыннан түсі бөлек. Қоланы қышқылмен сұрткенде, қырып кетірген әріптердің орны көрінді. Қандай сөз жазылғанын аңғару қиын. Тырналап өшірілген. Тек гауһарға таяу «Т», «С» әрпі ғана көмескі көрінеді. Тегі зерді үзіп алуға қорықса керек. Қола жағылған жерге үңіле қараған Кузьменко:

«Бұл портсигар кімдікі? Мұнда не жазылған»? – деген ойға кетті. Екі әріп те үлкейтіліп жазылған. Шамасы, өз аты мен әке атының бас әрпі тәрізді. Бұл жау тылындағы партизанның аты-жөніне дәл келеді. Онда қыз өз әкесінің фамилиясын өшіріп, неге әуреленген? «Папамның жақсы көретін заттары еді. Алыс жерде сіз де әке болдыңыз. Осы сыйымды қабыл ал» десе болмай ма? Әлде өркөкірек қыз

арналған мүлікті екінші біреуге сыйға тартуды ар көрді ме?..

Мүмкін, бұл асыл заттардың иесі полковник Сергиенко шығар. Бірақ оның аты «Т» әрпінен басталмайды. Мейлі, бұл заттар Сергиенконікі-ақ болсын. Сонда ол партизан қызының қолына қалай түскен?

Қыздың осы қалада көрінген күннен бастап не істегені, қайда болғаны Петр Петровичтің көз алдында. Базарда көрінген күннің ертеңінде қыз бір балалы әйелдің үйіне тұрақтаған. Үй иесінің сөзіне қарағанда, қыз ымырт жабылған кезде келсе керек. «Қара мысық» деген пәле бар көрінеді. Танысым жоқ бұл маңда, қондырыңыз» деп сұрапты. Әйел қарсылық көрсетпеген. Ертеңіне қыз: «Осы маған күдікпен қарайтын сияқты. Өз формамда жүрейінші» деп, юбка, гимнастерка киген. Бір күні «жерлесімді таптым» деп қуанған. Қыздың жерлесім деп жүргені Кирилл Моисеевич. Ташкентке кеткенге дейін көбіне осы үйде болғаны рас. Столетовпен, я сондай мыртық адаммен кездесуі байқалмаған. Рас, ол киім тігетін мастерскойға, кейде көкбазарға барып жүрді. Осы Абдуллаходжаевпен де сөйлескені бар. Бірақ Кирилл Моисеевичтің әйелі қасынан қалмайтын. Қыз сөйлегенде бас шұлғып күліп тұрады.

Шыршықтан алынған соңғы мәліметтер де қыздың күнәсіз жан екенін аңғартады. Келгеннен кейін үш күннен соң Батюк деген біреуге күйеуге шыққан. Қыздың өзі айтқандай, училищенің офицері емес, «Шыршық-строй» құрылысына қарайтын бір қойманың меңгерушісі көрінеді. Екі баласы мен әйелін тастап, осыған үйленсе керек. Кәзір қыз қаралы көрінеді. Үшінші күні Батюк қайтыс болған. Қойма ішінен сүйегі табылыпты. Тексергенде, спирт аралас тұз қышқылы ішкені анықталған. Кім бергені белгісіз. Жентек-жентек құсқан қанға басын тыға тұншығыпты. Өзі байқаусызда ішті ме деген жорамал бар көрінеді. Өйткені қойма есігі іштен кілттелінген. Қыздың өз күйеуінің қызметін жасырып, офицер деп жазғаны үшін, әрине, айыптауға болмайды. Ол жерлесіне, Кирилл Моисеевичке қатынын тастаған адамға тұрмысқа шықтым деп қалай айта алады. Қат-қабат сиқырлы сырын жарқ

еткізіп көрсетпей, сыздықтап шығарып, әрдайым жақсы көрінуге тырысар әйел әдеті ғой. Мүмкін намыстанған шығар. Мейлі, көп ішіндегі күнәсіз-ақ әйел болсын, – деп ойлады Кузьменко, – тіпті Сергиенконың трубкасы мен портсигары болмай-ақ қойсын. Бірақ бұл заттар осындай фамилиясы көрсетілген адамдікі-ақ болсын. Сонда ол кім? Өзінің ескерткіш қымбат затынан қалай айрылған? Осындай ой үстінде отырған кезде есікті жай ашып Сейілбек кірді. Тосын дыбыстан ойы шарт бөлінген Кузьменко бажырая қарап, екі қолын жайып таңырқап қалды.

– Сейілбекпісің? – деп ұшып тұрды да, қолын алып, бас-аяғына қарады. – Өзгеріп кеткенсің! – Кузьменконың Сейілбекті милиция формасымен көргені осы еді. Қара хром ботинкаға түсіре жасыл жиекті мәуіті шалбар, қызылмен әліптеген көк китель киген. Зерлі погоны да жалтырап тұр. Әрдайым мақталы сырма шалбар, керзі етік, телогрейкамен жүргеніне көз үйренгендіктен бе, жалпақ, зор денесі таралып, тым ұзарып кеткен. Кителінің тік жағасы да жазық маңдайлы үлкен басын әлсіз желідегі асқабақтай көрсетіп тұр.

– Таңырқап қарай бересіз, милиционерге ұқсамаймын ба осы? – деп күлді Сейілбек.

– Жоқ, мұндай форма қатты жарасады екен саған. Сенбесең, айнаға карашы!

– Өзімді өзім ұялтып қайтейін, – деп, Сейілбек тартқыншақтай креслоға отырды. – Бұрын осындай киімді ыңғайсыз көріп жүруші едім. Байқасам, милиционер болу жаман емес сияқты. Көк киімді ұялмай-ақ киюге болады екен.

– Әрине, – деді өз серігінің кәзіргі сәттегі көңіл күйін байқаған Кузьменко құптай түсіп. Қылмыстылардың соңына түскен дәлелсіз де дәнекерсіз қиын шақта жадау көңілге ақыл қосып, алдағыны дәл болжап, өз ісінің дұрыстығына шүбә келтірмеген жалғыз осы Сейілбек болды. Әйтпесе, Шыршыққа кеткен қыздың вокзалдағы шатақ оқиғасынан соң, Петр Петрович Абдуллаходжаевтан да бас тартқан-ды. Тек Сейілбектің көп дәлелдеуімен

оның соңына түскен еді. Енді міне саудагер ұрланған мүліктің бірсыпырасымен қолға түсіп отыр. Шынына келгенде оны ұстаған да осы Сейілбек. Барлық операция оның ұсынысымен жүргізілді. «Қобызшы шал» жайында да маңызды мәлімет жинаған сол. Әйтеуір ол бәріне де үлгеріп жүреді. Тапсырылған істі қиналмай жеңіл атқарады. Егер Сейілбектің көмегі болмаса Кузьменко осы орнымен қоштасар ма еді, қайтер еді. Өткен күндерді көз алдынан өткізген Кузьменко Сейілбектің мойнынан құшақтай қатты қысып:

– Сейілбек, егер сен болмасаң, бір кезде өзім қалап келген осы жұмыстың мені жатырқар түрі бар еді-ау. Рақмет саған – деді осы сәткі көңіл күйін жасыра алмай.

– Біреудің нәрсесі екіншіге түйедей көрінеді дегенге ұқсас мақал бар, – деді Сейілбек күліп. – Осындай іске қызықтырып, формамен келуге себепкер болған өзің бе десем, қайдағыны айтқаның не, түсінбеймін, – деп, ол қисынсыз басталған сөзді бұрғысы келді ме, стол үстінде жатқан алтын портсигарды қарап:

– Кімнің дүниесі? Жақсы зат екен, – деді. Кузьменко Сейілбектің өзі туралы айтылған сөзді ыңғайсыз санағанын байқады. Күле қарап отырды да, басын шайқап, имек трубка мен портсигар жайын, оның Кирилл Моисеевичке қалай тап болғанын әңгімелеп шықты. Бұл жөніндегі өз ойын да жасырмады.

– Егер Сергиенкоға қатысы бар дейін десем, көмескі қалған екі әріп оның аты-жөніне дәл келмейді. Сусяковқа тиесі болса, онда қызы неге өшіреді деген күмәнім тағы бар. Сөйтіп ақылдан таусылып отырғаным, – деді.

Сейілбек портсигардың қола жалатқан жеріне үңіліп отырды да:

– Циркуль мен жол өлшейтін сызғышыңыз бар ма? Барлау мектебінің неге үйреткенін сынап көрелік, – деді. Ол сызғыш пен циркульді алып:

– Сергиенко мен Сусяковтың қанша әріппен жазылатынын есептей беріңіз, – деп, «Т» әрпі мен «С» әрпін, оның аралығын, сонсоң ұзыннан-ұзақ тартылған қылдай жіңішке сызғықты өлшеп шықты.

Екі фамилияны жазып, әріптерін санап шыққан Кузьменко:

– Сергиенко – 9, Сусялков 8 әріппен жазылады, – деді.

Ұзыннан-ұзақ тартылған сызықты «С», сонан «Т» әрпінің мөлшерімен белгілеп шыққан Сейілбек:

– Портсигар Сергиенконікі. Ескерткіш ретінде оған фамилиясы жазылып берілген, – деді.

– Қалай білдің? – деп, Кузьменко портсигарға үніле қарады. – Ондай фамилияны көрмей тұрмын.

– Мұндай жәй ғана есеп, Петр Петрович, – деді Сейілбек, – «Т» әрпінің астынан дәл басталған мына жіңішке сызықты көрдіңіз бе? Ол мына ноқаттан барып бітеді. Егер нүктеге дейін «С» тің көлеміндей 9 әріп қойсам, дәл келеді. Ал сегіз әріпті орналастырсам, сызық артылып қалады. Таңданып қалған Кузьменко:

– Сергиенконың аты Тимофей емес қой. Ал мұнда «Т» әрпімен басталған, – деп еді.

– Бұл дұрыс, – деді Сейілбек басын изеп. – Бірақ «Т» мен «С» арасында екі әріп сыярылық орын бар. Ал адамның өз аты мен әкесінің аты үш әріптен құралмайды. Үш әріптен тұрар түсінікті қандай сөз бар. Мәселен, «ты» делік. Сонда «тов. Сергиенко», былайша айтқанда, «жолдас Сергиенкоға» деп жазылған.

– Рақмет, достым, – деп, Кузьменко Сейілбекті сүйіп алды. Ал мен кеше күні бойы басымды қатырып отырғаным мынау. Миыма келсеші бір. – Ол Сейілбекке қарсы отырды да, оның бас-аяғына тағы бір қарап:

– Мектеп деген осы, ә! Қадірін енді түсіндім, – деді. – Бұрынғы шофер екенім өзіңе мәлім. Ал жүргізушілер деген қызық халық қой. Өз бастықтарының ынжықтығы, қайсыбір жолаушылар жөнінде айтар әңгімесі таусылмайды. Жиналып қалғанда айтар ду-ду әңгімесі осы. Ал машинаға отырған кезде түк көрмегендей бола қалады. Көшеде кездескенде, иек көтере көз қысысып, «көрдін бе, байқап қал, кешегі мен айтқан бейшара бастық осы» дегендей өте шығады. Бір гараждағы шоферлардың ішіндегі кенжесі, баяғы мен қабырға газетін шығарып, түрлі ойынсауық ұйымдастырып, бос уақытты көпшілік ортасында

өткізетінмін. Сөйлеуге де үйрендім. Тіпті аудандық конференцияда комитет секретарын біздің комсомол ұйымына басшылығы нашар деп ұзақ сөйлегенім де бар. Сондағы ұйым дегенім өзіммен небәрі үш-ақ адам. Ал екіншісі декретті демалыс алған диспетчер әйел. Кейін өзімнен өзім ұялып жүрдім. Не үшін аудандық комитеттегілерді сынағанымды өзім де білмеймін. «Сын дұрыс» деп жалпы қорытынды жасайтын әдет бар ғой. Әйтеуір ешкім үндемеді.

Жиналыс сайын тақылдап сөйлеуім себеп болды ма, кейін милицияға адам керек болған кезде мені ұсынды. Жолдама берді. Бас тартып едім. Аудандық комитеттегілер «қолыңнан келеді» деп қолқалап қоймады. Ал өзіміздің гараждағы шоферлар «Петя, неге қорқасың! Милицияға да сен сияқты айқайшы керек» деп, ащы әзілмен шығарып салды. Байқасам, сол әріптестерімнің айтқаны дұрыс па деймін. Сөзге, өзімді өзім мақтауға келгенде бір адамды жығып берем. Ал жұмыста ше? Өзің көріп отырсың, жұмбақ әріптердің сырын білмей отырғаным мынау, – деп Кузьменко аса күйзеле сөйледі.

– Я, маған мектеп партасынан өту керек. Рас, өздігімше оқығандай болам. Бірақ үйдегі оқу кейде қатынынның көңіл күйіне қарайды екен. Кітап бетін аша қалсақ, қабақ түйіп долданып жүреді де, тіпті болмаған соң қасыңа келіп: «Сонша қадала қапсың. Немене, көп оқысаң министр қоя ма сені. Оданда адам құсап бірдеңе айтсаңшы!» деп, ойыңды еріксіз бөледі. Айтқанына амалсыз көнесің. Егер әйеліңмен жанжал шығарғаныңды ұйым естісе, «бір әйеліңе сөзің өтпеген қандай милиционерсің! Үйінде әдеп орната алмасаң, көшеде қалай тәртіп орнатпақсың!» деп бұ жақтан қамшылайды. Кейде бар ісің зая кетеді. Міне, бауырым, үйленгеннің күйі осындай. Білсең, маған қалай да оқу керек. Менде тәжірибемен бірге білім де жетіспей жатқан сияқты, – деді.

Кузьменконың сөзін бас шайқап, күле отырып тыңдаған Сейілбек:

– Сырыңызды бүкпей айтқаныңызға көп рақмет, Петр Петрович. Әңгіме сіздің тәжірибесіздігіңізден туып отыр-

ған жоқ. Ой айқын болу үшін мынадай мысал айтайын. Майданда барлаушы болғаным өзіңізге белгілі. Сонда бір жерден екінші участка келгенде ешнәрсені ұқпай, меніреу бола қалатынымын. Штаб бір мәлімет сұраса, тіпті, өзімнің біліп тұрғанымды ұмытатынымын. Неге дейсіз ғой? Өйткені бұл аймақпен таныстығым жоқ. Ал жаудың қайда, қалай орналасқанын, жиналған күшін, мина алаңын, зеңбіректер мен танкісінің қайсы жерде екенін білгеннен кейін жау тылын еркін аралайтынмын. Байқауымша, сіздің жағдайыңыз да сол сияқты. Оның үстіне келе сала мынадай шытырман оқиғаларға кездестіңіз. Ал мен ше? Осы жердің байырғы тұрғыны. Кәзір бұл қала аталғанымен, кешегі село. Әрбір адамын танимын. Көбінің кәсібі де белгілі. Шеттен келгендер бұл жердің әдетіне сенбеген тұрпатымен бірден көзге түседі. Әйтпесе, сол партизан қызы саналған әйелді бір әулиелікпен білді дейсіз бе? Жарты жылдан кейін сіз де ешкімнен жөн сұрамайтын боласыз, – деді.

– Мүмкін, – деді Кузьменко.

– Дәл солай, – деді Сейілбек өз сөзін құптап. – Ал үйдегі әйел қылығы маған көмескі. Бойдақпын ғой, ал үйленгендер әйелдерді сырын ұқпас қызық жан деседі. Кім білсін. Уақтысында көрерміз, – деп күмілжіп қалды. Сейілбектің соңғы сөзіне босап, сылқылдап күлген Кузьменко қадірлі досын құшақтап:

– Сырын ұға білген сайын, әйел деген қызықтыра беретін жандар болады, – деді. – Қой, қайдағы әңгімені айтып кетіппіз ғой, әйелсіз де милицияға жұмыс жетерлік. Я, айтқандай, мына заттарды Просяға апарып берейін, сен күте тұр, – деп, орнынан тұрды.

– Неге қайтарасыз? – деді Сейілбек таңданып. – Мари-нецтікі емес, Сергиенконыкі ғой бұл.

– Солай-ақ болсын. Бірақ біз қыздың қайдан алғанын анықтағанымыз жоқ. Екіншіден, үй иесінің рұқсатынсыз ұрлап алуға болмайды.

Аздан соң өшірілген әріп жайында әңгімелескен екі дос тысқа шықты.

13. «ҚЫЛИ БАРОН»

Столетов шошқа сарай астындағы погребтің қақпағын тақылдатып, ақырын дыбыстады.

– Б-а-а-р-о-нн! Б-а-а-р-о-нн! Жауап жоқ. Столетов құлақ түріп бір сәт тұрды да, қақпақты тағы қақты. Шыдамсыздана соқты. Неге ашпайды ол? «Баронға» әкелген қуанышты жаңалығы бар оның. Мұндай хабары үшін «Қыли борон» чемодан толған гауһар мен алтын сағаттың бірін берер. Ақша қосса да артық емес. Өйткені Столетов «Қыли баронды» құрылған тордан құтқарып алып отыр... Енді ол анау-мынау пұлға көне қоятын шылғи арзан адам емес...

Осы бір сәт осындай ой билеген Столетов погреб қақпағын аяғымен тепкілеп, «Баро-о-н!» деп көтеріңкі үнмен тағы да белгі берді. Дауысы қатты шықты ма:

– Жап аузыңды, иттің баласы! – деген ызалы үнмен бірге тас қақпақ серпіле ашылды. Үңгірден созылған жүнді жуан қол қуыршақтай Столетовтың кеңірдегінен бүріп ұстап, погребтің тас еденіне бір-ақ соқты. Столетов шыдай алмай бақырып жіберді. Погребтің қақпағын жалма-жан жапқан «Қыли барон» миығына түскен Столетовтың өз құлақшынымен аузын басып:

– Неге айқайлайсың, шошқа! – деп мойнын езгілеп, басын цемент дуалға соғып-соғып алды.

Сол сәт өзіне не болғанын сезбеген Столетов аздан соң есін жиып, басын көтерді. Аузы ашылып, көзі шарасынан шығып кеткен. Алдында тұрған жібек орамал мен алтын тісін сүртіп, ықыласты кезінде буда-буда ақша тастайтын «Қыли барон» емес. Жер астының жалмауызындай, үсті-басын сояудай қылшық қара жүн басқан біреу. Шырақтың қызыл күрең сәулесімен салбыраған қылшық жүндер сусып жылтылдайды. Қозғалса, желпілдеп тікірейеді. «Бұл Қыли барон ба?», жоқ, ұқсамайды оған. Қайдан келген бәле! Оның үстінде мұндай қыл жоқ еді ғой! Жоқ, «баронның» өзі. Міне саусақтары жыбырлап тұр. Бұлтиған сүйекті кеңірдегі, шошақ иегі, көтеріңкі жағы, шаш басқан әжімді

аласа маңдайы – бәрі айнымайды. Қызарып қанталаған көзі де ұқсаған.

– Сілімтік күшіктей неге телміре калдың? Танымай тұрсың ба? – деді «Қыли барон» тесік күбінің үстіне отырып. Өз әміршісін таныған Столетов енді ғана тынысы кеңіп, тас шамдалға қисая кетті. Бет-аузы жыбырлап, өзінің маңызды хабармен келгенін аңғартады. Келіссіз сый тартпаса, бекер айтпайтынын да сездіреді. «Қыли барон» алдындағы адамның қимылынан, бет-әлпетінен не ойлап, нені тілейтінін білмейтін ақымақ емес-тін. Ол өзін жүздескен адамның ішкі ойын, тіпті кәсібін тез аңғаратын психолог санайтын. Сондықтан ол серік табудан жаңылысқан емес.

«Қобызшы шал» кейпіне еніп, осы қалаға жеткенде алғаш көз тіккені осы мыртық адам болатын. Және қателескен де жоқ. Бір жолы жүріп бара жатқан поездың вагон терезесінен лақтырылған чемоданды іліп алып, жұрт көзін алдау үшін әп-сәтте сол поездың артқы вагонына жармасып, аз жүрген соң түсіп қалғанын байқаған. Сонда Столетов көз ілеспейтін шапшандықпен өзінен үлкен чемоданды көтеріп, жүк таситын вагондардың астынан өтіп, лезде жоқ болған.

«Қыли барон» уақ мүлікті ұрлауды кәсіп етіп көрмегенмен, өзін қара күштің иесі санайтын. Лагерде, шахта астында жұмыс істеп жүргенде он адамның жабылып көтере алмаған шойын блогін бір өзі сырғытып, тіреу етіп қоятын.

Өзін епті әрі қарулы санаған «Қыли барон» ынжық, әлсіз көрінген мыртық адамның үлкен чемоданды ұрлағанын көргенде тәнті болып қалған. Өз бойына қарағанда зор күштің иесіндей көрінген. Ертеңіне өкшелеп соңына түсе аңдып, кездескенде ризалық білдірді. Ол Столетовтың қатты үрейленген түрін көріп:

– Қорықпа, ұстап бермеймін. Ұрланған дүниеден бөліс те сұрамаймын. Тек қондырып жүрсең болғаны. Көрдін бе, көшеде қар жатыр. Мүсәпір шалды аяй білсең болды. Қарыздар болмаймын. Түсіндің бе? Жаңа пәтершіні жіберген күні Столетов алабөтен күйгелек, күйініш халге

түсіп, тыным таппаған. Сол күні баласы мен қызын да бір жаққа жіберді. Ұзын сапты айбалтасын қайта-қайта шарыққа ұстап, кемпірімен ымдап сөйлеседі. Қанды іске бел байлап, бірақ әлдекімнен жасқанатынын аңғартқан. Осының бәрін сырттан бақылаған «Қобызшы шал» атанған «Қыли барон» маған бір келерсің деп, шошқа сарайы ішінен сығалай қарап, күліп отырды. Шынында да солай болды. Столетов мысықша басып, жан-жағына құлақ түре сарайға келді. Жотасын беріп, қобызын жөндеген боп отырған «Қыли барон»:

– Көрші, қайыршылықтан құтылып, бай болғың келе ме? – деді. «Қайыршы, мүсәпір шал» деуге, сырын білмеген адамның шымбайына тие ме деген оймен сыпайы сұрады. Қорқақ, пасық мінезді пәс адамның ынжықтығына селкілдеп қатты күлген «Қыли барон»:

– Ха-ха-ха, қорқарың бар – қатерлі іске неге ұмтыласың! – деді. Үрейі кетіп құп-ку болған Столетов айбалтаны оқтап, ұмтыла бергенде:

– Өз басыңа тиетіні бар – елге несіне сілтейсің? – деп «Қыли барон» балтаның өткір жүзінен ұстап, лақтырып жіберген. Жамбастап жатқан адамның мұндай жойқын күшіне танданды ма, балтасынан айрылған Столетов бұрышта сілейіп тұрып қалды. «Дикарь» өзінің бет маскасын сыпырғанда, ол семіз мегежіннің артына барып тығылды. Тыпырлап, тұмсығымен қарсылық көрсеткен есуас хайуанның бауырына қалқаланып кіріп кеткен. «Дикарь» судан шыққан күшіктей Столетовтың желкесінен жұмырлай ұстап, тік көтерді де:

– Алыстан чемодан іздеп тыраңдағанша, үйдегіні жайластырайын деген ниетің дұрыс. Мен қолдаймын. Өзім де жас қанды аңсап жүр едім. – Бір сәт ойланып:

– Бұлардың мұнда қоныстанғанын ешкім білмей ме? – деп сұрады. Енді ғана есін жиған Столетов ентелей түсіп, иек астынан сыбырлай бастады.

– Білетін жалғыз бүкір арбакеш. Оның аузы тығындаулы. Егер бір нәрсенің ұштығы шыға қалса, әлдеқашан көшіп кеткен демеймін бе? Осы күні көшкен жұрт аз ба?

– Жақсы, мен көмектесем. Бірақ терезені іштен тиек-

теме. Және менің рұқсатымсыз буулы жүктерді ашушы болма. Түсіндің бе!?

– О не дегенің. Ана екеуінің көзін жояйықшы, – деп, Столетов қипақтап асты-үстіне түсті...

Жыл бойы сол жағымпаз мінезінен айнымай келе жатқан ол кәзір пәлсініп отыр. «Қыли баронның» торға түскен мүшкіл халін ол да пайдаланғысы келеді.

«Қыли борон», әрине, оның мойнын үзіп алуға да бар. Бірақ оған жарық дүниеде не боп жатқанын, милиция орнының әрекетін білдіретін хабаршы керек. Дәл кәзір Столетовтың қандай жаңалықпен келгенін де сезіп отыр. «Галина Ташкенттен шықты» деп айтпақшы. Шынына келгенде, оның мұнда келуі «Қыли барон» үшін бәрібір. Енді оған партизан қызы аталған Галина да, Столетов та серік бола алмайды. Олардың козерлері әлдеқашан соғылған. Ал шыршықтағы әйелді «Қыли баронның» шақыру мақсаты, егер ол мұнда келсе, милиция орны қыздың соңынан түсіп, біраз әлек болады. Әрине, бұл екі-үш күн уақыт алады. Бұл уақыттың ішінде «Қыли барон» жер астындағы Талас өзенінің ескі арнасына баратын үңгірді қазып бітіреді. Сай іші қалың тоғай. Егер туннель арқылы сол сайға бір жетсе, қанша жерден андыса да, «Қыли барон» ұстатпақ емес. Кетер алдында Столетов пен қыздың көзін жою туралы жоспары тағы бар. Өйткені куә аз болса, тартар жаза да жеңілдейді. Шыршықтағы қызды шақырудағы «Қыли баронның» түпкі ойы осы.

«Қыли барон» өзінің осы мақсатын сездіргісі келмей, ілулі тұрған пенжагінің қалтасынан бума ақшаны Столетовтың алдына тастай салды.

– Кәне, не жаңалығың бар? Айт шапшаң! – деді. Столетов Галина Суслякованың Шыршықтан кеше шыққанын айтқанда, «Қыли борон»:

– Солай десеңші! Жер астындағы тынысымды бір кеңіттің ғой! – деп, оның екі иығынан қатты сілкіп, қуанған шырай білдірді. Шамдал үстіндегі құтыдан алтын белдеу сигар алып, біреуін Столетовқа ұсынды да, екіншісін өзі тұтатты.

– Бүгін кешке жетуге тиіс қой. Солай ма?

– Я, – деп Столетов бас изеді.

– Менен көп сәлем айт... Сонан соң бұл маңға аяғын басушы болмасын. Бақылауда дегін. Бұл бір. Екінші, қалайда түрмедегі саудагердің көзін жойсын. Амалын өзі тапсын. Түсіндің бе? Столетов құптап бас шұлғыды. Погребтің қақпағын ашып, сыртқа көтере бергенде, түптен үңірейген үңгірді көзі шалды. Бұрылып қарамақ еді. «Қыли барон» допша лақтырып, погребтің есігін жауып алды. Тұла бойы түршігіп, тұрып қалған Столетов кемпірдің дауыстап шақырғанына қарамастан басын төмен салып, вокзалға қарай беттеді. Кеше ғана көз алдынан елестеп кетпеген шұбар ала тегін мол байлық, енді шұбар жыландай сусып бара жатқан сияқты. Қайда дүнием? Жібермеймін, бермеймін, деп дауыстап еді. Дәл көше ортасында жол көрсетіп, ысқырық шалып тұрған милиционерді көріп, жаман тамның тасасына кілт бұрылды.

14. ШҰҒЫЛ ШЕШІМ

Үшінші тәулікке кетті. Алыпсатар Абдуллаходжаев алғаш айтқан сөзінен таңбаған. «Кездемені магазиннен алғаным рас. Ол үшін айыптасаңдар, мен көндім...» деп отырып алды. «Столетовты өңім түгіл, түсімде де көргенім жоқ, игі мұратыма бойы мыртық албастыны көлденең салар жайым жоқ» – деп қарғанып, антын берді. Және өзі растаған сөзден басқаға қол қоймай жалтарды. Тергеу ісімен танысып шыққан майор Жүсіпов алғашқы адымның ұзын сонарға салынып, сәтсіз басталғанына қиналып отырған Кузьменкоға:

– Меніңше, тергеушіміз алдындағы қылмыстының кім екенін шын аңғармаған? Сұрақ бір сарынды қойылған. Білсеңіз, бұл алаңғасар алыпсатар емес. Егер шындықты айтса, немесе, сіз айтқандай, «Қыли баронмен» сыбайластығын айтса, саудагерлікпен бірге тонаушы да боп шықпақ. Қылмысқа қылмыс қосылатынын біліп отыр ол. Әйтпесе «Қыли боронды» білмеуі мүмкін емес оның. Ал

Столетовты көрмеуі ықтимал. Өзіңізге мәлім, бар мәлімет оның түрмеден қашқан кешегі «Дикарь» екенін аңғартады. Ал фашистердің келуін жақтап, алдын тоса банда тобын құрған Альферт – онша ақымақ емес. Ол Абдуллаходжаевқа бір адамды, Сейілбекке екінші адамды хабаршы етуі мүмкін. Өйткені саудагер ұстала қалған күнде Столетовты сақтап қалуы тиіс. Бұл – оның қолданып отырған амалы, – деді. Ол алдында жатқан істі столдың шетіне қойды да:

– Абдуллаходжаевты маған әкелуге бұйрық беріңіз. Ал сіз бүгінгі операцияның жоспарын жасаңыз. Енді кешігуге болмас. Столетовтың үйіне қосымша бақылау қойдырыңыз, – деді. Кузьменко соңғы сөздің мәнісін сұрамақ еді. Өйткені Столетовтың үйін бақылап жүрген адамдар бар. Қосымша адамның керегі не? Майор Жүсіповтың «кете беруіңізге болады» деген шырайын көріп күмілжіп тұрды да, шығып кетті.

Аздан соң Абдуллаходжаевты алып келді. Есіктен кіре:

– Ассалаумәләйкүм, – деп дауыстады. «Дикарьдың» пакетпен келген ісін ақтарып, оның әр кезде әрқилы түскен суретіне қарап отырған майор Жүсіпов басын көтерген жоқ. Осы сәт өз ойын қағазға түсіріп алғысы келгендей, алдындағы ақ қағазға белгілер қояды. Істі бір ақтарып шығып, оқыс бас көтеріп:

– Отырыңыз! – деп, столдан шеткері тұрған орындықты нұсқады. Манадан бері дегбірі қашып, берекесі кеткен Абдуллаходжаев өз тағдыры шешілгендей қалтырап, жалтақтап келіп отырды. Осы жердің кәрі тұрғыны есебінде майор Жүсіповты сырттан білетін. Ол туралы дәмдес саудагерлердің арасында: «Қолына түспе. Пәреге көнбейтін оңбаған адам» деген сөз бар. Алыпсатарлар Жүсіповты көргенде көше айналып, бұғатын. Абдуллаходжаев ондай үлкен бастық өзіне шақыртып, жауап алады деп ойламаған. Жас тергеуші сұрақ қойып, айып таққанда, «Е, бала, мені ұстап айдатқанда мұратыңа жетесің бе? Өсер жолыңа кедергі болсам, кәзір-ақ құрбан болайын, әйтпесе, ақтап, құтқар мені. Қарыз болмаймын. Босатсаң, жүз мыңды қолыңа санап берем», – деп оның өзін үгіттеген. Ол бәрін сатуға, әрі алуға болады деп есептейтін. Адамды

да ақшаға бағалайтын. Тиынын берсең, ол да сатылады деп танитын. Енді істің насырға шапқанын байқап отыр. Бірақ берілмек емес. Етекпен желпігенге жалп етіп құлай кетер жапалақ та емес! Қорқақ, жәй өрік сатушы демесін. Шайқасып қалады. Тек «Қыли барон» уәдеден тайып, куә салып жүрмесе болғаны. Ал, мол кездемемен қолға түскен онша қауіпті емес. Қыстағанда бір-екі жыл берер. Немесе айып салар. Әйтпесе бума-бума кездеме шықты деп ешкім кінәлай алмайды. Магазинге бар да, керегіңше ал. Кімнің жұмысы бар?.. Сауда жасап тұрған жерінде ұстаса бір сәрі... Осындай ой үстінде еңсесін көтерген Абдуллаходжаев майор Жүсіповке «білместіктен туған іс шығар бұл» дегендей жүзбен қарады.

Осы кезде Кузьменконы іздеп, байқаусызда бас сұғып қалған Сейілбек майордың шақыруын естіп, амалсыз кірді. Әбен Жүсіпович өз шәкіртіне жарасты қонған офицер формасына және оның мүсінді тұлғасына сүйсініп, қарыс қабағы көтеріле күлімдеп, үнсіз бас ізеп, қасына шақырды.

Келген адамға бұрылып, енді ғана зер салған Абдуллаходжаев:

– Е, бала, бұ-бұ сен бе, е, алла?! – деп, көзі шарасынан шығып, «білмеймін, әрі жүр» дегендей, екі қолын ербеңдетіп, орнынан көтеріле шегіншектеді. Құлаған столға сүрініп, шалқасынан түсті. Сейілбек көз қырын бір тастап, одан кейінгі саудагердің қимылына назар аударған жоқ. Өзінің Кузьменконы іздеп жүрген себебін білдіргісі келгендей торкөз дәптердің екі бетіне көк сиямен анық жазылған қағазды алдына қойды. Өтініш Столетовтың қызы Мариядан екен. Алғашқы жолында майданда жүрген жауынгердің әйелі екені, ұлымен екеуі оны сағынып күтетінін, ол келгеннен кейін бақытты болатынын баяндаған. Күйеуі алдында адал жар болғысы келетінін көрсеткен.

«...Бірақ – депті одан кейін, – соңғы кездегі әкемнің қылығы мені қатты таңдандырады. Көрген-білгенін айтар бұрынғы папама ұқсамайды. Әрдайым тұйық жүреді. Істеген ісінің бәрі жұмбақ. Алғашқы кезде күйеу баласынан хабар болмағанға қайғырып жүр ме деп едім. Олай емес

тәрізді. «Папа, сізге не болды?» – десем, алакөзімен қарап жақтырмайды. Әйтеуір, менен қашқақтайды. Бұрын күнделікті тапқанын маманның үнемдеуімен там-тұмдап әрең жеткізетін едік. Ал Шымкентте тұрғанда маған ай сайын жүздеп ақша жіберіп тұрды. Мұнда келгенде өз көзіме өзім сенбедім. Үйдің іші қымбат мүліктермен жасақталған. Үйде тіпті күміс сервиздер де бар. Бордақылауға екі шошқа байлаған. Шешемнен «мұншама дүниеге жетерлік ақшаны қайдан алдыңдар?» деп сұрап едім. «Әкеңнен сұра!» деп қолын бір-ақ сілтеді. Ал әкем келген күннің кешінде «шешеннің жұқпалы ауруы бар, баланы өлтіріп алмалық...» деп, қала ішіндегі таныс үйге жіберді. Жолдас начальник, ол менің өз әкем! Туған әкем туралы жазу маған қандай қиын екенін біліңіз... көз жасымды жуып отырып жаздым... Опасыз әке болмаса игі еді... Осыдан қорқам. Онда ертең арсалаңдап келген күйеуіме не деймін. Оған да әке ғой... я, ол екеуміз кемпір мен шалдың жақсылығын ойлаған едік... Жазып отырған адамым әкем екенін ұмытпаңыз, жолдас начальник. Аңдамай адасқан болса, дұрыс жолға салыңыз. Аяңыз оны...» деп қол қойған.

Алдындағы қағазға көз жүгірте саудагердің әрбір қимылынан көз айырмай отырған майор Жүсіпов:

– Тынышталыңыз! – деп әмір етті. Сейілбек шығып кеткеннен кейін Абдуллаходжаевпен енді сөйлесетінін аңғартып, екі қолын тарақтап, жылы шырай білдірді. Күлген де сияқты. Бір қарасқа кең пейілді, жұмсақ көрінген осы алдамыш отырысқа жадырады ма, саудагер бас изеп:

– Е, шырақ, дәм айдады ма, үшінші күн болды осында жатырмын. Адал пұлыммен тапқан дүниеме қарамдық қылады, ұрлаған мүлік деп көзіме түртеді. Пайғамбар жасынан асқан осы шағыма дейін біреудің босағасын аттап, ала жібін алып көрген емеспін. Пайдасын білсем, тиынын беріп, арзанға болса да алдап алам. Жасырмаймын. Ал, ұрлық деген пәлеңізді тақпаңыз маған, – деді. Майор Жүсіпов қабағы түйіліп, сүзіліп қарады да:

– Мұндай жаста ұрлықшы деген атақ құлаққа сондай жағымсыз естіледі. Солай емес пе? – деді. Абдуллаходжаев құптағандай, иек көтере бір нәрсе айтпақ еді. Майор

асықпаңыз дегендей қолымен белгі берді. – Бірақ сіз ұрланған дүниені алып бара жатырсыз.

– Жоға, бұйырмасын ұрласам! – деп, көтеріле беріп еді.

– Шыдамсыздық үлкен адамға жараспайды, отырыңыз, – деп, майор жұмсақ үн қатты. – Қалай болғанын есіңізге салайын. Бұған бірсыпыра уақыт болды, өткен бір базарда сізге жұпыны киінген жас әйел келіп, азын-аулақ мүлкін сатып беруді өтінді. Әрине, сіз оған бұрын да бір қолғабыс тигізгенсіз. Ол жақсы төлеген. Тіпті сіздің қаншаға сатқаныңызды да сұрамады. Сатылған бай мүлік осында қоныс аударып келген әскери адамның қызы мен әйелін өлтіріп алынғанын білмедіңіз. Байқадыңыз ба, саудагер кәсіптің неге апарып соқтыратынын!

Үрейі кеткен Абдуллаходжаев басын шайқай берді. Тілі күрмелгендей. Ит желінді, салбыраған, жарылған қара ернін тілімен жалайды.

Майор Жүсіпов ешнәрсені елемегендей сөзін жалғастырды.

– Бұл жолы сол әйел кездеме сатып беруді өтінді. Магарыч та беріп кетті. Әрине, сіз қуана келістіңіз. Бірақ, мұнша мол дүниені көргенде көзіңіз тұнып, оны өзіңіз иемдемек ойыңыз болды. Тегі миллион аз ақша емес қой! Ал, сіз жасырып отырған «Қыли барон», соңғы мүлікті сатар алдында сізді өлтіріп, бар ақшаны өзі алмақ болған.

– Нема дейсіз? «Барон» ұсталып па еді?! – деп, Абдуллаходжаев дірілдеп, жан-жағына алақтап қарай берді. Сол түні қара маскамен көрінген зор құбыжық өзін кәзір кеп бас салатындай көрінді. Майор Жүсіпов саудагерге өз сөзінің қаншалықты әсер еткенін байқап:

– Байқасаңыз, «Қыли барон» өзін әшкерелемес үшін сізді осында да жоқ етуге жоспар құрған. Сол үшін сізді аңдуға Ташкентке жіберген әйелді қайта шақырып отыр. Ал сіз оның қайда жасырынғанын жасырасыз, – деді.

Бүгіліп, басы төмен салбыраған Абдуллаходжаев:

– Әй, көзап, әй, найсап! – деп күбірлей берді. Ол осы бойда «Қыли баронды» бұрын-соңды көрмегенін, тек жүрер алдында маскамен көргенін, түрін танымайтынын үзіп-үзіп айтты.

– Кім арқылы байланыс жасадыңыз?

– Со, жезөкше-дағы!

– Мынау емес пе? – деп, майор Жүсіпов Суслякованың суретін көрсеткенде, басын әрең көтеріп қараған саудагер:

– Я, – деп, көзін төмен түсірді.

Саудагерді алып кеткеннен кейін, майор Жүсіпов барлық оперативтік қызметкерлерді өзіне шақырды. Жиналған адамдарға Кузьменко өз жоспарын баяндап шықты. Әрбір адамның міндеті айқын көрсетіліпті. Алдағы разьезге бір адам кеткен. Станцияға әйелді «шығарып» салғаннан кейін Сейілбек басқарған топқа қосылмақ. Өйткені әйелдің келгені анықталғаннан кейін оған бітіретін жұмыс жоқ. Суслякованың қаладағы «серуеніне» байқаусызда кездесіп, көмектесетін күзетші қарт Прохор бар. Суслякованың түскен үйі Сейілбек басқарған топпен қоршалуы тиіс. «Қыли барон» сонда болуы керек.

Майор Жүсіпов құлақ түре жалт қарады.

– «Қыли барон» Суслякова түскен үйде дейсіз бе? – деді.

– Солай, Әбен Жүсіпович, ал Столетовтың үйін талмай бақылау бөгде адамның тұрғанын аңғартпады. Қора-жайын іштен түсірген автомат-фотоаппарат та осыны дәлелдейді, – деп, Кузьменко өз сөзін қостай сөйледі.

– Столетовпен алдағы жұмыс қалай болмақ? – деген сұраққа Кузьменко:

– Бұл күнге дейін оған еркіндік берілген себебі, біріншіден, «Қыли баронға» апаратын дәл жол табыла ма дедік. Екіншіден, маскалы суретке қарап отырып, иек, аузы соған ұқсас суреттен екінші маскалы адам ретушьпен жасалған болатын. Шын мәнісінде, маска астындағы Столетов пе, бұл талас туғызған. Оның үстіне басқан ізімен вокзалға күніне барып қайтатын Столетовты қаралап ұстарлық дәнекер таппадық. Сергиенконың семьясын өлтірген сол ма деп едік. Портсигар мен трубка Суслякованың қолынан табылды. Ал, соңғы екеуінің жолығысып жүруі байқалмаған. Қызының күмәнданған хатынан басқа айып тағар дәнекер жоқ-тын. Бірақ Марияның өтініші адамгершіліктен туған. Бұл хат бізге

Столетовты қамауға, я тінту жүргізуге сылтау бола ма?— деп, Кузьменко майорға қарап, күмілжіп қалды.

Кузьменконың сөзін екі жағына теңселе, кейде креслоға сүйене отырып тыңдаған Әбен Жүсіпович:

— Сусялкованың келуін күтпей Столетовты кәзір қамауға алу керек,— деді. Ол Кузьменконың шұғыл шешімге таңданғанын аңғармағандай бас изеп:

— Я, Петр Петрович, Столетовты дереу тұтқындау керек. Санкция жағын өзім сөйлесейін, — деді де, бір-біріне қарасып, иіле күбірлесіп қалған қызметкерлерге қарады:

— Не себепті қамаймыз! — деп, отырғандарды бір шолып өтті де, шапшаң жауап қатты.

— Жыл уақыт бұрын авария кезінде өлі саналған Альферд деген біреудің қашып кеткені және қашу үшін аварияны әдейілеп өзі жасағаны енді анықталып отыр. Іздеу бөліміндегі адамдардың жинаған материалына қарағанда, «Қара маска» «Қыли барон», бір кезде «Қобызшы шал» аталған адамның бәрі біреу екені және кейбір белгісімен «Дикарьға» — Альфердке ұқсайтыны байқалады. Ал Сусялкова деген кім? Өз документін өлген құрбысының қалтасына тастап, оның документімен майданнан қашқан — санитарка Сычева. О баста болжам дұрыс жасалмай, Сычеваны іздемей, өлген санитарканың портретімен куған. Сычеваның ұсталмай, еркіндікте жүруінің мәнісі осы. Бұл екеуі қалай сыбайлас болған? Бұл жағы белгісіз, — деді Жүсіпов. Папирос алып тұтатты да:

— Қаныпезер, тәжірибелі «Дикарь» сыбайластарына маска киюді де үйреткен. Әйтпесе, бұл жердің топырағында болмаған бұл қулықты Столетовқа кім үйретпек? Үйреткен — «Дикарь». Олай болса, Столетов оның қайда жасырынғанын да біледі, — деп, Кузьменкоға қарады. — Кәзір Столетовтың үйін қоршаңыз. Сейілбек бастаған топты Талас арнасындағы сайға жібер. Келістік пе?

Кузьменко бас изеді. Жиналған жұрт үнсіз тарасты. Дәл бір асығыс, қысылшаң шақта жылы көріп, нәрлі тұтар адамның көлденең килігіп, жөніңді ұқпай, әрқилы бос әңгімесімен жол бөгейтіні бар. Оған «кет» деп те «кейін» деп те, айта алмайсың. Бар ықылас, пейілмен келген ол,

осы сәт өз естігенін, білгенін қалай да саған айтып кетуді, әрі баппен тыңдауыңды тілейді. Бұдан артық ләззаты жоқ оның. Сондықтан, өтер уақытты жібергің келмегендей төмен қарап, кейде бас көтере алақтап, сөзін дәтсіз тыңдайсың.

Кузьменко асығыс кеткен қызметкерлер соңында осындай жаймен бөгелген. Әйелдер босанатын үйдің дәрігері Кулакова үзіп-үзіп телефон соғып, әбден мазалаған-ды. Бетінің секпілі бар, күлегеш, қызғылт сары, осы жуан әйел Петр Петровичті құрдас санағандықтан ба, алғашқы сөзін әзілден бастайтын. «Қалай, Дусяның босанар күні толған жоқ па? Есебіңіз шәлкез келді ме?» деп, кейде көп арасында да жайсыз жайға қалдыратын. Қасындағы кісіні түрткілеп, тыйылмай сықылықтап күлетін. Мұның бәріне кінәлі Евдокия Кирилловна. Жұмыстан талып, есеңгіреп қайтқан бір күні: «Ойбай, өлтірмесең шақыр шапшаң» деп, кровать басына асылып, Петр Петровичтің қол-аяғын жерге тигізбей дәрігерге қуған. Сонау атшабар базарының түбіндегі әйел босанатын үйге еңтігіп жеткен Кузьменко: «Білесіз бе?», «Я, толғақ қысып жатыр» деп, жедел жәрдем машинасымен осы Кулакованы ертіп келген-ді. Байқаса, бекершілік екен. Толғаққа біраз күн бар көрінеді. Дәрігер әйелге не дерін білмей, қатты қысылған Кузьменко, ол кеткеннен кейін: «Мен оны жұмыстан қалдырдым. Жалғыз сен емес қой босанатын... Ұялсаңшы бір» дегенде, Евдокия Кирилловна мырс етіп, ернін шығара: «Жұмыс істесе қайтем, сол үшін ақша алады ол. Оны неге соншама пәлсіндіресің, қарай көр...» деп, бір сәт отырған соң: «Ұят деп қапсың... одан да құр жүгіріп, әбігер болғанға шыдамай тұрмын десеңші. Нең кетеді мен үшін бір қиналсаң. Әйтпесе, толғақ қысып, қиналып жатқан сен емессің ғой» деген-ді.

Сонда Кулакова ащы әзіл айтып, күліп кеткен. Енді кәзір ол: «қызды тәуір көресіз бе, әлде ұл болғанын қалайсыз ба?» деп, осы асығыс сәтте шындықты айтпай әбден қинаған-ды. Тіпті, сүйінші сұрап, орыста жоқ мінез көрсеткен.

– Ұл болса да, қыз болса да айтыңызшы! – деп, асығыстығын білдіргенде:

– Мына сөзіңізді Дуся естімесін! Төбеңізге шай қайна-
тар,– деп, ұзақ күліп, әлден соң: – жарайды, қинамайын
сізді. Дүниеге екі жұмырығын түйіп, айқайлап келген
нәрестеге біз де қуанамыз. Ұлыңызбен құттықтаймын! –
деп, байсалды үн қатқан.

– Ұл ма? Ұл? Солдат! – деп, Петр Петрович қуанғаннан
трубканы тастап, әлдеқашан кеткен қызметкерлердің
соңынан жүгірген. Бой кернеген қуаныш бар. Бар әлем
ұлмен, жас нәрестемен құттықтағандай көрінеді. Осы
сәтте көңілде қобалжу, дегбірсіздік те бар. Шаңқай түсте,
абайламай жаңсақ қимыл жасады ма деген күдік бар.
Кузьменко қақпа ашып, қораға кіргенде, зарлаған әйел
дауысын естіді. Үйді тінтуге кеткен қызметкерлердің
үшеуі де босағада сілейіп тұр. Кезек-кезек ішке үңіледі.
Ентіге жеткен бар қуанышын ұмытып:

– Не боп қалды? Неге тұрсыңдар? Столетов қайда? –
деп, шеткері тұрған бітік көз, шикіл сары сержантқа сұрақ-
пен қадалды.

– Не болғанын білмеймін, начальник жолдас. Әйтеуір
орнынан тұрмайды. Жағасынан әрі-бері тартқылап едім,
қозғалмайды, – деп жауап қатты.

Лейтенант Кузьменко төргі бөлмеге жұлқына аттап,
Столетовтың басын көтергенде, оның уланғанын білді.
Шолақ пальтосының кір жағасын тістеген бойы, етпетінен
сұлап құлаған.

Кузьменко өлікті моргке жібергеннен кейін, істің мән-
жайын білді.

Оперативтік қызметкерлер топталып қораға кіргенде,
шошқа күркесінен шыққан Столетов қатты шыңғырып,
үйге қарай жүгірген. Бір-біріне қарасып қалған мили-
ционерлер аздан соң үйге кіріпті. Алғашқыда сылтау ма
деп, орнынан тұрғызбаққа әрекет жасаған. Жұтынып,
тыпырлап, жан тапсырып бара жатқанын сезгеннен кейін
серпіле беріпті. Уды жұтқызбай, кеңірдегінен езгілеп қысу
ешқайсысының ойына келмеген.

Кузьменко бұл сәтсіз оқиға жайында майор Жүсіповке
шапшаң хабарлады. Біреумен ақылдасты ма, әлде ойлан-
ды ма, Жүсіповтың жауабын ұзақ тосты. Әлден соң мақұл-

дағандай бас изеді. Тегі майор Жүсіпов алдағы іс жайын айта отырып, ағат іске ренжіді ме, Кузьменко сұрланып кеткен. Дірілдеп, кекештене үн қатады. Дауысының қатты шыққанын да аңғармайды.

– Әй, сүмірейіп неге тұрсың! Есік алдынан кетпе деп айтпап па едім. Неге едірейесің? Тұр, анау жерде, – деп, кең қора ішіне әуестене қараған торсық бет, қысық көз сержантқа зекіп қалды. Ол лейтенант Кузьменкоға:

– У іш деген мен бе екен оған. Мұнысы несі, – деп, миңгірлей сөйлеп, қикарлана бұрылып кетті.

Қысық көз сержантқа ашумен қадалған Кузьменко аздан соң сарайға бұрылды. Шошқа күркешігі. Талас өзенінің құлама жар ескі арнасына тақап салынған екен. Ескі арна ит мұрыны өтпейтін тікенекті тоғай. Жұрт аузында бұл жер «Қара мысықтың» ұясы саналатын. Ордалы жылан мекені бар деп те аңыз ететін. Осы сайдың аржағы терең қуысты жылға боп келеді де, өзенге тіреледі. Өзен бойын қуған жайпақ төбелі жыпырлаған тамдар қалаға тіреледі. Үй сырын ашпаған биік дуал ішінен енді бүкіл қала көз алдында оймақтанып үйіріліп көрінеді. Осы жерде отырып бұл маңға бет алған адамды да анық байқауға болады. Тегі, осы маңды торығанын анық білгеннен кейін, «Қыли барон» дүние жарығынан безіп, терең қапасқа тығылған тәрізді. Мүмкін, ол осы маңнан өткен көліктерді, жолаушыларды тексергенін байқаған шығар? Бірақ фото объектісінде әртүрлі күйдегі Столетов қана бар. Бөгде жанның тұлғасы көрінбейді. Егер Столетов шын мәнісінде кінәсыз жан болса, неге уланып өледі! Оған тез әсер ететін уды берген кім? Әрине, әрқилы қылмысқа машықтанған «Қыли барон» осыны істей алады. Олай болса, Столетовты дереу тұтқындау жөніндегі майор Жүсіповтың шешімі дұрыс. Осындай оймен қора ішіне, төңірекке көз жүгірткен Кузьменко шошқа күркешігіне кірді. Жемге дәндеген қос мегежін өз майын көтере алмай, алдыңғы екі аяғымен әрең жер тіреп, қорсылдап ұмтылады. Шошқа астына биік көтеріп, тақтай салынғаны болмаса, бүкіл еден шаршыланып цементтелген. Әрі таза. Кузьменко қол

фонарь сәулесін түсіріп, әр плитканың жігін қарап шықты. Жер астының есігін білдірерлік тұтқа жоқ. Тақтай астына енген төрт бұрышты цементтің үстінде екі шығыршық бар. Столетовтың қалтасынан алған имек темірді өткізіп, әрі-бері тартып еді, сол қозғалғаны болмаса ашылар емес. Сүйменнің үшкір ұшына да бой бермеді.

– Не істеу керек? Погребтен ешкім дыбыс қатпаған соң, шошқаларды шығарып, еденді дәрімен қопаруға тура келді. Цемент есік жуан білік темірмен айкастырылып бекітілген екен. Погребте адам тұрған сияқты. Балауыз шам, жаңа тартылған сигардың қалдығы жатыр. Сигар тартушы әлде кімге ашуланған түрі бар. Сигардың тістер жағын шайнап, жапырақтап тастапты. Кептірген балықтың құйрығы да сызды топыраққа араласқан. Кузьменко жан-жағына бір сәт қарап, өзімен погребке бірге түскен милиционер мен әскери бөлімшеден қопарғыш дәрі алып келген жас қазақ жігітіне қияр тұздалған үлкен бочканы қозғайық дегендей белгі берді. Үшеуі үш жақтап, тартқылап, тырмысып, бочканы әрең қозғады. Бочка тасасынан үлкен үңгір көрінді. Кузьменко еңкейіп, қол фонарь сәулесін түсіріп еді. Жарық жетпеді. Үңгір ирелендеп түпсіз кеткен.

Кузьменко сәл құлақ түріп тұрды да, пистолетін кезеп, үңгір ішіне кірді. Тізерлеп отыруға ыңғайлы апан іші барған сайын тарыла берді. Бір сәт жүргеннен кейін еңбектеуге тура келді. Тағы біраз жылжығанда, үңгір төбесіне тірелген жалпақ темір ұшырасты. Құпия есік тәрізді. Кузьменко қазақ жігітінің күрегін алып, қалқанның жан-жағын жамбастай жата қазып, құлатты. Үлкен екі чемоданмен тірелген екен. Сәл тыныстан соң тағы жылжыды. Бұл жақтың топырағы борбас екен. Сусып мойынға құйылады. Құлап, басып қалу қаупі де бар. Ауа да тарыла бастады. Алға тағы жылжып құлақ түріп еді, гүрілдеген үн естілді. Ызалы аю үні тәрізді.

Кузьменконың аяғын құша келе жатқан жас қазақ жігіті «алға мені жіберіңіз» дегендей белгі беріп, алға ентелейді. Терең тылда мұндай оқиғаға тап болғанына қуанышты сияқты. Кузьменко қол фонарь сәулесін жылт

еткізгенде, маржандай ақ тістерін көрсетіп, ақсия күлді. Кузьменко «болмайды» дегендей бас шайқап, аяғымен сес берді. Қараңғы үңгірмен тағы жылжыды. Аздан соң адам үні айқын естілді. Пистолет кезеп, қол фонарь сәулесін түсіргенше, Кузьменконың самайын ыстық нәрсе қарып өткендей болды. Мылтық атылды. Қабаттасып келе жатқан милиционердің жер тырмалап ыңқылдаған дыбысы естілді. Кузьменко ту қараңғылықты нысанаға алып, пистолетпен қатарынан екі оқ шығарғанда, қатты гүрсіл естіліп, әлде құлап түскендей болды. Үңгірге жарық түсті. Аю тәрізді мақұлық бар бойын көрсетіп, тәлтіректеп, үңгірден шығып барады. Үрген овчарка дауысы естілді. Үңгірден жүгіре шыққан Кузьменко қатты танданды. Үсті-басын бір сүйем жүн басқан, аса зор денелі албасты аяғынан жаралы болғанына қарамастан, жортып барады. Ту сыртынан басы көрінбейді. Күжірейген желкесі ғана байқалады. Бұта-бұтаны орғыта аттап, жалды желкесіне жармасқан көкжал төбетті сілімтік күшіктей қыңсылатып лақтырып жіберді. Алдынан келген екінші овчарканы пистолетпен үнін өшірді. Әрбір қимылына көз ілеспейді. Беті қайтқан азулы төбет байбалам салып айнала осқақтағаны болмаса, жуыр емес.

Қалың тоғай ішіне бой жасырып кіре берісімен, қосарлана шыққан қатты дауысқа «Қыли барон» пистолет кезеп, жалт қарады. Сол кезде жан-жағынан алты адам келіп жармасты. Пружинаға тигендей алтауы да серпіліп шыға келді. Сәтті минутты күткен Сейілбек білекті көздеп тағы атты. «Қыли барон» сусып түскен пистолетін сол қолымен ала бергенде, бүкіл қоршау бригадасы үстінен басты. Мойнына темір тұғыр салынғанда ғана әл берді ол. Өзін қоршаған топ адамға қанталаған көзімен тесе қараған «Қыли барон» екі иығынан дем алып:

– Ах, сұмырайлар, үлгеріп жеттіндер-ау. Ымыртта кезіккенде біртіндеп шабақтар едім, – деді де, ызалы кеудесін көтеріп: – атыңдар мені, жас қан исін аңсадым! Жас қан! – деп, терең сайда жаңғыртып айқай салды...

15. ӘКЕ ҚУАНЫШЫ

Күн көзін бұлт шалмаған. Шақшиып, мол ыстық сәуле төгіп тұр. Жол жиегіне қырланып үйілген қатқақ қар опырылып, жылға салған суға құлап түседі. Жер беті езіліп, лайсаң тартқан. Күнгей жақта көтерілген болымсыз бу бар. Аяз қысқан шағын қала қыс қырауын серпіп, жадырап көтерілген тәрізді. Көшеде жеңіл киінген халық көп. Лак терісінен жасалған кеудеше сыртынан қалың көк шинель киген Кузьменко аз жүргеннен кейін ентіге бастады. Тамақ түймесін ағытып, дем ала тағы аяндады. Жаралы басын қаратып ауруханадан шыққан беті осы. Үйге бұрылмай, әйелдер босанатын үйге тура тартқан.

Евдокия Кирилловнаны, қала ішінде орын құрып қалғандай, сонау атшабардың аржағындағы әйелдер босанатын үйге алып кетсе керек. Шамасы, дәрігер Кулакова сол күні сонда кезекші болған тәрізді.

Ентіге терлеп-тепшіп жеткен Петр Петрович ұзыннан-ұзақ салынған қызыл шатырлы үйдің терезелерінен сығалап өтіп, Евдокия Кирилловнаны іздестірді. Ол аса қуанышты еді. Енді оның ұлы бар! Енді ол жәй ғана Петр Петрович емес, әке! Баланың әкесі. Бұрын жалғыз болса, енді бір үйде екі Кузьменко бар. Оның да атын Петя деп қоюға болады. Бірақ бұл ыңғайсыз. Евдокия Кирилловна ұл болса Сережа деп қоюды тілеген. Мейлі, соның айтқанындай-ақ болсын. «Сергей деген де жақсы есім. Әйтеуір тірі болса болғаны».

Петр Петрович осы бір сәтте өзінің ұлы туралы ойлады. Тіпті, оны көрмесе де, жүрек елжіреп әбден сағынған да тәрізді. Ол төсек үстінде бала емізіп жатқан Евдокия Кирилловнаны көріп:

– Дуся, я! Дуся, я, – деп, айқайлап ымдап шақырды. Дымқыл әйнекті қолымен тырмалап, жеңімен сүрте береді. Евдокия Кирилловна нәрестені көтеріп, терезе алдына келгенде, «қалай»? дегендей екі беті нұрға толып ақсия күлді.

– Көрсетші өзін. Ой, тұмсығын қара? Тіпті екі жұмырығын түйіп апты. Ой, тентек! – деп, Петр Петрович Евдокия Кирилловнаның шошынып қараған түрін аңғармай, екі көзін шарт жұмып алып, інгәлап емшек іздеген нәрестені ысқырып шақыра бастады.

Евдокия Кирилловна көзінің жасын тыя алмай жылады. Оған сондай қиын, ауыр болғандығынан емес, күйеуін аяп жылады. Өйткені ол жаралы еді. Қызыл шырайлы қалың жүзі сарғыш тартып қуарған. Қалың ерні де бозарып тұр. Үлкен көзі кіртиген. Өзі жоқтағы осы соңғы күн ішінде азабы мол ауыр соқпақтан өткен тәрізді. Евдокия Кирилловна ыстық жасын орамал үшімен сүртіп:

– Петя, құдай үшін аясаңшы өзінді, бүйте берсең, зарлатып кетесің ғой бір күні. Аяшы бізді... – деді.

Жас нәрестенің әрбір қимылына қаныққан Кузьменко басын көтеріп, енді ғана Евдокия Кирилловнаға зер салды. Өзін аяп, көзіне жас алған жар тілегін естімеді. Оның жылағанын орынды деп білді: өйткені бір кезде Евдокия Кирилловна толғақ азабын тартты, оған сондай ауыр еді. Кәзір бәрі де өтті... Енді оған жеңіл, о да қуанышты. Қуанса жылар әйел әдеті ғой. Мұндайда қой, тыйыл деп айтуға бола ма?... Петр Петрович әйелінің кәзіргі күйін осылай таныды. Аяулы әйел көңілін ұқпас ақылды еркектер де толып жатыр ғой... Сондықтан да еркектер өз табиғатында дөрекі саналады.

Палата аралап жүрген сестра Евдокия Кирилловнаға кіре бере, қатты ескерту жасады. Дәрігердің тұруға, жүруге қоспағанын айтты. Тіпті, баланы өзі көтеріп, әлгінде орнынан жеңіл көтерілген Евдокия Кирилловнаны қолтығынан сүйемелдейді. Әйнекті аймалап тұрған Петр Петрович ақырын тықылдатып:

– Тағы бір көрсетіңізіші! – деп өтінді. Сестра бұрылып, аузын ашып, тағы жылаған нәрестені көрсеткенде:

– Ой, тентек! – деп, Кузьменко жадырай күліп, басқармаға қарай беттеді. Майор Жүсіповте Сейілбек отыр екен. Әлгінде ғана аса маңызды іс жайында әңгіме құрған тәрізді. Екеуі де бастарын шапшаң көтеріп, бөгеле жалт қарасты. Әке қуанышын байқаған Әбен Жүсіпович:

– Ұлыңмен құттықтаймын, Петр Петрович, – деп,

қолын қатты қысып, қолпаштап креслоға, Сейілбекке қарсы отырғызды. – Жергілікті халықтардың әдетінде шілдеhana деген бар. Үш күн ойын сауығы болмақ. Әрине, үлкен той жасаймыз. Евдокия Кириловна шыққанша сізге басқа үйге көшу керек. Уақ-түйегін жөндесін деп нұсқау бердім, – деді.

– Қайда? Қандай үйге? – деп, Кузьменко таңданып қалды. Үй жөнінде еш жерге барған емес. Кәзіргі баракты жөндеуді де сұраған жоқ-ты.

– Таратылған артельдің үш бөлмелі әдемі кеңсесі бар еді. Қалалық атқару комитетімен таласып жүріп соны алдық. Жөндеушілер коридормен бөлінетін бөлек бөлмесін асүй жасады. Веранданы әйнектеуге кіріскен бүгін. Ертең болар, – деді майор Жүсіпов. Лейтенант Кузьменко Әбен Жүсіповичтің екі қолын алып:

– Рақмет, майор жолдас. Көп рақмет. Мен тіпті ойламаған едім... – деп, қатты толқыды. Көз шарасы жасқа толған, тістеніп жұтына берді. Осы сәт қуаныштан әйел түгіл, еркек те көзге жас алады десе, бәрібір ол мойындамас еді... Осынысымен де еркектер өркөкірек қой. Майор Жүсіпов Петр Петровичтің жасық, мүләйім қылығын жақтыртпады ма, әлде басшының өз қызметкеріне деген қамқорлығын естияр адамның жабайы түсінгеніне қынжылды ма, бір сәт төмен қарап, ыңғайсыздана бас шайқап, қабақ түйді. Оқыс көтеріліп, сөнген папиросын тартты да:

– Жаңа ғана Бірліктен алынған жайсыз хабар жайында әңгімелескен едік. Бұдан екі ай бұрын Богодуховка аралына аң аулауға кеткен үш аңшы – он жеті жасар ұлымен кеткен Барабанов және май заводының жұмысшысы Әлиакпаров қайтып оралмаған. Серік болған адамдардың айтуына қарағанда, олар ақ көлдің ортасындағы ақ аралға беттесе керек. Бұл үшеуі одан кейін қандай күйге түскенін білмейді олар, – деді.

– Біреу болса бір сәрі, ал үшеуінің бірдей жоқ болуы таңғаларлық жай екен, – деп, Петр Петрович қайран қалды, – я, суға батар қауіп төнсе, көмекке адам шақырар еді.

– Біз де осыны әңгіме еттік, – деп, майор Жүсіпов орнынан көтеріліп, облыс картасын жайды да, қарсы крес-

лода отырған Сейілбек пен Петр Петровичті қатарына шақырды.

– Жақын келіндер. Міне, мынау Бірлік. Ал Бөрібайталға жету үшін түйемен жүруге тура келер. Арада талай бекет бар. Мына лайсаң кезде жету мүмкін бе, білмеймін. Аудандағылар көмек сұрайды, – деді.

– Рұқсат етсеңіз, мен дайынмын, – деді лейтенант Кузьменко тік тұрып. Майор Жүсіпов тура тесіле қарап:

– Жанғабылов та сұраған. Екеуіңіздің баруға ықылас білдіретініңізді білем. Кәзіргі сәтте сапарға шығуға мүмкін бе, соны ақылдасып алалық. Жирное көліне жету үшін Балқаш арқылы жүзуге тура келе ме деймін. Тесік қайық ұзақ жолды көтере ала ма? – деді. Ол екі шәкіртінің жауабын күтпей, сол аралдың құпиясы жайында тараған аңызды айтты. – Жиектен жүзіп өткендердің сөзіне қарағанда түнде жақындауға болмайтын тәрізді. Ымырт үйірілген кезде арал үстінде үлкен қызыл шоқ пайда болып, көз ілеспес шапшандықпен секіріп жүреді екен. Ұлыған иттің, шырылдаған баланың дауысы естіледі деседі. Таң атқанша бір тыным таппайтын көрінеді. Барған адам да қайтпайды. Мұның мәнісін ешкім білмейді дейді. Сейілбек пен Петр Петрович бұл аңызды майордың бекерге айтып тұрмағанын аңғарды. От көрінсе, онда адам тұрады деп жорамал жасауға болады. Ал қызыл шоқтың ұшып жүруі ғажайып құбылыс. Мылтықпен қаруланған үш адам жоғалғанда, шырылдаған бала үні қайдан шығады? Аз үнсіз отырыстан кейін Кузьменко:

– Я, мұның бәрін барып анықтау керек, – деді. Сейілбек те бұған қосылды. Бірнеше күннен кейін, шілдеханамен қат-қабат келген жаңа үйге көшу тойынан соң, Кузьменко, Сейілбек екеуі Көктерекке жүріп кетті. Бұл жолы Кузьменконың сенімі мол еді. Ол «Қыли баронды» іздеп әшкерелеу үстінде жол табарлық, жөн табарлық үлкен соқпақтан өткен тәрізді. Енді өз бетінше әрекет ете алатын сияқты. Майор Жүсіповтың, ұстаз үмітін ақтаймын деп кетті.

Бірақ бұл қауіпті сапар еді...

Алматы, 1957 жыл.



ТАУДАҒЫ ЖАҢҒЫРЫҚ

(повесть)

Алыстан жарқылдаған сәуле көрінді. Зымырап жақындап келеді. Жарығы молайып, жайыла түсуде. Тілек бойын әрең жинап, тәлтіректеп орнынан тұрды.

Зуылдаған машина тақап қалғанда, Тілек жолдың ортасына жүгіріп шықты. Сол сәтте кеудеден ұрған қатты соққыдан ұшып түсті. Анадай жерде бүрісіп, бір тұтам болды да қалды. Есін жиған кезде, әйтеуір, бір түсініксіз ызың құлағына талып естілді. Әлдебіреулер сүйреп бара ма, қалай?..

Шынында солай еді. Машина ішінде екеу отырған. Бұлар да араққа сылқия тойып алған. Көңілдері көтеріңкі. Күліп, дабырлай сөйлесіп келеді. Олар тас қараңғыдан жүгіріп шыққан Тілекті байқамай да қалды. Машинаның желдік әйнегінің күл-паршасы шыққанда ғана естерін жинады. Шофердің қасында отырған серігі жалма-жан кабинетінің есігін ашып, ытып шықты. Шофер бетіне шашыраған әйнектің ұнтағын сүртіп:

– Жүгеріге түскен жабайы шошқа ма деймін. Өзін өлердей ғып соқтық, – деді.

Шофердің серігі ақырын, абайлап басып Тілектің қасына келді. Еңкейіп, үңіліп қарады.

– Өй, мынауың шошқа емес, адам ғой! Біз кісіні қағып кетіппіз! – деп шошып кетті.

– Оттама, сөйтіп кісі ойнай ма екен! Айдалада, қараңғы түнде қаңғыған неғылған кісі! – деп шытынап, серігінің қасына келді.

– Шын айтам. Нанбасаң, өзің көргін!

– Шофер бүрісіп, бүгіліп жатқан Тілекті көрді.

Серігі қолын ербеңдетіп:

– Біз кісі өлтірдік. Құрыдық енді. Түрме түбінде шіритін болдық, – деп жыламсырай шегіншектеді.

Шофер жүресінен отырды. Тілектің кеуде тұсын сипалап қарады. Құлағын тосты. Бірақ әлсіз жүрек соғысын ести қоймады. Серігі безектеп:

– Неменеге саған ілесе қойдым десеңші! Сол тойда не жұмысым бар еді? Үйде жылымшы шарабымды тыныш қана ішіп отырсам қайтер еді? Кісі өлтіруге сенің де қатысың болды, арақты бірге іштің дейді-ау! – деп сөйлей бастағанда, шофер зекіп қалды.

– Әй, тұра тұршы! Неге түңілдің соншама. Мынау меңіреу түнде кісі өлтіргенімізді кім көріпті. Мұны екеумізден басқа тірі пенде білмейді. Сен – қайнағамсың, әйелімнің бауырысың. Тілегі бір, ниеті бір туыстан аяған жан садаға кетсін. Мен тұтылсам, қарындасыңның күні қараң болады. Екі бірдей баласымен шұбатып оны кім алады? Одан да бұл бәледен құтылудың қамын жасалық. Бекер тұрмай, машинаға әкеп сал. Мен мына әйнектің сынығын сыпырып, жинап алайын, – деді.

Екеуі денені машинаға қарай сүйреп көтеріп келе жатқанда, Тілектің бір сәтке санасы оянған еді. Тынысы тарылып, булығып, тұншығып барады. Әлдеқандай тарамыс мықты қол кеңірдегінен шеңгелдеп, бүріп ұстап алған. Айрылмайды. Бұл – алыспақ боп бұлқынады. Бірақ дәрмен жоқ. Осындай жанталас күйде аласұрып жатқанда, тамағын қысқан қол бір сәт ажырап, тынысы кеңейгендей болды. Алыстан дүбір естіле ме, қалай? Аспанда, ала бұлт арасында күн жарқ етіп көрінді де, сол күннің мол сәулесіне бөленген шешесі қолын созып, бұған қарай ұмтылып келеді. Басындағы жаулығы аппақ, өзі де тұтас ақ киінген. Тілек те ұмтылады. Әлгі тарамыс қол кеңірдегіне шап беріп жармаса түседі. Шешесі қараңғы бұлт арасынан бірде шығып, бірде көміліп, алыстап барады.

Бұл кезде әлгі екеу Тілекті тау қуысына, Талды өзеніне апарған еді. Бұлтты түн. Шақпақ, зеңгір тастар оқшаулана түнеріп, зіл тартады. Тау қуысы ызғарлы, салқын. Осын-

дай сәтте Тілектің санасы бір сәтке тағы оянып еді. Көкте ұшып бара жатқандай беймәлім сезім. Анасы қолын жая ұмтылады. Шақпақ шаққан қара бұлт екеуін екі жаққа айырып, бөліп жібереді.

Таудан жаңғырық естілді.

– Апа!

Шофердің серігі шошып кетті: – Өй, мынау ит тірі ме еді?

– Өшір үніңді! Болар іс болды! Біз ешқандай адамды қаққан да, көрген де жоқпыз. Ұқтың ба? Бұл иттің әлгі бөтелкесі қайда еді?

– Оны қайтесің?

– Әкел бері! – Шофер құлаштап тұрып шөлмекті өзенге лақтырып жіберді.

Шофер ауылға тақағанда есін жиғандай болды. Желдік әйнегі жоқ машинаның алдынан соққан суық жел денені тоңазытып, айықтырып тастаған еді. Ол рульге маңдайын төсеп:

– Ойпырай, біз кісі өлтіріппіз ғой! Адамшылықтан кетіппіз-ау! Енді қайттік? – деді.

– Менің манадан бері зарлап жүргенім осы ғой!

– Ертең жұмысқа шығу керек. Ал мынаның әйнегі жоқ. Бастығыма не деймін? Қара басып осылай тұтылғанымыз ба?

Серігі иығынан түртіп:

– Әйнектің жарасы жеңіл. Мен машина құрап алам деп көптен бері артық бөлшектер жинап жүр емес пе ем. Үйде «Москвичтің» осындай желдік әйнегі бар. Қазір соны орнатамыз. Бәрінен де мына бәледен қалай құтыламыз? Соны айтсаңшы? – деді.

– Бізді ешкім көрген жоқ. Тек ауызға ие болайық.

– Милиция ізге түсе ме деп қорқам.

– Милиция әулие емес. Кісі қаққанымызды қайдан біледі?

– Ізіне түспесін де. Қармағына бір іліксең, құтыла алмайсың.

– Үрейің ұшпасын. Одан да әйнекті тезірек орнатайық.

Екеуі түн ішінде машинаның күйреген желдік әйнегінің

орнына жаңасын салды. Жарқыраған әйнекті көргенде көңілдері жай тапқандай болды. Таудағы жаңғырықты ұмытқан секілді.

– Шіркін, қазір жүз грамм болар ма еді. Шіміркенбей қағып жіберер едім! – деп, серігі керіліп, құлашын жайғанда, шофер:

– Қорапты қарашы, сонда бірдеме қалған сияқты, – деді. Серігі машинаның жүк салғышын ашты.

– Е, мұнда бір бөтелке портвейн жатыр. – Екеуі асықпай бір бөтелке шарапты бөліп ішті. Кенет шофердің есіне әлдене түскендей болды.

Шекесін ұстап, тоқтай қалды.

– Айтқандай, әйнекке тас тиіп, шытынаған жері бар еді. Оны қайттік?

– Қай жері шытынап еді?

– Шамамен осы тұс, – деп, шофер саусағымен нұқып көрсетті. – Шегемен ұрып, белгі салсақ қайтеді?

– «Москвичтің» әйнегі осал. Қатты ұрсаң, бәрі күйреп, уатылып түседі. Сен сол белгі түскен жерді саусағыңмен көрсетіп тұр. Мен үшкір тас тауып алып, лақтырып көрейін. Қане?

– Дәл көзде, – деп, шофер сұқ қолымен әйнекті нұқып көрсетті.

Алыстан әлсіз лақтырылған кішкене тастан әйнектің беті шытынап шыға келді. Шофер қуанып кетті.

– Болды! Жетті!

– Күдіктен енді құтылған шығармыз. Алда татар дәм бар екен.

* * *

Ішкі телефон шылдыр ете қалды. Бұл – облыстық ішкі істер басқармасының бастығы полковник Ердәулетовтің бөлімдермен тікелей жалғасатын телефоны. Тұтқаны подполковник Шелковников көтерді.

– Сізді тыңдап тұрмын, жолдас полковник. – Сабырлы салмақты үн естілді.

– Андреевка оқиғасының жайы қалай?

– Іздеу салып жатырмыз, жолдас полковник.

– Қашанға дейін іздемек ойыңыз бар? – Шелковников күмілжіп қалды.

– Сізді тыңдап тұрмын, Василий Ефсеевич, – деген Ердәулетовтің дауысы тағы етілді.

– Баланың үйіне қарай кетіп бара жатқанын жолдастары көрген.

– Мұны маған айтқансыз.

– Одан әрі не болғанын ешкім білмейді.

– Аудандағы жолдастар не тындырыпты? Ізіне түсе алып па?

– Оперативтік топ жұмыс жасап жатыр. Баланы іздеп, сұрау салуда. Әзірше ешқандай нәтиже жоқ.

– Меніңше, Василий Ефсеевич, баланы емес, қылмыскерді іздеу керек.

Шелковников абыржып қалды.

– Ұқпадым, Әбен Ердәулетович, сіз қылмыс жасалды демексіз бе?

Ердәулетовтің жауабы қысқа естілді.

– Маған кіріп шығыңыз.

Шелковников орнынан тұрды. Ойланды. Бұл қалай? Шынымен ауыр қылмыс жасалғаны ма? Солай деуге қандай негіз бар? Полковниктің бұлай шұғыл шешім қабылдауы қалай? Аудандағы жолдастар ешқандай оқиғаның болмағанына сендірген еді. Осы оқиғамен байланысты өткен жұмада өзі де Андреевкаға барып қайтқан. Баланың қай кезде қай жерде болғанын, кімдермен кездескенін сұрастырып білген. Қастандық жасалды дейтіндей ыңғай жоқ.

Оқиға былай басталған еді: өткен айдың демалыс күнінің бірінде Тілек жолдастарына барып қайту үшін Николаевка селосына кетеді. Ол Андреевкадан алыс емес. Тілек бұл селоға бұрын да талай барып жүрген. Онда бір класта оқыған, жасында бірге өскен достары, жолдастары бар. Мұнда келерде ылғи сәнді киімдерін киіп келеді екен. Оның бұл сырын анасы ғана біледі. Жаңа костюмін киіп, айна алдында таранып, сыланып тұрғанда, шешесі Дариға:

– Балам, тағы бара жатырсың ба? Со шіркін саған та-

ғат, тыным таптырмады-ау. Енді қайтейін. Өнегүнгідей кешіге қалсаң, түнделетіп жаяу жүргенді қой. Сонда ағаң Мырзатайдың үйі бар. Сол үйге қона кет. Өздері сені келмей кетті деп жүр ғой, – деп ақылын айтты.

Баласының Николаевкаға неге барғыштап жүргенін Дариғаның іші сезеді. Кішкентайынан бірге өскен Нұргүл дейтін қыз бар. Әдеміленіп, таралып бойжетіп келеді. Екеуінің жас арасы шамалас. Биыл оныншы класты бітіреді. Селоға барғанда Нұргүлді тауып алып, сонымен клубқа киноға барады екен. Бұл екеуінің жарасты жүріс-тұрыстарын көрген Дариғаның ол жақтағы абысындары: «Екеуі егіз қозыдай жұбын жазбайды. Тойыңа қамдана бер», – деп, өздерінің қуаныштарын білдіріп, бір кездегі жастықтарын естеріне түсіріп, кәдімгідей әңгіме ғып айтады екен. «Тілек әлі жас. Жай құмарлық шығар. Жарды күту, тәрбиелеу, бағу парызын біле қояды дейсің бе? Осы күнгінің баласы оқумен, сауықпен тіршілік кешкен ғой», – дей салатын. Артық сөз балаларға қырсығын тигізіп жүре ме деп ойлайды.

Сол күні Тілек клуб маңында біраз сенделіп жүріпті. Би басталғанда Нұргүлді тауып алып, онымен би билепті. Нұргүл: «Мына үйдің ауасы тарылып кетті. Басым ауырып тұр. Ертең шығарма жазатын едім. Соған дайындалуым керек. Үйге қайтайық», – деген соң, оны үйіне шығарып салады.

– Өзің осында қаласың ба? – деген қыз сұрағына Тілек:

– Ауыл арасы жақын ғой. Үйге қайтатын шығармын.

Апам күтіп қалар, – дейді.

Тілек сол күні кешкі сағат он шамасында үйіне қайтады.

Міне, сол Тілек жоқ. Алғашқы кезде Тілектің үй іші оны Николаевкада қыдырып жүрген шығар деп ойлайды. Ал мұндағы ағайындары үйіне кеттіге санайды. Осылай бір жеті өтеді. Бір күні әпкесі келіп: «Тілек қайда?» – деп сұрайды. «Бәсе, Тілек қайда? Қайда жүр өзі?» – деп іздей бастайды. Жақын ағайындарына сұрау салады. Алыстағы туыстарына хабар береді. Тілекті көрдік, білдік деген жан адам болмайды. Дереву милицияға мәлімдейді. Бұл хабар облысқа жеткенде, полковник Ердәулетов Шелковниковты

шақырып алып: «Андреевкадағы жолдастар ешқандай күрделі оқиға болған жоқ» деп, бізді сендірген еді. Азамат боп қалған бала жоғалып кеткен. Бұл оқиға маған ұнамайды. Осы іспен өзіңіз шұғылданыңыз», – деп қатты тапсырған-ды.

Полковник Шелковников осы уақытқа дейін «Тілек Алматыдағы ағайындарында қонақтап жүрген шығар. Ересек бала қайда кетеді?» – деген әңгіменің ыңғайында жүрген еді. Ал полковник қылмыскерді іздеу керек деген сынай береді. Сонда бұл қалай? Кісі өлтіргендей қылмыс жасалғаны ма?

Кабинетке кіргенде, полковник Ердәулетов ауданмен сөйлесіп жатыр екен. Аудандық ішкі істер бөлімін подполковник Ысқақ Қайназаров басқарады. Қазақ, орыс, ұйғыр тілдеріне бірдей жетік, іскер азамат. Соңғы жылдары бұл ауданда ауыр қылмыс жасалған емес. Ел іші тыныш, жайбарақат. «Бұзақылық жасапты, үй тонапты» деген сөз мұнда сөкет естіледі. Ердәулетов телефон тұтқасын қойып жатып:

– Біздің кейбір жолдастарды ауданға жіберу керек. Қалай жұмыс жасау керек екенін подполковник Қайназаровтан үйренсін. Сабақ алсын. Істі қалай ширақ жүргізу керек екенін білсін! – деді.

Шелковников бұл сөздің бір жағынан өзіне тиіп жатқанын сезеді. Тілектің бұл уақытқа дейін табылмауына ол да кінәлі секілді.

Полковник алдында жатқан папканы сырғытып қойып:

– Неге тұрсыз, Василий Ефсеевич? Отырыңыз. Кейде біз осы мәселеге жете көңіл бөлмейміз. Бізде қылмыстың көбі арақ ішудің кесірінен жасалады. Аудандағыларды неге мақтаймыз? Олар көшеде мас боп жүруге тыйым салған. Ондайлар дереу айықтыру орнына апарылады. Сөйтіп үлкен қылмыстың алдын алады, – деді.

Бұл жай Шелковниковке белгілі еді. Мұны дәл осы сәтте айтудың мәнін ол аңғара қоймады. Соны сезген полковник:

– Баланы іздеп әуреге түспейік. Тілек жоқ. Мұның бәрі ішкіліктің қырсығы ма деймін, – деді.

- Қалайша?
- Қазір дәлін айту қиын.
- Сонда Тілек ішкілік құрбаны болды демексіз бе?
- Олай деу үшін дәлел керек. Менің қолымда ондай факті жоқ.
- Мен Тілекті Алматы не Семей кетіп, сондағы туыстарында қыдырып жүрген шығар деп ойлап ем.
- Аудандағы жолдастар солай сендірген ғой?
- Баланың туыстары солай деген секілді еді.
- Алыс жолға шығатындай оның қалтасында ақшасы жоқ емес пе?
- Иә, шешесі солай деген еді.
- Соңғы жолы Тілекті көргендер бар ма?
- Арбамен шөп артып келе жатқан қарт оны елсіз жазықтың үстінде кездестіріпті. «Түн боп кетті ғой, балам. Жазатайым бірдемеге ұрынып калып жүрерсің. Кел, арбаға отыр», – дегенде, Тілек: «Ауыл өзіміздікі. Маған кім тиеді? Үй алыс емес. Таза ауа жұтып барайын», – деп бас тартқан.
- Мас емес пе екен?
- «Жүрісі түзу, ішпеген секілді» дейді.
- Алыс қаладағы туыстарына бармады десек, сонда қайда кетуі мүмкін?
- Шелковников желкесін сипалады.
- Соған өзім де таң қалам. – Қалааралық телефон шылдыр ете қалды.
- Ердәулетов тыңдап тұр. – Трубкадан көтеріңкі дауыс естілді:
- Жолдас полковник, қылмыскерді таптық. Ол Трухин деген біреу боп шықты.
- Қайда істейді?
- Түрмеден босанған. Тиянақты кәсібі жоқ.
- Немене, өзін айыптымын дей ме?
- Түрме босағасын көрген әккі залым оңайлықпен көнеді дейсің бе?
- Қазір сіздерге подполковник Шелковников барады. Бұл іспен тікелей шұғылдану соған жүктелген. Ұқтыңыз ба? Онда сау болыңыз! – деп, телефон тұтқасын іліп

қойды да, – Василий Ефсеевич, барлық фактіні тексеріңіз, титтей нәрсе назардан тыс қалмасын. Заңсыздыққа жол берілмесін, – деді. Шелковников орнынан тұрды.

* * *

Түс әлетінде Ердәулетов аудан орталығына келді. Шелковников өз бастығының сырына қанық. Әбен екеуі көп жылдан бері облыста жұбын жазбай бірге қызмет істеп келеді. Бір кезде Ердәулетовтың өзі басқарманың қылмысты іздеу бөлімін басқарған болатын. Іске ширақ, қиын істердің, шытырман оқиғаның шешімін дәл болжап, оңайлатып әкетеді. Өзі қолға алған жұмысты тиянақтамай тынбайды. Әбеннің осы сырын білетін Шелковников оның бөгеле қоймайтынын сезіп, Трухиннен жауап алғаннан кейін сыртта, есік алдында күтіп тұрған. Полковниктің машинасын анадайдан танып, қарсы аяндап жүрді. Машина жылжып келіп, қасына тоқтай қалғанда, кішілік жасап, кабинаның есігін ашты.

– Кеңсеге соғасыз ба?

– Кеңсеге кейін келеміз ғой. Өзің машинаға отыр. Трухин мен Тілектің түн ішінде айдалада кездесуі маған жұмбақ көрінеді. Сол жерді көріп қайтайық. Бәлкім, істі ашуға септігі тиетін дәнекер бірдеме табармыз, – деді Ердәулетов қасынан ысырыла орын босатып.

– Бүгін сол жерге Трухинді ертіп апардым. Пәлендей белгі із жоқ, жол әбден тапталып қалған.

– Менің ойымша, қылмыс сол тұста жасалған. Тілектің денесін алысқа апарып тастай қоймас.

– Мен мұқият шолып шықтым. Бірақ айғақты зат көзіме түспеді.

– Жүргенге жөргем ілінер дей ме? Тағы көріп қайталық – деді полковник.

Машина село шетіне шығып, тастақтау жолға түсті. Кең жазықты бетке алып біраз жүргеннен кейін алдыңғы жақтан үйілген маялар көрінді.

– Анау көрінген шошақ шөмеленің қасында отырған, – деп, Шелковников жолдан жырақтау жердегі үйілген шөпті көрсетті.

– Трухин Тілекпен қалай кездесіп жүр? Оның өзі не дейді?

– Шөмеле түбінде отырып арақ ішкенін жасырмайды. Басқа қылмысым жоқ дегенді айтады.

– Кісіні қылмысты деп тану үшін оны дәлелдеу керек. Сол фактіні қайткенде де табу керек, – деді Ердәулетов машинадан түсіп жатып. Ол төңірекке көз тігіп, бір сәт бөгеліп тұрды да, бір кезде Трухин мен Тілек отырған шөмелені айналып шықты. Шұқыр мен жыраларды, арықтарды қарады. Әлден уақытта таң қалған түрмен:

– Бос жатқан бір де бір шөлмекті көрмей тұрмын. Не сынып жатқан шынының қалдығы жоқ. Бұл қалай? – деп Шелковниковқа қарады.

– Мен де соны аңғарғанмын. Тегі, қылмыскер белгі қалдырмауға тырысқан.

– Олай болса қылмыс тап осы жерде жасалған.

– Полковник машинаға қайта отырды. – Шәкір, жайлап жүргізіші. Осы маңды мұқият шарлап шығалық.

Село аралығындағы жол күтімсіз. Бір кезде жалпақ төселген қалың асфальт тозып, мүжіліп ойдым-ойдым қара шұңқырға айналған. Кей жерге қиыршық құм төгіп толтырып тастапты. Шөмеледен жүз метрдей жүргенде жолдың қақ ортасында шұңқырдың ішіне моншақтай боп төгілген шынының сынықтары көрінді. Күн көзімен жалт-жұлт етеді.

– Шәкір, машинаны жолдың жағасына тоқтатшы, – деп Ердәулетов кабинаның есігін жайлап аша берді. Шынының үгіндісі жатқан шұңқырға беттеді. Шелковников та ілесе жүрді. Полковник жүресінен отырып, шыны сынықтарына үңілді. Желке тұсында түрегеп тұрған Шелковников:

– Әбен Ердәулетович, бір кезде тап осы жерде машина апатқа ұшыраған секілді. Мынау терезе сынықтарының қалдығы, – деді.

– Тым үгітіле сыныпты. «Москвич» машинасының әйнегі ме деймін. Экспертизаға жібер. Анықтап берсін.

– Сол түні Трухин ешқандай машинаны көрмепті.

– Олай болуы да ықтимал, – деді Ердәулетов ойланған түрмен. – Трухиннен тағы жауап алып көрелік.

Сол күні кешінде Трухиннен тағы жауап алынды. Орта бойлы, шымыр денелі ақ сары жігіт екен. Кабинетте отырған екеуге жалтақ-жалтақ қарайды. Полковник өзін таныстырды.

– Полковник Ердәулетов Әбен. Облыстық милиция басқармасының бастығы. Ал сіздің аты-жөніңіз кім?

Трухин иығын бір қозғап:

– Василий Иванович Трухин, – деді.

Ердәулетов тесіле қарап:

– Тілек Боранбаевты бұрын білетін бе едіңіз? – деді.

– Жоқ, танымаймын.

– Танымайтын кісімен айдалада, түн ішінде қалай кездесіп жүрсіз?

– Ертеңгі күн – демалыс болатын. Жұмыстан соң жолдастар жиналып, аздап арақ, сыра іштік. Менің әйелім зәрлі, шайпау адам. Үйге кіргенім мұң екен: «Арақ ішуді тағы бастадың ба? Сенің орның үй емес, түрме! Сонда жатып шіріп өлесің. Сенімен қосақтасып қойған құдай да ақымақ!» – деп беттен алып, төске шапты. Айтпаған сөзі қалмады. Мен жүлік те, баскесер де, өтірікші де боп шықтым. Менің қолым ауыр, балғадай. Осы әйелге қолым тиіп кетіп, соғты боп кетермін деп үйден шықтым да, Николаевқа қарай кеттім.

– Неге?

– Сонда таныс келіншек бар. Байымен ажырасқан. Мінезі жайлы. Мені жақсы ұғады. Баяғы кезде бастауыш мектепте бірге оқығанбыз. Қабылдаса, соның үйіне біржола барып тұрмақ болдым.

– Сонан соң?

– Селодан шыққанымда жолда әлгі айтқан жігітке кезіктім. Өзі удай мас. Мені анадайдан көріп: «Әй, сен маған доссың ба? Тамырсың ғой? Онда бері кел! Арақ ішеміз!» – деді. Ішім өртеніп, ашуланып келе жатқан сорлы басым арақ дегенде елеңдеп кеттім...

– Сол шөлмектен ол да ішті ме?

– Бөтелке түбінде қалған арақты өзі ішті. Сонан соң жөніме кете бардым. Иә, айтқандай: «Жүре алмасаң, үйіңе жеткізіп тастайын. Түн қараңғы ғой», – дегенімде, маған реніш қылды. «Мені бала дейсің бе? Өз үйімді таба

алам. Өйтiп тәлкек етпе! Өйтпесе қатты араздасамыз. Мен төбелесе бiлем!» – деп кiжiндi. Ұрыс-жанжалдан қашып шыққан мен бейшара өз жөнiме кете бардым.

– Жолда ешқандай машинаны көрмедiңiз бе?

– Байқамадым.

– Түрмеде не үшiн отырдыңыз?

– Ұрлық үшiн... Оңай мал тауып байығым келдi.

– Бұл жолы не үшiн ұсталып отырғаныңызды бiлесiз бе?

– Жөндi ұқпадым. Әлдебiреудiң жоғалып кеткенiн менен көргiсi келе ме, қалай?

– Өлгенiң деңiз!

Трухиннiң көзi шарасынан шығып кеттi.

– Өлгенi несi? Оған менiң қандай қатысым бар?

– Қатысыңыз бар ма, жоқ па? Оны дәлелдеуiңiз керек.

– Ондай iстi айта көрменiз!

– Тiлек Боранбаевты iздеп жатқанымыз белгiлi болса керек. Соны бiле тұрып өзiңiз милицияға хабар бермедiңiз?

– Ол жiгiттiң аты-жөнiн бiлмеймiн. Менi кiсi өлтiрген деп айыптамақсындар ма?

– Олай дегенiм жоқ, – деп Ердәулетов орнынан тұрды.

– Бiрақ фактi сiздiң пайдаңызға шешiлмей тұр.

– Бiлмеймiн. Түк ұқсам бұйырмасын?

– Трухин еңсесi түсiп бүрiсiп кеттi. Иегi кемсендеп, көзiнен жас шықты.

– Бағым ашылмаған сорлы екенмiн!

Трухиндi алып кеткенде, Ердәулетов сәл ойланған түрмен:

– Василий Ефсеевич, қандай шешiмге келдiңiз? – деп еңкейе бұрылды.

Шелковников жазған протоколын жинастырып жатып:

– Қылмыскердiң «мен қылмыс жасадым» деп оңай мойындағанын көрген емеспiн. Бұл тартпайтын дәлелдi алдына тосқанда ғана «жаңылдым», «жаңылыстым» деп мойындай бастайды. Соның өзiнде бiлгенiн бүгiп, жалтарып бағады. Трухин де солай жасауы мүмкiн ғой, – дедi.

– Оны бұл iске қатысы бар деп санайсыз ба?

– Ақтау да, қаралау да қиын. Алдағы істің барысы көрсетер.

– Екеуі отырған шөмеле маңын, екі ортадағы көк жазықты түгел шарлап, тінтіп, тексеріп шығындар. Жаяу адам өлікті алысқа апарып жасыра алмайды. Ол маңнан Тілекті таба алмасаңдар, онда Трухиннің айтқаны дұрыс, оның сөзіне сенуге болады. Дереву босатқан жөн.

– Кісі өлді десек, оның денесін басқа жақтан іздеу керек дейсіз ғой?

– Кісі өлімі болғанына күмәніңіз болмасын. Сарапшыларды асықтырыңыз. Шынылардың ұнтағы қандай машинанікі екенін де тез анықтап берсін.

– Ұғып тұрмын, Әбен Ердәулетович. Солай жасаймыз.

Полковник жүріп кеткеннен кейін Шелковников бүкіл оперативтік топты Тілек пен Трухин кездескен жерге апарды. Күні бойы қазылған шұңқырларды, жар қуыстарды, жыраларды тінте қарап, бүкіл аймақты шарлап шықты. Жаңа қазылған төмпешік табылмады. Бұл кезде сарапшылар шыны ұнтағының қандай машинанікі екенін анықтап та шықты. «Шыны сынықтары «Москвич» маркалы машинаныкі» деген қысқа қорытынды берді.

Полковник Ердәулетов іздеу жұмысының барысын сұрап телефон соққанда, Шелковников:

– Әйнегі қираған машинаны іздестіріп жатырмыз. Аудандағы «Москвич» маркалы барлық машинаны тізіп шықтық. Бәрінің терезесі бүтін. Енді машина әйнегін жаңадай сатып алған не сұрастырған кісілер жөнінде мәлімет жинап жатырмыз.

– Шофер машинаның терезесін қиратсын делік. Оның өзінде сондай артық әйнек болуы мүмкін ғой?

– Осында бір шофер жөнінде дүдәмал күдік алдық. Қазір ақырындап тексеріп жатырмыз. Қалай анықтап болысымен өзіңізге жеке хабарлаймын. Аудандық финанс бөлімінің бастығы мініп жүрген «Москвич» машинасының желдік әйнегіне тас тиіп, аздап шытынаған екен.

Шелковников «Москвич» машинасын дереу техникалық байқауға қойғызды да, оған сарапшылардың көмектесуін өтінді. Бұл істі шофердің өзіне айтпай астыртын жүргізді.

Сарапшылар күтпеген қорытынды жасады.

Виктор Жалакин өзін аудандық милиция бөліміне шақырғанда қатты шамданды. Мұндағы қызметкерлердің көбін өзі жақсы таниды. Былай астасып, араласып тұрмағанымен әрі-бері өткенде көреді, кейде сұраған жеріне апарып тастайды. Олар да мұның финанс бөлімінің шофері екенін біледі. Кабинетке ашулана кірді.

– Мені іздеп жатқан кім? Кісіні жұмыстан қалдырудан басқа кәсіптерің жоқ па? Одан да анау жүліктер мен маскүнемдерді тыйсаңдаршы!

Шелковников жай киіммен отырған. Ол салқын, сабырлы үнмен:

– Жалакин деген сіз бе? – деді.

– Иә, мен.

– Отырыңыз.

– Ал отырайық. Бастығым облысқа жүретін еді. Уақытымның аздығын ескертіп қояйын.

– Күн әлі ерте. Асықпаңыз. Танысып қояйық. Облыстық ішкі істер басқармасының қылмысты іздеу бөлімі бастығының орынбасары подполковник Шелковников Василий Ефсеевич.

– Подполковник!

– Жалакин басын шайқап мырс етті.

– Менімен сөйлесуге осы ауданның пысықтарының әлі жететін еді ғой. Сізді бекер әурелеген екен.

– Өзіңіздің аты-жөніңізді айтыңыз.

– Виктор Жалакин.

– Әкеңіздің аты?

– Кішкентай адамбыз. Ешкім Виктор Наданбаевич деп дәріштеп, қолпаштап жатпайды. Қайда жүрсем де «Жалакин!» деп айғайлайды. Соған дағдыланып кеткенбіз де. Кешіріңіз.

– Виктор Наданбаевич, өзіңізбен сөйлесіп, кей жайттарды анықтап алайын деп едім. Қарсы болмайсыз ба?

– О не дегеніңіз?! Сұрай беріңіз.

– Сіз машинаны көптен бері айдап жүрсіз бе?

– Ес білгелі бері баранканы айналдырып келем. Басқа кәсіпті білмеймін.

– «Москвичті» айдап жүргеніңізге көп болды ма?

– Алғанымызға екі жылдан асты.

– Запас бөлшектерін ауыстырдыңыз ғой?

– Бұл жақтың жолы тегіс емес. Доңғалақ шақ келмейді.

Бір-екі мәрте доңғалағын ауыстырғаным бар. Басқа бөлшектері өзінікі.

– Желдік әйнегін өзгерткен жоқсыз ба? Жалакин сәл сескеніңкіреп қалды да, сол сәт бойын тез жинап алды.

– Жоқ-ә, ауыстырып қайтем.

– Тас тиіп, аздап шытынағаны болмаса әйнегі әлі жаңа.

– Асығып отыр екенсіз. Бөгет жасамайын.

– Енді менің милицияға керегім жоқ па?.

Шелковников күдік қалдырғысы келмеді. Қолын жая күліп:

– Сірә, ондай қажеттік туа қоймас. Ал шақыра қойсақ, бұлай ренжімейтін шығарсыз? – деді.

– О не дегеніңіз, Жалакин көмегін әсте аямайды,

– Шелковниковтың жайдары жүзіне дәмелене қарап, еңкейе сыбырлады. – Сізге бір сөз айтуыма бола ма?

– Айтыңыз.

– Мені қымысқы жалақор екен деп қалмаңыз. Кісіні даттау әдетімде жоқ. Әйткенмен сіз бастық адамсыз, карауыңыздағы кісілердің мінез-құлқын біліп қоюдың зияны тимес деймін. Мұндағы жігіттеріңіз тым дөрекі, мәдениеті жетіспей жатады.

– Бәрі сіз айтқандай сөз ұқпас ноқайттар ма?

– Бәрі демейін, ал ГАИ-ды басқарып жүрген аға лейтенантыңыз іші-сырты бірдей бұзық адам.

– Сізді ренжітіп пе еді?

– Маған қайдан тие қойсын. Аудан басшысының біреуін тасимын. Жалғыз оған ғана емес, басқаға да сөзім өтеді. Бірақ сол біздің жігіттерді бекер шырылдатып жатады. Орынсыз байланысады. Бірдеме дәмете ме, қалай? Сондай қылығы бар секілді.

– Ондай шағымыңыз болса жазба түрде беріңіз.

– Мен кісіге шағынбаймын. Бастық деп жай айтып жатқаным ғой.

– Жақсы, аға лейтенанттың өзімен сөйлесерміз.

– Өзін тәртіпке салып, аздап қысып қойыңыз.

– Кеңесіңізге рақмет.

Жалакин милиция бөлімінен шығысымен кеңсеге бармай, Банков жұмыс істейтін гаражға кетті. Оны оңаша шығарып алып, екі-үш минуттай сөйлесті. Машинасына отырғызып алып, оның үйіне келді. Мұнда көп аялдамады. Банков үйінен ақша алып шығып бергеннен кейін, Жалакин өз жөніне кетті. Сырт қарағанда, қарызға ақша алып жүрген кісіге ұқсайды. Бұл жайды Шелковниковке хабарлағанда, ол: – Банковтың Жалакинге қандай қатысы бар? – деп сұрады.

– Банковтың туған қарындасын Жалакин алып отыр.

– Жақын, туыс адамдар екен ғой. Онда Жалакинді бөгемендер, облысқа кете берсін.

Осы кезде полковник Ердәулетов телефон соқты. Трубкин көтергенде таныс дауысты естіді:

– Василий Ефсеевич, қандай жаңалық бар?

– Жалакин дегенге күдік бар.

– Қайда істейді?

– Аудандық финанс бөлімінің шофері. Әлгінде шақырып алып сөйлестім.

– Не дейді ол?

– Донғалақтан басқа машинаның бөлшектерін ауыстырғам жоқ дейді. Оның айтқаны сарапшылардың қорытындысына сай келмейді. Тергеуге алмай, сынап көрейін деп жіберіп едім. Осыдан шығысымен Банковқа барып жолықты. Ол да шофер, Жалакиннің туған қайнағасы.

– Екеуі қылмысты бірге жасаған дейсіз ғой?

– Сондай жорамал бар.

– Енді не істемек ойыңыз бар?

– Жалакин облысқа кетісімен Банковты шақырып алып сөйлеспекпін. «Москвич» машинасын жүргізіп жүрген ол емес. Кісіні басқан күнде әуелі Жалакин жауап беруге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, оның кінәсіз екенін ұғындыруға тырысам.

– Сарапшылардың қағазын алдыңыз ба?

– Тағы мұқият тексеруді өтіндім. Бұл жолы қорытындысы дәл сондай болып шықса, облыстан қайтқан бетте Жалакинді қамауға алмақпын.

– Қазір Кировскіге жүргелі отырмын. Еңбекпен түзеу колониясынан аса қауіпті қылмыскер қашып шыққан. Оның туыстары Мұқыры жақта тұратын көрінеді. Осы жаққа із тастай ма деген жорамал бар. Кемірбаевқа бұл жағдайды айтып шықпақпын. Аға лейтенант Мырзалы Кемірбаев жақында ғана Киров ауданындағы милиция бөлімінің бастығы болып тағайындалған болатын. Аудан республиканың батысы мен шығысын жалғастырып жатқан үлкен жолдың үстінде. Шаруашылығы мен өндірісі де мол. Мұндай жерде қызмет істеудің қиындығы әркімге аян еді. Бірақ облыс басшылары өжет жігітке зор сенім көрсетіп үлкен қызметке тағайындаған еді. Ол бұдан бұрын қылмысты іздеу бөлімінде істеп, өзін іскерлігімен таныта білген болатын. Оның қабілетін Шелковников жақсы білетін.

– Қылмыскер бұл жаққа аяқ аттаса, аға лейтенант Кемірбаев оңайшылықпен уысынан шығара қоймас. Оны білем ғой, – деді.

– Беталысы жақсы. Әйткенмен жас жігітке көмек керек. Ал өзіңіз оқиға барысын хабарлап тұрарсыз.

– Міндетті түрде, Әбен Ердәулетович.

Сол күні кеште облыстан қайтып келе жатқанда Жалакин ұсталды. Оған тағылған айып: ылғи көше белгілерін сақтамайсың, жүріс ережесін бұзасың деген сылтау болды. Жалакин оңайлықпен беріле қоймады. Алғашқы сәтте-ақ дауласа кетті. Инспектордың өзін кінәлады.

– Әй, сен көзіңді ашып қара! Машина кімдікі екенін білесің бе?

– Машина иесінде жұмысымыз жоқ. Ал сіз бөлімшеге барасыз. Жүріс ережесін қаншалықты білетініңізді байқаймыз, – деді инспектор.

– Өткен жолы да жаяу кісілерге жол бермей, осылай зымырап өткенсіз. Жазатайым біреуді басып кетсеңіз қайтесіз?

Бөлімшеге жеткенше Жалакин әлдекімге атаусыз тіл тигізіп, балағаттап отырды.

– Көше тәртібін мен емес, мына өздерің бұзасындар. Біздейге жасайтындарын, зорлық, өктем жала, көренеу қорлық! Сендей дүмбілездерге тыйым, тұсау салатын кісі

табылар. Күйлеріңнің қандай болатынын сонда көрермін!

Подполковник Шелковников отырған бөлмеге алып кіргенде, ол дағдарып қалды. Жұмсақ үнмен жалпылдап:

– Кешіріңіз, начальник жолдас. Осылардың маған әлі жетпейтіндей сізге сүйрелей берді-ау, – деп күлгендей болды.

– Көшенің жүріс ережесін бұзды дей ме?

– Мана таңертеңгісін аға лейтенанттың теріс қылығын өзіңізге айтып едім. Енді, міне, кешіне жетпей кек алып отыр.

– Мен олай ойламап едім. Отырыңыз. Сол таңертеңгі әңгімені жалғастырайық. Сіз машинаның желдік әйнегін ауыстырғаным жоқ деп едіңіз. Ал сарапшылардың қорытындысы бөлек, әйнек жаңадан салынған деседі. Бұған не айтасыз?

– Сарапшыларыңыз пенде емес пе? Олар да қателесуі мүмкін.

– Желдік әйнекті қайта салу себебіңіз қалай?

– Мен машинаның әйнегін ауыстырған емеспін. Өйтіп қиянат айтпасын!

– Желдік әйнекті ауыстырды дегеннен қандай қиянат таптыңыз? Экспертиза дәл көрсеткенін айтады. Әлде оны мойындай қойғаннан қатер келе ме?

– Өзім әйнек ауыстырғам жоқ. Соны ғана білем!

– Онда протоколға солай жазамыз.

– Немене, бұл тергеу ме, жауап алу ма?

– Сіз ауыр қылмыс жасағаныңыз үшін ұсталып отырсыз.

– Не қылмыс жасаппын?

– Жалакин орнынан атып тұрды.

– Шофер, қарапайым адам, әлсіз, оның қорғаушысы жоқ деп қамай бермексің бе? Өзің таппаған қылмысыңды маған жаппақсың ғой!

– Отырыңыз!

– Қылмысым жоқ. Бекер күйдірме!

– Өткен айдың он тоғызы күні қайда болдыңыз?

– Күн санайтындай күйге жеткенім жоқ. Алда жасайтын күнім бар.

– Сөйтіп, өткен айдың он тоғызында қайда болдыңыз?

– Он тоғызы қай күн еді?

– Жексенбі болатын. Сол күні қонақтан қайтып келе жатқансыз.

– Есімде жоқ.

– Онда сізге көмектесейін. Қырда отырған ағайыныңыздың баласы үйленіп, соған барып қайтуға машина сұрап алдыңыз. Қонақты сыйлау ежелгі дәстүр. Сіз рульде отырғаныңызды естен шығардыңыз. Түнеп жатып іштіңіз. Қайтатын күні молырақ жұтып алдыңыз. Түнде ешкім көрмейді, білмейді деп ойладыңыз. Машинаны бар екпінімен айдап келе жаттыңыз. Сол кезде біреу жолдың қақ ортасына жүгіріп шықты. Токтатпақ боп қолын көтерді. Сіз жалғыз емес едіңіз. Қасыңызда кісі бар еді. Ол да мас. Екеуіңіз дабырласып, мәз боп келе жатқанда жолға шыққан кісіні қағып кеткеніңізді байқамай қалдыңыз. Машинаның әйнегі сол кезде күл-паршасы шықты. Әрине, қылмыс ізін жасыру үшін әйнек ұнтағын сыпырып алдыңыз. Бірақ апат болған жерде шыны ұнтақтары қалған еді.

– Бәрекелді, беделді кісінің қайдағы ертегіні айтқанына таңым бар!

– Машинада қасыңызда отырған кім еді?

– Ешқандай кісіні білмеймін. Мен кісі қаққаным да, басқаным да жоқ. Ондай бәлеңді жаппа! Қылмысты десең дәлел айт, мойыныма қой, куәнді көрсет!

– Сөйтiп, қасымда ешкім болған жоқ дейсiз. Тойда кіммен бiрге болғаныңызды сұрап бiлу онша қиын емес қой. Мұны өз аузыңыздан естиiн деп едiм. Бәлкім, Александр отырған шығар?

– Қандай Александр?

– Банковты айтам.

– Ешқандай Банковты білмеймін.

– Қалайша білмейсiз? Бүгiн таңертеңгiсiн менiмен сөйлескеннен кейiн оған жолығу үшiн гаражға iздеп бардыңыз.

– Немене, милиция әйелiмнiң ағасымен жолықтырғысы келмей ме?

– Кiммен жолығам десеңiз де өз еркiнiз. Онда милицияның жұмысы жоқ. Бiрақ сiз Банковка: «Облыстан келген Шелковников деген бiреу әйнек жайында сұрады.

Өзі де анық білмейтін секілді. Аузыңа ие бол. Әйтпесе құримыз!» – деп ескертіп қойдыңыз. Сырт көзге қалаға бара жатқан соң, үйіне барып ақша алғандай көріндіңіз.

– Ағайын арасының алыс-берісінде милицияның жұмысы қайсы?

– Әрине, жұмысы жоқ. Бірақ қылмысты бүркеу үшін әдейі жасап отырсыз.

– Айып тағар айғағың жоқ. Қылмысты деп қорлама! Бұл кінәсіз жанға ауыр соққы. Нағыз бұзақың сайрандап жүр. Соны ізде, соны тап!

– Сіздіңше қылмыскер кім?

– Ол – милицияның жұмысы. Сол үшін ақша алып, нан жейді.

– Бүгін облысқа барып, ұзақ жол жүріп қайттыңыз. Шаршаған шығарсыз. Бұл әңгімені кейін жалғастырайық. Бірақ ойланыңыз. Әлі кеш емес. Қасыңызда куә барын ұмытпаңыз.

Келесі күні Жалакинді жауап алуға тағы шақырды. Қарасұр қатпа адам онан әрмен түтігіп, қарауытып кеткен. Сабырлы қалыпта отырған Шелковниковке ашулы көзін қадап:

– Сендерде әділеттік жоқ, жұмыстарың ақты арашалау емес, күнкөріс қамы боп кеткен. Шеніңді көтеру, орнынды сақтау үшін қылмысты шұғыл ашқан боп жақсы атты көрінбексің. Мені қаралап, ұстап беруге ниет қылғансың. Күштеп, көндіріп мойындатам дейтін шығарсың. Оңай ала алмайсың. Ақтығыма арымды салып айқасып өтем. Соны біл! – деді де, қабырғаға жотасын тіреп жайпақ орындыққа отыра кетті.

– Зорлық жасаудан аулақпыз. Заң қоспайды. Оны білесіз. Сіз фактіден жалтара алмайсыз ғой деймін...

– Шелковников стол тартпасынан фотосуретті алып, Жалакиннің алдына қойды. Жалакин ұлы Әлимен екеуі «Москвич» машинасының алдында тұрып түсіпті.

– Мынаны танысыз ба?

– Өзімді танымай соншама ақымақ боппын ба?

– Бала кім?

– Менің ұлым, Алик.

– Әли ме, Алик пе?

– Шешесі Алик дейді.

– Ал мына суретті қараңызшы, – деп Шелковников тартпадан екінші суретті шығарды. Мұнда Жалакин жалғыз түскен.

– Милицияға ұнаппын. Жалықпай түсіре беріпті.

– Алдыңыздағы бірінші суретке машинаның бұрынғы әйнегі алдында түскенсіз. Мұны үйіңізден таптық. Ал екінші сурет қазіргі машина әйнегі жанында түсірілген.

– Ерінбесе тағы түсіріп алсын!

– Енді оның қажеті жоқ, – деді. Шелковников қара сиямен бұрыштап сызған үшінші суретті шығарып жатып. – Байқасаңыз, бұл суретте әйнектің тас тиіп шытынаған орны арасында үш жарым сантиметр айырма бар. Әрине, мұның бәрі желдік әйнектің қирағанын жасыру үшін жасаған әрекет екені айқын.

– Мұндай ертегіні естігім келмейді.

– Сізге фактіні көрсетіп отырмын.

– Мұндай қисық сызығыңнан хабарым жоқ. Сарапшың әдейі теріс түсіріп жүрген болар. Соның қатесіне ілесіп мені кісі қақты, кісі өлтірді жасамақсың. Адам тағдыры ойыншық сендерге. Түкке тұрмайтын қайдағы сызыққа қарап кісіні сызып, өшіріп тастағыларың келеді. Бұларың факті де, дәлел де емес.

– Фактіні мойындайсыз ба, жоқ па, өз ықтиярыңызда. Айтқандарыңыздың бәрін бұлжытпай жазып отырмын. Протоколға қол қоятыныңызды ұмытпаңыз. Кінәні мойындау жазаны жеңілдетеді. Кейін кеш қаласыз.

– Мұны кешеден бері айтып келесің. Қылмыс жасамасам несіне кеш қалам? Жазықсыз жанды ұстағаның үшін нағыз айыпты өзің боласың!

– Әзірге сұрақ-жауапты тоқтата тұрайық. Ойланыңыз. Сонан соң айтарсыз.

* * *

Тергеу жүргеніне біраз күн өткен. Шелковников қылмысты деп таныған екеуді бетпе-бет кездестірмесе де жауаптары ылғи бір ауыздан шыққандай дәлме-дәл шығып

отырды. Олар ешқандай кісіні көрген де, қаққан да жоқ. Мұндай айып тағылғанына Банков қатты таңырқады.

– Қылмыс жасаған кісі осылай емін-еркін жүре ме екен? Сіз жаңылысып отырсыз. Тегі, кісі қаққан басқа біреулер болар, – деді.

– Арақ ішкендеріңізді жасырасыз ба?

– Қонаққа барғанымыз рас. Тойға барған соң...

– Сонан соң?

– Жайдары көңілмен ауылға тарттық.

– Тойға кім шақырды?

– Жалакиннің қазақ ағайыны. Өзім жақсы танымаймын.

Мен атқосшы ретінде бардым.

– Сонда Жалакинді танымайсыз ба?

– Неге танымайын, ол менің қарындасымды алып отыр.

– Қайтар кезде машинаға отырып жатқанда қызу екендеріңізді білмеді ме?

Бір қазақ шалы жолымызды кес-кестеп, «Әй, мына ноқайттарың жолда бірдемеге ұрынып қалып, жаласына қалып жүрерміз», – деп жібергісі келмеді.

– Рульде қайсың отырдыңыз? Сіз бе? Банков шошып кетті.

– Құдай сақтасын! Жалакиннің өзі отырған.

– Бұл сұраққа неге шошыдыңыз? Машина айдай білесіз.

Әлде...

– Жай, біреудің машинасын жүргізуге әуес емеспін.

– Қай жолмен жүрдіңіздер?

– Төтесінен тарттық.

– Жайлаудан түсетін тіке жолмен бе?

– Иә.

– Азамат Банков, шындықты айтпай отырсыз.

– Неге олай дейсіз?

– Жайлаудан қайтқан күні қатты жауын жауды. Лайсан жолмен «Москвич» түгіл ГАЗ-69 өте алмас еді. Сіздер Николаевканың үстін басып өтетін айналма жолмен жүрдіңіздер. Солай ма?

– Соны байқамаппын. Қай жолмен жүргенін Жалакиннің өзі жақсы біледі ғой.

– Оны сізден сұрап отырмын.

– Тауда жауын жауып тұрғанмен, село маңына келгенде күн ашық екенін білем.

– Жол үстінде машина нені соқты?

– Ондайын білмеймін.

– Желдік әйнек қалай қирады?

– Көрген емеспін.

– Әйнекті сол күні ауыстырдыңдар ма?

– Сұраған емеспін.

– Жалакинмен бетпе-бет жолыққыңыз келе ме?

– Көптен бері көргенім жоқ. Өзі аман ба?

– Оған кім тиюші еді? Дені сау, қуатты екенін қазір көресіз.

Аз уақыттан кейін милиционер Жалакинді алып келді. Ол отыра бергенде, Шелковников:

– Сіз Николаевканың жолымен жүрдік деп едіңіз. Банков басқаша айтады. Қайсына сенейік? – деді.

– Банков мас болатын. Жолды байқамаған. Қай жолмен жүрсек те сізге бәрібір емес пе?

– Айырма бар, азамат Жалакин. Екі село арасында машина аварияға ұшыраған. Кісі өлді.

Осы кезде Банковтын өңі құбылып, сұрланып кетті Төмен қарап, саусақтарын шыртылдатып үзе берді. Шелковников оған бұрыла түсіп:

– Азамат Банков бірдеме айтқыңыз келді ме? – деді.

Банков басын шапшаң көтерді.

– Жо-оқ, құдай сақтасын, мен дәнеңе білмеймін.

– Ауырып отырсаңыз, дәрігер шақырайық.

– Қажыдым.. Оңаша қалуға рұқсат етіңіз. Жалакин еңсесін көтеріп, шиыршық атып, сөйлей жөнелді.

– Азамат тергеуші, сарапшы қорытындысы дәлелді. Желдік әйнекті ауыстырғаным рас, – дей бергенде, Шелковников милиционерді шақырып, Банковты алып кетуге бұйырды.

– Айта беріңіз.

– Болған істі несіне жасырам. Мойындаймын.

– Қашан ауыстырдыңыз?

– Өткен айдың аяқ кезінде.

– Дәлірек айтсақ.

– Жаңылмасам, жиырма бесі шығар деймін.

– Қалай қирады?

– Нәпсіге тойым бар ма? Жеңіл-жеңсік жүрістен тыйыла қойған жоқпын. Осында қаладан келген бір келіншекпен танысып едім. Соны қалаға апарып тастайын деп асығып бара жатқанымда, алдымнан қодығымен есектің шыға қалғаны. Соны қақпайын деп бұрыла бергенімде шарбаққа барып ұрындым. Желдік әйнек қирап түсті.

– Әйел қайда тұрады?

– Адресін білмеймін. Осында таныстым.

– Куәсіз жауап оңай. Әйткенмен сәтті қиыстырдыңыз. Сіз айтқан жерде машинаның апатқа ұшырағаны рас. Бірақ ол «Жигули» болатын. Бұл аңызды неге айтқаныңызды түсінем... Біріншіден, сарапшылардың қорытындысына қарсы шығу қиын. Бұлтартпайтын нағыз айғақ сол. Қайткенде сенімді себеп айту керек. Екіншіден, Банковтың әлгіндей құбылып шошынғанынан қатты сескендініз. Ойын бөлгіңіз келді. Мұның бәрі жарамсыз тәсіл, қылмысты бүркей алмайсыз.

– Қылмыскер деп танысаң, айыбымды мойныма қой. Құрғақ сөзді мен де көпіртіп айта аламын.

* * *

Осылай іштей арбасу, бір сарынды жауаппен тағы бір жеті өтті. Шелковников басқарма бастығына өзі телефон соқты. «Іс барысы қалай?» деген сұраққа:

– Жылжу жоқ. Баяғы қалпы, Әбен Ердәулетович, – деп қынжылғанын білдірді.

– Ал мен көп арыздың астында қалдым.

– Онда не жазады?

– Екеуіміз заңды бұзғанбыз. Жазықсыздар қамауда отыр. Бүкіл милиция жалған жолға түскен. Қанқор Трухин бостандықта жүр. Олай болу себебі – Трухин жерлес, ағайын. Тағысын тағылар.

– Мұның бәрі жалған!

– Жалған десек, дәлелдейік. Ал машинаға желдік әйнекті ауыстырып салған қылмыс емес, Василий Ефсеевич.

Шелковников ауыр күрсінді.

– Ұғамын.

– Бір сарынды қойылған сұраққа жауапкер үйреніп алады. Жауапты жаттағандай соғады. Адамның ішкі дүниесіне үңіліп, кісілік, адамгершілік тұрғысынан келіңіз. Сонда ісіңіз алға жылжиды. Шелковников көп ойланды. Ол Жалакин мен Банковты қылмысты деп есептейді. Сонда тергеу ісінің тұйыққа тірелуі қалай? Әлде о баста істі дұрыс бастамай теріс желіге құрды ма? Екеуінің жауабы жіпке тізгендей бірдей шыға беретіні несі? Қайшылық таппауы қалай? Банковты Жалакинмен қатар қойып кінәлау дұрыс емес шығар. Жауап үстінде «Екі селоның арасында кісі өлді... Тірідей көміп тастады ма деп қорқам», – дегенде, Банковтың реңі бұзылды. Соншама абыржығаны қалай? Осы іске қатысы болған соң, шындықты айта алмай отыр ма? Шелковников машинаны шақыртып алды да, село сыртындағы кең жазыққа бет алды. Тілек пен Трухин отырған шөмеленің қасына келді. Күні бойы сол маңды ұзақ кезіп шарлады. Оқиғаның қалай өріс алғанын шамамен тағы болжап өтті. Тілекті машина қаққаны даусыз. Денені алысқа алып кету себебі де сол. Мас адам өлікті көміп әуреленіп жатпайды. Одан құтылудың онай жолын қарастырады. Сонда не істейді? Шыңырау құдыққа не суға тастайды. Тілектің денесін суға лақтырған. Бәлкім, ол өлмей есінен тана құлаған шығар? Шелковников келген сәтте Банковты жауапқа шақырды. Кешегідей емес, Банковтың өңі сынық еді. Шелковников:

– Жауап алуға қарсы емессіз бе? – деді.

– Жок.

– Александр Кузьмич, тірі адамды суға қалай лақтырып жүрсіздер? – дегенде, Банков үнсіз бадырая қарап, көзі шарасынан шығып кетті. Әлден соң кеудесін кере кең тыныс алып, – оны Жалакин айтты ма? Дымың ішінде болсын деп еді. Ақыры ар шыдатпаған екен де. Ойпырмай, шынымен кісі өлтірдік пе? – деп, екі алақанымен бетін басып отырып қалды.

– Айта беріңіз, тыңдап отырмын.

– Қалай кеш батса, таудан шыққан сол жаңғырық құлағыма келеді. Түні бойы ұйқтай алмай шығам. Тергеуге,

жауап алуға шақырса екен деп тілеймін. Сіз шақырғанда сөзге алданып, аздап тыныс алғандай болам, ауыр ойдан арылам.

– Жауап магнитофонға жазылады. Мұның бәрі қалай болды? Түгел айтып шығыңыз.

– Қайда жазсаңыз да мейлі. Тек үрей алған елестен құтылсам екен, – деп Банков сол бір түннің қайғылы оқиғасын айтып берді.

– Бірден мойындағанда мұндай күйге түсіп, қиналмас едіңіз.

– Жалакин жалғыз қарындасымды алып отыр. Одан басқа менде туыс жоқ. Әрі балалары жас. Күйеусіз әйелдің, әкесіз баланың күйі қалай болатыны мәлім. Соларды аядым.

– Суға тірідей тастаған Тілектің шешесі, туысы барын да ұмытпаңыз. Оларды да аяған жөн.

Банков үнсіз төмен қарады.

Келесі күні Жалакинді жауап алуға шақырды. Ол өзіне берік кісідей орындыққа нық отырды. Шелковников:

– Шындықты мойындайсыз ба? – дегенде, ол иығын қиқаң еткізіп:

– Бекер ұстап отырсың. Мойындайтын қылмысым жоқ.

– Банковпен араларыңыз қандай?

– Ол – менің қайнағам, әйелімнің ағасы. Егіз қозыдай татумыз. Екі үйдің арасында жік жоқ.

– Сенемін. Ол да сізді қадірлейді. Оның мына сөзін тыңдап көріңізші, – деп магнитофон тетігін басып қалды. Банков сайрай жөнелді: «...Әй, мынауың шошқа емес, адам ғой! Біз кісіні қағып кетіппіз!.. Кісі өлтірдік. Құрыдық енді. Түрме түбінде шіритін болдық!..» Жалакин жатып кеп тулады.

– Мұның сөзі жалған! Өтірік! Бұл шірікті жәбірлеп қорқытқансың! Жала жабуға күштегенсің! Мен кісі өлтіргем жоқ!

– Жалакин подполковник Шелковников зекіп, қарсы дау айта ма дегендей сәл бөгелді. Шелковников Банковты

алып келді. Банков сынық, кінәлі түрмен:

– Сен, Виктор, өйтіп кісіні бекер даттама. Қылмыс үстіне қылмыс жалғап қайтесің. Ертең Талды өзенінің түбін сүзсе, өліктің денесі табылады. Біз тірі адамды суға тастадық.

– Өй, ит, сен не оттап тұрсың? Бүйтіп туыс болғанша құрып қал! Мені су түбіне кетіркемек екенсің ғой! Сен де жазадан құр қалмайсың. Екеулеп өлтірдік!

– Мейлі, сол жазасын алып тынайын. Арым таза болсын.

– Былшылдапсың!

* * *

Бұл өзі көп түйінді қиын іс еді. Милиция жұмысының тағы бір қиындығы қылмысты ашумен бірге, бұлтартпайтын айғақты дәлел табу керек. Тілектің денесі табылғанда ғана қылмыс айыпкердің мойнына қойылған болып есептеледі. Талды өзенінің табанын сүзіп шығу үшін Алматыдан әдейі сүңгігіштер шақырылды. Олар қайта-қайта өзенге түсіп, Талдының түбін кезді. Кісі денесі табылмады. Сүңгігіштер әр жолы тот басқан мылтық, жүзі қайрылған қылыш, шалшыққа көмілген пулемет алып шығады. Бұл 1920 жылдары атаман Анненков пен генерал Дутов Жетісу жерінен қашқан кезде қалған қанды күндердің ескерткіші еді...

Мамандар жиналып ақыл қосты. Салмағы кісі денесіне шамалас зат суға тасталды. Жалакин мен Банков көрсеткен жағадан екі шақырымдай барғанда су түбіне батып кетті. Сүңгігіштер сол жерге түскен кезде иірім түбінде жердің жарықшақ қуысында бүгіліп, бүрісіп қалған кісінің денесін тапты. Тілектің денесін жағаға алып шыққанда, Банков бетін басып жылап жіберді.

– Қандай қатыгез сорлы едік. Құрыдым ғой енді!

Шелковников естірте қысқа жауап қатты:

– Арақ түбі – азап!

КӨМЕСКІ ІЗ

(аңгіме)

I

Снаряд жарықшағы тиіп, қайтыс болған барлаушылар тобының командирі Сүлейменовтың планшетында құпия соғыс картасы жоқ болып шықты. Онда жаудың қорғаныс бекінісін және Н. әскери құрамының шабуыл алдындағы күшін толық көрсететін соңғы мәліметтер бар еді. Бұл жайсыз оқиға майдан штабына шұғыл хабарланды.

Бірнеше сағаттан кейін құрама штабының жаңа қоныс аударған жеріне тергеуші майор Родионов келді. Штабқа келер алдында полковник Ильин оған:

– Сөз жоқ, Сүлейменовтың мезгілсіз қайтыс болуы зор қайғы, ауыр қаза. Бұл соғыста солдат жүрегіне дақ салған шерлі мұң аз ба!? Қазір жеке адам емес, құрамадағы бүкіл солдаттың тағдырын ойлауымыз керек. Карта жат жанның қолына түсе қалғанмен жау күшіне жетпеуге тиіс. Қайткенменде жолын бөгеуіміз керек. Тергеудің алғашқы қортындысын ертең осы сағатта хабарла. Іс сәтті болсын!– деді:

Полковник Ильин күнілгері пікір айтып, білгішсінген кісіні жарата қоймайтын. «Алдымен ақиқатқа жет, сонан соң қалай долбар құрсаң да еркін!»– дейтін. Ильиннің осы сырын білетін майор сұрақ қойып, сөз қосып қажамады бұйрықты тік тұрып қабылдап, үнсіз шығып кетті. Ахмет Сүлейменов алғыр жігіт еді. Әрбір істің анығына жеткенше тыным көрмейтін. Штабқа келіп-кетіп жүргенде Родионовтың Сүлейменовке бір-екі мәртебе жолығып сөйлескені бар. Шұғыл, маңызды істе тәуліктің жиырма төрт сағатын міз қақпай өткізуге бар еді. Майор Родионов құрама штабына келе жатып, капитан Сүлейменов туралы, осы сәтсіз оқиғалар туралы көп ойлады, сырт естуі бойынша әрқилы долбар құрды. Бірақ, картаны кім алды?

Жасырынған жау кім?– деген сұраққа мүдіріп, жауап таба алмады. Тергеу үстінде анықталар деп сенген еді. Әйтсе де, қаншама тәптіштеп сұрап, бағдарласа да білгені өз естігенінен артың болмады. Куэлар сөзінде алшақтық жоқ. Мұндай істе асығыстық қатеге апарып соғатынын өз тәжрибесінен білетін Родионов өткен түнгі қарауыл бастығын тағы да шақыртты.

Жүріс-қимылы шапшаң, бұйра шашы оңжақ шекесіне дүрдие қайрылған, жүзі жылы, балалық мінезден әлі арылмаған лейтенант Маляр, аса күйзелткен қайғыдан ба, блиндажға сылбыр, жай басып кірді. Ешкімге қарамастан, Родионовтың қарсы алдындағы орындыққа шынтақтай барып отырды. Өзімен өзі болып, іштей күйінген жайы бар. Көзі қызарып, ұзын кірпігі әлсін-әлсін жыпылықтайды. Жастыққа тән таңдаудан да, талғаудан да безгендей, бос кетіп, күрт түскен. Інісінің өлімі, қарауыл бастығы болған кездегі осы сәтсіз оқиға жас адамды іштей жеп, тонап тоздырып кеткендей. «Бұлай күйіну – тәсіл шығар!» – деп күдіктенді Родионов.

Бірақ Малярдың осы күдікті жоққа шығарғысы келгені немесе барлық айыпты күйініш үстінде өзіне таңып алғалы отырғанын білу қиын. Әдетте тергеу ісі мүләйімсуді емес, шындықты керек етеді. Адал болып айыптымын дегеннің де пайдасы жоқ. Бұл ізіне түскен жауды құтқару. Дәл қазір осы жайларды лейтенантқа айтып түсіндірудің қиындығын білген Родионов алғашқы сөзді Малярдың өзінен күтті. Еңкейіп үнсіз отырған лейтенант басын оқыс көтеріп, Родионовқа суық жүзбен тесіле қарады да:

– Тыңдап отырмын, жолдас майор! – деді.

– Мені ме? – деді Родионов сәл езу тартып.

– Байқауымша, тыңдағыңыз келмейтін сияқты. Солай емес пе?

– Қалайша? Мен...

– Я, Сіз! – деді Родионов оның сөзін бөліп. Көзілдіргін папканың үстіне қойды да: – Басқаны былай қойғанда, штаб офицері картаның зым-зия жоқ болуының арты неге соғарын жақсы білуі тиіс. Көзілдірігін алғандықтан ба, әлде алғашқыда өзі аңғармады ма, майордың өңі Малярға

суық көрінді. Ол көпсіген дудар шашын қайырып:

– Мен бәрін де айттым ғой, жолдас майор, – деді.

– Ешнәрсе де айтқан жоқсыз, құлағым сізде! – Маляр айтпадым ба дегендей тандана қарап, сәл күмілжіп отырды да, болған оқиғаны баяндай бастады.

– Сағат түнгі он екі, смена ауыстыру уақыты болатын. Әрбір постыға күзетшілерді қойып болған соң Миша екеуміз... – Маляр күйінішпен төмен қарады. Сілекейін жұтынып бұлығады.

– Сізді тыңдап отырмын. Айта беріңіз, – деді тергеуші салқын үнмен көз айырмай.

– Я, сержант Маляр екеуміз штабқа келдік. Постыға тұру кезек соныкі еді. Постыны қабылдасымен өз сменасын ауыстырған аға сержант Ефремовпен қарауыл үйіне қайта оралдық. Темекі тартып жатқаным сол еді, гуілдеген дыбыс шығып, бір снаряд ұзап барып жарылды. Жатқандар тыпырлай тұрып, дүрліге қалысты. Тысқа шығып, күдік алған жаққа мойын созып, үңіле қарап едім. Айнала-төңірек тым-тырыс. Суық желден әлсіз бұтақтар тысырлап сыбдыр қағады. Жұлдыздар көрінбейді. Көкте бұлыңғыр бозғылт тұман бар. Бір кезде жаңа туған айдың қиық ұшы көрініп еді, ол да қоюлана көңілсіз жылжыған ала бұлт сыртына көміліп жоқ болды. Босаға жақта автоматын тазалап отырған Ефремов ілесе шығып:

– Адамдар снаряд болар, елегізбеңіз! – деді. Неге екені белгісіз, аға сержанттың осы тоқтау сөзінен соң қапаланған көңілсіздік басты мені. Маңымда жан жоқтай түршігіп, елегізе берем. Постыны аралап шықсам деген ой келді. Сол сәтте алыстан қосарлап дыбыс берген алты стволдық неміс минометінің жағымсыз үні естілді. Блиндаждағылар тасырлай жүгіріп, траншеяға құлады. Мені де біреу сүйрелей жөнелді. Қарасам Ефремов екен. Шашырап қою жарылған снаряд жарықшақтары қарағай бұтақтарын тіліп, шоғырланған көк түтінді аспанға шығарады. Тоңы көтерілген жер жиіріліп дір-дір қағады. Ыңғайлы жату үшін бас көтеріп қалып едім. Сол жақтан қызыл жалын лаулап көтеріліпті. Жата алмадым дәтім шыдап. Онда қару-жарақ қоймасы бар болатын. Траншеядан шыға өрт

лаулаған жаққа жүгіргенімде әлде біреудің шақырған даусын естігендей болдым. Қоймадағы күзетші ме десем, жоқ ол орнында екен. Снаряд жасанды далдаға түсіпті. Күдік алып штабқа қарай қайта жүгірдім. Келсем, постада ешкім көрінбейді.

– Миша, Ми-ша-а, сержант Маляр! – деп бір-екі рет шаңырдым. Жауап бермеді. Траншеяда ма екен деп штаб алдынан бұрыла беріп едім, өлікке кездестім. Басын сипалағанымда қолыма жылы қою қан жабысты. Шашынан таныдым. Сүлейменов екен. Жайсыз жайды сезді ме, бұға жүгіріп Ефремов те келді. Екеулеп Сүлейменовтың денесін штаб блиндажына кіргіздік. Планшетасы ашық. Оның іш жағында қанмен басылған бес саусақтың таңбасы бар.

Родионов иек көтере, сығырая қарап:

– Смена ауыстыру кезінде ешкімді кездестіре алмадыңыздар ма? – деді.

– Күзетшілерден басқа жан адам болған жоқ, – деді лейтенант.

– Өзіңізді шақырған дауысты есіңізге түсіріңізші, мүмкін таныс болар?

– Жаңғырып естілді, кімнің дауысы екенін аңғара алмадым.

– Сізді көмекке шақырған біреу болар?

– Білмеймін...

– Айта беріңіз.

– Ия, сонан соң Ефремовты штаб блиндажы алдында қалдырдым да, сержантты іздедім. Бұл кезде атыс тоқталған еді. Бірақ таба алмадық оны. Емен түбіндегі шұқырда жатқан өлікті ертеңіне көрдік.

– Көмдіңіздер ме?

– Қорқақтық жасап постыны тастады. Бірақ, менің інім ғой ол. Мен тек топырақпен бетін жасырдым. Бір емшектен сүт емген бауырым ғой, білсеңіз... Қимадым. Кешірім сұраймын, жолдас майор. Мүмкін, мен дұрыс істемеген шығармын...

Күдікпен тәптештеп тергеу Малярға қаншылықты ауыр тиетінін сезсе де, дәл қазір лейтенантты ақтарлық негіз де жоқ. Өз інісін көмекші жерге емес, штабқа неге қояды?

Оның қорқақтығын ағасының сезбеуі қисынсыз. Әлде бұл осындай әрекет жасаудағы сыбайластық па? Әйтпесе көз алдында, картаны алып жатқан суық қолды кіші Малярдың білмей қалуы мүмкін емес. Мұның бәрі, неде болса оның қатысуымен болған жай. Шамамен былай долбарлауға болады: капитан Сүлейменовтың штабқа келетінін күн ілгері білген. Ессіз-түссіз жараланғанын пайдаланып, картаны алысымен біржола кетуге әрекеттенді. Жолда кіші Маляр сәтсіздікке ұшыраған. Әрине, оның қасында екінші бір адам болуға тиіс. Өйткені мұндай қылмысты істі дара жасамайды ол. Сонда оның қасына ерген кім? – деді тергеуші өзіне өзі сұрақ қойып. Өзі айтқанындай інісімен арасында жасырарлық ешқандай сыр болмаса, лейтенант Малярдың бұл оқиғаны білмей қалуы мүмкін емес. Олай болса мұның да қатысы бар. Сонда оған күдік туғызу дұрыс болып шығады. Алғашқыда осындай ойда отырған тергеуші, Маляр кеткеннен кейін өз долбарының тым жүдеулігін сезгендей жаңа тұтатқан папиросын тарбиған аласа пешке қарай лақтырып жіберді. «Жақсы мен жаманды айыра алмайсың. Тәжірибелі деп маңызды істі тапсырды-ау саған!» деп майор өзін-өзі табалай, күйіне күбірлеп сөйледі. Ол алдында бытырап жатқан кіші Малярдың уақ-түйектерін иық қабына қайта салды да:

– «Аққайың», «Аққайың!» Мен Родионов. «Орелді» жалғастырыңызшы, – деп трубку алды. Әлде кімнің дауысы естілді. Зайцеваның дауысын таныған майор:

– Болымсыз іске көмектесуіңізді сұраймын. Мүмкіндігіңіз болса, дәл қазір күтер едім. Ол жақтан келісім берген болу керек, майор тысқа асыға шықты. Ординарец Ефремов пен лейтенант Малярды шақырып келуге жіберді. Аласапрандағы қауырт көшу кезінде бір із он рет тапталып қалғанын білсе де, майор штабтың бұрынғы тұрған жеріне барып қайтуды ұйғарды.

II

Ауа тынық. Жел жоқ. Қою қарағай үстін басып, күн биік көтеріліп келеді. Жаңа орынға көшкен штаб машиналары мен қоймалары үшін айғыздала қазылған орлардың үстіне

бос шыбықтар тасталып, қымтап жасырылған. Өзінің жабайы өңінен айрылмаған тоғай іші. Төңіректен қылау таппай тұрған Родионовты дәл қарсы алдындағы көрініс еліктіріп, еріксіз тартты. Алыс жолдан келген болу керек, үлкен жабық жүк машинасы күн ілгері әзірлеп, қазылған орға бар жүрісімен құлай кірді. Қиын-қыстау кезеңде тез шыға ма дегендей шофер машинаны кейін жылжытып еді. Дөңгелегі дымқыл топыраққа батып, машина орнынан қозғалмады. Осы жерде жайдары жазды өткізетіндей бүркеу торын құрып, үш-төрт адам әр бұрышына жабылып, қазық қаға бастады. Сол сәтте сықылықтап күлген әйел қорабтың тапал есігін серпе ашып, машина үстінен секіріп түсті.

– Қарай гөр, қалай секіреді! – деді көз алмай қарап тұрған тергеуші басын шайқап. Парашютпен түскендей, тізе бүгіп, жантая секіреді, тіпті қалықтап ұшып келе жатқандай. Мына түрімен екі-үш метрлік биіктен де сескенбей секіреп?

– Мүмкін! – деді Родионов өзіне-өзі. Қыздың әрбір қимылы еркін. Ол ерке жандай зілсіз, бос күліп, әркімге сүзіле қарайды. Көнетоздау жеңіл киімді ажарлы жүзін ашу үшін әдейі киген тәрізді. Мүсінді денесіне жарасқан. Желкесіне шоқтап ораған шашының ұшы қобырай түсіп сән береді.

– Сұлу қыз, солай емес пе, Виктор Леонидович? – деді жай басып қасына келген Зайцева, сұқтана қарап тұрған тергеушіге. Өзі де толықсып ауыр тартқан денесімен ентелеп, әжімді жүзін тосып, әлгі қызға тамашалай қарап қалыпты. Осы бір сәттегі көрініс оған сонау елесін қалдырған ыстық бір күндерді еске түсіргендей еді. Ол кезде бозбалалар қазіргідей «Жолдас Зайцева» демей, жай ғана «Галя!» деп сыбырмен айтатын. Дәл алдындағы қыздай көп жанға ерке еді. Қазір ше? Қазір шөлмекке оралған жіптей уақыт өтуде. Сол бір жастық енді өзінің ескерткішіне бурыл шаш пен сыпайы құрмет белгісін қалдырып, көнетоз майдан соқпағындай көз жетпес артта қалды.

– Ия, тегінде өз ажарына ренжімейтін болар, – деді

Родионов жастығын аңсаған дәрігерге сұрақты жүзбен.

– Жастар ғой! Өмір қызығы енді басталды бұлардың, – деді машина жанына келгенде Зайцева жылы үнмен қыздың сықылықтап күлген үніне қайта-қайта құлақ тосып. Тасада тұрған машина келгенде Родионов бұрылып карап еді. Маляр мен Ефремов арт жаққа барып отырыпты. Кабинаның есігін ашып, Зайцеваға шофердің қасына жайласуға көмектесті де, өзі Малярдың жанына барып сығысты. Жол бойында тергеуші Малярдың жаңағы берген жауабын, тағы да есіне түсірді. Ол картаның жоғалғанына құр дүрліккені болмаса, оған мән бермейтін сияқты. Мүмкін бұл өз жауапкершілігін, тіпті, өзінің қылмысты ісін бүркеу тәсілі шығар. Өйткені өткен түнде капитан Сүлейменовтың штабқа, келіп, жоғарыға ақбар беретіні тек қарауыл бастығы мен штапта тұратын күзетшіге ғана белгілі. Басқа еш адам білмейді мұны. Егер де бұлай болса, лейтенант Маляр өз інісін штабқа күзетшіге әдейі қойған. Картаны қолға түсіргеннен кейін ағайынды екеуі бір жола кетуді көздеді. Бірақ...

Бірақ картаны қолға түсірісімен зытқан кіші Маляр сәтсіздікке ұшырады. Ал, ұшқалақ інісінің картаны алғанына, я алмағанына күмәнданған Малярдың үлкен Сүлейменовтың планшеткасын карап жатқанда сержант Ефремов келіп қалады. Сөйтіп оның кетуіне бөгет жасаған. Бұл күдік дұрыс болса, қазір Малярдың үлкені аржаққа өтер сәтті жайды күтуде... Майор ойын:

– Анау емен түбіне қарай бұрылыңыз! – деген Малярдың сөзі бөлді.

– Жоқ, одан да осы жерге тоқтағанымыз дұрыс болар, – деді Родионов. Машина екпінмен теңселе барып тоқтады. Тергеушінің қимылынан оның айтар сөзін ұқты ма, Зайцева мен Ефремов шофер жанында қалды. Родионов штабтың бұрынғы жерін, қарауыл үйін көруге кетті. Тоғай ішін күйік исі басқан. Жол шетінде снаряд жәшіктері бос төңкерілген. Тоғай іші машина дөңгелегімен осылай айғыздалыпты. Босағасы қопарылған аласа блиндаждың жанына келгенде:

– Қарауыл үйі осы болған, – деді Маляр сұқ қолымен

аузы үңірейген тапал блиндажды көрсетіп. Қарағайдың тапталған тікенек көк бұтақтары мен қайың жапырақтары босағаға дейін шашылыпты. Қоңыр, жылы леп келеді блиндаж ішінен. Темір пеш орнындағы күлмен араласып, майлы шүберектер шашылып жатыр. Тергеушінің назарын аударғаны – шала тартылған папиростың қалдығы болды. Өткен кештегі тасталған темекі емес. Аз уақыт бұрын тартқан тәрізді. Күл жабысқаны болмаса, суланған жағы сарғыш тартпаған. Темекіні тартқан кім? Қашан келіп үлгірді бұл жерге? – деген ой келді Родионовқа. Малярға карап еді, ешнәрсені аңғармағандай көңілсіз тұр. Қазір қоймада «Қазбек» пен «Дели» папиростары ғана бар. «Беломор» папиросының түспегеніне айға жуық уақыт өтті. Тек осы сәтсіз оқиға алдында лейтенант Маляр посылкамен бірге бес пачка «Беломор» папиросын алған. Егер де мұны бұдан қырық-елу минут бұрын тартылған қалдық десек, лейтенант Маляр бұл жерге қалай келіп үлгермек? Өзінде отырған жоқ па еді бұл уақытта ол? Тергеуші блиндаж маңын, штаб тұрған орынды зер салып қараса да, осы жаңа тартылған папирос қалдығынан басқа күдік қалдырарлық ешнәрсе таба алмады.

Кіші Малярдың денесі көмілген топырақты ашпастан бұрын Родионов тағы да төңіректі мұқият қарап шығуды ойлады. Өлік жатқан жерден он қадам жүргенде көмескі, бірақ жаңа ізді көрді. Бір ғажайыбы, сол аяқтың таңбасы жоқ. Түскен көмескі ізге қарағанда, бұл жақты шарлаған жан қырқыншы размерлі етік киеді. Салмағы алпыс сегіз килограмм. Орта бойлы. Бет әлпеті, шашының түсі белгісіз. Бұл сырды өліктің өзі ашып беретініне сенген тергеуші кіші Малярдың денесіне көмген топырақты аса ұқыппен сыпырды. Бетіне жапқан брезентті көтергенде өлік қарысып жатыр екен. Өмірінің соңғы минутында қинала, тістеніп құлаған тәрізді. Оң жақ ұры тісі дүрдиген ерінін тіліп, айқасып кетіпті. Солған салалы саусақтары түйіле жұмылып, кеудесінің үстінде жатыр. Родионов әлсіз жұмырық арасынан екі тал қылды суырып алып:

– Енді шашының түсі, бет әлпетінің қандай екенін білуге болады! – деп көтеріле сөйледі. Арнаулы табли-

цасы-ақ шаштың ұшы қырқылмағанын және ұқыпты күтетін адамдікі екенін бірден есептеп шығарды. Шашты алдырмай ұзын қоятын кім? Әрине, бұл әйелдердің ісі. Егер де картаны ұрлаған әйел десек, сонда оның салмағы алпыс сегіз килограмм болғаны ма? Және қырқыншы етік киеді өзі? Әлде бұл жаңғыз аяқпен секіргенде жерге нығыздалып түскен жалған таңба ма?

Жұмбақ ой шарпыған Родионов ілмегі шала ілінген жейденің сары түймесін көтергенде өлік кеудесінде бос жатқан картаны көрді. Құпия соғыс картасы!

Тергеуші өзімен бірге жүруге шақыртқанда Малярдың үлкені ол блиндажда оңаша, жалғыз отырған-ды. Осындай отырыста жымия күліп Миша келуші еді. Сағынышпен жалтақ қараса да көрінбейді ол. Дәл қазір бір көрінсе ше? Алма ағашының басына шығып, түбі жоқ шелекті барабан етіп соғамын деп шекесін істіргенін де, кеше күзетке келер алдында байқамаған болып шалып жыққанын да кешірер еді. Тіпті өзімен бірге жасасқан тете інісінің тентек қылығынсыз қалай жүрмек. Оның әрбір ісі қонымды, жарасымды болатын. Осының бәрі енді, міне, жегідей жеген күйік қалдырды.

Родионовтың жедел шақыртуын естігенде Малярдың үлкені таңырқай қараған. Ешкім қолқа салмай-ақ өзі де оның жатқан жеріне барып қайтуды ойлаған еді. Ұмыт нәрсені айтып қалуға асыққандай Мишаны өзіне шақырғаны қашан?.. Інісінің бетін ашып жатқанда жеңіл себілген топырақты сілкіп, ұшып тұратындай көрінген оған. Жоқ, қозғалмады ол. «Миша, мен Сережа ғой, тұрсаңшы. Мамаң күтіп тұр. Білесің бе, сенсіз оған қандай ауыр! Сенің күнделік жазған бұрыштағы столың да бос тұр» – деп суық маңдайынан сипап тұрғызбақ еді. Майор картаны суырып алғанда:

– Миша, мұны алған сен бе? Жо-жоқ, ол емес. Естисіздер ме? Ол емес... Ой, опасыз Миша! – деп Сергей қолын шок қарығандай көз шарасы жасқа толып, ыршып түсті. Аспан төрін бұлт қаптап кеткендей. Астан-кестен болып әлем көшіп барады. Өзі тұрған қалың тоғай да бұлдырап шыр

көбелек айналғандай. Лейтенант тәлтіректеп барып, емен бұтағына жармасты.

– Опасыз кім? Сержант Маляр ма? – деді Родионов жара орнын саусағымен шұқылап көріп, «Сержант» деген сөзді көтеріңкі үнмен айтты. Тергеушінің бұл сөзін лейтенант та, Ефремов та аңғармады. Тергеуші көз қиығымен дәрігерге қарап еді. Ол да таңырқап қапты, шынымен Малярдың үлкені інісін өлтіргені ме? Одан басқа ешкім де «Беломор» тартпайды. Бір жүз жиырма бес папиросты жанға ұсынбай өзі тартқан. Қазіргі белгіге сенсе «опасыз» оның өзі болып шығады. Және бұдан бір сағат бұрын осы маңға келіп, соңғы папиросын тартқан. Сөнген темекіні қайта тұтатуға сірінке таппады. Папиросты ызамен қақ бөліп, лақтырып тастады. Ол өзінің келген ізін жасыруға тарысқан. Бірақ бұдан бір сағат бұрын лейтенант Маляр майордың өзінде жауап беріп отырған жоқ па еді? Одан бір минут та көз жазған емес. Қазірде де ол өзінің қарамағында. Інісінің денесін машинаға салып жатқанда:

– Миша, осыны істеген сенбісің? Әй, Миша-а! – деп Сергей еменді қапсыра құшақтай отыра кетті. Ол көз шарасы жасқа толғанын да, сызды жерге отырғанын да сезбеді...

– Күтпеген қортынды, – деген тергеушінің сөзі шықылдап естілді оған. Машина жанына келгенде Родионов эксперт дәрігерге:

– Қортындысын тездетуге болмас па екен? Ертең сізге барып қайтайын.

– Отырмайсыз ба машинаға, сиямыз ғой бәріміз. Жолда түсіп қаларсыздар.

– Жоқ, біз жаяу барамыз, шофер экспертиза станциясына апаратын жаңа жолды біледі. Тек қортындысын кешіктір-меңіз.

– Түсініп тұрмын, – деді Зайцева ойға шомған тергеуші жүзіне сыпайы қарап. – Ертең, айтқан уақытыңызда хабарласыңыз. Машинаға газ беріліп, орнынан жылжығанда Родионов қасындағы Ефремовпен тоғай ішіндегі соқпаққа түсті. Маляр басын төмен салып, бұл екеуінің соңынан сылбыр басып бара жатты.

III

Карта табылды. Әрдайымғы тынышсыз әрі қажытар осындай істен соң қамсыз тынығуды жақсы көретін Родионов, бір сәт көз іліндірмек еді. Екі шекесі сыздап, көп тартқан темекіден бе, датты дәм аузынан кетпей қойды. Тұла бойы босаңсып ауыр тартады.

Бірақ жинақы, жұмыс қалпын көрсеткен блиндаж іші сергітті ме, шинелін босағадағы жалғыз шегеге іліп, столға қайта отырды. Өзіне қойған алғашқы сұрағы:

– Кіші Малярға карта қалай тап болды? Картаны алған жау оның көшірмесін түсіре алды ма? Ол сержанттың иық қабын ақтарып, әрбір затты мұқият тағы да қарады. Оның ішінде артық ешнәрсе жоқ еді. Қола қасық, солдаттың мыс котелогі, мұқабалы дәптер мен ұшы шығарылған қарындаш. Постыға тұрар алдында отырған болу керек, анасына жазған асығыс хаты бар.

«Құрметті мама! Сен маған хатты сирек жазады деп ренжіп жүрсің-ау деймін. Байқасаң, жеті сайын жазып тұрамын ғой. Менің хатымды ендігі алған да шығарсың. Мен бүгін сенен тағы да хат алдым. Көп-көп рақмет, мама!»

«Сары қызың кім?» деп сұрапсың. Ой, мама, қызықсың өзің, әлгі менімен бір партада отырған қыз ше? Ә, енді есіңе... Түсті ме?» деп Родионов хатты жалғастырып оқыды.

Баланың тәлімді тәрбиесі көрініп тұр. Анасынан жасырар бөгде сыры жоқ. Қуанышын да, күйінішін де, сүйінішін де асыға айтып, алдына жаяды ананың. «Сары қыз» деген сөзден кейін жақша ішіне «Мама», бұл туралы Сережаға айтпа, ол біздің командиріміз ғой, тіпті қатаң өзі. Кезексіз бір наряд алып қалып жүрермін» депті. Хатқа карағанда, Малярдың кішісінің ағасына деген наразылығы емес, аса бір сүйсінгендік мақтанышы аңғарылады. Егер де шалағайлықпен «карта табылды. Жау анықталды» деп, істі бітіре салса, алыстағы ана күйінішінің шегі бола ма? Ұл өлімі емес, ар өлімі күйіндірмей ме оны. Майданда

қол ұстасқан қос ұлым бар деп қалай айтады. Сор үшін емес, ел үшін өсірген жоқ па, ана өз ұлдарын!? Іс туралы, қылмысты іс туралы және алыстағы ана туралы көп ойлап, ұзақ отырды тергеуші. Оған дәл қазір «ұлың адал» деп кесімді пікір айтуы да қиын. Екі тал шаш, көмескі із – қойнына карта жасырған кіші Малярды ақтай да, жақтай да алмайды. Өз тәжірибесіне сүйенген тергеушінің күдігі ғана бұл. Егер де Маляр кішінің жаумен ешқандай сыбайластығы болмаса, құпия карта қалай тап болды оған? Ой үстінде қалдың темекіні әрі-бері уқалап отырған майор:

– Николай Толстов! Шам жақ, – деп орнынан ұшып тұрды. Ординарец жіңішке сым темірдің ұшын аккумуляторға тигізгенде электр жарығы шағын столға мол сәулесін төкті. Жұқа қағазымен сыдырыла бөлінген темекіден көз алмай тұрған Толстовқа:

– Көрдің бе жаудың айлакерін. «Дели» темекісін «Беломор» сабағына жапсырыпты, ойлап тапқанын қарашы. Бірақ ол өзін әшкерелеуге осы ісімен біраз мағлұматтар береді. Толстов өз бастығының ерекше іспен келгенін білсе де кінәлі кім, жоғалған карта оның қолына қалай тез түсті, қалдық темекінің сыры неде? – бұл жайларды білмейтін. Ол майордың жайбарақат отырысына тамашалай қарап:

– Шынында солай, – деп таңдана жауап берді. Дәл қазір лейтенант Малярдың айтқаны дұрыс сияқты. Оқыс кездескен қауыпты жай сержант Малярды постыны уақытша қалдыруға мәжбүр еткен. Тергеуші шамамен былай жобалады:

Салқын түн. Қарауыл үйінен тынық келген сержант сергек басып, төңірекке сығалай қарайды. Міне, бір снаряд мүлгіген тоғайды жаңғыртып, зуылдап етті. Бұға қалып еді, ұзап барып жарылған екен. Автоматын қыса ұстап әлде бір нәрсенің болатынын сезгендей көреген солдат елегізіп тұр. Ауық-ауық құлақ түреді. Дыбыс жоқ. Жылжып блиндаж есігінің алдына жақын келді. Сол сәтте аяқ астынан көтерілгендей қызыл шоқ шашырап жан-жақты қармап алды. Үрейлене бұрыла қарап, траншеяға секіріп түсті. Снаряд жарықшақтары түскен жерін күйдіре,

быжылдап шашырайды. Өзінің постыдағы жауаптылығын сезді ме, әлде атысқа бой үйренді ме, бір көтеріліп қалып еді, құлай жүгіріп, бүкшеңдеп біреу келеді екен. «Токта, келе жатқан кім?» – деп дауыстады. Бірақ қарандаған жан дыбыс бермей, жақындай түсті. Сержант блиндаждан секіріп шығып, автоматын кезеді. Жүгірген адам көз талар жерге жетіп құлады. Бұл – капитан Сүлейменов еді. Сол кезде оның жанынан екінші біреу тап болды. «Құлаған адам жараланды ма?» деп Малярдың кішісі қасына барғанда көлеңкесі көрінген суық жүрісті адам тұра қашты. Бір сәт постыны қалай тастарын білмей тұрып қалған кіші Маляр кешігіп барып, соңынан өкшелей қуады. Қуып жете бергенде «лейтенант», «Сережа» деп бар дауысымен айқайлады. Сөз жоқ, аласапыран кезде өз інісінің даусын лейтенант Маляр шалыс естіді. Ентіге жүгіріп келе жатқан сержант Маляр болымсыз сәулеге бұрылып қарап еді, біреу бүйірінен осып жіберді. Екпінімен жармасқанда қолына екі тал шаш қана ілінді...

– Сержант Маляр жау қолынан өлді!

Тергеуші әрбір фактыны салыстырып, ойын осылай түйді. Сөз жоқ, жау құпия картаны қолға түсірісімен біржола кетуді көздеген. Бірақ атыс кенет тоқталып қалып, адамдар даусы естіліп, оның бұл ісіне кедергі келтірген. Карта қолда. Бірнеше сағаттан кейін штабтың жаңа қонысқа көшетіні белгілі оған. Егер де асығыс көшу кезінде сержанттың өлігін таба қалса «опасыз қорқақ!» ретінде көме салады. Тексермейді. Інісі қорқақтың ағасын ешкім де жақтамайды және ол сол күнгі қарауыл бастығы. Ағайынды Малярға күдікті көбейту үшін оның ролінде ойнау қиын емес. Міне, жаудың ойы осы болған. Тегінде ол лейтенанттың әрбір белгісін жете білген тәрізді. Сондықтан аңдыған жауға лейтенант Малярдың алпыс сегіз килограмдық салмақ ізін айнытпай түсіру үшін сондай етік киіп, оң аяқпен секіру қиынға түспеген. Оның бір шатасқан жері папиростың қалдығын жасанды түрде тастағаны. Алғашқыда Малярдың үлкені туралы тергеушіге тән күдік болса да көмескі, бірақ шындықты айқындайтын істің барысы оның адал жандығын көрсетеді. Сонда жаудың өлікке «Маляр» болып картаны жасыруының себебі не?

– Бұлай емес шығар, – деді Родионов. – Картаны ол әр уақытта, қайсы жерде болса да жоя алады. Тегінде ол оның көшірмесін түсіре алмай, картаны кіші Малярдың өлігіне жасыруға мәжбүр болған. Сөз жоқ, ол картаны алу үшін қолайлы жайды күтеді...

Тергеушіге тағы да мынандай бір жай айқын болды. Ол: картаны алу үшін жау сырттан келген емес, осы штабтың маңында. Сонда ол кім? Кімнің атын жамылып жүр? Капитан Сүлейменовтың сол сәтте жау тылынан алынған соңғы маңызды мәліметпен штабқа келетінін қайдан білген? Айталық, жау оны минут сайын аңдып жүрсін делік. Сонда картаны өлім үстінде емес, басқа уақытта қару жұмсап, алуға болмас па еді? Бұған қарағанда ол әлсіз, әрі қорқақ. Жалғыз да болуы керек. Егер де екі адам болса сержант Маляр автоматпен атып түсірген болар еді. Жау дара болған соң сержант оны ұстап алуға тырысқан. Бірақ жау өз зұлымдығын істеді... Фотоға айқын түсірілген ізден көз алмай қарап отырған майор кіші Малярдың денесін ашуға барар алдындағы көріністі есіне түсірді. Тұмсығы тіреліп, қорабы көтерілген биік машинаның тар есігінен секіру үшін көп дайындық пен дағды керек. Қыздан кейін секірген солдаттың өзі де табан тірей алмай жерге бір-екі аунап түсті. Мүмкін қыз физкультуралық техникумда оқыған болар. Сонда оның медицинаға қандай қатысы бар? Бірақ, бізде спорт ісі кең дамыған. Әркімге белгілі, әсіресе соғыстан бұрын спорт значоктарын шынжырмен сылдыратып сәнмен таққан жастар көп болатын. Ажарлы, әдемі қыздың қабілетін біліп, жас тренер өз өнерін салып үйреткен шығар. Ал оның мінсіз секіруі ше? Парашют мұнарасынан секіруді әуес көретін жастар аз ба еді? Олай болса оған сенімсіздік көрсетіп күдік туғызуға негіз жоқ секілді.

Мұның бір қызығы мынау. Бұдан бірер уақыт бұрын штабқа келген машинаға қыз қалайша тап болды? Осы көмескі сұрақты анықтау үшін тергеуші соң келген машинаның шоферін шақыртты. Ұзын бойлы, телогрейкасының етегі түріліп, кіндігіне жеткен Лизун тергеушіге жалтақтай қарап, үрейлене қипақтап тұр. Жолда самогон іздеп, селоға

бұрылғанын сезді ме деген қауіпі бар. Родионов бұл туралы білсе де, шоферға өзі күтпеген сұрақ қойды.

– Белованы қайсы жерде машинаға отырғыздыңыз? – деді майор жылы жүзбен. Өзін шақыру мәнісін енді аңғарған Лизун бар көңілімен:

– Егер де білсеңіз, жолдас майор, менің ол қызбен ешқандай байланысым жоқ. Біздей аюларды қайтсын ол. Ана сай түбіндегі жол үстінде кездескен соң, машинаға отырғыза салдық.

– Жалғыз ба еді ол? – деді майор шофердің қызғанышпен сұрап тұр деген ойын аңғарып.

– Айттым ғой, жолдас майор, шын солдаттық сөзім. Ол қызбен сөзім де болған емес. Тек қол көтерген соң отырғызғаным, құрғырды.

Родионов шыдай алмай күліп жіберді.

– Немене, сұлу қызды сүю жаман ба?

– Ондай жібектерді қайтеміз. Ауылда бала-шаға бар. Аман болып солардың көзіне бір көрінсек болғаны да.

– Солай ма? – деді Родионов күлкіден арылмай қасын керіп. Шофер кеткен соң ол өз ойымен отырды: әрине Лизун қыздың дара жүрісінің мәнісін білмейді. Өзі айтқандай штабтың адамы болған соң отырғыза салды. Қол көтерген адамды бос машинаға отырғызбай кету шоферлердің әдетінде жоқ. Сонда ол қыздың дара жүрісінің сыры не? Әлде Малярдың ролін атқарған осы Белованың дәл өзі ме? Жоқ, бұлай болуы мүмкін емес. Ерлігімен даңқы шыққан ерке қыз өз ойымен оңаша қалуды тілеген болар. Мүмкін, ол іштей сүйген жігітінің өліміне күйініп жүрген де шығар.

Родионов өзіне-өзі сұрақ қойып, оның жауабын да беріп ұзақ ой үстінде отырды да, ақыры Толстовты шоферға жіберді. Көп кешікпей шинелін желбегей жамылып, оның артынан өзі де ілесе шықты.

* * *

Айнала төңірек тыныш. Төбеде болымсыз сәуле шашқан жұлдыздар жымыңдайды. Үресін қар жылы желмен опырылып еріп жатыр. Сылдырап, жылға-жылғамен

аққан су құбылып, үн шығарады. Жер дымқыл тартса да көктемнің майда, жылы лебі келеді. Тек сайран салған құс жоқ. Осы кең тоғайда тоқылдаққа да орын табылмағандай. Оның да күйгелек даусы естілмейді. Құссыз тоғай іші де көңілсіз. Қайың түбінде темекі тартып тұрған тергеушіге оң иығынан біреу үңіле түсіп қарағандай болды. Родионов темекісін өшіріп жалт бұрылып еді, Ефремов екен. Котелогіндегі шайдың буы бозғылданып көтеріледі.

– Мен сізге келіп едім, – деді ол еңтігіп.

– Біздің дәрігер сіз туралы сұрай береді. Неге керек дегенімде «Жақсы жігіт, ұнады маған» деп жырбықтап күле береді. Ұнаса, көрші бөлімге бар. Ол сонда қызмет істейді. Малярдың жолдасы, інісінің өлгенін естіп келіпті, – дедім.

– Дұрыс істегенсің, – деді майор бір сәт ойланып, – өзің қайдан жүрсің?

– Өзіміздің лейтенанттың қамы ғой баяғы. Қазір тым жүдеп кетті өзі. Темекіні көп тартып, тамақ татпайды. Іше ме деп ыстық шай алып бара жатырмын.

Маляр туралы тергеушінің ойын анық білгісі келгені көрініп тұр. Әрине шым-шытырық долбар болмаса, эксперт-издың қортындысы шықпай даурығу дұрыс та емес. Және «Картаны алған кіші Маляр емес, басқа біреу» деп дабыр қылса нағыз жаудың ізінен адасып қалуы мүмкін. Егер де қажет болса інісінің кінәсыз екенін лейтенанттың жеке өзіне айтуға болады. Сержанттың жаңағы бір сөзі, неге екені белгісіз, күдікті қоюлата түскендей болады. Ол қызбен бетпе-бет кездесуді тағы есіне түсірді. Оқшау тұрған машина жанына келгенде:

– Мүмкін, соның өзі шығар, – деді тергеуші өзіне-өзі күбірлеп.

– Ол кім, жолдас майор? – деді Толстов үңіле қарап.

– Шынында ешкім де емес! – деді Родионов машинаға отырып жатып.

Жолсыз тоғай ішімен машина шығысқа қарай бет алды.

IV

Полковник Ильинді тергеуші шыдамсыздана күтті. Жауынгерлерге награда тапсырмақшы болған генералмен бірге алдыңғы линияға кетсе керек. Оралмапты. Бүгін кеште тергеудің алғашқы қортындысын хабарлауды сұраған ол қандай бір жағдай болмасын бөгеліп қалуы мүмкін емес-ті. Өз бастығының дәлдікті сүйетінін білетін тергеуші бос сөзден сақ болу үшін болған іске талдау жасады. Екі тал шаш, көмескі із, қалдық темекі құр күдік туғызғаны болмаса, жаудың ізін анықтап бере алмайтын еді. Дәлелсіз сөзді Ильиннің құлай тыңдауы да қиын. Шынында долбармен «жау» деп адал көзге қалай ши жүгіртеді? Тергеушіде қазір дәлелдеуді керек етпейтін бір ғана факты бар: карта кіші Малярдан табылды. Егерде оның адалдығына сенсе, ақтау керек. Сонда қылмыскер кім?

Сағатына қарап еді, он екіге жиырма минут қалған екен. Үлкен папкаға тіркелген қағаздарға көз жүгіртті де, екі тал шашты, суретке түсірілген көмескі ізді іске тіркеді. Сол сәтте маңдайшадағы сопаң лампа қызыл ұшқын атып жарқ ете қалды. Телефон соққан полковник екен.

– Қазір, жолдас полковник, – деп тергеуші түрегеп тұрып жауап қатты. Родионов шинелін жүре түймелеп, тысқа шықты. Жылы жел бар. Тұңғыық аспан төрінде ұзақ тартылып, ақжолақтанған прожектор жарығы ойнақшиды. Алыстан ауыр зеңбіректің гүрсілі естіледі. Блиндажға жақындай бергенде түнгі күзетшінің дауысы шықты. Тергеуші парольді айтқанда ғана оқталып қарсы тұрған сақшы, жол берді. Тергеуші кіргенде Ильин:

– Дәл уақытысында үлгердік. Әйтпесе кім білсін! – деп орнынан тұрып Родионовтың қолын алды. Кесек жүдеу жүзі бір сәт таралып, аса бір ризалық белгісін аңғартады. Ұсынған орындыққа тергеуші отыра бергенде:

– Кіші Малярдың жатқан жерінің топырағын қайтадан үйдіңдер ме? – деді полковник.

– Ия, үйдік.

– Дұрыс жасағансың, – деп Ильин столының суырмасын ашты. – Бүгін бақылау рациясы жеті жүз метрлік әуе толқынында маңызды хабар ұстады. Онда тапсырманың орындалғанын және шефінің көмегін сұрайды. Бірақ байланыс кенет үзілді. Хабар беріп жатқанда біреу келіп қалған болу керек жанына. Өкінгендей Родионов басын шайқады:

– Аралық қашықты есептегенде өзің болған құрама штабының маңайы. Хабардың карта туралы болғаны сөзсіз. Бірақ картаның біздің қолда екенін қылмыскер білмейтін тәрізді. Ильин өзінен көз алмай тамсана қарап отырған тергеушінің өнбойына көз жүгіртіп:

– Ал сізді тыңдадық, – деді столға шынтақтай отырып.

Родионов болған істі қысқаша баяндап шықты. Күдік қалдырған жайларды да айтты. Ильин оның сөзін бөлмей, зейін қойып тыңдады. Бір сәт тыныстан соң көтеріле отырды да:

– Сонда сіздіңше картаны алуға кім келген? – деді әдеттегі катал үнмен сұрақ қойып.

– Болашақ іс мұқият тексеруді керек етеді, жолдас полковник. Сіздіңше кіші Маляр жаумен сыбайлас емес... Солай ғой?

– Күдікті жайлар осыны аңғартады.

– Нақты айтқанда ше?

– Кіші Маляр менің байқауымша снаряд жарықшағынан емес, у жалатқан қанжармен өлтірілген тәрізді. Жара төңірегі көгере шіріпті.

– Бұл туралы экспертиза қортындысынан кейін сөйлесуге болады, – деді Ильин тергеуші ұсынған істі қарап жатып.

– Долбармен тон пішпейді тергеуші. Сіздің айтқаныңыздай-ақ болсын. Кіші Маляр жау қолынан өлсін. Сол үшін жаумен сыбайлас емес деп ақтауға бола ма? Қылмыс басшысы өзінің хауіпсіздігі үшін сыбайласын да өлтіре алады. Бұл сізге мәлім болар. Сөзінің тым әлсіз шыққанын Родионов енді аңғарды. Шынында Ильиннің айтқаны да дұрыс. Қылмыс басшысы өз мақсатына жету үшін серіктерін құрбан етуден әрдайым тайынбайды.

Диверсанттар даярлайтын капиталистік елдердегі шпиондық мектептерге тән тәсіл бұл. Штаб маңында уақытша сенімге бөленіп жүрген жау айлакерлікпен кіші Малярді өз торына алдап түсіруі де мүмкін. Егер бұлай болса барлық тергеу процесінде Малярдың үлкеніне сенім көрсету әлі ерте. Полковниктің рацияға сүйеніп айтқанындай болса, бұл іске қатысушы бір адам емес, екі-үш адам болып шығады. Сонда Малярдың үлкені туралы алғашқы күдік алғаны дұрыс та шығар.

Бірақ неге екені белгісіз, Родионовты бұл былғанышты іске Малярдың үлкенінің де, кішісінің де қатысы жоқ деген сезім биледі. Ал тергеуші мұндай сезімге бой ұрмауы тиіс. Мол тәжірибесіне сүйенгендіктен бе, майор мынандай қортынды жасады. Қылмысты кім болса да жалғыз. Ешқандай сыбайласы жоқ.

Үлкейткіш әйнекпен бір тал шашты аударыстырып қарап отырған Ильин әлден соң:

– Бұл «олжаның» өліктің қолына қалай түскенін ойластырдың ба, жолдас майор? – деді.

– Ия, – деді тергеуші өз сезімінен айрыла алмай. – Ол кіші Малярдің өлімі туралы өз ойын қысқаша айтып шықты. Қылмыстыны ұстауға екпінмен ұмтылған күзетшінің қолына ілінгені осы екі тал шаш, – деді майор өз сөзіне ойы толғандай сәл жымыып.

– Бұл тергеушінің қиялы. Нақты айтқанда қалай болды?

– Нақты айтсақ кіші Маляр комсомолец. Совет мектебінде оқыды. Анасы мұғалима. Ағасы армияға шақырылып, училищеге кеткеннің соңында ол өз еркімен майданға жіберуді сұрайды. Бірнеше рет өтініш бергеннен кейін ғана оның тілегі орындалған. Майдандағы өмірінің алғашқы күнінен бастап ол осы штабта қызмет істеп келеді. Училищені бітіргеннен кейін ағасы да осында жіберіледі. Оларды жолдастары сыйлайды, тәуір көреді. Ерлік істері талай рет бағаланды.

– Міне, бұл нақты іс! – деді Ильин жайлы отырып.

– Сөз жоқ, бұл екі тал шаш әйелге тән. Жақсы таранып, кербез күтінеді. Сұлу болуы да мүмкін. Жасы жиырма бестен аспаған. Отыз бес-отыз алтыншы етік киеді. Өйт-

кені негізгі салмақ ұлтан ортасына түскен. Солай шығар деймін! Полковниктің сөзі өз ойымен бірдей шыққанына қуанған тергеуші:

– Тап солай, жолдас полковник! – деді.

– Бірақ рациямен хабар берген әйел емес, еркек. Сіз бұған қалай қарайсыз? Полковниктің Маляр туралы күдігін енді аңғарған Родионов:

– Еркек ролін ойнауға тырысқан әйелге оның даусын келтіру де қиын емес шығар.

– Мүмкін, – деді Ильин басын шайқап, – сонда кімге күмәніңіз бар?

– Кім туралы күдіктенсек, сол туралы, жолдас полковник.

– Белова ғой? – деді полковник бір сәт ойға шомып.

Бұдан бір ай бұрын Ильин кадр бөлімінде Белованың жеке делосымен танысқан-ды. Сталинград түбіндегі шайқаста жүзден астам ауыр жаралы жауынгерлерді соғыс даласынан алып шығып, өмірін сақтаған. Сол үшін екі рет жауынгерлік Қызыл ту орденімен наградталған, госпитальға түскен. Онда ол төрт ай жатты. Соңынан кіші лейтенант деген атақ беріліпті. Госпитальдан кейін жолдамамен осы штабтың қарамағына жіберілген. Осындай өз ісімен көрінген қыз тәжірибелі тергеушіге, неге екені белгісіз, үлкен күдік қалдырған.

Полковник Ильин Родионовтың қабілеттілігін, іскерлігін ерекше бағалайтын. Талай шым-шытырық жайларды сәтті шешті ол. Міне тағы да көмескі ізге түсіп, өз долбарымен үлкен істі сұрап отыр. Егерде тергеу барысында Родионовтың ойлағанындай емес, Белова әділ, адал болып шықса ше? Онда адал азаматты қорлағандық болып шығады. Бұл үшін әрине Родионовты да, Ильинді де ешкім маңдайынан сипамайды. Өздеріне жауап беруге тура келеді.

Мүмкін Родионовтың күдігі де дұрыс болар. «Қыс қарлығашы» шығар, айламен ұшып келген. Бірақ парашюты жазылмай, тасқа соғылып өлгені қайда оның. Ильин өзінен көз алмай отырған Родионовқа:

– Қыста қарлығаш ұша ма? – деді.

– Ығыстырып қысар қытымыр аязы болмаса неге ұшпасқа – деді тергеуші будақтаған темекінің көк түтіні арасынан Ильинге сығырая қарап. – Меніңше еркін ұшады. Әрине, мұндай «Қарлығаш» көктем лебін әкелмейді.

– Солай ма? – деді полковник орнынан күбірлей тұрып.

Ол қабырғадағы кішкене пердені сыпырып тастап, беті түрлі түсті қарындашпен айғыздалған картаға үңіліп бір сәт тұрды. Бүкіл денесімен шағын көлемді картаны басып тұрса да, Ильиннің ұқыппен көк сызықтың үстіне сұрау қойғанын байқаған тергеуші аса тәттілікпен жайғаса отырды. Егер де Ильин картаға сұрау қойса, ол өзімен келісті деген сөз.

Полковник пердені сыр еткізіп қайта түсірді де иық үстінен Родионовқа бұрыла қарап:

– «Қыс қарлығашы» аталған Лей өліміне күдігіңіз бар ғой?

– Ия солай, жолдас полковник.

– Неге «Қыс қарлығашы» деп атаған?

– Үлкен қылмысты істі қыс кезінде ізін білдірмей жасаған шығар!

– Солай болуы ықтимал. – Ильин бар денесімен столға асылып отырды. – Мүмкін, – деді бір сәттен соң тағы да. – Егерде бұл Лей болып шықса, сонда Сталинград түбіндегі шайқаста аты шыққан батыр қыз Белова қайда?

Полковник кең тыныс алып, орнынан тұрды да.

– Жақсы, істі соза бер. Есіңізде болсын, мұндай іс кешігуді көтермейді, – деді полковник.

Родионов ерекше көңілді шықты. Өз блиндажына келгенде пешке томар тастап, қалғып отырған Толстов аузын аша, көзін уқалай тұрды. Тергеуші шинелін іліп жатып:

– Өзің қызықсың, Николай, неге демалмайсың! Тынығайықшы кәзір. Ертеңгісін ұйықтап қалмайық. Басы жастыққа тигенде шуылдап жарылған снаряд, тасырлап жүгірген әлде кімнің құбыжық көлеңкесі елестеді Родионовқа. Жүгіріп еді соңынан. Түсі екен. Өзі тапшан үстінен ауып барады. Көзін ашып алды да, қорылдап жатқан Толстовқа бір қарап, одеялын қымтай түсті.

V

«Бір аяқтың ғана көмескі ізі бар. Екінші аяқтың ізі қалай түспей қалған? Әлде жалғыз аяқпен ұшып-қонып жүретін жан ба? Әрине, мүмкін емес бұлай болу. Сонда болымсыз із қалдырып кетудегі мақсат не?» Өз ойымен өзі болып келе жатқан тергеуші кілт бұрылыста кабинаға төбесін соғып алып аударылып түсті. Түзеліп отырғанша болған жоқ, жанынан жабық машина зуылдап өте шықты. Артқы дөңгелектері дөңбектей көтеріліп, қорабы қисалаң қағады. Саз балшықты атқылап барады. Босағаға жабысқан біреу қорабтың ашылған аласа есігінің тұтқасын ұстай алмай қолы ербең-ербең етеді.

– Қайда кетіп барады ол? – деді Родионов қалтасынан темекіні жалма-жан алып тұтатып. Кешегі өзі көрген қыз, Белова!

Тергеушінің сөзін шофер естіген жоқ. Ол бұрылыста моторы сөніп қалған газиктің радиаторына үңіліп, әр жерін бір шұқылап әлек болып жүр. Ұшқын шығарғанда қақпағын жауып, машинаны жолға шегерді де:

– Көрдіңіз бе? Осындай қауіпті қалтарыста сигнал беруге ерінді. Оңбағандық бұл! – деп аузын толтыра бір боқтады.

– Мақтанғысы келгені ғой қорабында қыз отырған соң.

– Апатқа ұшырап қалсақ қайтеді? Тергеуші үндемеді.

Тапталған жолға түскенде машина барлық екпінмен зымырады. Родионов қасындағы шоферға көз қиығын тастағанда, ол тістеніп түтігіп отыр екен. Әлгіндегі ызасы кетпеген. Бірақ, бірге жүріп, сыры қанық болғандықтан оның бұл отырысына назар аудармады. Барлық ойы кетіп бара жатқан қызда болды. Екінші қайтып оралмайтындай көрінді оған. Қайда асығып барады? Таңертеңмен тылға сапар шегуінің мәнісі қалай? Отырғаны штаб машинасы емес. Бөгде машинаға қалай тап болды? Машинаны қайта бұрмақшы болып рульді ұстай бергенде шофер иығын бір көтеріп жалт қарады.

– Не, жолдас майор? Майор бір сәт ойланып:

– Неге ұзақ жүріп келеміз? – деді күдік туғызбау үшін.

– Төте жолдың көпірі бұзылған, жолдас майор. Бір он минуттан кейін жетеміз.

Осы он минут ұзақ көрінді майорға. Телефонға жетіп, Белованың қайда, не мақсатпен кеткенін дереу білу керек. «Келдік» деген шофердің сөзіне жауап қаптастан телефонға асыға жүгірді. Шынында былай екен: Белова таңертеңмен қоймаға баруға жиналып жатқан кезде техникалық ротаға ентіге жүгіріп біреу келеді. Көрші бөлімшенің шоферы екен. Дәрі алуға кеткен бөлімшенің сестрасын алып қайтуға бара жатқанда машина дөңгелегінің желі шығып тоқтапты. Қорапты көтеретін домкрат таба алмай осында келген. Бекерге қосалқы машина қумау үшін осы машинамен Белова тылдағы қоймаға кетіпті.

Штаб дәрігерінің белгілі жұмыспен кеткенін білгеннен кейін, Родионов көңілі тынышталғандай, жіпсіген маңдайын орамалмен сүртті де қарсы жолыққан сестрадан:

– Зайцева өзінде ме? – деп сұрады.

– Өзінде отыр, – деді қыз шаршағандық жүзбен үн қатып.

Дәрігердің блиндажына кіргенде Зайцева қолын жуып жатыр екен. Родионовты көріп:

– Уақытында келдіңіз. Мен қазір ғана өлікті ашып бітірген едім.

– Неден өлген? – деді тергеуші шыдамсыздана сұрап.

– Снаряд жарықшағы, қабырға арасындағы жұмсақ етке жалпағынан қыстырыла тұрыпты. Өмірге қауыпты емес, жеңіл операциямен емдеуге болады екен. Бірақ сол жерге қарулы қолмен қанжар жұмсалған. Өлік денесі уланған, – деді Зайцева стол үстіндегі қара қағазды, түсірілген жара орнын көрсетіп.

Тергеушінің долбары дұрыс болып шықты. Ол бұған күмәнданбаған. Бірақ бұның күдікті тағы бір жағы бар. Шыныққан зор денелі жігітті қанжармен бір ұрып құлату үшін жеткілікті күш керек. Сонда қылмыскер әйел емес еркек болғаны ма? Мүмкін, ол қырқыншы етік киетін шығар. Егерде дәл осылай болса тергеушінің барлық күдігі жоққа шығады. Онда тергеуді Мальярдың үлкенінен

бастау керек. Ал штабтың бұрынғы тұрған жерін тағы да тексеру – өзі көмескі ізді бір жола жою деген сөз. Өйткені картаны өлікке жасырған жау ақымақ емес. Ол да әрбір бөгде ізді бағады, андығанын сезеді. Бұл тергеу ісіндегі түзелмес сәтсіздік.

Родионов осындай шым-шытырық жайдан бір сәт аулақ болу үшін бұл күні өзінде болуды ұйғарды. Мұндай күнді «шаруашылық күні» деп атайтын. Әдеттегідей қырынып алғансоңшайүстіндеСоветинформ-бюросыныңмайданнан берген соңғы хабарларын тыңдайды. Әйелінен, балалар бақшасында жазу-сызуды үйренген қызынан алған соңғы хаттарды тағы да қайталап оқып шықты... Осындай бір сәт отырыста алыстағы семья мол тыныштығымен ақсатқан сағынышын ала келетін. Алдақашан ұйпалақтанып кір шалған хатты қайтадан оқығанда Родионов «Шыдаңдар, мен сөзсіз келем!» деп ұзақ ойға кетеді. Осындай кезде балалық шағын өткізген әсем қала барлық көрінісімен көз алдынан тізбектеліп өтеді. Ол көзін ерке өсірген ел алдында, сүйіктісі Марина, тіпті бір жолы көше тәртібін бұзғаны үшін ескерту жасаған милиционер алдында өзін қарыздармын деп санайтын. Егер де майданнан аман есен оралса осының бәрін бауырына басып құшып сүйген болар еді...

Көңіл көтеруге мүмкіндік алған аз тыныста, ординарец екеуі өткен күндерді еске түсіретін. Милиционер жайында сөз қылғанда Толстов жатып тулайтын. Қалыңдығына жолығуға кетіп бара жатқанда милиционер тоқтатып, әбден әлекке салыпты. Шартты уақытта бара алмай, қызға жолыға алмай қалыпты.

– Қыз алдында ақталу маған оңайға түскен жоқ, жолдас майор. Сөйтіп жүргенде соғыс басталып кетті.

– Қазір ол қыз қайда?

– Қайда кетуші еді, фабрикада жұмыс істеп жүр.

– Сен, Николай, милиционердің өзі көше тәртібін бұзады дейсің. 3 сом штраф салғанын есіңе түсірсең, көк киімділерді жата қалып жамандайсың. Байқасаң, мүлдем олай емес. Міне күн ыстық. Сен көлеңке қуып тротуармен келесің. Қай жермен жүрсең де өз еркің. Ал милиционер

ше? Қақтаған балықтай күні бойы шыжыған асфальттың үстінде тұрады. Әрбір адамды кездейсоқ оқиғалардан сак болуға шақырады. Ал бұл саған ұнамай қалған.

– Олардың еңбегін бағалай білем ғой, жолдас майор. Өзім де сондай форма киюді ұнататынымын. Біраң көрдіңіз бе, сондай бір оқиға болғаны. Мына затворға жабысқан тоттай әйтеуір көңілден кетпейді.

Ал Родионов өзінің Маринасы мен Шурасын аңсағанда көше бұрышында әрдайым жымиып, күліп тұратын мұртты милиционерді еріксіз еске түсіретін. «Тентек болма, байқа!» деп ысқырығын шалып ескертіп тұрғандай. Егерде сол жолы трамвайдан түсіріп тастағанда кім білсін? Онда Маринамен кездеспеген де, үйленбеген де болар ма еді, қайтер еді. Дәл сол күні футболдың болғаны да жақсы болар ма! Мүмкін, ол футболға асыққан жігітті бөгемейін деген шығар. Әлде жүріп бара жатқан трамвайға жармасқан жігітке, біресе өзіне көз тіге үрейлене қарап қалған қыз алдында жас жанды мұңатпайын деді ме, тек ысқырығын шалып, жұдырығын түйіп қалған. Соңғы вагонның артқы есігінен жармаса ішке кіргенде терезе жаққа қарап, бейкам тұрған қызды қағып та кетті.

– Көрдіңіз бе, осындай кезде... – деп шеті сетінеген бет орамалымен маңдайын сүртіп, жақтырмай қалған маңғаз екі-үш әйелден жалтара беріп, әлгі қыздан кешірім сұрады. Футбол ойыны кезінде стадионға баратын барлық транспорттың лықа толатын әдеті ғой. Мұндай кезде асығып, аптыққан жанға кешірім де көп. Жігіт кеудесіне иығы тиіп тұрған қыз секпіл жүзі күлімдеп, аса мейірбандықпен бас изеді.

Трамвай келесі аялдамаға келіп тоқтағанда Виктор аспалы сақинаны ұстап, қызға денесін тигізбеуге тырысып шіресе де, есіктен кимелеген жұрт еркіне қоймады, қызға қарай ығысты. Оған жұқа көйлек киген қыздың әлсін-әлсін тыныс алғаны, жүрегiнiң лүпiлдеп сокқаны айқын естiлiп тұр. Көптен таныстай осы бір ыстық леп булап өзіне тартады. Қыз қасында осылай тік тұрып, үлкен қаланы айналып шығуға да бар еді. Трамвай тоқтағанда қызға жалтақ қарап тықырши бастайды, ол түсіп қалса, екінші қайтып жолыға алмайтындай көреді.

– Стадион! – деп кондуктор хабарлағанда Виктор жақтырмаған пішінмен «білеміз!» дегендей арт жағына жалт қарады. Трамвайдан түскенде алдында асыға басып кетіп бара жатқан әлгі қызға ол:

– Сіз де ойынды көруге барасыз ба? – деді. Неге бұлай сұрағанын өзі де білмейді. Құты қашып дегбірсізденген. Екі ұртын сипалай береді. Еріні жұғыспай, аузы ыржиып қалған тәрізді. Виктор кездейсоқ махаббатты мойындамайтын. Сүйіспеншіліктің өзі екі жақтың ежелгі таныстығының нәтижесі деп қарайтын. Заң факультетінің соңғы курсында бірге оқып жүрген қыздар:

– Виктор группадағы қыздармен әлі таныса алмай жүр. Сондықтан ол ешкімді сүймейді, – деп әзілдейтін. Тіпті ол стадион алдында кездескен қызды бір көргеннен сүйдім деп кейіннен де мойындаған емес. Сырласуға жарарлық жай жолдас деп таныған. Әлгі қыз жармасып соңынан қалмаған жігіт ісін оқыс көрді ме, әлде өзі осыны қалады ма:

– Ия, – деді өкшелеп ерген жігітке көз қиығын тастап.

Ойын соңында өзін Марина деп таныстырған қыз әрдайым «Спартакты» жақтайтынын, тек осы команда ойнағанда ғана билет сатып алатынын және ортадағы доп ойнаушы Васяның кінәсінен бұл жолы ойынның тең аяқталғанын айтып келе жатты. Ал Виктор «Спартакті» де, «Локомотивті» де жақтамайтын. Доп-домалақ, жасыл алаңда кім шеберлігін асырса, жеңіс сонікі. Ол әр команданың жақсы ойыншыларын сыйлайтын. Бұл жолы ол өз пікірін жақтап қыз алдында таласпады, Маринаның айтқаны дұрыс сияқты көрінді. Трамвай Дзержинский алаңының маңына келіп тоқтағанда:

– Марина, біз тағы да кездесеміз бе? – деді.

– Не үшін? Виктор мұндай жауапты күтпеген еді. Қоңырқай жүзі күмілжи қызарып, дөнес мұрнының ұшына тер шып-шып шыға келді. Осы бірер сағаттың ішінде қыз өзіне көптен таныс, сырлас жан сияқты көрініп еді. Енді міне жат кісідей кенет сырыла қалды. Қыз жүзінен көзін тайдыра:

– Жай әншейін, – деді күбірлеп. Қыз енді назар аудар-

ғандай қарсы алдында тұрған жігіттің бас-аяғына көз жүгіртті. Екі шекесі торсықтай, ашық маңдай сары жігіт. Сөзуарлығын көрсетер дүрдиген ерні болмаса, қабағы тым жайдарлы. Мүсінді тұлғасынан нәзіктік те, балалық та аңғарылады. Ол сетнеп қырқылған шалбарының балағын жасырып тұрған жігітке:

– Жарайды, – деді.

– Қай жерде? – деп Виктор алдындағы қызға төне түсті.

– Трамвайға қай жерде отырсаңыз, сол жерде кездесейік.

Мақұл ма? – деді Марина тосырқай шегініп.

Виктор өзіне ескерту жасаған милиционердің көзіне ендігәрі қайтып түспеспін деп серт байласа да, қыз айтқан соң амалсыз көнді.

Ол жатақханаға келгенде бөлмеде бір жататын құрбысы Андрей:

– Ал Виктор, кім жеңді? – деп сұрады.

– Ешкім де жеңген жоқ! Жеңіс бұл жолы «Спартактікі» еді. Анау ортадағы доп қуатын Васяның тіпті нашар ойнағаны.

Виктордың ешбір команданы жақтамайтынын Андрей де білетін. Кейбіреулер бір командаға ниет білдіріп, сөз қозғағанда бұл «әділетсіздік» деп кейітін Виктор. Оның осы сырын білетін Андрей:

– Бүгін өзің «Спартакшыл» бола қалыпсын. Сені біреу үгіттеген бе, қалай? – деп Викторға таңырқай, жабыса түсті. – Кәне, сырды ақтар, бауырым!

Шынында да бұл жаңалық еді. Виктордың механикалық заводта жұмыс істейтін слесарь қызбен танысқаны мәлім болды. Алғаш кезде курстағы қыздар:

– Виктор сұрауы жоқ тегін қызды малданып, уақыт өткізейін дегені ғой. Әйтпесе, білімі төмен, опа орнына бетіне қарамай жаққан қызды қайтсін! Бірақ Виктор өзіне қадалған шаншу сөздерге құлақ аспады. Маринамен уәделескен жерге келгенде милиционер таныды ма, мойнын созып, телміре қарады. Виктор қымсынып қыз жанына барғанда, «Кешір мен тек байқамай қалдым» дегендей милиционер кілт бұрылып, тоғысқан көлікке таяқшасын сермеп жол ашты...

Солдат блиндажындағы аз тыныста осы жайлардың бәрі, тіпті, өткен күннің бәрі де аса бір сағынышпен еске түсіп, көз алдына елестеп келе қалатын. Родионов осы туралы, өзінің әйелі туралы жайларды Толстовқа талай рет әңгімелеп берген. Кәзірде де ол сан рет оқылып, бүктеліп мыжылған хатқа үнсіз қарап біраз отырды. Әрбір жолы жатталып та қалған. Марина қазір электромеханика факультетінің III курсында оқып жүр. Өзіне таныс, күлкішіл қыз осы қиындық жылдары жоғары білім алуға ұмтылған. Үйлену тойы алдында ол:

– Мен сендей білімді жан емеспін. Саған жетуге алыс! – деп күдігін айтқанда:

– Мен қызмет істеймін, сен оқитын боласың, – деп Виктор сендірген еді. Жігіт оқуын бітірген сәтте қарғыс атқыр соғыс та басталды. Маринаға берген уәде сөз жүзінде қалды. Бірақ Марина хат жазған сайын:

– Витя, сен болмасаң оқып білім ала алмас едім, тек аман-сау қайтшы жаным! – деп тілейтін. Сонда ол қазір қандай көмек көрсетіп жүр? Күйіп-жанған сағынышы ма? Еркексіз үйдің бар қиындығы мен ауыртпалығын көтеріп жатқан жас әйелге өзінің тірлігі бәлкім, көмек шығар? Ал Маринаның хатымен бірге бір парақ қағаз жазуды ұмытпайтын қызы Шура да: «Папа, мамам бүгін еті бар борщ пісірді. Дәмді болды. Мен, тіпті көп іштім. Өзің білесің, мен тегін ішпеймін ғой. Әрдайым мамама көмектесіп жүремін. Сен үйге қашан қайтасың? Сағындым!..»

– «Көмектесіп жүрмін, тегін тамақ ішпеймін», – деді Родионов бала қолымен айқыш-ұйқыш жазылған жазуға қарап. – Ал сенің папаң бекерге тамақ ішіп жүр. Табан астындағы жаудың кім екенін айыра алмайды.

Родионов іс тіркелген папкаға біраз қарап отырды да, ақ қағаз алып, бұрышына «бір» деп жазып қойды. Белованың бұрынғы болған жерлеріне сұрау салу мақсатсыз. Өйткені жақсы жағын көрсететін қағаздар келетіні белгілі. Үйінен қыз суретін алдыру мүмкін емес. Әкесі жау тылында, партизан отрядында. Шешесін немістер азаптап өлтірген. Сіңлісі Германияға қуылған. Сонда оның нағыз Белова

екенін қалай білуге болады? Тергеуші қағазға қарап отырды да қандай размерлі аяқ киім киеді? Госпитальдан сұрату керек... Екінші, көрші бөлімшеде Белованы білетін госпитальдан бірге шыққан таныс адамдар бар ма? «Үш» деген цифрдың тұсына ол көп нүкте қойды.

Кешкі тамақ алдында Родионов өзі күтпеген хабар естіді. Дегенмен, бұл Белова туралы сұрау салудан құтқарғандай еді. Қоймадан дәрі алып келе жатқанда көрші бөлімшенің аға сестрасы машинадан құлап өлген. Алғашқыда кенет қайтыс болған қыз өліміне мән бере қоймаған тергеуші, Белованың сол көрші бөлімшенің машинасымен кеткенін есіне түсіргеннен кейін:

– Жабық машина үстінде отырған қыз қалай құлап өлмек? Әлде оған біреу себепші болды ма? – деген сұрақ қойды. Қызды машинадан сүйреп, итеріп жіберсін делік. Сонда сестра қыздың жалғыз жанға шамасы келмегені ме? Егерде бұлай болса, шоферді неге көмекке шақырмады. Бұл зұлымдық іске шофердің де қатысы бар шығар. Ол Белованы алып кету үшін домкратты сылтау етіп әдейі бұрылған болар?

Родионов алдындағы суық борщты көңілсіз бір-екі ұрттады да, кадр бөлімінен Белованың, шофердің және сәтсіз қазаға ұшыраған адамның жеке істерін сұрастырып, құрама штабына жедел аттанды...

VI

Орман ішін қою көлеңке басқан. Айнала-төңірек тыныш. Әр жерде қараңдаған күзетшілер болмаса мол тіршілік жер астына енген. Жабайы табиғат түнеріп тұр. Шинелін желбегей жамылып тұрған Родионов өзіне қарсы жүрген біреуді байқады. Наразы сөйлеп, әлдекімге ренжіп келеді.

– Бұл тергеушілер де еріккен екен. Қолдарына мылтық ұстатып, алдыңғы шепке жіберер ме еді өздерін. Сонау жақтан әуре етіп шақырғанын қарашы?! – Ол қарсы алдындағы адамды көріп: – Әлгі заң қызметкері осында ма? – деп сұрады.

– Кімді іздеп жүрсіз?

– Тергеуші Родионовты, – деді әлгі адам. – Дәрі иісі мұрнына келмеген біреу болар. Біздің жаққа баруға қорыққан ғой өзі. Әй, юристерім-ай! Блиндажға кіргенде:

– Юрист қайда? – деді ол.

– Отырыңыз! – деді Родионов орындық ұсынып. Қарсы алдындағы тұрған тергеуші екенін білген шофер, кипақтап:

– Кешіріңіз... Мен білмедім, – деді тергеушінің поғонындағы үлкен жұлдызға көзі түсіп.

– Аракпен кім сыйлады? – деді Родионов шашы ұйпақтаанып, бетінің әр жеріне қарамай жағылған шоферға аса бір ренішті жүзбен.

– Сөзіме сеніңіз, өтірік айтпайтын жанмын. Ешкім сыйлаған да, арақ ішкенім де жоқ. О не дегеніңіз.

– Ішуін ішсең де, айтуға батылың бармайды! Солай ғой?

– Аз ғана жұтқаным бар, жолдас майор. Бірақ ол ішкен емес қой, – деді иығын көтеріп, – Солдатпыз, онсыз болама!

– Жазықсыз адамды өлтірдіңіз! Сөйтіп тұрып солдатпын дейсің тағы да!

– Ол не дегеніңіз, жолдас майор? Ол қыз жабық машинада отырды. Өзі ырғып кетпесе құлайтын жөні жоқ. Оның бұл өліміне шофер жауап бере алмайды. Тағдыр осылай өлуге қосқан шығар.

Тергеуші шофермен сөз таластырудың қажетсіздігін аңғарып:

– Қанша іштіңіз? – деді.

– Не бәрі, жолдас майор, екі-ақ жүз грамм. Қыз ұсынып тұрған соң, солдат неге бастартсын. Барлығы сәтті болады ғой деп едім. Көрдіңіз бе? Бақытсыздыққа кезіккенім.

– Ия, солай! – деді тергеуші шофердің еңсесі түсіп кеткенін байқап. – Сізге спиртті кім берді?

– Кіші лейтенант Белова.

– Қастарында кім бар еді?

– Басқа ешкім болған жоқ. Ішпеймін деп жалтақтап едім, «Тоңдыңыз. Ішіп жіберіңіз. Спирттің иісі шықпайды», – деп қоймады.

– Сонан соң?

– Одан кейін «тылдан келетін машинаны күтем, алатын бағалы дәрім бар», – деп кетіп қалды. Өзіміздің аға сестра Кондаковамен ұзақ күттік. Тастап кетейік деп едік. Жүктері қорапта болған соң ыңғайсыз көрдік. Және сол Кондакованың өзі де кінәлі, жолдас майор. Госпитальда бірге жатқан Беловамен кездеспей кетпеймін деп қасарысып тұрып алғаны. Не дерсің оған? Амалсыз күттім. Бір кезде ентіге басып Белова келді. «Мен кешіктім, тоқтамай тезірек айдаңыз машинаны» – деді. Бұл уақытта сестра машина үстінде еді. Газ беріп, жылдамдыққа бастым. Келе жатырмын. Біреу кабинаның төбесінен тоқпақтап айқайлайды. Машинаны тоқтатып қорапты айналып қарасам, Кондакова шалқасынан құлаған. Басы жарылыпты. Тіл қатпады ол. Денесін бөлімге әкелдік. Міне барлық оқиға осы, жолдас майор. Көрдіңіз бе?..

– Кондакованың қай жақтан бөлімшеге келгенін білесіз бе? – Білмегенде ше, жолдас майор. Біздің бөлімшедегі солдаттардың көбі сестраны жақсы білетін. Ортамыздағы жалғыз қыз ғой ол.

– Бұл туралы лейтенант дәрігерге айттыңыз ба?

– Ия, тәптештеп сұрап қоймаған соң... Тіпті екеуі госпитальда да бірге емделген көрінеді. Сағынысқан екі құрбыны жолықтырам ғой деп едім. Көрдіңіз бе, домкратты ұмытып кеткенімді қарашы?

– Егерде ұмытпасаңыз не болмақ? – деді Родионов.

– Білесіз бе, жолдас майор, домкратым болса мен бұл бөлімшеге келмес те, қызды кездестірмес те едім. Әрине өзіміздің сестра қорапта отырмас та еді. Кабинада бірге болар едік. Не көрсек те бірге көрер едік. Мен сол домкратты ұмытып қалдырғанымға күйінем. Менің тіпті, кінәм жоқ.

– Белова сізбен қай уақытқа дейін бірге болды?

– Жол үстінде кездестік қой. Өз бөлімшесінің тұсына келгенде түсіріп кеттім, – деді шофер блиндаж бұрышына қарай иек тастап.

– Сіз бар кезде Белова Кондаковамен кездесті ме?

– Жоқ. Алғашқыда онымен кездесуге құмартып отырса

да қоймаға жеткеннен соң «кәзір келем» деп аяқ астынан жоғалып кетті. Маған сенбесеңіз Белованың өзінен де сұраңыз.

Тергеушінің күдігі қоюлай түсті. Белова өзінің әшке-реленетінін білген соң, шофердің көзінше Кондаковамен бетпе-бет кездесуден қашқақтаған. Қалай да ол дара келіп, оның көзін жоюды ойлады. Шоферға спирт берудегі мақсаты да осы. Мас кісі дәлдір келеді, алды-артын ойламайды. Осыны пайдаланып, қорапқа шапшаң шыққанда бейқам отырған қызды қылқындырып буындырған. Сөйтіп ыңғайлы кезді күткен. Өзеннен өткенде Кондакованың болбыраған денесін есіктен лақтырған. Әрине, бұл жайды спирт уыты жайылған шофер аңғармады. Ол өзінің ашықауыздығымен жауға көмектесті. Бірақ дәл кәзір шофер өзінің бұл халін түсінбей отыр...

Өз ойын осылай түйген тергеуші шофермен сөйлескеннен кейін Белованы шақырып жауап алу, я алмау туралы тағы да ойға кетті. Бәлкім, сыр тарқатып, мез бол күлісіп отырған қыздар қораптың есігі қайта-қайта ашылып маза бермеген соң оны жабуға әрекеттенген шығар. Бұрын ұмтылған Кондакова есікті жабам деп байқаусызда машинадан құлап түсуі де мүмкін. Бірақ машинадан құлаған адам бірден есінен айрыла қоя ма? Сөз жоқ, жау кім болса да өзінің әшке-реленетінін, ізіне түсіп жүргенін біледі. Ол сақтануға тырысады. Сондықтан артық күдік туғызбай, нақты іс үстінде ұстау керек. Шындығында Кондакованың өлімі құр күдік қосқаны болмаса, Беловаға айып тағуға әлі жеткіліксіз еді. Өйткені мол соғыс күші тоғысқан майдан өмірінде өлім әр адамға әртүрлі жағдайда кездесіп жатады. Біреу оқтан, біреу жоқтан өледі...

Сол үшін не істеу керек? Родионов автоматын тазалап отырған Толстовқа:

– Сен кәзір Ефремовпен екеуің құрама штабының бұрынғы орнына барыңдар. Байқа, жүріс-тұрыстарың білінбесін. Мен хабарламай қимыл жасап жүрмеңдер.

– Түсіндім, жолдас майор. Бұйрықты орындауға рұқсат етіңіз!

– Тезірек! – деді тергеуші оның соңынан ілесе шығып.



Офицерлер жататын блиндажда Малярдан басқа ешкім жоқ. Барлығы киноға кетіпті. Лейтенант қағазға үңіліп, жазуға кіріскен.

– Не жазып отырсың, Сережа? – деді Родионов аса бір достық пішінмен қол беріп.

– Шешесіне балаң опасыз болды деп хат жазып жатырмын.

Майор Родионов Малярдың жүдеу жүзіне бір сәт тесіле қарап:

– Сен, Сережа хат жазуға әзір асықпа, қазір менімен бірге жүр, – деді. Лейтенант тергеушіге сенімсіз түрмен бір қарап, қағазын жинастыра бастады.

Бұлар аса сақтықпен тоғай ішіндегі сүре жолға түсті. Қар алғаш кеткенде көктемнің осындай көңілсіз саңылаусыз қараңғы түндері жиі болады ғой. Тергеушінің соңынан жеңіл басып, өкшелеп келе жатқан лейтенант жан-жағына бұрыла құлақ түріп, елегізе қарайды. Тергеушінің асығыс жүрісінің болымсыз тырсылынан басқа дыбысты естімейді. Родионов осы жолмен жүріп өткен Ефремовтарды қуып жетпек еді. Қаншама құлақ түргенмен жүргіншінің сыбдырын ести алмады. Сірә, тәжірибелі барлаушы істің ерекше маңызын түсініп, Толстовпен бірге уәделі жерге ерте барып, сигнал күтіп жатқан секілді... Бұлар бұрынғы қарауыл үйінен өтіп, снаряд жарықшағы шұрық тескен еменге қарай бұрылды. «Осы жерде күтейік» дегендей лейтенантқа дыбыссыз белгі берді де, тергеуші оңаша шығып, қараңғыға сүңгіп кетті. Аздан соң лейтенант Маляр соңынан ерді. Бір сағат, я одан да көп жатқан шығар. Жат жанның дыбысын я сөзін естімеді Родионов. Бұл қалай? Жау «Қолға түскен олжасын» алуға келмегені ме? Мүмкін емес. Құрама штабына келер алдында Ильин:

– Өткен жолғы хабарды тағы да ұстадым. Шеф ретінде біз жауап қаттың. Картаны алып, алдыңғы линиядан шапшаң өту тапсырылды. Жасырынған жаудың шефінің ролін жаман атқармаған тәріздіміз. Бірақ хабар берген әйел

емес, еркек. Егер де сенің күдігіңе келіссек, жау жалғыз болмады, – деген-ді.

Кәзір еркектің де, әйелдің де дыбысы естілмейді. Қиықтанып жаңа ай туды. Болымсыз бозғылт сәулесі жыпылықтаған сансыз жұлдыздардың төңірегіне шашырап көмескі булығады. Үлкен кеңістікке құйған мыс тәрізді. Тіршіліксіз, әрі суық жатыр. Құбыжың көлеңке түсірер сәулесі болмаса, жұрт ай демей басқа бір жағымсыз ат таңған болар еді. Родионовқа жаңа туған ай дәл кәзір осылай көрінді. Жамбасын сыз қарып, шымырлатып өткенін де осы орақтанып туған айдан көреді. Аударылып жатайын деп еді, сол сәтте көктен түскендей дабырласқан мол дыбыс шалынды. Міне, біреу, екеу... Әйел үні де естіледі. Неғылған адасқан топ бұл. Ұшып тұруға ыңғайланып жиырыла түсіп Родионов пистолетіне қол жүгіртті. Дабырлап сөйлеген екі-үш адам болғанымен, аяқ дыбысы жалғыз. Бір кезде емен түбінде біреу қараңдағандай болды. Әлде кімді сабырсыз күткендей қимыл береді. Ағаш тасасына жасырына қалып:

– Білген едім, мені аңдидыңды, – деді ақырын күбірлеп, – Қимылдасаң кеуденді оқпен төсем! Кәне, қозғалып көрші!

Ешкім де дыбыс бермеді. Тағы да сол:

– Жасырынба, көріп тұрмын! – деді. Сол сәтте:

– Ия, ия! – деген еркек даусы қабаттаса естілді. Өз серіктері дыбыс берді ме деген оймен тергеуші тістене түйілді. Дауыс шығысымен қараңдаған құбыжың ғайып болды. «Жауап берген кім?!» деген ой Родионовты қатты қинады. Ашу қысып, қатты күйінген ол суық жүрістінің соңынан түсерін де, я жата берерін де білмеді. Ефремовтар сигналсыз өз бетімен әрекет жасауы тиіс емес. Ал лейтенант Маляр қайда? Шынтағын қозғап еді, ол өз бұйрығын күткендей қасында жатыр. Сонда жауап қатқан кім? Жұмбақ.

Бірнеше минут өткеннен кейін қараңдаған суық жүрісті емен түбіне тағы келді. Бұл жолғы қимылы еркін. Әрбір бұтаға күдікпен қарамайды. Кіші Маляр келген жерге фонарь сәулесін жүгірте түсіріп бір сәт тұрды. Родионов

алдындағы адамның жүзін айқын көрді. Қыр мұрыны бетінің сол жағына сопаң көлеңке жайып, ажарлы жүзді тотықтырып тұр. Екі самайынан суырылған шаш та суық кадалған көз жанарын жасырып, салқын желмен бұлғақ қағады. Бір өшіп, бір сөнген қол фонарь сәулесі «өз олжасын» алу үшін емес, жан ашыр адаммен соңғы рет қоштасуға келген адамның жан күйінішін білдіргендей жайылып шашырайды. Келген адам қымсынған жоқ. Мола басына тізерлеп шұқшиып отырды. Жерді тырмалап қазған сияқты.

Родионов ойланды. Шынымен өзінің қателескені ме? Расында, бұл сүйген адамымен оңаша «қоштасуға» келген шығар. Сонда құпия картаны алмақшы болған жау қайда? Әлде әлгі дыбысты естісімен, жазықсыз осы жанды қалдырып, өздері жоқ боп кетті ме? Бәлкім, әлгінде ғана дабырласқан топтың ішінде сөйлеген осы әйел шығар. Онда неге ол жайбарақат жайласып отыр? Әлгі топ адамдар қайда? Родионов «осында қал» дегендей Малярды шынтағымен бір нұқыды да, жер шұқылап отырған әйелдің дәл төбесінен шұқшия кеп тұрды. Бөгде дыбысты сезді ме, ол орнынан, шапшаң көтеріліп, өзіне қол фонарь сәулесін түсіріп көз жазбай тұрған адамға жалт қарады.

– А-а,– деп шегіне ыршып түсті де, сол сәтте есін жиып: – Кешіріңіз, – мен сізді танымай қалдым. Байқауымша жалғыз емес көрінесіз. Қараңғы тоғайда жүру әйел түгіл еркекке де қорқынышты, әрі көңілсіз. Солай емес пе? – деді әйел.

Тергеуші дәл қазір не істерін білмеді. Қылмысты санаған әйел күмәнсіз жандай жайбарақат бос тұр. Өршеленіп қарсылық көрсетпейді. Тек таңданғандық білдіреді.

Родионов бір сәттен соң:

– Іздегеніңіз жоқ, бұл жерде! Бізге ілескеніңіз дұрыс, – деді.

– Несі бар, қараңғы түнде еркекпен жүру маған көңілдірек болар! – деп қыз мысқыл күлкімен иығын бір қозғап қойды.

VII

Блиндаждың добал табалдырығынан аттасымен Белова бұрышта отырған Родионовқа ашық жүзбен күле қарады. Көтеріңкі қабағы сәл дір етті де, сол сәтте жайылып, тым бейқамдықпен күн ілгері әзірленген орындыққа сұраусыз отырды. Жинақы блиндаж ішіне сүзіле көз жүгіртіп, аса бір таңданған түрмен тергеушіге жайдары жүзін тосты.

Бүгінгі түн мазасыз, әрі азабын ала келді. Тергеушілік өмірінде мұндай қысылып, қиналған емес-ті, Родионов. Дәл қарсы алдындағы қыздан жауап алмастан бұрын өзіне-өзі минут сайын сұрақтар қойып, оның жауабын іздеді. О баста бұған қалайша күдік туғызды? Әлде алдында жатқан папирос қалдығы мен суреттегі көмескі із бе? Мұны Беловадан басқа адамның да жасауы мүмкін ғой. Ал машина қорабының есігін жапқан кезде құлаған Кондакованың өліміне Белова жауап бере алмайды. Оны дәлелдеп мойнына қойып беретін куә де жоқ. Егер де алдында тұрған жан айыпсыз болса жасырынған жау кім? Белова өзі айтқандай, кіші Мальярды іштей сүйіп жүрген. Бірақ оны ағасынан неге жасырған? Молаға қараңғыда жасырынбай-ақ, күндіз де баруға болар еді ғой. Осы жайлар жекпе-жек кездесуде айқындалуға тиіс. Мүмкін шым-шытырық істің түйіні шешіліп қалар. Ол алдындағы отырған қызға тесіле қарап:

– Сізді тыңдап отырмын, айта беріңіз, – деді байсалды түрмен.

– Мені не үшін күдікпен ұстағаныңызды білмеймін. Егерде бұл туралы майдан қолбасшысы естісе онай тимес сізге. Сталинградты қорғаған жауынгерді тұтқындап, қорлап отырсыз!

– Біз Сталинград түбінде ерлік көрсеткен Белова Людмиланы жақсы білеміз. Құрметті ол арамызда. Бірақ сіз өзіңіздің шын есіміңізді ұмытуға қанша тырыссаңыз да оның ролін нашар орындаушы болдыңыз.

– Не туралы айтып отырғаныңызды түсінбеймін, жолдас майор. Қорлау сөз маған қаншалықты ауыр тиетінін түсінгеніңіз жөн.

– Әрине, қылмысты іс жасау үшін нағыз есіміңізді біраз ұмытқан да дұрыс. Әйтпесе, бұлай еркін жүре алмас едіңіз. Рас, алғашқы кезде бөгде атпен жүру қиын да, жайсыз да болды. Солай емес пе?

– Таңданғаным болмаса, сөзіңіз миыма тіпті қонар емес, – деді алдында отырған қыз сәл езу тартып. Әжімісіз шырайлы жүзі сықылықтап күлуді білдіргендей.

Родионов алдында отырған «Беловадан» көз алмай орындықтың бір жағына қисая отырды.

– Сізге мұндай мінез көрсету тым өрескел емес пе? Қылмысты іс істеген соң, оны мойынға алып жауап берген дұрыс па деймін.

– Мен бе? – деп қыз орнынан тұра беріп еді:

– Отырыңыз! – деді тергеуші оның сөзін өктем үнмен бөліп.

– Өткен кешті дәрі алуды сылтау етіп жүріп, аржақпен хабарласуға мүмкіндік алдыңыз. Сізге картаны алып, алдыңғы линиядан өту тапсырылды. Кіші Малярдың денесіне жасырған «олжаңызды» алуға барғанда, міне сәтсіздікке ұшырадыңыз.

– Ешқандай картаны білмеймін, – деді «Белова» ызалы түрмен. – Мен өзімнің сүйген жігітімнің көмген жерін көруге бардым.

– Кімді? Малярды ма? – деді Родионов.

– Неге таңданасыз, – деді Белова иығын көтеріп: – сіздей шен дәрежесі жоқ оның. Сержант. Бірақ махаббат шен таңдамайды. Әйел қызықса маймылды да сүйе алады.

– Міне, енді ғана өз тіліңізбен, бойға сіңген пасық мәнеріңізбен сөйлей бастадыңыз. Байқасаңыз сізге сыпайылық жұғыспайды, тым алшақ жатыр. Осы сөзіңізден жаңылмағаныңыз дұрыс. Ол үшін шын атыңызды есіңізге түсіріңіз. Қыз сазарып жауап қатты. Родионов орнынан тұрды да:

– Кешіріңіз! – деп қыз иығына жабысқан бір тал шашты алып, қағаздың үстіне қойды. Еркіндікпен жайлы әрі жайдарлы отырған қыз аса бір күйініш пен қажу білдіргендей сұрлана түсіп, жұқа ернін ұры тісімен тістелей берді.

Бір сәттен соң Родионов қыздың алдына үш тал шашты қойып:

– Осы шаштың қайсысы сіздікі? – деді.

«Белова» үніле қарап:

– Мұндай іске мамандығым жоқ менің. Өзіңіз көмектесіңіз.

– Білгіңіз келсе, осы үшеуі де сіздің шашыңыз. Енді түсінген шығарсыз?

– Менен нені білгіңіз келетінін түсінбеймін, – деді «Белова» шамның күңгірт сәулесі түскен бұрышқа сазара қарап.

– Не айтқыңыз келсе соны білмекпін. Айталық, осы екі тал шашты «сүйіктіңізге» қалай қалдырдыңыз? Малярды қалай өлтірдіңіз? Тағы сол сияқтылар.

– Мен ешкімді де өлтіргенім жоқ.

– Тым сыпайылықтың керегі не? – деді де, тергеуші әлде бірнәрсе есіне түскендей. – Кешіріңіз. Сіз әлі көз іліндірмеген шығарсыз кешеден бері. Тынығыңыз.

«Белова» иіле құптап, есікке бара бергенде:

– Бір минутке! Мына финка сіздікі ме? – деді Родионов екі жүзді қанжарды кезей алақанына салып. Бар денесімен бұрылған Белова бір сәт үнсіз тұрып:

– Ия, менікі! – деді.

– Отырыңыз. Бұл қанжар қолыңызға қалай түсті?

Қыз танданғандың пішін білдірді де:

– Білмейтін бе едіңіз? Жомарт жігіттің сыйы бұл.

– Ол туралы сұрап отырған жоқпын. Көрдіңіз бе, міне мынау туралы, – деді майор, қанжар сабына жазылған «4.П.42» деген цифрларды көрсетіп.

– Қанжар сыйлаған адамның маған берген күні ол. Қажет болса, түсіндірейін. Төртінші февраль, қырық екінші жыл.

– Сталинград түбінде ғой?

– Ия.

– Ұмытшақтығыңызға ренжитін шығарсыз. Егер де еске түсірсеңіз қоршауда қалған фашист армиясын талқандау төртінде емес, екісі күні аяқталды. Және сіз жиырма сегізінші январьда ауыр жаралы болып, далалық госпитальға түстіңіз. Сонда осы финканы сыйлаған адам қалайша күн есебін білмеді. Егер де сіздің батылығыз бармаса, есіңізге түсірейін. «4.П.42» деген күн белгісін жай цифрмен оқысаң 4242 болады. Солай емес пе? – деді тергеуші сұрлана жалт қараған қызға. – Бұл сіздің агентуралық номеріңіз. Екінші жағынан – пароль. Аржаққа қиындықсыз, дауыстамай-ақ осы цифрды көрсетіп өтуге болады. Ал, Лей ханым, айта

беріңіз. Әлде, «Қыс қарлығашы» деген сыпайырақ па?

Сұлу ажарымен сыр бермей тырмысып, маңғаз отырған қыз мойынына су кеткендей жиырыла бір уыс болып, бүк түсті. Әлден соң оң иығы үстінен тергеушіге ұрлана қарап:

– Ия, сіз қателескен жоқсыз. Егер де білсеңіз, мен ешқандай қылмыс жасағаным жоқ. Бұл менің бірінші тапсырмам еді. Осыны ескеріңіз, – деп мүләйімсі сөйледі.

– Сыпайы айтып отырсыз, – деді Родионов көзілдірігін ақ орамалмен сүртіп. – Соңынан қалмай аңдып жүрген адамыңыз капитан Сүлейменов қатты жараланды. Бірақ оның планшеткасындағы картаны алу оңайға түспеді сізге. Ауыр халде жатқан адамды есінен тандыра ұруға тура келді. Өлім алдында ол дағдыланған әдетпен планшеткасына жармасқанда карта жоқ еді. Өз әрекетін білдіргендей қанмен басылған бес саусақтың таңбасын ғана қалдырды. Сөз жоқ, сіз ту сыртыңызда бақылап тұрған Малярды байқамадыңыз. Ол ізіңізге түсіп өкшелеп қуғанда қол фонарь сәулесін көзіне түсіріп, осы қанжарды жұмсадыңыз. Кейде өмірде кісі ойламайтын жайлар кездеседі. Қанжар Малярдың жараланған жеріне тиген еді. Пышақ жұмсауды үйренген сізге бір ұру жеткілікті еді. Бірақ сержант Маляр құлай жармасты. Екі тал шашыңыздан басқа өзін өлтірген жау туралы ешқандай белгі қалдыра алмады. Сізге картаны сақтау қиынға соқты. Көшірмесін түсіріп алуға да мүмкіндік болмады. Картаны өлікке тығып, сәтті уақытты күттіңіз. Ұстала қалған күнде «сүйген жігітіме» бардым деп құтылмақ болдыңыз. Бірақ өзінің құрбысы Белованы іздеп жүрген Кондакова сізге тағы да кедергі келтірді. Сіз одан да құтылудың амалын таптыңыз. Көрдіңіз бе, екі бірдей совет азаматы жазықсыз сіздің қолыңыздан өлген.

– Бұл қастандық емес, мен өзімді қорғау үшін өлтіруге мәжбүр болдым, майор мырза.

– Қорғану үшін емес, әшкереленетін болған соң ғой?

– Бәрібір емес пе?

– Беловадан да қорғандыңыз ба? Шындығында ол сізді зұлымдық жасайды деп ойламаған шығар.

– Көрген жоқпын мен оны.

– Оның документін қалай қолға түсірдіңіз? – деді Родионов стол суырмасын өзіне тартып жатып.

– Линияның аржағындағы шефім берді.

– Мынау емес пе? – деді тергеуші тартпадан алған суретті жоғары көтере көрсетіп. – Сіздің шефіңіз өте алмады.

– Өте алмағаны қалай? – деді «Белова» абыржып.

– Самолетпен қоса өртеніп кетті. Сірә, самолет ішінде жараланып, одан секіріп түсуге дәрмені келмеген секілді. – Родионов бір сәт отырып:

– Сүйген адамыңыздың өлімі жаныңызға бататынын түсінем. Бірақ сіз қазір өзіңіз туралы ойлағаныңыз жөн. Және мынандай жайды есіңізге салайын. Күнәні жасырған сайын қылмыс ауырлай түседі. Бұл туралы шындықты сіз жақсы білесіз.

Лей қипақтай біраз отырды да:

– Менің кінәны мойындауым, ашық айтуым, өмірімді ұзартуға жәрдемін тигізер деймін, майор мырза. Мен мұны сізден өтініп сұраймын. Мен өзімнің көргенімді айтайын. – Ол бір сәт ойланып отырды да, өзі туралы айта бастады.

– Мен жас кезімнен бастап, Вашингтон түбіндегі Фэир-фэкс дейтін жердегі шпиондық мектепте оқыдым. Америкадан шығар алдында қалай да Герман империясының агенттігіне кіру жөнінде тапсырма алдым. Бұл тапсырманы орындауға бет әрім көмектесті. Германияда жүріп, неміс Гауфманның сүйген қосалқы әйелі болдым. Қандай жағдайда болса да оның барлық тілегін орындауға тура келді маған. Сөйтіп, мен соғыс туралы, Совет Одағы туралы мәлімет жинап, Американың орталық шпиондық ұйымына радио және құпия түрде жазылған хат арқылы жіберіп отырдым.

– Бұл жайлардың бәрі бізге белгілі, оданда нақты істі айтқаныңыз дұрыс болар! – деді Родионов оның сөзін кілт бөліп.

Лей әлде бір нәрседен шошынғандай бүкіл тұлғасымен дір етті де, тергеушіге өтінішпен жалтақ қарап:

– Ия, мен мұхиттың аржағындағы шефiмнен майдан линиясынан қалайда өту туралы тапсырма алдым. Алғашқы кездескен адамым, – осы штабқа жолдама алып, госпитальдан шыққан Белова болды. Мен оған өзімді самолеті қираған экипаж мүшесінің радискасы екенімді айттым. Мылжың сөзге сене қоятын ақымақ емес екен ол. Әрбір ісіме күдікпен қарап, торыды. Бірақ азығын аяған жоқ. Сол күні күннің жауғаны да жақсы болар ма... – деп

Лей үні біткендей отырып қалды.

– Сонан соң! – деді майор қабағы түйіле түсіп.

– Сіздіңше не істеуім керек, майор мырза. Өзіңізге белгілі, мұнда қуыршақ ойнауға келгенім жоқ қой мен.

– Әрине, – деді Родионов булығы түсіп. – Совет адамдарын өз мақсатыңызға жету үшін өлтіруге келдіңіз. Алғашқы құрбан болған кіші лейтенант Белова мен сержант Маляр және сестра Кондакова болды. Солай емес пе?!

– Бұл өзімнің қауіпсіздігім үшін жасалған әрекет. Әйтпесе, мен олардың біреуінің ролін атқарып, бұл дүниеден әлдеқашан өшер едім. Белованың өзі туралы жақын құрбысына толық жазған хаты да менің өмірімді ұзартты. Өзі сөзге сараң болғанымен жазған хатында бәрі көрсетілген еді. Әйтпесе, әлдеқашан әшкереленер едім.

– Сөз жоқ, – деді майор еріксіз көтеріңкі шыққан өз дау-сын байқамай.

– Белованы кенет өлтірдіңіз. Жаңылмасам, осы қан-жармен болар.

– Өлген адамға немен өлтірілсе де бәрі бір емес пе? Егер де сізге қажет болса айтайын: Я, осы қанжармен өлтірдім. Оны парашютті жасырған жерге әкелу үшін екі күн сүйредім. Әбден зықымды шығарды. Ал одан кейін жазылмаған парашют кидіріп, жансыз адамға менің ролімді ойнату әрекеті қиынға түскен жоқ. Дегенмен ол құрметпен өлді.

– Мүмкін, сіз де сондай құрметті өлімді қалайтын шығарсыз?

– Шындықты айтуым – өз өмірімді ұзартуға себеп бола ма деп ойламаймын.

– Ах, солай ма еді! – деді майор мысқылдап. – Бірақ, сіз капитан Сүлейменовты әл үстінде азаптағаныңызды айтпадыңыз ғой деймін.

– Шала жансар адамнан картаны алу қиынға түспеді. Әрине ол қарсылық жасап бақты. Бірақ әлсіз еді. Бәрі бір ол снаряд жарықшағы тиіп өлмегенмен басқа өлім күткен еді оны.

– Қалайша?

– Мені ұстауға оның дәлелі жеткілікті болатын. Әрдайым бақылап жүрді. Қанша рет жоқ етуге ұмтылсам да, сіздің солдаттарыңыз кесе көлденең тұрып алды.

– Сержант Маляр, сержант Ефремовтер ғой!

– Ия солар және оқуға кеткен ординарцы да жылтындап көз жазбайтын.

– Енді барлығы да түсінікті, – деді Родионов орнынан тұрып. Күзетшіге алып кетуге сигнал берілгенде Лей босаға жақтан бұрыла қарап:

– Менің өтінішім туралы ешнәрсе айтпадыңыз ғой, қажет болса мен 17-штаттағы және неміс гауфт-манының қарамағындағы диверсия жасайтын барлық адамдардың тізімін жазып берген болар едім. Мен өзіммен сөйлескен еркек адамдардың даусын айнытпай салу тәсілін де білемін. «Қыс қарлығашы» туралы жасырын аттың сырын да айтуыма болады. Тек өмірімді ұзартуға кепілдік берсеңіз болғаны.

– Сіздің көмегіңізсіз-ақ жайлардың барлығы бізге мәлім. Ол туралы мазалайды деп әбігер болмаңыз, – деді майор өз өмірінің ақырғы минутында тал қармауға тырысқан жаудың соңғы әрекетіне аса бір ызамен қарап.

VIII

Екінші күні Н. құрамының штабындағылар ерлік өліммен қаза тапқан Малярдың денесін ақ қайың түбіне қойып, қадірлі доспен үш рет салют беріп қоштасты.

1954 жыл, декабрь

СОЛДАТ ҚАБІРІНІҢ БАСЫНДА

(Әңгіме)

I

Мен командованиенің арнаулы тапсырмасын орындап, өзімнің бөлімшеме түнде оралған едім. Қараңғы түсісімен әр танкінің қасына, блиндаждың түбіне күзет қойылады. Күзет күшті, маңайлатпайды. Түнде тек парольмен ғана өтуге болады. Бұрма жолға шығып, тоғай арасымен бірталай жер жүргенде барып: «Токта! Келе жатқан кім?!» – деген

әмірлі үн естілді. Өзі көрінбейді. Акимов екенін дауысынан таныдым. Парольмен жауап бергенде тығылған қалқасын тастап қасыма келді.

– Келуіңізбен, жолдас гвардия сержанты! – Ол қысқа амандықтан соң: – Блиндаж сол жақта, мынау жай қазыла салған алдамыш апан ғой!– деп қарауытқан төбешікті нұсқады. Акимов полк солдаттарының ішіндегі кенжесі еді. Соғыста жүргеніне жылға тақаса да он сегізге биыл толды. Комсомолға өтуге асығып, екі жылын артық жаздырса керек. Жайшылықта ермегіміз Акимов болатын. Көргені аз ғой, сөйтсе де былдырлап алып сөзі таусылмайды. Айтатын сөзі мамасы: ала мысық пен екеуін қосақтап сабағанын айтқанда ішек-сілесі қатқанша күледі. «Буфет үстінде варенье тұрған. Ала мысыққа: «Жейік пе?» десем, ол: «Мияу» дейді. Не де болса бірге көрейік деп кірісіп кеттік. Таяқты ақыры мен жедім де, антұрған ала мысық қашып, құтылып кетті!» деп әңгімесін аяқтайтын. Витя Акимов үй-ішін сағынып жүргенін сезетін едік... Мен де өз адамдарымды сағынған едім. «Қалай, жігіттер аман ба?» дегенімде, Акимов кібіртіктеп қалды. Блиндажға қарай бет алғанда ол:

– Жолдас сержант, ұмытпаңыз, есік ішке қарай ашылады! – деді. Бұл жұмбақ сөздің мәнісін кейін ұқтым: «Жігіттер азалы, дабырламай кір!» дегені екен.

Блиндаждың есігін ашқанда дымқыл жас топырақтың иісі келді. Жаңа қазылғаны білініп тұр. Босаға жақтағы жәшіктің үстіне қуыс гильзадан жапырып жасаған білтелі шам қойған. Есік ашылғанда қызыл күрең сәуле лап етіп көтерілді де қайтадан сығырая қалды. Сержант Умнов шам түбінде күжірейіп, автоматын құшақтап төмен қарап отыр. Бөлімше командирі Павел Андреев оның алдында шынтақтап кесе көлденең жатыр. Қабағы салыңқы. Темекіні үсті-үстіне тарта береді. Оның қасында отырған Николай Чирковтың, Жүніс Хакимовтың, Рахым Ибрагимовтың да өңдері сынық. Умнов екеуміздің жас жағымыз шамалас. Қас-қабақтан оңай танып түсінісе қоятын едік. Мен оның иығынан басып, қасына отыра кеттім.

– Женя, не болды?

Ол басын көтеріп бетіме бедірейе қарады. Кірпіктері су, көз шарасында әлі де іркілген жас тұр.

– Амансың ба өзің? – деді де қолын иығыма салып құшақтады. Андреев, Чирков, Ибрагимов, тағы басқа жігіттер амандасып өткеннен кейін: –Алмас, біз Биештен айрылды, мана атака кезінде ауыр жараланды, штабқа әкелген жерінде қайтыс болды! – дегенде іші-бауырым жалын ұрғандай өртеніп сала берді. Тіл қатсам аузы-басым кемсеңдеп, көзден жас парлап аққалы тұр. Тістеніп алдым. Көзіме жас келмегенімен қан жұтып, жүрекпен жыладым...

Ертеңіне Умнов: – Самайыңа ақ кіріпті ғой, – деді.

Биештің шын аты Бимағанбет болатын, фамилиясы – Сүлейменов. Туған жері – Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданы. 1942 жылы Сталинград түбінде Гвардиялық дербес танк полкына арнайы автоматчиктер іріктегенде әр бөлімнен жиналғандар сонда бас қостық. Ол кезде гвардиялық бөлімшелерге соғыс соқпағынан өткен «дәріні иіскеп қалғандардан алатын». «Гвардияшылар жауға тірідей қолға түспейді, жолдасын дұшпанға тастамайды!» – Қызыл ту астында бас иіп берген осы антпен алғашқы күні-ақ шабуылға шықтық. Біріне-бірі тосырқай, сенімсіздеу қараған жігіттер атакадан соң алаланбай араласып кетті. Дұшпанмен бетпе-бет кездесу бәріне ортақ сын болған секілді. Бимағанбетке алдымен танысуға ынтыққан Андреев болды. Ол өзі москвалық қой, қазақта жасы үлкенді сыйлағанда қалай айтатынын алдында менен сұрап алған.

– Биеке, сіз болмағанда анау сумұрын фриц жотамды оқпен тесетін еді. Жан-жағымды абайлап келе жатқандай едім, ол иттің ту сыртыма қалай шығып қалғанын білмеймін! – деп Бимағанбеттің қолын алып, құшақтап рахметін жаудырып жатты. – Сіз мені өлімнен құтқардыңыз! Полктің қамал бұзатын танкісі КВ-85-қой. Атака үстінде автоматчиктер танкіні паналай жүгіреді. Жаудың бекінісіне жеткенде әркім өз маңындағы блиндаждар мен траншеяны дереу тазалап шығады. Андреев мұны ұмытып, ет қызуымен танкінің алдына түсіп алып парықсыз жүгіре берген. Сүлейменов мұны дәл байқаған, өйтпегенде жалғыз Андреев емес, бөлімшенің бірқатар адамдары қара жерді құшақтап жататын еді. Андреевтің әлгі әңгімесін естігендер Бимағанбетті әлпештеп басына көтеріп әкетті. Көзі танадай, мөлдір, қайқы кірпік, қараторы жігіт мақтауды жаратпай қашақтай береді: – Қойыңдаршы, қолпаштап қолдан батыр

жасамақсындар ма? Жауды құртпасаң ол сені өлтіреді, сол да ерлік пе екен, тәйірі! – деп тулап, шамданып қалады.

Содан былай полк адамдары Бимағанбетті Биеш деп атап кеткен. Биешке осы отырғандардың бәрі борыштар еді. Ол екінші жолы да бізді ажалдан арашалап қалды. Бұл оқиға Украина жерін азат еткенде болған еді.

II

Біз Н. селосында тұрғанбыз. Іңір қараңғысында хабаршы келді. Аптығып кеткен.

– Жолдас сержант, сізді штабқа шақырып жатыр!

– Жай ма екен? – Білмеймін, тек тез келсін деді.

Мен жинала бастадым. Майданға жүргелі тұрғанда, автоматчиктерді басқару маған жүктелген. Бүгін кеште ғана осы отырған селоны немістерден азат еттік. Село екі төбенің қуысына орналасқан. Кіре берісте өзен қиып өтеді. Көп тіреулермен көтеріп, биіктеп салынған көпір ауыр салмақты танкіні көтере алмай, шеңдегенде шытынай бастады. Өзен өткел бермей, танкінің селоға кіруі қиынға түсті. Төбені кесіп, төтелеп жол салмақ едік, село жақ беті тым еңіс екен. Машина аударылып кететін түрі бар. Село атқыштар дивизиясының көмегімен әрең алынды. Танкінің бар жақсылығы – алыстан атқылап қолдап тұрды. Село немістерден біржола азат етілген соң танкистер өзеннен өткел тауып жаңа бір әзірде келіп жайласқан. Танкистер мен автоматчиктер әбден қалжыраған еді. Жылы жерде бір сәт мызғудың өзі арман. Мен адамдарды оятпай, ептеп тысқа шықтым. Дала шықырлаған аяз. Көкте жұлдыз көп. Суықтан бой сергіп, ұйқы ашылды. Штабқа рота және машина командирлерін шақырған екен. Мәжілісті полк командирінің өзі өткізді. Оның айтуына қарағанда алдыңғы линия әлсіз, атқыштар полкі әлі бекініп бітпеген. Алынған мәліметте немістер жаңа күш төгіп жатқан секілді. Бәлкім қарсы шабуылға шығуы ықтимал. Сондықтан атқыштар полқына дереу көмек керек. Бірінші рота аялдамай алдыңғы линияға жетіп, бекініс жасауға тиіс. Алда-жалда немістер шабуыл жасай қалса, оларды үшінші рота қолдайды. Қалған танк роталары резервте болмақ. Автоматчиктер взводы бірінші ротамен алдыңғы линияға кетеді. Полк командирі

отырғандарды шолып өтті: – Кімнің қандай сұрағы бар? – дегенде: «Түсінікті!» деп бәрі орындарынан тұрды. Мәжіліс осымен аяқталды. Штабтан шыққанда 64-ші машинаның жүргізуші-механигі Маслов:

– Алмас, Саур-Могиланың түбіндегі секілді мен тағы командирсіз қалдым. Люкті ашқанда иығынан оң тиіп ауыр жараланды, – деп Оңтүстік майданда болған бір оқиғаны есіне түсірді. Ол кезде біз нақ алдыңғы линияның өзінде тұрған едік. Майдан тыныш болатын. Бірақ бұл алдамыш тыныштық еді. Немістер кенет шабуылға шығып, ойламаған жерде қоршауда қалдық. Немістерді танкіге жақындатпау үшін автоматчиктер әр танкіге бөлінді. Бірақ Масловтың машинасына ешқайсысы бара қойғысы келмейді. Танк көп зақымданған: үстіңгі екі шығыршығы қирап, шынжыр табаны жұлдызшаға әрең ілініп тұр, жүрсе қаусап түсіп қалатын сияқты. Бұл машинаға отырса жау қолында қалатындай көреді. Фашистер қоршауды қысып, танкіге тақап келеді. Екі жақта да шығын көп. Әр машинада орнатылған пулемет болады. Масловтың машинасы тұрған тұста фрицтер пулемет оғы іле алмайтын қауіпті зонаға жетіп қалған. Танк кейін шегіне алмайды; арты құлама жар. Қоршаудан шығу үшін немістер тұрған төбені кесіп кең жазыққа шығу керек. Басқа жол жоқ. Мен рота командирі Одеговтың жарлығын күтіп тұрғам. Сталинград түбінде немістердің қақ ортасында сегіз тәулік жатып, бұзылған танкіні жөндеген Одегов қой бұл! Ол атака кезінің өзінде бұғынған пенде емес, қасқайып танкінің алдында отырады. Қазір де башнядан басын сұғып төңірекке қарап тұр. Масловқа қатер төнгенін ол да байқаған.

– Жолдас сержант, адамдар қайда? Маслов жалғыз «алды ғой! – деді. Мен Масловтың машинасына қарай жүгірдім. Менің соңымнан екі-үш автоматчик ілесті. Башнядағы люк ашық екен. Танкіге шыққан бетте:

– Жолдас лейтенант, кеттік! Бар жүріске сал! – дедім. Сірә, Маслов мұны рота командирінің берген бұйрығы, соны жеткізіп отыр деп ұқты білем, моторды пәрменімен от алдырды. Төңірек ұшқынданып, жер-дүние жаңғырып кетті. Немістер үркіп іркіліп қалды. Үстінде автоматчиктер отырғанда танк жойқын күш қой. Маслов төбені айналып өтпей тіке өрлеп ұшар басына қарай тартты. Шынжыр

табанның алдыңғы жағы шошайып жерге тимейді, артқы табанымен бауырлап келеді. Кейін Масловтан мұндай қатерлі жүріс жасаудың мәнісін сұрағанымда:

– Дұшпан қоршауынан құтылудың басқа айла-шарасы қалмады ғой. Тіке тартпай бұрылыс қусаң шынжыр табан шығыршықтап шығып, табандап отырып қаламыз ба деп қорықтым. Төбені басып жазыққа бет қойғанда немістердің терең тылында қалдық. Олар ұзап кеткен. Алдыңғы жақта қаптаған неміс самолеті. Бұл қоршаудан аз ғана адам шыққан еді. Капитан Одеговтың машинасы өртеніп, жолда бізге қосылды. Төрт тәулік өткен соң қаусаған жалғыз танк бөлімшеге әрең жетті. Бізді тірілердің тізімінен өшіріп тастап, «хабарсыз кеткендердің» қатарына қосып қойыпты... Сонда Маслов машина командирі болмай соғысқан еді. Бүгін де командирсіз аттанғалы тұр.

– Командирдің қасында болғаны жақсы ғой. Төменде отырып төңіректің бәрін көрмейсің. Қарсы болмасаң менің машинама кел, бірге болайың, – деді. Автоматчикке қай танкінің үстінде отырсаң да бәрібір ғой. Бөлімшелерді танкілерге бөліп, өзім Масловтың машинасына келдім. Қасымда Сүлейменов, Акимов, тағы басқалары бар. Машинаға отырғанда Маслов:

– Бұйрық алынды, кеттік пе? – деді. Селодан шығып, жазыққа түсіп алғаннан кейін алдыңғы линияға қарай тарттық. Алғаш жаяу әскерлер ұзап кеткен болар, бірсыпыра жер жүрерміз деп ойлаған едік, бірақ алдыңғы линия алыс болмай шықты. Оқшау тұрған ұзын сарайды көктеп өте бергенімізде екі-үш солдат қол көтеріп кес-кестей жүгірді. Танк кілт тоқтағанда:

– Қайда барасындар? Өле алмай жүрсіндер ме, алдарың мина алаңы, аржағында немістер! – деп машинаға жабыса түсті. Осыны құптағандай сол жақ бүйірден, алыстан пулемет атылды. Сарайдың алды ашық, оның қалқасында қышпен жабылған кірпіш үй тұр. Бізге жолыққандар артиллеристер екен. Машинаны сарайдың тасасына қойып, үйге кірдік. Үй шағын, екі бөлмелі. Жылы. Маслов пешке қолын қақтап:

– Кәдуілгі тыныштық кездегі қалпындай қабырғаның әгі, еденнің бояуы кетпеген, – дегенде, танктен түсіп жатқанда өзі Петровпын деп таныстырған еңгезердей жігіт:

– Мұнда біз келгенше немістер жайлады, бәлкім бастық-

тары тұрған болар, – деді. Петров зеңбірек командирі екен. Кеше шабуыл үстінде бұлар тіркеуіне алған машина жаңылысып, жаяу әскерлерден бұрын бұларды осында әкеп тастапты. Атқыштар батальоны кейінірек келіпті. Сөйтіп бұлар қалып қойған.

– Оқасы жоқ, енді бірге боламыз, не көрсек бірге көрерміз, – деп Маслов шлемін көтеріп, жіпсіген маңдайын сүртті. – Немістер бұл жерден алыста ма?

– Біздің оң жағымызда атқыштар батальоны тұр, ал алдымыз ашық секілді. Әлгіндегі пулемет өзіміз келген село жақтан атылды. Мұнда өз адамдары тұрғанын олар білсе керек еді. Штабта болған мәжілісте атқыштар полкінің өкілдері қатысып отырды. Мен өз күдігімді Масловқа айтқанда, ол:

– Мен де сол жайында ойлап отырмын, – деді, планшетін ашып картаға үңіліп. – Егер біздің адамдар мына төбені алмаса, онда немістер танкіні әдейі жіберген.

– Бұлардың нақ желкемізге қадалғаны қиын екен! – деп Петров мықтап бір боқтап алды. Осы кезде қолын иығына асып алған сатала сақал біреу есік ашып өңмендеп кіріп келе жатты. Петров иегімен нұсқап:

– Менің оқтаушым, түнде жараланды. Санбатқа бар десем, бізді қимады ма: «Таң атсын, сонан соң көрермін» деді. Онсыз да адам жетіспейді, қала тұрғанын өзім де мақұл көрдім. Сүйегі аман болса дәнеңе етпес. Оқтаушы бізбен салқын амандасты. Жаумен өзі ғана жалғыз алысып жүргендей қабағы қарысып, танкистерді кимелей пешке тақау отырды. Оның жүріс-тұрысын: «Дайын үйде нең бар, иеленбей аулақ жүр, жылынуға құштар болсаң, бар да жаудан босатып ал!» дегендей еді. Оның сөкет қылығын ешкім сөкпеді. Маслов екеуіміздің әңгімеміз тыл жақтан кезіккен пулемет жайында еді. Әрқилы долбар айтамыз. Егер таяу маңда біздің бөлімшелер тұрса, пулеметке қарсы оқ жаудырар еді. Бірақ ондай жауап болмады. Әлде біз адасып кеттік пе?

– Мүмкін емес, көрсеткен бағыты осы! – деп Маслов саусақтарымен картаның бетін жүгіртіп өтті. – Мынау сай, мынау өзіміз тұрған сарай.

– Басқа экипаждар қайда?

– Біз бұрынырақ шықтық қой, бәлкім келер. Бізден соң

бұл жаққа бет алған танк көрінбейді. Рация бұзылған ба, радист штабпен байланыса алмай қойды.

– Енді мұндағы жайды анықтап алмасаң болмас, – деді Маслов. Мен де оның сөзін мақұлдадым. Оқтаушыға қарап:

– Сіз қалай жараландыңыз? – дегенімде ол мұрнын тыржытып мырс етті. Кекетінді түрмен:

– Кісі қалай жараланушы еді? Оқ тиген соң жараландыдағы! Соны ұқпайсың ба?

– Неге ұқпайын, кісі абайламаса оққа да ұшады.

Оқтаушы төбесінен адырая қарап атып тұрды:

– Әй, сен не оттап тұрсың?! Сеніңше мен білместігімнен, жамандығымнан жараланған екенмін ғой, ә! Кәне, сөйдеші, танауыңды бет қылайын! – деп жалғыз қолымен жағаға жармаса түсті. Қарулы неме бүріп барады, жібермейді. Петров арашалап жүр:

– Саша, Зайцев, тарт қолыңды! – деп жағадан қолын ажыратты. – Сен бекер қызба, кісі жөн сұрағанда дұрыстап жауап бер! Зайцев түлей шампа неме екен, бой бермей өршелене түсті. – Біреуге мін тағатын соншама бұл кім? Өзін жіберші, біз алдыңғы линияда қан төгіп жүрміз, ал бұл тылдың тышқандары дайын асқа ие болғысы келеді! Зайцевпен арамыздағы сөзге назар аудармай, жылы үйге кірген соң қалғи бастаған автоматчиктер дүр көтерілді. Чирковтың мінезі шапшаңдау еді:

– Мына маймыл тұмсық не деп тұр, ей! Тылдың тышқандары деп кімді айтады? Немене, жаралы болған жалғыз сен бе? Осыдан тырп етші, анау қампиған қарныңды оқпен тескілейін. Өзінің қарны қандай дәу! Бұл ит соғыста жүріп не жеп семірген? – деп автоматчиктер Зайцевты кеукеулеп кетті. Тұс-тұстан түйгіштеп шетке әкетіп барады. «Тышқансың» деген сайқы мазақ автоматчиктердің қанын көтеріп жіберген. Мұндайда біреу жазатайым жазаға ұшырауы да мүмкін. Осыны сезгендей Петров мыналарды қойдыр дегендей өтініш айтты.

– Чирков, Андреев, Ибрагимов, қане тиіспей былай тұрындар! Автоматчиктердің әрқайсысын әр жаққа итеріп, Маслов екеуміз зорға қойдырдық. Мен Зайцевті пештің қасына алып келіп, өзім қасына отырдым.

– Қызбалық жасадыңдар, жетер енді! – дедім де, қалтамнан «Беломорканалды» алып, Петров екеуіне ұсындым.

– Өлгі сөзіміз аяқталмай қалды ғой деймін.

– Біз мұндай сасық махоркаға жете алмай жүргенде, сендердің халдерің жақсы екен, папирос тартасындар, – деп Зайцев кекетіп өтті. Мен оны сезбегендей:

– Сөйтіп, қалай жараландым дедің? Ұқпай қалдым.

Зайцев темекіні үсті-үстіне тартып:

– Менің жараланғаныма сенің шүбәң бар ма, осы? Алдымен соны айтшы.

– Сарапшы емеспін, бұл солардың ісі.

– Онда несіне сұрайсың?

– Жай, оқтың қай жақтан атылғанын білгім келеді.

– Оқтың қай жақтан атылатынын білсем, жараланбас едім. – Зайцев, сіз өтірік айтасыз.

– Мен бе?

Зайцев папиросы түкіріп тастамақ болды да, темекісін қимады білем, сабағын қырқып тістеп, ернінен ытқытып жіберді. – Сен, жігітім, байқа!

– Сіз бекер қызбаланасыз. Одан келер бізге пайда жоқ. Байқасаңыз, сіз өтірігіңізді өзіңіз әшкерелейсіз де, басқаны кінәлайсыз. Жарқырауық оқпен жараландым деп өзіңіз айттыңыз. Жолдастарыңыз соған сенген. Білсеңіз, жарқырауың оқтың бағыты, қай тұстан атылғаны түнде көрініп тұрады. Бәлкім, сіз байқамай қалған шығарсыз, солай-ақ болсын. Бірақ ол оқ қайдан келеді? Біздің оң жағымызда атқыштар батальоны тұр. Олар сіздердің мұнда екеніңізді біледі. Арт жақтан атылған әлгі пулемет оғының бұл жерге жетпей жолда жоғалып жатқанын өзіңіз көрдіңіз. Сонда оқ тым жақыннан атылған болып шығады. Солай ма?

– Өлдеқалай соғыс трибуналы мені соттай қалса, өзінді айыптаушы ретінде шақырамын. Басқа айтар сөзім жоқ.

– Сізді айыптайтын менде құдырет жоқ, жөнінді айтпасаң, өзің біл. Өтірікші – опасыздан әрман, тек соны білсең болғаны. – Мен тұрған кезде автоматчиктер де қозғалды.

– Жігіттер, бұл жердің жұмбағы бар секілді. Түнгі күзетті күшейтсек қайтеді? Қазір постыда кім тұр?

– Акимов тұр.

– Тағы біреуді қосалқыға қояйық.

– Жігіттерді әурелеп қайтесің, – деді Сүлейменов автоматын иығына асып. – Мен-ақ тұрайын. Акимов та тынықсын. Мана аздап мызғып алған едім. Енді бәрібір ұйықтамаймын.

кұдайға шүкір, төңірек тыныш қой, бекер дүрлікпейік. Лейтенант Маслов автоматчиктердің арасындағы анау-мынау сөзге араласа қоймайтын, естімегенсіп, көрмегенсіп жүре беретін. Неге екені белгісіз, ол осы жолы Сүлейменовты қуаттады:

– Ертең шабуылға шыққандай боламыз ба, кім біледі... Жігіттер тынығып алсын. Аздан кейін бұлқан-талқан боп Акимов кірді.

– Мені бала дейсің бе? Әлде қорқаң дейсің бе, бұл қалай? Постыға тұрғызбайсыз, түнде күзетке қоймайсыз. Егер сенбесеңіз, ертең басқа ротаға кетем.

– Витя, сен екі күннен бері ұйықтаған жоқсың. Кішкене көз шырымын алсаңшы.

– Көріп тұрыңыз, мен бәрібір ұйықтамаймын! – Акимов бұртиып пештің шоғын томармен көсіп-көсіп жіберді. Аздан соң екі беті балбырап, танауы пыс етін ұйқыға кетті.

Менің қасымда жатқан Петров:

– Өз тіпті бала екен-ау! – деді.

Түннің бірталай мезгілі өткен. Дала тым-тырыс. Менің дөңбекшіп жатқанымды көріп Петров сыбырлады:

– Сіз ұйықтап жатқан жоқсыз ба?

– Жоқ, жай сұрадың ба?

– Жай, әншейін... – Ол бір сәт үнсіз жатты да: – Ылғи ығай-сығай жігіттерді жинап алған екенсің, өздерінің жас шамасы да біркелкі. Өзің нешедесің?

– Жиырмаға шықтым.

– Соғыста жүргендеріңе көп болды ма?

– Сталинградтың қырғынынан бастап есептей беріңіз.

– Жылдан асыпты ғой, бәсе, өзім де солай ойлаған едім.

Сірә, бұлардан оқ та жалтаратын шығар.

Мен әңгіменің бетін бұрдым:

– Осы үйге кіргенде төңіректі түгел қарадыңдар ма?

– Күдігің сейілмепті әлі! – Петров өкініш білдірді. – Маған сенгін, бұл үйден келетін бәле жоқ. Қамбасына дейін тінттік. – Күдік қайдан болса, қатер содан болады. Маған соғыс үйреткен сабақ осы. Әйткенмен сізге сенем ғой, одан да ұйқыны қандырайық. Ұйқы келмеді. Тысқа құлақ түрем. Сүлейменов терезенің алдына екі мәртебе келіп кетті. Соңғы жолы ішке әдейі үңіліп тұрып қарады, ұйқысы келген де болар... Осылай ұйқылы-ояу жатып көзім ілініп кетіпті.

Қатты дүмпуден бәріміз шошып ояндық. Терезенің бір жағы опырылып құлап түскен. Бір жақ қабырға үңірейіп тұр. Мұндайда кісі тым-тырақай қашып, бекерге оққа ұшатыны болады. Автоматчиктер есікке қарай лап қойғанда:

– Қозғалмаңдар! – деп айқай салдым. Петров жараланды білем, ыңырсып жатыр. Бұл дүмпу неден болды? Әлде снаряд дәл түсті ме? Бәрінен бұрын танк зақымданбаса жарар еді. Сүлейменов неге үндемейді? Өзі аман ба екен?... Бір сәтте санқилы ой келді.

– Есіктен шықпандар, терезеден аулақ кетіңдер! – деген Сүлейменовтың даусы естілді.

– Жігіттер, Биеш тірі! – Чирков қуанып кетті. Екі жақтан қатар автомат оғы жауды. Біреуі дәл есіктің алдынан атады.

– Пашка, Женья, бізді оқпен бүркей тұрыңдар! – дедім де, салбыраған көсекті бір теуіп, Чирков екеуіміз үңірейген терезеден атып шықтық. Бізге Акимов ерген секілді. Артымыздан соның пысылдағаны естілді. Есікке қарай қос гранатаны лақтырғанда: «тр-тр-тр-р-р» еткен автоматтың үні өшті. Енді үйдің сыртынан ғана атып жатыр. Сүлейменовтың қасына жеткенде, Акимов:

– Сіз алдандыра тұрыңыз! – деп қораны айналып жүгіре жөнелді. Чирков оның ойын ұққан, жас серігін жалғыз тастағысы келмей, ол да ілесті. Аздан соң екеуі неміс автоматтарын құшақтап келді. Апыр-топыр үйге кірдік. Петровты ауызғы үйге пештің қасына жатқызған екен.

– Белім үзіліп барады, тыныс ала алмаймын! – деп қиналады. Дереу шешіндіріп қарасақ, осколқа сегіз көздің үстінен тиіпті. Қан шым-шым шығып тұр.

– Жара құртақандай ғана екен, – деп Чирков саусағының ұшын көрсетті. – Қауіпті емес.

– Әй, қайдам. Қол-аяғымды қозғалтпайды. – Петров күйзеліп жатып Сүлейменовты қасына шақырды. – Бұл фашистер қайдан тап болды?

– Осы үйден шықты?

– Қалай? Сүлейменов болған оқиғаны қысқаша баяндап шықты. – Тынымсыз әрі-бері жүру зеріктірді ме, әлде қалжырадым ба, көзге ұйқы тығыла бастады. Бір мезгілде үй жақтан сыбдыр естілді. Мені ауыстырайын деп жүрген Чирков па деп терезеге үңіліп қарадым. Бәрің де дырдай боп жатырсыңдар. «Дыбыс беріп жүрген кім?» деп танкіні екі-үш

мәртебе айналып өттім. Үйдің сырт жағына көз тастаймын. Бұл төңірек таза. Көңілге күдік ұялай бастады. Ұйқы шайдай ашылды. Сендерді оятуға оқталып, қой, бекер үрейленіп қайтемін деп тоқталдым. Сонда да сақтық жасап, танкіге тығыла түстім. Екі көзім үй жақта. Бір уақытта шатырдан қылтиған адамның басы көрінді. Осы маған қос көрініп отырған жоқ па деп үңіле қараймын. Қателеспеппін, біреу салбырап түсіп келеді. Қолында бума гранаты бар. Сендерге дыбыс берейін десем, гранатаның астында қала ма деп қорықтым. Автоматтың затворы қатып қалып атылмай қалып жүре ме деп те үрейім кетеді. Абырой болғанда өйтпеді. Оқ дәл тиді. Осы кезде граната жарылды. Ал қалған екеуінің жерге қалай түскенін білмеймін. Андреев пен Умнов үйдің төбесінен бүтін рация тауып әкелді. Мұнда немістердің байланысшылары тұрғаны айқын болды. Артиллеристер тұтқиылдан келгенде немістер кейін шегінуге үлгіре алмай, амалсыз үйдің шатырына жасырынған. Зайцев поста тұрғанда шатырда отырғандардың бірі оны атқан. Алдыңғы линияда лағыған оқтар көп болады. Оған түнде назар аударар бермейді. Немістер Зайцевті атқанда солай есеп құрған. Айқай-дабыр үстінде батальонның адамдары келіп қалып, артиллеристер апаттан аман қалған. Петров Сүлейменовтың тізесіне қолын салып:

– Бәрімізді өлімнен құтқардың, рахмет саған! – деді де: – Зайцев, қасыма кел, отыр! – деп айқайлады. Зайцевте зәре қалмаған. Безгек ұстағандай дір-дір етеді.

– Ей, сен кеше шатырға шықтым, қарадым дегенің қайда?

– Түп жағында шөп үюлі тұр еді. Мен оны...

– Сен ит түбіме жеттің-ау!

– Кешір мені. – Әй, осы былшылық жетер, болды! – Петров теріс қарады. Таң сәріде санитарка келді. Шаңғыдан жасалған жайдақ шанасы бар. Петровты плащ-палаткамен көтеріп шанаға салып жатқанда:

– Мен қайтемін енді? – деді Зайцев, еңкілдеп жылап жіберді. Ешкім оған жауап қатқан жоқ. Біз көп ұзамай шабуылға шықтық.

III

Бұл жолғы тапсырма дағдыдан тыс еді. Немістердің алдыңғы линиясын кесіп өткеннен соң екі-үш топқа бөлініп, селоға қарай бет алуымыз керек. Жолда қатер төне қалған

күнде алдыңғы топ барлық соққыны өзіне алып, соңғыларға жол ашады. Оларды село тұсында біреу қарсы алып, парольді білдіреді, әрі баратын жолды көрсетеді. Қалың жынысты сайға түскеннен кейін қайткенмен де ең түкпірдегі блиндажға жетуіміз керек. Шама келгенінше айқай-шу, атыс болмауға тиіс. Және иегінің астында меңі бар штаб офицерінің өмірін сақтаған жөн. Оған ешкім қол көтермеуге тиіс. Тапсырманың жайын алғаш естігенде Чирков күңкілдеді:

– Қараңғы түнде қай немістің иегін көтеріп тамағын ашып жүреміз! – Ол Сүлейменов қайтыс болған күні «бірде-бір фрицті тұтқынға алмаймын, қанға қанмен жауап беремін!» деп ант еткен-тін. Шынында Сүлейменовтың өлімі бүкіл взводқа қатты батқан еді. Сан рет жолдастарын ажалдан арашалаған азамат мәңгі-бақи көз жұмды. Тағдыр құртақандай қорғасын оқты азсынып, бронды қирататын алмас үшті снаряд жіберіпті, оң жақ кеудесін өкпесімен қоса суырып әкеткен. Сонда да есінен танбапты. «Ашық жараға тиген жел оқтан өткір екен-ау, кеудемді өртеп барады. Қалың бірдемемен жабындаршы!» деп өзі де жанынан түңілді ме, үстіне шинель жапқызып, ақырғы сөзін айтыпты:

– Жарыма хат жазыңдар. Енді көре алмаспын... Аз ғана дәурен кештік, көп қызықтай алмадық... Құдай жазбады... Мені сарғайып күтпесін... Бәрін кешем! – Онан әрі тілге келмей жан тәсілім етіпті. Бұл қазадан соң взводтағылар көп жарқылдап сөйлеспей, кезекті шабуылды күтіп, іштей тынып жүрді. Мынадай ерекше тапсырма көңілдерін көтеріп, желпіндіріп тастады. Чирков алақанына түкіріп-түкіріп қояды:

– Бәлем, сендерге де кезек келетін шығар! – деп жүргенде меңі бар офицерді сақтау керек деген тапсырма оған ой салды. Бір жолы маған келіп ақылдасты.

– Алмас, – деді менің қасыма етпетінен жатып. – Өзі офицер екен. Байқамаған боп көзін жоя салсаң қайтеді? Бір фашистен құтыламыз.

– Ал ол немістердің ішінде жүрген өз адамымыз болса қайтесің?

– Солай болуы мүмкін бе?

– Әрине, әйтпесе мұндай нұсқау болмас еді ғой.

– Біздің адам болса сөзім жоқ. Бірақ байқа, оқ шен талғамайды. Бұл күрделі операцияны басқару атқыштар

дивизиясының оперативтік тобының офицері лейтенант Виктор Карловқа жүктелген еді. Оның адамдары бұдан бұрын да немістің тылына шығып, «тіл» алып қайтқан көрінеді. Құпия мәжілісте неміс штабындағы адам жайында ерекше ескерткен. Блиндажға кірген бетте Виктор Карлов бірден онға дейінгі кез келген санды айтуға тиіс.

– Қам жеме, Николай. Жүз немістің арасынан оны айнымай тауып аламыз.

Чирков сырды бүккенімді сезді ме, қасын керді, бірақ сұрақ беріп қажамады.

– Олай болса жақсы екен, – дей салды.

Келесі күні кеште лейтенант Карлов бізді алдыңғы линияға апарды. Блиндаж ішінде біреу қарсы алды. Плащ жамылып алған, шен дәрежесін біле алмадық.

– Келдіңдер ме? Жарайсыңдар! – ол әрқайсымызға қол беріп жайдарлы амандасып өтті. Карловқа қарап: – Екінші топты кім басқарады? – деді.

– Гвардия сержант...

– Неге өзің емессің?

– Мен олардың тылында болдым, жолдас гвардия полковник. Жолды білем. – Мұның да дұрыс екен! – деді де полковник менің қасыма келді. – Фамилияң кім?

– Болтаев! Бұрын немістің тылында болып па едің?

– Небары бір-ақ рет, жолдас гвардия полковник.

– Қорықпайсың ба? Мен күмілжіп қалдым. «Батырмын, қорықпаймын» деп қалай айтасын. Ұйткенмен де полковник сенбейді. «Қорқақпын» десең үлкен командирдің қырына ілігіп қалуың мүмкін... Тіке қойылған сұраққа жалтара жауап қаттым. – Тірі жанның бәрі қорқуға тиіс, жолдас полковник.

– Сонда қалай, бәріміз қорқақ болғанымыз ба?

– Кісінің үрейін оның ар-намысы, ақылы басады, сондықтан да ол өзін қорықпаймын дейді, жеңіске жетеді. Біздің қазақ өлімнен ұят күшті дейді. Полковник қалтасынан күміс портцигар алып ашты да темекі ұсынды.

– Өлімнен де ұят күшті! – Ол өзінше қайталады. – Өте күшті, дәл айтылған сөз. Екінші топтың қандай әрекет жасайтыны өзіңе түсінікті шығар. Арқамнан ауыр жүк түскендей болды. – Тапсырма айқын, жолдас полковник!

– Онда жақсы, жолдарың болсын. Аман-сау қайтуларыңа тілектеспін! Барлаушылар бір кісідей жауап қатты:

– Совет Одағына қызмет етемін!

Таң қараңғысында зіркілдеген зеңбірек үні бәрімізді оятты. Бара-бара үдей түсті. Алдыңғы жағымыз кара түнек. Әлдеқайдан танкінің гүрілдеген мотор үні, «уралаған» дауыстар естіледі. Алыстан «Катюшаның» лапылдаған жалыны көрініп қалады. Алдында лейтенант Карлов біреумен ілесіп кетіп еді. Бір уақытта жүгіріп келді:

– Жігіттер, кеттік! Тезірек қимылдандар! – Өзі алға түсіп, траншеяның бойымен жүгіре жөнелді. Аржақтан кара түнектің арасынан аракідік оқ жарқ ете қалады. Немістер де қарсылың көрсетіп жатқан секілді. «Солға қарай жүріңдер» дегендей лейтенант Карлов қол бұлғайды. Оның әр қимылын бағып бүкшендеп жүгіріп келеміз. Жарлауыт қабаққа жеткенде «жатындар» деп белгі берді. Сәл демімізді басып еңбектеп, алға қарай жылжыдық. Осылай шалшық судан да өттік. Мұндай жүріс жігіттерді қалжыратқан сияқты. Жұбын жазбай үйдек-түйдек келе жатқандар енді бір-бірінен қалып, аралары алшақтап барады. Лейтенант Карлов әлжуаз, нәзік жігіт көрінген. Сірә, ұзақ еңбектеп жүргенді көтере алмас деп ойлап едім. Қазір арқан бойы алда келеді. Шаршайтын түрі жоқ. Анда-санда бізге қарап қойып басын шайқайды, алғы жақты ымдайды. Өңі сұрланып боп-боз боп кеткен. Сәске түске дейін жүрдік. Тас жолдың тұсына келгенде:

– Қас қарайғанша осында боламыз! – деді Карлов қабағы түйіліп. – Қайтар бетте бұлай шабандық көрсетсек, тірі қалуымыз неғайбыл.

Біз тапжылмай жатырмыз. Бірталай уақыт өтті. Түн ауған мезгілде біреу тысқа шығып, блиндаждың алдында зажигалкасын екі рет жағып, темекі тұтатты. Әлден соң үшінші рет жағылды да, дереу сөне қалды. Бұл бізге берілген сигнал еді. Карлов шынтағымен түртіп белгі берді. Алға қарай лап қойдық. Бірінші блиндажға жеткенде біреу дауыстады. Күзетші алынбаған ба, бұл қалай деп ойлады. Дәрет сындыруға шыққан неміс офицерінің бірі екен. Оған Карлов таза неміс тілінде жауап қатты. Әп-сәтте ыңырсыған, қиналған дыбыс естілді. Чирков оның аузын басып тұншықтырып жатқан секілді. Біз автоматты кезеп, блиндажға сау етіп кіріп келдік. Өз адамымызды айнымай таптық. Карлов онымен қас қаққанша шартты белгі арқылы тілдесіп үлгіреді. Сол кезде біреу төсектен тұрды. Қып-қызыл

мас. – Сендерді шақырған кім? Көздеріңді жоғалтыңдар! – деп ақырып браунингке жармасты. Сірә, Карлов неміс тілінде жауаптасып тұрғандықтан өз адамы санады ма, ырық беретін емес. Біздің беттеген адамымыз осы еді. Алдында үрейін кетіріп, қорқытып ертіп шығу көзделген. Бірақ маспен тіл таба алмаған соң бас салып, матап байлап алдық. Бұлай жасау операцияны біраз қиындатты. Былай шыққаннан кейін Карлов: – Блиндаж алдындағы күзетші үш сағаттан кейін ауысады. Оған дейін тексеру жүргізбесе, алдыңғы линияға жетіп қалармыз. Ал егер...

– Сіз жолды жатқа білесіз. «Тілді» алып жүре беріңіз. Қуғыншылар болса, бөгей тұрайық. – Лайым қуғын болмасын де, өйтсе бәрімізді аттап бастырмайды. Аялдамай шапшаң жүрейік.

Тұтқынды бірде плащ-палаткаға салып сүйреп, бірде желкелеп айдап, шапшаң жүріп келеміз. Қараңдаған қалың бірдемені көргенде жүрек дүрсілдеп ауызға тығылады, шынымен соңғы сапар ма деп ойлайсың... Шоқ тал, не бұта екенін білгеннен соң көңіл жай табады, тағы жылжымыз. Таң ата кеше өзіміз тыныс алған жарқабаққа жеттік. Немістер хабарланып қалған ба, осы тұсты нысанаға алды. Алты стволды минометтен атылған снарядтар түйдек-түйдегімен жарылады. Екі жақ бүйірден де пулеметтен атып жатыр. Қанға шыланған кесек пен шинельдің жұрындары шашырай бастады...

– Акимов, сигнал бер! – деген Карловтың әлсіз үні естілді. Акимов жарқабақты қуалап немістерге қарай тұра жүгірді.

– Акимов, қайда барасың, тоқта! – деп айқай салдым. Сол сәтте біреу құлақ шекеден ұрғандай көзімнен от жарқ ете қалды. Бір мезгілде көзімді ашсам, самайыма тиіпті.

– Қалай? – деді Чирков сыбырлап.

– Акимов қайда? Немістер ракета атылған маңды снарядпен төпеп жатыр. Акимов серіктерін арашалап, немістің бүкіл тажал оғын өзіне алған. – Мен қазір! – Ол еңбектей жөнелді.

Акимовты плащ-палаткаға салып, сүйретіп алдыңғы линиядан өттік. Күн шашырап шығып келеді. Ол көзін ашып, шашыраған таңғы сәулеге телміре қарады.

– Мені мамам сағынатын болды-ау!.

ЖҰЛДЫЗДЫ

ЖОРЫҚ



Жасөспірімдерге

арналған

әңгімелер



ЖҰЛДЫЗДЫ ЖОРЫҚ

Қуаныш

1

Константин Григорьевичті МТС директорының шақыртқаны мұндай жақсы болар ма. Егер де инженер болса, Жаннатты бұдан әрі отырғызбас па еді, қайтер еді. Онсыз да ұзақ отырды ғой ол. Ал, Константин Григорьевич әрбір оқушының техникалық станцияға қай уақытта келіп кететінін жақсы біледі. Сабақ уақыты бітсе-ақ: «Бүгінгі отырыстарың жетер, сабақ барын ұмытпаңдар!» деп, қолына қара құлыпты алып, асықтыра бастайды. Бензин моторлы фюзеляжды самолет моделі облыста бірінші орын алған Жомарт Жолбарысовқа:

– Уақыт біткенде шеберсінуін қарашы! Сен үшін сабаққа мен әзірленемін бе? – деп, жақсы көретін шәкіртіне түйіле ренжігені барды. Ал қазір ше? Қазір инженер жоқ. Қайыс кигізетін дөңгелекті асықпай отырып жасауға болады. Кеше үйге қайтар алдында Сережа:

– Ертең бізде отряд советі. Кешігіп қалуым мүмкін. Дөңгелекті маған қарамай қондыра бер. Ток беретінімізді ұмытпа! – деп аса бір сеніммен тапсырған еді. Шынында бұл күнді Жаннат та асыға күткен. Колхозды ауылға ток берер алдында көп адамдар жиналады. Өзге мектептерден де келеді. Константин Григорьевич колхозды ауыл макетін, бу двигателін кімдердің жасағанын айтады. Сонда Жаннат Шуқатованың да есімі аталмақ. Сонсын... сонсын әлгі Жомарт та мұрнын шүйірмейтін болады. Неге екені белгісіз, дөңгелекті қондыру үстінде осындай

бір тәтті ойлар Жаннатты шырмап алды. Кейде тұс-тұстан өзін құттықтап жатқан кластас құрбылары да елестейді. Қуанышты топ-думанның ортасында жүргендей сезінді өзін. Ол паровоз тәрізді бу двигателіне бір сәт қарап отырды да, қайтадан дөңгелекті егеуге кірісті. Жұмысты тез бітіргісі келсе де, қолы дәрменсіз, шабан қимылдайды. Өткір егеуде болат темірге батпай, шиқылдап тұрып алады.

Темір үгіндісі болымсыз, себелеп түседі. Сол сәтте қарсы алдындағы қабырғада ілулі тұрған сағат нәзік үнмен қоңырауын соқты. Осы бір нәзік үн тәтті қиялды сыпырып кеткендей, аңырып тұрып қалды Жаннат. Дөңгелекті тірек шегеге қалай қондырғанын да сезбеді. Бұрап көріп еді, сіресіп шықпай қойды, төске салып тартқанда тірек шеге маховикпен қоса жұлынды. Жаннат бұлай болады деп күтпеген еді. Осы кезде малақайын қолына ұстап, еңтіге басып бөлмеге Жомарт кіріп келді:

– Жаннат! Құттықтаймын. Сендердің локомобилдерінді Шымкентке, облысқа жібереміз деп жатыр. Мен оны... – дей беріп еді:

– Күлмегін сен! – деп, Жаннат Жомарттың кеудесінен кері итерді. Бұл ренішінің мәнісіне түсінбеген Жомарт:

– Өтірік дейсің ғой? Жоқ, мен мұны Константин Григорьевичтің өз аузынан естідім.

Жаннат оның соңғы сөздерін естіген де жоқ. Үшінші этаждың басқышынан төмен қарай жүгіріп бара жатты.

2

Орталықтан оқшау Бурылтөбе бөктерінде жатқан Көктал МТС-і соңғы кезде мектеп оқушыларының жиі келетін орнына айналды. Бұған себеп МТС жанында техникалық станцияның ашылуы еді. Оқушылар бұрын МТС-ке жаңа тракторларды, комбайндарды, мақта теретін ғажайып машиналарды көру үшін оқта-текте ғана келетін. Жомарт айтқандай, қаладан жаңа инженер келіп еді, бәрі де өзгеріп кетті. Шынында техникалық станция ашылғаннан бері бұл маңайға колхоз мектептерінен, тіпті аудандық

пионер үйінен де оқушылар жиі келе бастады. Алғашында техникалық станция орналасқан үйдің әдемілігін сөз етсе, соңынан өздері көрмеген ғажайып аспаптар туралы әңгіме құрды. Жаннат та алғашқы келген топпен бірге жас техниктер үйірмесіне жазылды. Бірақ оның Сережа Кузьменкомен танысуы кездейсоқ болды. Ол былай болып еді: Күздің ашық ызғарлы күні. Жерде қар болмаса да, суық жел есіп тұр. Станцияға келгендер шуақ қуып, шүйіркелесе әңгіме соғады. Бір кезде олардың көңілді күлкісі естілді:

– Трехтонка, дәл өзі! – деп аузын басып булығы күлді бір бала. Ешнәрсенің мәнісіне түсінбеген Жаннат топтан жырыла шығып, алаң жаққа қарап еді, ешқандай машинаны көре алмады.

– Қайсы, қайсы? – деп қасындағы Жомарттан сұрады. Бірақ ол:

– Сен көретін ешнәрсе жоқ! – деп Жаннатың қолын қағып жіберді. Әлдебір нәрсені жақтырмағандай ызалы кейіпте тұр.

Жаннат енді байқады. Тапшы, шолақ пальто киген кесек тұлғалы біреу сылбыр, жай басып келеді. Салалы қолдары жеңінен жарты қарыс шығып кеткен. Өзіне шақтап тіккен көк пальто өңі түспей қысқарып қалған тәрізді. Ертегінің алыптарындай сағат сайын өсетін болу керек. МТС-те бір алып адам бар, от алмаған тракторды бір-ақ бұрап жүргізеді деп еститінді. Жақындаған соң бұл келе жатқанның кәдімгі бала екенін байқады. Дөңгелек жүзіндегі күлкі, зор тұлғасына жараспағандай әрі майда, әрі нәзік. Әзілдеп шулаған балаларға да, ол осы бір нәзік күлкісімен бір қарап қояды. Сықаққа қанық ба, бұрылып қарар емес. Оны үшінші этаждың басқышында қуып жеткен Жаннат:

– Жоқ, трехтонка емес. Зис-85! – деп ашық дауыспен сықылықтай күлді. Бірақ Сережа ашу шығарған жоқ. Өңі ду етіп, қымсына тұрып қалған қызға басқыш шарбағынан сығалап қарап сәл езу тартты. Жаннаттың өзі аңғарған әлгідегі нәзік күлкі. Осы бір сәтте ол: «Пайымсыз, тен-

тексің-ау!» дегендей болды бұған. Сол күні Жаннат соңғы сабаққа қарамай, станциядан ерте кетті. Есіктен шығып бара жатқанда киім ілгіш жақтан шыққан Жомарт:

– Ендігәрі айтсаң, көресің «сексенбесті!» – деп жұмырығың түйді.

– Өзінді қорқыт! – деп Жаннат еріксіз күліп жіберді. Жомарттың әлгі оқыс ісі көңілін бір серпілткендей болды. Бұл қыр көрсетуі оның нәзік тұлғасына да, мінезіне де, үйлеспей-ақ тұр. Содырлық тән емес оған. Ал Сережа ше? Оған бәрі де жараса кетер еді. Оның қолы ауыр ғой...

Бұл туралы кешкісін Жаннат мамасына ұзақ әңгімеледі. Өзінің мектептегі кестешілер үйірмесіне енді қатысқысы келмейтінін, техниктер үйірмесіне жазылғанын, оған ауданнан да қыздардың көп келетінін айтты. Сережа туралы сөз болғанда мамасы:

– Онда ақылды бала екен! – деп мейірім көрсетті. Жаннат техникалық станцияға келген сайын Сережамен жеке кездесіп, шайпау сөзіне кешірім сұрамақ боп жүрді. Таныс емес жолдасты жолсыз ренжіткеніне қынжылу да, өкіну де бар. Бірақ Жомарт жармасып қасынан қалар емес.

Шүйіркелесер сыры бар тәрізді, ылғи бірдеңе айтқысы кеп ұмсынады да тұрады. Егер Жомарт тұрғанда сөз қатсаң: «Темірді қызған кезінде соқпадың, көріктің енді шоғы да жоқ!» деп, өзінше бір нәрсені айтуы мүмкін. Авиамодельшілер үйірмесіне жазылғысы келетінін білдіргенде, Жомарттың дәл осылай дегені бар–ды.

Бұл істің бәрі де дәл Жаннат ойлағандай болмады. Техникалық станциядағы өмірдің өзі-ақ бұларды күтпеген жерден татуластырды. Әңгіменің бәрі Жаннат тұрған Маленков атындағы колхозда болды. Екі-үш күнгі танысу сабағынан соң Константин Григорьевич техниктер үйірмесіндегілерді колхозға апарды.

– Бәрімізге дабылы таныс миллионер колхоз бұл. Тағыда жақсылап қарап алыңдар, – деді ол. Ертеңіне колхозды ауылдың макетін қалай жасау керектігі туралы үйірмедегілердің әрқайсына жеке тапсырмалар берілді. Көк шыныдан колхоздың су бассейнінің суретін жасауды

қалаған еді Жаннат. Бірақ, Константин Григорьевич Сережа мен екеуіне бу двигателін жасауды тапсырды. Рас, ауылда стадион да, клуб та, мектеп те, малға шөп ұсақтайтын түрлі машиналар да бар. Ал, мына кішкене аспаптың колхозға қандай қатысы бар? Суретке қадала қарап отырған Жаннаттың осы ойын аңғарды білем, инженер имек трубкасына темекі толтырып алып:

– Локобилсіз колхозға жарық бере алмаймыз! – деді.

Инженердің Сережамен екеуіне аса жауапты міндет жүктегеніне қуанды Жаннат. Сабақтан кейін-ақ бұл іске жедел кірісу керектігін айтқанда, Сережа өз дағдысынша бейқам, онша көп елтімей отырды. Үзіліс кезінде бұл жайларды білген Жомарт Сережаға:

– Фу, айттым ғой – жармасып қалмайды бұл. Егеу ұстауды біле ме екен өзі? Шүберек бетің шимайлап, кесте тоқу деп ойлаған шығар! – деп Жаннаттың көзінше айтып салды. Көмекшіге басқа біреуді ал деп қолқалап тұр. Сережа бұған келіскісі келмеді ме, әлде өзінің шын ойы осы ма:

– Оның өзгеден артық не қиындығы бар дейсің, тырысып істесе әркім-ақ жасай алады ғой, – деп Жомарттың сөзіне мән бере қоймайды.

Әйтеуір Жомарт Жаннатқа сенімсіздікпен қарайтын. Қазір де ол Жаннатты мазақтағысы келгендей, аптығып келе қалыпты. Бітпеген, сыннан өтпеген бу двигателін облысқа қалай жібермек. Соны айтып кекеткісі келеді білем өзінің! Жаннатқа Жомарттың қазіргі келісі осылай көрінді. Жоқ, көне алмайды бұл оған. Өзінің кім екенін нақты іспен таңытар. Ал, Сережа ше? Ол көмектеседі, – аға, дос қой ол...

3

...Көктем. Жұмсақ жылы жел кеулеген ықтағы үресін қар опырылып, еріп жатыр. Жылға-жылғамен аққан су қыйқымдарды, сары-көкшіл жапырақтарды ілестіріп, болымсыз кір көбік шаша сылдырап ағады. Құдықтың суы да көбейді. Станцияға баратын аяқ алып жүргісіз соқпақ

лайсаң жол да тапталып, ширап қалған. Осы жолмен асығыс басып келе жатқан Сережа, жәбір көрген бөгде жандай Жаннаттың оқшау тұрғанына таңданды. Жер астынан тебіндеп өсіп келе жатқан көк шөпке ентелеп, ауыздықпен алыса жерге ұмтылған тор атқа қарап тұр ма, әлде ой үстінде ме, – аңғара алмады. Бұдан алты ай бұрын макет жасауға кірісерде Сережа өзінің көмекшісін нақ осы қалыпта көрген еді. Бу двигателінің негізгі корпусын қуысты шойын темірден жасамақ болғанда, суды қыздыруға оттықтың күші жетпейтінін айтып, Жаннат көп дәлелдеген. Таза мыстан жасау керек деп еді. Сережа оған көнбейді. Константин Григорьевич Жаннат сөзінің дұрыстығын айтқанда ғана мойынсынды ол. Жомарттың көзінше Жаннаттан кешірім сұрағанында:

– Сендер ойлайтындай ақылсыз емеспін мен. Есік тұтқасына талпынар бала да емеспін. Тіпті мамамның өзі де: ержеттің, ақылың бар дейді маған – деп Жаннат өз өкпесін бүкпесіз жүрегінен ашықтан-ашық айтқан. Содан бері Сережа қандай бір істі болмасын бастамастан бұрын өзінің кіші досымен ақылдасады. Бу двигателіндегі трубаны, маховикті тіпті рычагті жасаған да Жаннаттың өзі. Әсіресе ол кітапқа қарап чертежді айнытпай сызуға шебер-ақ. Сережа бүгін де Жаннаттың дөңгелекті қондырып қоятынына кәміл сенген-ді. Бірақ мына бір оқшау тұрысы бір сәтсіздікті аңғартқандай. Сережа отряд советінде болған жайды баяндамастан-ақ, бірден:

– Маховикті қондырдың ба, Жанна? – деп сұрады. Жаннат алдымен Жомарттың мазақтағанын айтқысы келді де, Сережаның үрейлі түрін көріп бөгеліп қалды. «Жоқ» деген сөздің аузынан қалай шыққанын да аңғармады.

– Неге?

– Тірек шеге жұлынып кетті.

– Рычак ше?

– Рычакты қозғағаным жоқ. Сережаның қатқыл үнмен түйіле қойған сұрағына Жаннат ренжіген жоқ. Өйткені бүгінгі сәтсіздікке өзі кінәлі. Бөлмеге келген соң Сережа локомобильді әрі-бері қарап:

– Басқа бір жай болып қалды ма десем, – деп, терлей қалған маңдайын алақанымен бір сүртті де, паяльникті қолына алып, осы ті қайтадан дәнекерлей бастады. Жаннат Сerezаның икемсіз көрінетін үлкен қолының ептілігіне бұл жолы да тамашалап қарап тұрды да, маховикті чертежға салыстырып, циркульмен өлшей бастады. Мінсіз дұрыс сияқты. Дөңгелекті қайта кигізгенде, кішкене темірге тірелгенін енді ғана байқады.

– Таптым, Сerezа! Қарашы, маховиктің рычагке тірелгенін көрмеппін ғой. Енді бәрі де болды, – деп бұйраланған самай шашын темір тотығы жалаған сүйір сау-сақтарымен кейін бір серпіп тастады.

– Айттым ғой Жанна, өзің-ақ жасай аласың деп.

– Қалай? Мен жалғыз өзім бе? Жоқ, сен болмасаң, жалғыз өзім қайдан жасаушы ем?!

– Жо-о-қ! Олай емес Сerezа. Екеуміз, білесің бе, екеуміз жасадық мұны.

Осы кезде Константин Григорьевичтің даусы естілді.

– Дабырлап жүрген кім? Жанна, қайтпағансыңдар ма әлі? Физиканы сендер үшін мен оқимын ба?

Жаннаттар есікке қарай ығысты. Басқышқа жеткенде Жаннат Сerezаның палуан қолын қапсыра ұстап, төмен қарай жүгірді. Локомобиль моделіне әрі-бері қарап тұрып, инженер жалтыр кең маңдайын сипап бұны жасаған балалардың шеберлігіне, зеректігіне, сүйсініп:

– Жарайды! Жақсы екен... – деп дауыстап жіберіп, жалт қарап еді, үйде ешкім жоқ екен.

4

Техникалық станцияда Жаннаттың таныстары да, достары да көбейе түсті. Техникалық станцияға МТС қарамағындағы барлық колхоздардан да, тіпті аудан орталығындағы мектептерден де оқушылар келіп жүреді. Осы күні Каганович атындағы мектептен келетін Жомарттың есімі жиі аталып жүр. Ол реактивтік самолеттің жаңа моделін жасап шығарса керек. Конструкциясын

жасағанда өзі дейді. Бұл әзірге құпия. Бірақ техникалық станциядағылар осылай деп жүр. Жаннат Жомарттың ақ көңілдігіне, шеберлігіне сүйсінседе өзіне неліктен қомсына сенімсіз қарайтынын түсіне алмайды. Бұлардың бу двигателін жасап жатқанын көре тұрып, Жомарт бұдан ештеңе шығады деп сенбеген. Сонда оны жасау оңай болып па? Шынында миллионер колхоздың макетін түгел жасау былай тұрсын, жалғыз су бассейінін жасаудың өзіне қанша еңбектенді десеңші Жаннаттың достары. Алғашында су қоймасы макетін көк шыны сынықтарынан жасамақ боп әлектенді. Бірақ жинаған шынылары бай ауылдың мол суын бейнелеуге жетпеді. Ақырында үлкен әйнекті су тәрізді етіп түрлі түсті майлы бояумен бояуға тура келді. Макет жасау үстінде өзі бұрын білмеген көп жайларды білді Жаннат. Ол қазір әрбір сиырдан 6 мың литрге дейін сүт сауған сауыншылардың, мол өнім алған егіншілердің табысқа қалай жеткенін тәп-тәуір айта алады. Бір жолы Жаннаттың үйіне келген Сerezжа:

– Қала адамдарынша тұрасындар сендер! Плитка, утюг бәрі де электрмен қызады. Радиоқабылдағыштарың да бар... – деп таңданғанда, оның бұнысына Жаннат та таңғалды. Сerezжа Кузьменко аудан орталығындағы Ленин атындағы мектептің VII класында оқиды. Өзінің саналылығы, тапқырлығымен Жаннатқа ұнайтын. Жүйсіз сылбырлығы, баяулығы да тек өзіне ғана тән тәрізді. Басқаша болуы мүмкін емес. Дөңестеу біткен мұрнын жасырғандай болымсыз сепкілдер де ашаң жүзіне шашырай қалған. Егер де шашы қара болса, жараспас еді бұған. Осындай жайлар Сerezжаны кішіпейіл, қамқоршы етіп көрсететін. Ауруханада жатқан құрбысына осы жайларды айтқанда:

– Онда жақсы бала екен. Ондай жолдаспен тауды да қопаруға болады, – деген Раушан. Жаннаттың жолдасы тек Сerezжа емес, Жомарт та, Зейнеп те солардың қатарында. Рас, Зейнеп қиялдауды сүйеді. Макетті алғаш жасауға кіріскенде ол піл сүйегін әкелу үшін өзін Шымкентке, тіпті Алматыға жіберуді сұраған. Піл сүйегі болмаса, арзан заттан жасағым келмейді, біз оқитын мектеп ондай

емес деп тұрып алған. Инженер әдемі сия сауыттың емен ағашынан жасалғанын көрсеткенде барып, қынжыла-қынжыла іске кіріскен ол.

Бүгін сол достардың бәрі де жиналады. Ток берерде барлық мектептердің директорлары, класс жетекшілері келеді деген сөз бар. Жомарт осылай деп жүр. Жанында үнсіз келе жатқан Сережаға:

– Қалай ойлайсың? Бүгін адам көп жиналады дейді. Рас па? – деп сұрады Жаннат.

– Жомарт солай деп жүр ғой, – деді Сережа баяу сөйлеп. Жаннатты әйтеуір қуаныш сезім билеп әкетті. Сол қуаныш минутын асыға күткендей кең адымдап келеді.

* * *

Үлкен тас жол қою ағаш арасынан бір келкі болып көрінген үйлерді қақ жарып өтіп, сонау өңірдегі электростанциясына барып тіреледі. Биік көтерілген үлкен үй қабырғасынан машиналардың ырғақты үні естіледі. Колхоз көлінде қалқыған қаздар бұл үннен үркер емес. Ара-тұра шеттегілер қанаттарын сабалап қояды.

Хат тасушы Дариға қызды танымайтын, күтпейтін ешкім жоқ. Ол: «Жаңа газет әкелдім, хат бар сендерге!» деп, мотоциклмен жүйіткіп барады. Егіс даласына асыққан жайы бар. Түзу көшеден солай қарай бұрылып барады. Өне бір ақ үйдегі әжей институттағы ұлынан хабар алған болуы керек. Көзілдірігін төмен түсіріп барлық ынтамен кішкене телеграмманы оқып тұр. «Хабарды кімнен алдың» дегендей, «Победаның» шофері жас жігіт кабинадан басын сұғып, оған қарап қалыпты.

Бұл – техниктер үйірмесі жасаған колхозды ауылдың макеті. Жомарт айтқандай мұны көруге адам көп-ақ жиналыпты. МТС алаңына иғын тіресіп сыяр емес. Әрқайсысы алға ұмтылып, бай, миллионер колхоздың макетін өз көздерімен көргісі келеді. Бәрінен де Дариғаның дауысы басым. Мотоциклмен келе жатқанын айнытпай жасағанына риза. Мұны істеген Зейнеп екенін де білді.

Оған сыйлыққа Гайдардың кітабын әкеп беруге уәде беріп жүр.

Сережа бу двигателінің оттығына уақ жаңқа салып тұтатып жатты. Оның қатты толқыған түрін көріп:

– Сен қалай ойлайсың, Сережа? Бу двигателі бізді ұятқа қалдырып жүрмес пе екен? – деді Жаннат дәті кете сыбырлап. Сережа естімеді ме, жауап қатпады. Маздап жанған отқа сіріңке қабын тастай берді. Аздан соң барып кішкене динамо машинаның үні естілді.

– Жанды, жанды!

– Ток берілді! – деген қуанышты дауыстар естілді. Ильич шамдары «колхозға» өз сәулесін төге бастады. Сережа мен Жаннаттың жанына енгіге келген Жомарт:

– Қарашы міне! Жүрегім қуаныштан жарылып кетер ме екен! – деп, Сережаны қапсыра құшақтап алды. Ол тағы бір нәрселерді айтқысы келіп еді, Сережа ұзын қолын сермеп:

– Жанна, біз жасаған зат әрдәйім сыннан мүдірмей өтеді, көрерсің алда да солай бола бермек, – деді. Жұрт алаңнан ұзап шыққанда да кішкене мотор үні естіліп тұрды.

Жұлдызды жорық

Күн төбеде шақшиып тұр. Құрақ басын селт еткізер жел де жоқ. Жүрген сайын болымсыз көлеңке табанға жабысып қалар емес. Қапырық күннен тасаланып, бұл да табанға тығылғандай. Алда әлі жол алыс. Сонау бөктерді қиялап шексіз созылып жатыр. Жорықшылар соңында ілбіп келе жатқан Болатқа бұл күнгі сапар таусылмас, әрі ұзақ көрінеді. Қайсы жерге тоқтап, кідіріс жасайтындары да белгісіз.

– Етектегі тоғайға жеткенде ғана жұлдызды жорық жасалады, – дейді Рая. Әлгінде көрініп еді сол тоғай. Ол да тасаланып алыстап кеткен тәрізді. Сол жақта көтерілген сағым ғана мұнартады. Бір қалтарыста Болат:

– Өзен бойымен тіке жүрсек қайтеді? – деп еді, Рая көзін қыса ойлы пішінмен:

– Саған не болды? Шаршағаның ба? Қой, шыдап бақ, айтпесе маршрут бұзылады, – деді бәсең үнмен. «Өзің сұрап едің, енді мұның не?» дегендей, кінәлай қараған жайы бар. Сөйлеуге ілік таба алмай келе жатқан Мира:

– Қарашы, нәзігін! Қыз болсаң қайтер едің? – деп кула-на қыздарға қарап қойды. Олар бір-біріне сығылыса, сықылықтап күлді. Болаттың ашаң өңі кара-қошқылданып қызарып кетті. Ісініп быртиған қолымен тұтасқан кекілін кейін қайырып, маңдайын сипалай берді. Аяғына тас батып, мазасыз келе жатқанын сездірмейін десе де, болар емес. Сырылып жұрттың соңында қалып барады. Отыра қалып ботинкасын шешейін деп еді, өзін өкшелеп артында келе жатқан Мира:

– Саған не болды? – деді тағы да үңіле қарап. Бірақ, Миранан қысылар ешнәрсе жоқ. Бәрінен де алда озып кеткен қыздарды айтсаңшы! Кідіріс жасап, отыра қалсаң-ақ болды:

– Анау кім? Болат па?

– Күн өтіп кеткен шығар! – десе біреулер.

– Бекер ілестіріп шықтық оны! – деп топырласа қалып, өздерінше жанашу білдіру мүмкін. Сонау тоғайға жеткенше, барлық септік жалғауымен сөз етпесін кім білсін. Шырынды гүлге таласа қонған арадай шулай түсіп, мектепке де жаяр. Сонда Болаттың жақсы спортшы дегеніне кім сенеді.

Мира тіпті жеңіл басып келеді. Осы жолмен күніге жүріп әдеттенгендей. Кейде жолдан жырыла шығып, гүл тереді. Осы бір сәтте одан шырқай ұзап кетуге тырысса да, Болаттың жүрісі өнбеді. Мира жанына келгенде, ол:

– Аялдап, қашан демаламыз? – деді шыдамай тағы да булығы сөйлеп.

– Демалғанымыз қазір ғой, Болат! Жүріп келе жатқанда үзіліс туралы ойлама. Көңіліне алсаң-ақ болды, жүйкелеп шаршай бересің. Бүгін жетпестей жол да ұзақ болып көрінеді. Өзің қарашы төңірекке, әне қыздар беткейдегі

қызғалдаққа жетіп қалыпты. Солардан қалмайық! – деп, Мира бір кез жіңішке қолымен қолтықтай алды. Болат еріксіз дыбыс шығарып, бүгіле түсіп отыра кетті. Кішкене сүйір тас шұлықты тесіп, үлкен башпайына инедей қадала қалыпты.

– Неге ертерек айтпадың? – деді Мира, аяғының жарасына үңіле қарап отырған Болатқа.

– Онда ауырған жоқ-ты, – деді Болат. – Сонан соң тағы да: – Мира? – деді кенет.

– Ия, айта бер.

– Неге сені Мира деп атаған.

– Мен туғанда әжем осылай ат қойыңдар десе керек. Мир деген жаман ба? Ол, айталық, бейбітшілік, тыныштық деген сөз.

– Ә-ә, – деді Болат әлдебір нәрсені ұққандай. – Менің әжем де, мамам да сондай. Біздің үйдегілердің бәрі әйтеуір тыныштықты сүйеді.

– Өзіңді неге Болат деп атаған?

– Енді қалайша атаушы еді? Болат деген – Болат!

– Көріп тұрмын! – деді Мира, Болаттың аяғын таңған марлясының ұшын қайшымен қиып жатып. – Болат болу үшін шынығу керек. Осы сөз жебеу болған Болат зіл тастан арылғандай сезінді өзін. Енді Мирамен де жарысуға тайынар емес. Қанша жер жүрсе де шыдайтындай. Алдыңғы топқа жеткенде, Рая Миранан:

– Неге кідірдіңдер? – деп сұрады, көз қиығымен Болатқа қарап қойып: Болаттың аяғына тас батып жүре алмағанын, оны айтпай жасырғанын, бәрінде Мира тәптештеп айтар ма екен деп қорықты Болат. Бірақ оның тілі жеңіл емес екен.

– Құмырсқалар өз илеуін бітеп жатқанын көрдік. Жауын болатын шығар бүгін, айтқандай кеше радиомен де хабарлаған еді ғой, – деді Мира. Осы бір сәтте жұқа өңді талдырмаш қыз Болатқа мейірімді, өзіне қамқоршыдай көрінді. Оның сөзі үрпиісе, сенімсіздене қарай қалғандардың да күдігін жойғандай. Бірақ, бұлардың не себепті кідіргенін аңғарды білем:

– Жылдамырақ жүргін Болат, жауынға іліксек, қайтуымыз қиын болар, – деді Рая. Жолда ұзақ отырғанның мәнісі Болаттан болғанын біліп тұр. Әрдайым оған бәрі де мәлім, бәрі де аян. Ол осы келе жатқан Сталин атындағы колхоздың егістік жерінің көлемін де біледі. Айтатын цифрлары ылғи «бестен» басталады. Кеше Мираға әрбір сиырдан 5 мың литр сүт сауған сауыншының есімін де атап жатты ол.

Бұл әңгіме былай болған еді.

* * *

Кеше Болат соңғы емтиханды тапсырып қайтты. Класстағылар сабақтан шығысымен футбол ойнауға алаңға жиналды. Ойынға Болаттың зауқы соқпады. Енді ол алғашқы емтихан тапсырушы емес, V класс оқушысы. Бесінші класты бітірген соң, алтыншы, сосын жетінші класс келеді. Ол кезде комсомолға да өтуге болады. Раялар сияқты қызық жайларды өзі ұйымдастырмай ма сонда. Тек футбол емес, шахматты да жақсы үйренуге болар еді. Әсіресе, аттың аттап жүрер жүрісін ол шатастыра береді. Ал, Рая ше? «Детский» деп, төрт-бес жүрісте-ақ мат қояды бұған.

Ол Мира екеуі қазір де шахмат ойнайтын қарт емен ағаштың кең көлеңкесінде ақ қағаздың бетіне әлде нелерді сызып жатты. Қағаздың жоғары жағынан «Көңілді жорық – жақсы оқуға көмектеседі» – деп жазылған. Қағаздың әр жеріне үшбұрыш, ортасында қара дағы бар төртбұрыш белгілер қойылған. Болаттың бар ұққаны – тоғайды көрсеткен сызықтар болды. Рая қағаздан басын көтерместен:

– Отыр, бесінші класс оқушысы. Мынау не белгі екенін білесің бе? – деді кішкене екі сызық сызып, екі ұшын екі жаққа қайырды да. – Бұл – көпір, біліп қой.

– Бұны не үшін жасап жатырсындар? – деді Болат, қағаздан көз алмай.

– Көрмейсің бе, маршрут картасын жасап жатқанымызды.

– Алысқа барасыңдар ма?

– Жоқ, бір-екі сағаттық қана жол. Өзің ше, бізбен бірге барасың ба?

– Егер де рұқсат етсеңдер... – деп еді Болат, Мира нәзік дауысын көтере: – Сапар едәуір ұзақ. Жол қиыншылығын көтере алмай жүрерсің, – деді.

– Қарсылық етпейік, – деді Рая. – Барғысы келсе, жүрсін. Бірақ ну тоғайда аю кездесе қалса, қайтеміз?! Жапан далада бұрын-соңды көрмеген жыртқыштар да тап болар. Сонда не істейміз? Болат, бірақ осыны ескерсін.

– Жақсы – деді, Мира, – егер де болдырса, зембілге салып алып жүрерміз.

– Адамға болдырады деп айтпайды, – деді Болат байсалды түрде.

– Кешір, мен күлкі үшін айтып тұрмын ғой.

– Онда күлуге рұқсат ет. Ха-ха-ха! – деп Болаттың дауысы көтеріле шыққаны сонша, оған өзінің қалай ілескенін де сезбей қалды ол... Жетінші кластықтар мұндай жорыққа шығуды өздері қалаған болу керек. Мектеп алдына жиналған қыздар бес топқа бөлініп, ілезде жорыққа аттанды. Басқа қыздардың қайсы бағытпен кеткенін аңғара алмады ол, ал өздерінің жүргеніне біраз уақыт болды. Алғашқыда өзімен-өзі әлек болып келе жатқан Болат, қайсы жолмен келе жатқанын байқай алмады. Қазір ғана байқады. Кеше Рая айтқан жан баспаған дала, ну орман дегеннің бірі де жоқ. Айнала төңірек жасыл түске бөленіп, күн сәулесімен құлпырады. Жорықшылар келе жатқан соқпақтың сол жағында үлкен бөктерді кеулеген күздік жатыр. Әлі сарғая қоймаған. Оң жақтағы арықтан әрі қызылша егісі басталды. Шеті көрінбейді, тегінде трубасынан түтін бұрқыраған сонау заводқа тірелетін болу керек. Самал кеште дәл қазір саяхатшылар тұрған биік қиядан қараса, бұл аймақ үлкен бір теңізге, ал завод ұзақ сапардан келе жатқан кемеге ұқсар еді. Болаттың төңірекке тамашалап қарап тұрғанын көріп Рая:

– Елсіз даланы іздеп тұрсың ба? – деді күліп. – Қазір бұл маңда игерілмеген дала жоқ, бәрі де іске қосылды ғой.

Бұл аймақта қазір бірде-бір қыбырлаған жан жоқ. Раяның айтуына қарағанда, осынша көп жерде егісті бір-екі жетінің ішінде бітірген көрінеді. Барлық жұмыс техникамен жасалса керек. Ал, қазір ертегідегідей «шортанның өмірімен» өзі көктеп, өсіп жатыр.

– Биылғы жаз жомарт болатын түрі бар. Афуза апай биыл да уәдесін орындар, – деді Мира қызылша жақтан көз алмай. – Сен оны көрдің бе, Болат?

– Ол кім?

– Шын білмейтін бе едің? – деді Рая сөзге араласып.

– Жо-оқ...

– Афуза Сарбасова – осы колхоздың атақты қызылшашысы. Былтыр ол Орақ Балға Алтын Жұлдыз медалін алды. Наград алғанда берген уәдесі бар: өз участогіндегі қызылшаның әр гектарынан 2000 центнерден өнім алам деп серт етті ол. Мұның қанша қант болатынын білесің бе? – деді Рая, жайқалған қызылша плантациясы төріне қолын сілтеп.

– Біз мұндай есеп шығарғанымыз жоқ, – деді Болат, – бірақ, конфет туралы есімде бар. Мәселен, ол былай басталады: екі жәшікте бір сортты 52 килограмма конфет бар. Екіншісіне қарағанда бірінші жәшікте 6 килограммы артық. Бірінші жәшіктегі конфет екіншісіне қарағанда 108 сом қымбат болса, әр жәшіктегі конфет қанша тұрады? Тағы сол сияқтылар.

– Ого! Сендердің есеп кітаптарындағы конфет магазиндегіден қымбат тұрады екен. Жо-о-қ, бұл шындық емес, – деді Мира басын шайқап.

– Білмеймін, біз III класта осындай есеп шығарғанымыз бар. Ал, төртіншіде қант туралы айтпайды. Онда бөлшектер ғой.

– Онда қиын екен, – деді Мираның сөзін қостаған Рая.

– Қантты жақсы көреміз. Ал, оның қалай алынатынын білмейміз. Егер де Афуза апайдай қызылшаның әр гектарынан көп өнім алынса, онда қар орнына құмшекер жаудыруға болар еді. – Қалайша, сонда құмшекер қар орнына жауа ма? – деді Болат таңданып.

– Жо-оқ, қант, конфеттің түрлері тіпті көп болады, дегенім ғой, – деді Рая күліп. – Онсыз да гастрономдарда, ларектерде толып тұр емсе пе?

– Гастрономдарда, магазиндерде бәрі де бар. Оны бәріміз де білеміз. Ақ булқалар мен мейіз салған дәмді тоқаштар бар, макарон мен вермишельдің талай сортын кездестіресің. Бізде барлығы да бар. Бірақ нан бұдан да көп болу үшін, халық тың жерлерді көтеріп жатқан жоқ па? Бұл не үшін сонда?

Күн ыстығынан ба, әлде жүріп келе жатып сөйлегесын бе Рая кең тыныс ала, енгігіп барып тоқтады. Оның сөзін бөлмеу үшін қыздар ентелей түсіп, дыбыссыз басып келеді. Бәрі де жаңағы сұраққа жауап күткендей.

– Бұл не үшін дейсіңдер ғой. Мен айтып берейін. Нан болса қалған азық-түліктің бәрі де көп болады. Гастрономдар мен магазиндер де қазіргідей сатушы болмайды сол кезде. Әркім керегіне қарай ала береді.

– Ақша төлемей ақ па. – Ия.

– Велосипедтерді де алуға болады ғой? – деді Болат таңдана.

– Не керегенің бәрін де ала бересің.

– Бұл қашан болады?

– Жаңағы айтқанға жақсылап түсінсек, сонда болады.

– Бұл жеткіліксіз, – деді Мира.

– Ол үшін біз өзіміз де еңбек етуіміз керек.

«Бәрін де, не керектінің бәрін де...» – деді Болат өзіне-өзі күбірлеп. Барлығы магазинде толып тұрады. Өз үйіңнің буфетіндегі сияқты керегінді ала бересің. Ол кезде осындай бір-екі сағаттық жорықты ашық самолетпен жасауға болады. Сонда талай қаланы аралап шығар едің. Рая осылай дейді, ол бекерге айтпайды.

– Мен ешбір қиынсынбай қандай жұмыс болса да істер едім, – деді Болат, жорық үстінде болған осы тәтті қиялдан арылмай.

– Ол – болашақ іс! Ал, бүгінгі біздің ісіміз қандай болу керек? – деп Рая Мираға қарады.

Сокпақ жол биік төбеге тірелгенде, әлде-қайдан өзен

суының сыбдыры естілді. Салқын самал жел есті. Рая айтқан тоғай етектен өрлеп, қара төбені орап жатыр. Осы тоғайдың сол жақ шетінен үлкен қаланың солтүстік аймағы басталады екен. Жасыл желек ағаштар арасынан биік ақ үйлер анық көрінеді. Үстінде көк түтіні көлбеген завод трубалары бір-біріне сығылысып жақындай түскен.

Раяның сұрағына іштей қайта оралған Мира:

– Ия, ол жағын ойластыру керек! – деді. Қыздар қол ұстасып орманға қарап жүгіріп, сүңгіп жоқ болды. Ең соңында жүгірген Рая мен Болат қалың ағаш арасына кіргенде, қыздар кою көлеңкеде көк шөп үстіне жайласып алған екен. Орман іші алакөлеңкеленіп, күңгірттеніп тұр. Күн сәулесі қалың жапырақ арасынан ойдым-ойдым теңбілденіп түседі. Тоғай іші дыбысқа толы. Құстардың әртараптан шыққан әр алуан дауыстары естіледі. Қайыңға кенеше жабысып, ұзын өткір тұмсығымен жуан ағаштың қабығын шоқып, күйгелек тоқылдақ отыр. Шикылдаған сары шымшық та бұтақтан-бұтаққа секіріп жүр. Аялдап дем алған соң Мира орнынан тұрып:

– Маршрутта белгілеген жерге жарты сағат бұрын жеттік. Ал, қайтамыз ба? – деп сұрады.

– Мектепке құр қол барғанымыз келіспес, – деді Рая.

– Ол үшін не істейміз?

– Қанттың, нанның көп болғанын бәріміз де жақсы көреміз. Оған өз үлесімізді де қоспаймыз ба?! – деді Рая.

– Рая дұрыс айтады, – деді қыздар, ду көтеріле қостап.

– Онда, – деді Мира, – жаңа жердің тыңын көтерген ағаларымызға гүлсаялы ағаштардың ұрығын жіберейік. Онда да жасыл орман жайқалсын.

Бұл ұсыныс Болатқа да ұнап, отырған топтан бұрын тұрып ағаштың түбіндегі көк шөпті тырмалап көріп еді. Еменнің бір-екі жаңғағынан басқа қолына ешнәрсе ілінбеді. Ал, Мираның қолы-қолына жұғар емес.

– Жаңғақ – ағаш түбінде емес, бұтақ астында көп болады, – деді ол. – Және етекке салып жинауға болмайды. Мына рюкзакқа сал. Екеуіміздің атымыздан өткізетін боламыз.

Қыздар емен-еменді қуып, тоғай аралап кетті. Тек алғашқы найзағай жарқылдағанда ғана қайта жиналды.

– Енді өзен бойымен тіке қайтуымызға болады, – деп Рая үлкен көпірге қарап беттеді. Көпірге келгенде, ол:

– Кім біледі, ССРО-да қанша өзен бар? – деді көбіктеніп, бұрқырай ағып жатқан өзенге қарап.

– Бір жүз сегіз мың өзен бар, – деді шеткері тұрған сары қыз.

– Дұрыс. Ал, солардың жалпы ұзындығы қанша? Оны кім біледі?

Қыздар бір-біріне қарасып, тұрып қалды. Рая Мираға қарап еді, ол:

– Олардың жалпы ұзындығы 2 миллион километрден асады.

– Дұрыс айтады Мира – деді Рая көңілденіп.

– Егер де осы өзендерді біріне-бірін тізбектеп жалғаса, жер шарын 50 рет орап алуға жетер еді.

* * *

Болат үйге келгенде інісі бақта арбасын сүйретіп ойнап жүр екен. Демалыс сайын бұл оны киноға ертіп апаратын-ды. Қайсы күні жексенбі болатынын ол жатқа біледі. Болатты көрісімен-ақ, қайда болғанын, не көргенін тәптештеп сұрай бастады. «Кәдімгі жұлдыз ба? Оны сендер қалай жасадыңдар?», «Қант қалай жауады?», «Ұрықтан ағаш қалай өседі», «Ағып жатқан өзенмен жерді орауға бола ма?» деп шұбалта жөнелді. Болат түсіндіріп көріп еді, оның сұрағы одан сайын көбейе түсті.

– Мұның бәрін сен мектепке барған соң білесің! – деді Болат. Көптеген қызықты жайларды мектепте ғана емес, жұлдызды жорыққа барғанда да білуге болады екен. Осындай жорықты жиі неге ұйымдастырмасқа?

Болат інісіне қарап еді, ол жымыып күліп қойды.

Нұрлы жол

1

Электр плитканың үстіндегі ақ шәйнектің қайнағаны қашан. Дөңгелек қақпақты көтере сілкіп шуылдай түседі. Аса бір ләзәтті ойда отырған Сәуле шәйнектің сақылдап қайнағанын да естіген жоқ. Әлде-қайдан станоктың ырғақты үні құлағына келді де тұрды. Оның кейде: – Вера, мен саған сөзсіз келем! – деп өзіне – өзі күбірлеп те қояды. Үлкен станок жанында тұрған Вера да, кең залдың ішіндегі қатар тізілген станоктар да көз алдынан кетпей қойды... Бұл кездесу Сәулеге әрі қызық, әрі естен кетер емес. Ол былай болған еді.

2

Саяхатшылар ауылға қайтар алдында қаланы тағы да аралап шығу үшін екі топқа бөлінді. Біріншісі заводқа бармақшы болды да, екінші топтағы балалар музейді, пионер сарайын көруге кетті. Сәуле бұрын музейде де, пионерлер Сарайында да болып қайтқан. Ал заводқа баруға зауқы болмады. Төбесін әйнекпен жапқан, биік қабырғалы завод үйлері, күйе шалған ұзын трубалары қызықтыра қоймайтын. Бұл күні ол ешқайда да бармай, бір сәт өз ойымен болуды қалаған-ды. Мамасы қайтыс болғанның соңында оқшау, дара жүру Сәулеге әдет болған еді. Мұны жақсы сезетін Бақыт оның қасынан бір елі қалмайтын. Бұл жолы да ол:

– Жүр, завод саған сөзсіз ұнайтын болады. Онда ғажайып машиналарды көресің, – деп Сәуленің заводқа бармасына қоймады.

Бақыт пен Сәуле биыл VII класты бітірді. Жеті жыл бойы бірге оқып келеді. Екеуі бірінен бірі сыр жасырмас дос. Осы бір кірбіңсіз ұзақ жылғы достықты қимады ма, қалай:

– Барсақ, барайық, – деді Сәуле. Бұлар №12 мектептің

жатақханасынан шыққанда, заводқа баратындар ұзап кеткен екен.

Бұлар механикалық заводқа жұрттың бәрінен соң келді. Цехқа кіргенде, шашының ағы дендеген сары қасты, толық денелі адам балаларды әр станоктың атқаратын жұмысымен таныстырып жүр екен.

Қимылы да, жүрісі де шапшаң, оралымды. Саяхатшылардың соңында келе жатқан Сәуле еденді дірілдетіп шулаған станоктар үнінен әлгі адамның не айтып келе жатқанын толық ести алмады. Өзі де оған әуестене қойған жоқ. Тек жан-жағына құмарта қарап келе жатқан Бақыттан:

– Бұл кім өзі? – деп иегін көтере еріне, селқос сұрады.

– Осы заводтың инженері.

– Инженер дейсің бе? – деді Сәуле, Бақытқа таңданған пішінмен тесіле қарап. Боз кенептен костюм киген осы қарапайым адам алғашқыда Сәулеге бітімсіз, тіпті бүкіл тұлғасы тұрпайы көрінсе де, келе-келе әрі сымбатты, әрі мейірімді көріне бастады. Тіпті үлкен станок жанында тұрған тәмпіш мұрын, шашын желкесіне тақап келте қырыққан сары қыз да оған аса бір ілтипатпен қарайды.

Инженер әлгі қыздың жанына келіп, станок бүйіріндегі кішкене кнопканы оңға сырғытып еді, манадан бері көзге көрінбей шыр айналып тұрған кішкене ұршық сырылдап барып тоқтай қалды.

– Бұл біздің Вера, – деді инженер, бойы станок тасасынан эзер көрінген көкшіл көз қызды мақтаныш ете сөйлеп. – Жуырда ғана комсомол қатарына өтті. Еңбек озаты. Қазір бұны біздің заводтағылардың бәрі біледі.

Инженердің түрлі проценттермен айтқан сөздері Сәулені онша қызықтыра қоймайды. Ондай көрсеткіштерге жетудің жақсы екенін білсе де, оның шын мәнісіне түсінбеді. Әрбір оқушы жақсы оқу керек болса, өндірістегілер де жұмысты солай істеуі тиіс деп ойлайтын ол. Инженер сөйлеген сайын Вераның өңі қызғылт тартып, ыңғайсыздана түсті. Инженер оның жонған бөлшегін станоциркульмен өлшеді де:

– Отлично! – деді, сұқ қолын шошайта жоғары көтеріп.

Сәулеге станокты меңгеру, оны жүргізіп кету тіпті оңай көрінді. Несі бар, өзіндей кішкентай қыз жүргізіп тұр ғой. Ешкімге қолқа салып, көмек те сұрамайды. Барлық тетігін өзі біледі. Сәуле Вераның жанына жақын барып, станоктың әрбір бөлшегіне қадала қарады. Тек түскі үзілісті білдірген завод гудогі естілгенде ғана Вера бұрылып қарады оған. Үстінде ақ шайы көйлегі бар талдырмаш қыз өзінен көз алмай қарап тұр. Ауыл қызы әрі сынай, әрі таңдана қарағандай.

– Кел, танысайық, – деді Вера қолын ұсынып. Станок жанында екі қыз ежелгі достай ұзақ сөйлесті. Сәулені завод қақпасы алдына шығарып салған Вера:

– Кешкі мектепке барарда кітапты ала келем. Жолда мені күт, – деді.

– Сөзсіз келем, Вера!

Оның бар мақсаты – станокты меңгеру, Вераға берген уәдесі осы. Сондықтан ба, МТС-ке кеткен папасын ол шыдамсыздана күтті. Оған завод туралы көп жайларды айтпақ.

3

Серікбай МТС-тен кеш қайтты. Ол өзі жоқта үйде шам жағылғанын көріп:

– Ой, менің Сәулешім келген бе? Сәуле! – деп үйге асыға басып кірді. Ол өзіне ұмтылған қызының маңдайын аймалап сүйіп:

– Сәулеш-ау, мұның не? Тіпті ұзақ күттірдің ғой, қалқам. Папанды әбден сағындырдың. Сені әне келеді, міне келеді деп күніге күтем. Поездың өзі сирек жүретін болған ба?

– Жоқ, папа! – деді Сәуле, ойдан серпіліп ашыла күліп. – поезд бұрынғы графикпен жүреді.

– Кәне, маған әкелген базарлығың бар ма? Қуантшы папанды.

– Қазір, папа, сізге сондай әдемі кітап әкелдім, – деп

Сәуле кішкене чемоданын ақтара бастады.

Серікбай енді байқады. Шешесі қайтыс болғанның соңында екі жағы сопайып, бетіне бозғылдана түгі шығып, Сәуле аса жүдеу тартқан еді. Қызының бұл жүдеу түрін көргенде Серікбай іштен тынып, «кім білсін, бала ғой, шешесін уәйімдеп жүрген шығар» деп ойлайтын. Мектеп басшылары Сәулені бір топ оқушылармен саяхатқа жібереміз дегенде де, ол: «Қой, болмайды, өксігі әлі басылмай жүр. Сыртта жүріп мүлде жүдеп қалар» деп көнбей қойғанды. Ақыры мектеп директорының араласуымен, Серікбай қызын поезға әрең шығарып салған. Қазір Сәуленің екі беті толып, қызылшырайланғанын көріп отыр. Кішкене мені дөңгелек жүзінде көрік бергендей, түйірленіп айқындала түскен.

– Міне, папа. Сізге әкелеген базарлығым осы, – деді.

Серікбай төсқалтасынан көзілдірігін алып, кітапты ашып қарады. Алғашқы беттегі түрлі түсті қарандашпен мінсіз боялған суретке көзілдірігінің астымен қарап:

– Мынау кім жаным, тани алмай тұрғанымды қарашы, – деп кітапты қызына қайта ұсынды.

– Папа, бұл – біздің Вера ғой! Станокты ол өзі жүргізеді, – деп, Сәуле өзінің қалада көргендерін баяндай бастады. Верамен ауызба-ауыз сөйлескенін де, Бақытпен бірге заводқа барғанын да айтты. Бірақ, өзінің Вераға берген уәдесі жөнінде бүге тұрды. Оны әкесінен жасырар ойы жоқ-ты. Бақыт айтқандай: «Түрлі себеп тауып, комиссия оқуға жібермей қалса», өтірік айту папасынан ұят қой. Әуелі аға вожатый Анна Николаевнамен ақылдасайын, содан кейін бір-ақ айтармын деп қорытты ойын.

Серікбай суретте тұрған станок жанындағы қыздан көз алмай:

– Өзінен үлкен станокты жүргізіп тұрғанын қарашы. Қаршадайынан игі іске ұмтылған екен. Мұнысы қандай станок?

– Т. И. П. – 122, – деді Сәуле.

– Куйбышев заводынан шыққан. Мына станок жанындағы көк қобдишаны көрдіңіз бе? Оның ішіне ақ сырмен

түрлі цифрлар жазылған. Бұл бөлшектерді қандай мөлшерде жасап шығаруға болатынын көрсетеді. Ал мына ұршықша иірілген темір бар ғой, қандай темір болмасын – оны мәнерлеп жона алады. Заводтағылар жасаған бөлшектерін Сталинградқа жібереді екен.

Серікбай сұйық қасын керіп, шалқая отырды да:

– Сәулеш, қалаға барамын деп өнер иесі болғасың ба? Қарашы өзің маған, – деп жымия күлді. Жүзінде ризалық та, мейірімділік те бар.

– Жоқ, папа, – деді Сәуле көк лента байлаған бұрымын желкесіне тастап, – мұны маған Вера үйретті.

Серікбай үнсіз отырып қалды. Өңінде әлде неге өкінгендік нышаны бар. Салалы саусақтарымен кітап бетін қайта-қайта сипалап, бір сәт қызына қадала қарап отырды да:

– Шаршадың ғой, Сәулеш, дем алсаңшы, – деп, – өз бөлмесіне шығып кетті.

Сәуле папасының өңі өзгере қалғанын байқаса да, таңданған жоқ. Себебін тәптіштеп сұрай да қоймады. Бәрібір ертеңіне папасының өзі-ақ айтады. Сәуле стол үстін жинастырып, Верадан алған кітабын тағы бір қарап шығу үшін, өз бөлмесіне барды. Кітапта әртүрлі маркалы станоктар жиі кездеседі. Олардың түрлі тетігінің сыры бұған әлі белгісіз. Сәуле бірер бетін оқып көріп еді, ешнәрсе түсіне алмады. Алып станоктар сыр берер емес. Тек әлдеқайдан шуылдаған дауысы ғана құлақта қалған.

Сәуле, әр уақыттағыдай бұл жолы да өзіне сұрақ қойды: ол жетінші класты бітірген соң фельдшер-акушерлік техникумға түсем деп жүрген. Мамасы науқастанып ұзақ уақыт жатқанда дәрігерлердің емдегенін көріп: «Ең құрметті мамандық. Адам өмірі үшін күресу қандай жақсы! Дәрігер болу керек» – деп ойын түйген.

Ал, қазір ше? Барлығы басқаша болып шықты. Неге екені белгісіз, оған токарлық мамандық, станокты меңгеру бәрінен де қызық, әрі құрметті көрінді. ФЗО мектебінде бір-екі жыл оқығаннан кейін оған да станок жүргізуді тапсырады. Сонсоң онымен қазіргідей балаша

қарап сөйлеспейді. Өйткені еңбек етуші азамат ол. Станок меңгерген жұмысшы! Инженердің өзі де келіп ақылдасатын болады... Сонсоң заводқа қазіргі өзі сияқты оқушылар саяхатқа келетін болады, сонда олар да бұған қызыға, таңдана қарамай ма? Бұл да оларға үйретпей ме өнерін?!

– Вера, мен сөзсіз келем! – деп, Сәуле бір аударылып түсіп, ұйқыға кетті.

4

Жұмыстан қайтқан Серікбай үйге түтіге, ашулана кірді. Өзімен бірге келген Аннаға қолын қайта-қайта сермеп:

– Жо-о, жоқ, болмайды! Оның өзі не біледі дейсің, бала ғой. Алыс жүріп, жүдеп қалады ғой менсіз.

Ол Сәуленің кішкене орындығына қисая барып отырды. Қимыл-әрекетінде қынжылу да, айбат та, ренжіс те бар. Сәулені мұнша ұзақ сапарға аттануға бел байлайды деп ойламаған. Оған келіскісі де келмейді. Егер де қасында Анна болмаса, ол Сәулені қазір шақырып алып «Сәулеш-ау, мені, папаңды жалғыз тастап кетесің бе?» деп, тура айтар да, қиылып өтінер де еді. Сәулесіз бұл төрт бөлмелі қаңыраған үйде жалғыз өзі қалай отырмақ?!

Анна Серікбайдың ойын бөлген жоқ. Әке ғой балаға тек әкелік мейіріммен қарайды. Өрісі кең баланың арманына, оған жетуге асыққан жас талабына үңілмейді. Қамқоршысы тек өзім деп қарайды. Әлден соң ол, жіпсіген көзін сүртіп:

– Шырағым Анна! – Оның дауысы тіпті баяу, жалыншты үнмен шықты, – Мені бұл жолы қинамасаң қайтеді... ия, тіпті бетінді қайтарғым да келмейді. Өзің білесің, менің қазіргі ермегім де, қолқанатым да осы Сәулеш емес пе?

Серікбай тағы бір нәрселерді айтқысы келіп еді, тынысы тарылғандай, булығып мүдіріп қалды. Өзін Сәуленің жалғыз қалдырып кетпек болғанына таңданады. Тіпті оқуға баратыны жөнінде де ең алдымен әкесімен емес, Аннамен ақылдасыпты...

Серікбай денесін ауыр жүк басқандай, басын әрең көтеріп:

– Бала ғой әлі. Ұзақ жолдың михнатын білмейтін шығар, алыста жүріп, кім білсін... – деп өз күдігін тағы да ақтарып салды.

Манадан бері үнсіз отырған Анна қарап отырған кітабының бетін жапты да, төргі үйдегі терезенің тиегін ағытып шалқайта ашып салды. Жаңа ғана сабалап жауған өткінші нөсер басылыпты. Тек әлде қайдан найзағай жарқылдап, күн күркірейді. Үсті-басы су болғанына карамастан, Сәуле бір топ қызбен спорт алаңында волейбол ойнап жүр. Олардың ішінде Нина да бар.

– Сіз алыста жүріп михнат көреді дейсіз Сәулені. Ал, біздің Нинаны қалай деп ойлар едіңіз?

– Қайсы? – деп, Серікбай еріксіз Аннаның қасына келді. Нина Бақыт пен Сәуленің ортасында тұр. Оның әлденеге күлгені естіледі. Нина шешесімен екеуі осы «Коммунизм» колхозына жақында ғана келгенді. Колхозға келісімен шешесі механизаторлар курсына кетті. Нинаның қазір үйде жалғыз екені Серікбайға да белгілі.

– Көрдіңіз бе? – деді Анна тағыда, – Нина жалғызсырап жүрген жоқ. Ол өз құрбыларының ортасында. Сәулені де онда осындай құрбылары күтіп тұрмағанын қайдан білесіз?

Серікбай үндеген жоқ. Алаңда ойнап жүрген қызынан көз алмай қарап тұр. Оның әрбір қиймылы көз алдында. Тіпті оны мейірі қана сүйе де алмады, ұзап барады. Сәуле, әке құшағын азсынғандай, алға ұмтылады. Бұрылып қарар емес. «Сәуле! Сәуле!» деп Серікбай айғайлап жіберді. Өзінің сол сәтте оқыс ісіне кешірім сұрағандай Аннаға қарап еді. Ол ешнәрсені естімегендей «Огонек» журналының бетін ақтарып тұр екен. Сәуле папасының даусын естіген болу керек:

– Папа! – деп, ботинкасын қолына алып, үйге жүгірді. Оған Бақыт пен Нина да ілесті. Үйге ентіге кірген ол:

– Папа, көрдің бе? Қалай жүгіретінімді. Ниналар жете алмай қалды ғой.

Қыздар, Анна Николаевнадан қысылды ма, күмілжіп тұрып қалды.

– Сәулені шығарып салуға келдіңдер ме? – деді Анна Бақытқа қарап.

– Айттым ғой, Анна апай көмектеседі, – деп, – Кәне құттықтаймын.

– Құттықтаймын! – деді Нина да Сәуленің қолын қысып.

– Папа, естідің бе? Мен енді оқуға, ФЗО мектебіне барамын.

Сәуле тағы бірнәрсе айтайын деп еді, Бақыт пен Нина «Тағы бір ұпай алайық!» деп, ырық бермей қолтықтай жөнелді. Сәулелер кең алаңға қарай жүгіріп барады. Олардан көз алмай қарап тұрған Серікбай:

– Өздерің біліңдер, қарақтарым. Сәуле барам деген оқуына барсын, – деді.

* * *

Сұрғылт сары күз. Күн көлбей шақшия көтерілгенімен ызғарлы жел бар. Жел аралас ыстық ауа бетті күйдіре тиеді. Бұл күні де станция маңына адамдар көп жийналды. Сұр шапан киген күз кезінде де Сәулеге өзінің туған ауылы сондай әсем көрінді. Биік өскен қою ағаштардың арасындағы ақ үйлер сонау электростанциясына барып тіреледі. Бәрінен де өзінің сүйікті мектебі көзге ыстық-ақ. Жүруге сигнал да берілді. Соңғы күндері ешкіммен сөйлеспей, тұйық болып алған Серікбай сапар алдында өз сырын ақтара сөйледі.

– Өзіміздің колхоз комбинатының станогін жүргізу үшін барамын де. Жарайды, Сәулеш! Мен де трактористер курсіне баруға келісем деген тоқтамаға келдім. Ал, жол нұрлы болсын, балам! – деп, қызыл вагонға өзі ертіп кірді...

Поезд жүйткі жөнелді. Семафордан да өтті. Бірақ Серікбайға Сәулесі өз қасында, станок жанында тұрғандай болып көрінді.

Ауыл қызы

1

Қазір ғана механикалық мастерскойдан шыққан Ажар алай-түлей боранды төңірекке қарап біраз тұрып қалды. Кеше ғана қызу думанға толы осы аймақ, ызғарлы желдің ызыңнан басқа дыбыс бермейді. Шыбық «тайға» мініп шапқылап жүретін балалар да, өріске мал шұбатқан адамдар да жоқ. Осы мезгілде топ баланы шұбатып кең көшені жаңғырта хат тасушы да жетуші еді. Кәзір ол да көрінбейді.

Жалпақ даланың төріне орналасқан үлкен ауылдың өзіне жарасымды көріністері қаһарлы желден паналап жылы қуысқа тығылғандай. Жаңа ғана комбайн паркінің тұсында жылтылдаған от көрініп еді. Суыра азнай соққан қара боран көміп кетті ме, бұлаңдаған болымсыз ұшқын шашып сөне қалды. Тек дүлей күшке әл бермегендей телеграф сымдары нәзік үн шығарып, ауық-ауық зыңылдап безек қағады. Күтіммен өскен талшыбықтар да елбектей иіле, бұтағымен жер сабалайды. Осы боранда адасқан адамның жансақ дауысындай әлде біреудің күйгелек дыбысты тағы да естілгендей болды Ажарға. «Мұқтаж емен көмегіңе! Қысылғанда жармасып қолқа салған жерім барма еді?! Мен білмейтін МТС жоқ бұл өңірде! Жолама жаныма» деп тұр. Жалқау жанның жауапсыз сөзі емес, қызба адамның мазасыз дауысындай. Қалай серпісең де кетер емес, осы бір жағымсыз үн. Азнап соққан желмен бірге шыңылдап тұрып алады. Кейде «менің ісіме қол сұқпа» дегендей әлсіз сыбыр береді.

Ажар алғаш келген күні МТС парторгі Никита Афанасьевич:

– Жаңа іс жаңа міндеттер жүктейді. Көп күш жұмсауды керек етеді. Алға емес, жалтақтап артқа қарайтындар да кедергі болады бізге. Жалтара кетіп, тосырқай қарайтындар бар. Олармен жұмыс та үлкен істің өзегі ғой. Бірақ, мен

адамдағы дүдәмал пікірді жоюға болмайды деген пікірден аулақпын.

Тамаша ауыл адамдары туралы сөз етіп, осындай бір жайды аңғартқан-ды. Ажар онда аңғармаса да, колхозды аралау кезінде бұл шындықты өз көзімен көрді. Оқыс ісін айтып еді, «Өзім білем» деп шыға келді. Дұрыс айтып, бұрыс кетеді.

– Жоқ, бұлай болу мүмкін емес, – деді Ажар клубқа қарай бұрылып, – Никита Афанасьевич дұрыс айтады. Сіз түсінетін боласыз!..

2

Кеше МТС-ке қайтар алдында Ажар «Алғабасқа» да соқты. Колхозды ауылдың етек жағын ала кең арнамен Тентек өзені ағып жатыр. Ызғарлы желге елірген асау толқын биік жарға соғып, сарқырап көбік атады. Осы өзеннің бас жағындағы станциядан әрбір колхоз үйіне электр сымдары тартылған. Ауыл үстін электр, телефон сымдары торлапты. Село шетіндегі үйге жеткенде:

– Суық шалған болар, үйге кіріп жылыныңыз, – деп бетін күн қаққан егде әйел Ажарға меймандостықпен есікті шалқайта ашты. Төргі бөлмеде радиоқабылдағыш сөйлеп тұр. Москвадан соңғы жаңалықтарды беріп жатса керек... Үй іші де сәнмен жийналыпты. Қос терезенің төменгі жағына жібек перде ұсталған. Плитка, утюг – бәрі де электрленген. Шағын үйде қала мәдениетінің ізі бар. Ажардың байыппен қарап отырғанын аңғарды білем:

– Жаман тұрмаймыз, қалқам, – деді де, үй иесі жақын отырып сөз бастады.

Қатипаның екі ұл, бір қызы бар. Үшеуі де мектепте оқыйды. Рас, күйеуі соғыста қайтыс болған жесірге үш баланы бірден киіндіру, тәрбиелеу оңайға түскен жоқ. Бірақ тұрмыс рақатын ол еңбектен тапты. Қазір үлкен баласы оныншы класта оқыйды. Ана өз қуанышын фермадағы жұмысымен қоса сөз етеді. Семья тағдыры колхоз тағдырымен бір деп отыр.

– Жұмыста олпы-солпы жеріміз бар шығар, – деді Қатипа, Ажарды үйден шығарып саларда.

– Бізге ақыл берушілер көп те, көмек берушілер аз. Жолда үлкен сарайды көрген шығарсың. Оның іргесі көтеріліп, төбесі жабылғалы қашан. Сауын сыйырларды сонда жайластырамыз ба деп үміт еткен едік. Әлгі шөп булайтын ас үйі дайын емес деп, аяқсыз қалдырды. Ал боранның соғуы мынау. Біздің «қонақ қайнымыз» МТС-тен жалтарып, ауданға шабуылдаумен жүр.

Қатипа председатель туралы айтқанда аса бір ренішті шырай білдірді. Оның ісіне күйінгендік жайы бар. «Қонақ қайным» деп сынап айтып тұр. Бірақ Ажар бұл сөздің мәнісін тек Жартыкешпен бетпе-бет кездескенде білді. Ол өзін көп күттірген жоқ. Топ адаммен кеңсеге шулай кірді. Сусар құлақшынын босағадағы ұзын шегеге жымырайта іле салып, өзіне сазара қарап қалған қызға ерін ұшымен салқын амандасты. Келгендер екі жаққа жарыла отырып, өзара басын иісіп сыбырласып қалды. Жартыкеш аз тыныштықты жайсыз көрді ме, қырын отырып сөз бастады.

– Жағдай қалай? – деп сәл кідірді де, «әттеген-ай» дегендей жұмсақ алақанымен желкесін бір сийпады.

– Ия, қалай етеміз, айтыңдар!

– Сарайға агрегат орнатуға сөйлестіңіз бе? – деді шетте отырған бала жігіт, орнынан көтеріле тұрып, – Сауын сыйырларды сонда көшірмесек болар емес. Сүті күннен күнге кеміп барады.

– Теліткен қозыдай тоймадыңдар ғой сендер сүтке. Қазір сүт саумадың деп сөкпес, мал қамын айтсаңшы онан да! – деді Жартыкеш, жақтырмаған пішінмен терезе жақты нұсқап. Шийыршық атқан ызғарлы жел қалың әйнекті сабалап қояды. Сымдардың шулаған ызыңы естіледі. Ол өзен бойындағы шөп туралы айтқанда:

– Жәке-ау, оны МТС-тің жеткізіп бергені қашан. Өзірге ферма малы шөпке тұқыр емес, – деді әлгі жігіт.

Өзен бойындағы шөпті МТС-тің фермаға жеткізіп бергенін председательдің білмейтініне таңқалды Ажар. Зоотехниктердің айтуымен мал азығы суық алдында қора

басына жеткізілген болатын. Қазір комплексті бригада фермаларда автосуат орнатуға кірісті. Кезек бұл колхозға да келмек. Бірақ Жартыкеш мұны елемегендей:

– Өзенге өрісі жетсе де, қырға қолы жетпес олардың. Білетін едік қой МТС жайын. Бұл жолы олардың көмегінсіз-ақ істей алармыз. Делбе ұстай алатынның бәрін қалдырмай жыйнаңдар бүгін.

– Болар ма екен, – деді жұқа өңді сары кісі, салбыраған мұртын шийыра түсіп, – біз қанша шабылып, өгіз арбаны жийнағанмен, бір С – 80 трактордың сүйрегенін әкеле алмаймыз. Егіс кезі болғанмен, бұл жолы да МТС көмектесетін шығар.

Қасындағы отырған жігітке қарай берді. «Құп» деп ол да бас изегендей болды. «Қонақ қайным» деп Қатипа бекерге айтпаған екен. Бұдан жарты жыл бұрын сылтау тауып Жартыкеш ауданға көшіпті. Басқа колхозға кетем бе деген ойда болса керек. Бірақ колхозшылар оның көп жылғы тәжірибесін бағалап тағы да сенім көрсетіп, председатель етіп сайлапты.

Бірақ ол сол жийналыста «қайта келем» деп уәде берсе де, әлі қоныс аудармаған болатын. Ол ауданнан келген күндерінің бірін активтермен бас қосуға арнайды екен. Бүгінгі жийналыстарының түрі осы. Бұл жайларды Ажар әңгіме үстінде білді. Ауылдан оқшау тұрып басшылық етудің зиянын айтып еді. «Бұл менің өз ісім» деп Жартыкеш бет бақтырмады. Осы МТС адамның менде не жұмысы бар деп тіксініп отыр. Ол өзімен ере келген топқа да солай деді.

– МТС, ЭМ–ТЭ–СС! – деп елжірей қалыпбыз. Осы МТС – сіз-ақ мал суарып, шөп тасушы ек қой. Телміріп, қолқа салар жайымыз жоқ! – деп өз ойын түйді.

Жартыкеш білімге зәру жан емес. Тәжірибесі де жеткілікті. Колхоз шаруашылығын жан-жақты өркендетуде техника керек екенін өз көзімен көріп келеді. Осы мол техника көмекке келіп еді, колхоз басшысы «өзіміз де коллектив болғанбыз» деп сырылып шыға келді. МТС көмегін жұмысына қол сұғу деп ұғады. Оның жаңа ролін аңғарғысы келмейді.

– Жок, Жәке! – деп орнынан ұшып тұрды әлгі жігіт.

– Бізде МТС бар, жұмысшылар бар. Олардың көмегінен кашпауымыз керек. Техника күші соларда емес пе?

– Қайыр, сен не білесің! – деп Жартыкеш сәнмен қойған шоқша сақалын бір көтеріп қалды. Отты көзімен атып отыр. Әлден соң барып ол булыға сөйледі.

– Иек артқанымыз МТС болса болсын. Жетті! Енді мал азығы туралы МТС ойласын. Колхоз шаруашылығын МТС білсін? Әлек болар жайым жоқ. Біздікі талап ету. Ақша алады екен, істесін. Мен... мен әр уақытта осылай істеймін. Көрсін өздері әлегін!..

– Мал иесі біз болайық, бағуын МТС бақсын! – деді Қайыр күліп. Отырғандар бір көтеріліп, көңілденіп қалды. Ұсынып айтса да, дәл айтқан көп сөзін аңғара ма деп еді. Жартыкеш ырық бермей қақпалай берді. Өз сөзін құптап өктем сөйлеп отыр. Ажар Қайыр сөзінің дұрыстығын айтқанда, ол тіксіне қарап, кілт бұрылды. Жүзінде мысқыл бар. Мұны аңғармағандай баяу, қоңыр дауыспен сөз бастады Ажар.

– Биыл «Алғабас» колхозы 450 гектар тың жерді көтеруі керек. Мол күшпен бірге, жаңа техника да келді бізге. Фермаларды механикаландыру жұмысы тағы да бар. Осы қауырт жиында МТС-ке көмек туралы айта ма деп едім. Сөйтсек, әлдеқашан шешілген шөп мәселесі екен. Егер де бұл жайды өзіміз білмесек оны көпке жаппайық, уақыт алмайық, – деді Ажар, Жартыкешке бұрыла қарап. Столға мінбелей отырған Жартыкештің қыз сөзін құлай тыңдағаны, немесе бөгде оймен отырғаны белгісіз. Шоқша сақалын мыжғылап тынышсыз отыр. Ажар алдағы уақытта мал азығын қырға шашпай, күн ілгері фермаларға жеткізу және оны малға беруді механикаландыру жұмысы Қатипа сияқты көптеген адамдардың еңбегін жеңілдететінін айтқанда:

– Әлгі сауыншы қатын ба? – деді Жартыкеш, жалт қарап.

– Ол жағы сізге мәлім болар, – деді Ажар сөзін соза түсіп.

– Біздің ауданда әрбір жұмысшыға төрт гектар егіс, 93 гектар шабындық, 179 бас мал келеді екен. Қуатты техника болмаса, осынша жұмысты бір адамның игеруі мүмкін бе, жолдас Жамбаев?

Жартыкеш үн қатпады. Тұйық түсіп, өзі күтпеген осы бір отырыста ойлағандық жайы бар. Көппен дабырласып қоштасып шыққан қыз соңынан кешірім сұрағандай жалтақтап қарай берді. Ажармен ГАЗ-69 машинаның жанына келген колхоз комсомол ұйымының секретары Қайыр:

– Біздің председатель өзінің дәл қазіргі айтқан сөзіндей емес, жақсы адам. Бірақ морт кетер аздап қызбалығы да бар, – деді.

Колхозды ауылды, бригадалар қосын аралаған сайын Ажарға МТС жайы, оның жаңа міндеттері айқындала түскендей болды...

3

«Қатипа дұрыс айтады. Пленум қаулысын оқығанымда – дейді ол, – Партия менің үйіме, әрбір колхозшының үйіне келіп, бәрімізді ұлы іске шақырып тұрғандай болды... Құлшынып жұмыс істей бергің келеді. Ертеңгіміз қазіргіден жақсы. Осыны көріп қалай қол қусырып үйде отыра аламыз. Осыны жақсы түсінуіміз керек...»

Ия, соның бірі Ажардың өзі емес пе? Ол Ленинградтағы институтты бітірген соң трактор заводында үш жыл бойы қызмет істеді. Еңбек тәжірибесі, өмір тәжірибесі сонда басталды. Алдымен смена, соңынан цех бастығы болды. Цехтың әрбір адамы оның көз алдында. Осы коллектив арасында электр трактордың алғашқы макетін сыннан өткізген кезде қандай қызу талас болды десеңізші. Оған слесарь да, мастерлер де, бақылаушы да, инженер-технолог та қатысты. Ажар осындай коллективпен жұмыс істеді. Партия шақыруын оқығанда ол да:

– Менің орным МТС! – деді цехтағыларға. Рас, МТС директоры етіп жауапты жұмысқа тағайындалғанда, толқуда болды. Бірақ Никита Афанасьевич:

– МТС-тегілер де жұмысшылар ғой, ал жұмысшылармен қандай қиыншылықты болса да жеңуге болады – деген. Колхозды ауылға көмекке жұмысшы табы келді. Оның күші ұшан теңіз. Мұнда да слесарьлар, токарьлар, зоотехниктер, агрономдар, малдәрігерлері – барлық мамандар да бар. МТС – байтақ колхозды ауылдың ғылыми орталығы да болмақ. Бірақ, жаңаға тосырқай қарайтындар да бар. Оны Ажар өз көзімен көрді.

Инженер қыз кеңсеге келгенде, онда Никита Афанасьевич Дьяченко мен инженер – механик Коновалов отыр екен. Ажар колхозда болғанда көргендерін айтып шықты. Ол сабырлы, баяу үнмен сөйледі. Соңғы түндерді ұйқысыз өткізгені көрініп-ақ тұр. Көрікті реңі сұрланып, жағының түгі үрпие қалған. Үлкен ойлы көздері көлеңкеленіп алысты меңзейді. Инженер қыздың қабағы түсіңкілігін Коновалов ұзақ жолдың михнаты деп біледі. Осыны аңғарды ма, Ажар:

– Нағыз жұмысшы қалыпқа әлі келе алмай жатырмыз, Никита Афанасьевич. Алда қанша жұмыс күтіп тұр. Бізге шұғыл өрлеу, өрлеу керек. Сонан соң... сонан соң бәрі де өз арнасымен құйылып жатады.

Ажар әрбір колхоздың фермаларында аспалы жол, автосуат, сиыр сауу және қой қырку үшін электр агрегаттарын орнату керектігін де айта кетті. Сөзінің соңында ол:

– Осының бәрін іске асыруымыз керек. Бізде қуатты техникада, адам да бар. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз. Ең бастысы біздің әрбір адамымыз ауыл өміріндегі жаңалықты көре, түсіне білетін болуы керек. МТС-тің жаңа ролін, жаңа міндеттерін түсінуіміз керек. Сонда ғана тағы да айтам, Николай Афанасьевич, жұмыс көңілді бола түседі. Дьяченко директордың «Алғабас» колхозының председателі Жартыкеш Жамбаев туралы айтып отырғанын бірден аңғарды. Бұл жайды өзі де білетінді. Ол биік көтеріліп барып тоқтаған жалтыр шекесінің ортасындағы сүйір біткен селдір шашын саусақтарымен тарай сыйпап:

– Солай, Ажар Ахметовна! – деп, столға шынтақтай отырды. Бұл жұмыс та жеңіл емес. Көп еңбек студі керек етеді. Бірақ, біз үйретеміз. Бұл да біздің міндетіміз ғой...

Осы кезде суыра соққан боранмен әлде қайдан тракторлардың қуатты мотор үні естілді. Сергей орнынан тұрып терезе пердесін сырды. Тау-тау боп үйілген шөп өзен бойымен сырғып, көшіп барады екен.

– Біздің жігіттер ғой, «Алғабас» колхозының фермасына шөп тасып жүрген, – деді Коновалов трактор сүйретіп бара жатқан маяны нұсқап. Коновалов кеткен соң:

– Біз МТС-тің болашақ мамандары туралы да ойлағанымыз жөн ғой деймін, Никита Афанасьевич.

– Жас техниктер станциясын ашсақ, сіз бұған қалай қарайсыз. Оған МТС аймағындағы барлық колхоздың балалары келмей ме? – деді Ажар.

– Я, бұл дұрыс екен. Жаңа техниканың жаңа кадрлары болуы керек, – Бұл мәселені де МТС советінде ақылдасып көрейік, – деді Дьяченко, Ажардың қан жүгірген екі бетіне барлай қарап.

* * *

Жеті тәулікке созылған қара боран кеше кешкісін ғана саябырлады. Бүгін таңертең болымсыз ызғарлы жел тұрған еді. Қазір ол да тыным алған. Жас шыбықтың әлсіз бұтағы да селт етпей қимылсыз тұр. Күн де мол сәулесін төгіп жадырай қалыпты. Аспан өңірі шайдай ашық. Қорада қамаулы тұрған малдар өріске шуап, ұзап барады. Бұл күндері МТС адамдары бір тыным алған жоқ. Қызу жұмыстар бірінен соң бірі алмасып, өз кезегімен жүріп жатты.

МТС советіне келген Қатипа:

– Қалқам, сендер болмағанда мына өткен боранда мал түгіл, адам халі де мүшкіл болатын еді. Жұмыс істеуді сендердің жұмысшыларыңнан үйрену керек екен, – деді Ажарға, аса бір ілтипат көрсетіп.

Бұл күні МТС советіне келгендер де көп болды.

Қаралатын мәселе бәріне белгілі, бәріне ортақ. Ол – колхозды ауылдың ертеңгі сәнді болашағы мен ауыл балаларының техникалық оқуы туралы. Жиналған топпен бірге клубтың кең есігінен Жартыкеш Жамбаев та еніп келе жатты. Ажардың қасында тұрған Никита Афанасьевич:

– Көрдіңіз бе, барлық колхоз жолы МТС–ке келетін болады, – деді.

Ауыл қызының ажарлы жүзі шырайлана, жадырай түсті. Көктем күні төңірекке мол сәулесін төгіп тұр.

Аржақтан келген бала

1

Ашық люктен ақжолақтанып болымсыз сәуле түсті. Гильзаға сүйене жатқан Асқар комбинезонының омырауын түймелеп, башнядан жоғары шықты да жан-жағына бағдарлай қарады. Өзеннің арғы бетінен көтерілген аспалы ракета көкте діріл қағып, күңгірт жасыл жарығын жайып тұр. Мерген оғы іліп кетті ме, бір сәттен соң быжылдап, бықси барып сәнді. Башнядан сырғанап түскенде, водитель Исаченко:

– Сенбісің, Асқар? Әлі ұйықтамағансың ба? – деді, люкке қарай сүйретіле көтеріліп.

– Өзің ше?

– Ұйқым келмейді. Жата берген де жалықтырады екен. Ол өз командирінің қасына келіп отырып, Саратов махоркасының ащы түтінін үсті-үстіне жұтты да: – текке күнге қақталып дем алғанымыз жетер, шабуылға неге шықпаймыз осы! – деді. Асқар механиктің салалы тұлғасына көз жүгіртіп:

– Немене, зеріктің бе? – деді, жымия күліп.

– Жо-о-қ! Зеріккендіктен емес, майданға шықтық екен, соғысу керек. Жаудың рахымын күтпекпіз бе?

– Бұл туралы мен де аз ойлағаным жоқ. Бірақта майдан қолбасшысы бәрін көріп отыр. Осы жерге неліктен табан

тіреп отырғанымызды ол екеумізден де жақсы білетін шығар. Бір сәткі ойдан соң барып Владик:

– Көрдің бе, төңірек тым-тырыс. Кемпіркосақтана қалатын жарқырауық оқтар да көрінбейді. Кеш бойы сақылдаған «Максим» де тыным алған – деді. Сонсоң темекісін ортасынан екі бөліп:

– Майдан даласындағы әйтеуір мұндай көрініс, көңілсіз әрі қорқынышты көрінеді маған. Ал саған ше? Асқар үндемеді. Жерге әдейі қойылған үлкен консерві банкасындағы тоңазыған етті гусеницаның үстіне қойды да, бетін өзенге бере, жантая жатты. Август айының қапырық түні. Жел де жоқ. Шым-шытырық майдан жолымен күні бойы ерсілі-қарсылы ағылған машиналардың соңынан көтерілген шандақтан ба, көгілдір аспан өңірі де тозаңданып тұрғандай. Мүлгіген тыныштық. Бір кезде өзен үстінен тағы да ракета көтеріліп, шаңқ еткен мылтық дауысы шықты. Асқар басын көтеріп:

– Владик, өзен шулай түсті, байқаймысың. Біреу өзеннен өтіп келеді білем, – деді қасында жатқан Исаченкоға бұрыла қарап. Ол жамбастай жылжып, өзен жаққа бір сәт құлағын тосты да:

– Я, естіп жатырмын. Біздің барлаушылар шығар «тіл» алып келе жатқан.

– Мүмкін емес, өткелді біледі ғой олар, – деді Асқар орнынан тұрып.

– Аспалы көпір тұрғанда, суға түсіп не азап?

– Жүктері ауыр шығар.

2

Седойдың қамал бұзушы гвардиялық танкі полкінің Саур-Могила етегін шайып жатқан Миус өзенінің жар-қабакты жағалауына кеп орналасқанына бір айға жуық болған. Сталинград шайқасынан соң полктың қайтадан майданға аттануы осы еді. Бұл күндері танкішілер атқыштар дивизиясымен бірге шабуылға қызу дайындалып жатты. Штаб офицерлері бақылау пункттерінде болып,

әрбір 10 минут сайынғы жаңалықтарды штабқа хабарлап отырды. Танкінің атақаға шығу жолдары, миналы алаңдар, доттар, жылжымалы артиллерия орналасқан ұялар мұқият тексеріліп, картаға түсірілді. Жаңадан пайда болған төбешіктер мен доттар ерекше есепке алынды. Жаудың құпия әзірлік әрекеттері бақылау жолымен картаға түсірілгені болмаса, «тіл» арқылы анықталмаған еді. Атқыштар дивизиясы штабынан алынған мәліметке қарағанда, соңғы үш аптада бүкіл майдан бойынша бір де бір «тіл» қолға түсірілмеді. Жау тылынан алынған әрбір мәлімет Саур-Могила қамалына шабуыл жасайтын танкі полкі үшін өте қажет еді.

Исаченконың «Кім болса да, біреу судан өтіп келді» дегені көпті көрген машина командирін еріксіз орнынан тұрғызды. Ол қайыс белдігін мыжырайтқан «ТТ»-сын түзетіп өзенге қарай беттеді. Лайлана баяу ағатын Миус өзенінің ені жалпақ емес-ті. Өзен бетіне үңіле қарап тұрған Асқар қалқыған ақ затқа қарай иегін көтеріп:

– Көрдің бе? – деді, тізерлеп отырған механикке сыбырлап.

– Көріп отырмын, – деді ол жайласып отырып.

– Ағысбен дыбыссыз жүзіп келе жатқанын қарашы. Бірінші рет жүзбегені көрініп-ақ тұр.

– Иірімге ығысып кетпесе, – деп еді Асқар:

– Жок, оның есебі дұрыс, көрерсің – дәл алдымыздағы құмшайырдың үстінен шығады, – деді механик.

– Бұл аймақтың ой-шұқырын жақсы білетін біреу болды ғой онда.

– Мүмкін, – деді Исаченко алдыңғы жақтан көз алмай. Асқарлар жүзген адамның жағаға шығуын күтті. Ол жиекке жетіп екі қолымен жер тырмалап, судан сүйретіле шықты да біраз үнсіз жатты. Сонсоң арғы жаққа жалтаң-жалтаң қарап, мүлгіген түнге құлағын тосады. Бір кезде ұшып тұрып алға қарай жүрді. Жанынан өте бергенде, Асқар:

– Қайда асықтыңыз, жас жігіт! – деді қатаң дауыстап. Аржақтан өткен адам еңкейіп барып, селт етіп тұра қалды.

Үн қатқан жанның әмірін күткендей орнынан қозғалар емес. Асқарлар қасына барғанда:

– Кімсіңдер сендер? – деді діріл қағып.

– Біз – совет адамдарымыз! – деді Асқар, алдында тұрғанның бала екенін енді аңғарып. – Өзің кімсің?

– Мен бе? Мен – Саша Давыдовпын!

– Oh – o! Саша дейсің бе?

– Я!

– Танысып қояйық. Мен Асқар Дәулетовпін, мына тұрған жігітті Владик деп атайды. Сен оның балуан денесінен қорықпа. Ол мейірімді адам.

– Ә – ә! – деді Саша өзіне-өзі күбірлеп. Ол өз адамдарының ортасында тұрғанын анық білді.

3

Танкі жанындағы блиндаж ішінде тікірейген шашы мойнына дейін өскен, бет-аузы салтақ-салтақ жүдеу өнді бала экипажға өзі туралы әңгіме бастады.

– Бергі жаққа неге шықтың дейсіздер ғой маған?

Ол алдындағы тоңазыған ет пен нанды кейін сырып, тізесін құшақтап бүрісе түсіп, үнсіз отырды. Қоңыр көзі көлеңкіленіп, қайқиған ұзын кірпіктері білтелі шамның болымсыз сәулесіне қадала қалған. Бір кезде қамқоршы ана шақтап тіккен шолақ шалбар мен ақ сәтен көйлек баланың жүдеу күйін аяндай түсейін дегендей ыдырап, айрылып-айрылып кетіпті. Сетінеген жеңінің сыртынан күсті шынтағы шығып тұр.

– Я, мұнда неге келдің деп сұрайсыздар ғой менен, – деді ол аз тыныстан соң тағы да. – Мен өзімнің мамамды іздеп жүрмін.

Жүдеу бала кезерген жұқа ерніне тамған көз жасының кермек дәмін, жұтып, үнсіз мұңмен маңдайын тізесіне қойды. Егіліп, құлай күйінгендік жайы бар. Мойын тамыры құлақ түбінде білеуләне көгеріп тұр. Блиндаж ішін ауыр тыныштық басты. Осы жай сұрақтың аржақтан келген баланы мұнша күйзелтетініне Дәулетов те, Исаченко да

түсіне алмады. Аңдамай айта салған сұраққа кешірім сұрағандай, Асқар нанды жұқа тіліп, майды қалың жақты да:

– Саша, сен қуыршақ ойнар қыз емес, жігітсің ғой! – деп нанды ұсынды.

Майдан шебінен елеусіз өту әркімнің қолынан келе бермейді. Саша суланған көзін өрім-өрім жеңімен бір сүртіп, лейтенантқа бұрыла қарады. Қоңыр жүзді, бұйра шашты жігіт жылы жүзбен күле қарап, нан ұсынып отыр. Кесек біткен мұрнының сол жақ түбіндегі меңі мейірімді күлкіні реңіне таратып балапан шыбындай жайыла қалыпты. Саша кір қолымен нанды алды да:

– Мұнда не ерлік бар, мен мамамды іздеп жүрмін ғой. Мамамның қандай екенін білсеңдер... – деп өзіне-өзі күбірледі. Нанды аузына бұралай тығып:

– Сіздер Саур-Могиланың етегіндегі деревняны білетін шығарсындар. Мына жарқабаққа шықсаңдар да көрінеді. Міне, сол – біздің село!

– Ол жерде деревня бар ма еді? – деді темекіні үсті-үстіне тартып, үнсіз отырған Исаченко.

– Жо-о, – деді Саша басын шайқап, – Қазір онда зеңбіректен басқа ештеңе де жоқ. Сосын онда біздің әжей бар.

– Әжей дейсің бе? – деді Асқар таңданып.

– Я, онда Марфа әжей бар, ол погребте тұрады, – деді Саша, бұлардың зейін қойып тыңдағандарына көңілдене түсіп:

– Ол сондай мейірімді адам. Мен оған жұрттан сұрап алған нанымды да тастап кеттім.

Отырғандарды тағы да бір шолып өтіп:

– Жоқ, мен сендерге басынан бастап айтайын. Саур-Могила түбіндегі біздің деревняға гитлершілер келер алдында адамдарымыздың бәрі соғысқа кетті. Ал, менің папам деревняда қалды. Немістер келгенде де ол үйде болды. Білесің бе? – деді қарсы алдында отырған Асқарға, – сол үшін балалар мені ойынға да қоспай қойды. Мені көрсе болды, дүрліге қалып: «сатқыншы» келе жатыр»

деп жеркене қарайтын болды. Бір күні жасырынбақта тығылғандарды көрсетіп қойдың деп тиіспесі бар ма? Мені ұру үшін әйтеуір сылтау табылатын. Жылап үйге кірсем, папам отыр екен.

– Сен неге майданға кетпедің? – дедім, өксігімді баса алмай. Ол ұзақ уақыт үнсіз отырды да:

– Біз соғысып жүрген жоқпыз ба, Саша?! – деді. Содан кейін біз оны сирек көретін болдық. Сиырға шөп әкелемін дейді кетерінде. Айтқандай, бір күні ол үйге жүзі жадырап, қуанышты келді. Оның сақалы сондай қатты ғой, мойнымды қайта-қайта қытықтап ұзақ отырды. Көзім ілініп бара жатыр екен. Ол құлағыма сыбырлап:

– Сен де есейдің, мамаңа көмектесіп жүр, – деді. Мен оның мойнынан құшақтай түстім. Ертеңіне оянсам, жоқ, тағы да кетіп қапты.

Саша көзінде мөлтілдеген жасын көрсетпеу үшін, шамнан бұрыла беріп, еденге төгіп-төгіп жіберді де, кең тыныс алып, жантая отырды.

– Мен содан қайтып папамды көрмедім.

– Мамаң айтпады ма папаңның қайда екенін? – деді Исаченко. Алып денелі Владиктің бас-аяғына Саша шегіне қарап, көз жүгіртті де:

– Әрине, сұрадым. Бірақ ол маған папамды шөпке кетті, – деді.

– Онда жақсы! – деді Исаченко жымыып күліп.

– Партизандарға кеткен ғой?

– Білмеймін, мамам маған одан басқа ештеңе айтқан жоқ.

Бір сәттең соң ол күлуге жат қарайтынын білдіргендей, байыпты сөйледі.

– Өздеріңізде білетін шығарсыздар, сол жылы күз суық болды ғой? Бір күні мен отын алып келу үшін тоғайға кеттім. Одан кеш қайттым. Келсем селоның астанкестені шығыпты. Түйіншектерін асынып-тартынған ауыл адамдары мөңіреген сиырларымен бірге, батысқа қарай қыр асып шұбап барады екен. Қызарып батқан күн шұғылысы әлі сөнбеген. Төңірек сондай қорқынышты.

Жүгіріп үйге барып ем, есіктен шарпығын ыстық жалын кейін серпітті. Қатарынан бірнеше үй өртенген. Мен: «Ма-ма! Ма-ма-а!» – деп бірнеше рет айғайлады. Ешкім дыбыс бермеді. Бір кезде өзім отынға кетерде ренжітіп кеткен алақушігім қасыма жетіп келді. Тілін салақтата ырсылдап, алдыңғы екі аяғын көтеріп кеудеме бір секірді де, ауыл адамдары ығысқан жаққа қарай жүгірді. «Шарик!» – деп айқайлап ем, бедірейіп тұра қалды. Мамам сол адамдардың ішінде болар деп, Шарик екеуіміз де солай қарай жүгірдік. Тозаң жұтқан топ адамға жете бергенде: «Ма-ма-ау!» – деп тағы да айғайлады. Екінші рет аузымды ашқанша болған жоқ, біреу ту желкемнен түйіп жіберіп, ұшырып түсірмесі бар емес пе?! Сол арада қанша уақыт жатқанымды білмеймін. Көзімді ашып қарасам, Шарик тұмсығын мойныма тығып, жер тырмалап қыңсылап тұр екен. Марфа әжей жүресінен түсіп үнсіз отыр. Осыған мәз болды білем, автомат кезенген біреу ыржиып қарады бізге. Басы үрлеген доптай, ұсқынсыз болады екен өздері. Алғашқы рет кара крест таққан немісті бетбе-бет көргенім сол еді. Сүйретіле тұрып желкемді бір сипадым да, азан-қазан болып шулаған елдің соңынан кете бардық. Сашаның айтқаны дұрыс еді. Гитлершіл басқыншылар Сталинград түбіндегі соққыдан соң, Миусті «Темір қақпа» жасау үшін, осы маңайдағы адамдарды терең тылға қуды. Өз мекенінен бытырай көшкен халықтың көбі жол үстінде фашист солдаттардың азабынан, оғынан қаза тапты. Тірі қалғандары Т. қаласындағы жаппай қырғынға ілікті. Бұл жай экипаждағылардың бәріне аян болатын. Саша «ішінде не бар» дегендей, жаңа ашылған банканың ішіне үңіле қарады. Қант қосқан қаймақты тілінің ұшымен бір жалап, Асқарға қарап жымыып күліп қойды.

– Әжейге осы қаймақты апарар ма еді? – деді де, мейіранбан Марфа жайын, өзінің мамасын іздегендегі бастан кешіргендерін баяндай бастады.

– Жексенбі күні кешкілікте біз Т. қаласына келдік. Бәрімізді вокзалдың астындағы сызды, қараңғы подвалға қамады. Бір күн жаттық, екінші, үшінші күн де өтті. Ешкім

келіп есік ашар емес. Баласы шырылдап жылап қоймаған соң бір әйел терезе жаққа барып еді. Терезені үлкен көлеңке қалқалай қалды. Біреу келіп еңкейіп, ішке оқты жаудыртып жіберді. Жылаған баланың үні өшті. Подвал іші күңіреніп кетті. Мен де жыладым. Осы кезде темір есік те ашылды. Бәріміз есікке қарай лап бердік. Тағы да оқ себелеп кетті. Алдыңғылар дүркірей кейін ығысты. Марфа әжей менің иығымнан басып:

«Жат, жат!» – деп, ышқына дауыстап жіберді. Қалай құлағанымды өзім де білмеймін, ылғи өліктің астында қалдым. Кешкісін біреулер келіп тағы да оқ жаудырды. Есік жақта ыңырсыған дауыс естіліп жатқан еді, олар да жым болды. Өліктердің арасынан қараңғы түскенде шықтық. Бірақ қалаға бойлап кіре алмадық. Топ-тобымен жүрген күзетшілер дыбыс шықса шақырып, әр бұрыштан мылтық атады. Әжей екеуіміз қатты қорықтық. Сосын бір тауық күркені тауып алдық та, соған түнедік. Сол түні мен де, әжей де көз ілмедік. Таң атқан соң күркеден шықсам, әжей шығысқа қарай қолын жайып жалбарынып тұр екен. Селдір ақ шашы қобырап кеткен. Қазір ұшып кететін бейнебір құс тәрізді көрінді көзіме. Әжейге не болған деп жылап та жібердім. Ол маған бұрылмастан:

– Өзіміздің селоға кетеміз, жүр! – деді. Мен үндемедім. Ол маған бажырая бір қарады да, ауыр күрсініп, шығысқа қарай бет алды. Кешегі өліктердің арасынан мамамды іздеуге вокзалға қарай кеттім.

Т.қаласында мамамды іздеп жүріп, мен «Есінен ауысқан бала» атандым. Көзіме жылы ұшыраған жаннан мамамды, кейде Марфа әжейді сұраймын. Әйтеуір менің сұрағым жұртқа ерсі көріне берді. Бір күні, көшеден өткен кара кресті танктерге қарап тұр едім, біреу қолымнан шап беріп ұстап, сүйрелей жөнелді. Не жазғанымды өзім де білмеймін. Жолай аямай түйгіштеп келеді.

– Жылаған екенсің ғой еңіреп, – деді Сашаның сөзін ұйып тындап отырған Исаченко, сынап қарап.

– Неге жылаймын, – деді Саша, – Мен тек мамамды ойлағанда ғана...

– Нағыз солдат солай болады! – деді Асқар, мұның – ерлік дегендей шырай білдіріп.

– Солдат күйінеді, бірақ жыламайды.

– Мен де жыламадым сонда, – деді аржақтан келген бала, көңілдене сөйлеп, – Сөйтіп, мені бір үйге апарды. Комендант болу керек, мені тергеп жауап алды. «Кімнің баласысың», «қайдан жүрсін» – деп тәптіштеді. Сонда Марфа әжейдің: «Бұл жауыздарға папаңның атын айтушы болма. Онда маманды таба алмайсың» дегені есіме түсті. Мен сол арада өмірімде бірінші рет өтірік айттым. Әйтпесе ешқашан жалған сөйлемейтінмін. Оны Марфа әжейден сұрасаңыз да айтады. Сөйтіп өтірік айтып құтылып кеттім. Содан соң мен Марфа әжеймен бірге өзіміздің селоға кетпегеніме өкіндім. Мамамды да, оны да сағындым. Талай адам маған «Соғыс біткенше біздің үйде бол» деп еді, тыңдамадым, мамамды іздеп, қаланы кезіп көп күн жүрдім.

Саша пілтелі шамның күңгірт барқыт сәулесіне тесіле карап, біраз үнсіз отырды. Маңдайы жіпсіп, бетіне қан тарайын деді. Өмір азабын, жол азабын тартқан бала осы отырысына өзі сенбегендей, жанындағыларға сағынышпен аймалай қарайды. Жас жүрегімен бәрін құшып, бәрін сүйіп отыр.

Аржақтан келген бала өзінің туған деревнясына қалай келгенін де айтты. Ол былай болыпты: Мезгіл кеш. Саша өліктер арасын тағы да аралап шығу үшін, вокзалға келеді. Подвалға таянса, екі босағаға адамның бас сүйегін іліп қойыпты. Есікте құлып. Төңірек күмілсіген сасық иіс. Саша жан-жағына қараса, тас жолмен ағылған машиналар тізбектеліп, өтіп жатыр екен. Кейбіреулерінің номері де таныс. Сан рет снаряд тиіп өткен машиналар. Қараңғы түскен соң Саша көгерген ескі бөшкеге кіріп, бүк түсіп жатады.

– Сонда не ойладың? – деді Асқар, басын қабырғаға тірей қисайып жатып.

– Барлығын да. Мамамды да, папамды да, деревнямды да, бәрін де ойладым. Өзіміздің мектепті де ойладым.

Кейде өткен машиналарды, танктерді санаймын.

– Сонан соң? – деді Исаченко, бар тұлғасымен ентелей түсіп.

– Жаттым. Ойлап жатырмын. Бір кезде дөңгелегінің желі шыққан үлкен машина дәл жаныма шиқылдап келіп, қисая тоқтамасы бар ма?! Шофердің біреуге «Миус-фронт колосаль!» деп жатқан сөзін құлағым шалып қалды. Сол машинаға ұрланып мініп, өз деревнямға келдім.

– Қалай? – деді Асқардың өзі де таңданып, – Қалайша көріп қалмады сені?

– Көрмеді, – деді Саша, өз ісіне масаттанып, – Ілкіде снаряд арасында отырғанға қорықтым. Шофер сылқыйған мас. Жүйткітіп келеді. Кейде жәшікпен бірге мені де көтеріп-көтеріп тастайды. Төбесін жапқан кенебі болмаса, ұшып кететінмін. Машинаны тоқтатып, шофер қорылдап ұйқыға кеткенде кенепті көтеріп қарасам, өзіміздің Саур-Могиланың түбінде тұр екенбіз. Әрі жаттым-бері жаттым, жүрегім лүпілдеп қуанып та барамын. Айналаны бағдарлай қарасам, ешкім көрінбейді. Тек сонау шетте біреулер қараңдайды. Машинадан сырғып түстім де, өзіміздің үйге қарай жүгірдім. Подвалға кіре бергенімде ыңырысқан дыбыс құлағымға шалынды. Ақырын ғана:

– Мама! – деп, төмен түсе бергенімде:

– Саша! – деген Марфа әжейдің дауысын есіттім. Ол суық тарамыс қолымен мені өзіне қарай тартып:

– Сенің мұнда келетініңді білгенмін. Білгенмін... – дей береді.

Айттым ғой, өзі бір қызық адам. Ол менің келетінімді қайдан білсін?! Бір сәттен соң ол қырылдаған дауыспен:

– Мамаң да, папаң да бар. Миустен тез өткін. Мені сұрағандарға әжей өлген жоқ, тірі дегін. Түсіндің бе? – деді. Осы кезде автомат оғы себелеп жауып кетті. Жүгірген адамдардың аяғының дүбірі естілді.

– Жақсы, – дедім, қуанышым қойныма сыймай. Жұрттан сұрап, жинап алған нанымды дорбасымен соған қалдырдым да, өзім өзенге жетуге асықтым.

– Сақшының көзін байладың ба, қалай өттің? – деді Исаченко күліп:

– Мен бұл аймақтың түкпір-түкпірінің бәрін білем. Талай рет жасырынбақ ойнағанбыз. Қалай қараса да, көре алмайды.

Бір сәттең соң барып Саша алдымен Исаченкоға, сосын Дәулетовқа қарап:

– Ал, өздерің менің мамамды көрген жоқсындар ма? – деді мұнды жүзбен...

4

Аржақтан келген бала туралы хабар полкке тез тарады. Жұрттың бәрі оның әңгімесін ден қойып тыңдады.

– Бақытты бала екен! – десті. Машина командирлері солдатша киінген Сашаны машина үстіне шығарып, Саур-Могила аймағы туралы талай жайларды сұрады. Майдан картасын алғаш көрсе де, өзінің туып өскен аймағын көрсетуден жаңылмады Саша.

– Алма бағы, анау оның жанында қираған мектеп үйі. Алма бағының ішінде танктер мен зеңбіректер тұр. Оның бер жағында терең қазылған жағалай траншеялар мен окоптар бар. Тот басқан неміс автоматтары мен шлемдері шашылып жатыр.

Сашаның сөзіне қарап, командирлер карталарына белгілер қойды. Бірақ, бала өзінің айтқанының қаншалықты мәнді екенін түсінбеді. Командирлердің ризалық білдіргеніне таңдана қарады. Асығу бар да, атыс жоқ көрінді оған. Бір жолы машинаның моторына май құйып жатқан Исаченко мен Дәулетовке:

– Сендер неге соғыспайсындар? Онда Марфа әжей бар ғой! – деді.

– Көріп тұрсың ғой, ұрысқа әзірленіп жатырмыз, – деді механик кенеппен қолының майын сүртіп.

– Сен әжейге қанты бар қаймағыңнан сақтадың ба?

– Әрине, – деді Саша көңілденіп, – Менің мамама да, әжейге де арналған сыйлығым көп. Шабуылға шығар күнді Саша асыға күтті. Ұйықтап қалмау үшін, шешінбестен танкистермен бірге жатып жүрді. Бір жола таң алдында

қатты ұйқтап кеткен екен, жерді солқылдатқан дүлей үнмен оянып кетіп, дереу басын көтеріп алды. Қасындағы танкілерінің бірі де жоқ. Жүгіріп қырға шықса, танкілер Саур-Могиланы бөктерлеп барады екен. Ол пилоткасын бұлғап:

– Марфа! Ә-же! Біздің адамдар! Біздің адамдар! – деп бар дауысымен айғай салды.

* * *

Бұл уақиға 1943 жылы оңтүстік майданда болған еді. Содан бері талай жылдар өтті. Егер де Седойдың танк полкындағы жауынгерлерден сұрасаңыздар, Саша Давыдов туралы олар әлі күнге дейін талай қызықты әңгіме айтып берер еді.

Күнделік

1

Жеңіс жылының май айы. Майдандағы зеңбірек дүрсілі әлі басылмаған кез. Ауыр жарадан соң төсекте тапжылмай жатқанымна міне 4 айға кетті. Кеудеге дейін мықтап оралған гипс бұрылтып, бас көтерпейді. Жамбасқа салған қабат-қабат мамық жастық та иленген терідей денеге қарып тиеді. Өткен жолғы обходта «Гипсті қашан аласыңдар?» – деп сұрағанымда, Нина Васильевна: «Үзілген жіліншік бір-біріне түйісіп қосылғанымен, әлі қатайған жоқ, бірер күнге шыдағын» – деген-ді. Осы бірер күнді сарыла күтумен болдым мен...

Әдетте, Нина Васильевна палатаға ертеңгі тамақтан соң келетін. Күні бойы бізбен бірге болса да, түн ассақ сағынып қалатын едік оны. Кейбір дәрігерлер сыяқты: «Ал, халің қалай, ауру?» – деп тамырыңды ұстап, халатын көтере отыра қалмайтын жаныңа. Паңдық мінез жоқ, кішіпейіл еді. Әрдайым: «Түнде мазасыз ұйықтадың ба, көзің неге қызарып тұр?», «Кешкі ас қалай батты, жүрегің

қыжылдаған жоқ па?», «Бүгін қандай тамақ ішкің келеді?» – деп, ерекше бір қамқорлықпен бастайтын сөзін. Кейде тәбеті нашар аурудың қасында ұзақ отырып, оның бір ұрттам шайды артық ішкеніне де қуанатын. «Тіпті ернің де кезеріп кеткен еді, енді нағыз жігіт болдың!» – деп, кезерген ерінді ақ жұмсақ марлымен сүртетін.

Самай шашын ақ шалған, ұзын бойлы, жұқа өнді осы бір орыс әйелі емдеуші ғана емес, демеуші де еді. Бұл күні емдеуші, әрі демеуші ананы аса бір асығыстықпен күттім. Ол кең терезеден үлкен күн өзінің мол шуағын кроватима түсіргенде келуші еді. Аяғымдағы ақ гипс үстіне сол сәуле де кеп түсті. Бірақ Нина Васильевна әлі жоқ. Жастықты биік салдырып, есік жаққа жалтақтап қарай бердім...

Ол түскі тамақ алдында ғана келді. Екі беті ақсұр тартып, жағының қылау түгі үрпиіп кетіпті. Салалы сүйір саусақтары пинцет ұстағандай қайшылана қимылдайды. Ауыр операциядан келгені көрініп тұр. Жайланып, керует шетіне отырды да:

– Көрдің бе, майдандағы қарулас достар сені әлі ұмытпаған екен, – деп, маған әдемі оралған үлкен пакетті ұсынды. Пакетті жіберген менің жолдасым Н. Евгений екен. Ол өзінің хатында: «...Соңғы кезде біздің бірнеше жолдастарымыз ерлік өліммен қаза тапты. Ал, Алмас сен сияқты қатты «науқастанды», ессіз-түссіз, санбатқа жібердік. Қайсы госпитальға түскенінен де хабар жоқ. Оның атака алдында штабта қалдырып кеткен күнделігін саған жіберіп отырмын...» – деп жазыпты.

Мен Алмастың күнделігін ұзақ жылдар сақтап жүрдім. Гомельде, Омскіде хирургиялық госпитальда жатқанда да «Солдат сыры» атты дәптерін жастық астынан алып, жиі қарап, көп сырластым. Талай жолы зердемде жатталып та қалды. Рас, алғашқыда оның басынан кешірген уақиғалары қызық көрінгенімен, көп жайларды білмеген де, түсінбеген де едім. Өзгелерден сұрап, досымның құпиясын жария етуге де батылым бармады. Міне, содан бері талай жылдар өтті. Коммунист Айдаровтың сол кездегі жазғандарының дұрыстығын енді толық аңғарғандаймын. «Егер ашық

ауыз болсаң, жар астындағы жау жағана жармасады» деп бастапты ол күнделігін. Бірақ, бұл сөзді растайтын уақиғалар күнделік текстісінде баяндалатындықтан, осы қолжазбаны уақиғаның тура өзінен бастап көшірдім.

А в т о р.

* * *

Түнгі сағат екіде мені айрықша бөлімнің бастығы майор Анисимов шақырды. Шынымды айтайын, өткен кештегі ауыр шайқастан соң, түн ішінде тығыз түрде майордың жеке шақыруының мәнісін түсінбедім. Әртүрлі ой келіп, жүрегім әлденеге дүрс-дүрс соқты. Өткен кеште біздің взвод танкішілермен бірге барлау шабуылына шыққан еді. Бұл – взвод командирі жараланғаннан кейінгі, автоматчиктерді үшінші рет атакаға алып шығуым болатын. Әлде, шабуыл кезінде біз білмеген сәтсіздік болды ма? Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Біздің «мол олжамен» қайтқанымызды көріп, полк командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары подполковник Широкийдің өзі: (полк командирі ертеңгі шабуыл мәселесімен армия штабына кеткен еді) «Сталинградшылардың қыймылы осылай келеді» – деп, ерекше бір ризалық білдірген. Қолға түсірген екі офицерді тапсырғанда: «Бағалы тіл» деген Анисимов та.

Ол тұтқындарды қолға түсіруде көп әрекет жасағандардың бірі – горькийлық Евгений Агеев. Міне, ол бұрышта бықсып сөнуге айналған білтелі шам түбінде, автоматын құшақтап тәтті ұйқыға кеткен. Сұр шинелінің снаряд жарықшақтары шұрық тескен кең етегі астынан қонышына тыққан қола қасығы жылтырап көрінеді.

Алдыңғы танкімен жау тылынан ең соң қайтқан Василий Манилов та автоматымен бірге, жуан доғал томардың қасында жантайып жатыр. Су болған пимасын кептіру үшін көп әрекет жасағаны көрініп тұр. Бірақ, тәтті ұйқы ырық бермегендей, пешке сүйене құлапты. Ал, біздің

взводтың кенжесі, тентек мінезді Николай Арутюнян, оң қолымен маңдайын ақ марлямен баттастыра таңған, бұйра шашты Головкины құшақтап жатыр. Головкиның аузын кең аша, бар даусымен қорылдаған зор үні де Николайды оята алар емес, қарулас досының қапсыра ұстағаны ана құшағындай, қайта оның жүндес кеудесіне басын тыға түскен.

Мен тез киініп, автоматыма тағы да қосымша диск алдым да тысқа шықтым. Орман іші алакөлеңкеленіп тұр. Жел жоқ, құрғақ аяз. Айнала тым-тырыс. Тек машина жанында оқтын-оқтын түнгі күзетшінің ғана дауысы естіледі. Таза ауаға шығып, сергісем де өз ойымды қорыта алмадым. Ертең жойқын артиллерия дайындығынан соң, Нарва өзенінен өтуге тиіспіз. Осындай аласапыраң кезде жаудың тағы да бір сұм әрекет жасамасын кім білсін... Бірақ, мен қалай ойласам да, Анисимовтың шұғыл шақыруының мәнісін түсінбедім, жұмбағын шеше алмадым.

Мен келгенде, майорда Шария отыр екен. Оның да қазір ғана келгені көрініп тұр, екі иығынан еңтігіп дем алады. Анисимов маған орындық ұсынды да:

– Сіздерді түн ішінде мазалағаным үшін кешіріңіздер, – деп жатық тараған шашын қолымен ақырын сипап, арқасын стулына тірей сүйеп, қарсы алдымызға келіп отырды. Бір сәт біздерге қадала қарап, темекі ұсынды. Шария шылым шекпейтін, сонда да бас тартуды өзіне ыңғайсыз көрді ме, менімен бірге бір папиросты алып, ол да тұтатты.

– Өткен кештегі аласапыраң шабуыл кезінде біздің тылға диверсанттардың өткені мәлім болды, – деді Анисимов жаймен сөз бастап, – Топпен өту бұл участокте бұрын-соңды болмаған. Бұл – авантюраның жаңа түрі. Бұл шпиондық топты Царевич деген біреу басқарады. Бізге жүктелген міндет оларды қалай да қолға түсіруіміз керек. Міне, біз, анық айтқанда, Широкий жолдас бұл айрықша тапсырманы сіздерге тапсыруды ұсынды.

Майор «Қалай қарайсыңдар?» дегендей, көзін сығырайта көтеріп, кілт тоқтады. Оның бір әдетін жақсы білетінмін: ол өзінен шен дәрежесі кіші адамдармен

сөйлескенде, олардың ұшып-қонып, жеңілтек отыруын жек көретін, «Мен сержантпен емес, коммунистпен ақылдасып отырмын, неге шошандай бересің» дейтін. Біз өзімізге мұндай жауапты тапсырманың жүктелгеніне іштей қуанып, еңсеміз көтеріле түсті.

– Бізге толық сенуіңізге болады, жолдас майор! – деп орнымыздан ұшып тұрдық.

Майор бізге алдағы тапсырманың мән-жайын түсіндірді.

– Диверсанттар үш маршрут белгілеген. Алдыңғы екі маршрут бойынша Ломжаның оңтүстік жағындағы деревня арқылы өтуге тиіс те, ал соңғы бағыты – біздің бөлімше тұрған аймақтың батыс жағындағы село. Оны «Үлкен село» деп атайды. Оған орман арасындағы соқпақпен тура баруға да болады.

Сөзінің соңында Анисимов:

– Сол жолға түсіп, сапар шегу үшін менің қандай көмегім керек сіздерге? – деп сұрады.

– Тек сіздің бұйрығыңыз ғана керек, жолдас майор, – деді Шария, байсалдана сөйлеп, «Сен де осыны айтпақсың ғой» дегендей көз қыйығымен қарап қойды маған.

– Мен бұйрық беруге әруақыт үлгірем, – деді Анисимов. Ол екінші папиросын алып тұтатты да, тағы да бізге белгісіз бір қызық жайды әңгімелеп кетті:

– Қазір гитлершіл желөкпелер бұл соғыста өздерінің ұтылғанын амалсыз мойындап, іштей тынып отыр. Өткен 1944 жылдың көктемінен бастап-ақ Гиммлер жеңіліске ұшырағаннан кейін де нацистік партия мен армияның кадрларын сақтап қалу үшін құпия жоспар жасаумен шұғылданып келеді. Бұл – құпия жоспардың «идеясы». Американдықтарға шындай қарсылық көрсету емес, олармен ынтымақтасу. Бұл жоспардың детальдерін құнттауды СД-ның (қауіпсіздік басқармасы) жеке құрамының бастығы франке-Грич деген біреуге тапсырған көрінеді. Соңғы кезде Уолл-стриттің агенттері гитлерлік соғыс академиясында құпия лекциялар оқып жүр. Мұның бәрі мынадай жайды аңғартады: американдықтар соғыстан

кейін де фашистік күшті сақтап қалуға, оны бізге қарсы жұмсауға тырысады. Олардың диверсанттар жіберудегі мақсаты да осы. Шпиондық тор құру. Бірақ, мұның жүзеге аспайтыны өзінен-өзі түсінікті.

– Вот что делают наши «друзья»! – деді Шария, басын шайқап. Шынында, гитлершіл басқыншыларды талқандауда «одақтаспыз» деп жүргендердің астыртын, алыс әрекеті бізді күйіндірді. Майор кителінің түймесін салып, бізбен бірге тысқа шықты да сағатына бір, жұлдызға бір карап:

– Кездесе қалсаңдар, амалсызда болмаса, қару қолданбаңдар. Қолға тірідей түсіру керек. Соңсоң олардың алғашқыда селоны көздегенінде бір мақсат болуға тиіс. Ал, біз үшін бұл өте маңызды. Басқа жаңалықты өзімнен күтіндер! – деді.

Жылтыраған от біз ұзағанша соңымыздан көрініп тұрды да қойды.

2

Партизан барлаушы Александр Шария – сібірлік. Біздің полкке госпитальдан келді. Алғашқыда жүрістұрысы сылбыр, тұйық мінезді Сашаны барлаушы дегенге сене алмай жүрдім. Бірақ ол кешікпей-ақ барлаушылық қабілет-өнерін іс үстінде, түгіле жүріп көрсетті. Полкке келген аз уақыттың ішінде атқыштар дивизиясының барлаушыларымен бірге бір-екі рет жау тылында болып қайтты. Бірақ соңғы жолы қатты ашуланып келді. Долы күші зор кеудесіне сыймай ұзын палуан қолын сермей сөйледі. «Бұл иттерге Гитлер есек мыйын берген бе? Қайсысын ұстап әкелсең де: «Гитлер капут!» «Капут!» деп зарлап тұрып алады. Басқа айтары жоқ бұлардың», – деп күйіне сөйледі. Сол «сәтсіз» барлаудан соң Сашаның бұл бірінші рет шығуы еді. Қарағайлы ну тоғайды қақ жарған жалғыз-аяқ жолға кеп түскенде ол:

– Алмас, қалай ойлайсың, біз оларды кездестіреміз бе? – деді.

– Егер осы маршрутымен тартса, өкпе тұсынан шығармыз.

– Мұндай жаумен өмірі кездесіп көргенім жоқ. Осы істі сеніп тапсырғанына қуандым. Бірақ, көрген жерде бас салып, көзін жоймай, ырылдасып жүріп алатының жаман екен. Ол иттерді кім білсін, – деп Шария келістіріп бір боқтап алды.

– Арнаулы мектептен өткен сұмдар емес пе?

Ол аз тыныстан соң автоматының доғал тұмсығын жеңімен бір сипады да:

– Жоқ, мен бәрінен бұрын өз автоматыма сенем. Ол мүлтіксіз қимылдайды – деді.

– Олай емес, Саша. Мұнда автоматтан бұрын өзіңе сенуің керек. Арбасуда дәрменсіздік көрсетсек, автомат көмегі сонда ғана қажет.

Оған демеу сөз айтсам да өз денемде әлденеге түршіккендей болды. Күніге аралап, кәнік болған тоғай да күңгірттеніп, құбыжық тартады. Көз алдыма көмескі әлденелер елестейді. Сыбдыр естілсе, құлақ тіге қалам. Ұзақ уақыт үнсіз жүрдік. Сайға түсе бергенде, Саша маған үңіле қарап:

– Неге үндемейсің? – деді.

– Өзімді табалап келем!

– Не үшін?

– Мазасыз ой шарпығаны жаңа бір...

– А-а – деді Саша сол сәт дауысын көтеріп.

– Ондай елегізудің кейде болатыны рас. Қоян-қолтық арпаласып, өз қалауыңша қимылдайтын атака емес бұл. Өзінде сау, дұшпанды да уақытша тірі қалдыруың керек.

– Расында да, көрген жерде неге көзін жоймасқа?!

– Мен де осыны айттым ғой. Жеңіл де болар еді бізге. Бірақ, бұл Анисимовтың құпиясы.

...Төбеде ай қалқып шыға келді. Жұлдыздарды ысырып әлдеқайда еркін жүзіп бара жатқандай. Кейде түтілген ақ бұлт арасына ығысып барып, жасырына қалады. Біз қар басқан бір шоқ бұтаның тасасында ұзақ жаттық. Жол үстінде қыбыр еткен жан көрінбейді. Тек әлдеқайдан

шиқылдаған дыбыс естіледі. Ненің даусы екенін біле алмай қойдық. Бір өшіп, бір көтеріледі. Жаңа бір сәтте жол жиегіне көлдендеп көлеңке түсіп еді, ол да ғайып болды.

– Шынымен кездестіре алмаймыз ба? – дедім Сашаға сыбырлап. Саша үндемеді. Бұта арасынан сығалай қарап жатыр. Бір кезде иегін көтере алға ұмтылды да, тас-түлекше түйіле қалды. Мен де оның көз тіккен жағына қарадым. Жолда іннен шыққан атжалмандай бір нәрсе селтиіп тұр екен. Біраздан соң қайта жоқ боп кетті. Саша маған «Қозғалма» дегендей шынтағымен белгі берді. Үнсіз жатырмын. Жаңағы жаққа қарай беремін. Тағы да қылтиып көрінді сол құбыжық. Бұл жолы әдеуір ұзақ тұрды. Ол да біз жаққа көз тігетін тәрізді. Сашаға көз тастап ем, ол енді алға емес, сол жаққа құлақ түре қалыпты. Дайындал дегендей ишарат білдірді. Автомат дискін сипалап, курокке қол жүгірттім. Мана қопарып кеткен кәрі еменнің түбінен біреу қарағандай болды. Сәлден соң көтеріліп, дөңеске шыға келді. Біз келген сай жаққа қарап, дыбыс тосады. Міз қақпай аз тұрды да, өз ізін өзі басып, ағашты қалқалай қайтадан жоқ боп кетті. Кімді тосып, нені іздеп жүргені белгісіз. Қимылы жұмбақ. Біраз уақыт өткеннен кейін жол үстінен болымсыз сәуле көрінді де екі адам селоға қарай тартты. Үшіншісі бұларға қосылмай қалып қойды.

– Солар ма екен? – дедім автоматын кезеп жатқан Сашаға.

– Қазір анығын білеміз.

Біз кейін сырғанап, сайдың түбіне түстік. Жұмбақ адамның ізін қуалап бір аз жүріп едік, тапталған жар-қабақтағы күртік қарға тірелдік. Шіріген бұтақтар шашылған. Екі жерде темекінің қалдығы жатыр. Қарды аяғыммен аршып ем, жалпақ қара нәрсе көрінді. Мина екен деп, кейін шегіндім. Саша менің бетіме қарады да, үйілген қарды аударыстыра бастады. Қар астынан бір өлік сопаң етіп шыға келді. Денесі әлі қатпапты. Үстінде көк шинель. Қолында пистолет. Пистолетке ұмтылғанымда, Саша:

– Тиме, кеттік! – деді қолымды қағып.

Тас жолды кесіп өтетін жалғыз аяқ-жолға түсу үшін жүгіріп келеміз. Сонда біз қала маңынан, алдыңғы линиядан келе жатқан болып көрінеміз. Жолға жеткенде, Саша маңдай терін жеңімен бір сүртіп:

– Енді қауіпті емес! – деді, жайдары күліп.

Дәл бүйірден кеп шыққанда алдыңғы екеу сәл кідіре қалды да, елемеген боп қайтадан жүре берді. Саша маған бір қыздың тойы туралы қызық әңгіме айтқансыды. Әлсін-әлсін күліп, қатты дауыстап сөйлейді. Ең соңында ол жуан бармағымен көзін бір сипап:

– Осындай оқиғалар бола береді – деді жаңағы екеуге дауыс анық жетердей таянғанда.

– Әңгімеңізге біз де ортақ болайық! – деді тапал адам біздерге қарай бұрылып. Саша оның өнбойына бір көз жүгіртіп өтіп:

– Менің бір жолдасымның үйленгенін айтып келем. Сабак алсын да мынау. Өлі үйленбеген жігіт бұл! – деп иегімен мені нұсқады.

Алдымызда тұрған екеудің киген киімі, қимылы, бет-әлпеттері майордың айтқанына дәл ұқсайды. Денем түршігіп, тітіркеніп кеттім. Автоматымды сипай берем. Саша тапалды сөзге айналдырып, мені қалқалай берді.

– Алдыңғы линиядан келеміз, тентектерді апарып қайт-тық, – деді ол әлден соң өз сөзіне мән бермегендей.

– Айыптылар батальонына ғой? – деді әлгі тапал адам, таңған қолын ауырсына сөйлеп.

– Я, ақылын ішкен оңбағандар ғой түге. Бұл соғыста талай қызық жайлар болып жатыр ғой. Әйтеуір қалай қылмысты болсаң да, баяғы бір соғыс.

– Әрине, – деді Саша, селқос жауап беріп.

– Ал өздерің қайсы бөлімшеденсіңдер?

Майордың айтуына қарағанда бұл келе жатқан Царевичтің өзі болу керек. Қайта-қайта жоғары қарап қойып, аяғын сылбыр басады. Қимылында жасанды еркіндік байқалады. Қасындағы екіншісі момын жандай тыңдағаны болмаса, сөзге араласқан жоқ. Темекіні әлсін-әлсін тартып, жөтеле берді.

– Сегізінші дивизиядан. Жаңа бір қаңғалақтаған мина дәл қасымызға келіп түсіп, екеумізді қатарынан сұлатканы. Машинаны күтпей зыттық. Күтеміз деп тағы да сау қолдан айрылармыз дедік. Біраз уақыт үнсіз жүрдік. Шария да, мен де өзімізге төте берілген сұраққа мұқият жауап беруге әзірленгендейміз. Кім біледі, сұмдардың не ойлайтыны. Тіпті біздің «айыптылар батальонына» адам апарып келе жатырмыз дегенімізге сенген сенбегендерін де аңғара алмадық. Шынында бұл маңда ешқандай айыптылар батальоны жоқ. Ондай батальонның қандай болатынын Шария да, мен де жөнді білмейтінбіз. Село қарасы көрінгенде, машина моторының үні естіліп ұзын ақ жолақ сәуле артымыздан қалмай қойды. Тәртеуіміз иірле, шеңбер жасадық. Тапал адамның қайта-қайта жоғары қарап қипаңдауынан бұлардың бір сұмдық әрекет ойлап келе жатқандығы аңғарылды. Біз оны елемегендей, машина жаққа қарап тұрмыз. Осы азғана бетбе-бет тұрыс әрі қорқынышты, әрі ұзақ көрінді. Бір кезде қасымыздан «Виллис» зымырап өте шықты.

– Жолда неге тұрсындар, машинаны көрмейсіңдер ме? – деген шофердің әмірлі дауысы естілді.

Бұл – Анисимов екен. Саша екеуміздің қуанышымыз шексіз болды. Ол әрдайым осындай сапарға шығарып саларда: «Мені өз қастарыңнан табасындар! Тек батыл қимылдаңдар» – дейтін. Міне, ол бізбен бірге. Мен тез бойымды жинап алдым.

– Мас па, машинаны жүйткітуін қарашы! – дедім.

– Тоқтау керек еді.

– Неге! – деді менімен қатар келе жатқан ұзын бойлы, күдіктене бұрыла қарап.

– Екінші рет көкірегін көтермеу үшін!

Мен бір сәт өз ойыммен болдым. Қазір ғана Анисимов: «Жолда неге тұрасындар?» – деді. Бұл, мүмкін, бөгелмей селоға жетіндер деген белгі шығар. Село жолын таптатудың керегі не бұларға?

Мұнысы түсініксіз болды маған...

Селоға кіре берістегі көпірден өткенде, село үстінде көп ракета жанды.

Кімдерге берілген белгі екенін түсіне алмадық: «Бөгде адамдардың сыбайластары болар ма?» деген де ой келді. Шария сәл кідірді де:

– Санбат осы селоның арғы шетінде. Тылға машина ертемен жүреді. Мүмкін ілігерсіндер! – деп қоштаса бастады.

– Сендер ше? Бірге барайық, – деді тапал адам, жыпылдай сөйлеп.

– Біз өз бөлімшемізге кеттік!

– Жақсы, тағы да кездесерміз.

Біз орманға қарай бұрылдық. Бір кез арт жаққа қарасам, менің Царевич шығар деген адамым жамбасынан ақсап, серігінің иығына сүйеніп барады екен.

Тоғай арасынан қарап тұрған Саша:

– Біз тапсырманы орындадық! – деді ақырын ғана.

– Ендігі жұмысты селодағы жолдастарға қалдырайық.

– Біз ерекше тапсырмамен шығып, ерекше нәрсе жасай алмадық, Саша!

– Тіпті олай емес, – деді Саша.

– Қар астында жатқан өлікті көрдік қой. Көрерсің, әңгіме қызығы содан басталады. Әйтпесе бұларды құр күдікпен ұстауға хақың жоқ. Жол үстіндегілерді қапталдай тоғай ішімен селоға қарай жүрдік.

3

Жарым сағаттан кейін біз отырған жабық машинаға Анисимов келді. Қолында радиоқабылдағыштың сопақ лампасы және кішкене ампулаға салынған уы бар. Ол ешбір ерекше оқиға болмағандай, әдеттегісіндей байсалды пішінмен, әкелген заттарын стол үстіне қойып:

– Әлі келген жоқ па? – деді біздерге.

– Жоқ! – дедік біз ешнәрсенің мәнісін түсінбей.

Біреуді асығыспен күткен тәрізді. Жіпсіген маңдайын орамалмен сүртті де:

– Жылыныңдар, тоңған боларсыңдар? – деп темекісін тұтатты, – өлікті көргендерің мұндай жақсы болар ма? Әйтпесе мойындату қиын болатын еді.

Ол отырмастан тысқа қайта шығып кетті. Жеңіл машинаның мотор үні, дабырласып сөйлеген дауыстар естілді. Бір кезде орта бойлы, жауырынды біреу Анисимовке ілесе ішке кірді. Армия штабынан келген бұл подполковникті мен бұдан екі күн бұрын Анисимовтың блиндажында көргенмін. Ол бір орында қозғалмастан майорды ұзақ тыңдаған. Сұрақ қойып бөлген де жоқ сөзін. Тек әңгіме соңында:

– Шабуыл алды – толғанып тон пішетін уақыт емес. Олар әрбір кимыл әрекетімізге кесірін тигізуі мүмкін. Мұнда барлаушыға тән батыл әрекет болуы керек. Бұл істе біздің көмекшіміз ысылған коммунистер болмақ! – деп, Анисимовке үлкен бір жайды аңғарта сөйлеген-ді.

Біз подполковникті көрісімен орнымыздан ұшып тұрдық. Ол «Отырыңдар!» дегендей белгі берді де, көк бұйра елтіріден жасаған папағын стол шетіне қойып, шынтақтай отырды. Түн қатып, ұйықтамай шаршағандықтан ба, әлде өзінің жаратылысы солай ма, подполковниктің көз қарасы суық көрінді бізге. Мұншалықты қатал көрінген адам өмірі күлмейтін де шығар деп ойладым мен. Ол стол үстіндегі қағазды әрі-бері төңкере қарап:

– Мұнысында мін жоқ екен, – деп, куәліктерді қайта қойды. Сонсоң Анисимовке:

– Қарсы алғандар болды ма? – деді.

– Екі адамға күмәніміз бар. Әлі ақиқатына жеткеніміз жоқ.

– Қай ұлттан олар?

– Ағылшындар. Соғыс алдында келсе керек.

– Жақсы! Царевичті алып келуге рұқсат бер!

Царевичтерді жолда ұстамаудың сыры енді мәлім болды бізге. Саша маған: «Көрдің бе, біз бекерге әуреленбеппіз. Екеу емес, төртеу!» деп саусағын көтерді. Осы кезде машинаға жалқау көтеріліп, манағы тапал адам кірді. Біз

көрген қоба сақал жоқ бетінде. Басы да жидіп күйгендей, тек желкесінде бір шоқ ұзын шашы қалыпты. Желке шашын алдына орап тарайтыны көрініп тұр.

Подполковник Никитин Царевичтің қасына барып:

– Жаңылмасам, Альфред Деринг сіз ғой деймін? – деді. Дауысы қатаң шықты. Царевич алдымен мыртық мойнымен, сонсоң барлық денесімен Никитинге бұрылып қарады. Қорқынышын білдіргісі келмегендей тырысуы бар. Тек оң қабағы біреуге сыбырлағандай, ойсыраған тыртығымен әлсін-әлсін жыбырлай береді. Бір сәттен соң барып ол:

– Я, қателескен жоқсыз! – деді тістеніп.

– Қашан өттіңіздер?

– Ол туралы айтқанмын, – деді ол Анисимовты мезгеп.

– Кімге не туралы айтқанызда менің жұмысым жоқ!

Жауап беріңіз!

– Кеше түнде.

– Қанша адам?

– Өткендердің бәрі осында.

– Қалғандары қайда?

– Білмеймін.

– Қалайша білмейсіз?

– Алдыңғы линиядан өткенде кейбіреулерінен адасып қалдым.

Дерингтің өтірік айтып тұрғаны белгілі болды. Никитин Дерингтен толығырақ жауап күткендей, стол шетіне барып отырды. Өткір көзін диверсанттан әлі тайдырған жоқ. Бір сәткі тыныс Дерингті булықтырғандай, саусағын сықырлатып, кипактай берді.

– Осы жерде айтпағаныңа кейін қатты өкінетін боласың! – деді де, Никитин бізге қарап:

– Алып кетіндер, – деді. Бұл сөз өз өмірінің ақырғы минуты екен деп түсінсе керек, Деринг басын қос-қолдап ұстай алып:

– Кешіре көріндер, мен... мен бәрін айтам! – деп, сылқ түсіп отыра кетті. Біз Шария екеуміз мұндай кілт өзгерісті күтпеген едік. Қазір ғана маңғаз, паң тұрған жау

өз кұпиясын айтудан тайынар емес. Әңгімесін ол өзінен бастады.

Ол, Деринг, Майндағы Франкфурт қаласында өндіріс иесінің семьясында туған. Кәсібі – кісі өлтіру, шпиондық. 1944 жылы ол Африкада ағылшындарға «кенет» тұтқынға түседі. Мұнда оны ағылшынның «Ревью борд» шпиондық ұйымы жалдап алады. Кейін «тұтқыннан босатылған, кінәсіз» – адам есебінде Германияға жіберіледі. Мұнда ол ағылшынның агенті есебінде Франко-Гричпен танысады. Мұның Германияға келуі Гиммлердің американ-ағылшындармен астыртын бірігу әрекетін бастаған кезге дәл келеді. Ол мұнда да өзінің «ептілігін» көрсетеді.

– Бер жаққа өтуге дайындаған кім? – деп сұрады одан Никитин.

– Франке-Грич.

– Шығарып салған да сол ғой?

– Жок.

– Енді кім.

– Джон Лэнгтон.

– Ағылшын елшілігінің бұрынғы курьері ме?

– Я.

– Франке-Грич Лэнгтонды жақсы біле ме?

Деринг ойланып қалды.

Өз ұғуынша, олардың арасындағы байланысты жақсы білмейтінін, бірақ тапсырмаларының бір бағытта екенін айтты. Совет Одағында жаңа шпиондық ұйым құрғаннан кейін және қасындағы серіктестерін орналастырғаннан кейін қайтпақшы екен. Бұл үшін Лэнгтонмен Лондонда жолықпақ. Алғашқыда Дерингтің өзі алты адамдық топпен алдыңғы линиядан өтуге қарсылық білдірген. Бірақ мұхит аржағындағы «достары» «тәңір-ай, осы күні Россияда не бар қорқатын? Өз үйіндей емес пе, оның әлсірегені қашан!» – деп желіктірген.

«Дара өтпегеніңізге өкінесіз ғой» – деген Никитиннің сұрағына:

– Жок, мен алданып қалдым. Орыстардың мұнша жой-

қын күшін, шеберлігін білсем, дара өтпес ем, – деп, өзінің жолда көргенін айта бастап еді.

– Баға беруші сіз емес, нақты істі айтыңыз! – деді Никитин.

Деринг есін жинағандай сәл отырды да:

– Петрушин екеумізден басқалары қалада қалды; о баста біз үшеу шыққан едік.

– Коробин ғой үшіншісі?

– Я, сол.

– Одан соң? – деді Никитин бір сұмдықты аңғарғандай, қабағы түйіле қырын отырып.

– Онымен біз қоштастық.

– Қалай?

– Жолда өлтірдік.

– Не үшін?

– Топпен жүру сезікті болды.

– Петрушин келісті ғой!

– Жоқ, мен оған айтпадым.

– Соның үшін ғой, мыналарды өлтір деп сен белгі бергенде Петрушиннің тыңдамағаны.

– Жоқ, ол ашу үстінде менің белгімді кеш аңғарды. Оның үстіне қорқақтық та жасады.

– Сендерді өкшелегенін сезгендіктен бе, жоқ әлде басқа мақсат па?

– Бізді торығанын аңғарған жоқпыз, тек документтерін алу үшін.

– Документ үшін өлтірмек болған екенсіздер ғой?

– Я.

Біз Царевичтің Петрушинді табалауының мәнісін енді аңғардық. Бірақ ол бір ақ рет белгі бере алды. Мүмкін ол солай жасаған да шығар екінші жолы. Онысы іс жүзінде орындалмады.

Деринг селода кездескен адамдарды бұрын білмейтінін ал орманға кетуге біз кедергі келтіргендіктен селоға амалсыз бұрылғанын айтты. Радиоқабылдағыштың лампасы туралы ешнәрсе айтпады.

Дерингті алып кеткен соң Никитин Анисимовке:

– Ана екеуін жергілікті өкімет орындарының бақылауына тапсыр. Өздері шешсін, істерін өздері қарасын, ал мына лампаның сырын кейін анықтармыз, – деді де, біздерге қарап:

– Сендерге көп рақмет! – деп, екеуіміздің қолымызды қатты қысты.

4

Дымқыл блиндаж іші көп адамның демінен буланған. Тоңазыған бетті жылы леп ұрады. Взвод адамдары оянбаған.

«Тұрындар!» десе-ақ, блиндаждың аласа төбесін ұшырып жібергендей қарыс жатыр. Мен өз адамдарымды шексіз сүйемін. Сондықтан да оларды мойытар ешқандай күш жоқ сияқты көрінеді.

Міне, Головки өткен кеште басынан жаралы болды. Дәрігерлердің «Емдеу керек!» – дегеніне: «Сіздер немене, мандайымды оқ жырып өткені үшін тылға жібермексіңдер ме? Жоқ, болмайды, мен осы баспен Берлинге барам, көрсін әлем», – деп көнбей қойған-ды. Қазір ол кеудесін кере терең дем алып, шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр. Тыныққандықтан ба, бетінде қызыл әр бар.

Мен бұрыштағы өз орныма кеп жаттым. Басым зеңіп қатты ауырғандай, бірақ жүрек қуанышы оны елетпейді. Тіпті ұйқым да келмейді. Шабуыл алдындағы бір түнгі ісіме есеп бергендеймін. Мұндай сәтті де, сәтсіз де талай ұйқысыз түндер өтті ғой. Сонда бұл түннің ерекшелігі неде? Тіпті ерекше ешнәрседе жасаған жоқбыз. Бірақ, Никитин де, Анисимов те: «Рақмет сендерге!» деді. Бұл – командирдің ғана емес, аға жолдастың алғысы! «Біз қазір гитлершіл фашистермен соғысып жүрміз, ал біздің «одақтастар» сүмелек күшіктей қалтанды иіскелейді», – деп Никитин дұрыс айтты.

Я, менің жерлесім Саша Шария да – коммунист. Өз өлкесіндей кең, мейірбан жанды, ойы да мол, істі болжай, талдай білетін көреген адам! Мүмкін ол ертеңгі күннің

желісін ойлап жатқан болар. «Қиындық десе қорыққандық, кедергі десе жүрексіздік!» – деп ол дұрыс айтады. Ол да қазір мен сияқты: «Капиталистік қоршау – географиялық емес, саяси ұғым!» – деген Широкийдің сөзін қайталап жатқан болар...

Әлде қайдан алып дүбір естілді. Шабуыл мезгілін хабарлаған Катюшаның үні. Оған зеңбірек дауысы да қосылды. Алып күшке қара жер қайысқандай, блиндаж іші тозаңданып барады.

Біздер жүгіре шығып, бронды машинаға отырғанда, алдыңғы танкімен кетіп бара жатқан Сашаны көрдім. Өзімнің жерлесім! Сұр шинелінің мол етегі бес тонналық башняны орап алған, зор денесі бронды машинаға сыймағандай. Ол мені көріп: «Қалма!» деп автоматын алға сермей ым қақты.

Біз шабуылға шықтық.

* * *

Алмастың тағдыры туралы кейін естідім. 1952 жылы Медеудегі демалыс үйіне барған едім. Сонда бұрын тынығып жатқан бір әйелмен кездестім. Соғыс кезінде армиялық госпитальда дәрігер болып істеген екен. Бір күні кешкі тамақ соңында майдан туралы әңгімелесіп отырып, әлгі дәрігердің Алмас туралы сөз қозғамасы бар ма!

Тәптіштеп сұрай бастадым.

– Госпитальға келген ауыр жаралылардың ішінде Алмастың халі тым нашар еді. Өзінің айыға қоймайтынын білсе де, өмір үшін күресіп ұзақ жатты. Ғажайыбы, бір минут те есінен танған емес. Сол түні кезекші мен едім. Қасына барғанымда, ол басын көтеріп: «Қолыңды берші, Надя! Көрдің бе, өлім төніп келеді. Ал мен ше? Бір үйден жалғыз едім... кешіріңдер, өзім үшін де, ел үшін де ешнәрсе жасай алмай барам. Қош»... – деді. Қолын ұстап қарасам, мұздай екен. Алмастың мойнын құшақтап, еңіреп жылай беріппін...

Әр уақытта өзіңмен біргемін

*«Американдықтар батыс Германияда,
гитлершіл нацистер сияқты, ата-
аналарынбақылау үшін балаларды
шпиондық жұмысқа тартуда».
(Газеттен).*

1

Ұшы-қиыры жоқ қираған үйлердің датын шығарған Штутгарттың дымқылды түні. Кеше түстен кейінгі батыстан төнген қара бұлт бесінде нөсерге айналып, електен өткізген құмдай себелеп төгіп тұр. Тар көшенің әр жерінде жылтыраған электр шамның сәулесі түн қараңғысына көміліп сығырайып көрінеді. Көшеде жүрушілер сирек. Тек анда-санда бардан ес-түсін білмей мас болып шыққан солдаттар белшесінен суға малынып, бірін-бірі сүйреп, қараңғы түнді басына көтереді. Алыстан құлақты шыңылдатқан ара кідік мылтықтың дауысы естіледі. Осы түні заводтан кеш қайтқан Карл мылтық дауысы шыққан жаққа әлсін-әлсін құлағын тосып: «Міне, жазықсыз біреу ол дүниеге тағы кетті, осы жүгенсіздікке тыйым салар күн болар ма екен?» – деп, плащының омырауын қымтап, алға асыға жүрді. Оның көз алдына мас америка солдаттының алдында сұлап жатқан ана елестейді; кейде көшеге ойнауға шыққан жас сәби сияқты көрінеді.

– Жоқ, бұған неміс халқы көне алмайды! – деп еріксіз дауыстап жіберді Карл. Бойы суып, қалтырағандай болды, қолындағы тартылмай қалған сигарын ортасынан екі бөліп, лақтырып жіберді де, үйінің қрыльцосына кеп отыра кетті. Көз алдында туған қаласы. Қабырғалары ырсыып, мұржалары сораыып қираған қала үйлері барлық құнаны

бауырына басып, теңізге батқан кемедей қараңғылық төрінде шөгіп жатыр. Жер астынан мойнына бұғау түскен тұтқынның зарлы үні естілгендей. Осы кезде легенмен тысқа су алып шыққан Луиза Карлдың дауысын естіп:

– Карл, сенбісің? Неге мұнша кешіктің? Қорқып отыр едім, – деп суын төкті де, күйеуінің жанына келді. Карл ойдан серпіліп:

– Мезгілсіз төгіп жүрген суың не, Луиза?

– Ас үйден тамшы ағып кетті.

Карл Луизаның маңдайына ыстық ернін төсеп:

– Шыдағын, әлі-ақ түзелерміз. Роберт үйде ме? – деді.

– Бүгін сабағынан кеш қайтты. Қазір тағы барам деп отырған.

– Осы жеті түнде ме? Не қылған сабақ? – деді Карл таңданып.

– Білмеймін, жетісіне бір-екі рет кешкі сабақ қосты дейді.

Карл үйге кірісімен легенді бұрышқа қойып, плашын шешті де, қалтасынан «Нойес Дойчланд» газетінің жаңа номерін алып, Луизаға ұсынды.

– Заводта бүгін Герман Демократиялық Республикасы халық палатасының Бонн парламентіне жазған үндеуін талқыладық. Жиынға шығыс Берлин секторынан өкілдер келуі керек еді, американдықтар жібермесе керек, келе алмады. Өз жерінде халыққа бөгде біреудің ерік бермегені жаман екен!

– Ренжіп игілікті іс істеуге бола ма Карл? – деп, Луиза оның су болған шашын сипап, құшақтап өзіне тартты.

– Өздерің қандай қорытындыға келдіңдер?

– Қандай болушы еді, – деді Карл жайдарлана түсіп.

– Мұндағылар соғысқа әзірлену жолына түссе, Халық палатасының үндеуінде әрбір неміс азаматының ойы, арманы, болашағы айтылған. Олар бұрын да Германияны демократиялық негізде біріктіру жөнінде ұсыныс жасаған екен.

– Ал, мұндағылар не депті? – деді Луиза.

– Не деуші еді?! Вашингтон жауап беруге де рұқсат

бермей қойыпты. Бондағылар «Ақ үйдің» әмірін күтеді. Халықты өзара қырғынға ұшырату ғой бұлардың әрекеті, – деді Карл, қапалана қолын сілтеп.

– Басқаның әмірімен соғыспақбыз ба? Жоқ, бұл болмайды. Сен ертең барысымен жолдастарыңа айт: Біз әр уақыт шығыстағы бауырлармен біргеміз де! Түсіндің бе?

– Құр айтқаннан іштеңе өнбес, бейбітшілікті тек жеңіп алуға болады – деді Карл, төргі бөлмеге бұрылып. Осы кезде ол Роберттің түпкі үйдің есігінен сығалап тұрғанын көрді. Карл ұлын ертеңнен бері көрмегені есіне түсіп, сағынышпен:

– Роберт, неге ұяласың, бері кел! – деп, орнынан ұшып тұрып, төргі бөлмеге кіргенде, баласының бұрышқа тығыла қалғанын көзі шалып қалды.

– Роберт, саған не болды? Папанды танымай тұрсың ба? – Роберт әкесінің соңғы сөзін тындаған жоқ, ілулі тұрған кепкасын алып, тысқа жүгіріп шықты. Аң-таң болған Карл, баласының соңынан ілесе шығып:

– Роберт, мезгілсіз қайда барасың? Қазір көше қорқынышты! – деп, бар дауысымен қараңғы түнді жаңғыртты.

2

Үлкен бөлменің биік терезелері қалың қара матамен қымталған, саңылау жоқ. Күндіз де бұл бөлмеге сәуле түспейтін сияқты. Бөлме іші жеке адам отыратын пәс столы бар орындықтарға толы. Орындықтардың қарсы алдындағы күңгірт сәуле шашқан шамның түбінде үлкен кресло тұр.

Роберт бөлмеге кіргенде, балалардың бәрі өз орындарында отырып алған екен. Бұрыштағы өз орындығы ғана бос. Ол креслоға аяғын қойып, қолындағы жіңішке темір таяғын сермей сөйлеп тұрған Джонсонның сөзін бөліп, өз орнына қалай барып отырудың есебін таппады. Не істерін білмей, босағада тұрып қалды. Су болған көйлегі етіне жабысып, денесі түршігіп қалтырап барады. Әмірлі үнмен

құбыла, сұстана сөйлеп тұрған Джонсонның қатал түрінен ілгері аттап басуға бата алмады.

Алғашқы күні өзі сияқты сабақтан кешіккен бір баланы бұлардың қалай жазалағаны әлі есінде. Оны жазалар алдында осы бөлмеде «Болған істі ешкімге айтпаймын» деген қолын қойған қағаз алып, кресло жанындағы столға жатқызып қойып, есінен танғанша ұрған. Сонда өзі бұл көрініске шыдай алмай төмен қарап отырған. Көзіне еріксіз жас толғанын да сезбеді, сол қорқыныш есіне түсіп, Роберттің бөлмеден шығып кеткісі де келді.

Джонсонның Робертпен жұмысы болған жоқ, қырылдап әлі сөйлеп тұр. Оның әрбір сөзі жас балаларды өзінің қараторына алдап түсіргісі келгендей.

– Кеше Адольф полиция штабына құпия мағлұмат тапсырды. Ол өз әкесінің түнде жасырын түрде адамдарды қабылдайтынын айтты. Келген адамдардың қайда істейтінін де біледі екен ол. Адольфтың бұл ісі жоғары бағаланып, оған аты жазылған бағалы сыйлық берілді. Сендердің әрқайсыларың осындай сыйлыққа ие болуларыңа әбден болады.

Джонсонның артында жабыса тығылып отырған бітік көз, таңқақ мұрын, шикіл сары бала аты аталысымен креслоның жанына келді де, жүресінен отырып қалды. Кішкене қағаз бен пистолет тапсырылғанда, ол бір нәрсе айтайын деп оқталып еді, Джонсон қолындағы кішкене таяғымен шып еткізіп бір салды. Адольф дыбысы шықпастан ыршып барып, орнына отырды. Артта отырған Вольф Адольфты танып:

– Мұның әкесінің өзі полиция штабында істейді ғой! Ол әкесін қалай көрсетпек? – деп, қасындағы балаға сыбыр ете қалды.

– Солай ма?

– Я!

– Онда Джонсон бізді алдап отыр.

– Солай, ол бізді алдап отыр, мен ол баланы білемін.

Джонсон балалардың сыбырын естіп қалып, алдындағы столды таяғымен тықылдатты да:

– Сөйлеп отырған қайсыларың? Мен сөйлегенде дыбыс шығармаңдар деп ескерткенім қайда. Ой, әдепсіздер!

Ол отырған балалардың әрқайсысына тесіле қарап, бөлме ішін аралап өтті. Балалар «Мен емес» дегендей партаның астына басын бұға түсіп, үндерін шығармай отыр. Джонсон артта бос орындықты көріп, «Мұнда кім отыратын еді», – дегендей, жаңғыз көзімен есікке атыла қарады. Босағада мәлиіп тұрған Робертті көрді.

– Сен неге кешіктің?

– Папам кеш қайтқан еді. Соны күтіп... Ол мамаммен сөйлесті.

Роберттің дауысы дірілдеп, сөзі ретсіз шықты. Джонсон буындырып тұрғандай. Күнсіз әкесін қапелінде не деп кінәларын да білмейді.

– Сен күмілжімей, әкеңнің қандай сөз айтқанын тура айт. Мыналар естісін! – деп, Джонсон Робертті қолынан ұстап, креслоның жанына әкелді.

– Кәне айт, не деді олар?

– Мен есіктен сығалап тұрдым. Германияны біріктіруіміз керек деді. Сосын заводта осыған арналған жиналыс болыпты, сосын...

Роберттен көз айырмай қарап тұрған Джонсон кейін шегініңкіреп барып, моноклін көзіне қыстырды да, бар дауысымен селкілдей күліп алды. Сонсоң:

– Одан да әкеңнің не дегенін тура айтсаңшы?! – деді.

Роберт жасқа толған көзін сүртіп:

– Олар менің тыңдап тұрғанымды көрді. Сосын мен, м-ен үйден жүгіріп шығып кетіп қалдым.

– Сен не деп тұрсың?! Сенің тыңшылық ісінді үй ішінің білгені қалай? – деп, Джонсон ентелей келіп, Роберттің жағасынан ұстап өзіне қарай тартып қалды. Роберт Джонсонның тегеурінді қолының екпініне шыдай алмай, еденге сұлап түсті.

Джонсон өзінен-өзі булығып, креслоны әрі-бері айнала жүріп:

– Сен опасызсың, уәденді бұздың! – деп, Робертті креслоның жанына сүйреп әкелді.

...Роберт креслоның жанындағы ұзын столдың үстінде жалаңаш жатыр. Жонына бір-екі рет шыбық тигенде, ол шыдай алмай бақырып жіберді. Джонсон стол тартпасынан кір-кір үлкен шүберекті алды да, Роберттің аузына тығып «Соқ, Ада!» – деді. Шыбық үсті-үстіне тиген сайын, Роберт булығы ыңырси түсті. Кішкене өткір көзі жұмылып ешнәрсені көруден қалды. Айналаның бәрі қара түнек, құлағы да шыңылдап барады. Әлде ұруды тоқтатты ма? Жоқ, тағы да бір екі... үш...

Бөлме іші тым-тырыс. Тек Роберттің жонынан жосыған қан тырс-тырс етіп еденге тамшылайды. Отырған балалардың көбі бұл жазаны көруге дәті шыдамай, төмен қарап көз жасын білдіртпей жең үшімен сүртіп отыр.

Роберттің қол-аяғын шешкенде, ол орнынан қозғала алмады.

Джонсон оның аузындағы орамалды алып лақтырып жібергенде ғана ол «Папа» – деп күбірледі.

– Сен әкенді ұмытпаған екенсің, иттің күшігі! – деп Джонсон столды аударып салды. Роберт есінен айырылды...

3

Іздеп-іздеп таппай келіп, енді Роберттің өзінің келуін күткен Карл мен Луиза таңды көзімен атырды. Ертемен-ақ Карл тағы да жер-жерге хабар салып, телефон соқты. Полицияға да хабарлады: Көрдік, білдік деген бір жан жоқ. Қаланы шарлап, діңкесі құрып қайтқан Карл, өткен түнді еске түсіріп, ұлының оғаш мінезіне де таң қалды. Мұның мәнісін келген соң Роберттің өзінен сұрамақ болды.

Осы кезде басы-көзі таңылған баланы носилкаға сап көтерген екі адам дабырласа сөйлеп үйге кіріп келді. Оның біреуі Карлдың қасына келіп:

– Кешіріңіз, мырза, балаңызды машина қағып кеткен екен, рақым еттік! – деп, мән-жайды сұрап үлгергенше үйден шығып кетті.

Артынан ілесе шыққан Карл олардың жеңіл машинамен зымырап бара жатқанын көрді. Үйге қайта кіргенде,

ыңырысып жатқан баласының аузына су тамызып отырған Луиза:

– Қатты жараланған көрінеді, дәрігер шақыру керек, – деп күбірледі.

Карл баласына бір сәт үңіле қарап, дереу көйлегін көтеріп қарады.

Жогасы тілім-тілім екен.

– Луиза, мынаны машина қаққан емес, біреу ұрған ғой!

– Қойшы, жазықсыз баланы кім ұрушы еді? – деп Луизаның сенгісі келмеп еді, Роберттің арқасындағы осқан таяқтың ізін көргенде, өңі құп-қу боп, зәресі ұшты.

– Роберт, саған кім тиді? Түнде ұзап шығушы болма десем, тіл алмайсың, кім ұрды сені, айтшы? – деді Карл, баласына үңіле түсіп. Ұзақ тыныстан соң Роберт қанталаған көзін әрең ашып:

– Джон! – деді.

– Джон? – деді Карл таңданып. Роберт «Я» дегендей ишарат білдірді...

Роберт сәл қозғала түсіп, кеудесін көтере демін әрең алды да, үнсіз төніп отырған әкесіне қарап:

– Папа, кешір, мен енді онда бармаймын. Әр уақытта өзіңмен бірге боламын! – деп, Карлдың мойнынан құшақтап, көзінің жасын төгіп-төгіп жіберді...



**Кемел Тоқаевтың
шығармашылығы жайлы
ой-пайымдар**

* * *

«Кемел кітаптары – көркем әдебиетте деректі қалай пайдалануға болатындығының үлгісі».

Қалмұқан Исабаев

* * *

«Кемел – қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлердің бірі болды. Өзі таңдап алып, негізін қалаған детективтік жанрда алдына жан салған жоқ».

Әзілхан Нұршайықов

* * *

«Өмірде ұзақ жылдар ізденіп жүріп, әдебиеттен өзін жаңылыспай тапқан, тек өзіне ғана тән оңтайлы өнерлігімен талай құнды кітаптар тудырған Кемел Тоқаевты туған халқы терең махаббатпен еске алады. Рухани ізгі екінші ғұмыр деген әне сол!»

Мұзафар Әлімбаев

* * *

«Кемел Тоқаев – даңқа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы. Рухани асыл қазынамызда оның да мол үлесі бар».

Шерияздан Елеуенов

* * *

«Оның ұлағатты ісі – осы жанрдың, жүгін қабырғасы қайыспай жалғыз көтергендігі. Егер ол иісі болмаса, детектив жанры өгейсіп қалар ма еді, бәлкім. Соншалық ауыртпалығына қарамастан Кемел Тоқаев есімді тұлға сол жүкті тұтас көтеріп, биікке өрледі».

Сейфолла Оспанов

* * *

«Кемел аға өзінің білетін тақырыбын зерттеп жазатын. Шындығында жазған кітаптары шытырман оқиғаларға құрылған, адам характерлерінің қақғысын бейнелейтін шынайы көркем тілмен жазылған шығармалар еді: «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Ұясынан безген құс» туындылары өз оқушыларының көңілінен шықты».

Әбдеш Қалмырзаев

* * *

«Кемекең – Кемел Тоқаев соңына мол мұра қалдырған жазушы. Ендігі жерде жақсының көзі – сол шығармалары өміршең болсын делік. Текті жазушының ғұмыры қашанда ұзақ».

Қоғабай Сәрсекеев

* * *

«Ол – қазақтың бәрін дос көруге тырысқан адам.

... Пьесаны қайта жазуға тура келді. Тың деректерді қайдан аларымды білмей қиналып жүргенімде Кемел аға қол ұшын берді.

Сол бір кезде «Қазақстан» баспасы оның орыс тіліндегі кітабын бес жүз мың данамен басып шығарды! Керемет таралым!»

Баққожа Мұқай.

МАЗМҰНЫ

Қ. Сәрсекеев. «Текті кісі» 3

Повестер мен әңгімелер

Сарғабанда болған оқиға (*повесть*) 16

Көшкен үйдің қонысы қайда? (*повесть*) 131

Таудағы жаңғырық (*повесть*) 227

Көмескі із (*әңгіме*) 254

Солдат қабірінің басында (*әңгіме*) 295

Жұлдызды жорық
(*жасөспірімдерге арналған әңгімелер*) 312

* * *

Кемел Тоқаевтың шығармашылығы жайлы
ой-пайымдар 381

Кемел Тоқаев

Шығармалары
4-том

Құрастырған Жақау Дәуренбеков

Редакторы *Ш.Рақымбекова*
Корректоры *Ж.Шайкенова, Б.Хабдина*
Суретшісі *Е.Қожобаев*
Техникалық редакторы,
компьютерде беттеген *Ж. Дәуренбекова.*

ИБ №1027

Басуға 25.06.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 ¹/₃₂ Офсеттік
басылыс. Шартты баспа табағы 20,0. Көлемі 24,0 б.т.
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыспен 5000 дана + баспа есебінен
350 дана.
Тапсырыс №

«Ана тілі» баспасы ЖШС, 050009,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
тел.: 8 (727) 394-38-20.

TOKYAEB

Kemel

ISBN 978-601-251-135-2



9 7 8 6 0 1 2 5 1 1 3 5 2